84 Ка37
С 52

Собы Сматаев

14

Келісе алмай періштемен,
Перімен.
Құнсыздық пен пірсіздіктен жеріген.
Төрелерім қуып әлек өзімді
Сөзім шыққан сонау биік төрінен.

АЛМАТЫ 2008
"ЕЛ-ШЕЖІРЕ"

Софы Сматаев

Көп томдық
шығармалар жинағы

14 том



Софы Сматаев

Көгілдір такси

Пьессалар

ББК 85. 334
С 52

Сматаев С.
С 52 Көгілдір такси. - Алматы: “Ел-шежіре”, 2008.
- 376 б.

ISBN 978-601-7011-45-1

Қазақтың классик жазушысы Софы Сматаевтың бұл кітабына бүгінгі күннің қытымыр уысына түскен замандастары хақындағы "... Қазақша кек қайтару”, "... Қазақша көкірек керу” циклді пьесалары, сондай-ақ республикамыздың барлық дерлік театрларында жүріп жатқан "Көгілдір такси” пьесасы, тарихи тақырыпқа арналған “Абылай хан” драмасы кірген.

“Ордабасы”, “Бұқар жырау”, "Шақшақ Жәнібек” және “Сәкеннің ылдиы мен өрі” 1993-94 жылдары театрландырылған дала сахнасында қойылған.

ББК 85. 334

4907000000
С---------- 2008
00 (05)-08

ISBN 978-601-7011-45-1

Шетская
библиотечная сеть
16483

© Сматаев С, 2008
© “Ел-шежіре”, 2008

“БАЗАРЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, КАПИТАЛИЗМ!” НЕМЕСЕ ҚАЗАҚША КЕК ҚАЙТАРУ

Трагикомедия

Қатынасушылар:

Дулатбек - Жасы 52-де,бұрынғы профессор,бүгінгі жұмыссыз еркек.

Әсия - Жасы 24-те, Дулатбектің келіншегі уә зайыбы.

Қонақ - Отыздың ішіндегі мекен-тұрағы, ұлты-ұрқы белгісіз бизнесмен.

Сағат - 25-тердегі бұрынғы зоотехник, бүгінгі жалаңаяқ.

Дікілдек - КСК, яғни пәтер иелері кооперативінің қызметкері.

I жігіт

II жігіт

Бойжеткен.

Бозбала.

Даяшылар, сатушылар, сатып алушылар.

Оқиға уақыты - бүгінгі күн.

БІРІНШІ СУРЕТ

(Көшедегі әртүрлі зат сатқан жайма базар. Шеткеректе аса әдемі, әсем жиырманың ішіндегі келіншек - Әсия гүл сатып тұр.)

Әсия *(ашық сыңғыр үнмен).* Гүл алыңыз! Гүл алыңыз! Гүлге көзді суарыңыз!.. *(Өтіп бара жатқан бойжеткенге).* Әу, сіңлім! Сұлулық пен гүл егіз! Құшағың гүлге толса, жүрегің нұрға толады! Алам десең, арзанға берем! Кел бері! Өзің - гүлдей, гүл - өзіңдей тура!

Бойжеткен. Я сама знаю, что я гульдей! Потому маған ваши гүлдер керек емес! *(Гүлдерге қарап жүрген бозбаланы қағып кетеді).* У тебя что... вместо глаз - дырки - прямо аяқтарымды как слон езді сен!

Бозбала. Ғафу етіңіз!.. Байқамай! Қап!..

Бойжеткен. Надо байқауға! Нахал необтесанный! *(Кетеді).*

Бозбала. Қап... гүлге қызығам деп... Мынауыңыз қанша?

Әсия. Бұл -раушан гүлі! Роза! Ал, бағасы, қайным, проза! Бақандай екі жүз теңге!

Бозбала. Бір букеті ме?

Әсия. *(Сыңғырлай күліп).* Бір талы қайным, бір талы! Үшеуі. - алты-ақ жүз, бесеуі - мың! Алатын болсаң, алақанды аш та, көзді жұм!

Бозбала. Ең арзаны қай гүл? Қанша сұрайсыз?

Әсия. Гүл мен қызды арзан болады деп кім айтты саған, қайным-ау? Гүл мен қыз - өсемдік пен көркемдік емес пе? Көріп - көз суарасың! Иіскеп көңіл хошын табасың! Құрбыңа гүл ұсынсаң, құрбың қолыңа жүрегін ұстатады! Өйткені, қыз жүрегі - нәзік! Қыз тілегі - тылсым! Гүл сыйлап нәзік жүректі мәпелеу керек. Жалыныңмен тылсым тілегін орындауың қажет, қайным!

Бозбала. Ой, тәтетай! Бүгінде ауылдың қай баласында жалын қалды дейсіз. Жыртық, тесік қалтамен нәзік жүректі қалай мәпелерсің!.. *(Күрсініп, бұрылып кете береді).*

Әсия. Қайным-ау! Оу, жігіт! Тоқта! Бері орал! Мә!

Бозбала. Айтпадым ба, тәте, көк тиыным жоқ!..

Әсия. Мен саған сатып тұрғам жоқ, қайным. Мен саған бердім, сен құрбыңа сыйла. Нәзік жүрекке байқаусызда ақау түспесін...

Бозбала. Ойбай-ау, тәте, сонда... тегіннен тегін... Бұл қалада біреу біреуді іремесе, біреуді біреу алдамаса, Күн батып, Ай жатып қалардай болушы еді...

Әсия. Гүлді ұзақ айналдырдың. Бар жүрегіңнің жалыны, бар! Жоғалтып алма соны, қайным. Қамықпа босқа!

Бозбала. Рахмет, тәте! Құдай екі қолыма бір күрек ұстатар күн туса, мынау... дәл осы жақсылығыңызды... айналайын ақ тәтем, он есе етіп қайтарам. Оллаһи! Туған күні еді бүгін... Оның! *(Кетеді).*

Әсия *(жігерлі).*

Гүл алыңдар! Гүл алыңдар!
Гүлдей жайнап қуаныңдар!
Әнмен жанды аялаңдар,
Нұрмен көзді суарыңдар!

І әйел *(шекілдеуік салған қабын көтере).* Ойбай! Қашыңдар! Тығыңдар! Милиция келе жатыр!

Келіншек. Әй, тәте! Менің қапшығымды ала кетші!

Дауыстар: - Әй, анау нағыз қанып езер! Алғанын алып, қалғанын шашып кетеді ылғи ол!

- Көкетай-ау, сен баламмен жастысың ғой. Шымкенттен шиеттей балдардың үнемін айырам ба деп келгенде... Ойбай-ай, неге төгесің?

- Мә! Атау керең болсын! Ішіңе у боп барсын!

- Мыңдап, миллиондап сатқандарды көрмейді бұлар! Балдардың нандығын айырған бізді ұстағыш.

- Жегендерің желкелеріңнен шыққырлар-ай, неге таптайсың аяғыңмен адал асты?!

- Құдай-ай, құдай, атсаңшы қарғысыңды! Қазаққа келген нәубет аздай, енді мына қызылкөздерді қыдыңдатып қойғаның қалай?

(Екі милиционар қозғалмай қалшиып тұрған Дулатбекке бара килігеді).

I миллионер. Бұ не бассыздық?!

II миллионер. Неге бедірейесің, ей! Көзіңді ойып алайын ба?!

Дулатбек. Бассыздықты мен емес сендер жасап тұрсыңдар.

II миллионер. Қалай-қалай сөйлейсің, ей! Әкеңе танытып жіберейін бе осы! Аш көзіңді!

Дулатбек. Шырақ! Алдымен әкіреңдеме! Ондай правоны саған ешкім берген жоқ. Екіншіден менің кінәм не? Қатем болса, атап-атап айт.

II миллионер. Көшеде неге сауда жасайсың?

Дулатбек. Сауда жасалмасын деген жарлығыңды көрсет. Екіншіден бүгінде бүкіл Қазақстанның базарға айналғанын ескер. Мықты болсаңдар сол базарды тиып, халыққа жұмысын қайтарып беріңдер.

II миллионер. Саған сауда жасауға кім рұқсат етті. Соны айтшы босқа ширықпай.

Дулатбек. Қалалық әділет басқармасынан алған рұқсат қағаз-лицензиям міне!

I миллионер. Лицензияңды көлбеңдете берме... Бұл арада сауда жасауға болмайды! Все!

Дулатбек. Жоқ! Именно бұл арада маған сауда жасауға болады! Мынау - жерге алынған рұқсат қағазым! Саудама кедергі келтірмей табаныңды жалтырат!

I миллионер. Сен... сен тым білгішсінбе, азамат! Сатып алған қағазыңмен мені алдай алмайсың бәрібір!

Дулатбек. Жігітім, сен тәртіп сақшысысың. Тәртіпті бірақ өзің бұзасың. Алдымен маған аты-жөніңді ата. Мен енді сендермен басқа жерде сөйлесем! *(Жиналып қалған жұрт ду-ду қызынады).*

Дауыстар: - Бұлар әбден құныққан!

- Өздері қарақшы! Қатын-қалашты қорқытып жаман үйренген.

- Әй, қашанғы қаша береміз? Осыларды бір төмпештеп, өш алсақ қайтеді, ә?!

- Сөйтейік! Әбден ызалары-ақ өтті!

Дулатбек. Жігіттер, даурықпаңдар! Жөнмен, заңмен қимылдаңдар. Менің министр досым... ә-ә, танысым

бар. Соған өзім тапсырам арыздарыңды. *(Екі миллионер жылыстап жөнеле береді. Базар қайтадан өз әрекетіне көшеді. Сахнаның бір шетінен үш адам шығып, оңаша сөйлесіп тұр).*

Жігіт. Сен, Құрмаш, қарныңды қампита бермей, іске көш!

I жігіт. Маған ұрса бересіз... Осы базардағылардың мені көргенде зәре-құты қашатынын білмейсіз.

Жігіт. Жә! Босқа көкірек керіп, кеуде қақпа! Мықты болсаң, маған базардағылардың бәрін емес, бірін ғана жүндеп беріңдер. Біреуін!

II жігіт. Ақысын төлесеңіз, боқысын шығарамыз. Қанша төлейсіз?

Жігіт. Өңешіңді толтырам. Қарныңды кептеймін. Қам жеме.

I жігіт. Онда көрсетіп жіберіңізші, бара айқасайын.

Жігіт. Әй, тайыз-ақ екенсің! Маған оның шекесінің қаны емес, ауырған жаны керек. Жұқарған жүйкесі керек. Жүйкесін жүндей түтіп, жүрегін піскілеңдер! Әне, арақ-шарап сатып тұрған шетен шляпалы қазақ!

II жігіт. Ә-ә!.. О-о... ол бывший профессор!..

I жігіт. Ой, ол крепкий орешек! Заңға да, жосыққа да жеткізбейді... Осал емес. Оны осындағылар түгел сыйлайды.

Жігіт. Онда обалдарың өзіңе. Сендерден басқа да долларшыл рекет көп.

II жігіт. Баксы дейсіз бе? Қанша?

Жігіт. Бес минуттық әрекетіңе әрқайсыңа жүз баксы!

I жігіт. Келістік. Жүр, Балташ! *(Екеуі Дулатбекке жақындайды).* Сәлем, профессор!

Дулатбек. Жә! Көп созбаңдар. Қалағандарыңды алыңдар да қайқайыңдар!

II жігіт. Сыпайгершілікті ұмытқансың, ә! Итке сүйек тастағандай етпек. Жо-оқ! Біз саған ит емес. Ит емеспіз, ә, Балташ!

I жігіт. Дәл солай! Профессор, өзіңе көңліміз ауып, сәлем бере бұрылсақ, қара қабақ танытасың. Қазақтың жолын, сыйластықтың жөнін білетін білдей ғалымсың. Салтымызды аяққа таптамақсың ба?

Дулатбек. Бос мылжыңға уақытым жоқ. Мазамды алмаңдар.

II жігіт. Мазаланғың келмейді. Әрі қонақ сыйлай білмейді. Дәстүрімізді тәлкек еткені үшін тақиясын теріс кигізіп, тәубесіне келтірейін бе, Балташ? Соншама бұл неменеге шіренеді. Әне, анау көк көйлекті дудар шаш - кинорежиссер атақты. Оның ар жағындағы белгілі жазушы. “Көгілдір белдердің” авторы. Ал анау безектеп тұрған әйел - бұрынғы эстрада әншісі. Солардың бәрі алдымызда құрдай жорғалайды. Ал сен... Тәубеңе, оллаһи, келтірем!

II жігіт. Асықпа, Құрмаш! Шишасын өзі ашып, алдымен өзі ауыз тиіп, сонсоң бізге ұсынар. Күтелік қонақжайлық.

Дулатбек. Маған арақ ішуге болмайды. Ал ішем десеңдер, мә! Ашып-ақ, құйып-ақ, құлдыраңдап-ақ берейін. *(Бөтелкені ашып, екі стаканды екеуіне сырғытады).*

II жігіт *(жұтып қап).* Ойбай, самопал!

I жігіт *(ол да ұрттап).* Самопал нешауа ғой. Мынау нағыз у! Мүрдем кетіретін у онда да!

II жігіт *(Дулатбектің жағасына жармасып).* Сен... сен оқымыстысымақ! Кімді өлтіргің келеді! Кімді мазақтайсың!

Дулатбек. Тарт қолыңды! Аптықпа! Бөтелкеге сұңгіп шыққам жоқ. Арақты жасайтын да мен емеспін. Қате кетсе кеткен шығар. Қазір жөндейміз *(дауыстайды).* Әсия! Әу, Әсиятай! Келші бері. *(Анандай жерде гүл сатып тұрған Әсия келеді).* Әлгі тазаң қайыссы еді. Қай жәшікте еді? Алшы бір-екеуін.

Әсия *(еңкейіп).* Мынауысы ғой *(айқайлап).* Ойбай, гүлімді әкетті-ау, ана жүгермек! Әй таста! *(кетеді).*

Дулатбек *(екеуіне екі шыны ұстатады).* Мә! Табандарыңды жалтыратыңдар!

(Екеу үн-түнсіз, қыбырлай басып, шеттегі жігітке келеді).

Жігіт. Ой, шіріктер! Жау қиратып келгендей пошымдарын!..

II жігіт. Енді... алды-артымызды орап кетті ғой... Мысы басады да тұрады осы неменің.

Жігіт. Анау келіншек кімі?

I жігіт. Қызы болар... ұқсайды ғой.

Жігіт. Кімі болса да - жанды жері сол келіншек.

Баксыдан әлі үміт үзбесеңдер, азуды дәл қазір анау келіншекке салыңдар. Талабым осы!

I жігіт. Қалай? Қайтіп?

Жігіт. Ой, ақымақ! Жігіт қызға не деуші еді?.. Алқымнан иіскеп, білектен сипап, қызыл еріннен өппеуші ме еді!..

I жігіт. Ә-ә, ол жағын қатырамыз! Жүр, Балташ!

Әсия *(гүлдерін реттеп, әндетіп тұр).*

Гүл алыңдар! Гүл алыңдар!
Гүлге көзді суарыңдар!
Гүл алыңдар - қуаныңдар.
Гүлсіз қалып - қуарыңдар,

(Екеу Әсияның қасына екпіндеп жетеді).

I жігіт. Даусы қандай бикештің!

II жігіт. Жо-оқ! Көзі қандай еркештің!

I жігіт. Көзі ме? Балташ-ау, сексеуілдің шоғындай-ау, шоғындай!

II жігіт. Ойбай, жоқ, Құрмаш! Дәл қазіргі қарасы - қосауыздың оғындай-ау, оғындай!

Әсия *(екеуге).* Гүл алыңдар, жігіттер! Ғашықтар гүлі - раушан! Тағы да іздеп келерсің, раушан гүлді бір алсаң!

II жігіт. Раушан гүлі деймісің? *(күледі).*

I жігіт. Ғашықтар гүлі деймісің? *(күледі).*

Әсия. Иә, күлегеш қайындарым! Раушан гүлі - жүректің гүлі, жаныңның нұры, көңілдің жыры, сағыныш мұңы, ғашықтар сыры! *(Гүлді жоғары көтереді).*

I жігіт. Балтабай-ау! Көрдің бе?

II жігіт. Нені? Раушан гүлін бе?

I жігіт. Жо-жоқ! Ақ білек ше? Жарқ етті де ақ білек, қарып түсті жанарды! Қайда жүргем ай қарап?

II жігіт. Құрмаш-ау, сен мүлде байқамапсың?

I жігіт. Нені байқамаппын сонда?

II жігіт. Көрмейсің бе толықсыған анарды! Иіскер ме еді аймалап?!

I жігіт. Гүл ұсынған ақ бикеш, сенің атың Ақбілек емес пе?

II жігіт. Жоқ! Таласпа, Құрмаш! Мен білсем ақ еркештің есімі тек Раушан ғана! Раушан! Солай ғой, еркеш?

Әсия, Еркеш һәм бикештің көңілін табам десеңдер, сылқым-серке қайныларым, гүл алыңдар, гүл!

I жігіт. “Жүзі - раушан, көзі гауһар, тамағы қардан әм бихтар” өзіңді алсам нетер ең, бикеш!

II жігіт. Бүгінгі кешті сыйласаң, “Дүние-ай жалған! Салдым сайран!”-деп жырла-ап, ы-ырла-ап өтер ем, еркеш!

Әсия. Саудамды кідіртпеңдер, жігіттер! *(дауыстап)* Гүл алыңдар! Гүл алыңдар!..

I жігіт. Ақбілек! Өлтірмесең мына бар гүліңнің толайым бағасын, өзіңнің бір кештік бәсіңді аташы!

Әсия. Сендерге сатар гүлім жоқ! Мұның әр талында жүрек дірілі, сезім шарпуы бар. Әсемдікті аяқасты етпеңдер, серілер һәм шерілер!

II жігіт. Сол әсемдікті аңсаған жүрегімнің дірілін неге естімейсің, Раушан? Жалын атқан жанымның сол сезім шарпуын неге сезбейсің, Раушан?

I жігіт. Балташ! Кескестеме жолымды! Ақбілекке ең алдымен менің назарым ауып, әукем салбыраған! Менің!

Әсия. “Айтасың да қоясың. Айтасың да қоясың” деген екен баяғыда бір жеңгесі қайнына. Сендердікі де, шерілер-ау, сондай дауылы көп, жауыны жоқ күркіреу ғана. Жел үрлеген қалталарыңа үңілсеңдер, бүйтіп күпілдемес едіңдер. *(Сыңғырлап күледі). (Отырған жерінен атып тұрып Дулатбек Әсияға мойнын созып қарайды).*

Дулатбек. Қап! Мына екеуін-ай! Неткен содырлар!

II жігіт. Тәлкек етпе, Раушан! Сенімен өтер бір түніме бар ғұмырымды сарп етуге даярмын. *(Қалтасынан екі бума ақша шығарады).* Міне, мынау бүгінгі саудаңның төлемі. Ал, мынау - ертеңгі өтемі!

I жігіт. Балташ! Килікпе дейім саған! Самаурынға тамыздық ететін теңге-сеңгеңді сумаңдата берме! Ақбілек! Міне, көрдің бе? Осы “зелененькийлерге” қоса өзіңе ауған көңілімді тұп-тура аяғыңның астына төсеймін де тастаймын. *(Долларды қарташа сапырады).* Бір күндік жарым бол! Мың күндік нәрім бол!

Әсия. “Жігіттер, ойын - арзан, күлкі - қымбат!..” Бір кештік ермекке ермеспіз, бір күндік жарлыққа көнбеспіз!..

II жігіт. Құшағымды біржолата жаярмын, бар кешімді бір өзіңе қиярмын онда!..

I жігіт *(Көзін қысып қалып).* Балтабай, шолақ байталдың құйрығындай шолтаңдамай былай тұршы!

II жігіт. Ей, Құрмаш! Сығырайған шегір көзіңнің кірпіктеріне кергіш қой да, қара қаншықтың салақтаған бауырындай желіңдеген бет-аузыңды жинап ал алдымен!

Раушан! *(Білегінен шап береді).* Раушан! Жүрші! Жиналшы тез!

I жігіт*(Әсияның екінші қолына жармасып).* Ақ білек! *(сипайды)* Ақ білегіңнен өзім ғана ұстармын. *(Анадай жерде Дулатбек келе жатады).*

Дулатбек *(айғайлап).* Жігіттер! Жөнсіздік жасамаңдар! Жарлының да жары, әлсіздің де ары болады.

II жігіт. Өләй! Раушан! Мына сасық күзендей шақылдағаның кім? *(Дулатбекке).* Сілекейіңді шұбыртпай аулақ жүр, ей оқымысты! *(Раушанды баурына тарта береді).*

I жігіт *(Екінші жағынан жармасып)* Ой, иісің-ай!

Дулатбек. Әй, шіркіндер-ай! Әсиятай!.. Қазір... Өзім! Мен бұларды... *(II жігітке жармасады. I жігіт Дулатбекті ту сыртынаи қапсыра ұстап, жұлып алады да, май құйрықтан бір теуіп ұшырып түсіреді. Содан кейін Әсияның екінші жағынан құшақтайды).*

I жігіт. Ақбілекжан! Өзіме... Өзіме! Мен сені... аққуымды баурыма басып!..

II жігіт *(мазақтап).* “Аққу-уымды. Ак-ку” Көң толтырған қоңырсық қанар! Аулақ!

Дулатбек *(төлтіректеп келіп, I жігітке жармасады).* Сендер, қарақшылар! Кімді басынасыңдар, ә! *(Долданып, жігітті суырып алып, бір переді. Екеу енді Дулатбекке жабылады. “Ах, падла!” “Ну, старикашка!”, “Өз обалың өзіңе!”, “Ал сыбағаңды!” дескен дауыстар. Құлап қалған Әсияны манадан аңдып тұрған жігіт келіп, көтеріп тұрғызады. Милиция ысқырығы. Әлгі екеу қаша жөнеледі. Қуғын).*

Дауыстар. Ойбай! Милиция! Қаш! Жасырыңдар!

Дулатбек. Сендер... сендер адам болуды ұмытқансыңдар! Мәмбетке айтсам ғой, ол темір

тордың арғы жағынан сығалатар еді! *(Жан-жағына алақтап қарап)* Әсия! Әсиятай, бір жеріңді ауыртқан жоқпа?.. Мен... мен...

Әсия. Жоқ, а, Дүкем! Өзің!.. Өзің ше? Тұрсаңшы!

Жігіт *(Шеттегі жігіт жақындайды. Сыбырлай сөйлейді).* Профессор Әскербековтың сізде несі бар?

Әсия. Жұбайым ғой... Сәл қызтаншақтау. Мені сондай жақсы көреді. Азаннан кешке дейін көзінен таса қылмайды.

Жігіт. Вот, мәселе қайда!.. Сонда, лекциясын тастаған ба? Сізбен бірге болу үшін бе?..

Әсия. Жоқ. Жұмыссыз... Қысқартып тастаған...

Дулатбек *(Әлі де ашулы).* Әй, неткен тасыр еді бұлар!.. Қол жұмсайды! Мәмбет Бекетавичқа айтсам ғой... ол әрине аямайды.

Жігіт. Мәмбет дегенге сиынтанына қарағанда... онысы бір мықты болар, шамасы?..

Әсия. О-о! Ол біздің Дүкеңнің бірге оқыған досы. Мәмбет Бекетаевич - министр. Дулатбек жұмыс іздеумен күн өткізеді. Кейде менімен бірге сауда жасайды.

Жігіт. Министр досы дейсіз бе?! Мәмбет Бекетаевич! Ал ол ше?..

Әсия. Ол... ол... уәде берген. Көмектесер. Досы ғой. *(Әсия жер тоқпақтап отырған Дулатбекті екі қолтығынан демеп көтереді).* Тұр! Дүке! Тұрсаңшы! Ой, бетің... қанаған ба?!

Дулатбек. Жо-жоқ, Әсиятай! Еш жерім ауырған жоқ. Өзің ше?

Әсия. Қап! Гүлімнің біразын таптап тастапты-ау!.. Жүр, Дүке! Қайтайық! Машина ұста! Жүкті әкетейік.

Шымылдық.

ЕКІНШІ СУРЕТ

(Екі бөлмелі шағын пәтер. Төрде есік, ол арқылы сыртқа да, асүйге де, ваннаға да шығуға болады деп есептеу керек. Екі бөлме сахнада қатар орналасқан. Бірі -зал, екіншісі -жатын орны. Залда Әсия жалғыз).

Әсия *(телефонмен).* Әсем, сен ертең гүлдерді ертерек жеткіз. Бүгін бе?.. Жоқ жартысын да сатып үлгермедім... Да ну, біздің көрсеқызар жігіттер ше. Нағыз басбұзарлар. Шетінен бұзылған. Ақшаға бәрін сатып аламын дейтін көкірек жігіт. Иә... новые казахи!.. Долларами бросаются... Дүкең маған болысам деп... Беті ісіп... Гүлді Валя апайға оптом беріп кеттім... Әрине шығын! *(Есік қоңырауы)* Әсем, біреу есік қағып тұр... Сау бол! *(Барып есікті ашып Сағатты ертіп келеді).* Дулатбектің жиені болсаң, маған да жиенсің! Жоғары шық!

Сағат. Нағашымның өзі қайда?

Әсия. Ваннада.

Сағат. Түу, қандай әсем, қандай сұлу едіңіз, жеңеше! Бұрынғы жеңгем де сүйкімді болатын. Осында институтта оқып жүргенімде мені қатты еркелетуші еді!.. Ал сіз... сіз тұп-тура үріп ауызға салғандайсыз, жас жеңеше. Айтпақшы сіздің есіміңіз Әсия ғой. Нағашым хатқа жазған. Оу, жеңеше, осы сіз жас жағынан менен де кіші боларсыз. Қырық серкешімді мен онда тап өзіңізден даулаймын!

Әсия. Атың кім еді, жиен?

Сағат. Сағат ибн Ақылбек.

Әсия. Сағатжан, нағашың қызғанып жүрмесін. Ескертпеді деме.

Сағат.Нағашым ондай емес. Нағашымды оқытқан, тоқытқан, жас жеңеше, менің әке-шешем! Доктор наук, профессор болуы да солардың арқасы. Так что, жас жеңеше, менің қырық серкешімнің біреуін, мына

жерімнен анау алқызыл ерніңмен бір шөп еткізіп сүйіп, дереу қайтарып таста! *(Дәліз есігінен Дулатбек кіреді).*

Дулатбек. Әй, суылдақ! Амандық қайда!

Сағат. Оу,нағашы!Ассалаумағалейкум!*(құшақтайды).*

Дулатбек. Осы сенің исің ғажап, Сағатжан! Ауылдың нағыз уыз иісі! Көкірегім ашылып сала берді-ау!.. Әпкем қалай? Ауыл ше?

Сағат. Әпкеңіз шүкір. Ал ауыл жағдайы өте нашар. Өлместің күні... жан-жаққа жұмыс іздеп қаңғырған жұрт...

Дулатбек. Өзің ше?.. Сен де кетемісің? Білдей зоотехниксің!

Сағат. Ой, сіз де айтасыз-ау, нағашы! Ауылда жұмыс қалды ма? Тіпті ауыл дейтін ауыл да жоқ. Мал таланды, ел тоналды. Жұрттың өлгені өлді. Қалғаны жан далбасалап қалаға шұбыруда.

Дулатбек. Бөліп берген мал қайда?Жайлауы жомарт жайлау қайда? Қыртысы қазыдай жер қайда?

Сағат. Бөліп берген дейсіз... Неге сөйтті? Отызыншы жылы ортақтастырамыз деп елден малды тартып алып, халықты бір қырып еді. Енді жекешелендіреміз деп колхоз, совхозды ту-талапай қылды!.. Неге бөлді? Қазақты қыру үшін бе?

Дулатбек. Оу, жиен! Сағат, сен күйінбеші! Мен өткенде сендердің Мартбек директорларыңды көргем. Қалтасы толы мыс-мыс ақша. Ханға сәлем бермейді. Оның өзі де, сөзі де мүлде басқа.

Сағат. Ойбай-ау, нағашы-ау, ол жемқорың үкіметтің қаулысымен совхоздың бүкіл мал-мүлкінің жиырма процентін, яғни елу мың қойдың он мыңын, екі мың жылқының төрт жүзін, бес мың сиырдың бір мыңын, жүз машинаның жиырмасын тегіннен тегін алды ғой. Ол аз болса, қалғанының ең шұрайлысы мен жарамдысын туыс-жекжатына пышақ үстінен таратып бермеді ме! Арық-тұрақ мал, сортаң-шөлейт жер, сынық-бұзық механика тиген былайғы жабайы жұрт не малына жем-шөп жинай алмай, не іріп-шіріген техникасына жабдық түгіл жанармай-жағармай ала алмай, не сортаң-шөлейт үлесіне себер тұқым таба алмай, екі-үш жылда бар жандығынан айрылып, екі қолды мұрнына тығып, сымпиып шыға келді ғой!

Дулатбек. Ойпырай! Сөйтіп пе еді? Жиырма процентін босқа алса, әрине, Мартбек ешкімді менсінбейді... Сонда қалай болғаны, жекешелендіру - көпке ортақ емес пе? Малды да, жерді де, техниканы да неге бірдей етіп бөліп алмадыңдар! Сағатжан?

Сағат. Әй, нағашы, сіз күйіп тұрған жанымды одан сайын күйдіре бердіңіз ғой. Әлгі ұжымшар, кеңшар басшыларына тегіннен-тегін берілсін деген қаулыны ма, жарлықты ма шығарған әлде Елбасыдан, әлде үкімет басынан сұраңыз бүкіл ауылдың меншігіндегі қазына-мүліктің бақандай бестен бірінің бір адамға бостан босқа беріле салуы әділеттік пе, әділетсіздік пе деп. Мен өз басым оны қаны сорғалаған әділетсіздік деймін. Соның аяғы міне ауылды аздырып, ел-жұртты жерден бездіріп, ел ақтатып жіберді.

Дулатбек. Жай, жай сөйле! Қызынба, Сағат! Үй артында әлі де кісі бар. Енді не істемексің?

Сағат. Кемпір-шалды қайда тастаймын. Сауда жасамақпын. Қолдағы екі сиырдың біреуін осында сатуға әкелдім. Ақшасына тауар алып...әрекет етіп көрем. Әпкеңіз *(пауза)* көптен ауру... Дәрі-дәрмегі қинап тұр. Асығыспын. Сіздерге амандасып шығуға кіргем...

Дулатбек.*(атып тұрып).* Балкен ауру деймісің-. Сен... сен, Сағатжан, айт апаңа. Барам. Қаржы жинап... обязательно барам. Қарызы көп мойнымда. Әттең-ай, қысқа жіп күрмеуге келмейді... Асығыспын дедің бе?

Әсия. Жиен-ау, отыр! Мен ас дайындап жатырмын.

Дулатбек. Ә-ә... Иә... Мен өзі, Сағат, анау институттағы жұмысымнан...

Сағат. Естігем, нағашы. Қазір өсек-аяңнан жүйрік не бар. Жеткізген жеткізетіндер әпкеңізге... Ал, сіз, нағашы бәрібір жарып шығасыз.

Дулатбек. Иә, жеткізеді... Құлан құдыққа құласа... Жә! Заман түзелер әлі-ақ. *(Кенет кішкене радио-динамик сайрап қоя береді. "Үстіміздегі жылдың әлеуметтік жәнс экономикалық даму қортындысына жасалған талдау бойынша жалпы өнім шығару өткен жылдың 80 пайыз деңгейінде ғана "Дулатбек Радионы қойып қап тоқтатады).* Әй, осы радио-ақ өз-өзінен

самбырлап кетеді ылғи... Сағатжан, апаңды құшақта мен үшін. Барам... Обязательно барам!

Сағат. Сау болыңыз, нағашы! Шынымен-ақ заман түзелер ме екен!?. *(Есікке беттей бере, Әсияға)* Жас жеңешем, қырық серкешімді мен бәрібір өзіңізден алам! *(Кетеді).*

Әсия. Мақұл, жиен! Тамаққа да қарамады.

Дулатбек. Ауылдағы жағдайды ойламап ем... Қиын екен-ау күндері... Апырай, қайда бара жатырмыз? Нарық қарық қылар десек, тарықтырып бітті ғой... Сиырын сатса, ертең шиеттей балаларын қалай асырайды? Қайтіп асырайды?

Әсия. Қалада да, далада да жұмыс жоқ. Тәуелсіздігімізге үш жыл толды. Аштан өлсін дей ме сонда.

Дулатбек. Балкен!.. Әсиятай, сен әпкемді көруің керек... ол сондай асыл адам! Киім, қасиетім ол менің! Ауру! *(Диванға теріс қарап жатып қалады).*

Әсия. Ас суып қалды ғой, Дүкем.

Дулатбек. Кейін, Әсия. Көңлім босап... Ел не болмақ?.. Ал анау Мәмбеттер тас құдайдай креслоларында шіреніп отыр. *(Әсия тұрып-тұрып ас үйге өте бергенде, телефон шылдырлайды. Трубканы көтереді).*

Әсия. Ало-о... Бұл кім? Кіммін дейсіз? Мәкең?! Қай Мәкең? Министр досы! А-а! Мәмбет Бекетаевич екенсіз ғой. Кешіріңіз, танымай жатырмын. Досыңыз ба... Осында... Жатыр ғой... Жо-жоқ! Ояу! Қазір, Мәке! Ә-ә, Мәмбет Бекетаевич, қазір! *(трубканы қолымен жауып тұрып).* Дулатбек! Министр досың! Мәмбет Бекетаевич өзіңді сұрайды.

Дулатбек *(орнынан да қозғалмай, қолын сермеп).* Керегі жоқ маған ондай чиновниктің! Халық күйзелуде. Еще ұялмай телефон соғады-ау. Жоғалсын әрі ондай күнбағар доссымақ!

Әсия. Апырай енді... ұят қой тосқызып қойғаның, Дүкем. Өкпең болса, өзіне айт оңаша. Мә! Бостан босқа теріс айналғанда не өнеді.

Дулатбек *(жайлап басын көтереді).* Айтам! Құдай ма екен ол соншама! Тақ пен бағы бүгін бар. Ертең орнынан ұшса, қатарыма қосылады *(трубканы алады.*

бұдан әрі телефондағы дауыс радио арқылы естіліп тұрады). Иә! Жай ма?

Дауыс. Соншама шірендің ғой. Өкпелісің бе? Амандығың қайда?

Дулатбек. Даусыңды сыздата өзгерткеніңмен маған баяғы Мәмбетсің! Министр емессің маған! Әй, бірақ... Саған өкпеледі не, өкпелемеді не, кеудеңнің қақпағы жабық, енгізбейді ешкімді!

Дауыс. Әу-әу, Дүкесі! Бұ не ашу. Сәл иліксең, сәл еңкейсең қайтер еді, ә?

Дулатбек. Мәмбет, сен осы көшеге жаяу шығасың ба? Даланды нөкерсіз аралайсың ба? Көресің бе қол жайған, көз сүзген бүгінгі жұртыңды?

Дауыс. Әй, осы профессорлар кафедрасыз да профессор-ау! Түсіндім, Дүкесі, түсірдің шенеуниктік минаретімнен! Ұрса бер.

Дулатбек. Әй, Мәмбет! Менікі ашынғаннан ғой. Даусыңды да сағыныппын! Бүгін тосындау естіліп тұрғаны қалай?

Дауыс. Ә-ә, тамаққа суық тиген... Халың қалай?

Дулатбек. Сол өзі елде де, менде де қалды деймісің... Көрінгеннің қабағын аңдып, қарақшылардың таяғын жеп... кеңсе біткеннің табалдырығын тоздырып, не өле алмай, не көне алмай...

Дауыс. Дүкесі, босатпа шылбырды! Көтер еңсені! Түкір бәріне!

Дулатбек. Көтеремнің көтерер еңсесі болмайды. Учти осыны, Мәкесі!

Дауыс. Тыңда онда... Бері құлақ тос!

Дулатбек. Әу, Мәке-ау, бөзі жоқ сөзден түңілгем әбден!

Дауыс. Мен саған бөзден артық сөз берем. Қисайсаң, өз обалың өзіңе. Онда трубканы тастай сал. Содан соң маңайыма жолама!

Дулатбек. Ә-ә, Мә-әке! Құлақты да, құлықты да тостым!

Дауыс. Тоссаң былай! Кешке саған Қыдыр барады! Қыдыр!

Дулатбек. Оның кім тағы?! Есік қаққан қайыршылардан-ақ жалыққам!

Дауыс. Дүкесі, есеңгіреме! Қайыршы да,

қыдырмашы да емес, Қыдыр! Яки Қызыр пайғамбар! Жебеушің! Жарылқаушың!

Дулатбек. Қылжақтама, Мәмбет! Сіркем су түгіл бу көтермей тұр.

Дауыс. Бопты! Тоқ етерін айтсам, бүгін саған американдық бизнесмен барады. Екеуің эс-пе яғни совместное предприятие ашасың?

Дулатбек. Қалай? Неммен? Итім де, битім де жоқ!

Дауыс. Шұрқ етпе! Бизнесменге жергілікті жердің қазағы... подчеркиваю, қазағы ғана қажет. Басқаның бәрі өзіңде! Сені соған мен ұсындым! Мен!

Дулатбек. Әй, қайдам... Батпан құйрық тәрізді-ау. Неге тегін?

Дауыс. Менің... министрдің кепілдігін тегін деп кім айтты?

Дулатбек. Ә-ә, солай-ау шынында. Қыл арқанды салдың мойныма, Мәкем... Шірітпесін.

Дауыс. Дұрыстап қабылда. Жас тоқалды көрсетпей қойдың бізге. Қызғаншақсың! Бірақ бүгін қонағыңның қайткенде де көңілін тап. Мұндай сәт сағаты соға бермейді.

Дулатбек. Бәрін, бәрін жасаймын! Рахмет, Мәкем! *(Дауыс тынады.Ас үй жаққа айқай салады).* Әсия! Әсиятай! *(Әсия кіреді).* Құдай берді. Бақ қонып, Қыдыр дариын деп тұр. Дастарқаныңды на высшем уровне әзірле! Дәл қазір!

Әсия. Өләй, қайтіп! Дүкесі, тоңазытқыш қаңсып тұр... Түк жоқ...

Дулатбек. Жо-оқ, сараңданба, Әсиятай! Шұлығыңдағыны да, шыныңдағыны да шығар. Бүкіл бар жиған-тергеніміз, сүйікті жұбайым, бүгінгі бір дастарқан мәзіріне жетсе, күні ертең төбеңнен төменге дейін сауылдап алтын құйылады. Алтын!

Әсия. Қас пен көздің арасында не боп қалды?! Апырай, шынымен-ақ Мәмбет Бекетаевич бір мықты должносты бере салғаны ма, Дүкем-ау? Рас па?

Дулатбек. Солай десе де болады. Одним словом, Қыдыр пайғамбар келеді. Біз ол екеуміз эспэ ашамыз! Эс-пэ!

Әсия. Эспэ? Ол не?

Дулатбек. Ол совместное предприятие! Ал, екінші

аты - қып-қызыл ақша! Ол эспэ мені құлдыраған шырауымнан зымыратып асқарға бір-ақ шығарады. Сен, сүйікті нақсүйерім, ‘Гүл алыңдар! Қуаныңдар!” деп даусыңды қарлықтырмай сол биікте гүл-гүл жайнап қасымда отырасың!

Әсия. Рас па?! Дүкесі, мен сөйтем бе? Соған біз шынымен жетеміз бе?

Дулатбек. Жетеміз! “Мерседес” мінеміз! Парижден киінеміз! Сені, Әсиям, сондай күйге жеткізіп, өліп кетсем...

Әсия. Жо-жоқ! Бірге өлерміз... *(қиялдап)* Париж дедің бе! Дәл бұлай болар деп ойлау түсіме де кірмеуші еді... Ой, қандай рақат!

Дүкем-ау, сен сонау жылғыдай қара костюм, ақ көйлек, қызыл бабочка тағып... мен шымқай ақ киініп, бриллианттарды жарқылдатып, қасыңда келе жатам!.. Ох! Жүрегім қағып кетті! Қандай ғажап! Қандай!.. Түу, тілім, жетер емес. Қиял дүниесі-ау! Соны біз аламыз! Біз! Екеуміз! Иә, Дүкем?!.

Дулатбек. Иә, Әсиятай! Сен әлемдегі ең бақытты жарсың! Менің бақытымсың! Дастарқаныңды...

Әсия. Базарға үлгере алмаймын-ау, ә! Дүкенге де...

Дулатбек. Базарды да, дүкенді де қой. Қанша ақшаң бар?

Әсия. Тырнақтап жинаған үш жүз, гүл иесіне берер жүз доллар бар. Іздеп келмесе.

Дулатбек. Ой, менің жанымдай жарым! Барым мен қазынам! Іздей қоймас. Қазір дастарқаныңда аюдың еті де, аққудың сүті де болады!

Әсия. Қалай?

Дулатбек. Капитализмнің бір ерекшелігі, Әсиятай ол ақшаның құлы. Заказ бересің де - бәрін аласың. Өйткені бүгінгі әкім де, өкімет те, билік те, білек те - ақша ғана. Онда да көк соққыр АҚШ доллары! Сен долларды дайындай бер. Ал мен мына “Каравандағы” жарнама арқылы... *(телефон қасына қонжияды).* Ало-оу... Маған срочно дастарқан дайындау керек боп тұр үш персонға... Иә-иә! На высшем уровне! Арақ-шарабы түгел марочный болсын... Уылдырық деймісіз? Ә-ә икра ма... Әлбетте, қарасы да, қызылы да! Қымбаттым, мен американдық аса қадірменді

досымды қабылдаушы едім. Дастарқан дұрыс жабдықталмай ұялып қалып жүрмелік... Рябчиктерің бар ма? О-о, қатып кетті! Ананасты, аваконданы, мангоны, анарды, хурманы, кивиді, бананды... тағы не қалды... әрине алма-салма бәрін! Тездетіп... Он бес минутта жеткізесіздер ме? Ой, капитализм! Жо-жоқ! Рақмет! На высшем уровне ғой. Хоп майлы! *(трубканы қояды).* Әй, капитализм! Ойбай-ау, қайда әкелуді айтпаппын ғой. *(Телефон қоңырауы).* Ало-оу, оу, сіз бе? Мен адресімді... Телефонымның номері арқылы анықтап та қойдық дейсіз бе? Ой, капитализм! Ә-ә... Бақа?.. Қандай бақа? Жейтіні ме? Жарайды, оны да әкеліңіз, *(трубканы қояды).* Қандай сервис! Капитализм-ай! Кейде қажетсің-ау сен де! *(Әсия кіреді).*

Әсия. Дайындадым. Міне! *(Долларды береді).*

Дулатбек *(алады).* Дұрыс. Айтпақшы, Әсия, киінбеппіз ғой. Менің ақ көйлегім мен галстугімді әпер! Ал, сен дұрыстап киін. Нағыз шик-модерн болсын! *(Әсия Дулатбектің ақ көйлегі мен галстугін әкеліп, өзі жатын бөлмеге кіріп кетеді. Дулатбек киініп, айнаға қарап, шашын тарап тұрады. Ыңылдайды)* Шырқайсың енді, Дулатым, жетеді анда, мұнда атың! Соңыннан бикеш шұбырса, таңдарсың ылғи қымбатын! *(артына жалт қарап).* Сап-сап! Асылық жасама, Дулатбек. Құдай Әсиямнан жарылқасын. Мен дегенде жаны бөлек. Әлде дәл бүгін сынап көрсем бе... ІІынымен мендік пе екен?.. *(Әсия шығады).*

Әсия. Қалай? Ұнай ма?

Дулатбек. Ойбай-ау... Әсияжан, сен не... ауылға баруға жиналдың ба? Мыналарды көрсетпе! Еуропаша! Батысша! Барыңды... анау дірілдеген, солқылдаған елден ерекшелеріңді жарқыратып көрсет!

Әсия *(бұртиып).* "Анау жеріңе, мынау жеріңе менен басқаның көзі түспесін" деген өзің емес пең, Дүкесі!

Дулатбек. Ой, сөйдеп пем... Әй, жас иіске еліткен кәрі қақпыш! Онда бүгін бұрынғы запреттерімнің бәріне отбой! Сол себепті бөксең бұлықсысын, Әсиюшка! Мынау аршын төс, алма мойын омырауың көз қарысын, Әсиябану! Қармақта шоршыған ақ сазандай әппақ балтырың жарқырасын, Әсияханум! Біз американдық қонақты қабылдаймыз. На высшем

уровне. Көрсін біздің де сұлу екенімізді! *(Әсия жатын бөлмеге кетеді. Есік қоңырауы. Тағам, арақ-шарап көтерген екеу кіреді).* Әй, азаматтар! Маған беріңдер! О-ә, өздерің жайғап, жасайсыңдар ма. Ой капитализм! Анау жәшіктерді, қораптарды асүйге апарыңдар. Бұл не қағаз? Осыншама доллар төлеу керек пе? Әй, қан сорғыш капитализм! Жә-жә, жасай беріңдер. Берем! *(Теріс айналып, долларын қайта-қайта санайды).* Әй, бұл екеуіне шайлық-пайлық беру керек шығар. Қайтесің, Дулатбек! Көтерілер биігіннен төмендеме. Үйрене бер, табуға да, шашуға да... Екеуіне бір-бір доллардан... Жоқ, үш доллар екеуіне аздықта етпейді, көптік те қылмайды. *(Әлгі екеуіне).* Болып қалдыңдар ма? Қандай сервис! Міне, есеп бойынша. Ал мынау екеуіңе! *(Екеу кетеді. Әсия кіреді).*

Әсия. Ал, енді ше?

Дулатбек. Oh, шіркін! Менің еркімді ұрлаған сенің осы көркің ғой, Әсияшым! Омырауың ашық. Ақ білек... түу, бағанағы әукесі салбыраған қарақшының дәл тапқанын қарашы! Ақ білегің көз тартады. Мықының ойнақшып, көйлегің етіңе жабысып-ақ қапты. Отыршы!

Әсия. Қалай? Қай жерге?

Дулатбек. Міне, мұнда! Аяқтарыңды айқастыр *(Басын шайқайды).* Қайшың қайда?

Әсия. Айнаның алдында. Оны қайтесің. *(Дулатбек жатын бөлмеден қайшы әкеліп, көйлектің етегін тіліп, екі қолымен дар еткізеді).* Өләй, Дүкесі! Бүлдірдің ғой, Енді не кием?

Дулатбек. Шұрқ етпе! Қане! Айқастыршы аяқтарыңды. Oh, сенің ақ балтырың-ай! Әппақ саның-ай! Мен сонда саған алғаш зачет қоярда... осы саныңа сондай қызыққам, Әсиюшка! Сипай жаздап, сипай жаздап... өзімді әрең тежегем...

Әсия. Сезгем... ерніңді жымқыра тістеп алғансың. Қандай төзімді едің, сонда, Дулатым!

Дулатбек. Иә-ә! Тура үш күн бойы есеңгіреп жүргенімді білмейсің ғой, Әсия. Енді бет-аузыңа аздап қана макияж жаса. *(Әсия кетеді).* О, ханға лайық мәзірім! *(үстелге жақындайды).* Ұтысқа бастар көзірім! Қолыма қарға саңғыса, Дулатбек болар уәзірің! Әй,

осы мен кей ақындарыңнан артықпын-ау. Қойным мен қонышымнан суырғандай бірер ауыз өлеңді лақ еткізіп төге салам.

(Есік қоңырауы). Ойбай, келіп қалды! Әсиюшка! Жо-жоқ!Өзім ашайын...*(Есіктен әрі өтіп, сәлден соң қос самайынан төмен бетін жаба иек ұшында үшкілденіп біткен қара сақалды, қиық мұртты, қоңқақ мұрынды, күрең шыны көзілдірікті әлде кавказдық, әлде түріктік жігітті ертіп келеді).* Мархабат етіңіз! Әсия! *(Әсия былқ-сылқ еткен әсем, бап күйіндегі келіншек жарқ етіп шыға келеді).* Әсия! Мы-мы-нау қадірменді қонағымыз. Плиз! Проходите! Ойпырай, қазақша біле ме екен, ә?

Қонақ. Аз-маз биледі...

Дулатбек. Ой, аз-маз болса да, білгеніңіз өте жақсы! Былай өтіңіз. Ә-ә, ұмытып барады екем. Танысып қоялық. Мен - Дулатбек... Есіміңіз...

Қонақ. Сона синьор Марио Санти[1] уә туркише Салим бей уә азияша Сато сан.

Дулатбек. Велкоме... е-е бен-бен... ә-ә бенвенута, Санти мырза... -ә-ә... сеньор! Қош келдіңіз, Сато сан яғни Сәлім бей! Мынау Әсиябану уә Әсияханум болады. Менің дражай... ә-ө... зайыбым! Синьора Әскербековна!

Әсия *(реверанс жасап).* Төрлетіңіз, Сәлим бей! Маған сіздің Сәлим бей есіміңіз қатты ұнайды. Синьор десем алыстап, Сато сан десем ұсақтап кететін тәріздісіз.

Қонақ. О-о! Синьора Әскербековна! Перфетто! Сіз ғажап комплиментус айтады. Соно ди Америка[2]. Американдан бен келди.

Дулатбек *(өзіне).* Әй профессор атымызбен бір ауыз шет тілін білмейміз. Не деп бұлдіріп жатыр екен әйелімді. *(дауыстап).* Плиз... пожалуйста... ә-ә, мархабат! Отырыңыз, Сато сан! Әлгінде ғана ресторанна алдырттық. Ып-ыстық, сап-салқын күйінде бәрі.

Қонақ. О-о, Әсияханум! Вой... сиз бұнда отыр!

[1] Мен Марио Сантимын (итальянша).

[2] Мен Американдан келдім (итальянша).

Әсия. Отырам ғой... Ә-ә салфетки әкелмеппін.

Дулатбек. Қайнысы өтініш жасағанда жеңгесі мүлтіксіз орындауы керек. Отыр қасына Сәлім бейдің уә синьор Сантидің. *(Әсия отырады).*

Қонақ. О-о, грация![1] Яқшы! Йо[2]... матур гейша... мадонналарды ұнатады.

Ал вой[3], сиз бене белладонна[4], Асиябану!

Дулатбек. Иә-иә! Әсиятай, әрине, тәп-тәуір. Табады ғой... көңліңізді табамыз. Тамақ алыңыз. Сіздің қадірменді мехмо-он, ә-ә, қонағымыз қай тағамды ұнататынын білмей... сонсоң заказды үстемелеп бере бердік. Былапыт боп кетсе, кешіріңіз.

Қонақ. Была... была... қалай? Коме?

Дулатбек *(өзіне).* Шатастырдым-ау қарап отырмай. *(дауыстап).* Былапыт сөздің реті ол. Мынау дастарқанда сіз жақтырмайтын артық тағам болса, көңліңізге алмаңыз деп жатқанымыз ғой. Әсиятай-ау, мехмоны-ңа... ә-ө... Сәлім бейге... ыдысына тамақ салсаңшы... Ә-ә... өзіңіз салып аласыз ба. Сол дұрыс. Тәбетіңіз шапқанын таңдап дегендей. Бақа да бар. Француздардың сүйікті асы...

Қонақ. Француз. Йо - итальяно! Бен оларды ұнатпайды.

Дулатбек. Кімді? Француздыма, бақаны ма?

Қонақ. Дуе... екеу... Уә бақа, уә французны.

Әсия. Сәлим бей, виски, арақ, коньяк? Қайсысын құяйын?

Қонақ. О-о, миа беладонна! Сиз құйса йо... бен циано калио ишеди!

Дулатбек. Бәсе, бәсе! Бизнесмендер ішпегенде, кім ішеді! Мәкең тегін адамды жібермейді маған!

Қонақ. Макен?! Ки... ки... кім ол Макен?

Дулатбек. Мәмбет Бекетаевич! Министр!

Қонақ. О-о, министро! Мамбет Бе-ке-та-евич! О-о, луй... ол теста! Го-ло-ва! Ол сизди, Дулатбек бей, баға рекомендацион еткен. О-о, министрдікі

[1] Рахмет (итальянша).

[2] Мен (итальянша).

[3] Вой - сіз.

[4] Өте сұлу қызсыз.

рекомендация алто[1]... маркази рекомендацией! О-о, бен айтады тост! Маркази Вазир Мәмбет бей салюте[2]... Мамбет бейдин денсаулыққа мынау тостақтарды лақтырып... нон[3] қалай айтады... ә-ә көтерип тастайбыз!

Дулатбек. Мәмбет досым - нағыз абзал азамат. Мықты қоғам қайраткері! Мәкең үшін көтергеніміз де дұрыс! *(Үшеуі қағысады. Дулатбек ернін тигізіп қана қояды).*

Қонақ. Сиз... вой ишпейди, ә? Перке?.. Неге? Мәмбет бейді сыйламайды сиз?

Дулатбек. Апырай, қинадыңыз-ау, Сато сан мырза! Бұл шіркіннің ағымен де, көгімен де, қызылымен де дос болғаным сондай, күні-түні айлап-апталап тастаушы ем... Содан емделіп... емделгенде кодирование жасатып... қазір қаспын. Әйтпесе Мәмбеттің денсаулығы үшін уды ішер ем ғой.

Қонақ. Бастиан контрарно... яғни сиз қиқар! Ал биз собымести ртприати ашамыз. Бұл гүн... ожжи - презентацией, презентация! Бизде бәрі болады. Фирма құрады. Ностра[4] фирма... милле негози[5]... милле дүкен ашады. Йо е вой! Бен уә сиз, мукаррам Дулатбек бей! Қалай? Консенсо[6]?.. Келісеміз, иә!

Дулатбек. Әлбетте! Әлбетте синьор Санти... ә-ә, Санто сан!.. Ойбай-ау! Келіспегенде... Мен әрқашанда консенса. Бәріне де консенса. Консенсаға көнген жан мен. Фирма құрсаңыз, дүкендер ашсаңыз... бас шұлғып, қол қусырып, “лаппай тақсырға!” басамыз... Басамыз... Әсиятай! Алсаңшы! Көтертсеңші қадірменді қонағыңа. Тарелкасы босамасын! Қыдыр ғой... Ә-ә... Сәлімбей, біздікі құлдықұру... Консенса... әрине миллион консенсо!

Әсия. Селим бей қайным, ағаңның көңілі үшін де жақсылап бір алып тасталық. Келіңізші, бокалдарды сыңғырлатып ке-еп соғыстырайық. Әу, Дүкесі, сен ең

[1]Алто - жоғары.
[2] Салюте - денсаулық.
[3] Нон - жоқ.
[4] Носгра - біздің (итальянша).
[5] Миле негози - көп магазин (итальянша).
[6] Консенсо - келісім (итальянша).

болмаса суыңмен қағыстырсаң... Е-е! Давай, қайным! *(Үшеуі де ыдыстарын қағып-қағып салады).*

Дулатбек. Ту, шіркін, тұп-тура ақырған арақ ішкендей болдым-ау! Қандай әдемі отырыс! Сәке... ә-ә, кешіріңіз қазақбайшалап кеткеніме. Синьор Санти мырза... Тамақ алыңыз. Мынау қазы! Мынау жал-жая! Біздің ұлтымыздың деликатес тамағы!

Қонақ. О, деликатес! Грацие! Милле грацие! Бен қазы жейди көп-көп! Баған айтқан қазақ уә қазы, уә қымыз, уә қыз... е қызық бене яқшы деп!.. Биз *(бір саусағын шошайтып).* уно негозио... бир магазинди қазы сатады жасайды.

Дулатбек. О-о, қатып кетеді онда! Шіркін, “Сыбаға аламыз!” деп кезекте топырлап тұратын төре қазақтарға төбесінен қарап, әлгі дүкеннің... ә-ә, негозионың ішінде алшаңдап жүрсем!.. Ой, кешіріңіз, бала құсап қиялдап кетіппін-ау. Айтпақшы, рябчик дейтін торғай ма еді... соған да заказ беріп ем-ау!.. Ол буржуйлардың... ә-ә, сіз де буржуй... жо-оқ, буржуйлардың ғана емес, кешіріңіз, ауқатты беделді, ақсүйек қауымның сүйіп жейтін тамағы деседі. *(Үстел үстін көзбен сүзіп өтіп, өзіне).* Мыналардың қайыссы екен, ә?.. О-о, міне, міне! Сато сан мырза, құс еті! Дәмді ет! Қаймаққа пісірген! Мархаба етіңіз, салып берейін, ә?..

Қонақ. Си, си... ия, амиго![1] Аз маз ғана! *(Дәмін татып).* О-о, йо префейрей ла селвагина! Дәмді! Вой, Дулатбек бей, гранде[2] негозионың директоры боласыз!

Дулатбек. Кім?! Мен бе?!!

Қонақ. Си, си! Иа! Вой! Сиз директор негози!

Дулатбек. Граци! Миллион граци, қадірменді Санти амигом! Соншама адамдар алдымда құрдай жорғалап жүреді-ау! Кеше ғой, Әсиятай-ау, дәл осы жағдай, мынаның бәрі түсіме де кірмейтін еді. Шынымен Қызыр пайғамбар! Ойбай-ау, онда сол болашақ гранде негози үшін бір көтеріп тастамаймыз ба?! Келіңіз, Сәке! Тостағыңызды... бокалыңызды... ә-ә, рюмкеңізді ұстаңыз! *(Үшеуі тағы бір алып қояды).* Өзгені білмейтін,

[1]Амиго - дос.
[2] Гранде - үлкен.

өзім ішпей маспын! Апырай, көңіл шіркін көктемгі көкке аунаған көк дөнендей-ау! Қараңызшы! Қараңдаршы маған! Көзіме нұр, жүзіме алау жүгірді ғой! Тар әлемім кеңейіп, жарлы дүнием көбейіп кетті-ау!

Әсия *(сыбырлап).* Тым желпінбе, Дүкесі! Ұшып-қонбай сабыр сақта. Профессор екеніңді ұмытпа. *(қонағына дауыстап).* Дүкеннен басқа да айналысар кәсіптеріңіз болар, Сәлім бей? Әйтпесе бізде, Алматыда не көп, дүкен көп, ларек көп, киоск көп. Аяқ бассаң, өңешін жыртқан саудагерге кездесесің. Өзім де... Ә-ә, мынау қаймаққа қуырған бұзау еті! Ең болмаса дәмін татып көріңіз, қайным! *(Салады).*

Қонақ. Нон дико ди но![1] Сиз салса, қалай айтады... ә-ә, жеңесе, қайны асай береді. Милле грацие! О, гранде дәмди! Оля-ля!

Дулатбек. О-о, біздің Әсиябану ғажайып кулинар! Нағыз о-ля-ля! Ол жағынан алдына қара салмайды.

Қонақ. Қара салмайды?.. Ол не... коза![2] Неге салмайды бұл женесе алдына?

Дулатбек. Әй, ол жай сөз...Қажеті жоқ, Сәлім бей.

Қонақ. Ех, но![3] Айтады сиз оны маған!

Дулатбек. Ол ма ол... біздің Әисяханум өмірден ылғи дос іздейді. Мына мендей досты! Тапқанын хан тұтады... яғни императордай қадірлейді.

Қонақ. О-о, издейди ун трова ун амиго, трова ун тесоро[4]... Браво, Асиябану! Молто бене![5] Биз фабрик ашади. Ной операмо нел сетторе[6]: металломеханико, делле кострузиони[7], полиграфико, деллинформатика, деллинжерринг... Биз атқарады осьшарды. Биз, синьор Дулатбек, ашамыз делла дитта[8]... ну, фирма итало-казахико[9]. Бен сизди деллинформатика фирмаға директор қояды. Сиз... вой - директор!

[1] Нон дико ди но - қарсылық егпеймін.
[2] Коза - не.
[3] Ех, но - нет уж!.
[4] Ун трова ун амиго, трова унтесоро - дос ізде, тапсаң сақтауға тырыс.
[5] Молто бене - өте жақсы!.
[6] Ной оперимо нел сетторе - біз мына салада қызмет етеміз.
[7] Делле кострузиони - құрылыс.
[8] Дитта - фирма.
[9] Итало - казақ біріккен фирмасы.

Дулатбек. Рас па?! Ah, асыл азамат, Марио Санти жебеушім, сіздің осы айтқаныңыз рас па?! Менің естігенім шын ба? Әсия-ау, не боп барады?! Мынау жаман байың директор болса, сенің оңыңнан Ай, солыңнан Күн туды дей берсеңші! Мен... мен Сізге, аса қадірменді Сәлім бей, алғысымды сөзбен айтып жеткізе алмасымды ғана білем!

Әсия. Дүкем! Сабадан аспа. Әр құлдықтың да тобасы бар.

Дулатбек. Оу, қалай аспайын. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін тұсымнан бақ дүниесін қондыра салды ғой... Әсиятай. ...ішіп жіберсем бе екен осы күйсін-жансын! О-о, болбойды! Ертең анандай құлаш жетпес, көз ұшыратпас деңгейге қонақтайын деп отырып... бұл жынды судың апанына қайта сүңгімейін... Кешіріңіз, Сата сан шырағым, періштем! Қуанған мен қорыққан адам бірдей. Не айтып, не қойғанын білмей қалады. Өзіңіз бірдеме деп көтертіп жіберсеңіз, мен де соңдарыңыздан қиқулап қосылам! *(Басын көтереді).*

Қонақ. Алла кооперазионе! Ну, русша за со-труднишество!

Дулатбек. Ә-ә, қоян-қолтық жұмыс істеуіміз үшін дейсіз ғой. Онда кеттік! *(Суын ішеді).* Алыңыздар! Әсиюшка! Сен де түк қалдырмай, түбіне дейін. За сотрудничество! Oh, қандай құлаққа жағымды тост! Әрине кооперацион жасаймыз! Мықтап жасаймыз. Қалай деп едіңіз... итальяно-казахико! Казахико-итальяно! Адамның айтқысы келе беретін, тыңдаудан жалықпайтын әсем тіркес екен де! Итало-казахико! Соның казахикосы - Менмін!.. Ә-ә, тағы да желпініп... желпілдеп кеттім бе?.. Әсиятайым-ау, қайтейін ішіме симай бара жатсам.

Әсия. Сәлим бей, түбі Дулатбекпен бірге жұмыс істейтін болған соң өзіңізді мүлде іш тартып барам. Американдан келсеңіз де итальяно дегеніңе қарағанда итальяндық екеніңіз белгілі. Бірақ қазақшаңыз да біздің кейбір папасының балаларының қазақшасынан тәуір. Соған қарағанда қазаққа бір жұғысқан жеріңіз жоқ па?

Қонақ. Жұғысқан... Ол сөз не?

Әсия. Қазақтан әке, шеше, не нағашы ата, әже жоқ па деймін.

Қонақ. Каписко! Түсінді йо... бен. Нон жұғысқан. Йо-бизнесмен! Йо-американо бизнесмен. Қазақстан барады миста итало-казахико ашады. Сондықтан қазақша үйренди бен. Аздап түрікше де биледи.

Әсия. Қандай азаматсыз, қайным! Біздің ана тілімізді қадірлесеңіз, бүкіл қазақ сізді төбесіне көтереді, Сәлім бей! *(Орнынан тұрып кетеді).* Американың бай жігіті, светский левы қазақ тілін үйреніп жатса, мен онда мынау бүгінгі нарық қиындығына пысқырмаймын, Дүкесі! Мені қуантқан менің Қазақстанымның егемендігі, тәуелсіздігі! Соның құдіреті - бүгін менің ана тілімді итальяндық алпауытқа үйретіп жатқаны!.. Дербес ел, мәртебелі Елбасысы бар іргелі мемлекет болғанымыздың белгісі осы! Келіңіз, қайным, қазақ елінің, қазақ мемлекетінің, қазақ халқының дәрежесі арта беруі үшін дұрыстап бір алып жіберелік! *(Қағыстырып жатқанда, радио тағы да самбырлап сөйлей жөнеледі).*

Радио. "Кеше қаржының тапшылығынан Қостанай облысындағы Ақжар аулындағы қазақ орта мектебінің есігіне қара құлып салынды. Бұл - жыл басынан бергі республика бойынша жабылған үш жүз тоқсан сегізінші қазақ мектебі".

Дулатбек *(Радиоиы ұрып қап).* Әй, осы радио-ақ шаршатты.

Әсия *(ыдысын ұрттап, жерге ұрады).* Бәрібір, елім бар да - тілім бар. *(Әндетеді).*

Менің елім! Менің елім!
Жырың болып төгілемін.
Гүлің болып егілемін
Елім! Туған жерім менің!
Қазақстаным!

Қонақ. О-ля-ля! Концерто ди музика оперика! Браво, Асияханум! Ту., сен музик негозио директоры болады! Ту, Асиябанушка!

Әсия. Мен бе? Музыка магазинінің директоры мен бе?.. Ну, ты даешь, қайным!.. *(ойланып).* Несі бар,

болам! 'Гүл алыңдар! Гүл алыңдар! Қуаныңдар, нұр алыңдар!" Ұмытам ба сол кебімді? Ұмыта алармын ба?.. *(Көзін басып, отыра кетеді).*

Қонақ. Неге жылайды сен?.. Қандай гүл? Коме?[1] Коза?[2] Перке?[3] Хуанто?[4]

Дулатбек. Қуанғаны... Қуанғаны ол жеңешеңнің, Сәкесі! Ә-ә, Сато сан. Әйелдер қуанғанда жылайды. Әйелдер ренжігенде жылайды. Рахмет! Әсиятай көтер басыңды. Е-е, сөйт! Мың да бір рахмет, Санти амигом! *(өзіне).* Шынымен Қызыр пайғамбар емес пе?! Әй, нағыз өзі болар! Қызырдың оң бармағының сүйегі жоқ дегенді осы баяғыда кімнен естіп ем, ә? Әжем... әжем айтып отырушы еді-ау! Қалай байқасам екен? Әлгінде кіргенде қолын ұстап амандасып пем? Жоқ! Қалайда білу керек! Өзі! Қызыр пайғамбар!

Қонақ. Синьора Асия... ту... сен гранде сентименто... мукаррам сезим адамы! Сентиманталика сорелла![5]

Дулатбек. Рас, рас! Сондай сезімтал бұл жеңгең. Жаны сондай нәзік! Еркекті де... ешкімді жатырқамайды. *(Өзіне).* Осыны неге айтып тұрмын? Қызғанғаным ба, әлде сынау үшін қызылға шақырғаным ба?.. Әй, әбден шатастым-ау!

Қонақ. Биз... синьор Дулатбек бей, ностра фирмамызға ат қоямыз! Буано... яқшы ат! Сиз... вой ойлайсыз ол атты.

Дулатбек. Мен бе?! Ғұмырымда бір ғана кісіге ат қойған екем... Бәйбішем... ә-ә алғашқы жұбайым, о кісі марқұм боп кеткен... Етегі қанамаған адам еді. Мына Әсиятай да нәресте даусын құлағыма жеткізер емес. Бала болмаған соң немере қайдан келсін. Ат қою ләззатын татқам жоқ. Ғұмырымда бір ғана кісіге ат қойдым дедім ғой әлгінде. Ол адам - өзім! Менің шын атым - Мейрам. Шешем ерте кетті дүниеден... Әкем де... Шешемді сұмдық жақсы көруші ем. Шешемнің шыққан тегі Дулат болатын. Анамның

[1] Коме - қалай?
[2] Коза - не?
[3] Перке - неліктен?
[4] Хуанго - қанша?
[5] Сентименталико сорелла -сезімтал әйел.

әруағын сыйлап өту үшін нағашы жұртымның атын иемденіп, өзімді өзім Дулатбек атағам... Ал, фирмаға ат қою... әй, қиын-ау, қиын!

Қонақ. Қиын... Ностра фирманы американо попало[1], африкано попало, азияно попало... яки халықтар биледі ертең. Буано... яқшы ат керек.Вой... сиздиң шын ат қалай еді... Мирам! Оля-ля! Йо бен тапты! Ностра фирма “Марио-Мирам” болады! “Марио-Мирам” Йо - Марио, ту - Мирам! Фирма “Марио-Мирам!”

Дулатбек. “Марио-Мирам!” Құлаққа жат сияқты емес. Әсиятай, солай ғой, ә! “Марио-Мирам!” Мынау күйеуің қалай-қалай шарықтады! Менің атым дүниенің түкпір-түкпіріне тарайды енді! Әй, капитализм! Адамды құлдырататын да, адамды шырқататын да естен тандырар құдіретсің-ау!

Әсия. Желпінбе, Дүкем! Желпінбе! Сенің атыңды елің бұрыннан білетін!

Қонақ. Қалай... коме, синьор Дулатбек? Осыған вой... сиз консенсо ғой?

Дулатбек. Әлбетте, мен консенсо! Консенсо болғанда, қандай консенсо! Екі қолды бірдей көтеріп келісем! Құдай-ау, көктен тілегеңді жерден тауып жатсам, онда да ойымдағыдан он есе, он емес-ау жүз есе асып түсіп табылып жатса, мен консенсо болмағанда, кім консенсо болсын!

Әсия. Маған да сондай ұнайды осы ат, Дүкем. Рахмет, Сәлім бей!

Қонақ. Онда биз оны “Марио-Мирам” корпорейшн дейміз. Ал корпорейшннің уно... бир фирмасы “Марио-Мирам” женерал директоры синьор Дулатбек Аскербеков болады!

Дулатбек. Шын ба! Мен бе бас директор? *(Қонақ бас изейді).* Әзіліңіз емес пе? Айналайын бауырым-ай! Енді сенен артық бауыр бар ма менде! *(құшақтап сүйеді).* Түу, есім шығып кетті-ау! Ел естіп, жұрт сезбеген биікке... ғарышқа бір-ақ зымырадым ба?

Әсия. Құттықтаймын, Дүкем! Тек желпінбе!

Қонақ *(орнынан тұрып).* Кабинетто?!

[1] Попало - халық.

Дулатбек. Кабинет пе? Қап! Бізде екі-ақ бөлме ғой. Кабинет бұдан былай болмаса, әзірше жоқ.

Қонақ *(күледі).* Toeletto![1]

Дулатбек. Ә-ә-а! Қазір, қазір! Жүріңіз! *(Ертіп шығып кетіп, жалғыз келеді).* Әсиятай-ау, сен мынау женерал директорға қарасаңшы! Ұқсаймын ба?

Әсия. Ұқсайсың! Өзісің, Дүкем! Ұзағынан сүйіндірсін! *(Құшақтайды).*

Дулатбек. Саған да жұғыссын, Әсиятай! Ал, Әсияжан! Мынау қонғалы тұрған бақты үркітіп алмайық. Сен әлгіге аз-аздап илік. Әрине, тым онша түсіп кетпей... Сенің мынау от шашып, найзағай ататын көздеріңе түйрелсе, өзі де, әй, тірі қалмас.

Әсия. Беу, Дүкесі! Не деп кеттің?.. Шынымен қызғанбаймысың мені?

Дулатбек. Жо-оқ! Ойын керек... ойын! Арғы жүрек бергі қылықтың құрбаны бола қоймас. Сендегі жүрек - мәңгі өзімдікі, Әсиям! Тек сыңғыр күлкің, сиқыр қылығыңмен жеңіс, табыс, бақыт, байлық жағасына жақындат мені мен өзіңді!

Әсия. Әй, қайдам. Көзі ойнақшып, түгі түгел түрегеліп, тұп-тура артылайын деп тұр.

Дулатбек. Артылайын дей ме. Онда сенің емес, менің қабырғам сынар Әсия. Бірақ ойын керек. Керек-ақ.

Әсия. Сонда сиқырлан деймісің? Сиқырла деймісің?

Дулатбек. Ұзын арқан, кең тұсау сал. Алыстатпа да жақындатпа.

Әсия. Әй, қиын-ау ол. Мүлде жақындатпасам қайтеді?

Дулатбек. Ойбай! Онда жарылқаушымнан, жебеушімнен, Қыдыр пайғамбардан... Түу, пайғамбар не, түк емес. Құдіреттен айрылып қаламыз.

Әсия. Болды, Дүкем! Босқа желпілдей берме! Ыңғайына қарай көрермін.

Дулатбек. Көрермінің не, Әсия-ау! Онда айрылайық бәрінен. Сен - дүкеннен, мен фирма “Марио-Мирамның” женерал директорлығыннан... Ыңғай дейді

[1] Toeletto - туалет.

ғой. Ыңғайын өзің келтір. Жымиса - күл! Күлсе - сықылықта! Жылмаңдаса - қылмыңда! Қолыңнан ұстаса - мойнына орал! Қарыңнан сипаса - құшағына сүңгі! Әрине, бер жағыңмен... Қылығынмен ғана.

Әсия. Адам жүрегі айнитын нәрсені айттың, Дүкесі. Бұйдамнан жетелетіп жібермекпісің?

Дулатбек. Ойбай-ай, өлтірдің-ау! Бұдан былай еркіңе жармассам, жер басып жүрмейін! Бердім тәуелсіздігіңді, Әсиятай!

Әсия. Онда бастадым ойынды. Мықты ойынды!

Дулатбек. Лаппай, Әсиекесі! *(өзіне).* Ал мен сені сынадым. *(Қонақ кіреді. Әсия магнитофонды басып қап, шабытты бүркіттей қарсы ұмтылады).*

Әсия. Қай-ны-е-ем! Бір секундтің бір жылға бергісіз құнын сездім-ау! Өзіңді көрмесем, тұра алмастай күй кештім тап қазір. Билейікші, Сәлім бей! *(Екеуі билеп кетеді. Бірде бауырына жабыса кіріп, бірде ақ балтырын жарқ еткізе қонақтың күшті қолдарына сүйене оң аяқты көтере шалқалап, Әсия әбден құтырына құйқылжып жүр. Сыңғыр күлкі мен сыбыр-күбір араласып, жігітті есінен тандырар халге жақындатқан. Дулатбек отырған орнында қозғалақтай бастайды).*

Дулатбек. Апырмай! Мынау өзімнің Әсиям ба, басқа ма? Тура ұятбасар бүркіттей байғұсты шеңгеліне бүріп кеп алды! “Қорқыт-қорқыт!” дегенде осылай қорқыт деп педім дегендей, айтқанымнан да асып түсті-ау! *(басын шайқай күрсініп).* Ә-ә... сынамақ болдың ғой. Әлде қызғанам ба?.. Сұмдық қызғанам-ау! Қайтейін, студентка Әсиямен ойнап қойғанымды сылтауратып қызметімнен қысқартқанда да мойымап едім. Содан бергі менің бар асылым, бар қуанышым, бар дәрменім - Әсиям ғана еді ғой! Сол асылыма ертеңгі бақ пен тақты сатып алмақпын ба? Жо-оқ! Ол болмас! *(Орнынан атып тұрады. Билеген екеуге жақындап, алақанын сарт еткізеді).* Әсиюшка! Енді менімен! Менімен биле! *(Жармасады).* Тоқтаңдар! Хватит! Бұ не қиқаң-сиқаң! Бұ не қылған арбан-сарбаң!

Қонақ, Оля-ля! Ле кооперазионе! Со-трудничество! Амиго Мирам! Баған сиз кәзір о гранде, бене ұнайды! Нағыз Марито... қалай еді? Ә-ә делобой! Бен сизди

вице-президент корпорейшн жасайды! Вице-президент!

Дулатбек *(Сылқ босап).* Вице-президент?! Мен вице-президент не?!

Қонақ. Си, си! Мирам бей! Сиз вице-президент!

Дулатбек. Рахмет, Сато сан мырза! О-о, сіздер ғажап билейсіздер! Ғажап! Әсиятай, сен болдырып қалдың ба? Қыздыр! Жандырт! Желдірт! Дүрілдет! Қайыңның қан сорпасын шығар! Ал, мен... *(өзіне, оңаша шығып).* Вице-президент корпорейшн етем деді ме? Әй, қызғаншақ басым, бүлдіріп ала жаздадым-ау. Бүлінгенде не тұр. Әйел мен еркек билемеуші ме еді... Аяқ астынан Әсияма күдіктенгенім қалай. Ұрғашы шіркіндер ұрлық іс етем десе, ымы-жымын білдірер ме? Қайдан білдірсін. Апыр-топыр тындыра салады. Жо-жоқ! Әсиям - нағыз періште. Әлгінде сынау үшін ғана қонақтың көңілін тап дедім. Шыдап көремін. Әй, билері сойқан-ау бәрібір. *(Өзі де орнында опыр-топыр билеп қап, тоқтайды).* Әй, болашақ вице-президент корпорейшн, бір тартып, бір ташлап жібер. Оңашаны пайдаланып. Әсия көре қоймас. *(Арақтан орта стакан құйып алып,басына бір-ақ көтереді).* Түу, от па, өрт пе, у ма! Өңешімнен асқазаныма дейін қанжардай бір-ақ осып өтті-ау! Жә, игілігім үшін бәрі. Бір күнгі көрген қорлық, бір күнгі денсаулыққа жасаған зорлық ұмытылар әлі-ақ. Сонау төбесі қылтиып келе жатқан таққа бір қонжиып алып, біраз қонжияйын... Содан кейін... Ә, капитализм! Талайғы кекті еселеп қайтарып, талайғы өшті өндіртіп алармын! Ректорды проректорымен қосақтап, замминистрімен шырмап тастап, саптыаяқтан сарқынды ішкізгендей етсем... Жоқ! Кең болсаң - кем болмайсың, Дүке! Кекшіл болдым дегенше - тексіз болдым де... *(Бұл кезде әйел мен еркектің, еркек пен әйелдің бірін-бірі қуу, бірін-бірі ұстау, тартылу, тістеу тәрізді бей-берекет билері қызу жүріп жатады).*

Әсия. Әй, қайным! Қолың тым жүрдек екен! Шапалағым жағыңа шарт етіп жүрмесін!

Қонақ. Асиябанушка! Ту - соле! Солонтсе! Кун! Пиатто! Татти! Ту - ыстық! Ту - татти! Асиябанушка, бен саған ле аморе!

Дулатбек. Аморе... Амур дегені ғой... Е-е, сығыр! Әукесі салбырай бастаған екен. Әсиям да қалжырапты. Тоқтатайын. *(дауыстап).* Сәлім бей! Әсиятай! Келіңдер! Сәл дем алыңдар... Мен... мен вице-президент корпорейшн шақырам дастарқанға. Жуамыз! *(Екеу келеді).*

Қонақ. Жуамыз!.. Оля-ля! Бенone[1]. Молто бене! Қазақша бек яқши!

Әсия. Ой-әй, Дүкесі! Байқасаңшы! Режимді бұзып алсаң, шыдамды едің ғой, Дүкем!

Дулатбек. Күйсін-жансын, Әсиятай! Қашанғы шыдармын! Айды аспанға, әйтеуір, бір шығару керек қой. Кел, Санти бауырым! Екеуміздің ықыласымыз түскен жұмысты да, ындынымыз ауған ұрғашыны да ортақ қылмақ ойың бар екен. Жарлының ары асқақ деп мен үшін, әлдінің сесі асқақ деп сен үшін тартып жіберелік!

Қонақ. О-о, бен үшін! Сиз ишеди, иа?! Реалито? Онда... онда бен сизге, маркази Мирам аға, Лазуный беректен вилла береді. Гранде вилла!

Дулатбек. Лазурный берегтен бе?!

Қонақ. Си, си... иа! Тағы сизге *(сұқ саусағын шошайтып),* уна яхта! Әппақ яхта!

Дулатбек *(атып тұрып).* Стоп! Тоқта! Сәлім бей! Мен... мен сұраймын одан. Әйтпесе жынданып кетермін. *(Қолын аспанға жая, тізе бүгіп).* Әу, Аллатағалам! Айтшы! Ашылшы! Соншама жыл қаңсытып, соншама жыл қуратып келіп, бір ғана сәтте бар жақсылықты басыма үйіп-төккенің қалай? Әлде пендеңді өстіп те жазалайын деп пе едің? Бергеніңді көтере алмай мынау шынжау жүрек қақ айрылып кетсе қайтесің, Жасаған хақ? Сахараның шөліндей тамшысыз, Аралдың сорындай нәрсіз жұмыссыздық илеген сүлдерім осынау тасқын сел байлық пен нөпір сел лауазымнан еңсесін тіктей алмай, аяқ астынан сылқ ете қаларын ескердің бе? Үндемейсің! Әрине, пендең саған ойыншық қана! Ойыншық! Жарайды. Тәңірім бермеген жауапты онда адамнан алайын! *(тұрып кеп пышақты алады).* Әу**,** Марио мырза!

[1] Бенone -өте жақсы.

Ұстаңыз! Осы пышақты поре еткізіп қарнына сұғып ап, мені өлтіре салыңыз.Бөгелмеңіз! Көшкін қардай жөңкіліп жеткен мынадай ғаламат сый-сияпат-тарыңызбен қашанғы азаптай бересіз?.. Жо-жоқ! Қаным шапшып, жүрегім шаншып, жүйкем жүн-жүн боп барады! Көтере алмаймын! Алмаймын *(Тәлтіректеп қарнын жалаңаштамақ болады. Әсия келіп құшақтайды).*

Әсия. Дүкесі! Дулатбек! Бала болдың ба? Жи есіңді!

Қонақ. Синьор Мирам! Сизге бен оларды презент етеді. Сатпайды... Сиз қорықпа! Гратис... тегін! Ноно денаро! Тенге керек жоқ... Сиз неге тетро... ашулы, а?.. Сизге вилла керек мес?

Дулатбек *(есін жиып).* Әу, Әсия! Сенбісің! Мен нетіп... Сәлім бей, презент деймісіз?.. Ә-ә, керек! Керек болғанда қандай! “Байғұстың етегіне бидай салсаң... бірдемесінің кесірінен төгіп алады” дегенді, әй, атам қазақтауып айтқан-ау... “Басқа пәле тілден”... Керек, Сато сан інішегім! Ақ көбігі бұрқыраған көк теңіздің жағасында көкелері қолдан жасаған бизнесмендердей майда құмға бөксесін төсеп жатуды профессор неге армандамасын!.. Сол арманның тез орындалуы үшін мына улы суды өңештен бір сырғытып жіберелік. *(Үшеуі қағысады, ішеді).*

Әсия. Әу, Дүкем! Сен байқасаңшы! Болмайды ғой саған! Тамақ алсаңшы!

(Есік қоңырауы шылдырлайды).

Әсия. Мен ашам ғой, Дүке! Өзің мына тауықты жеші!*(шығып кетіп, пәтер иелері кооперативтің дікілдек басшысын ертіп келеді).* Жоғары шығыңыз!

Дікілдек адам. Сіз өйтіп алдай алмайсыз мені! Квартираны, светты төлемегенсіздер. Тұп-тура екі ай!

Дулатбек. Ә-ә, келіңіз, төрлетіңіз!

Дікілдек. Әскербеков сіз екенсіз ғой. Қаншама уәде етіп едіңіз. Әлі төлемепсіз. Еще банкет жасайсыздар. Қарызды өтемейсіңдер. Қазір барып светтеріңді қидырам! Вот так!

Әсия. Тамақ ауыз тиіңіз... қазақсыз ғой..

Дікілдек. “Қазақ! Қазақ!” Түбімізге осы жетеді. Алдап соғасыңдар өстіп.

Дулатбек. Әу, жігітім! Сәл ентік басыңыз. Үйде қонақ отыр.

Дікілдек. Маған ол қонақ емес! *(кете береді).* Қайта қонақ отырғанда қиғызсам, екіншіде өйтпейсіңдер.

Дулатбек. Әу, тоқтағын! Ертең мен саған бәрін жасаймын. *(Екеуі шығып кетеді).*

Қонақ. Ол парке тетра? Неге ашулы? Неге келди? Неге кетти?

Әсия. Әй, жай... Көрші ғой...

Қонақ. О-о! Асиябанушка сен сұлу рагазца... қыз. *(құшақтамақ болады).* Дабай билейік.

Әсия *(қолын иығынан алып тастап).* Сәлім бей, айтып қояйын, қолыңызды тым сумаңдата бермеңіз. Қол менде де бар.

Қонақ. Ә-ә... А-а! Тусенди мен. О-о, советико можлие... совет хатунлар эпика... ә, этика сақтайды. Нон перне! Нон секс!

Әсия. Иә! Тазалық, адалдық-тек советтік тірлікте ғана емес, мәңгілік адамдық қасиетте. Ала жіпті аттау - қазіргі күннің зорлап енгізген арамдығы! Жаман әдеті!

Қонақ. Оля-ля! Лекция! Нон лекция! Асиябанушка, сен баған бене ұнайды. Бен саға ле аморе. Жүр анда. Летто... кереуетке, Асиябанушка!

Әсия. Қайда? *(өзіне).* Әй, не мынаның есі дұрыс емес, не ол мені есі дұрыс емеске санайды. Жә, көрейін әуселесін! *(екеуі билей жөнеліп, көрші бөлмеге кетеді. Дулатбек кіреді).*

Дулатбек. Жоқ қой екеуі! *(тыңдайды).* Анау бөлмеде билеп жүр ғой... *(Бұл кезде екінші бөлмеде билеп жүрген екеу залға көрініп тұрады. Қонақтың зуылдақ қолын итеріп тастап, Әсия әзірше сыр бермей жүр. Қонақ: "Асиябанушка! Рагазца... қыз. Сен татти! Ту - соле!" деп білектен тартады. Әсия: "Ой! Қайным! Тартпаңыз! Үзілді!" Сағаты түсіп кетеді. Еңкейіп қонақ алмақ болады. Әсия: "Өзім!" Қонақ белінен ұстап: "О-о, миа аморе! Миа Асиябанушка! Ту татти!" Әсия: "Жібер!" Осы сөздерді екінші бөлмеде отырып естіген Дулатбек бір тұрады, бір отырады. Қораптан темекіні алады. Тұтатады. Сорады. Түтінге шашалады. Қиқылдап*

жөтеледі. Өшіреді. Қайта тұрады. Ерсілі-қарсылы жүреді. Тоқтайды. Адымдайды).

Дулатбек. Әй, мыналар қайтеді? Сықырлаған еден бе, кереует пе? Oh, Әсиям! Сен де өзгергенсің, ә! "Өзім!" дейсің. Сонда қалай өзі шешіне ме? "Үзілді!" Несі үзілді? Жо-оқ! Лазурный берегі де, корпорейшні де құрысын! Құрысын! Жоғалсын презент-срезенті! Анау селкілдеген қимыл тегін емес. Менің кеудемде селкілдейді! Шыдай алмаймын. *(Есікке жеткенде Әсияға жабыса, алқымға тұмсығын көме берген қонақты Әсия қолын бұрап жіберіп бүк түсіріп, жағына сарт еткізеді).*

Әсия. Менің де қолым бар деп едім ғой, Сәлім бей! Қатты тисе, кешіріңіз... *(Дулатбек кейін ытқып түк көрмегендей айқай салады).*

Дулатбек. Әсиятай! Сәлім мырза! Қайдасыңдар? Мен келдім. Дастарханға келіңдер!

Әсия *(екеуі шығып).* Әлгің келісті ме? Қимай ма?

Дулатбек. Әрең көнгендей болды. Әй, капитализм! Қаталсың-ау! Қатыгезсің-ау!

Әсия. Суып қапты. Жылытып әкелейін. *(Ас үйге кетеді).*

Қонақ. Сиз, Мирам бей, перке... неге "ой капитализмус! Ай, капитализмус!" айтады? Сизге коме... қалай капитализмус ұнамайды ма?

Дулатбек. Осы капитализм немең, Сато сан шырақ, кейде ұнайды, кейде ұнамайды.

Қонақ. Хуандо... қашан ұнайды?

Дулатбек. Сіз маған кооперационе дедіңіз. Ұнайды. Вице-президент корпорейшн дедіңіз. Өте ұнайды. Ал, енді... біздің жанымыздан да жақсы көретін нәрселерге басқаның барбиған жүнді қолы жармасқанда... ұнамайды, әрине. Бек ұнамайды! Гранде ұнамайды.

Қонақ. Но! Но, синьор Дулатбек! Капитализмус - коммерсио... Ту... сен алдың... онда бер оған компенсацион! Леже... закон капитализмус солай!

Дулатбек. Білем. Бәрін білем! Бақандай профессормын! Капитализм жер бетіндегі барлық елді қан шеңгеліне бүріп алмақ үшін жанталасуда... Олардың тірегі - мондиалистер! Мон-ди-а-лис-тер! Олар Шығысты Батыстың табанына біржола таптатпақ.

Мондиализмнің геосаяси орталығы - Америка Құрама Штаттары!

Қонақ. О-о! Миа Америка!

Дулатбек. Мондиалистердің оң қанаты үшін, яғни “Қырғилар” үшін Шығыс дейтін ұғым - бүкіл тұтас Еуроазия құрылығы, сонсоң толайым солтүстік Африка!

Қонақ. Но лексия! Бен - студент мес!

Дулатбек. Емессің! Бірақ ақиқатты естігілерің келмейді. Ал, мен айтам. Америка қырғилары, мен емес, олар өздерін солай атаған - Шығысқа тікелей саяси, экономикалық һәм әскери қысым жасау тактикасын қолдануда. *(Тамақ әкеліп, Әсия кіреді).* Соның нәтижесінде жер бетінде бір ғана... жалғыз ғана планетарлық Америка мемлекетін құрмақ. Oh,. қандай өзімшіл арамзалық!

Әсия, Оу, Дүкесі! Сен тереңдеп барасың ғой. Қажеті қанша?

Дулатбек. О-о, қажеті көп оның, Әсиятай! Шығыс халықтарының, яғни бұрынғы СССР-дың, Еуропадағы бұрынғы социалистік елдердің, Ауғанстан, Ирак, Иранның мемлекеттігі мен егемендігін жойып, олардың орнына өздерінің айтқанына көніп, айдауына жүріп бас шұлғуға ғана жарайтын дәрменсіз куыршақ республикаларды құжыната қаптатып жібермек. Әне қайда Американың жауыздығы! Әне қайда бүкіл кішкене жұмыр Жерді жалғыз билеймін дейтін қырғи мондиалистер - Макнамара, Киркпатрик, президент Буштардың озбырлығы!

Қонақ. О-о! Ностра Америка!

Әсия. Дүкесі-ау, қойсаңшы кейде адамның діңкесін құртатын нәрселерді езіп кететінің бар-ау! Тамақ суып барады.

Дулатбек. Оу, Әсиятай-ау! Неге қоям? “Бейбіт қатар өмір сүруге” тиіс екі жүйенің социалистік лагері қайда құрыды? Қалай өшті? Өшірген солар! Капиталистік лагерь!

Қонақ. Оля-ля, синьор Мирам! Клинтон Буш мес! Си? Иа? Ол... лю агрессия жасамайды, иа?

Дулатбек. Иә, Клинтон Буш емес. Бірақ ол мондиализмнің қырғиы да емес, “Көгершін” деп

аталатын сол жақ бәсең қанаты! Бұлар, “көгершіндер” - “гуманизм!”, “прогресс”, “антифашизм”, “материализм”, “атеизм” дейтін ұрандармен коммунистік теорияны жақтаған болып, социалистік лагерді перестройкадан... қайта құрудан оп-оңай тегіс өткізіп алды. Қалай өткізді? Быт-шыт қылды! Әй, қандай зәлім! Қандай зымиян! Ұрандарын көрдіңдер ме? Гуманизм, прогресс, антифашизм! Ішіңе дәл бүйтіп шайтан да кіре алмас! Ал, Бжезинский, Киссинджер, арам, айлакер, доссымақ Арманд Хаммер көгершін боп күркілдеп жүріп, ұлы державамыздың күлін көкке ұшырды! *(рюмкесіне арақ құйып алып, қағып жібереді).* Не у емес, не су емес!

Әсия *(тарелкаға тамақ салып).* Мә, ыстықтай жеші!

Дулатбек. Әсиятай! Осы сен екеуміздің билемегенімізге біраз боптыау. Жаңғыртсақ қайтеді, ә? -

Әсия. Билейміз, Дүкем. Қазір тамақ суып кетеді. Қонағыңа алғызсаңшы.

Дулатбек. Ә, иә. Марио синьор. Мынау мәнті деген тағам. Өте дәмді. Әрине, Әсияның дайындағанына жетпейді. *(пауза).* Жарайды, Әсиюшка! Бұлар біздің арбаң-сарбаң биімізді түсінбес те...Біз өзі, даламыздың Сәлім бей, кеңдігіне орай асықпайтын баяу, сабырлы қимылды жаратамыз. Кейде сонымыздан ұтылып та жатамыз.

Қонақ. О-о, сиз бене көп сөйлейди! Бене яқши лексия айтасыз.

Дулатбек. Профессор лекция оқымағанда, шошқа тағалай ма?

Қонақ. О, профессоре! Бен сизди Гарвард... тағы Вашингтон, Нью-Иорк университтеріне профессоро жасайды! *(рюмкелерге өзі арақ құяды).*

Дулатбек. Гарвард университетіне профессор етсең... кей академик президентшаларды қуып жетемау... Құйшы онда!

Әсия. Құй деймісің, Дүкесі? Денсаулығыңа қыпқызыл зиян ғой.

Қонақ. Перфаворе... пожалста... а-а, мархабат, синьор Мирам уә Дулатбек бей... алла салюте!.. Сизиң денсаулыққа! *(үшеуі ішеді).*

Дулатбек. Мынаған су қосқан ба? Тіпті дәмін сезбей

отырмын... Әй, капитализм! Арағы да - су. Кейде сен алдауышсың-ау! Айлакерсің-ау!..Сато сан інім! Әлгі атағандарыңды түгел әперсең, одан да қашпаспын. Бірақ- кеш бойы бергендеріңді де бойыма сіңіре алсам... Онда мен кішкене божок болам! Сен үлкен Тәңір! Тенгри! Құдіретсің! *(жарық өшеді).* Әй, анау ақыры қиды-ау! Неткен алаяқ! Міне, мақтаған капитализмнің сиқы!

Әсия. Қойшы, Дүкесі! Босқа қажыма. Мен барып айтып көрейін. Қонағыңмен сөйлесіп отыра тұр. *(Кетеді).*

Қонақ. Дулатбек бей! Перке электро жоқ?

Дулатбек. Қиды! Желкесін үзді капитализм!

Қонақ. Перке?.. Коме?

Дулатбек. Әй, перкең де, комең де!.. Ә, кешіргін, Сәлім бей. Ақша... Теңге.

Қонақ. Денаро?..

Дулатбек. Иә! Нон денаро! И қиды!

Қонақ. Бен... йо береди! Міне, доллар? Хуанто? Қанша?

Дулатбек. Қанша... қанша? Мен білмеймін. Әсия біледі.

Қонақ. О-о, Асия! Бен қазир доллар Асия береди! *(кетеді).*

Дулатбек. Не деп кетті?*(орнынан атып тұрып есікке барып тоқтап кері оралады).* Әсияма доллар берем деді ме? Электрге берем деді ме? *(рюмкаға арақ құйып, аузына апарады да қайта орнына қояды).*

Ах капитализм күшік! Сен мені қайтадан маскүнемге айналдырмақсың ғой... Бәрібір жеңе бастады... Ал мен әліптің артын бағайын. *(Өтірік қор ете калады. Әсия, қонақ кіреді).*

Қонақ. Оля-ля! Дормире!.. Ұқтайд ол! Биз Мирамды летто... кробат жатқызады, Асиябанушка!

Әсия. Жоқ! Қозғама! *(дауыстап).* Әу, Дүкем! Дүкесі деймін! Естімейді. Шаруасы әбден бітіпті...

Қонақ. Кробатқа... летто апарамыз?..

Әсия. Жоқ! Қозғасақ оянып кетеді. Сәл дем алсын. Тынықсын! Татпай жүр еді арақты... Режимді бұзды...

Қонақ. Асиябанушка! Ох ту - татти! Ту - ыстық! Ту - соле! Асиябанушка! Оля-ля! Барамыз! *(Әсияны тік көтеріп, есікке, дәлізге беттейді, Әсия аяқтарын тыпырлатады).*

Әсия. Қайда? Қайда апарасың? Леттоға ма?

Қонақ. Но, Асиябанушка! Бен ваннада яқшы! Бене күшті! О-о-о! *(Екеуі кетеді. Өтірік ұйықтаған Дулатбек басын көтереді).*

Дулатбек. Әй, әйелдің мекерлігі! Зинақорлығы! Леттоға апар деді-ау... Летто да мұрттыға жабыспақ-ау! Летто - кереует - жанына жайлы жайлауы біздің бикенің! Ал, ваннада... Құрысын бәрі! Қоғамдағы бүкіл іріген-шіріген әдет пен құлықты сасық апанның түбінен өршіген лайдай мүңкітесің сен, капитализм! Сатасың! Сатып аласың сен, капитализм! Нәріңді түгел сарқасың! Тамшы қалдырмай сарқисың! Арыңды аяқ астындағы табан сүрткіш сауыс-сауыс төсенішке айналдырасың!

Ай, капитализм! Сұрқия формациясың-ау сен! Адамзаттың әлеуметтік қоғамында ілгері формациядан кейінгісіне сырғу - құлдыраудың басы. Социализмнен капитализмге көткеншектеп шегінгенде ұтқанымыз не? Жаппай қайыршылық! АҚШ... Америка жалғыз құдіретті державаға айналды. Көріңде өкіргір Горбачев! Сенің! Сенің кесіріңнен бұрынғы екінші ұлы держава бүгін Американың қолындағы мисыз, ессіз дөрекі аспап қана! Тәуелсіз егемен ел аталған ұсақ, майда мемлекеттер басшылығында атлантистер - мондиалистердің қонжитқан демократсымақтары - Горбачев, Ельцин, Кучма, Гавел және басқалар отыр. Оларға қазақ деген халық керек емес. Оларға, мондиалистерге сол қазақтың профессоры Дулатбектің күйіп-жанғаны бұйым да емес. Ал, қазақ... “Ақтабан шұбырындыда” тауарихтан өшпеген қазақ, хан Кененің ұлтын азаттыққа көтерген кезде патша карательдерінің қылышынан таусылмаған қазақ, он алтыншы жылдың дүрбелеңінде жырымдалған қазақ, он сегіз бен жиырмасыншы жылдың арасында ақ пен қызылдың алма-кезек қырғынына ұшыраған қазақ, жиырмасыншы, отызыншы жылдардың аштығында селдіреген қазақ, жиырма бірінші ғасырға сүлдеріңді сүйретіп тірі жетесің бе? Әй, жетпессің! Аузыңда тілің, алдыңда малың, қолыңда кетпен күрегің, кеудеңде

арың мен жалының қалмаса, өлмеген, тауарихтан өшпеген нең қалды? Нең қалды, қазақ? “Ақтабан шұбырынды” да түк қылған жоқ. Шеттен тиген қалмақтан даласының ортасына қашып тығылыл, жан сауғалаған қазақ. Отыз екінші жыл да қазақты опырған жоқ-ты. Ал бүгін тулақтай даланың тұтас қазағы тегіс әл үстінде... Әл үстінде тұяқ серпуге таяу. Өзі тырбаңбаса, байлығы мен жеріне қызыққан өзгелер оған өмірем қап дейді. Өзіңе сиын... өзіңе ғана сен, қазақ! *(жылайды. Алдындағы рюмканы көтеріп, қағып салады).* Капитализмді құрту керек. Асу керек дарға зорлықшыл ақшаны, капиталды! Осылар, капиталистер бәріне кінәлі! Бәріне! Даламда не жоқ еді? Мыңғырған мал болатын. Жайқалған егін болатын! Асты-үсті толы қазына байлық болатын. Қаламда не жоқ еді. Зауыты көп еді, фабригі мол еді! Бүгін далада аштық пен жалаңаштық, қайыршылық пен түңілу ғана бар. Қалада ұрлық пен қарлық, жұмыссыздық, мүсәпірлік пен кісәпірлік қана бар... Қазақ-арымен һәм әнімен бай еді. Қазақ - жанымен әрі қанымен бай еді. Арынан айрылған, әнін жоғалтқан, жанын жаралатқан, қанын ұмытқан қазақ қалталы, қарақшы, қасапшы келімсектердің аузына бұралап тығып, көмейлеп асайтын май бидайы ғана... Май шелпегі!

Қайда әлгі екеуі? Әрине, Әсиям шөп салмайды көзіме. Бірақ қоңқақ мұрынның қойны-қонышы толған доллар... Ал, мен!.. Үндемес қазақ! Қорқақ, шорқақ, профессор!.. Иә, профессор болғам! Алдымда аудиториям болатын! Ханға сәлем бермеуші ем-ау! Сыйлайтын мені ғылыми орта! Санасатын менімен зиялы қауым! Енді кіммін? Құлмын, ойбай! Қоңқақ мұрын Американың итальянының қолынан жем аңдыған ертеңгі құлымын! Арымды таптамақ болса да, аруымды таптамақ болса да мыңқ демеймін! Езді! Езгіле мені! *(Тағы да ішіп жіберіп... алақ-жұлақ етіп біраз кезіп жүреді де, гимнді бастап... әуенін ыңылдап айта түседі де қолын бір сілтеп диванға сылқ құлайды. Енді ол шын ұйқыға... мас ұйқыға шомған. Сәлден соң сырттан Әсия мен қонақ кіреді).*

Әсия. Ой, Дүкем-ай! Алты айдан бері татып алмай жүр едің... Не істегенің енді?! *(Басына жастық салады).*

Қонақ *(артынан жармасып).* Асиябанушка! Бен милле шөлдеди. Асияханума! Ах, қандай сен татти!

Әсия. Тартыңыз қолыңызды!

Қонақ Ә-ә!.. Иә!.. *(шегінеді).* Асия! Қандай ту... сен асау! Ах, қандай сен донна! Бұнда... куоре... жүректе өрт бар! Гранде өрт!

Әсия. Әлгінде светті жағам деп еді... Әлі жақпады.

Қонақ. Ту... сен перке доллар бермеди, а? Міне, доллар!

Әсия. Сәлім мырза! Сіз долларыңызды қыдыңдата бермеңіз. Мен сізден ақша сұрағам жоқ.

Қонақ. Си, си, Асиябанушка! Саға тетро... ашу ярамайды. *(құшақтап желкесінен сүйеді).* О-о! Асиябанушка!

Әсия. Жіберіңіз! Ұятыңыз қайда синьор Марио.

Қонақ. Оля-ля! Ұят! Нон ұят! Бен саға ле аморе! Барамыз анда! Летто! Кереует!

Әсия. Кереует керек ә, саған! Летто ма? Леттода етпеттемексің ғой! Ол болмас! *(жұлқынып, прием жасап, алып ұрып, жұдырықты бетке сарт еткізеді).* Міне саған летто!

Қонақ. Oh, Көз! *(свет жарқ етеді).* Миа... бенин көз жоқ. Электро жанды. Бен көз сонди!..

Әсия *(шошынып).* Сөнгені қалай? Көзіңіз бе? Қап! Байқамай... Өзіңіз ғой... ту сыртымнан артылған соң... Қане! Алыңызшы қолыңызды! Ашыңызшы көзіңізді! Ой! Көгеріп кетіпті... Кешіріңіз Сато сан қайным!

Қонақ. Бен... йо кетеді!

Әсия. Қайда? Неге? Ренжідіңіз бе? Мә! Мына бақырды көзіңізге басыңыз.

Қонақ. Иә! Ренжиди! Кетем! Отель!

Әсия. Отельге ме?

Қонақ. Иа! “Рахат-Палаццо!”

Әсия. Дулатбек ше? Уәдеңіз ше? Эс-пе ше? Сонда бәрі біткені ме?

Қонақ. Сен барады “Рахат-Палаццо”. Бен барады “Рахат-Палаццо”. Екеуміз. И эспе болады. Корпорейшн болады.

Әсия. Жоқ! Сато сан, шырақ! Болмайды “Рахатың”. Дулатбекті тастап, мен ешқайда бармаймын.

Қонақ. Онда дабай билейди биз!

Әсия. Мұныңа келісуге болады. Әйтеуір, кетем-сетеміңді айтпа, қайным.

Қонақ. О, нормале миа вита[1]. Ту - мадонна! Мона Лиза! Джоконда! Но-но! Сен бәрінен сұлу, миа Асиябанушка! *(пистолет жарығында екеудің алқып-жұлқын биі басталады. Еміренген, алқынған дауыстар радио арқылы бөлмені кернеп кетеді. “Миа рагазца! Белладонна!”, “Oh, Сәлім бей, тым қыспаңыз! Қабырғамды күйретіп жіберерсіз! Көгерген көзіңіз шоқ шашады!”, “Уна салюта!., сен суй! Бұнда суй!” “Жоқ! Бұныңыз әрі ерсі! Әрі артық.Менің жұбайым әне, жатыр ғой”. “Нон! Дуе салюте! Суй! Тре! Куатро[2] салюте! “Ой, жақындатпа аузыңды! Екінші көзіңді қызартармын!” “Оля-ля! Ту - татти! Ту - ыстық!” деген дауыстар бірде қатты, бірде баяу естіліп, сол мезеттің әсерін күшейтіп жіберген. Осы кезде кенет радио самбырлайды. Апыр-топыр Дулатбек басын көтереді.*

Радио. Госкомитет по статистике и анализу республики заявляет, что 60 процентов казахстанцев живут за чертой бедности. Вчера наше правительство поздравило братский кувейтский народ и пожелал ему благополучия и процветания. *(Дулатбек радианы қойып қалады. Сілкінеді. Жан-жағына қарайды. Содан кейін билеп жүрген екеуге ұзақ қарап қалады).*

Дулатбек. Мен қайда келгем?! Мынау шуылдақ музыка ми шаға ма?.. Басымның ішіне қорғасын толтырып қойған ба? Қалай құйды екен? *(Сілкінеді).* Ап-ауыр! Қозғалтпайды!.. *(Жан-жағына қарайды).* Радио? Біздің сайрауық радио. Осы оятты мені. Пәтер менікі тәрізді. Оу, өз үйімде емеспін бе? Диван... *(Диванның арқалығын жалмажан сипалайды).* Ойбай! Біздің диван! Мына жерін былтыр Тойшығара темекісінің тұқылымен күйдіріп алған... *(Бұрылып билеп жүрген екеуге тесіле қарап қалады).* Әй, анау әйел Әсияға ұқсай ма?.. Қасындағы жүндес қара бұқасы кім? Әлде Әсия емес пе?.. Иә, анау анық Әсия! Сол! Өзі! Менің құлағыма қорғасын құйып, басымды ап-ауыр... ап-ауыр етіп тастаған ба сонда менің Әсиям? Шынымен анаусы тамыры ма? Мен... мен көрсетейін сендерге адамды әжуалауды! *(Орнынан тәлтіректеп тұрып, шатқаяқтап барып, қонақтың жағасына жармасады).* Тап әкеңнің аузын ұрайын! Сен кімді басынасың? Қоңқақ мұрныңды жұлып алып, әлдебір тесігіңе тығып жіберейін бе осы?!

Әсия. Пәле, Дүкесі! Сен тұрып кетіпсің ғой! Жібер! Ұят болады!

Дулатбек *(Әйелді жайлап итереді).* Әсиятай, сен әрі тұр! Әй, төбет! Сен кімсің? Кімсің деймін мен саған! Үндемейсің! Мә, ендеше! *(Тұмсықтан бір переді. Қонақтың мұрнынан қан саулайды. Әсия Дулатбекті кейін тартады да, диванға отырғызады).*

Әсия. Беу, Дулатбек-ай! Бүлдірдің-ау қарап тұрмай. Қап!

Ой, қан! Жүр! Ваннаға! *(Ертіп әкетеді).*

Дулатбек. Әй, Әсия қайтеді? Ұрлығының дәл үстінен түскеніме пысқырар емес! Әлгісі кімі екен? Әй, ақымақ басым! Кім-сім деп тұрғанша, қарнына қорс еткізіп пышақ сұғып алмағаным не?.. Бүлдірдің дейді. Нені бүлдірдім? Жуаси қарап, түк жасай алмай жүнжіп, отырғаным мынау... Әй, әлі де кеш емес. Ез тірлікті тәрк қыл, Дулатбек! Бір-ақ ос талмойыннан! *(Орнынан тұра бергенде, Әсия кіреді).*

Әсия. Әй, Дүке! Дүкем! Не істегеніңді білемісің? Айрылдық қой бәрінен.

Дулатбек. Немене Дүке-сүке! Кім әлгің? Айт тез! Кімді тәлкек етпексің?

Әсия. Ойбай-ау, Дүке! Өз қонағыңды өзің танымай қалдың ғой.

Дулатбек. Қонақ?! Қандай қонақ?! Сен бе шақырған?

Әсия. Мені емес, Дүке, сені іздеп келген қонақ ол!

Дулатбек. Мені ме? Қашан?

Әсия. Досың Мәкеңнің жіберген Американдық бизнесмені!

Дулатбек. Мәкеңің кім, әй, тағы? Сенің Мәкең-Сәкеңдеріңнің қайсібірін танушы ем.

Әсия. Ақыры күдігіңді айтып тындың, Дүке. Маған сенбейді екенсің. Мәкең - министр досың Мәмбет

[1] Вита - өмір (итальянша).

[2] Дуе - екі, тре - үш, куатро - төрт.

Бекетаевич! Сол сені әлгі қонаққа теліп, екеуіңе эспе ашқызбақ! Эспе!

Дулатбек. Ә, Мәмбет пе... Мәмбет эспэ аш дей ме? Эс-пэ!?. Эспэ!? Бұнысы не тағы?! Эспең не, ей, Әсиятай-ау. Айтып өлтірсеңші!

Әсия. Совместное предприятие ол! Пайдасы шаш етектен дейді.

Дулатбек. Эспе?!. Е-е... *(сопаң етіп).* Ә-ә! Корпорационе! Сотрудничество?.. Оо-о! Ә-ә! Фирма! Қоңқақ мұрын! Сато сан?!

Әсия. "Марио-Мирам" корпорейшн!..

Дулатбек. Вице-президент корпорейшн! Ол - итальяно? Иә?

Әсия. Яхта! Вилла! Донна! Негозия! Вице-президент!

Дулатбек. Құрыдым, Әсиятай! Қолым қатты тиді ме?

Әсия. Сұмдық қызғаншақ екенсің, Дүкесі. Ұят болды.

Дулатбек. Қап! Осындайда қара басады ылғи!..

Әсия. Жылдам ашу жұдырықты жүгіртпей қояр ма...

Дулатбек. Енді не істеймін, Әсиятай! Бәрі арақ сідіктің кесірі! Бұл шайтанның сілекейін қалай ұрттап қойғанымды!.. Әй, қу қырсық-ай! Қыдыр әреңдеп бір оралғанда, қырсықтың мың шалуын қарашы! Әсиятай, мен... сен... ә-ә, Әсиятай! *(Қонақ кіреді).* Ой, Сәлім бей, бауырым, інішегім! *(Тізерлеп алдына отыра кетеді).* Кешір мені! Жаман ағаңды айыбынан ақтап ал! Қу арақтың... мастықпен... өзіңді танымай қаппын!.. *(Қонақтың жалаңаш тізесінен, балтырынан сүйеді).* Біз өзі... қазақ деген халық қонағын құдайдай силайтын миллатпыз!.. Мені қара басты! Әсиятай, сен де аяғына жығыл қайыңның!

Қонақ *(тыжырына итеріп).* Но, но! Дулатбек бей! Сиз нашар адам! Бени ұстама! Жибер!

Дулатбек. Ой, құлдығыңда өтейін, Сато сан, бауырым! Қателік кімнен кетпейді. Адам болған соң адасу оңай. Қане, онда мені-ақ бір ұрып, азуымды опырып, ашуыңды басшы. Аңдаусызда... мастықпен. Әрине, әйел қызғану дұрыс емес. Бірақ шығыстық... азиаттық менталитет жіберсін бе...

Қонақ. Сиз... вой баған көрсетти реалито визо[1] Биз... йо *(өз кеудесіне саусағын тіреп),* және ту *(саусақты Дулатбекке қадап).* ешқашан кооперазионе болбайди! Сиз нашар марито![2]

Дулатбек. Иә-иә! Мен нашармын! Маскүнеммін. Оңбағанмын! Басқа қонар бақты бастан тебемін! Мен нашар маритамын! Санти мырза, кешіріңіз! Ұсынған басты қылыш кеспес дейді халқымыз. Иілдім!Бүгілдім! Езілдім! Жаншылдым! Таптаңыз! Басыңыз! Бірақ кешіріңіз мені! Біз корпороционерміз. Мықты корпороционбыз! Әсиятай-ау, болашағымыз үшін қайыңды иіктірсеңші! *(қонақтың балтырына жармаса жабысып тұр).*

Әсия. Қайным, ағаң білместік жасады. Бірақ, қайтымы тез. Екінші мұндай әбестік мінез танытпайды.

Қонақ. Но, но, Асия! Болбойди! *(Дулатбектің қолын итеріп тастап, диванға барып отырады).* Луй... ол нашар марита. Сен... ту, Асия, басқа марита... күйеу табады, иа!

Дулатбек *(өзіне).* Не дейді? Басқа күйеуі нес. Ой, күйдірді-ау әбден! Қайтсем көңілін табам бұл шіркіннің ? *(Атып тұрып шифоньерді ашады. Мауыты шапанды алып, қонағының иығына жаппақ болады).* Сәлім бей, шырағым! Мынау ат-шапан айыбым! Атымды кейін мінгізем! Екі жыл бұрын елу жылдығыма институттың кигізген шапаны...

Қонақ. Но! Керек мес! *(шапанды орындық үстіне тастайды).*

Әсия. Әу, Дүкесі! Мүмкін домбыраңды... а-а?

Дулатбек *(Шифоньердің үстінен домбыраны алып, шаңын сүртіп, қонағына ұсынады).* Бұл - домбыра! Дом-бы-ра! Казақтын дірілдеген нәзік жүрегі бұл! Еңіреген жаралы жүрегі де бұл!..

Қонақ. Но! Керек мес!..

Әсия. Домбыраны жақтырмағанды алғаш көруім...

Дулатбек. Енді не ғыл дейді, ә! *(Екінші бөлмеге кіріп, дулыға алып шығады).* Сәлімжан мырза! Мынау арғы

[1] Визо - бет(итальянша).

[2] Марито - еркек (итальянша).

бабамыз - исі Арғынның құдірет тұтар батыры - Қанжығалы қарт Бөгенбайдың ту ұстарының дулығасы! Өзім студенттермен археологиялық қазба жүргізіп тапқам! Реликвия! Шедевр! Музейге де бермеп ем, Сіз алыңыз...

Қонақ. Бұ не? Дулыға не... коза?

Дулатбек. Шелом! Басқа киеді. Батырлар! Богатырьлар!

Қонақ. А-а! Ерое эпико!1 Каписко! Тусинди! Но керек мес!

Әсия. Дүкесі! Ол киелі ғой. Алмағаны жақсы болды. Үйде тұрсын.

Дулатбек. Әй, Әсиятай! Несі жақсы! "Керек мес!" "Керек месімен!" төбемнен тура төпелеп жатыр ғой! (Өз маңдайын ұрады). Мына маңдай... тас маңдайдың соры бес елі емес, бес жүз елі! (аспанға шаншылып). Әу, Аллатағала! Әу, қу Құдай! Менімен "берем-алам!", "Алам-берем!" деп неге ойнайсың! Неге? Екі кештің арасында бір ысытып, бір суытып, бір қалтыратып, бір пісіріп әбден есімнен тандырды ғой бұл Құдай! Көк Тәңір! Бәрі мынау тас маңдайдың соры қалыңдығынан! (Аспанға қолын жаяды). Уай, Жасаған хақ! Уай, Құдайтағалам! Естимісің? Нең бар еді менде? Мына қонақты жіберіп, моп-момақан тірлігімнің шырқын неге бұздың? Неге тәлкек етесің? Бір қуантып, бір шошытып қуыршаққа айналдырғанша, жек көрсең, жасыныңды жіберіп, жайрата салсаңшы мені! Уай, көк Тәңір! Жасаған жалғыз хақ! Бармысың? Естимісің? (Дір-дір етіп еңкейіп қалады. Қонақ тұрып келіп, иығына қолын салады).

Қонақ. Дулатбек уә Мирам бей! Сиз мумкин кантанте... әнші. Ән айтады... Бен тыңдайды!..

Әсия. Дүкесі, көтер басыңды! Сындырма сағыңды! Сәкең саған ән сал деп тұр! Кешіргені шығар. Домбыраңды ал. Дұрыстап айт.

Дулатбек. Ән салайын ба, Әсиятай? Ілікті дейсің бе? Онда мен арызды Құдайтағаланың өзіне жеткізейін. *(Домбыраны іздеп шифоньердің үстіне қолын жүгіртеді.)* Әлгі домбыра қайда?..

Әсия. Домбыраң мұнда! Мә! *(құшақтап).* Сабырлы бол, Дүкем!

Дулатбек *(тамағын қырнайды).* Шегін қатты бұрап тастаппын-ау! *(Домбыраны күйттеп, бебеулетіп тұрып, әлдебір термені жеделдете тартып кетеді).* Айтам! Бүгінгі күннің зарын айтам. Тыңда, Сато сан! Тында, Әсия!

(термелеп).

Аооу! Қар жаумады, қан жауды!
Қан бөгіп күн түнерді.
Тот торлады қанжарды,
Қына басты жігерді.
Аооу! Ауыл бүгін мүлде үнсіз,
Арқалаған азабын,
Жоғалар ма үн-түнсіз.
Жер бетінен қазағым?
Аооу! Жас тамады кірпіктен
Солқ еткізіп даламды.
Нарық мынау үркіткен
У берді де жан алды!
Аооу! Жоқшылықтың дабылы,
Бұзып кірді есікті.
Көкке атылған зар үні
Әлдилейді бесікті.
Аооу! Сахарамның базары
Өшті тұяқ дүбірі...
Жеткізер ме ажалын
Мұнай тартқан құбыры?!.
Аооу! Жылы-жұмсақ қылғытқан
Әкімдер жүр кенелген.
Зарға қосып мұң жұтқан
Айрылам ба мен елден?
Аооу! Жерге тозақ орнады,
Көремісің, Аспаным?
О, жасаған құдірет,
Зұлымдықтың шаш қонын!
Шаш қанын!

Қонақ. Но! Нон кантанте! Сиз энши мес! Ду, вой...

Әсия *(киіп кетіп, құшақтай алып).* Жоқ! Сен әншісің! Құдірет өзіңсің, Дүкем! Азаматсың нағыз! Өзіңдікі ме? Жоқ! Кімдікі болса да шын айтқан! Дәл айтқан! Ал сен, Дүкем, әншісің! Жаның, жүрегің жылайды... Егіледі...

Қонақ. Ой, Асиябанушка! Ту бене сентименталико! Керек мес! Сен Мирам бейді жибер. Ол билейді.

Дулатбек. Мен бе?! Билейін бе?

Қонақ. Сиз... вой биле дереу! Бен көреди!

Әсия. Дүкем, сен биден де қаражаяу емессің! Көрем дейді ғой. Берме намысты!

Дулатбек. Билейін... Әсиятай, қос магнитофонды... Баяулау әуенді... *(ортаға шығады. Музыка қосылады. Дулатбек билей бастайды).*

Қонақ. Алт! Стоп! Тоқта!

Дулатбек. Сато сан бауыр! Менің бар биімнің түрі осы. Ұнамады ма?.. Не істейін?..

Әсия. Ұнады! Өте ұнады маған, Дүкем! Босама! Босаңсыма! Ер тірлігі - ерегісте!

Қонақ. Әсиябанушка! Сен... сен... Мирам бей, сиз биле! Жалаңаш! шеш киім! Стриптиз! О-о, мен яратады стриптиз!

Дулатбек. Жалаңаш деймісің? Сато сан шырағым, Марио Санти көкетайым!.. Дәл осы қолқаңыз ауырлау-ау!

Қонақ. Онда... онда йо... бен кетеди!.. Йо парто! *(киіне бастайды).*

Әсия. Барсын! Шектен шықты ғой әбден! Мазақ етпек! Қорламақ! Өлмеспіз!..

Дулатбек. "Өлмеспіз" деймісің? Жо-оқ, Әсияжан! Сенің гүл сатпауың керек. Сенің телмірмеуің қажет! Інім, болсын айтқаның! *(шешіне бастайды).*

Қонақ. О-о, биз, Мирам бей, аккорда[1]... келисим жасайды. Сиз бене... яқшы уомо! Кооперазионе! Бен сизди президент корпорейшн етеди!

Дулатбек. Бенемін бе? Рас па синьор Санти мырза?! Онда мен бәріне де аққорда! Бәріне де қызыл қорда! *(Қызыл ала шыт, ұзын дамбалшаң қалып, арсы-гүрсі, бірақ ою-өрнекті шебер сақтаған биге басады).* Сиз де бене, Сәтім бей, құдірет! Сен иледің - мен биледім... Үгілдім... аққордамын! Қансырадым-қызыл қордамын!

Әсия. Тоқта, Дулат! Жалынба!

Қонақ. О-о, Асиябанушка! Ту айқайлайды! Сен... ту биле! Екеуи биле! Можлие е марито! Әйел уә күйеу!

[1] Аккорда - келісім

Әсия. Сен карап отырмақсың қызықтап! Оның енді өте қоймас!

Қонақ. Нон! Бен айтты! Ту... ту биле!

Дулатбек. Әсиятай, ерегістіріп қайтесің. У ішсең төңкере іш демеуші ме еді...

Әсия. Дүкем, төмендей берсең, төбеңді ояр!

Қонақ. Такера! Жап ауыз! Биле!

Әсия. Ау, мынау ақырады ғой. Ал билейін... Қышуың қанар болса. *(Дулатбектің қасына барып, екеулеп билей жөнеледі).* Қыздыр, Дүкесі! Қыздыр! Екеуміз билейміз деп ек қой.

Дулатбек. Шыда! Шыдағын, Әсиятай! Кім білсін, құдай әлі де оң қарар. Орындалар тілегіміз...

Қонақ. Дулатбек уә Мирам бей! Сиз шеш турси!

Дулатбек. Не дейд! Трусиды ма?.. Сонда әбүйірді ашып тастаймын ба?

Әсия. Жә! Тоқтатайық биін де, күйін де, бәрін де. Әбден титығыма тиді ғой!

Қонақ. Ту... сен, Асиябанушка, шеш комбинационе! Ин фретта... жылдам!

Дулатбек *(түсі бұзылып, қатқылдана).* Әй, Сәлім шырақ! Қазақ: "Малым - жаным садағасы, жаным - арым садағасы" дейтін! Тым асқынба! Асқынба, мырза! Қайыр сұрап кетсем де, енді көнбеспін!

Қонақ. Коза?.. Не?.. Сиз баға ашу айтады! Нон, шеш турси! Асиябанушка! Кел бында! Кел! Бен шешеди комбинационе! Өзім!..

Әсия *(козғалған Дулатбекті бөгеп).* Дүкем, қызба! Сабыр ет!

Дулатбек. Кооперационының да, эспесінің де тап аузын ұрайын!

Әсия *(Қонақ Әсияны ұстайды).* Тарт қолыңды! Әйтпесе!.. *(шап береді).*

Қонақ *(үрейлі).* Ұстама бени! *(Әсияны итеріп жібереді. Әсияның қолы сақалдың бір жағын жұлып алады).*

Әсия. Сақал!.. Ойбай, сақалы жұлынды!

Дулатбек. Әй, жапсырған сақал ғой!.. Ойпырау мынау сонда...

Әсия *(ұмтылып сақал-мұртты, қоңқақ мұрнымен жұлып алады).* Бәсе! Бір шикілікті сезіп ем. Oh, оңбаған төбет! Таныдым сені!

Қонақ *(кейін шегініп).* Танысаң қайтейін! Аспанымды құлатасың ба?

Дулатбек. Әсиятай, енді оны маған бер! Маған! *(білегін таянады).*

Қонақ. Әй, ой Дүке! Ашуыңызды басыңыз! Кешіріңіз, жолдас профессор Әскербеков! Мен... мен...

Әсия. Нағыз аферист екенсің! Күндіз базарда мәймөңкелеп менен бәрін сұрап алып... Дүке! Сен бұған қолыңды былғама! Мен өзім-ақ! Әбден ызасы өтті ғой бұ неменің! *(Дулатбекті бөгеп қалады).*

Дулатбек *(Жұлқынып).* Әй, кімсің? Кісіні осыншама қолжаулық ететіндей не істеп ем саған? *(Қонақ Дулатбектен шегіне қашқақтайды).*

Қонақ. Оу, Дулатбек аға! Бұл мен ғой қараңызшы. Студентіңізді танымай қапсыз...

Әсия. Студент болсаң, мә сыбағаң! *(Тіземен жанды жерінен теуіп жібереді).*

Қонақ. Езді-ау! Езіп жіберді-ау, ойбай! *(Еденде домалап жатыр).*

Дулатбек. Студент?! Қай студент? Әй тұрсаңшы сүйретілмей!

Қонақ. Бір емтиханды сіздің алдыңызға бес рет барып тапсыра алмағам... Маған сондай жиіркене қарайтынсыз! Өзге ұстаздардай қалтамнан ақша, қапшығымнан шиша іздемейтінсіз. Алмайтынсыз зачеткаға тыққан теңгені! Ылғи ведомосқа екіні қонжитатынсыз! Баттитып! “Отызға келгенше миына түк қонбаған вечный студент”- деп ақыратынсыз...

Дулатбек. Ескергенов!.. Сен Еекергеновсің! Оқымайтынсың! Ашпайтынсың кітап бетін! Проректор ағам бар деп бағаны оқымай қойғызып алып келген соң мен де ерегіске басқам...

Қонақ. Иә, ақыры үлгермеген студент деп осыдан бес жыл бұрын мені институттан шығарып жіберген! Соған сіз профессор Әскербеков кінәлісіз! Жалғыз пән үшін! Адалдық деген адам күлетін принцип үшін!

Әсия. Арам! Жауыз! Адалдықтан садаға кет, кісәпір! Тұр! Құры! *(төніп барады).*

Қонақ *(орнынан тұра беріп, қиралаң етіп құлайды).* Әй, занталақ ұрғашы-ай! Құртқан екенсің! Бұрап әкетіп барады!

Дулатбек. Әсиятай! Арамзаға ақыл қонбайды. Қайта құлқынның құдығына құлап қала жаздап, аман қалғанымызға қуанайық.

Әсия. Қандай жауыз! Қандай жиіркеніште! Шетелдік боп шелтиіп келдің. Не тындырдың, ал?

Қонақ. Езі-іп жіберген бе? *(пауза).* Адам - пенде! Асиябанушка, сен де, профессор жолдас, сіз де пендесіңдер! Қолымда қызыл, қойнымда көмбем бар деп ем - қалай құбылдыңдар! О-о! Мықтап түсірдім! Итальяно персона боп келіп, қазақша кек қайтару осылай болады! Осылай!

Әсия. Кек алдым дейді! Кекті біз алсақ ше? Дулатбек, дереу Мәкеңе... досыңа звандап, қаматып тастайық өзін, ә?!

Қонақ. Қателесесің, Әсиябанушка! Миа белладонна! Енді сәл болғанда о жақ, бұ жағымнан сипалап, мойныма асылып, бауырыма жабысар едің. Жолдас Әскербеков, корпорацион болам деп бар жиған-тергеніңізді неге шаштыңыз пенде болмасаңыз. Біраз шығындандыңыздар, миа рагозца!

Дулатбек. Сен жауыз да, қарақшы да емессің, бар болғаны сүмелек сілімтік қанасың. Саған бола Мәмбетті мазалаудың да қажеті жоқ. Өйткені өңезе сілімтікке жаза түгіл сөз шығын.

Қонақ. Шала бер телефоныңды. Бірақ тамағына суық тиіп, телефондағы даусы қырылдағыш Мәмбетті іздесеңдер ол, міне, алдарыңда жатыр. Собственной персоной!

Дулатбек. Мәмбет боп звандадым да... Ей, ақымақ! Бәрібір мүсәпірсің! Өйткені ойлайтының арамдық! Әй, оңалмассың!

Әсия *(телефонды бұрап).* Милиция!.. Милиция ма?

Қонақ. Әсия! Ә-ә, жеңеше! Әсия жеңгей! Құлдығыңда өтейін. Милицияны шақырмаңыз. Міне мынау шығындарыңыздың өтемі! *(доллар тастайды).*

Әсия. Әу, пасық! Арам ақшаң өзіңе! *(лақтырады. Қонақ еңбектеп теріп жүр).*

Қонақ. Но! Асиябанушка! Йо қусирақ қайыршы емес. Рас айтам! Мына сенің жұбайың профессор Әскербеков мырзаның арқасында мен бүгін капиталиспін! Действующая итало-казахика

фирманың бақандай президентімін! Оқудан шығып қалған соң, нағашымның арқасында кредит алып, бір фирмаға жұмысқа орналасқам. Итальяндық фирма екен. Бастығы әйел, фемина... донна! Ал, мен... Йо бене уома! Донна мені өзіне компаньон етті. Бүгін мен капиталиспін. Президентпін!

Дулатбек. Жә! Капиталист шырақ! Енді көп мүңкітпей есің бар да елің тап *(Шампан бөтелкесін алып, еңбектеген қонақтың желкесіне құяды).* Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығаратын. Сол әдеттен аттамайық, Әсия! Сен де шұбар жылансың, Ескергенов! Бар! Кет осы тойғаныңмен!

Қонақ. Кетейін... Ойпырай! Езіліп кеткен бе?.. Үстімнен тура бір қора қой айдап өткендей! *(Есік тұтқасын ұстаған бойда кілт өзгеріп).* Ау, ақымақ профессор! Өзің де, әйелің де нашар! Сендерден ешнәрсе шықпайды. Өйткені сендер долларға табынбайсыңдар! Долларды сыйламайсыңдар! Сондықтан қолдарыңа қарға тышпайды. Адью! Чао! *(Кетеді).*

Дулатбек *(өзіне айтқандай).* Долларсыз да өлмеспіз. Кетті-ау ақыры... *(Барып ашық қалған есікті тарс жабады).* Өмір күнделігінің ылайлы бір беті қайта ашылмастай жабылсыншы! *(Кенет радио самбырлап қоя береді).*

Радио. “Елу екі жастағы мас еркек отыз жасар ашынасын қызғанып, балтамен ұрып өлтірген. Бұл осы ауылдағы бір жұманың ішіндегі үшінші қанды қылмыс. Кеше Мәскеуде танкпен Парламент үйін: атқылады”.

Дулатбек *(қойып қалып).* Не болса соны айтады.

Әсия. Дүке! Әу, Дүкем! *(құшақтап, бетіне қадала қарайды).*

Дулатбек. Жай ма, Әсиятай!

Әсия. Өкініш жоқ па?

Дулатбек. Қандай өкініш?

Әсия. Эс-пе!.. Кооперационе... Корпорейшн. Вице-президент.

Дулатбек. Расын айтсам... іштей бір солықтау бар тәрізді. Баланың көптен қиялдаған ойыншығын бір сипап қана қайтадан айрылып қалатыны болады. Ол сонда кеудесі босай күрсінеді емес пе... Сондай ғана

күй менікі... Ал, шынына келсек, бізге... екеумізге өзіміздің қоңторғай тірлігімізден артық бақыт жоқ екеніне көзім жетті тап бүгін. Мен... мен өкінбеймін. Қуанам қайта!

Әсия. Рас па, Дүкем?! “Ыңғайын келтір! “Көңілінен шық!”, “Қолыңнан ұстаса - мойнына орал!” дегендеріңді қайтеміз?

Дулатбек. Мен... мен шынында Ескергенов айтқандай ақымақпын! Сені бүгін сынамақ боп... Сөйтсем, өзімді сынаппын... Иә! Менің әлгінде радиодан айтқан шалдан асып кеткен түгім жоқ. Мен де елу екідемін... Сен... сен, Әсиятай... жассың... Сұлусың... Қызғанатынымды қалай жасырам...

Әсия. Ой, Дүкем!

Дулатбек. Жо-жоқ, бөлмеші! Үндеме, Әсиятай! Сен мені тыңда! Мен... мен айтып қалайын! Әйтпесе ғұмыр бойы өзімді өзім қажап өтермін. Мен нағыз ақымақпын! Сенің таза көңліңе шаң қондыра жаздадым-ау орынсыз күдігіммен... Бар өмірім сен үшін ауа жұтады! Сен үшін қан тамырым бүлкілдейді... Сенен айрылып қалам ба деп түнде қаншама дөңбекшимін...Өз-өзінен тынысым тарылады. Аузымды құр аша берем. Ал сен... Әсиятай! Мен үшін өмірдің өзінен де қымбатсың! Қымбатсың!

Әсия. Ой, Дүкем! Дулатбегім! Айтқыздым ба ақыры! Қандай бақытты едім мен! Сенің мені жанымдай жақсы көрем дегеніңді осылай өз аузыңнан естуді қанша күттім мен!..

Мен... мен саған, Дүкем, алғаш көргенде-ақ қызыққам. Құмартқам!... Сіз... сен қара костюм, қызыл бабочка тағып, студенттерге зачетка мен билет тапсыру балында қалай жалындап сөйледіңіз! Қалай жарқылдап биледіңіз! Мен... мен сонда сізді... сені қол жетпес армандай сезінгем!.. Содан кездестік... табыстық... Бір күні сізді жұбайыңызбен бірге келе жатқанда сырттарыңыздан көріп қалдым... Сондай жарасады екенсіздер!.. Бақыттарыңызға кедергі болмайын деген оймен тап сол күні ауруханаға барып, үш айлық шаранымды алғызып тастадым.

Дулатбек. Не дедің, Әсиятай?! Рас па?!

Әсия. Біздің тұңғышымыз болар еді... Қолымызға

көтеріп, кеудемізге басар едік!.. Тәй-тәй аттап... кішкене қолдарын соза қарсы жүрер еді. *(даусы бұзылып кетеді).*

Дулатбек. Неге айтпағансың! Неге жасырдың, Әсия?

Әсия. Содан сіздің... сенің жұбайың қайтыс болды, Дүкем! Сені сергітсем... жұбатсам, серік болсам деген тілекпен қайта таптым...

Дулатбек. Мен таптым! Мәңгі таптым, Әсиям! Әсиятайым! Әлі де кішкенелі боламыз! Еміренесің сәбиімізге, Әсияшым!

Әсия. Білмеймін. Аборттың зардабы кете қойса...

Дулатбек. Кетеді. Емделесің! *(телефон қоңырауы. Трубканы көтереді).* Ало-оу!.. Иә! Бүгін бе?.. Айналайын, ағасы!... Ертең, ә?.. О, құдай жарылқағыр! Сау болыңыз *(қояды).*

Әсия. Кім ол, Дүкем!

Дулатбек. Ә, жай... таныс қой.

Әсия. Дүкем, екеуміздің арамызда бүкпе сыр болмаса дер едім.

Дулатбек. Гүлдің иесі де! Жүз долларды қазір әкеліңіз дейді!.. Ертеңге әрең көнді.

Әсия. Әй, оны бірдеме етіп тауып берерміз... Ой, қандай әдемі кеш! Әсерлі кеш, Дүкем! Сен... сен нағыз азаматсың, Дүкем! Біз өзімізге өзіміз азап іздеп әуреміз... Мен қасыңда жүрсем де жүрегіңе ене алмадым деп қаншама азап шектім...

Ал сен кеудеңді ашып қойыпсың... Рақмет, Дулат! *(басын кеудеге қойып).* Қандай бақытты едім, Дүкем!

Дулатбек. Әсиятай, сен де, мен де адастық. Әрі кеттік, бері жүрдік... Сүріндік... Қайта жүгірдік... Енді біз... біз адаспаймыз. Ажырамаймыз, Әсиятай! *(Есік қоңырауы).*

Әсия *(селк етіп).* Ой, үзе берді-ау мына ләзатты шағымызды.

Дулатбек. Ә, иә... Мен ашам ғой! *(кетеді. Сағатты ертіп келеді).* Сағат батыр! Бәсе, келуге тиіс еді! Жақсы болды!

Әсия. Жиен тамақтан аттама демеп пем.

Сағат. Нағашы!.. Мен... Жеңеше... О-о, дастарқан дайын тұр екен!.. *(қолын сілтеп).* Әй! Мен нағашы, барлық ақшамды ұрлатып кеп тұрмын. Бір сиырдың пұлын!..

Дулатбек, Әсия. Не?! Ұрлатып деймісің? Қалай?

Сағат. Өзіміздің қазақ балалары... автобусқа бірге міндік. Тұс-тұстан қаумалап, құшақтап, қолпаштап “Өтіңіз бері! Отырыңыз!”,- деп... Автобустан түссем... қалтам бос. Содан жаяулап келген бетім.

Әсия. Жә, жиенжен! Бір амалын жасармыз... Бұ қаланың ашықауызы жалғыз сен емессің. Өкінгенмен, ештеңе өнбейді. Дүкесі, жиен екеуің қолдарыңды жуып, дастархан басына отырыңдар. Мен тамақты жылытып жіберейін.

Шымылдық.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сол базар. Әсияның гүл толы столы мен арақ-шарап жайнатқан столы қатар тұр. Базар шуы бұрынғысындай. Тек қана Әсияның өңі мен өлеңінің мәні бөлек бүгін.

Әсия *(әсерсіз).*

Гүл алыңдар, гүл сатамын
Гүл сатамын! Күн сатамын!
Қатып қалған ішкі шерді,
Гүлді иіскеп жұмсатамын.
Гүл алыңдар! Гүл алыңдар!

(Арсаландап Сағат келеді).

Сағат. Оу, жеңеше! Кешігіп қалған жоқпын ба? Қырық серкешімді даулай келдім! Бересіз ғой?!

Әсия. Берем ғой, жиенжан! Ал сен тұр мында. Кіріс саудаға! Бұдан басқа бұл елде жұмыс жоқ.

Сағат. Әй, рас, рас айтасың, жеңеше. Кемпір-шалдың шай-қантын тауып берсем. Нағашым қайда?

Әсия. Гүл әкеледі, гүл! Сен, Сағатжан, саудаңды жасай бер.

(Осы кезде қара көзілдірікті соқыр адам... бәлки соқыр емес те...Сырнайын безілдетіп ала жөнеледі.Сол-ақ екен қағаз қорапты ішіндегі екі-үш ұсақ теңгесімен жерге қойып, 10-12 жасар ұл бала "Базарың құтты болсын " деген әнді шырылдаған нәзік даусымен тыңдағандардың төбе құйқасын шымырлата шырқап кетеді).

Бала. Базарың құтты болсын, ардақты елім!..
Қоянды, Қоянды ту көтерген думан жерім,

(Шымылдық баяу сырғып, сахнадағы бүгінгі өмір тірлігін жасырып бара жатады).

Әумин
1994-95 жылдар.

"БАЗАРЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН..." НЕМЕСЕ ҚАЗАҚША КӨКІРЕК КЕРУ

Көп суретті драма

Қатынасушылар:

Нәзира - 28-30-дардағы келіншек
Бектас - 22-24-тегі жігіт
Зәуре - 18-20-дағы қыз
Өтеген - 60-тағы адам
Ғазиз Құлтанович - 60-62-дегі министр
Ербол - 28-30-дағы жігіт.
Гүлшат - Зәуренің шешесі.
Уәйіс
Сакс - Сексенбай
Рабиға
Балалар
Қыздар
Милиционерлер
Алыпсатарлар

Оқиға бүгінгі күндері қалада өтеді.

БІРІНШІ СУРЕТ

Қаланың көп аралас базарының бірі. У-шуы мол аласапыран тірлік. Қатарласқан бөлекше-бөлекшелердегі сатушылар. Бір шетте қара көзілдірік киген соқыр *(бәлки, соқыр да емес)* адам сырнаймен саз созғанда, қасындағы 10-12 жасар бала шырылдаған даусымен ән шырқап тұр.

Бала *(әндетіп).*

Базарың құтты болсын, туған елім!
Қайғысын көз жасымен жуған елім!..

Баланың жердегі қағаз жәшігіне 20 теңге тастаған Бектас ілгері сұғынып келеді. Сатушылар тұс-тұстан айқайлап жатыр.

І әйел. Күрткә берем! Күрткә алыңыз! Маладой шелобек, күрткө берем, күрткә! Бері жақында! Жеп қоймаймын.

Бектас. Куртка қажет емес, тәтей!

І адам. Кәстом! Әнгілийский! Итәланский! Тура өзіңе құйып қойғандай жігітім! Мә! Киіп көр! Ұнатсаң, арзандатам.

Бектас. Рахмет! Костюмім бар.

Қыз. Кофе! Горячий кофе! Самса! Ыстық самса! Ып-ыстық!

Бектас. Қарындас!..

Қыз. Қанша?

Бектас. Ә-ә?.. Неменені қанша дейсіз?..

Қыз. Oh мәңгүрт! Самсаның қаншасын? Кофе құяйын ба?

Бектас. Жо-жоқ! Қажет емес! Қарындас, мен... Сұрайын дегенім...

Қыз. Да ну ты!.. Не морочь голову *(айқайлап).* Кому горячий кофе? Самса! Самса! Чебу-у-ре-еки!

Бектас *(артынан).* Ә-ә... кешіріңіз...

Өтеген *(дауыстап).* Әу, жігітім! Балам!..

Бектас. Мен бе?

Өтеген. Иә! Бері кел! Бері, былай өтші!*(қасына шақырады).* Отыр мында. Алматыға кеше-бүгін келдің ғой?..

Бектас. Иә-ә! Оны қайдан білдіңіз?

Өтеген. Енді менің иегімнің нұсқаған тұсына қарашы. Көрдің бе анау үшеуді? Көрсең, солар қалта мен сөмкеге түсетіндер. Енді болмағанда аузыңды аңқитатын еді.

Бектас. Ұры екені білсеңіз, онда неге милицияға айтпайсыз? *(Өтегенге таңырқай қарайды).*

Өтеген. "Ұры иттің артын сұқ ит жалайдыны" білесің бе?

Бектас *(секемдене).* Сонда милиция да?..

Өтеген. Балам-ау бүгінде далаңды қала жалмап, қаланы дала қарғап жатқан кезде ешкімді ешкім аямайтын болды ғой.

Бектас. Өзіңіз ше?..

Өтеген. Әй, мен де сау сиырдың жапасы емеспін... Әлгінде біреуге шалбар сатқам. Ыздашысының жүз теңгесін кем беріппін. Міне, бөлек ұстап отырмын. Артынан қуып барып беруіме болар еді... Ал мен...

Бектас. Базарыңызда алушыдан сатушы көп тәрізді-ау, аға!

Өтеген. Рас, рас. Қазанда ас, үкіметте сес, халықта ес қалмаған соң, теңгесіз тобыр көз сүзуін де азайтты. Сырттан келетіндер мынау теңселіп жүргендердің көбісі. Бұл шіркіндердің де қалталары тесік.

Бектас. Сатушылардың дені қазақ қой. Саудаға жоқ халық деуші еді бізді...

Өтеген. Балам, Алматыда көптен болмағансың-ау. Қайдан келіп ең?

Бектас. Томскіден. Институтты биыл сонда бітірдім. Өнеркәсіп министрлігінен қызмет сұрамақпын.

Өтеген *(қарқылдап күле келе, тиылып),* Атың кім, балам?

Бектас. Бектас.

Өтеген. Ол министрлік Ақмолаға әлі көшпеп пе? Бектас, алдыңда отырған сол министрліктің бұрынғы

бөлім меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Өтеген ағаң.

Бектас. Не дейсіз?.. Сонда...

Өтеген. Иә, жұмыссыздық пен қысқарту дейтін қылшылбыр тұзақтың қаншеңгеліне іліккен доцент, бөлім меңгерушісі, режиссер, артис, жорналист, дәрігер, мұғалімдер - жаңағы сен неге көбейіп кетті дейтін бүгінгі қазақ саудагерлері!.. Бәрі осында!

Бектас. Доцент те осында ма?!

Өтеген *(мырс етіп).* Доцент... Әне, анау тізулі жейделерді сатып отырған шоқша сақалдың - белгілі профессор! Алғашқыда ұялғаннан көзін жерден алмаушы еді, қазір кәдімгідей төселіп қалды.

Бектас. Бақандай профессор болса, пенсиясы бар ғой...

Өтеген. Шырақ, бас жаққа барыспалық *(жақындаған алушіыға).* Мыналар бір жарым, мынаусы екі мың теңге... Алсаңдар, аздап түсірем. *(Бектасқа)* Студент балалар. Күнде келеді. Ақшалары жоқ... Пенсияның көкесі мемлекеттік қызметкерлерміз деп төсін қағатын дөкей ченовниктерде ғана. Олар өздеріне жасап алған. Қалған жұрттың ең мықтағанда алатын пенсиясы бес-алты мың теңге. Оны қай жыртығыңа жамарсың. Пәтер ақысы-ақ қақшып алады оны. Сонсоң еріксіз базарды сағалайсың...

Бектас *(күрсініп).* Қиын екен... Аға, пәтерақы көбейді дедіңіз бе?

Өтеген *(қол сілтеп).* Жұт жеті ағайынды емес, жетпіс жеті ағайынды! Өз өкіметің өкпеге тепкен соң, өзгелер оңдырсын ба. Жалақтаған жат елдік инвесторлар ойына келгенін істеп жатыр. “Трактабель” дегені электрдің бағасын өсіріп еді, пәтерақы аспандап шыға келді. Сонымен, Бектас, пәтер жалдамақсың ғой?..

Бектас. Иә... Қолайлысы кездессе...

Өтеген. Қазір... Бір... екі... анау бесінші бөлікшедегі шалды көрдің бе... Сол пәтеріне жіберіп қалар *(жақындап тоқтаған адамға).* Қалай? Ұнай ма сізге? Шалбардың қай түсі қажет? Қалағаныңызды табам.

Бектас *(кеткендердің соңынан).* Сөйлеспейді ғой тіпті. Менсінбей ме?..

Өтеген. Іздегені кездеспеді де. Қалтаңды қағып кетпесін. Абай бол.

Бектас. Өзіміздің қаракөздер қараулық жасамас.

Өтеген. Е-е, балам! Жоқшылықтың қыспағындағы қазіргі аш-жалаңаштың көбі өз қаракөзің... Сенем деп қапы қалма. Жолың болсын.

Бектас. Айтқаныңыз келсін, аға. Сау болыңыз.

Өтеген *(дауыстап).* Әу, жарқыным! Шетен қалпақты шырақ! Бері кел!

Алушы. Мен сізден алар шалбарды алғам. Тағы алуға шамам жоқ.

Өтеген. Сен мені кешір, шырақ! Әлгінде жаңылысып... жүз теңгеңді қайтармаппын. Мә!

Алушы. Ойбай, бәсе! Олай санап, былай санап, жеткізе алмай жүрсем... Рахмет, ағай! Түу, қандай едіңіз! Адалдығыңызға адам сенбестей.

Өтеген. Адалдық уақыт таңдамайды, шырақ. *(Алушы кетеді. Ұмтыла қарап).* Қап! Шал біреуді үйіне кіргізіп қойды ма екен?.. Кетіп барады ғой, анау байғұс бала?., *(дауыстап).* Бектас! Әу, балам! Анау жігітке! Иә-иә! Бектасжан, бері кел! Әй осы балаға мейрімім түскенінес... Әлде Ерболымды... Ә-ә, Бектас! Пәтерін жоқ қылды ма?

Бектас. Біреуді жіберіп қойыпты. Кеше ғана.

Өтеген. Ә, бәсе! Әйтпесе ол аямайды. Енді не істейсің?

Бектас. “Жетім бұрыш” дегені бар көрінеді.

Өтеген *(қопақтап).* Бектас, сен бар ғой... қане, маған көмектес. Мыналарды жинасып жібер, “Жетім бұрышы” құрысын.

Бектас. Аға, тарқап кетеді ғой олар.

Өтеген. Сен, балам, шұрқ етпе! Бүгін менің қонағым боласың. Менің дәл өзіндей ұлым бар еді... Нешедесің?

Бектас. Жиырма үштемін, Өтеген ағай.

Өтеген. Әй сен онда Ерболдан алты жас кіші болдың. Енді мені әке десең де еркің. Жүр, Бектас балам.

Музыка, қараңғылық.

ЕКІНШІ СУРЕТ

Сахна айналғанда Өтеген мен Бектас бір-бір пакет ұстап кіреді.

Өтеген. Пәтеріміз осы, Бектас. Жалтақтама. Жалғызбын. Жұбайым қайтыс болған... Ұлым... Ә, иә... Жоғары шық. Анау бөлмеде жатасың. Күнгей, тыныш бөлме. Ерболымдыкі...

Бектас. Ағай, сіз сонда... мені пәтерге жібердіңіз бе?

Өтеген. Алдымен жақсылап шай ішелік. *(Ас үйге шығып кетеді).*

Бектас *(жалғыз).* Ұлым... Ерболым дейді... Ол қайда? Неге жалғыз? *(суретті көріп).* Әй, мынау менің суретім ғой?! *(Жақындайды).* Жоқ! Басқа. Қандай ұқсайды, ә! Ерболы осы емес пе?.. *(Өтеген кіреді).*

Өтеген. Шәйнекті газға қойдым. Бұл ұмытшақты айтпа, әлгінде сүт алмаппыз. Қазір келем.

Бектас. Мен-ақ барып келейін, аға.

Өтеген. Жо-оқ! Сен бүгінше қонақсың! Бүгінше! *(Кетеді.Бектас суретке қарап тұр.Ішке Нәзира кіреді).*

Нәзира. Есігіңіз ашық тұр ғой, Өтеген аға!..

Бектас. Ол кісі жоқ, қазір келеді.

Нәзира *(қуана әрі таңырқай қарап).* Сен?!. Ой! *(Құшақтай алады. Басын жігіттің кеудесіне көмеді).* Өзіңбісің?.. Қашан келдің?

Бектас *(сасқалақтап, тартынып).* Бү-бүгін... Сі-і-із?..

Нәзира *(басын көтеріп).* Өлә!.. Сен кімсің?

Бектас. Бектаспын...

Нәзира. Бек-та-а-ас? Мен сені... Сондай ұқсайсың. Кешір! *(күрсінеді).*

Бектас. Өзіңіз кімсіз?

Нәзира. Мен бе? Нәзирамын! Бектаспын де. Туысымысың?

Бектас. Жо-оқ... Пәтер жалдаймын деп...

Нәзира. О-о, көрші боламыз! Бек-тас! Атың әдемі!

Әрі бексің! Әрі тассың! Яғни беріксің! Мықтысың! Солай ғой?..

Бектас. Білмеймін.

Нәзира. Боласың. Бек те, мықты да! Ал... құшағың... керемет ыстық *(сыңғырлай күледі).* Ә-ә, қызарып: кеттің. Значит мөлдірсің әлі. Мүмкін тағы да құшақтағың кеп тұрған болар.

Бектас *(ыңғайсыздана).* Жо-оқ, кешіріңіз!.. Байқамай...

Нәзира *(Сыңғырлап).* Байқамай қалған мен. Кешірімді мен сұрайын онда. Кешіресіз бе? *(Бектас басын изеді).* Немене, тіліңіз жоқ па?.. Жә-жә, қабағыңызды түймеңіз. Менікі қалжың. Әсем көрші тапқаныма қуанғаннан есім шығып кетті ғой. Чао, Бектас! *(Кетеді).*

Бектас. Нә-зи-ра! Исі қандай! Жұпар иіс дейтіні осы шығар!.. Құшақтай алғанда үріккенім рас *(күледі).* Қасы, көзі, кірпігі! Оймақ аузы, қыр мұрны, ақша маңдайы! Сондай үйлесімді бәрі! *(пауза).* Өзі жоқ, жұпар иісі осында... қанымда дуылдайды. Арудың... сұлулық мадоннасының белгісі осы жұпар иіс пе?.. *(Өтеген кіреді).*

Өтеген. Көп күтіп қалдың ба? Шай қайнап кеткен шығар...

Бектас. Ой! Мен... қазір! *(Ас үйге асығыс кетеді).* Қайнапты... Тасымапты.

Өтеген. Онда жуын, балам. Мен дастарқан жасап жіберейін. *(Бектас кетеді. Ақ көйлек киген Нәзира келеді).*

Нәзира. Есігіңізді жаппайтын болғансыз ба? Тағы да ашық тұр. Бүгінде қарақшы мен қайыршы көп.

Өтеген. Менің неме қызығар... Айтпақшы тағы да дедің бе, Нәзира? Әлгінде кеп пе ең?

Нәзира. Иә. Бөтен жігіт тұр еді. Жоқ қой өзі! *(сезіктеніп).* Ұры болмасын.

Өтеген. Ә, ол Бектас қой. Ақшаңа келдің бе? Бүгін ерте қайттым, түгел қайтаруға жетпейді-ау.

Нәзира. Оған әуре болмаңыз. Ол жігіт кім?

Өтеген. Бектас демедім бе? Нәзира, өтінерім: сол балаға жоламасаң...

Нәзира *(сыңғырлай күліп).* Мен, ағай, адам жейтін людоед пем... Әлде сіздің, Өтеген аға, құттияңыз бар ма. Бектасыңыз сізден аумайды.

Өтеген. Қарағым, қайтесің бас қатырып... Бектас -жиен маған. *(Бектас кіреді).* Ә-ә, кел, Бектас. Отыр. Шәй демдейін. *(Шығып кетеді).*

Нәзира. Бектас, сен неге жасырдың?

Бектас. Нені?

Нәзира. Өтеген ағаның жиені екеніңді. Пәтершімін дегенің не?

Бектас. Мен Өтеген ағаны бүгінге дейін көрмек түгіл естіген емеспін. Ал мен... мен... Нәзира, сіз туралы... сізді...

Нәзира. Мен туралы не демексіз? Өсек естідіңіз бе?

Бектас. Жо-оқ! Мен сізді ойлап... Ойлағанда...

Нәзира. Рас па?.. Мен де! Сен жайында... Сен емес-ау... Ұқсайсың. Ойлағам... Әлде бұл телепатия... алтыншы әлде оныншы түйсік шығар, ә?!

Бектас. Нәзира, мен айтсам... екі адамның ойы бір жерден шығуы... шынында табиғаты белгісіз әлдебір түйсіктің әсері ме? Сіз... сіз сондай... қиялдағыдай боп кездестіңіз, Нәзира!

Нәзира *(қызарып).* Қиялдағыдай... ертегідей әрі тез, әрі жылдам дейсің, ә. Білмеймін... Мен... Кешір, Бектас, асығыс ем *(кетеді).*

Бектас. Неге асықты? Бұлдірдім бе? Қойып кеп қалдым бас-көз жоқ. Қыз көрсем, асып-сасып бітем. *(Өтеген кіреді).*

Өтеген. Оу, Бектас, не деп күбірлеп тұрсың? Нәзира шығып кеткен бе? Кел, отыр шайға! *(Бектас терезе алдына барады).*

Бектас. Бірінен бірі өткен сұлулық! Алатау қандай әсем!

Өтеген *(жақындап).* Иә, әлемдегі ең құдірет - Табиғат. Одан да мықты, бар болса, құдай ғана!

Бектас. Неге, Өтеген аға?

Өтеген. Адамның ең сезімтал, ең мұңсыз-қамсыз кезеңі - балалық шағы. Балалықтың бастауы - шат күлкі, бейбіт өмір, ана мейрімі, әке құшағы, күн шуағы. Сондықтан Бектас, бал дәуренін аңсамайтын адам

болмайды. Кәрі көкірек елжірей еркелеткен анасының әлдиін сағынады. Әжімді маңдай әкесінің жылы ернін іздейді. Бірақ ата-ананың қураған сүйегі қабірде. Ондайда қалжыраған жүрек, Абайша айтсақ не табиғат-құдіретке саусақ жаяды, не тәңір-құдіретке жалбарынады. Қайтадан балалық кейіпке түскісі келетін жетімсіреген көңілді табиғат қана құдіретті сұлулығымен жылуына бөлей алады.

Бектас *(құшақтай алып).* Қалай жақсы айттыңыз, аға! Дәл солай! Мен ылғи ауылды сағынып жүрем. Күркіреуік өзенді сағынам... Сонсоң, аға, махаббат ше? Махаббаттты да құдірет тұтпай ма?

Өтеген. Махаббат деймісің... Адам бойындағы ең қымбат қасиеттер - Тазалық, Пәктік, Адалдық қой. Тазалықты - табиғаттан, Пәктікті - махаббаттан, Адалдықты - діннен табады Адам.

Бектас. Пәктік!.. Махаббат - пәктікте. Әрі әдемі, әрі әсерлі!..

Өтеген. Дақ түспеген, шаң қонбаған Пәктікті біздің ұрпақ қадір тұтатын! Махаббатқа мінәжат ететін. Ал қазіргі жастар... Жә, кел дастарханға!

Бектас. Мінәжат етердей дедіңіз, ә...

Өтеген. Аңсағаныңа алыстан қызықтырып, жақыннан ұялтып, көрмесең сағынтып, кездессең - жасқантып қоятын нәзік сезім ғой ол... Шәйнекті әкелейін *(кетеді).*

Бектас. Мен... мен де сөйтем бе? Ақ көйлекті арудың нәзік иісін бүкіл кеудеммен аулап тұрғаным қалай?

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Қабырғамен жапсарлас Нәзира пәтері, қымбат жиһаз, әсем мебель.

Нәзира *(жалғыз).* Өте ұқсайды оған... Мөлдір... Таза... Неге мазам қашады?..

Мына қабырғаны жұлып тастағым-ақ бар... Бектаспен кездескеніме он күн... Кіргенін, жүргенін естимін. Балконға шыққанда... мен де шығып сөйлескім... қарағым келеді... шамам жетпейді... Бектас ұната ма мені? Ұнатпаса... неге жиі кездесе береді...

Шіркін мына ауаның жұпарын-ай! Бектас та жұтып тұр-ау! Дәл қазір!.. *(Сырттан Ғазиз кіреді).*

Ғазиз. Назико! Ұйықтап отырмысың, көгершінім?

Нәзира *(селк ете жалт қарап)* Ой, Ғазиз Құлтанович! Сіз қалай кірдіңіз? Ә-ә, кілтіңіз бар еді-ау...

Ғазиз. Назико, көзің неге кіртиіп тұр? Бірдеме мазалай ма?

Нәзира. Соңғы жұмысқа орналасқалы... желкемнен бір үрей басады да тұрады, Ғазиз Құлтанович.

Ғазиз. Мен саған тек Ғазизбын... Үркетін дәнеңе жоқ. Дүниенің тұтқасын енді біз ұстаймыз. Біз! Жұрт бізден қорықсын, Назико! *(пауза).* Сен қонақ күтуді ұмытқансың, ә! Жә! Өзім-ақ әкелем! *(Ас үйге кетеді).*

Нәзира. Төс қағып, кеуде ұрады! Астындағы тағына мастанып, өзін жер құдайы көреді. Әрине, талайдың тағдыры жұмырығында бұның. Ал мен... тағы да тазалыққа дақ түсіртем бе?.. Анау қаншеңгел босатар ма мені?.. *(шишасы, басытқысы толы поднос көтеріп Ғазиз кіреді).*

Ғазиз *(подносты қойып, қағаз береді).* Мынада жазылғандарды екі-үш күнде тындырасың, Назико! Созуға болмайды. Жаттап алдың ба?

Нәзира. Иә, Ғазиз Құлтанович!

Ғазиз. Қайталап айтам, мен саған Ғазиз ғанамын! Қағазды әкел бері. Бұл тапсырманы сен білесің. Мен білем. Үшінші біреу білсе, су түбіне сен кетесің, Назико! Ал сен маған керексің әлі.

Нәзира. Қашанға дейін?

Ғазиз. "Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды тыяр едім" депті баяғыда бір қазақ, Назико! Назиком! *(құшақтайды).*

Нәзира *(күшпен босанып).* Ғазиз Құлтанович, болмайды бүгін... *(пауза).* Бұдан былай болмайды.

Ғазиз. Мөңкімексің, ә! Тапқансың ғой біреуді! Рас па?!

Нәзира. Иә-ә. Өтірік айта алмаймын, Ғазиз... Құлтанович.

Ғазиз. Жарайды, Нәзерке. Тек есіңде болсын! Егер анау сүмелегің... кешір, сүйіктің өзіңе лайық болмай шықса, ол да, сен де мүрдем кетесіңдер! Бұным - саған берген былайғы бостандығымның ақысы!

Нәзира. Рахмет, Ғазиз Құлтанович! Онда кілтімді де қалдырарсыз?..

Ғазиз. Мен сені анау бөлмедегі ұрғашылық міндетіңнен ғана босаттым. Сен бірақ өзіңе көрсеткен сенімнің жүзден бірін өтеген жоқсың.

Нәзира. Тапсырмаңыздың бәрін орындаймын. Сау болыңыз! *(Оң қолын жерге тигізе иіліп, реверанс жасайды).*

Ғазиз. Ат құйрығын кесем демексің, ә бикеш!.. Сенің мүсін-тұлғаң маған сондай ұнайтынын... әсіресе оң жақ төсіңдегі бидайдай меңді жақсы көретінімді ұмытқың келмек, ә!.. Қане, әлгі славяндық мадонна қимылын тағы бір қайталашы, Назико! *(Нәзира қозғалмайды).* Ә-ә, жарайды, сау бол. Менің министр һәм мемлекеттік қайраткер екенімді сен ұмытсаң да, қабылдауымды күткен шуылдақтар ұмытпайды. *(Кетеді).*

Нәзира. Мемлекеттік қайраткер... Жоқ! Мемлекеттік қылмыскерсің сен! Өн-бойыма у шашып кеткендей. *(Сырттан Өтеген кіреді).*

Өтеген. Нәзира! Нәзираш-ай!.. Бармысың?

Нәзира. Өтеген аға! Не болды? Түріңіз...

Өтеген. Бек-та-ас!.. Балам!.. Ұрып кетті! *(Жыламсырайды).*

Нәзира. Не дейсіз?! Кім! Қалай? Тірі ме, Өтеген аға?!

Өтеген. Нәзиражан! Шошымашы, қызым! Үрейленетін ештеңе жоқ.

Нәзира. Бектас қайда өзі?

Өтеген. Ауруханаға әкеткен...

Нәзира. Аурухана дейсіз бе? Жарақаты ауыр ма сонда? Аға, айтыңызшы, қай ауруханаға әкетті? *(Жылайды).*

Өтеген. Ой, Назираш, босама!.. Әрине, қаны тоқтамаған соң...

Нәзира. Қан?! Пышақтап кеткен ғой. Аға, тірі ме, Бектасым?

Өтеген. Аман, қызым, аман! Пышақтаған ешкім жоқ... Әлгі министрлігі бүгін де жұмыс бермепті... Түсте маған базарға келген...

Нәзира. Ой, аға, созбаңызшы сағыздай!..

Өтеген. Рэкетирлер дүрілдеп тұр ғой. Құдайдың құдіреті солар профессор шалға сондай өш. Тағы жармассын! Бектас ондайда шыдай ма. Бара айқасты. Бір-екеуді ол да ұшырды. Үш-төртеуі оны пергіледі.

Нәзира. Сіз ше?! Отырдыңыз ба қарап?

Өтеген. Неге отырам?! Біз жеткенше байғұсты сұлатып тастады ғой. Содан шекесінің қаны тоқтамай...

Нәзира. Шекесі деймісіз?.. Аға, қай ауруханаға әкетіп еді?

Өтеген. Нәзираш, не? Күйгелектеніп... қалалық орталық ауруханаға...

Нәзира. Кеттім! Есікті жаба салармысыз. *(Кетеді).*

Өтеген. Жаны ауырды-ау, бишара баланың. Жақсы көреді екен-ау Бектасты. Бектасты кім жек көрсін! Аңқылдаған аққөңіл ғой ол!

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Сол бөлме.Уақыт өткені музыкамен білінеді.Нәзира үй-ішін жинап, дастарханды жасап, гүл шоқтарын әр жерге қойған.

Нәзира. Бектас жатырқамас па екен... Көңілім біртүрлі бей-жай, аласұрған жүрек қобалжи береді... *(Өтеген кіреді).*

Өтеген. Сенің де есігің ашық тұр ғой, Нәзираш! Ақшаңды әкелдім.

Нәзира. Анда қоя салыңыз... Өтеген аға, бүгін Бектасты шығарады.

Өтеген. Айналайын-ай, рас па?! Әй, зымыраған уақыт-ай! Жарты ай да өте шығыпты-ау! Киімдерін жуып, өтектеп те қоймаппын.

Нәзира. Мен... мен, жаңа костюм мен жейде апарып бергем сестраға...

Өтеген. Оның жөн болған, Нәзираш! Онда қазан көтерейік, қызым!

Нәзира. Аға, қазанды көтеріп, дастарқанды міне даярлап та қойып ем. Сіз... сіз ренжімесеңіз... бүгін біздікінде болсақ бәріміз...

Өтеген. Дұрыс, қызым. Тойлаймыз. Бектасымның оралғанын... Нәзиражан... онда... мен шампан әкелейін.

Нәзира. Бар ғой бәрі де.

Өтеген. Жо-оқ, ол шампанды өзім әкеліп, өзім атпасам, көндім көншір ме. Қазір зонтигімді алайын. Мына ауа райы жасы келген қарияның көңіліндей босайды да тұрады, сорғалайды да тұрады. *(Кетеді).*

Нәзира. Бектас мені түсінер ме екен... Әлде суытар ма жүрегімді? *(Есіктен Бектас кіреді. Екеуі бір-біріне үнсіз қарап тұрады да, бір-біріне тұра ұмтылады).* Бектасым! Бегім!

Бектас. Нәзирам! Назым менің! Сені іздегенімді білсең! Енді таптым!

Нәзира. Сен емес, Бек, мен тапқан. Мен ғана! *(Жылайды).*

Бектас. Жылағаның қалай, Наз?

Нәзира. Қуанғаным болар. Бүгін сондай күн! Өтеген аға да қуанып...

Бектас. Аға қайда? Біздің есік жабық тұр ғой.

Нәзира. Келеді... Өзіңді уайымдап құр сүлдері жүр.

Бектас. Наз, ол... ол жалғыз. Жалғыз... Қиын ағаға, өте қиын.

Нәзира. Білем. Енді оның біздері бармыз.

Бектас. Біздері дедің бе? Иә! Бармыз біз!

Нәзира. Бармыз!.. Осы күнді сондай аңсаушы ем! Енді міне, өзің қасымдасың, Бектас. Қиялдағымнан да асып түстің.

Бектас. Неммен? Қалай?

Нәзира. Жан ымды ұқтың! Ештеңені қазбалаған жоқсың. Ал мен... мен.

Бектас. Керек емес! Сен - Назымсың! Нәзирамсың! *(Екеуі билеп сахна төріне кетеді. Өтеген кіреді).*

Өтеген *(Бектастың сөмкесін көріп).* Бектасым келген екен! Тапқан екен сыңарын! Бөлмейін қызықтарыңды. *(Шампанды атады. Үш ыдысқа құяды. Көтереді).* Мен... мен тілек арнайын екеуіңе, балаларым!

Бақыттты бол, Нәзира. Кеудеңе қадалған өкініш-өксік тікендерін жұлып таста. Өткендегі істеріңнен бет басып жиіркенген нәзік жаныңның тазалық іздеген мына ақтарылуымен қайтадан жаңғыр, қызым! Әйелді сүйген жар іздер. Сол бақилық қосағыңа тәңірдей табынар жанкештілігін тап, қызым!

Бақытты бол, Бектас! Қолыңа қонған құсыңды аялай біл, ардақтай біл! Ұрғашыны азаптар жан қысымына салма. Еркектің өзімшіл өркөкіректігінен аулақ бол, ұлым! Нәзираңның күнә-жаладан көз жасымен арылған бүгінгі жан-жүрегін жаралап алма, балам. Сонда сендердің сәуле шашқан бақыттарыңның шуағына мен де бөленем! Ұзағынан сүйіндірсін! *(Бокалын таусып, жерге бір ұрмақ болады да, үнсіз үстелге қойып, шығып кетеді. Екеуі оны естіп тұрған еді).*

Бектас. Қандай әдемі тілек! Айналайын Өтеген ағам! Дәл әкемдей... Бірақ жұмбақтағаны қалай?

Нәзира. Қазір жұмбақ шешіледі. Мен шешіп берем.

(Сахна төріне ақ шілтер түседі. Шілтерден әрі бір топ жастың алқын-жұлқын биі, қарқылдаған күлкісі. Су боп аққан шампан. Бірін-бірі жұлқылаған, бірін-бірі қуып ойнағандардың тарғыл дауыстары радиодан естіліп тұрады: "Ой, ты даешь, Назерке!" "Дулатик, жаным! Қыспашы!" "Ой, Назико, сен бүгін сондай сұлусың!Әсемсің!Мадоннасың!" "Да, нуты, Муратик! Вечно ты преувеличиваешь!" "Биле, Назико!". "Дай наш танец живота!". "Назеркеша, назло всем мамбейкам жалаңаш биле!", "О-о, мен ел бостандығын, ер бостандығын, жан бостандығын сондай сүйем! Одним словом мне надо во всем суверенитета! "Дуылдат, Санжарчик!" "Биле, Сәкіжан!" "Күйле, қыздар!"Арсы-гүрсі қимылдар бірте-бірте азайып жоғалады. Беріде үнсіз, қимылсыз Бектас пен Нәзира).

Нәзира. Көрдің бе?

Бектас. Көрдім. Ұмыт бәрін, Наз. Енді жақсылық қана күтелік.

Нәзира *(күрсініп, ендігі даусы бәлки радиодан жаңғырығып естілер).* Өткен істер ұмытылар ма?.. Жақсылық күткен алдымыздан өткеннің өкініші аттандап шықса ше? Қызғаныштың бықсық шоғы жүрегіңді қарыса қайтем, Бектасым? Дәл бүгінгідей еміренуді... елжіретуді бұрын сезбеп ем... Бүкіл ғұмырымды сенің жолыңа құрбан етуге дайын боп, түгел ашылған пейілімді танырмысың, Бектасым? *(Дауыс әлсіреп азайған сайын Нәзира сахна шетіне жылыстап кеткен. Әлдене уақытта шошып оянғандай Бектас тіл қатады).*

Бектас. Неге үнсіз қалдың, Наз? Сенің даусыңды сағындым! Өткенді еске түсірме. Олар жоқ енді. Біз ғана бармыз. Ақ, таза қағазға өмір жолының жаңа сүрлеуін салдық екеуміз. Оған өткеннің өксігін, арамын жолатпаймыз, Наз! Оған сен жауаптысың! Оған мен жауаптымын! *(Бір-біріне баяу бара жатыр).*

БЕСІНШІ СУРЕТ

Нәзираның пәтері, диванда Бектас. Қара көзілдірікті Ғазиз кіреді.

Ғазиз. Кеш жарық!

Бектас. Ә-ә... Сәлемат... Сіз кімсіз? Қалай кірдіңіз.

Ғазиз. Қонақ көрмеген ауылдың баласы болармысың. Бірден тергей жөнелдің-ау, Бектас.

Бектас. А-а, сіз мені білесіз бе?.. Жоғары шығыңыз!..

Ғазиз. Арнайы келгем, асықпаймын. Мә, мынау көрімдігіңе.

Бектас *(алмай).* Ненің көрімдігі, ағасы? Жұмбақтамаңыз.

Ғазиз. Жұмбақтамайын. Сен - күйеусің! Күшігісің бе, нағызысың ба, әйтеуір мынау дүние-мүліктің қожасысың!

Бектас. Салып қойыңыз долларыңызды қалтаңызға!

Ғазиз. Қайтқан малда қайыр бар... Інішек, босқа күйгелектенбе.

Бектас. Оны сізден сұрамаспын. Шаруаңызды айтыңыз.

Ғазиз. Шаруамды сен шеше алармысың? Кеуде көтергеніңмен байқаймын бетегеден де аласасың.

Бектас. Не демексіз?

Ғазиз. Ұйқы - арсыз, күлкі - арсыз, тамақ- арсыз. Рас, ә! Үйсіз, күйсіз халден құтылып, бай келіншектің бауырында жатырсың. Нағыз кайф!

Бектас. Онда жұмысыңыз болмасын.

Бектас. О-о, Бектас! Болғанда қандай жұмысым. Нәзира - менің үзеңгілесім һәм қаруласым! Соңғы кездерде ол қатарымда емес, көз ұшында қалды. Соған сен кінәлісің, Бектас!

Бектас. Қалай? Қайтіп? Түсінбедім...

Ғазиз. Сен Нәзирадан неше жас кішісің?

Бектас. Алты... жоқ... бес жас.

Ғазиз. Әйел отыздан асқан соң бес жасы он жасқа өседі. Он жас сенен кәрі болады ол.

Бектас. Мәселе жаста емес, махаббатта.

Ғазиз. Иә-иә! Білем. Бірақ мәңгілік махаббат жоқ. Сыр алғызбас сыйластық қана болады. Сен Нәзираны апа қыласың ба, әже қыласың ба, дәм-тұздарың жарасса, тұра бер. Бірақ сожительство дейтін бітеу-жараңды құрт. Заңды түрде қосыл! Әйтпесе ат құйрығын кес!

Бектас. Өйтпесем ше? *(“Батырды”ашып, құйып, ұсынады).*

Ғазиз. Рахмет. Алдымен Нәзираны аяймын. Ол ғажайып іскер. Әр нәрсенің орайын тапқыш. Қол-аяғын байлаудан босат. Сонсоң сені аяймын. Қайран жиырма беске дейін қамалып отырмай, дүниені былғап өт, дуылдатып өт! Сұлулардың қасына жамбастаудан жалықпа!

Бектас. Мен бүгін-ақ тамашалағанымды сүйіп, таңдағанымды киіп отырмын ғой. Сонда сіз менің талғамымды талақ етпексіз бе?

Ғазиз. Кешір, бауырым! Дау айтам. Пенде ештеңені таңдай алмайды. Таңдайтын да, талғайтын да - Тағдыр ғана! Сондықтан Нәзира екеуіңнің тағдырларың табыспайды һәм қабыспайды!

Бектас. Бәрін реттейтін адам бойындағы жауапкершілік! Имандылық!

Ғазиз. Шырақ! Қателестің тағы да. Адам бойындағы жауапкершілік туғызған қандай да бір гениальный шедевр туынды зұлымды мейірбан, қорқақты батыр еткен емес. Ете алмайды да!

Бектас. Сіз... сіз дүниеге күдікті көзбен қарайтын тәріздісіз. Ал адам!.. Әсіресе творчество адамы - құдірет! Ол жылатады! Жұбатады! Илантады!

Ғазиз. Сол құдіреттерің - жазушың, артисің бұрын Сталинге құдайдай табынған. Кеше Брежневтың былжырақ “Тыңын” жер-көкке сиғызбай мақтаған. Ал бүгін... енер есік, кірер тесік таппай, қор боп жүр шетінен. Таланған елдің, сатылған жердің зарын айтпақ түгіл, мұңын бөлісуге де жарамай, тайсақтап, жалтақтап күн кешуде. Сол ма құдіреттің? Бүгінгі күдіретті адам - ақшалы ғана! Лауазым да - құдірет емес. Лауазым - байлыққа бастар баспалдақ қана!

Бектас. Жоқ! Жұрттың бәрі тобыр емес. Өзгеден

өресі биік, межесі алыс, бағыты дұрыс индивидтерге сенем! Олар ақшаның құлы емес.

Ғазиз. Құлы! Онда да құлақ кесті құлы! Мынау сазан екеш сазан да шетелдікі. Бұрын Балқаштың сазаны әлемге әйгілі болған. Экологиялық індет Балқаштағы балықты ғана емес, адамзатты да жайлап барады.

Бектас. Ол індет елдің бәріне ортақ.

Ғазиз. Иә, бүкіл планеталық қасірет пен катаклизм жақындап келеді. Бірақ содан непременно қалталылар аман қалады! “Ақша!”, “Теңге!”, “Доллар!”, “Баксы!” - деу бүгінгі күннің жерігі қанбас талғағы!

Бектас. Жоқ! Катаклизм ертең жетер болса, бүгінгінің әдемілігі, тазалығы үшін, экологиялық індеттің болмауы үшін бүгін күресу керек!

Ғазиз. Пажалыста! Күресіңдер! Бірақ соған әлдәрмендерің бар ма? Мына сен, Бектас, үш айдан бері жұмыссыз жүрсің. Сонда қайтіп, қалай әдемілемексіңдер! Тазартпақсыңдар?

Бектас *(рюмкасын қағып сап).* Күресеміз... Қаптаған чиновниктермен де, жебірлермен де!..

Ғазиз. Ал, егер сені сол қаптаған шенеуниктердің бірінің жеке кабинетіне отырғызса, жеңіл машинасына мінгізсе, сұлу секретаршасы қызмет етсе... Қайтер едің? Сонда сен күресер ме едің?.. Ә-ә, үндемейсің. Әркімнің де өзімшіл арманы мол. Жылы-жұмсаққа тұмсық сұқпайтын бөрі де, пенде де болмас. Ал, осы ұсынысыма не дер едің?

Бектас. “Махаббаттың да асқазаны болады. Сүйіспеншілікті сақтау үшін оның асқазанын сыпалап толтыру қажет емес” дегенді бір жерден оқып ем... Ең керегі: шектен аспау һәм таспау.

Ғазиз. О-о, жоқ, Бектас! Қомағайлықты қайтіп тиярсың! Байдың құдай болам деуін қалай тоқтатарсың! Жетпіс жеті ұрпағына жетер қазына байлық жинаған үкімет басындағыларды білем. Соларды “Болдың! Толдың!” деп қойғызып көрші! Өзіңді қоса қылғытсын! Ендеше сен айтқан асқазанмен өлшенетін махаббат асқақ сезімнің садағасы кетсін!.. Мезіретіңе... ә-ә, коньягіңе рахмет, Бектас! Кел онда

(рюмкасын созады). Гүл нәрлі, әйел әрлі, -еркек арлы болуы үшін. *(Қағып салады. Сағатына қарап).* Әй келмес енді. Бұрын бұлай тосқызбайтын.

Бектас. Кімді айтасыз?

Ғазиз. Әріптесімді... Кешір, Назиконы! Нәзира ханумды... Айттым ғой қатарға ілесе алмайды... Әлде ілескісі келмейді... Сен, шалқайып жатып, әуеге түкіруді қой. Жұмыссыздық - жүйкеге жүк түсіреді, жігерге шідер салады. Күресу үшін де, еңсе көтеру керек. Чао! *(кетеді).*

Бектас *(теңселіп жүр).* Гүл нәрлі... еркек арлы... Не демек?Арсызсың дегені ме?Сожительствоңды құрт деді ғой. Наздың өзімді сүйетініне... адалдығына көзім жетті ғой... Ал мен ше... Сондай ұнатам... Әрі қызғанам. Қайда барды? Қайда жүрді? Неге кешікті? Оларды сұрамауым керек. Кешігуі көбейді. Әйел мен еркек кездескенде... Оңаша кездескенде... *(Столды жұдырығымен салып қалады).* Күшік күйеу!.. Тіпті сонысы да емеспін! *(Нәзира кіреді).*

Нәзира. Бек! *(Ұмтылып келгенде, Бектастың қолы кеудеден тіреп тоқтатады).* Бек?!Не?Не болды саған? Ренжіп тұрсың ғой.

Бектас. Нәзира, ақиқат жоқ жерде адалдық та болмайды.

Нәзира. Не дейсің, Бек? Ақиқат... Адалдық... Мен... мен түк те түсініп тұрғам жоқ. Өзің ренжулісің ғой, Бек.

Бектас. Әлгің кім?

Нәзира. Әлгің?! Қайсысы?

Бектас. Қайсысы деймісің? Көп екен ғой оларың!

Нәзира. Білмеймін кімді айтып тұрғаныңды.

Бектас. Есіктің кілтін кімдерге беріп қойып ең?

Нәзира *(Сылқ отыра кетеді).* Келіп кетті ме?

Бектас. Келді! Иә! Кетті! Иә! Сені тосты! Мені сөкті! Иә!

Нәзира. Кешіктім!..

Бектас. Иә, көп күткіздің сүйіктіңе! Көзін көгерттің!

Нәзира. Қателесесің, Бек! Ол сен ойлағаннан мүлде басқа адам! Басқа!

Бектас. Көрініп тұр басқа екені! Бөлек, ерек адам! Шаң жуытпайсың!

Нәзира. Мен оған жұмыс бабымен керекпін. Бүгін кездеспек едік...

Бектас. Онда өкпелеттің ол періңді. Мүмкін артынан қуып барып жуып-шаярсың!.. Көңілін аулап...

Нәзира. Бек! Ақыры айтып тындың... Өткеннің бықсығы қайта тұтанбайды дегенсің... Бірақ...

Бектас. Сен!.. Сен жұмбақ тірлік, жасырын кездесулеріңмен түтін салып жүрген жоқпысың?

Нәзира *(Дипломатка толы долларды көз алдына тосып).* Көрдің бе?

Бектас. Бұ не?!. Доллар ма? Не қылған доллар?!

Нәзира. Доллар!.. Әлгі сен көрген адамның доллары!

Бектас. Оның кім??

Нәзира. Ол - Ғазиз Құлтанович! Министр!

Бектас *(Сылқ отырып).* Министр! Осында келген... менімен жай адамша сөйлескен министр ме?! Рас па?!

Нәзира. Иә!.. Ақша - сонікі. Мен - оның айтқан жеріне барып, бейтаныс біреуден алып, әкеліп беруші ғанамын!

Бектас. Ғазиз Құлтанович!.. Бәсе, соншама неге тықсырды десем... Әрине, нұсқау беріп, ақыл айтып үйреніп қалған... Осында өзі келеді, ә... Сондай лауазым иесі... қатардағы біреудей... Елеусіз гана...

Нәзира. Құйшы!

Бектас. Ә,ә... су ма?

Нәзира. Коньяк! Аздап қана *(ішеді)* Лауазым!.. Алдымен адам болу керек. Озбыр! Озбыр ол! Обыр!

Бектас. Долларды Ғазиз Құлтановичке берді деймісің?.. Қандай көп!.. Мынаның бәрін өзі ала ма?! Санасам қайтеді, ә, Наз?

Нәзира. Қолыңды былғама, Бек! Қай бір таза ақша ол. Талайдың көз-жасы бар шығар.

Бектас. Енді санын білсе ғой... Мұншама долларды көруім осы!

Нәзира. Елу мың! Осымен үшінші рет апарам... Аналар неге береді? Ғазиз Құлтанович не үшін алады? Маған белгісіз... Бірақ қорқынышты... Бек, сен білмек болған Адалдық пен Ақиқат сыры осы! Бірақ арамдық арқылы ашылған сыр *(жылайды).*

Бектас *(құшақтап).* Неге жылайсың, Наз?

Нәзира. Өткеннің өткір тырнағы босатпайды... Босатпайды бізді... Тырнап отырады осылай...

Бектас. Жоқ, Назым! *(Кенет тіксіне, кейіи шегінеді).* Әлгің, мықтың... Министрің! Сенімен жиі кездесе ме?

Нәзира. Кездеседі.Анда-санда...

Бектас. Сонда... сенімен кездесіп... кездескенде... анау ше... сол болып тұра ма араларында?

Нәзира *(Атып тұрады).* Жоқ! Жасырмаймын, бұрын болатын. Өзіңді көргеннен бері оған үзілді-кесілді айтқам. Имандай шыным, Бек!..

Бектас. Назым! Осы тура мінезің-ақ жақсы! Бар, жуын! *(Осы соңғы екі сөз Нәзираны қайтадан бақытты, базарлы қыз кейпіне көшірді. Бектастың бетінен, көзінен... ерні тиген жерден сүйіп жатыр).*

Нәзира. Шәй қояйын!..*(Асүйге беттейді).*

Бектас. Наз, әлгі Ғазиз Құлтанович маған уәде бергендей боп кетті...

Нәзира. Не дейді?!. Не ғылған уәде?..

Бектас. Машинасы, жеке кабинеті бар жұмыс берсем... сен де көп чиновниктердің біріне айналасың дегені! Мені ол қайдан білсін.

Нәзира. Сонда... істегің келе ме? Берсе, істер ме едің, Бек?

Бектас. Оны кейін сөйлесейік... Наз, ЗАГС-ке отырайық...

Нәзира. Асықпайық, Бек...

Бектас. Қашанғы күтеміз?

Нәзира. Білмеймін. Махаббат сезімі жоғары... *(Асүйге кетеді).*

Бектас. Тағы бүлдірдім. Менікі үнемі келісім іздеу ғ,на... Шынымен күйіп - жануым аз-ау. Әй, мынау долларды не де болса ұстап... сипап... санап шығайыншы! Мүмкін мен де де ақшалы болармын...

Музыка

Қараңғылық.

АЛТЫНШЫ СУРЕТ

Базар. Қайнаған у-шулы тірлік. Бектас пен Өтеген бір шетте сөйлесіп тұр.

Бектас. Шаруаңызды, аға, кабинетімде-ақ айта бермедіңіз бе?

Өтеген. Бектасжан, мен сенің кабинетіңнен сондай қорқам. Бұрышғы бастық ысқырынып, маңайына ызғар шашып отыратын. Сен соның орнына барғанда әрі қуандым, әрі қорықтым.

Бектас. Неге, аға?

Өтеген. Базар бастығын сыйлайтындар аз. Қорқатындар көп. Қалт-құлт тірлік еткен қазағыңның ендігі үнем айырар жұмыс орны - осы базар ғана. Нәзиражанның арқасында өзің бастық болдың. Сыртыңнан сөз ергенін қаламаймын.

Бектас. Аға, енді шаруаңызды айтыңыз.

Өтеген. Ә,ә... Немере қарындасым... жұмыссыз қалып...

Бектас. Жарайды, аға. Ретін келтірейін.

Өтеген. Бектасжан, сенің өститініңді білгем... Олар орнымда отыр... Жүрші! Көңілдерін өзің жайлатшы, балам! *(Екеуі ілгері жылжиды).*

Дауыстар: - Ассалаумағалейкум, Беке!

- Есен-саумысыз, Бектас Мұқатович!
- Сіз... сіз көз жасымызды ие беріңіз осылай!
- Жағың түспей жамандық көрме, балам!
- Кер құла атты Кендебайым бола бер, ұлым!
- О-о, бұл біздің құрдас рэкетирлерге қырғидай тиді ғой!

(Екеуі Гүлшат пен Зәуренің қасына келеді).

Зәуре. Нағашы, мен сіз жоқта бір шалбарды сатып та үлгердім...*(.Бектасқа).* Сізге қандай түсі, қай фасоны керек?

Өтеген. Бұл ағаң - Бектас! Осы базардың бастығы. Менің өкіл балам!

Гүлшат. Ә-ә, есенбісің, шырағым...

Зәуре. Жап-жас бастық! Несі бар, маған нағашы болдыңыз онда.

Өтеген *(күліп).* Дұрыс айтады. Бектас, Зәуренің төл нағашысы боласың.

Зәуре. Маған осы мойны жуан нағашым жетіп жатыр.

Бектас *(әзілдеп).* Қырық серкешіңді қашан алсаң да дайынмын.

Зәуре. Қырық серкеш! Сонда жетеуі қайда?

Гүлшат *(күліп).* Бектастың айтып тұрғаны жиенінің нағашыдан алатын қырық серкеші. Сен, Зәуреш, әзірше бір-екеуімен қанағат ет.

Зәуре *(сықылықтап).* Ал мен... Анау қырықжеті - калымды... қалыңмалды айтып тұр ма десем... Әрине нағашым, калым бермейді...

Өтеген. Бектас, мынау - Гүлшат қарындасым... Зәуре жиен.

Бектас. Мен, аға, осы арадан орын беріп, товармен көмектесем. Көз қырын салам. Осыған келіссеңіздер...

Гүлшат *(ризалықпен).* Алдаразы болсын, Бектасжан. Көп жаса.

Өтеген. Оңалар бәрі, Гүлшат. Базар дегені болмаса, үнем айырарды табасың енді. Құдайға шүкір, баспанаң бар.

Зәуре. Ой, сол ескі баракка кіргелі милицияның көптігіне көзім жетті. Біздерге мықты-ақ. Анау көрші спецдомның біздерді мазақтап, тас лақтыратын тентек балаларына шамасы келмейді. Ал мен милиционер болсам, нағашымды да, анау тентектерді де... *(күледі).*

Гүлшат. Тентек шіркін болды енді күле бермей. Лекцияң қашан еді?

Бектас. Сонда сен мектепте емес, училищеде оқисың ба, Зәуретай!

Зәуре. Мен Ұлттық университеттің тарих факультетінің екінші курсының студенткасымын! Вот так!

Бектас. Қане,бері шықшы! Өзіңе дұрыстап қарайын.

Зәуре. Конкурс красоты жасаймысыз, нағашы. Міне, мен! *(Прилавкадан бері өтіп, аяғының ұшымен ерсілі-қарсылы жүреді).* Ұнадым ба, нағашы! Конкурсқа түсе алам ба?

Бектас. Түскенде қандай!

Дауыстар: - Ойбай! Тығыңдар! Қашыңдар! Милиция кеп қалды!

- Анау әлгі дікілдек қазақ! Нағыз жаналғыш Ысқақ!

- Оңайдағыны қақшып кететін қолы жүйрік. *(Жұрт апыр-топыр).*

Зәуре. Әу, милициядан неге қорқады бұлар?

Өтеген. Қараулықты көбінесе оылардың өздері жасайды!

Қыз. Кофе! Горячий кофе! Самса! Ыстық самса! Чебуреки!

Милиционер. Әй, тоқта! Саған айтам кофелі келіншек! Тоқта!

Қыз. Ал тоқтадық! Жай ма?

Милиционер. Құй! Екі стакан! Самсаңнан әкел! *(Қол салып алады).*

Қыз. Ойбай! Өзім!.. Бәрін ұстай бермеңіз. Шанышқымен...

Милиционер. Әй, сен разносчик заразы! Мені үйретпексің! Лицензиясыз тексерілмеген тамақ сатасың. Ауру жұққызасың. Қамап тастайын ба?

Қыз. Алыңыз... Тағы алыңыз!.. *(Милиционерлер кете береді).*

Бектас *(жақындап)*. Ақшасын төлеңіз!

Милиционер. Әй, сарыауыз! Жөніңе қайқай! Торлан, мынау мезгілсіз шақырған балапан әтештің төбесінен тоқ еткізші!

Дауыстар: - Әй, ол базар бастығы - Бектас!

- Өзің орныңнан ұшып кетіп жүрме!

- Көзінің еті өскен әбден!

- Қатын-қалашты тонап дәндеген!

Бектас. Ақшасын төлеңіз деймін.

Милиционер. Төлемесем ше?..

Бектас. Тал түсте тонағаныңыз үшін жаза аласыз!

Милиционер*(қарқылдап).*Сонда екі-үш самса үшін бе?

Бектас. Иә! Тартып алу - қылмыс! Қылмыстың үлкен-кішісі болмайды.

II **милиционер.** Әй, Ысқақ! Бұ кісінікі жөн. Мен төлейін.

Бектас. Сен, Ысқақ, бүгіннен бастап бұл базарда жұмыс істемейсің.

Милиционер. Неге? Не үшін? Бастықпын деп бақыра берме, бала! Көрермін әлі! *(кетеді).*

Дауыстар: - Айналайын-ай, өркенің өссін!

- Осы Ысқақ немесі қапшық-дорбамызды тартып ап, дедектетіп сүйретіп, әбден өлтіріп еді!

- Ой, ол жас келіншектерді әсіресе шырылдатқыш. Оңаша қамап, өзі солармен оңаша қалады.

Бектас. Гүлшат тәте, сіз, Өтеген ағамен қатар тұрып саудаңызды жасай беріңіз. Орныңыз осы ара. Ал, Зәуре, жүр апарып салайын оқуыңа.

Зәуре. О-о, машинаңыз да бар ма? Сіз, нағашы - настоящий клад! *(Екеуі жүре сөйлесіп кетеді).* Мен сондай қызығам машинаға! Шіркін, рульді ұстап, жүргізіп отырса ғой!

Бектас. Жүргізесің, Зәуретай! Өзім үйретем!

Зәуре. Нағашы... Бектас, білесіз бе, менің “Алые парусам” - “Мерседес” қой. Ох, соған жетсем!.. Қайда? Машинаңыз қайда?..

Бектас. Анау... газет киоскісінің қасындағы қара “Мерседес!”

Зәуре. “Мерседес!” Оля-ля! *(Жүгіріп кетеді).*

Бектас. Қандай әдемі! Қандай таза! Қандай пәк! Қандай мөлдір! Қырық жеті - қалың мал деді-ау! *(Жан-жағына қарап).* Ә-ә... қалың мал!..

Музыка

ЖЕТІНШІ СУРЕТ

Жаз. Бектас Зәуре оңаша. Екеуінің күлкісі.

Зәуре. Өләй, нағашы!Қапшағайға барғанымыз қандай жақсы болды.

Бектас. Сен мықты жүзесің, Зәуреш!

Зәуре. Да ну! Сізге жету қайда, нағашы!

Бектас. Қанша балық ұстадың!

Зәуре. Көп. Бүгін уха пісірем. Келесіз бе?

Бектас. Келем, Зәуретай!

Күз. Жапырақ сарғайып түсуде. Күлген Зәуре мен Бектас.

Зәуре. Ой, Медеу қандай әсем! Тағы барайық нағашы! Барамыз ба?

Бектас. Барамыз. Сен бүгін сондай әдемісің! Сондай әсемсің, Зәуретай!

Зәуре. Ой, нағашы! Адамды бекер ұялтасыз. *(Сақылдап күліп шығып кетеді. Артынан Бектас жүгіріп кетеді).*

Қыс. Жапалақтап қар жауған. Екеуі оңаша.

Зәуре. Қандай аппақ дүние! Аспан биік! Алатау асқақ. Төңірек тып-тыныш! Тап-таза!

Бектас. Ал сен... сен Зәуретай! Сен бар ғой!..

Зәуре. Иә! Мен кіммін, нағашы?

Бектас. Ал сен... сен - сол дүниенің кіндігісің!

Зәуре. Кіндік!.. Ну что ж... Сәл интимно. Но, келісуге болады. Ал тұтқасы кім дүниенің, нағашы-ау!

Бектас. Оны өзің тап, Зәуретай!

Зәуре. Таба алмасам ше? Ал оның басы бос болмаса ше, нағашы.

Бектас. Мені неге нағашы дей бересің, Зәуреш.

Зәуре. Нағашыны нағашы демей не дейді.

Бектас. Мен... мен саған басқа болғым келеді. Басқа!

Зәуре. Ой, қандай әппақ, аппақ дүние! *(Айқайлап тұра жүгіреді).* Сондай әппақ дүние! Былғағым келмейді, нағашы! Әппақ, әппақ дүние! Асқақтау, биік аспан! Кең дүние! *(Екеуі бірін-бірі қуып кетеді).*

Музыка

СЕГІЗІНШІ СУРЕТ

Қыс. Нәзира пәтерінде жалғыз. Айна алдында.

Нәзира. Мынау ақ шаш па?.. Бектас кешігуді көбейтті... Анау Зәуре деген қыздың қасынан шықпайды... Тағы бір ақ тал... Машинасынан түсірмейді. *(Есік қоңырауы. Барып Өтегенді ертіп келеді).*

Өтеген. Ақшаңды әкелдім... Көзің кіртиіп... сырқат емеспісің, қызым? Бектас келмеген бе?

Нәзира *(кемсеңдеп).* Күнде кеш келеді. Кеше залда жеке жатты.

Өтеген. Екеуің де кезінде асығыстық жасадыңдар. Әй жастар-ай!

Нәзира. Жиенім деп бір жап-жас қызды ертіп алған... Көзіме неге шөп салады! *(Жылап жібереді).*

Өтеген. Сендер күйіп-жануды бітпейтіндей көрдіңдер. Көңіліңе алма, Нәзира, сен Бектастың сүйіспеншілігін сатып алуға тырыстың.

Нәзира. Жұмыссыз қашанғы жүреді... Ғазиз Құлтанович орналассын деген соң... Машинаның да реті келе қойғаны.

Өтеген. Жо-оқ! Бұл заманда да кей нәрсенің ақшаға да сатылмайтынын ескермедің.

Нәзира. Рас, аға. Махаббатты сатып алуға болмайды екен.

Өтеген. Бектасты ақтамаймын. Көңілі ақ, жүрегі таза тәрізді еді. Оңай ақша бүлдіре ме деп қорқам. Оның үстіне тез еліктегіш.

Нәзира. Ақшаға... долларға қызыққыш.

Өтеген. Жігіттің тұрақтысы, әйелдің ұяттысы жақсы *(қолын сілтеп).* Еркектің құлпы - әйелі. Мінез-қылығымен, ар-назымен жарын иландыра білсе, еркек ит әйелдің айдауына жүретін жануары ғана. Ехе-хе.

Нәзира. Шәй құяйын аға.

Өтеген. Ішіп келдім... Шөп салды дедің көзіме... Адамды қаралау оңай, саралау қиын... Өзің бастамап па едің қылтың-сылтыңның бәрін.

Нәзира. Мен... мен Бектасты көргелі оның бәрін қойдым ғой. Мен тек жалғыз өзін сүйем ғой, аға.

Өтеген. Онда, Нәзира, күрес. Иландыр оны. Міне, ақшаң! Қыста, далада сауда жасаудан өтер азап жоқ... Белімді суық ұстап қапты. *(кетеді).*

Музыка

ТОҒЫЗЫНШЫ СУРЕТ

Қыс. Подъезд алдында Зәуре мен Бектас.

Зәуре. Білесіз бе, нағашы, біз Түркістанға барамыз.

Бектас. Мен саған Бектаспын! Онда не бар?

Зәуре. Пәлі, Бектас, сіз... сен онда не бар деп... Біздің группа факультет бойынша үздік. Сол себепті бес студентті каникулде Түркістан университетіне жіберді. Сіз, нағашы,... сен Бектас, неге қуанбайсың?

Бектас. Баратын сен, қалатын мен. Сен келгенше қайда сиям?

Зәуре *(Ұзақ қарап).* Ой!.. Оны мен ойламаппын. Бес күн... Мүмкін мен де сізді... сені сағынармын.

Бектас. Рас па, Зәуретай! Іздейтінің шын ба?

Зәуре. Бес-алты күн өте шығады. Жұмысың бар, Нәзира тәтей бар...

Бектас. Айтпа оны. Тәтең екеуміздікі басқа тірлік.

Зәуре. Мен сендерді түсінбеймін. Үйленбедім дейсің, бірге тұрасыңдар. Сүймейміз дейсің - бөлек кетпейсіңдер.

Бектас. Жо-оқ! Зәуретай, сен жақтырмай тұрсың. Жатырқап тұрсың!

Зәуре. Иә!.. Жатырқаймын да жақтырмаймын. Сүйіспеншілікті есепқорлық ауыстырса, ондай тірліктің несі қадірлі? Түсінбеймін.

Бектас. Сонда... сонда мен сені алдап жүрмін ғой, **ә?..**

Зәуре. Мен... мен Нәзира екеуіңнің араңа сына боп кірген шығармын.

Бектас. Ой, Зәуреш! Ұнату бар да, үздігу бар... Ал сен... Діңкемді мүлде құрытып біттің!

Зәуре. Жоқ, Бектас! Мен өзімді өзім сөгемін. Менікі де бітеу жаралы тірлік. Не күдер үзбеймін. Не күдер үзгізбеймін. Өзімшілдік махаббат емес.

Бектас. Солай де, Зәуре!.. Мен сендіре алмасам, сен сенбесең, онда өзің біл! Илантам деп текке қинамаймын. *(Бұрылып кете береді).*

Зәуре. Бала тәрізді әлі!.. Өкпелейді. Неге бір жағына шықпайды? Нәзираны бәрібір қимайды. Ал мен Нәзирамен таласпаймын. *(кетеді).*

Сахна айналғанда подъезде Бектасқа екеу кездеседі.

Уәйіс. Әу, күйеужан! Кеуделемей тоқта!

Бектас. Жігіттер, жай ма?

Сакс. Аздаған сәлемдеме беріп жіберіп еді, соны түгендеп ал.

Бектас. Кім? Кімнің сәлемдемесі?

Сакс. Оны алғанда сезесің! Мә! *(Құлақ шекеден қонжитады).*

Уәйіс *(Екінші жақтан соғады).* Мынау мен арқылы бергені! Жә, Сакс! Болды! Бесеуден аспасын деген. Әй, күйеужан енді бері құлақ сал! Тоқетері: Сен әйеліңнен, Нәзирадан жеріді деп естідік. Рас па?

Бектас. Жігіттер, өзгенің тірлігіне араласпаңдар босқа!

Сакс. Миын аузына түсірейін бе?

Уәйіс. Тоқта! Ал сен, күйеужан, от басыңның берекесін қашырма. Сәуріктенбе! Нәзираны ренжітсең, насыбайыңды шақшаңмен қоса отап тастаймын. Бұл - қорқыту емес. Сертім!

Бектас. Жо-жо-жоқ... Иә-ә-ә... Нәзираны-ы...

Уәйіс. Сонсоң анау тұмсығыңды тығып, сауырлап жүрген шүйкебасты... Зәурені лақша бауыздай салам!

Бектас. Әй... әй! Зәуреге тиіспеңдер! Тимеңдер!

Уәйіс. Бересің бе сертіңді? Неге үндемейсің?.. Сакс! *(Сакс ұратын жерді біледі. Құлақ шекеден тағы қонжитты).*

Бектас *(жасы моншақтап).* Бе-ре-ре-й-і-ін!..

Уәйіс. Осылай іш босатып жылап алғаның жақсы, күйеужан. Еркектің жылағаны - жер болғаны. Сакс, сен енді бұған қолыңды былғама. Абыройдан оп-оңай айрылғыш осал неме екен. Ал сен “енді сәуріктенбеймін, әйелімнен екі елі ажырамаймын” деп бізге уәдеңді бер!

Бектас. Жа-рай-ды-ы... бе-ер-ді-ім!..

Уәйіс. Жоқ! Оның ойын баласының оттағаны.

Сакс, сертін ал! *(Сакс суырған қанжардың үшкір ұшымен Бектастың көз алдында кірес сызып, маңдайын, мұрнын, иегін түртіп-түртіп өтіп, қанжарды өндіршекке тірей қояды. Қимылдаса, қорс етіп кіретіндей).*

Бектас. Өлтірмеңдер!.. Мен... мен әлі дүниеден еш қызық көргем... көргем жоқ... Өлтірмейсіңде-е-ер ме?..

Сакс. Бер сертіңді! Қане, қайтала: Сертті бұзсам сел ұрсын! Кер дауылды жел ұрсын! Жер тітіренткен көк ұрсын! Қанды қанжар кек ұрсын!

Бектас. ...Ке-ек ұ-ұр-сы-ын...

Уәйіс. Бұл туралы Нәзираға.. .әйеліңе ләм демейсің!

Бектас. Иә! Лә-әм демей-мі-ін!

Уәйіс. Бар жоғал, сүмірейме! Нағыз сүмелек ез екенсің!

(Май құйрықтан бір тебеді. Екеу кетеді. Бектас сүйретіліп үйге енеді. Сахна айналғанда Нәзира пәтерінде, ақсаңдаған, ерні көгерген Бектасты көріп жан даусы шығады).

Нәзира. Бектас! Ойпырмай, не болды, жаным? Амансың ба?

Бектас. Машина?..

Нәзира. Авариға түстің бе? Сүйегің сау ма, Бек? Сол машинаны сатып жіберші. Бекер-ақ әперген екем. Апырай, жаның аман қалғанын айт. Өзің қозғалшы былай, Бек! Атташы! Ойбай-ау, ақсайсың ғой!..

Бектас. Ештеңе жоқ, Наз! Жеңімді тартшы! *(Нәзира күрткені шешеді).*

Нәзира. Отыршы, Бек! *(Етіктерін шеше бастайды. Жүрелеген Нәзираның түймесі салынбаған халатынан ақ балтыры көрінеді).*

Бектас. Қандай әппақ!

Нәзира. Не? Немене, Бек?

Бектас. Саның-ай, Наз! Әппақ-ау! Сонау алғашқы түннен кейін дұрыстап қарамаппын да. Сен... сен сұлусың! Сондай сұлусың, Наз! *(Еңкейіп құшақтап).* Қайда жүрсің, Наз? Қазір қайдасың?

Нәзира. Осындамын. Өзіммен өзім ғанамын. Сөйлестік. Қойдық.

Бектас. Кіммен? Кіммен сөйлестің, Нәзира?

Нәзира. Өзіммен... Сенімен... Жыладық. Күлдік... Еске алдық. Күмілжідік... Қайта жыладым, Бек!..

Бектас. Мен ше... Мен де жыладым ба?

Нәзира. Сен... сен теріс қарап отырдың. Жаным жылады менің, Бек!..

Бектас. Ал мен ше?

Нәзира. Сен көп сөйлемедің. Мүмкін шүйіркелескің келмеген де шығар. Бір мезгіл күрсінген де жақсы.

Бектас. Наз, адам қарбаласы кейде түкке тұрғысыз. Бәрі өткінші! Төбеңнен әлдебір кірпіш оқыс түсіп кетсе, не әлдекімнің қанжары өндіршегіңе кірш қадалса - одан кейін қарбалас тірлік қажет емес... Ешқашан да... Сен өмірден мәңгілік жоғаласың. Ал, әлем өзгермейді! Жер мызғымайды! Неге, Наз? Біз болмасақ... мен болмасам - дүние бұрынғы қалпында неге қала береді?

Нәзира. Басқалар бар ғой... Адамзат...

Бектас. Адамзат... Ал мен ше?Лақтырып тастайтын мен тас емеспін ғой, Наз! Мен жоқ болсам, дүние-әлем неге жоғалмайды бірге?

Нәзира. Білмеймін... Адамзат бір ғана адам емес, Бек! *(Майсара басын көтереді. Көздері құп-құрғақ).* Жер адамсыз болмайды...

Бектас *(қатқыл).* Түймең үзіліпті...

Нәзира. Ә-ә... Не түйме? Қандай түйме?

Бектас. Халатыңның! Алдың ашылып кетіпті!

Нәзира *(Тұрып кетіп).* Ваннаға су құяйын. Жуынып ал. *(Кетеді. Есікті өз кілтімен ашып Ғазиз кіреді).*

Ғазиз. Кеш жары-ең!

Бектас. Сіз... қалай кірдіңіз? Сұраусыз... жосықсыз.

Ғазиз. Кілтпен аштым, аяғыммен ендім.

Бектас. Өз үйіңізге енгендей еркінсіз, ә...

Ғазиз. Өз үйім десем де болар, Бектас. Оған бола бүлінбе!

Бектас. Өктемдік жасап үйреніп қалғансыз.

Ғазиз. Жоқ! Өзімсінгенім бұл. Өзекке тепсем, өкпеңді түсірер ем. Шекеңнен ғана шерткіздім. Бес-ақ рет!

Бектас. Сіз! Сіз екенсіз ғой әлгілерді жұмсаған! Қандай сұрқиясыз!

Ғазиз. Аптықпа, Бектас! Бәрі сен үшін.

Бектас. Сонда... базарда отқа күйіп, алыпсатардың ортасында у жұтқан мен әлі де сенімсіз болғаным ғой.

Ғазиз. Әй, Бектас! Қалай өзгергенсің?

Бектас. Арамға ауыздандырған өзіңіз... Таяқ жеп тамақ асырай алмаймын енді. Миллиондап пайда кіргізіп, теңгелеп қана ұстайтын жуасың емеспін енді! Ешкімге құл бола алмаспын.

Ғазиз. Боласың! Болғызам әлі!

Бектас. Жоқ, Ғазиз Құлтанович! Мен өз үлесімді өзгеге күйсетпеймін. Мен енді басқанікін өзім асаймын! Өзім! Қазіргі өмір заңы осы!

Ғазиз. Сол үшін де тіреу мен сүйеніш керек.

Бектас. Сол сен бе? *(Қарқылдап күледі).* Неңмен тіреу боп, қай мықтылығыңмен сүйенішке жарайсың? Халықты сорғаның, елді қанағаның - мықтылығың ба? Жоқ!

Ғазиз. Тоқтат, сопляк!

Бектас. Тоқтамаспын енді! Қолыңды жалап, құйрығымды бұлғаңдатқам біраз. Бірақ сен менен де өткен қорқақсың! Енді сыбағанын, майлы тұсын өзім ғана асаймын. Өзім! Ол үшін өзімде жоқты өзгеден алам! *(Айқайлайды).* Нәзира! *(Нәзира келеді. Етігін киіп, курткасын жамылып).* Тәбетіңді ашатын төбетің келді. Сау бол, Нәзира! Төсегің суымайды менсіз де. Мынау үстіңдегі министрің бе, үстіңе мінгестірерің бе, босаттым осыған. Өзім де босадым! Сау бол!

Нәзира *(жылап).* Бе-ек! Мен ше? Кетпеші! *(Бектас кетеді).*

Ғазиз. Жә! Сұңқылдама! Сол сүмелекке бола соншама бүлінгенің не?

Нәзира. Иди ты к черту!

Ғазиз. Не? Немене? Сен кімге айқайлайсың, қаншық? Қарғыбауың қолымда екенін ұмытқанбысың?

Нәзира. Жауызсың! Бәрі сенің кесірің! Адамды қуыршақ қып ойнайсың! Жек көрем сені!

Ғазиз. Назико! Молчать!

Нәзира. Жо-ок! Маған өтпейді озбырлығың! Бектас! Тоқташы! Кетпеші!.. *(артынан кетеді).*

Ғазиз *(коньяк құйып).* Келесің! Қыңсылап ораласың ақ пуделім!

Музыка

ОНЫНШЫ СУРЕТ

Жаз. Нәзира жалғыз. Есік қоңырауы. Нәзира тұрып барып, жақ сүйегі сынған, бір көзі жабылған ұсқынсыз Ерболды ертіп келеді.

Ербол. Таныдың ба?

Нәзира. Сіз... сіз... Ой! Сен Ерболмысың! Ербол?!

Ербол. Иә, сүйіктім! Сен әрине, мені күткен жоқсың!

Нәзира. Иә! Мен... мен оны тапқам... Таптым сүйгенімді, Ербол!..

Ербол. Қосылып та қойдыңдар, иә?

Нәзира. Қосылдық десек те болады...

Ербол. Ол фрайерің қайда? Сынап берейін жақсылап по всем статьям.

Нәзира. Әй, Ербол! Сен... сен оған тиісуші болма! Жыртқышсың сен!

Ербол. Иә-ә... жан дауысың шықты-ау, Назираш! Значит, сүйесің сен оны. Но мен оны все-таки сынақтан өткізем дұрыстап.

Нәзира. Тиме оған! Маңайына жолама!

Ербол. Жо-оқ! Сендей русалка и анау-мынау... Ол саған во всех отношениях лайық болмаса, мен тағы бес жыл отыруға дайынмын!

Нәзира. Өтінем, Ербол! Екеуміздің арамыздағы бұрынғы жақындықты айтып өтінем. Тиме оған! Ол... ол менен кетіп қалған *(жылайды).*

Ербол. Вот как! Ал сен сүйесің, иә? Вот фрайер! Сендей періштеден безіп кетеді... Жоқ, Назираш! Сол үшін-ақ оның мұрнын бұзам!

Нәзира. Ербол! Жалынам! Тиіспе оған! Бекер арандайсың. Тағы да босқа сотталасың. Өтеген аға одан кейін тіпті сорлап қалады.

Ербол. Ә-ә, айтпақшы, менің ол шалым қалай? Тірі ме әлі?

Нәзира. Құр сүлдері... Сені сағынып бітті. Күні-түні ойлайды өзіңді...

Ербол. Ойлайды... Ал ол зонаға артымнан бір

келген жоқ! Да ну его! Так, Назираш, фрайеріңнің аты-жөнін ата!

Нәзира. Оны қайтесің?

Ербол. Өзім білем. Сенің анау замминистра тамырың әлі келіп тұра ма?.. Үндемейсің... Значит, келеді әлі. Менің соққым оған аз болған-ау. Да, ол төбетті сонда-ақ өлтіруім керек еді...

Нәзира. Отыршы... Сабыр етші, Ербол!

Ербол. Сабыр... сабыр! К черту сабыр! Тойымызды жасағалы отырғанда... Бәрі быт-шыт! Бүлдірген сол. Замминистра Ғазиз. Газзис!

Нәзира. Ол қазір министр! Вице-премьер!

Ербол. О сұрқия! Отауымызды ойрандады и еще министр! Сен сонда Ғазизды өліп-өшіп құштың, Нәзираш. Дәл тойымызда. Неге?

Нәзира. Білмеймін. Алдансам керек.

Ербол. Мүмкін алдағансың. Ладно, фрайеріңнің жөн-жобасын нұсқа!

Нәзира. Керек жоқ, Ербол. Оны көкең де жақсы көреді.

Ербол *(атып тұрып).*Ах, падла!Ол анау квартирант қой... Біздің шал хатқа жазған... Хоп! Ал, Назираш, маған от ворот поворот дейсің, ә... Иә, мен Ален Делон емеспін. Көзі аққан, беті қисайған пахан... Пахан ғанамын! Но саған сұқтануыма тиым сала алмайсың! *(Кетеді).*

Сахна айналады. Өтеген пәтері. Өтеген үнсіз кірген Ерболды көріп, аңтарылып тұрады да, тұра ұмтылады.

Өтеген. Ерболымбысың?! Ұлым!

Ербол *(Төсінен итеріп).* Тоқта, шал!

Өтеген. Құлыным-ау, сағындым ғой әбден!

Ербол. Сағынған адам іздеп келеді! Ал сен... Квартирантың қайда?

Өтеген. Кімді айтасың, балам-ау?

Ербол. Анау менің орнима сен ұл қылған жігітті!..

Өтеген. Ой, Бектас па?.. Ол бөлек тұрады. Пәтер сатып алған. Ол айналайын нағыз азамат!

Ербол. Азамат! Азамат! Ал мен сормын! Солай ма? Неге үндемейсің?

Өтеген. Байғұс балам-ау, дікілдемей отыршы! Шай қояйын!

Ербол. Жо-оқ! Арақ, арақ әкел, шал!

Өтеген. Енді ол да болар, балам. Өзің аман-есен оралған соң, аздап той-томалақ жасаймын ғой.

Ербол. Никаких той! Ақшаны босқа шашпайсың! Көп пе ақшаң, шал?

Өтеген. Ерболжан-ау, сен мені “көке” демеуші ме едің. Түйеден түскендей “шал” дегенің қалай?

Ербол. Мен енді көке-сөкені білмеймін. Рас, ты - мой предок! Сонымен бітеді бар заслугаң. Пока мен жұмыс тапқанша, мені асырайсың. Как предок ол сенің міндетің. Ал қазір маған бір жартыны әкел! Әйтпесе ақша бер, өзім барам.

Өтеген. Ерболжан-ау, сенен аяғанымды ит жесін. Өзің отыршы! Ең болмаса көз суарып біраз мауқымды басайын.

Ербол. Қысқарт, шал! Менің немді көрмексің! Әлде сен мазақ етесің бе түрімді! Ұсқынымды!

Өтеген. Сен маған барлық күйде да баламсың! Ерболжан!

Ербол. Сентиментализм қажет емес! Әкел ақшаңды!

Өтеген. Онда сен шай қоя бер. Мен-ақ барып келейін.

Ербол. Ну, нет! Сен менен әлден-ақ ақша аяйсың ә. Әкел бері!

Өтеген. Ерболжан, құлыным! Отыршы!

Ербол. Әкел дедім ғой саған! *(Жағасынан ұстап, барлық ақшасын сыпырып алады).* Ну, шал! Мынаның бәрін менен жасырғың келеді, ә!

Өтеген. Ерболжан, ол... ол - Нәзираның ақшасы. Мен соның тауарын сатам... ақшасын әлі өткізгем жоқ.

Ербол. Қыртпа, шал! Нәзира да маған борышты. Сол үшін отырғам! *(санайды).* О-о, біраз теңге! Мүмкін сенде доллар да бар шығар! *(Өтегенді қылғындыра буындырып, сілкілей бастайды).* Айт, қане!

Өтеген *(қырылдап).* Е-ер-бо-ол-жа-ан!..

Ербол. “Ерболжан” Немене ұлыңнан ақша аяйсың, ә?

Өтеген. Ө-өл-ді-ім!

Ербол. Ну что! Өл! Еще айтқысы келмейді? Қайда тықтың долларды? Қайда? *(Нәзира кіреді. Ерболды жұлып алып, жаққа тартады).*

Нәзира. Жауыз! Жендет! *(Сылқ түскен Өтегенді құшақтайды).* Сіз... Ойпырай, бірдеңе деңізші! Талып қалды ғой!.. Ербол! Тез! Скорыйға телефон соқ! Неғып тұрсың, жауыз! Өтеген аға! Өлмеңізші! Ағажан! *(жылайды).*

Музыка

ОН БІРІНШІ СУРЕТ

Жаз. Базар. Орнында Өтеген жоқ. Гүлшат тұр. 12-13 жасар бала қара көзілдірікті адамның сырнайына қосылып "Базарың құтты болсын!" әнін шырылдап айтып тұр. Бүгінгі базар бастығы - Уәйіс келеді.

Дауыстар: - Әй, шіркін базар бастығы болғалы. төбемізден түсер емес. Орын деп бір алады. Салық деп екі алады. Анаусы деп тағы алады. Бектас балам осыны орнына неге қойды екен?

- Бектас қаладағы бүкіл базардың қожасы боптығой. Ол да бүліне бастапты. Өзіне ыңғайлы адамды қояды әрине. Қарға қарғаның көзін...

- Жай, жай сөйле! Естіп қалмасын.

- О-о, Уәйіс мырза! Есенбісіз?..

Уәйіс. Армысыз деуге ауыздарың бармай ма? Ұлы Мұхтар Әуезов армысыз деп сәлемдесуді ұнатқан екен.

II адам. Уәйісжан-ау, кешір жарығым. Ауыз шіркінде қақпақ жоқ.

Уәйіс *(Гүлшатқа).* Сен, қатын, маған кіруді қойғанбысың?

Гүлшат. Бектасжан кірмей-ақ қой деген соң...

Уәйіс. Сен өйтіп Бектас, Бектас деуіңді доғар! Кім сол Бектасың?

(Осы кезде Зәуре мен Бектас келеді).

Бектас. Мен ол Бектасы!

Уәйіс *(сасқалақтап).* Ә-ә, Беке!.. Келем дегеніңізде өзім тосып алатын ем ғой. Офиске жүріңіз. Сусындаңыз!

Бектас. Сен, Уәйіс, жылпылдатпа өйтіп. Өтеген аға қайда екен?

Уәйіс. Екі күннен бері шықпапты.

Бектас. Жә! Гүлеке, қалайсыз?

Гүлшат. Шүкір. Үнем айырып жүрміз...

Зәуре. Мама-а!.. Ал сен Уәйіс, базарный босяк, мамама бұдан былай на пушечный выстрел жолама! Сені Бектас адам еткен!

Бектас. Зәуреша!.. Уәйіс, былай шығайық! *(екеуі оңашаланады).*

Гүлшат *(қызына).* Шашыңды жөндеткенбісің?

Зәуре. Мама, анау мастер мені студентка деп ернін шүйіреді. Халатының қалтасына 500 теңгені тастап кеп еп жіберіп ем! *(сыңғырлай күліп).* Бектас - нағыз психолог. Айтқаны келді. Толстушка мастер мені как королева обслуживать етті. Деньги, доллары - решают все.

Гүлшат. Өтеген нағашыңның жүрегі осал еді... Екі күннен бері жоқ.

Зәуре. Ә-ә, ауырады, қояды. Мама, мен право алдым!

Гүлшат. Қалай? Машина жүргізуді қашан үйреніп ең?

Зәуре. Ой мама! Баксы берсең, бәрін-бәрін сатып аласың. Все-все!

Гүлшат. Жүргізу білмейсің ғой.

Зәуре. Бектас үйретеді. *(Бектас келеді).*

Бектас. Зәуре, Өтеген аға ауруханада екен. Жүрегі дейді.

Гүлшат. Қашан түсіпті? Қай ауруханада?

Зәуре. Да ну, мама. Кім ауырмайды. Все болеют. Время: стресса нынче.

Бектас. Зәуре, сен бұрын қазақша әдемі сөйлеуші ең. Соңғы кездері орысшаны көп араластыратын болдың.

Зәуре. А я что, мамба тебе? Бізде мамбейки қазақша сөйлейді.

Бектас. Мамбейкаң кім?

Зәуре *(күліп).* Ой, Бектас! Они же аульчане! Ауыл қыздары!

Бектас. Ал сен оларды мазақтайсың, ә. Онда сен, Зәуре, мені де келемеж етерсің. Мен де ауылданмын!

Зәуре. Да ну тебя, Бека! Мен сені, ой, как обожаю! Прямо тілім жетпейді. Ой, анау Нәзира! Видимо, сені іздеп келеді!.. *(Нәзира келеді).*

Нәзира. Бектас! *(Өксиді).* Өтеген аға!.. Өтеген аға!..

Бектас. Не?! Өтеген ағаға не болды?.. Ойпырай не демексің, Нәзира?

Гүлшат. Айрылдым ба баурымнан?! Бәйтерегім құлады ма?

Нәзира. Өтеген аға қайтыс бопты, Бек!..

Бектас. Жүр, Нәзира! Зәуре, сен мамаңды... үйге апар. *(Кетеді).*

Сахна айналғанда Өтеген ағаның пәтері. Екеуі кіреді.

Нәзира. Өмір осы... Өте шығады... Бардың ба? Ауруханаға...

Бектас. Естігем жоқ қой.

Нәзира. Сені көп іздеді. Кеше қолымнан тас қып ұстап ап... Сені қайта-қайта сұрады. Өлерін сезген адам соңғы минутта не тілейді екен? Не айтқысы келеді екен? *(Өкіріп қоя береді).*

Бектас. Әй, Нәзира, қой, жи есіңді...

Нәзира. Қаншама өкініші өзегінде кетті екен... Не істейміз, Бек?..

Бектас. Баласына хабар бергіземіз.

Нәзира. Ол... Ерболы осында... келген. Өтеген ағаның... жүрегі шыдамады ғой. Дұрыстап жөнелтейік, ә... Айтпақшы документ салған сөмкесі біздікінде... менде... Бір ай бұрын тыққызып еді. Әкелейін. *(Кетеді).*

Бектас. Баяғы жұпар исі!.. Нәзира сондай сұлу! Әрі ақылды. Нағыз жарға лайық ару... Өз бөлмемде бауырыма бассам... еңсем биіктер еді! Қандай фигура! Зәуреден он есе артық! Ғажап! *(Нәзира кіреді).* Наз! Назерке-е! *(Қарсы ұмтылады.Нәзираның ашулы қарасы кілт тоқтатады).*

Нәзира. Мә, ашып көрші!

Бектас. Ә-ә, иә-иә! *(Кенет ыңыранады).* Наз... Нәзира! Ақша! Доллар!

Нәзира. Қанша? Санасаңшы!

Бектас *(санап).* Тура екі мың!

Нәзира. Тырнақтап жинағаны!..

Бектас. Ой, мынауысы... “завещание” депті. Ой! Сенер емеспін.

Нәзира *(Оқып шығып, Бектасқа тесіле қарайды).* Ұлынан да сені артық көрген. Мың долларды саған

қалдырған. Ал сен, Бектас, бақұлдасып та қалмадың. Аласың ба ақшасын?

Бектас. Өсиетін орындамауға... Баласына...

Нәзира. Жоқ! Басына белгі тұрғызасың, Бектас. Ерболға екі жүзі де жетеді. Мен сөмкені қойып келейін. *(кетеді).*

Бектас. Бүлдіре жаздадым. Денесі оттай ыстық-ау! Өзімнен бәрі. Нәзира алыстап кеткен... Қандай сымбат! Қандай мүсін! Әй, Наз! Назерке! Ұрғашының көріктісісің-ау! Шынымен алыстағаның ба? Мен сені ұмыта алмаймын! Әлде қайта шақырсам ба? Келер ме? *(Есіктен Ербол кіреді).*

Ербол. Ей, сен кімсің? Қалай кірдің?

Бектас. Адаммын. Өзіңіз кімсіз?

Ербол. Адам. Адам жоқ бүгінде. Или жыртқыш! Или жемтік! Ал мен... Тоқта-тоқта! Сен - Бектассың?! Да?!

Бектас. Иә! Ал сен сонда Ерболсың ғой?

Ербол *(тура атылып).* Ах падла! Ақыры түстің қолыма!

Бектас *(шалт қимылдап, Ерболдың қолын қайырып, дұрс жығып, тізерлеп басады).* Уәйістен бекер сабақ алып жүргем жоқ. Мен сен сілімтікке самбоның, таеквонданың барлық әдісін көрсетем, ақымақ!

Ербол. Ой-ой, қолым! Болды, болды, ағасы! Мен енді прямиком ғұмыр бойы сенің етегіңді сүюшіңмін. Жібер, ағасы!

Бектас. Мен саған аға емеспін. А ты падло, құйрығын бұтына тыққан дүрегей ғанасың! *(Тұрады. Ербол тұрып, қолын уқалайды).*

Ербол. Оказывается сен, Бектас, крутой! Все! Сен - жендің! И так, ты - пахан для меня! Ал мен отныне и навсегда твой оруженосец!

Бектас. Онда былай, Ербол. Көкеңді ақтық жолына дұрыстап шығарып саламыз. Мынау - екі мың доллар әкеңнің жинағаны. Екі жүзі саған тиеді. Қалғанын Өтеген ағаға жұмсаймыз.

Ербол. О-о! Хоп! Үш жүз берсең - үш есе қуанам! *(Нәзира кіреді).* Ә, Нәзираш! Кел! Біз Бектас екеуміз...

Нәзира. Не істедің сен?! Оған сен... сен... қарақшы!..

Ербол. Не істеймін. Келістік. Старикашканы аттандырамыз.

Бектас. Жә, іске кіріселік. Нәзира, Кеңсай» зиратын, асхананы мен мойныма алам. Транспортты өзің қамда.

Нәзира. Мешіт, молда ше?

Бектас. Керек емес. Өтеген аға атеист болған.

Ербол. Мечеть! Хи-хи! Мой предок и мечеть! Несовместимо!

Бектас. Міне Өтеген ағаның тәрбиесінің түрі! Ал, сен, Нәзира, жыраны алақанмен жаппақ боласың.

Нәзира. Қателескен сен ғана, Бектас! Мен сені мүлде түсінбеймін. Өзгергенсің. Адам танымастай өзгергенсің! Қандай кішіпейіл, қандай аққөңіл едің! Өтеген ағаны әкеңдей көруші едің... Ал енді сен ақшаға... атаққа құмарсың. Ал Өтеген аға еш өзгерген емес. Нағыз адам болған! Нағыз адам боп қалды. Мешіттен молда шақыртам!

Ербол. Ну да, непременно молда шақырту керек. Адамға, адам қалай еді, ә-ә, бауыр. Вот кредо моего пахана - предка.

Бектас. “Адам адамға - бауыр”. Тапқан екенсің бауырды. Ғазизға не Уәйіске жолықшы! Сол бауырларың қабырғаңды сөгіп, бауырыңды жұлып ап, итке тастасын.

Ербол. А что, олар сөйтеді...

Бектас. Қателескен сенсің, Нәзира! Сенсің, Ербол! Сендер өмірді білмейсіңдер. Тірлік дегенің - жезөкше қаншық! Біреуді ол біреуге теліп, біреудің күнін біреуге түсіруге шебер. Ал бүгін аяқ астындағы адамың аспанға шырқап, төбеңдегі әкімің төмендеп жататыны әдетке айналды. Сондықтан да сәл құбылудан, Нәзира, ешқандай зиян жоқ. Керек жерінде қолында билігі бардың алақанын алдымен ал. Лауазымы жоғарымен иық салыстырма, кішірейе сал. Бойы да, ойы да аласа болғанымен биік отырғанның сесі күшті. Иілгенді, бүгілгенді, елпілдегенді, жалпылдағанды, бас изегеніңді, қол қусырғаныңды ғана қалайды. Сонсоң қойны-қонышын сый-сыяпатпен толтыр! Есік-тесігін доллармен тығында! Әйтпесе жабыла талап, жабыла қуалап, қоңыз тергізіп жібереді.

Ербол. Ох, курский соловей! Но, рас! Бәрі рас! Голая правда! Долларсыз сен түк емессің. Нөльсің! Вот что скажу я вам.

Нәзира. Ой, Бектас, Бектас! Сен былтыр бұлай айтпайтынсың... Сен... сен халыққа тобыр деп қарайсың.

Бектас. Өзің ше? Мені ауыздандырған кім еді, Наз?

Нәзира. Жоқ! Елдің бәрі иілгіш-бүгілгіш, жарамсақ-жартыкеш емес. Өйтетіндер әкімсымақтар! Мансапқорлар!

Ербол. А ты-то, Назираш, сама не такая?

Нәзира. Білмеймін. Бірақ топастық пен надандық өршігенін көріп жүрмін. Креслоларда шіренген білімсіздер мен негізсіздерден жиіркенем.

Бектас. Ал оларда байлық пен билік бар. Сонысымен тобырды табандата езгілеп, көпті топтың ыңғайына жығып береді. Ауызды ашып көр сонсоң. Демократияға қарсылық көрсетті деп темір тордың арғы жағынан сығалатсын!

Ербол. Ой! Құрысын темір торы! Оған бір түстің бе, ты уже букашка! Ты - изгой! Керек емес ол.

Нәзира. Бәрін жөндеуге болады. Ол үшін дүниеге адал көзбен қарау керек. Ең бастысы - мәдениетті арттыру, құрметтеу. Бар кезде де мәдениеттілікті алға шығарып отырса, сонда ғана қоғам мықты болады.

Бектас. Доғаралық диспутты. Мен Кеңсайға кеттім.

Нәзира. Көлікті дайындатам. Сен, Ербол, үйде бол. Телефонда...

Ербол. Хоп! Мен диспетчермін онда. *(Екеу кетеді).* Ал енді за упокой души покойного... ташлауға болады, әрине *(жартылықты целлофан қапшықтап алып, ашып, аузынан жұтады).* Конечно, шал - менің паханым! Туды и өлді! Аяймын... Бәрі из-за меня! Изгоя проклятого! *(Тағы жұтады, жылайды).* Ал мен ше?.. Түк қызық көргем жоқ. Нәзираш - менің қалыңдығым. И та Ғазиз... Газ-зистың құшағында қатын болды!.. Ал мен түрмеде шірідім... Зәр ішіп, қан құстым. Ех, пахан! Неге тудың сен? Мені неге тудырдың сен? Біз кімге керекпіз? Кімге? *(тағы жұтады).* Құдай да, үкімет те ұмытқан! Құрбанға шалған как безмолвных овечек... Біз... біз кімбіз?

Құлмыз! Саңырау, мылқау, соқыр құлмыз! *(тағы жұтады).* Ох, Ішімді өртеп кетті-ау! Ой, көке! Көкежаным! *(әндетеді).*

Көкем, көкем, көкем-ай!..
Қайдан табар екем-ай?..

(Басы сылқ түсіп, қор ете қалады).

Музыка

ОН ЕКІНШІ СУРЕТ

Базар. Соқыр сырнайшының қасында шырылдап ән салған бала. Нәзира базар аралап жүр. Уәйісті көреді.

Уәйіс. О-о! Сіз... Назерке!

Нәзира. Мен саған Нәзерке емеспін.

Уәйіс. Білем. Бірақ Ғазиз Құлтановичтың да Назеркесі и басқаның да Назы емессің.

Нәзира. Жетер! Орныңды біл, Уәйіс.

Уәйіс. Ой-ли! Маған да жете алмай қалып жүрме, бикеш.

Нәзира.Құдайыңды ұмытайын деген екенсің. Байқа.

Уәйіс. Ой, Нәзира! Енді қалжың ғой бәрі. Алма көңліңе.

Нәзира. Бекті... Бектасты көрмедің бе?..

Уәйіс. Жоқ! Ол бізді менсінбейді!..

Нәзира. Машинасы әне жерде тұр.

Уәйіс. Ә-ә!.. Ой, әне ол екеуі! Әнші баланың қасында. Біріне-бірі қандай жарасады, ә!

Нәзира *(ұмтыла беріп тоқтап).* Шаруам бар еді.

Уәйіс. Шақырып келейін бе?

Нәзира. Жоқ! Өзім. *(Ілгері жүреді. Бектас Нәзираны көрді ме, көрмеді ме, базардан шығып кетеді).* Зәуре!

Зәуре *(ұзақ қарайды).* Нәзира!.. Жай ма?

Нәзира. Бектас керек еді.

Зәуре. Бектас басқаға да керек болса ше?

Нәзира. Ә-ә... басқаға ма? Менікі шаруа жайы.

Зәуре. Сол шаруаларыңды тыйсаңдар... бәрімізге де жақсы болар еді.

Нәзира. Қызғанамысың, Зәуре.

Зәуре. Қасымда ғой. Менімен бірге. Несін қызғанам.

Нәзира. Даусың қаттырақ шыққаны қалай?

Зәуре. Сыбырласам да, шыңғырсам да шылбыры қолымда ғой. Ал сен... бекер іздейсің. Бекер әуреленесің. Чао, Назираш. *(Кетеді).*

Музыка

ОН ҮШІНШІ СУРЕТ

Ғазиздың дачасы әлде вилласы. Нәзира мен Ғазиз. Нәзира қызулау, шашы дудырап кеткен.

Нәзира. Сен... сен ән салмайсың, ә?.. Құшақтама! Не надо!

Ғазиз. Күн өткен сайын құлпырып барасың, Назико! Сағаң, сірә, бойдақтық жарасады. Бектас мүлде оралмай кетті, ә?

Нәзира. Айтпа, керек емес, Ғазиз Құлтанович!

Ғазиз. Мен - Ғазизбын! Ал сен - Назикомсың! Өзімдікісің!

Нәзира. Ал сені, Ғазиз, бірмойын, талтақ әйелің маған қия ма?

Ғазиз. Ой, естіп қалмасын! Ойбай-ау, ол шіркінің анау жер құдайының немере қарындасы. Жо-оқ арандатпа өйтіп!

Нәзира. И ты, Брут!.. Құй! Коньякты да аяйсың, Газ-зис!

Ғазиз. Әй, Газ-зисың не?.. Мен бұл кличканы жақтырмаймын! *(Құяды).* Айтпа оны. Мә, сүңгіп өл!

Нәзира. Бәріңе назло ішем! *(Жұтады).* Сен әйеліңді, Бектас Зәурені қимайды. *(Рюмканы жерге ұрады).* Сен мені осылай сындырған! Сен, Газ-зис! Барлық пәле еркектерден. Тұлабойыңды тіміскілейді. Көзімен шешіндіреді! Көзімен аймалайды. Сипалайды. Айғырлар! Бұқалар! Буралар!

Нәзира. Ой, Назико! Сен... сен қызып қапсың! Мүмкін анау бөлмеге... Сәл дамылдасаң... Дем алсаң, ә?!.

Нәзира. Жоқ, Газ-зис! Ол бөлмеге енді ешқашан

бармаймын! Сен... сен де әукесі салбыраған еркек қанасың. Саған мен енді уақытша ермек болмаймын... Болмаймын!

Ғазиз. Неге, Назико! Мен сені сүйем ғой, жаным!

Нәзира. Сүйсең - давай қосыл маған! Развод - талтағыңа!

Ғазиз. Әй, ой! Нәзекесі! Бас жаққа... Өйтсем - мойным үзіледі!

Нәзира. Үй, куборбай! Бектас сендей емес. Мен... мен оны сондай ұнатам! Ал ол Зәуреге кетті!.. Әрине ол жап-жас... Бүгін көрдім... Біріне-бірі лайық... Мен жыладым... Сен, Газ-зис түсінбейсің әйелдің жаны езілгенін. Сен әйеліңнің етегінен қос қолдап ұстап алғансың. Жоқ! Жатпаймыз енді сен екеуміз! Мен кетем!.. К черту все!

Ғазиз. Ой, Назико! Кел, тағы бір көтеріп жіберелік сен үшін! Сұлулық үшін! Әйелдер үшін!

Нәзира. Сенің сұмпайың үшін де ме?.. Мен оған... мен оған айтам бәрін, ол талтаққа! Бектас маған оралмайтын болса, онда, Газ-зис мен сені ешқайда жібермеймін! Вот так! *(ішеді).*

Ғазиз. О-о, енді жүрші!.. Басқа бөлмеге... Жо-жоқ, жатпаймыз! Жоламаймын!.. Өзің сәл қисайшы!.. *(Алып кетіп, жалғыз отырады).* Ой, бәлекет! Әйеліме кездессе, бәрін бүлдіреді... Не істеу керек? *(пауза).* Әлде Бектасты қайта оралтам ба?.. Ол үшін оны Зәуреден айныту керек.. Сөйтейін! *(Қоңырау соғады. Сакс кіреді).* Осы сенің атың кім еді?

Сакс. Сакс! Ну, Сексенбай, Ғазиз Құлтанович!

Ғазиз. Былай ет, Сакс! Сен Зәурені білесің ғой...

Сакс. Анау шиборбай Бектастың шібиі ме?

Ғазиз. Соны дереу осында жеткіз!

Сакс. Мақұл, Ғазиз Құлтанович! *(Сакс кетеді. Нәзира шығады).*

Нәзира. Сен мені ұйықтатып тастамақсың, ә, Газ-зис!

Ғазиз *(Өзіне).* Мынау қалай тіріліп кетіп еді? *(Дауыстап).* Ой, Назико! Кел! Мен саған ән сап берем, ә!.. Жүрші, жақсылап шырқап берейін. *(Кетеді екеуі. Уақыт өткенін білдіретін хронометр дыбысы. Сакс пен Зәуре кіреді).*

Зәуре. Ой! Мынау настоящий дворец қой! Хоромы! Патша сарайы! Сен мені қайда әкелдің?

Сакс. Қазір білесің! Сәл шыда! *(Кетеді).*

Зәуре. Ғажайып! Мың бір түн! Жасаулы үстел! Бәрі дайын. Енді ханзада ғана жетпей тұр. *(Атлас пиджактың төс қалтасына қызыл жібек орамалды желбіреті төккен, ақ жейдеге қызыл бабочка таққан, қолында әсем тростигі бар Ғазиз кіреді. Зәуре орнынан атып тұрады).*

Ғазиз. Сәлематпысыз, қарындас!

Зәуре. С... с... сә-ә-ле-ем... Есе-ен-бі-сіз...

Ғазиз. Қош келдіңіз, Зәуре! Отырыңыз.

Зәуре. Мен... сізді танымай... Бектас тез жет дегенге...

Ғазиз. Ә-ә... Ол жоқ мұнда!.. Шақыртқан - мен.

Зәуре. Сізді телевизордан көрем ылғи. Сіз - Ғазиз Құлтановичсыз?!.

Ғазиз. Мені Ғазиз десең болады, Зәуреш!

Зәуре. Сіздей биік лауазымды адаммен бірінші кездесуім... Жүрегім дүрс-дүрс... дүрс-дүрс!..

Ғазиз. А-а, жүрек дүрсілдегені дұрыс, Зәуретай! Жүрек дүрсілдесе, ол бірдеме сезеді. Ал мен саған, Зәуретай, тек қуаныш қана сыйлаймын!

Зәуре. Бәрібір, жүрексінем, аға...ә... Ғазиз Құлтанович... Ой! Бүлдірдім бе?!.

Ғазиз *(күліп).* Ештеңе емес. Үйренесің, Зәуретай! Қане, танысқанымызды жуып жіберелік! *(Коньяк құйып).* Кел, Зәуреш! Сен үшін!

Зәуре. Таныстық үшін! *(Екеуі ішеді).* Әлгінде қатты қорықтым.

Ғазиз. Неге, Зәуреш? Менен бе?

Зәуре. Жоқ! Мынандай хоромда... ну, әсем виллада мені кім тосады деп... Ал енді бір ғана сәтте сізді бұрыннан білетіндей еркіндік сезінем...

Ғазиз. Ол адамның өзіне байланысты, Зәуретай! Ал мен сені бұрыннан... көптен білем.

Зәуре. Көптен деймісіз... қалай?

Ғазиз. Құлаған көңіл, ауған ықыласты неге? Қалай? деп түсіндіру қиын-ау... Алғаш өзіңді көрдім театрда - көлеңкеңді де аңсадым. Көрдім - келбетің көз алдымда тұрды да қойды. Бүгін ақыры кездестік.

Зәуре *(аң-таң, әрі разы).* Солай деңіз!.. Сонда министр де...

Ғазиз. Адамды дәрежесімен өлшемейді, Зәуретай. Адам адамгершілігімен асқақтайды. Лауазым да қолдың кірі тәрізді. Тізгін ұстап - таққа мінсең - бітеді. Тақтан ұшсаң - кетеді. Мәселе - адамның өзінде. Өзегінде. Сүйсе - өліп-өшсін! Жек көрсе - ат құйрығын кессін!

Зәуре. Ой, Ғазиз Құл... Ой, Ғазиз! Қалай әдемі айттыңыз. Вот эта истина! Сүйдің бе - жан-тәніңмен беріл! Ой! Қандай ғажайып! Қиял! Фантастика! Мен... мен сізді біртүрлі жақсы көріп барам, Ғазиз аға... Ой, тағы бүлдірдім!..

Ғазиз. Үйренесің, Зәуреш! Сені үнемі қасымнан көргім келеді... Мүмкін кеңсеме... секретарша әлде басқа қызметке алсам... А-а, Зәуреша!

Зәуре. Мен студенткамын әлі...

Ғазиз. Ол оңай! Сырттай жалғастырасың оқуды. Кел,осы ойымыз іске асуы үшін!*(Екеуі рюмка қағысып ішеді)*

Зәуре. Шіркін, менің осы отырғанымды Шурик, Нурик, Муриктер көрсе ғой! И подругаларым!

Ғазиз. Нурик, Шуриктерің кім, Зәуретай?

Зәуре. Мурик, Нуриктер анау спецдомдағы дөкейлердің есерсоқ балалары... Ой, ол үйде Сіз де тұрасыз...

Ғазиз. Иә, біледі екенсің ғой...

Зәуре. Көргем... Машинаға мініп жатқаныңызда... Мен... мен сол үйдің ауласындағы анау ескі бараста тұрам.

Ғазиз. Енді сен, Зәуретай, өз пәтеріңде тұрасың. *(Қалтасынан кілт алып, ұстатады).* Міне, кілтің!

Зәуре. Ой, Ғазиз! Ғазизчик! Ты - просто чудо! Чародей!Маг!Всемогущий!*(Ұшып кеп құшақтап,сүйе жөнеледі).*

Ғазиз. Ох, жас исің-ай! Мас қыласың-ау кәрі кеудені!.. Тыпырлаттың-ау шұрқ-тесік жүректі!.. Жүрші, жаным! Жатын бөлмеге! Оңашаға!..

Зәуре. Ой, Ғазизчик! Ты - такой вкусненький! И сонсоң сондай величественный! Саған прямо қарсы

айту түгіл, бас шайқауға да болмайды. Мен сондай... бүгін сондай бақыттымын!..

Ғазиз. Жүрші, жаным! Болшы, Зәуретай, адамның емешесін үздірмей!.. Шыдай алар емеспін!..

Музыка. Қараңғылық

ОН ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Базар.Араласқан жұрт,арпалысқан тірлік.Сатушы көп. Сатып алушы аз. Су сатып жүрген кішкентай қара домалақ қазақ балалары.

І Бала. Су алыңдар! Мұздай су! Жарылмаған қыздай су! Мұздай су!

ІІ Бала.

Кока-кола! Қапшық тола!
Шөл қандырар. Қане, тала!

(12-13 жасар бала көзілдірікті ескі сырнайлы көкесінің қасында шырылдап әнге басып тұр)

Әнші бала. Базарың құтты болсын, туған елім, Қайғысын көз жасымен жуған елім!.. *(Жұрт кенет дүрлігісіп қалады).*

Дауыстар. - Әй, байқаңдар! Абай болыңдар! Келе жатыр!..

- Е-е, Бектас қой ол өзіміздің!
- Ой, бұның да бұзылып алған әбден.
- Иә, бәтшағар! Еңбексіз келген ақша еңбек оймай қоймайды. Еңбегі ойылған адамның миы ағып кететіні анық.
- Жай! Жай сөйлеңдер! Бәлесінен аулақ!

(Бектас,Ербол екеуі Гүлшаттың қасына тоқтайды)

Гүлшат *(қайта-қайта бас изеп).* Есенбісің, Бектасжан!

Бектас. Апа, Зәуре қайда?

Гүлшат. Өзің білесің де... мен қайдан білем.

Бектас. Ербол, сен Уәйістен әлгіндегіні алып кел! *(Ербол кетеді)* Зәуре жоқ! Екі күн келмегеніне. Қызыңыз мүлде өзгеріп барады.

Гүлшат. Дәм-тұздарың жарассын деп тәңірге жалбарынғаннан басқа не істермін... Мынау бұзылған заман ниетін бұзды ма әлде...

Бектас. Келсе менімен хабарлассын.

Гүлшат. Айтайын, балам... *(оңға қарап).* Ой, күнім! Әне, келе жатыр!..

Зәуре *(арсаңдап жетіп, анасын құшақтайды, Бектасты елемейді де).* Мама, құттықтаймын!

Гүлшат. Немен, қызым?

Зәуре. Пәтеріммен! Пәтерімізбен! Міне, кілті!

Гүлшат *(тіксініп).* Не қылған кілт? Қалай алдың?

Зәуре. Ой, мама! Тоқетері: Харон Рашид халифаны кездестірдім!

Бектас *(тамағын кенеп).* М-м... Ол халифаң кім екен?

Зәуре *(енді көргендей).* Ә-ә, Бектас нағашы... Сен тұр ма едің?

Бектас. Бүгін өзің мүлде басқа боп кетіпсің. Көзіңе түк көрінбейді.

Зәуре. Көретінін көреді. Көрмейтінін көрмейді.

Бектас. Сонда көргісі келмейтіні мен бе?

Зәуре. Солай болуы да!

Бектас *(қолынан шап беріп).* Жүр! Былай шығып сөйлесеміз.

Зәуре. Мама, сені өзім апарам жаңа пәтерге. Чао! *(Екеуі оңаша жерде)* Ал терге! Мен дайынмын.

Бектас. Қайда жүрсің, Зәуре?

Зәуре. Жолымыз айрылғанына мен кінәлі емеспін. Мүмкін тағдырдың жазуы солай шығар...

Бектас. Жерідім де.

Зәуре. Жоқ! Бірақ басқаны кездестірдім!

Бектас. Арманыңмен арманым сабақтаспап па еді?

Зәуре. Ой, Бектас! Сондай сылдырсөздің қажеті қанша?

Бектас. Қажет! Мен... мен анау сонау... биікке көтеретін кесек мақсатқа қол созғам. Соны сенімен бірге алмақ болтам, Зәуре!

Зәуре. Бәрі - бос тырбандау тана. Шат айрылып, сан салдырап жер ортаға жетпей, омақа ассақ, қайтер едік?

Бектас. Сонда не... ұмтылмау керек пе?

Зәуре. Қолың жетпеске құлаш созғанда не өнеді?

Тәнді тұғырға қондыру үшін жанды құрбан ету қажет шығар, ә?..

Бектас. Не демексің, Зәуре? Осы сен екі күн қайда жоғалдың? Кімді кездестірдің?

Зәуре. Ех, Бектас! Сен тақуа болам деп бәрінен айрылдың! Менен де...

Бектас. Сенен? Неге?..

Зәуре. "Алтынды - жерден, ақиқатты қайғы мен шерден табады" дегенді қалайсың сен, Бек.

Бектас. Сонда арды тәнге құрбан ғып шалу керек пе?

Зәуре. Иә! Мен сен құсап қасірет шегіп ақиқатқа жеткеннен гөрі, қызыққа кенеліп, күнәға батқанды артық көрдім...

Бектас. Сен... сен!.. Жұлынған гүлсің ғой сонда?!! Жұлынған... жұлғызған гүл!.. Сөлінен айрылып солған, нәрінен айрылып семген гүл.

Зәуре.*(шырқырай).* Иә! Жұлындым! Бәрі сенің кесірің! Сенің тұрақты күнің, тұрлаулы сөзің жоқ, Бектас! Мен сені қорған көріп, пана тұтқам. Ал сен... көрсеқызарсың! Қара басыңның ғана құлысың! Өтеген аға өлгенде Назираны көрдің де нілдей бұзылдың! Жауызсың сен, жыртқышсың! Сен... сен мені алдап шақыртқан!

Бектас. Не деп тұрсың? Қайда шақырттым?..

Зәуре. Сакста жұмсаған сен! Бектас тез келсін деген соң... Бармас па едім әйтпесе *(жылап).* Сен - жыртқышсың!

Бектас. Қайда бармас ең? Сакс сені кімге апарды?

Зәуре. Білесің... Мені Ғазиз Құлтановичқа итеріп тастап, өзің Нәзираға...

Бектас *(жұлқып қап).* Ғазиз ба?!. Сол ма? Халифаң сол ғой?!

Зәуре. Ал, сол дейін! Онда не ғыласың?

Бектас.*(маңдайын тоқпақтап). Ах,* сұмырай! Ақыры кек қайтарды ол! Өкініш кеудемді қырнайды. Сарымайдай сақтағанымды!.. Жұлынған гүл!.. Жұлған Ғазиз!

Зәуре. Өкін, өкінбе, ал, мен таптым! Кіммен қарайсам, сонымен ағарам. Сен оған жолаушы болма! Бөгет жасама бізге! Чао! *(Кетеді).*

Бектас. Мәпелеп өсірген қызғалдағым! Жұпарынан айрылды... Енді мүлде жұпары болмайды. *(Ербол келеді)*

Ербол. Шеф! Алдым әлгіні.

Бектас. Ә-ә, Иә! Жүр, Ербол! Біз бүгін шоқ шайнап, от түкіреміз!

Ербол. О-о, оған мен дайынмын, мой предводитель! Әнеукүнгідей жасаймыз ғой, ә? *(Кетеді)*

Тағы да базар. Басқа базар. Кілең - қаракөз. Осыларды көктей өтіп, есігінде "директор " деген жазуы бар үй алдына Бектас пен Ербол тоқтайды. Ербол есікті теуіп ашады.

Ербол. Кіріңіз, шеф! Әне, күтіп отыр.

Сакс. Сендерге... Ә-ә... сіздер... жай жүрсіздер ме?

Ербол. Шеф, не ғып жүргенімізді білдірейін бе? *(Сакстыбүйірден ыңқ еткізеді).* Қонақ сыйлауды білмейді. Шіренуін!

Бектас. Тоқта, Ербол! *(Осы кезде бұрыла берген Ерболға Сакс қол көтереді. Ербол тарбиған саусақтарымен Сакстың бір уыс бетін бүріп алып, екінші жұдырығымен, төбеден соғып жібереді)*

Ербол. Қол көтермек! Ах, падла! Кобель кусачий! Қаңсылатам әлі!

Сакс. Кешіріңіз!..

Ербол. Ах, залым! Енді кешірім сұрамақ. Қане, жығыл! Сүй шефтің аяғынан ! *(Жұлқып қап шөкесіне түсіреді)* Сүй! *(Сакс - Сексенбай еңбектеп Бектастың аяғына жақындайды).*

Бектас. Тұр! *(Атып тұрған Сакстың шықшытынан періп).* Кім керінгенге қараңғы қалтарыста әлімжеттік жасама! Жасаушы болма!

Ербол. Шеф, сен бұрыннан білесің бе?

Бектас *(төбеден шынтақпен түйіп).* Соққан осылай болады Сакс-Сексенбай! Дүние - кезек! Отыр! Қағаз-қаламыңды ал!

Сакс *(қайта-қайта бас изеп).* Мынау қағаз жарай ма?

Бектас. Жаз осыған. "Қолхат" де. "Мен Паленшеев, фамилияңды көрсет, Куренидзе мырзадан алған жиырма төрт мың доллар қарызымды ай сайын екі мың доллардан..."

Сакс *(шар етіп).* Мен... мен қарыз алғам жоқ. Куренидзені білмеймін!

Бектас. Алғансың алмасаң да. Куренидзенің өкілетті өкілі мен! Жаз. "Ай сайын екі мың доллардан бір жылда қайтарамын. Және процентіне үстеме алты мың доллар төлеймін деп осы қолхатты беремін". Енді қолыңды қой. Бүгінгі датаны жаз.

Сакс. Тым көп қой!.. Аясаңшы, ағатай-ау!

Ербол. Ах, падла! Сен анау трудовой народты теспей сорасың! Еще бізден аяушылық күтесің! Жаныңды мұрныңнан сығып алам!

Бектас. Қане, Сакс-Сексенбай мырза, алғашқы взнос - екі мыңды және үстеме өсім алты мыңды дереу қолыма сал! Сонда сен біздің әрі қорғауымызға һәм қамқорлығымызға өтесің.

Сакс. Ал, базардан түсетін... өзіңізге берілетін үлес осының ішінде ме?

Бектас. Сен ақымақтанба! Ол ішкі тәртіп! Ол үлесті как миленький өзің әкеліп бұрынғыдай тапсырасың маған. Ол бөлек. Ал мынау салығым - менің саған әлімжеттік жасағаным! Желкеңе шыққаным!

Ербол. Рэкетирлік бұл в крупном масштабе!

Сакс. Жарайды... Ертең жеткізіп берем... Өзім.

Ербол. О, жоқ! Қазір тап!

Бектас. Ербол, аптықпа! Айтты-орындайды. Ал, Сакс-Сексенбай, саған Зәурені алдыртқан кім?

Сакс *(қипақтап).* Ол... ол... бас кететін шаруа. Айта алмаймын...

Бектас. Онда басың бүгін түннен қалмайды!

Сакс. Айтайын. Шақыртқан Fа-ға-зе-ке-ең!..

Ербол. Әй, сен осы Газ-зисты айтып тұрмысың? Ох, жауыз! Ол енді тағы бір бутонды үзген бе?

Бектас. Зәуренің менімен байланысы барын біле тұра, зұлымдық жасағаның үшін, қане он мың долларды дәл қазір алақаныма сал!

Сакс. Жоқ қой доллар... Әйтпесе...

Бектас. Ербол! *(Ербол тап береді)*

Сакс. Ой, тоқта! Ұмытыппын... Машина алам деген... аздаған тиын-тебен... Қазір. *(Столдың астында тоңқаңдап сәлден соң бір буманы ұсынады).* Тура он! Құдай-ай, машинасыз қалдым-ау!

Ербол. Вот, падла! Анау қыз абыройынан айрылған! Чувствуешь разницу потери? Саған қол жұмсау да жиіркеніште!..

Бектас. Есіңде болсын, Сакс, мен бұрынғы Бектас емеспін! Таптап кетем жолымда тұрсаң! *(Екеуі кетеді)*

Сакс. Әй, қан қаптырды-ау! Ну, Бектас ит! Сенің түбіңе жетпесем, кек ұрсын! Төбемдегі көк ұрсын! Көк ұрсын!

Музыка

ОН БЕСІНШІ СУРЕТ

Көше. Қолында дипломаты бар ‘Жас алаш” газетімен бетін желпіген. Бектас әлдекімді шыдамсыздана тосып тұр. Бір кезде қолында үш тал қалампыр гүлі (гвоздика) “Жас алашпен” желпініп Нәзира келе жатады. Бектас қарап қалған.

Бектас. Әй, сонда... Сонда Газ-зистың жіберген адамы - Нәзира ма? *(дауыстап)* Сәлем, Наз!

Нәзира *(о да аң-таң).* Сәлем Бек... Бектас! Ой, мен саған келгем бе?!

Бектас. Солай тәрізді. Гүл мен газет ұстаған белгімізге, келіскен уақыт пен кездескен жерімізге қарағанда екеумізді де Ғазиз жұмсаған болды... Міне, оның қала базарларынан ай сайын алар салығы - жүз мың!

Нәзира. Жәй, жай сөйле, Бектас! Аңдушы көз, тыңдаушы құлақ көп!

Бектас. Жүр, шығарып салайын. Мынамен жалғыз жібере алмаймын! *(Екеуі кетеді. Сахна айналғанда Нәзираның пәтері. Екеуі кіреді)*

Бектас. Наз!.. Көптен хабарласпай... Өзіңді әлгінде көргенде... Мен сені ұмыта алмайды екем, Наз!..

Нәзира. Тапочкаң өз орнында. Шай қояйын *(шығып кетеді)*

Бектас. Бұрынғысынан да сұлуланып кеткен... Ал мен ұмыта да алмаймын. Алыстап та кетпеймін... Неге?., *(кітап сөресінен өзінің үлкейтілген суретін алады)* Ох, Наз! Үлкейткен! Шіркін! Бауырыма басып баяғыдай құмарымды қандырсам! Көнер ме?.. Келдім

ғой... *(Нәзира кіреді).* Наз, мен сені сондай сағындым! Сен ше?..

Нәзира. Білмеймін. Жек көрем деп өтірік айтпаймын. Кейде іздеймін.

Бектас. Рас па?! *(құшақтай алады)* Назым! Өзімнің ғана мәңгілік сыңарым! *(Есік қоңырауы. Нәзира барып, Зәурені ертіп келеді).* Зәуре?!

Зәуре. Иә! Зәуремін! Соншама қорықтың ғой.

Бектас. Неге қорқайын. Өзің адасып жүргеннен саумысың?

Зәуре. Сені аңдудан аулақпын! Боссың, Бек! Нәзираға өзіңді басы бүтін бердім *(күледі).*

Бектас. Мүмкін мен сенен безген шығармын.

Зәуре. Солай-ақ болсын. Өйткені сенен әбден тойғам.

Бектас. Жоқ, Зәуре-е-еш! Мен саған жолаған емеспін. Оны өзің білесің. Ал бірақ сенің толғаның да, тойғаның да көрініп тұр. Ғазиз бастаған еркектер екеулеп, үшеулеп тойдырады әрине.

Зәуре. Иә, тойдым! И это не твоя забота! Нәзира! Мені саған распрекаснейший Ғазиз жұмсаған. Сендегі затты маған алып кел деген. Тез кетпесем, Бектас менімен тура әйелдерше салғыласайын деп тұр.

Бектас. Сен... сен шыбыш, ондай дөрекілігіңді анау ақша беріп, сені ойыншығына айналдырған кәрі теке - Газ-зисыңа жаса! Менің сенен жүрегім айниды, жүрегім!..

Зәуре. Жалт бердің бе! Сенде ұят жоқ, Бектас! Сен., сен ар-ұятты менен де бұрын көміп тастағансың! Қарғыс атсын сені! *(Бетіне түкіріп жібереді. Бектас атып тұрады)*

Нәзира. Бектас! Болды! Зәуреш, мә! Жүз мың! Доллар! Сақ болғайсың! *(Зәуре кетеді. Бектас ызалы)*

Бектас. Сен... сен, Наз, неге қолымды қағасың?

Нәзира. Жаны күйіп жүрген байғұсты соншама мұқатқаның қалай? Жазығы қанша еді?

Бектас. Бар жазығы... Оны өзі біледі.

Нәзира. Білмейді өзі. Зәуренің білері: Ғазиздың ойыншығы болып, кінәсіз күйрегені. Зәуренің білері: қанатын от шалғанда, қасынан су себер жанның табылмауы.

Бектас. Наз, қазіргі мынау қоғамда кешегі социализмнің адамгершілік, ізгілік, сыйластық дегендері өлген. Бүгінгінің талабы - басыңды тауға, тасқа соқсаң да көздеген мақсатыңа жетіп жығылу. Ілгері аттау үшін тірек керек болса, аяқ астында жатқан тасты да, басты да ажыратпастан басып өте бер!

Нәзира. Жо-оқ, Бек! Мынауың жабайылық қана!

Бектас. Иә! Адам адамға әр заманда қасқыр. Сондықтан әлсізді күшті домалатып жейді, шыңғыртып шайнайды. Әлсіздің сыбағасы - күнәға бату, абыройдан айрылу, босқа тырбаңдау. Сондықтан олар үнемі жазықты!

Нәзира *(қадалып қарап).* Бек, сен сондай қызғаншақсың!

Бектас *(күлген боп).* Кімді қызғаныппын, әлгі шүйкебасты ма?

Нәзира. Қызғаншақ дегенде бақастықты, күншілдікті айтам. Сен өзіңнен дәрежесі жоғары, беделі, байлығы көптерді сондай күндейсің. Солардан асып түсу үшін ештеңеден тайынбайсың. Ендігі ниетің - баю ғана! Бірақ еңбексіз байлық - тез өшетін май шам ғана!

Бектас. Еңбексіз таппа деп, Наз, сен үйретпей-ақ қой. Мынау дүние-мүлік маңдай термен келіп пед?..

Нәзира. Ой, Бек, анау кастрол тасып кетті!.. *(Шығып кетеді)*

Бектас. Енді Нәзирамен де бет жыртысуым қалды. Маған бірдеме болған шығар... *(Мұрнынан "степь да степь кругомды" ыңылдап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бір табақ ет көтеріп Нәзира кіреді)*

Нәзира. Қолыңды жу, Бек.

Бектас. Ай да, Назуля! Қазы ғой мынау! Исі-ай! *(Нәзираның желкесіне тұмсығын көмеді).* Исің-ай, сенің! Сенде ғана, сенің жібектей сусылдаған шашыңда ғана кездесетін нәзік исің-ай! Сарайымды ашып, жеңсігімді оятып жіберді-ау! Нәзирам, жүрші! Болшы!

Нәзира. Тамақ... тамақ суиды ғой, Бе-ек!..

Бектас. Тамақ табылады, Наз! Бүгінгі сендегі қабақ табыла бермейді... Болшы! Наз, иығың сенің - нағыз мәрмәр! *(Екеуі кетеді).*

Музыка

ОН АЛТЫНШЫ СУРЕТ

Базар. Гүлшат, Өтегеннің орнында бөтен әйел. Шырылдаған баланың "Базарың құтты болсын" әні сырттан талықсып жетеді.

Әйел. Гүлшат тәте, сіз сондай бақыттысыз...

Гүлшат. Әй, Рабиға, қарағым, сұқтана бермеші.

Әйел. Рас айтам. Зәуреңіз қара "Мерседестен" бір түспейді. Адамға бақ қонайын десе аяқастынан... Анау екі балам сал ауру... Емдетуге қаржы жоқ. Қара "мерседестің" иесі кішкентай құдай көрінеді. Ал ол құдайды сіздің... біздің Зәуре шынашағымен шыр айналдырады дейді.

Гүлшат. Рабиға, сенбе өсекке. Қызғанба өзгені.

Әйел. Ойбай-ау, неге қызғанайын. Көргеніме сенем де... Зәуретайдың көзіне түссем - құдай жарылқар. Анау екі балам күн көзін көрмей, суық қорада көздері сүзіліп жатады да қояды... Көз алдымда өшіп барады... Менікі далбаса ғой... *(Зәуре келеді. Өзгеше киінген. Төбесінен қарайды).* Ой, Зәуретай, есенбісің күнім!..

Зәуре. Сау болыңыз... Мама, таста бәрін. Кілтті бер. Көшірем!

Гүлшат. Жоқ, Зәуре! Мен бармаймын.

Зәуре. Неге? Бес бөлмеде мен жалғыз тұрам ба сонда?

Гүлшат. Үйді адалдықпен алмасам, кірмеймін. Маған арамдық жақпайды.

Зәуре. Қайдағы арамдық? Үй алғандар сонда не... бәрі арам ба, мама?

Гүлшат. Мен саған ақыл айтудан қалдым, Зәуре. Менен жери бастадың. Әрі қорланатын тәріздісің. О да тағдыр тәлкегінің табалауы шығар. Оң-солыңды таныдың. Енді тарықпайтыныңды сезем. Әттең "қызға қырық үйден тыю" дегенді ескермегеніме өкінем. Адасқаныңды кеш ұқтым. Қапас та болса адал ұяңа қайтара алмағаныма қапаланам.

Зәуре. Сол қапаста ғұмыр бойы отырмақсың ба?

Гүлшат. Отырам, қызым. Өмір осылай тұра бермес.

Өзгерер. Билік тізгінін игі адамдар алар. Сол кезде үй тиер мына Рабиға екеумізге...

Әйел. Ойбай! Маған үй бүгін керек! Тап бүгін! Арамы, былғаныштысы болса да, балаларымды суық қорадан құтқарсам!... Зәуретай, көкетайым... анау қадірменді танысыңа, құдіретті кісіге біз туралы айтсаң, ә?!. Айтасың ба, Зәуретай?!.

Зәуре. А-а? Не? Ә-ә, айтам ғой... Мама, мына кісі сіз құсап еұмдық көріп, шошынбайды.

Гүлшат. Рабиғаны түсінем... Ананың жанын шырылдататын баланың жағдайы. Отқа да түседі бала үшін ана...

Зәуре. Өзің де сөйткенсің, мама...

Гүлшат. Иә... Түн ұйқымды төрт бөлгем.. Өстің... Есейдің. Енді мен неге ардан жұрдай болуым керек?.. Қаншама арып-азған кезде, Зәуре, мен көңліне көлеңке түсірерлік теріс қылық көрсеттім бе?

Зәуре. Жоқ, мама! Сен тазасың! Мөлдірсің! Мен... менің жөнім бөлек! Бұл қапаста қала алмаймын... Басқалардың... дөкейлердің қалай тұратынын көрдім. Өзім де соған бейімделдім... Енді тоқтай алмаймын... Мен... мен саған... сізге, мама, қуаныш әкелем дегем. Оңаша егілгеніңізде, мен ішімнен күңіренетінмін. Әлде сол кездің күйініші мені осы сүрлеуге итерді ме екен?... Пәтерден айрылмаймын, мама. Онда өмір бойы өкінуім мүмкін...

Гүлшат. Өзің біл, Зәуре. Қабағыңа кірбің түссе, жаны ауыратын анаңмын. Әттең, енді менен аулақ бол деп айта алмаймын...

Зәуре. Сау бол, мама! *(Өтіп бара жатып шырылдап ән салып тұрған баланың қағаз жәшігіне мың теңгелік ақша тастайды. Бала әнін тоқтатып, айқай салады).*

Бала. Тәте! Ақ көйлекті тәте! Мынауыңыз мың теңге! Мың! Сіз... сіз жаңылысқан жоқсыз ба? *(Зәуре артына бұрылады).*

Зәуре *(басын шайқап).* Жоқ! Даусың жақсы екен, інім! Рақмет!

Әйел. Тәте, айтыңызшы, Зәуретай маған берген уәдесін орындай ма?

Гүлшат. Білмеймін, Рабиға... білмеймін...

Әйел. Сіз мамасы емеспісіз?.. Неге білмейсіз? Әлде бөтенсіз бе?

Гүлшат. О да мүмкін. Бүгін ол енді ересек...

Музыка

Сахна айналады. Нәзира пәтері. Бектас жалғыз. Қолында домбыра.

Бектас. Әй, домбыра шіркін мені жатсынады ғой... Жоқ! Ұлымның бесігіне іліп қойып, үйретермін сені, көне аспап! Басына жастармын! *(Нәзира кіреді).* Наз, кешіктің ғой?

Нәзира. Ой, Бек! Мен дәрігерде... гинекологта болдым!..

Бектас. Иә? Жай ма, Наз?

Нәзира *(құлпыра нұрланып).* Өзіме өзім сенбей, саған да сездірмей, қанша шыдайын десем де...

Бектас. Ой, рас па? Дәрігерлер айтты ма?

Нәзира. Рас! Солай екен! Бойыңа бітті дейді!..

Бектас. Әй, Наз! *(құшақтап)* Назым! Мен енді әке болам! Әкемін мен! Әлгінде ғана армандап ем. Ат шаптырып той жасаймыз. Кел, билейік! *(билеп жүріп).* Ой, саған көп қозғалуға болмайтын шығар енді, Наз?

Нәзира. Атын Жанбота қоямыз, иә?

Бектас. Неге Жанбота? Ол Біржанды қорғамаған.

Нәзира. Сен де айтасың-ау, Бек. Ол екеуміздің ботамыз болады ғой.

Бектас. Ә-ә, Жан-бота! Әдемі екен! Өте дұрыс. Айтпақшы, әлгі гинекологың еркек пе, әйел ме?

Нәзира. Ой, Бек, Бек! Ол - Лариса Степановна Ашкенази! Өте білгір! Біткеніне екі ай толды дейді!

Бектас *(кілт шошынып).* Не?!. Екі ай?!.

Нәзира. Иә! Екі ай деді. Оны неге сұрайсың?

Бектас. Әй, Нәзира! Сен мені осыңмен қуантам дедің бе, шошынтам дедің бе? Мен саған қайтып келгелі бүгін бір ай... *(пауза)* он екі күн... Оған дейін үйіріміз бөлек болды. Сонда сен кімнің баласымен мені құттықтап отырсың?

Нәзира. Әй, Бек! Сен не айтып кеттің?

Бектас. Немене, мені кеңкелес көремісің? Әлде Газ-зисіңнің, әлде масзисіңнің шаранасын маған таңбақпысың? О, зәлім әйелдер! О, опасыз ұрғашылар

әулеті! Адамның арына күйе жағып, жанын күйдіріп ойнағыларың келеді, ә! Жоқ! Көнбеспін оған! Ойпырай, зымияндықтың шегі болсайшы! Бұл неге жайылып жастық, иіліп төсек боп кетті десем, осындай арамдығың бар екен ғой!..

Нәзира. Оу, Бек! Мен саған дейін жарты жыл еркекті білмесем ше? Дөрігер де уақытынан қателесуі мүмкін ғой.

Бектас. Жоқ! Өйтіп мені алдай алмайсың! Әй, әйел мекерлігі! Әй, әйел опасыздығы! Жымын білдірмейсіңдер-ау! Әрине мен бота ғып ертіп, мәпелеп күтіп... тұлыпқа еміренем...

Нәзира. Қандай жиіркеніштi! Сен... сен түсінсеңші! Тыңдасаңшы! Жарты жылда сенен басқаға жоламағанымa ант ішейін!

Бектас. Өйтіп көлгірсінбе! Болды! Бітті! Ғазизыңа аунай салуға үйренгенсің. Тағы да баурына кіріп, жабыса қаласың. Кеттім! Кестім ат құйрығын біржола. *(Асығыс костюмін киіп, есікке беттейді).*

Нәзира *(жан даусы шыға).* Бектас! Тоқта! Өкінесің! Оңбай өкінесің! Босқа қаралама!

Бектас. Сөз! Бос сөз бәрі! Ешкімге сенбеспін енді. *(Шыға бергенде, Ербол қарсы кездеседі)*

Ербол. Шеф! Потрясающая новость! Бәйтерек құлады! Гнилой бәйтерек! Злодею дали по кумполу! Тырқиды зұлым! Шеф, сен маған бересің...су...су...қалай еді... Ну, подарок за хорошую весть.

Бектас. Сүйінші ме?

Ербол. Ну да! Ол бітті біржола. Закатилось его солнце! Поре! И жоқ ол енді! Вот указ Президента.

Бектас. Кім жоқ? Кім ол злодейің?

Ербол. Шеф! Тебя не понимаю. Газ-зистен үлкен злодей бар ма? Вот сол құлады! Құлатты престолынан! Ол енді вице де, министр де емес!

Бектас. Ах, рас па? Қане! Елбасының жарлығы қане? Әкел бері! *(Газетті оқиды).* Ну, Ғазиз! Түстің уысыма! Тымақтай жұлып тастапты! *(Артына жалт қарап)* Нәзира! Ортақпын қайғыңа! Сүйіктіңді Елбасы қалпақтай ұшырыпты! Бар! Сүйеніш, тіреніш бол асқар беліңе!

Нәзира. Әй, Бектас! Қалай өзгергенсің! Сен... сен адамды ойыншық қып ойнауға, қиратып, күйретіп ойнауға құмарсың!

Бектас. Иә, ендігі ойынымның төресі солар болады. Жүр, Ербол!

Нәзира. Бекта-ас! Құдай алдында да, адам алдында да айтарым: Сенсің! Сен ғанасың әкесі оның, Жанботаның! Қайт! Жетім етпе ұлыңды! Өкінесің! *(Екеуі шығып кетеді).*

Музыка

ОН ЖЕТІНШІ СУРЕТ

Базар. Күнделікті тірлік.

Келіншек *(қыз).* Самса! Самса! Кофе! Горячий кофе! Самса алыңдар! Чебуреки теплые!

Дауыстар. - Әнгілиский көстом. Итәлянски бруки! Алыңыздар! Арзан!

- Туфли прансозский! Өй, жігітім, алып қал. Қалтаңа қол салып қал! Бұдан жақсы таппайсың! Аяғыңды малып қал! *(Сумаңдаған балалар)*

І Бала. Бұлақтан алған мұздай су! Бүр жармаған қыздай су! Ақшалыға балдай су! Теңгесізге тұздай су! Су алыңдар!

ІІ Бала. Кока-кола! Кока-кола! Нәрлі сусын қапшық тола! Ақшаң бер де сіміре бер! Ала алмасаң, ернің жала! *(Базар бойлап Бектас пен Ербол келеді. Бас изеп, құрақ ұшқан сатушылар)*

І адам. Есенбісіз, Бәке!

ІІ адам. Денсаулығыңыз, көңіл күйіңіз мықты болсын, Бектасжан!

І әйел. Анау Уәйіске айтып қойыңызшы, налогін көбейтіп жіберді. *(Кенет шу шығады)*

Дауыстар. - Ойбай-ай, құндыз бөрікті ала қашты-ау! Ұстасаңдаршы ағайындар-ау!

- Әй, ой, жолама! Пышақ сұғып алады!

- Ойбай, тастай алмай жүрген жаным жоқ. Тұрмаңдар жолында!

- Бұл қаныпезерлер ешкімді аямайды!

- Әй, ұстасаңдаршы! Көріп тұрып қоя бересіңдер ме қарақшыны.

- Ой, бұлар жанкештілер ғой. Қанжарды қарныңа қорс еткізсін! *(Бөрік ұрлаған жігіт қатарласа бергенде Бектас Ерболға ым қағады.Ербол атылып барып, ұрыны шап беріп, жұлып түседі)*

Ербол. Ах, падла! Қарақшы! *(Ұрады)* Мә саған! Мә саған!

Бектас. Жетер! *(Ұрыға)* Кімсің? *(Бөрікті жұлып алады)*

Ұры. Адаммын...

Бектас. Жоқ! Адам сендей болмайды! *(Бөрікті иесіне береді).*

Сатушы. Ой көсегең көгерсін, екеуіңнің де... Ә, сіз Бектас екенсіз ғой, Ойбай-ау, осы ұры-қарақшыларды қашанғы тайраңдатып қоясыз?..

Бектас. Ағасы, орныңызға барыңыз. Ал сен!.. *(қолын сілтеп)* Ербол, милицияға тапсыр!

Ұры *(көзінен жасы парлап).* Аағатай-ай! Сенсеңіз үш күннен бері нәр сызғам жоқ! Сейфуллин көшесінде әр кімге бір жалтақтап жұмыс сұрап... Ешкімге керегім жоқ... Аштан өлер болған соң осында... Ауылдан келгеніме бүгін тоғыз күн... Милицияға апарт-паңызшы, ағатай!..

Бектас. Мә! Жұмыс ізде! Жұмыс істе! *(Қалтасынан бес жүз теңге алып береді)* Ұрлық жасама! Сорлайсың онда. Ербол, жібер!

(Екеуі Уәйістің кеңсесінің алдына тоқтайды)

Ербол. Уәйіс! Ей, директоришка! Шық бері *(Уәйіс шығады)*

Уәйіс. Не?!. Ә-ә, Беке! Жай ма?

Бектас. Ілес соңымнан!

Сахна айналады. Кішкене бөлмеде темір керуетте Ғазиз альбомдағы маркаларды қарап отыр. Үйге сау етіп үшеу кіріп келгенде ашық маркаларды білегімен жаба қояды.

Бектас. Білесің, ә, құнын! Бәрібір бізден жасыра алмайсың Газзис!

Ғазиз. Оу, Бектас! Сендер екенсіңдер ғой. Жоғары шығыңдар. Ә-ә, Уәйс, сенбісің? Кел, төрлет! О-о, Ербол мырза, будь ласков! Проходи!

Бектас. Жә! Мың күн асқанға бір күн тосқан!.. Жетті зауал сағатың!

Ербол. Шеф! Менің... менің өшім көп алынбаған. Разреши мне, а! Лақтай бір-ақ бақ еткізейін.

Ғазиз. Оу, Ерболжан, сен шырақ, ашуланба. Мен тіпті саған еш жамандық ойлаған емеспін.

Ербол. Нәзираш ше? Мен... мен оған үйленгелі отырғам. Ал сен... кобель ненасытный, бір-ақ кеште ұрлатып алып... Қатын жасадың... Ненавижу тебя, насильника! *(Тап береді)*

Бектас *(ақырып).* Тоқта, Ербол. Ал сен, Ғазиз, иманыңды үйір! Бүгін - жауап берер күнің! Кеше сен халықты домалатып бір жеп, ұйпалап екі жегенде... обал-сауапты ойлаған жоқсың! Өйткені сен өзіңді құдай санадың. Кеше сен қыз-келіншекті зарлатып зорлағанда заң мен жосықты елемедің. Өйткені сен заң мен жосықты шығаратын үкімет пен парламент өзім деп есірдің!

Уәйіс. Менің онбестегі қарындасымды өзіме алдыртып, қорлады ғой бұл төбет! Өлтірем! Бауыз-даймын тап қазір!

Бектас *(зікіп).* Тоқта, Уәйіс! Кеше сен сәбилерді тентіретіп жіберіп, бала бақшаларды өз мүлкіңдей сатқызғанда, ауруларды далаға лақтырып тастап, ауру-ханаларды өз үйіңдей сатқызғанда, ештеңеден сескен-бедің, Ғазиз! Өйткені сен “байыған сайын баю керек!” деген дертке шалдыққан жансың! Кеше сен оң мың, жүз мың доллармен пара алғанда ешкімнен жасқан-байтынсың, Ғазиз! Өйткені дүниені сен тек өз сыбай-ластарыңның қанды аузынан шұбырған қызыл сілекейімен қоса шайнайтындай көретінсің, Ғазиз! Дүние - кезек! Қылмыс жазаланады! Зорлық зауалын табады! Жуандық жұдырық жейді! Иманыңды үйір, Газ-зис!

Ғазиз. Сонда Бектасжан, сотсыз, заңсыз үкім жаса-мақпысың?

Бектас. Мен - сотпын! Мен - заңмын! Мен - халықтың өкілімін! Үкімің айтылып, кесімің жасалып қойған сенің, Ғазиз! Өзің өз зұлымдығыңмен жаса-ғансың оны баяғыда-ақ!

Ғазиз. Сендер заңсыздықты заңсыздық арқылы түземексіңдер ме?

Бектас. Иө! Үшінші рет айтам: иманыңды үйір!

Ғазиз. Әй, ә-ә... Сәл мұрсат беріп... Аздап а-а, Бектасжан?!

Бектас. Уәйіс! Қане! *(Уәйіс Ғазизды керуеттен сүйреп алып, оң білегіне наручник-кісеннің бір жағын, керуеттің темір арқалығына екіниі жағын сарт-сарт кигізеді).* Ербол, бензинді әкел!

Ербол. Мен кислотаны да әкелгем, шеф! Өртеп әуре боламыз ба? Кислотамен әуелі аяғын ерітіп, сонсоң қолын... сонсоң кеудесін... сонсоң басын... чтобы он знал как страшно терзать душу невинной.

Бектас. Уәйіс, сөйтеміз бе?

Уәйіс. Иә! Мынау үйде бұл Крездің тыққан қазынасы көп! От қойсақ, қоса өртеніп кетеді... Дұрысы - кислота, Бектас Мұқатович!

Бектас. Келістім! Өзгені азаптағанның қалай боларын көрсін!

Ғазиз *(шар етіп).* Қасықтай қанымды қи, Бектас! Ғұмыр бойы... ғұмыр бойы құлың боп өтейін *(жата қап, аяғын құшады).*

Ербол *(теуіп жіберіп).* Ах падла! Жан тәтті, ә! Өлесің, кобель! Кислотада еріп... умрешь в страшной... адской муке!

Ғазиз *(еңіреп жылап).* Кешіріңдер! Кешіңдер мені! Бәрін... бәрін ұқтым!.. Бәрін алыңдар! Алтынды да, бриллиантты да! Тек өл-ті-ір-ме-ең-де-ер! Жалғызымның қызығын көрмей өлем бе... сонда *(жылайды).*

Уәйіс. Сен неге өзгелерді өзіңдей көрмедің? Олар да қызық көргісі келген.Жоқ! Өлесің! Ербол, әкел кислотаны!

Ғазиз. Бар жинағанымды алыңдар! Өзім айтам қайда тыққанымды!..

Ербол. Ах падла! Еще взятка бермек! Жоқ! Өлесің! За все грехи кислотада, аяғыңды... кеудеңді... басыңды ерітем! Қазір! *(Кетеді)*

Ғазиз. Бектасжан! Сен баламдай едің ғой. Сен де жендет боласың ба? Машиналарымды - "Мерседесті", "БМБ-ны", джипті сыйладым деп жазып берейін. Тек өлтірмеңдер! Менің бір қасық қанымммен қай кемтігіңді толтырасыңдар! *(Канистрмен Ербол кіреді)*

Уәйіс. Әй, зәлім! Қалай сайрайды! Бәрібір өлесің! Құй!

(Ербол канистрді көтеріп, төне түседі)

Ғазиз *(жан ұшыра).* Бектас! Бектасжан!.. Бе-е-ек...

Бектас. Тоқта, Ербол! Уәйіс, босат!

(Босанған Ғазиз сылқ құлап, талып түседі. Уәйіс қос беттен шапақтап, тұрғызып алады)

Ғазиз. Өлтірмейсіңдер ме? Өлмеймін бе? Сөзіңді бер, Бектас!

Бектас. Иә! Бердім! Долларыңды, алтын, бриллиантыңды шығар!

Ғазиз. Сенем саған! Тартыңдар керуетті. Полдың ағашын көтеріңдер. Сонда... сол жерде бәрі... *(солқылдап жылап)* Тырнақтап жинағаным!... Ғұмыр бойы тықпалағаным... *(Үш қапшықты ашып қараған Уәйіс,Ербол "О! Ой! Вот клад! Міне, нағыз қазына!" дейді таңданып).*

Бектас. Газ-зис! Анау үш жеңіл машинаңа дарственныйды жазып, Сакске өзің апарып бер! Машиналар енді біздікі! Біреу-міреуге ләм дейтін болсаң, өзің де, жалғыз ұлың да, әйелің де мүрдем кетеді. Чао!..

Сахна айналады. Үшеуі оңаша.

Ербол. Ой, шеф! Ты - гениальный актер! Как он полз!

Уәйіс. Қатты қорықты! Жаны тәтті екен! Канистрдегі су екенін білмей, бүкіл жиған-тергенін өзі ашып берді! Ну, Бектас! Сен шынында генийсің! "Бер! Әкел! Көрсет!" десек, ол маңына да жолатпайтын еді.

Бектас. Жігіттер! Көп сөз - боқ сөз! Біз енді істің адамымыз, істің! Ғазиздер көп әлі. Оларды тұттай ғып тонау - біздің мақсат!

Ербол. Значит, біз онда - новые Робины Гуды! Солай ма, шеф?

Бектас. Мүмкін.

Музыка

ОН СЕГІЗІНШІ СУРЕТ

Зәуренің пәтері. Жатын бөлмеден бір-бір халат киіп, қызара бөртіп шыққан Зәуре мен Бектас.

Зәуре. Мерекеңмен, Бектас...

Бектас. Қандай?..

Зәуре. Бүгін жетінші ноябрь... бұрынғы какой-то мереке...

Бектас. Зәуре, екеуміздің тек мереке күндері жолығатынымызға қайранмын.

Зәуре. Рас, ей! Августегі мерекеде таныстық. Сол мереке қалай аталушы еді?.. Жаңа жылда тауға бардық. Сегізінші мартты ресторанда тойладық. Міне жетінші ноябрьде ақыры әрең деп табыстық.

Бектас. Табыстық дейсің, ә...

Зәуре. Өтірік пе, бірге жатып тұрдық қой...

Бектас. Қандай ұзақ жолдан өткенбіз... Шиырладық, шимайладық, адастық, алыстадық... қайта кездестік.

Зәуре. Бек, бірінші майда алғаш рет сүйісіп едік-ау. Содан бері тура бір ғасыр өткендей...

Бектас. Ақымақ болған мен ғой. Қолыма түсіп тұрған жеріңнен қоя беріп... Қызығың басқаға... Газ-зиске бұйырды. Әлі өкінем.

Зәуре. Рас па, Бек? Шыныңды айтшы, өкінішің менің айрылғанымнан ба, әлде менің сенен айрылғанымнан ба?

Бектас. Екеуі де...

Зәуре. Тағы тайқып кеттің. Әй, табаныңның бүрі жоқ-ау...

Бектас. Тайғанай беретінімді білсең, әу баста қолтығымнан мықтап ұстағаныңда... ажырамас па едік?

Зәуре. Ой, Бектас, сен еңбектесең де Нәзираға жетер едің бәрібір.

Бектас. Қазіргі жезөкше тірлігіңнен жерінбейсің, ә, Зәуре?

Зәуре. Жоқ! Үйрендім... Бәрі дағдыда. Әдетке айналды ғой.

Бектас. Мен де кезектегінің бірімін бе?

Зәуре. Да ну! Сен мені өйтіп қорлай алмайсың.

Бектас. Қорлағым жоқ... бірақ ішім сені оған қимайды.

Зәуре. Маған бәрібір. Бүгін - сен. Ертең - басқа еркек. Сонсоң тағы бір самец. Ақша төлесе болды... Бәрібір махаббат жоқ.

Бектас. Оқымыстысың. Бас ұстазың - Газ-зис!

Зәуре. Ол да и сен де! Ал сен не только эгоист но и жесток! Тумаған балаңнан да безіп кеттің!

Бектас. Нәзира айтты ма?.. Әйелдер, бәрің де осалсыңдар... Айырмаларың жоқ. Еркек десе өліп түсесіңдер. *(Киіне бастайды)*

Зәуре. О. Жоқ! Ұрғашының бәрін күйдірме! Менің мамам - нағыз әулие! Әйелдердің де қасиеттісі бар!

Бектас. Жарайды. Шаңқылдама.

Зәуре. Сен әйелдерге тіл тигізбе. Адамзатты әйел болмаса дүниеге кім әкелер еді? Әйелсіз әлем де бір орында тұрмас еді.

Бектас. Соғыс атаулының әйелдер арқылы басталатынын да ескер.

Зәуре. Да?! Солай ма?... Ал, мен сенен айрылып қалдым, Бек.

Бектас. Анауың... мықтың... Ғазизың келіп тұра ма?

Зәуре. Сен! Сен, Бектас, оны жоқ қылған! Ол... ол мүгедек, бишара и нищий бүгін. Ал, сен... Да ну тебя... Сені ешкім түсінбейді.

Бектас. Сау бол.

Зәуре. Қайда барасың?

Бектас. Сенің кезектегі еркегіңе бөгет жасамайын.

Зәуре. Ненавижу тебя! Да, проституткамын мен! Не өзгерді? Жер орнында. Атом соғысы болған жоқ.

Бектас. Адамдар психологиясында болып жатыр ғой сол соғыс.

Зәуре. Мен психолог емеспін. Маған жан сақтау керек. Ал сен тым қомағайсың Бек... Бектас. Әйелдер ашуланбасын. Ашуланса, дорогой мой сердцеед, аямайды! Аямайды! У них месть страшна! Учти осыны!

Бектас. Оны өзім де білем. *(Кетеді)*

Музыка

Сахна айналады. Ерболдың пәтері. Есік қоңырауы. Алакөленке.

Ербол. Ну падла! Маза бермейді. Уәйіс болар. Шеф ищет наверное?... Зәуреша, тұр! Киін! *(Төсектен екеуі. тұрып, киінеді. Ербол барып, Нәзираны ертіп кіреді*).. Нәзираш! Ну ты даешь, с утра поддатая!

Нәзира. Мен... мен Ербол, вечно жалғызбын. *(Зәурені көріп)* Ал сен жалғыз емессің... О-о, Зәуреша!

Зәуре. Иә, Зәуремін! Неге бақыраясың? Адам көрмеп пең?

Нәзира. Ой, Зәуреша! Мен сені сағындым. *(Сүймекші болады).*

Зәуре. Ал мен сағынбаймын! *(Итеріп)* Түу соншама ішкенсің!..

Нәзира. Іштім!.. Бүгін тәуелсіздік күні... Мен... мені ешкім керек қылмайды... Ал мен іштім... Ішкім келді, іштім... Сонсоң жылағым келді... Ал сен, Зәуреша... Ал енді күлем...

Ербол. Нәзираш, отыршы!

Зәуре. Неге күлесің? Маған күлесің бе?

Нәзира. Кеше жыладым... Менің енді ешқашанда ұлым болмайды... Дәрігер айтты. Аборттың салдары дейді... Ал енді күлем. Бәрібір Бектас келмейді... Зәуреша... ол... ол саған келе ме?

Зәуре. Да ну вас! Бәрің... бәрің де құрыңдар! *(Кетеді)*

Нәзира. Бектас мені ұмытты... Ербол, ол мені неге ұмытты? Неге? Бектас - менің өмірім, қуанышым ғой. Мен... мен оны қуанта алсам, онда онда менен бақытты әйел болмайды. Ал, Зәуреша бізді қызғанады. Бектас маған бүкіл жұрттан... әлемнен артық!.. Ол қадірлі! Қасиеттім!... Бек неге күйе жағады маған?.. Мен оған адалмын!.. Мен іштім бүгін... Іштегі күйікті арақпен басқым келді... Ол... ол неге келмейді маған?

Ербол. Нәзираш, сен оны ұмыт. Бектас қазір Бәтес дейтін әнші қызбен әуре. Кеше екеуін қаланың сыртына, виллаға апарып салғам.

Нәзира. Әнші Бәтес пе?.. Ол мені іздемей ме енді?..

Ербол. Иә, Нәзира! Бәтес пен Бектас не разлей вода!

Нәзира. Ох, Ербол! Сен., сен әйел жүрегінің еңірегенін тыңдасаң ғой!.. Тыңдамайды еркектер... Жүрек шері ғаламат қой... Ғаламат өксиді!..

Ербол *(коньяк құйып).* Кел, Нәзираш! Ішіп жіберелік!

Нәзира *(ұрттап).* Әй, Бек! Бек! Сен мені тағы да алдадың!.. Өмірден мүлде түңілдім!.. *(шығып кетеді)*

Ербол. Ех, жизнь! Продажная ты сучка! Назирашты аяймын... Ол Зәуреша емес... Басқа! Ал, шеф! Шеф - жесток! И мықты! Ал мен... мен - палач! Нет! Мен шоқпар ғана! Шоқпармын Бектастың қолындағы *(тағы ішеді. Нәзира кіреді).* О, Наз! *(қолындағы пистолетті көріп)* Ой, ты что! Сен мені?.. Неге? Мен... мен... Нәзираш, саған сені... Неге мені атасың?..

Нәзира. Мә! Ұста!

Ербол *(алады).* Мұны қайтем?

Нәзира. Өлтір оны!!

Ербол. Кімді, Нәзираш?

Нәзира. Бектасты! Мынау бес мың доллар! Тағы бес мыңды кейін...

Ербол. Жоқ! На мокруху не пойду!

Нәзира. Білмейді ешкім. Сен білдірме, Ербол.

Ербол. Біліп қойса ше?

Нәзира. Әкел пистолетті! Басқа біреу табылады!

Ербол. Е-е... дай подумать! Он мың баксы жерде жатпайды *(рюмканы толтырып, тартып жібереді)* Болсын айтқаның!

Нәзира. Ұмытты ол мені... Ендеше оны мен де ұмыттым!.. Біржола... *(шығып кетеді)*

Ербол. Ох, Нәзираш! Қандай әйел! Какая цельная натура! Музыка

Базар. Күнделікті у-шулы тірлік. 12-жасар бала шырылдап "Базарың құтты болсынды"айтып тұр.Осы базарды баяу-баяу өрлеп, Ербол Бектасты іздеп келеді.

Бала.

Базарың құтты болсын, туған елім,
Қайғысын көз жасымен жуған елім.
Ырысын кірмелерге артып беріп,
Байлығын өз басынан қуған елім!..

Шымылдық.

Әумин!

15 мамыр - 11 маусым 1997 жыл.

КӨГІЛДІР ТАКСИ

Қатынасушылар:

Қайыржан - қалалық ішкі істер басқармасының бөлім бастығы, полковник.
Мариям - жесір әйел.
Нұрбақыт - студент.
Маржан - Қайыржанның қызы.
Клара - Қайыржанның жұбайы.
Есбергенов - лейтенант
Арайлым - студентка
Света - хатшы қыз.
Вахтер.

Оқиға бүгінгі күндері. Алматыда өтеді.

Қалалық ішкі істер басқармасының бөлім бастығының кабинеті. Полковник Қайыржанның кабинетіне Есбергенов бірнеше іс қағазын көтеріп кіреді.

Қайыржан. Ә-ә, Есбергенов! Кел! Бүгінгі пресс-конференцияның аса маңызды екенін білесің бе?

Есбергенов. Білем ғой, Қайыржан Ахатович!

Қайыржан. Министрдің, генералдың өзі аса мән беріп отыр бұған. Әлгінде ғана Астанадан телефон соқты. Бетінен қалқып кетпейтін болайық. Дұрыстап іріктедің бе, Есбергенов. Мынау бүкіл ел-жұрттың алдына телевидение арқылы шығатын конференцияға ұсақ-түйекпен барып, ұятқа қалып жүрмейік.

Есбергенов. Іріктедім! Мынау Ивановтың ісі.

Қайыржан. Қай Иванов? Атақты "Мухортый" ма?

Есбергенов. Дәл өзі! Осымен үшінші рет ұсталып отыр.

Қайыржан. Қоймайды ол. Дәніккеннен құныққан жаман-ау... Қомағай ғой. Көп асаймын деп... Ә.. иә... Басқа не бар?

Есбергенов. Мына екі азаматтың асқазанынан екі жүз грамнан опиум алынған... Біреуі ауруханада... әл үстінде. Ішіне барғанда целлофаны жарылып кеткен.

Қайыржан. Көрдің бе, Есбергенов. Өлуі бар, өкінуі жоқ. Тағы кімің бар?

Есбергенов. Пулатова Фатима. Тәжікстанның азаматшасы. Ташкент-Новосибирск поезында ұсталған. Әжептәуір есірткі. Тыққан жерін... есірткіні жасырған жерін білесіз бе?.. Жо-оқ, сіз ойлағандай емес... Торғай ше! Есірткіні баланың резинка қуыршағына салып... торғайға жұтқызған ғой!..

Қайыржан. Бұлар қулық асыруға тапқызбайды. Жә! Жалғастыра бер.

Есбергенов. Мынау жігіт Шудан есірткі әкеле жатқанда вокзалда қолға түскен. Жасы жиырма екіде. Ұлты қазақ.

Қайыржан. Қазақ деймісің?! Жап-жас басымен осыларға не жоқ, ә, Есбергенов. Ендігі бұзықтар өзіміздің шыға бастады де. Бұл нағыз індет. Қаракөзді қаракөз бұзды деген сұмдықты бұрын естуші ме ек, Есбергенов. Енді өзіміздікі өзгеден асып түсіп отыр.

Былай жаса, Есбергенов! Жоқ, сен сәл тұра тұр. *(кнопканы басады)* Сәуле, түу Света! Пресс-секретарьға айт! Пресс-конференцияға Алматыдағы барлық телеканалдың журналистері түгел қатыссын. Сонсоң Рессейдің ОРТ-сынан! Міндетті түрде келетін болсын! *(кнопканы өшіреді).*

Ал, сен, Есбергенов, осы баланы жақсылап дайында. Бала-шағадан жауап алып, тексеріс жасау, әрине мен секілді полковник айналысар іс емес. Кей-кейде жалынды жастық күндерімді сағынам. Нешедесің?

Есбергенов. Жиырма бестемін.

Қайыржан. Қайран жиырма бес! Сенің жасыңда мен айтулы тергеуші болып ем. Соны бүгін бір қайталайын. Анау қазақ жігітін осында алып кел. Генералдың көңілінен табылатындай қылып, пресс-конференцияға салып, бүкіл ел алдында абыройдан

жұрдай ғып, сілкпесін шығарайық. Наркобарон болмақ қой! Сопляк! Өз ұлтына қастандық жасаушы жендет! Палач ол! Есбергенов... біздің қазақты тұп тамырымен құртатын құбыжық қауіпті білемісің?

Есбергенов. Қауіп пе?!. Алкоголизм шығар...

Қайыржан. Жоқ! Алкоголизм жиырмасыншы ғасырдың кеселді дерті болатын.

Біздің еліктегіш әрі солықтағыш ұлтымыздың түбіне жететін асқынған кесел - есірткі! Атың өшкір наркотик! Бұл іштей үңгіп жейтін, ақыл-есті тұттай ғып тонайтын жегі құрт! Шіркін-ай! Сұрапыл дертін өзімізден аулақтатып бұрып жіберіп, наркобизнесті дұрыс пайдалансақ қой... Мысалы, сол Шудан фарм-завод салсақ!.. Онда бар ғой, Есбергенов, Қазақстан әлемдегі бай елдерге де шаңын көрсетпей, алтынға малынып, алға зымырап шығар еді... Иә... бұл қиял ғана. Утопия... Ал, есірткі - халқымызға төніп келе жатқан апат! Таусылмас трагедия! Оған тұтас халық боп қарсы көтерілмесек, біржолата құрып кетеміз. Ендігі ақтабан шұбырындымыздың дөкейі осы есірткі!

Есбергенов, сен маған әлгі наркокурьерді жеткіз! Оңаша сөйлесіп, тамырын басайын. Пресс-конференцияға иін қандырып, иманына келтіріп жеткізейін.

Есбергенов. Қайыржан Ахатович, оның өзінің есі дұрыстау емес... Науқас... Әлду-бәлдуі көп... Босқа шаршап қайтесіз.

Қайыржан. Түк те етпейді, Есбергенов! *(Лейтенант кетеді. Кнопканы басады, Сәуле ақсаңдап кіреді)* Сәуле! Қап! Осы сенің атың Сәуле мед, Света мед, келші! Шай әкелші лимонмен. Так, так... Пудраң қайда? Грим жасамаймысың маған. Телевизорда дұрыс көрінетін болайын. Әу, айтпақшы, Света! Анау әлгі ұлттық каналдағы Ардақ дейтін әдемі келіншек бар еді ғой. Сол келер ме екен, білдің бе...

Сәуле. Келмеймін... келе алмаймын дейді.

Қайыржан. Не?! Ардақ келмей ме?!. Қоя тұр! Пудра-судраңды қоя тұр. Кейінірек *(Сәуле кетеді. Енді телефон соғады).*

Оу, Ардақжан! Қал қалай? Ағаң бүгін әдейілеп, әдемілеп пресс-конференция өткізем дегенде... бұ не

келмеймін дегенің. Ә-ә, съемка деймісің... Тез біте ме?.. Сенсіз, Ардақжан, менің сәнім кірер ме. Тосамыз! Непременно. Өзіңе, Ардаш, эксклюзивный интервью берем. Міндетті түрде... Ну, күтеміз, Ардашка! Айтпақшы, сосын кешке бір жерге кофе ішуге барамыз ғой?! Келістік, ә! *(Трубканы қояды. Ішке Нұрбахытты алдына сап Есбергенов кіреді).*

Бара бер, Есбергенов. Ал сен кел, отыр мұнда. Атың кім?

Нұрбақыт. Менің атым ба? *(Қисайып бір көзін сығырайта сығалай қарайды).*

Қайыржан. Иә! Сенің атың!

Нұрбақыт. Менің атым... Костя. *(Ұшып тұрып қолын ұсынып)* Ассалаумағалейкум, ағай. Атам үлкен кісіге сәлем бер дейді ылғи. Сіз ренжімейсіз бе, ағай?..

Қайыржан. Әліксалам. Сонда сен Константин болдың ғой.

Нұрбақыт. Ә-ә *(кеңкілдеп күледі)* О-о, мен Константинның дәл өзімін, аға. Константин - арыстан кім? Ол - мен! Өзім! *(Алақанмын уқалап, қуанып кетеді).*

Қайыржан. Жасың нешеде, Костя?

Нұрбақыт. Жасым ба?.. Жасым?.. Қазір айтам... Ой, ұмытып қалыппын, аға! *(саусақтарын санап)* Біреу, екеу... бесеу... көп! Аға, ұмытып қалдым *(жылайды).*

Қайыржан. Қой, жылағаның не? Ұят болады, Костя. Мектепке барып па ең?

Нұрбақыт. Мектепке ме? Ә, иә! Барғам. Мұғалім ағай нақұрыс неме деп төбемнен торс еткізіп ұра берген соң кетіп қалдым. Ағай, нақұрыс деген не? Ағай, анау мұғалімді пистолетпен атыңызшы, ол жаман кісі!..

Қайыржан. Әй, Конс-тан-тин!

Нұрбақыт. Ой, қорқып кеттім ғой! Ағай, мен Константин емеспін. Сергеймін. Сережа, Серега, Серый мен, Константинович, жолдас бастық! *(қолын шекесіне қойып, честь береді).*

Қайыржан. Жарайды, Сергей-ақ бол. Серега, қайда тұрасың?

Нұрбақыт. *(Қарқылдап күліп).* Мен бе... қайда тұрушы ем, Қазақстанда, Алматыда тұрам. Oh, ағай, сіз қызық адам, охри. Менің Алматыда тұратынымды елдің бәрі біледі, Серега біледі. Костя біледі...

Қайыржан. Сен Шуға неге бардың?

Нұрбақыт. Қай Шу?! Шу... Шу!.. Ой шудан басым ауырады менің! Шу! Ә-ә. Әйт, шу! *(атқа мініп қамшы сілтеген болады).* Әй, шүу! Дігідік!Дігідік!*(орындықты атша сабалайды).*

Қайыржан. Костя... Сергей, қоя ғой... ақырын. Станса Шуға неге бардың?

Нұрбақыт. Ә-ә! Шу! Станса Шу ма? Атама бардым. Менің атамды білесіз ғой. Ой, ағай, білмейсіз. Ал, Шуды білесіз. Менің атам Шуда главный! Онда оны бәрі біледі. Бейіті қандай керемет! Төрт құлақты!.. Айдың суреті қағылған...

Қайыржан. Атаң қай көшеде тұрады?

Нұрбақыт. Көше... *(басын шайқап)* мүлде есімде жоқ... О-о, білем-білем! Үйінің қасында қызыл автобус тоқтап тұрған. Қып-қызыл, аға! Қызыл светофор секілді. Кісілер таласып мініп жатқан. Шофері, білесіз бе, сондай үлке-ен! Нағыз гүжбан! Аты?., аты... Сергей! Жоқ Константин. Ойбай, ол менің атым ғой. Шофердің аты есімде жоқ *(жылайды)* Аға, ұрмаңызшы. Атын ұмытып қалдым.

Қайыржан. Сен, Константин, тоист Сергей көп жынданба! Әйтпесе... *(дауысын қатайтады).*

Нұрбақыт. Сіз даусыңызды көтерсеңіз, зәрем ұшады, ағай. Айқайламаңызшы, жарай ма, ағатай!.. Мақұл ма, көкетай!..

Қайыржан. Ну, жарайды! Қолындағы бидонда не бар еді?

Нұрбақыт. Бидон ба? Бидонмен сыраға барам. Пиво әкелем. Ағай-ау, пивоны бидонға құйғызады ғой. Сап-сары көбігі қандай!..

Қайыржан. Сен пиво ішесің бе?

Нұрбақыт. Жоқ. Ішпеймін. Ішсем, апам ұрсады. Ал арақ ішсем де ұрсады. Сондықтан мен арақты аздап қана ішем. Ух, арақ ішкенде бар ғой, ой, ішім... ішек қарным ой, дуылдайды кеп, дуылдайды кеп. Сіз білесіз бе, ағай... арақ басымды ауыртады. Неге ауыртады ағай? Апам...

Қайыржан. *(киіп кетіп).* Коньякті де ішерсің.

Нұрбақыт. *(жан-жағына қарап).* Берсеңіз бар ғой, кішкене ішіп көрер ем. Апам арақ бермейді, коньяк

та бермейді. Тіпті сыра да бермейді. Тек шай ғана берді. Неге шай береді, ағай?

Қайыржан. Жарайды сұрайын апаңнан. Сен өлең айтасың ба, Серега?

Нұрбақыт. Мен Серега емеспін! Мен Костя-Константинмын!

Қайыржан. Костя-Константин, өлең айтасың ба?

Нұрбақыт. Айтам. Мен Қамажайды керемет айтам.

Қайыржан. Ал, айта қойшы.

Нұрбақыт. Мен бе?

Қайыржан. Иә! Сен? Тыңдап отырмын.

Нұрбақыт. *(әндетіп)* Басында Қамажайдың бір тал үкі, Айрылып Қамажайдан болдым түлкі...

Ой түлкі емес. Шатасып кеттім. Мен басқасын айтайыншы. Қырғызша да ырлап берем. Өзбекше де гәпірем, аға! Мен деген...

Қайыржан. *(бөліп кетіп).* Билейсің бе?

Нұрбақыт. Билеймін! Билейін бе? Oh, шіркін атамның аккордеоны болса ғой...

Қайыржан. Қане онда билей ғой!

Нұрбақыт. Аға, сіз биледіңіз бе? Сіз онда музыкасын ойнаңыз... аузыңызбен, аға!

Қайыржан. Иә. Мен де билегем... *(Музыка. Сахна қараңғыланьт барып қайта жанады. Жазғы бақтағы би алаңы.Жетпісінші жылдардың аяғындағы әсем вальс ырғағы. Екеу-екеуден билеп жүрген жастардан беріректе шырқ айнала билеп жап-жас Қайыржан мен Марьям бөлініп шығады).*

Қайыржан. Қарындас, сіз сондай жақсы әрі мәнерлі билейді екенсіз.

Марьям. Қыздың жақсы билеуі кавалеріне... ә-ә, партнеріне байланысты дейді менің бір білгіш подругам.

Қайыржан. Кавалері дегеніңіз құлаққа жылы естіліп еді... партнері деп алыстата бұрып жібергеніңіз жарамады-ау, қарындас.

Марьям. Кавалер бар жерде дама да болуы керек қой... Ал, мен...

Қайыржан. Ал, сіз не только бұлықсыған дама, сіз нағыз уылжыған королеваға лайықсыз, қарындас!

Марьям. Қыз бен қызылды, қызық пен құмарлықты

қуғандардың ұрынуы да тез, құбылуы да жылдам дейді тағы бір бәрін білгіш подругам.

Қайыржан. Ohoy! Сіз де, сіздің подругаларыңыз да тегін болмады. Қызылға емес қызға қызығудың несі айып. Көз көргеніне қуанбаса, жүрек ұнатқанына бұлқынбаса, жастықтың мәні мен сәні кірер ме, қарындас.

Марьям. Көздің көргенін кей-кейде көңілге жеткізбейтіні, жүректің бұлқынуынан гөрі бүлінуі көбейетіні бар ғой, ағасы.

Қайыржан. Мен көңіліммен құмарта көрдім десем, сенер ме едіңіз, қарындас. Жүрегімнің тепкілегенінен гөрі тебіренгені молырақ десем, иланар ма едіңіз, қарындас. *(Марьям кенет сүрініп кетеді. Биік өкшесі сынып қалған).*

Марьям. Ой!.. Өкшем!.. *(Еңкейіп ұстап көреді).* Сынып қапты... Кешіріңіз... Биімізді үздік-ау...

Қайыржан. Үзбейміз! *(Еңкейіп өз ботинкаларын шешіп тастайды).* Туфлиіңізді шешіңіз... Біз, қарындас, туфлисіз-ақ бәрінен артық билейміз. Сіз... сіз тура аққудың көгілдірісіз!.. Оллаһи, шыным!

Марьям. Ой, ағатай! Қандай сезімтал едіңіз. Рахмет! Биімізді бөлмедік... Бөлгізбедіңіз.

Қайыржан. Сіз мен ойлағаннаи да асып түстіңіз. Батылдығыңыз ұнады, қарындас. Айтпақшы, сізді қарындас деп қақылдай бергенше, атыңызды біліп қоюға болар ма екен?

Марьям. Неге болмасын. Есімім - Марьям.

Қайыржан. Қандай әсерлі ат! Марьям! Марьям - әрі Жагор қызы. Марьям еще - богоматерь. Марьям - құдай анасы! Сіз мүмкін бүкіл адамзатқа игілік себер тағы бір сондай ғаламат оғланның анасы болар ма екенсіз!.. Ал, мен... Кешіріңіз, менің атым - Қайыржан.

Марьям. Қайыржан! Жақсы ат.

Қайыржан. Өзіме де ұнайды. Төрт қыздан кейін туыппын. Әкем... папам қарашаңырағымды ұстап, байлығымды еселеп, мал-жанымды қайырып отыратын қайырлы мұрагерім болсын деп сүйіне тілек етіп қойған екен.

Марьям. Ал, мен әкемді көрмеппін... Менің

шілдехана тойымда көкпар тартып жүріп, аттан жығылып... мойыны үзіліп кетіп...

Қайыржан. Оу, Марьям-ау! Қарашы! Мынау күн қандай әсем бүгін! Түп-тура сіздің кіршіксіз мөлдіреген жанарыңыздай! Кіреуке шалмасыншы соны ешқашан! Мен бар ғой, Марьям, бір түйсігімді айтайын ба? Тыңдаймысыз?..

Марьям. Түйсік дейсіз бе? Айтып көріңіз...

Қайыржан. Марьям!.. Менде бір түсініксіз жұмбақтау жағдай болды осы өткен түнде... Жұмбақтау дегенде... жүрегім өз өзінен біртүрлі қобалжып... Жо-жоқ! Қобалжығанда әлденеге асыққандай ма, әлдекімді күткендей ме елегізіп... түнімен ұйықтай алмай шықтым.

Марьям. Рас, рас, Қайыржан! Көптен күткен бір үлкен қуанышқа кездесетіндей... жаныңа жай тапқызбай дөңбекшітіп, құйындай үйіріп әкетті ғой, ә! Мен де... мен де бүгін түні бойы көз ілгем жоқ!

Қайыржан. *(іліп әкетіп, әсерленіп).* Биоток қой ол! Тілектес жандардың бір-біріне аңсай ұмтылуы ғой! Біз... біз, Марьям, бір-бірімізді табатынымызды білгенбіз!.. Білгенбіз! Алдын ала жүрекпен жүректі матаған сезімтал түйсікпен табысқанбыз! *(Кенет қыздың бетінен сүйіп алады да,состиып тұрып қалады).* Кешіріңіз, Марьям! Неге өйткенімді өзім де білмей қалдым. Оллаһи, ойымда өктемдік жоқ. Кешірмесеңіз, шапалағыңызға екі бетімді кезек тосайын.

Марьям. *(күліп).* Екінші ондай ұшқалақтық жасамасаңыз, кешіруге болады. Шапалақсыз да бетіңіз дуылдап шыға келді ғой.

Қайыржан. Әсемдікке есерлік араластыра жаздағаныма ұяла білген бетіме рахмет. Кешіре білген Марьям ханумаға нижайший поклон! *(иіледі).*

Марьям. Бүкпеңіз тізеңізді! Имеңіз кеудеңізді! Ер жігіттің тізесі бүгілмей, кеудесі иілмей қасқиып жүргенін жақсы көрем.

Қайыржан. О-о! Оныңызды орындауға мықтап уәде етем. Айтпақшы, Марьям, сіз қайда оқисыз?

Марьям, *(сәл кідіріп).* Мен бе... Еш жерде оқымаймын. Мен мата-мақта комбинатының

қарапайым тоқымашысымын. Мансап қуғандардың ізі де жоламайтын жұпыны ғана жұмысшымын.

Қайыржан. *(рахаттана сақылдап күліп).* Мен ше?.. Әу, Марьям-ау, қарсы алдыңызда тұрған мына мен - СМУ он бестің қатардағы құрылысшысы! Мен де карьера қумаған қарапайым жұмысшымын!

Марьям, *(күліп).* Мен сізді дөкей папасының университетте оқитын ақсаусақ еркесі ме деп қалсам...

Қайыржан. Ал, менің, Марьям, сол ақсаусақ студенттеріңнен кеудем он есе зор, көңілім он мәрте асқақ. Өз орныма кірпіш боп қаланып, еңбегіме арқаланып жүрген айтулы азаматпын! Менің өзіңіз айтқандай қасқиып түскен суретім комбинаттың құрмет тақтасында ілулі тұрғанына, міне тоғыз ай.

Марьям. Құттықтаймын, Қайыржан! (музыка! Елең етіп). Ой, мынау "Болеро" ғой!

Қайыржан. Немене? Болероңыз не, Марьям?

Марьям. Мынау музыка ше! Өзін сұмдық ұнатам! Француз композиторы Морис Равельдің музыкасы!

Қайыржан. Оны сіз қайдан білесіз, Марьям!

Марьям. О-о! Менің француз тілінен сабақ берген Олимпиада Матвеевна дейтін мұғалімім болған. Сол үйіне апарып пластинка қоятын біздерге. Тыңдаңызшы! Қандай әсем саз! Бір ғана шығыс әуенін әртүрлі аспапта ойнатып, қандай әдемі музыка жазған! Құдірет қана ғой, ә!

Қайыржан. Рас! Бұл - "Болеро" де... Ғажап екен! Әуені ғажап! Енді, Марьям, сіз менің Болером болдыңыз!.. Мен бұл әуенді іздеп жүріп тыңдармын бұдан былай!

Марьям. Музыка - адам жанының нәзік қылын шертеді дейтін сол мұғалімім. Сізге де әсер еткені-ау! Ой, анау біздің қыздар... подругаларым қайтқалы жатыр...

Қайыржан. Марьям! Рұхсат етсең... Рұхсат етсеңіз сізді шығарып салайыншы ә?

Марьям. Көше мен автобусты сізден несіне аяйын. Еркіңіз білсін.

Қайыржан. Ух, Марьяша! Марьям, сіз... сен сондай... сондай жақсы қызсың! Мен сен рұхсат етсең, өзіңе еріп жердің түбіне баруға да дайынмын! Ой,

мына жаңбырды қара! Аяқ астынан құя салды-ау! Су боласың-ау, Мариаш!

Марьям. Ештеңе етпейді. Жылы жаңбыр ғой.

Қайыржан. Иә! Жылы жаңбыр! *(Балағын түріп жаңбырдың астына жүгіріп шығады).* Ой! Қандай рахат! Нағыз кайф! Кел! Кір, Мариаша, Марьям, мынау табиғат-құдіреттің бізге әдейі арнап шашыратқан душына!

Марьям. *(О да жалаңаяқ жүгіріп шығады. Секіріп жүр).* Ой, рақат екен ғой шынында...

Аспаннан тамшы секірді,
Көгеннен қашқан лақтай.
Шылайды сүйкеп кекілді,
Жағасын шайған бұлақтай.

Көктемнің жылы жаңбыры-ай!
Еркелей өпкен төбемді.
Жанымен ұйып, балбырай
Қайың боп кеттім мен енді!

Қайыржан. О-о, Мариаш! Мынауың мықты өлең! "Қайың боп кеттім" дегеніңе қарағанда, дәу де болса Мұқағали Мақатаевтыкі. Солай ғой, ә?

Марьям. Жоқ! Таппадыңыз.

Қайыржан. Онда сыршыл Тұманбайдыкі.

Марьям. Иә, ол мықты лирик ақын. Ал бірақ бұл өлең өзімдікі, Қайыржан.

Қайыржаи. О - hоу! Өзің мықты ақын екенсің, Мариаш! Мен саған бас ұрдым. Онда ма, онда.

Мариашым - сыршыл ақыным,
Жаңбыр боп сөйлеп жатыр үн.
Жалаңаш жүрген башпайың
Жүрмесін қанап, ақырын!

деп арқалап алсам, қарсы болмассың. *(Екеудің мәз, наз күлкісі. Музыка. Сахна қараңғыланады). (Сахнаға жарық түскенде, алғашқы кабинет көрінеді).*

Нұрбақыт. Ата, билейін бе? Сіз онда музыкасын аузыңызбен ойнаңыз. Аузыңызбен, иә, ма?..

Қайыржан. *(даусын қатайтып).* Баста қане!

Нұрбақыт. О-о! Даусыңыз ащы екен, қорқып кеттім. Он да музыка ойнамай-ақ қойыңыз. *(Одыраңдап билеп жүр. Билеп жүріп өзінің іс қағазын жып еткізіп алып, қалтасына ұрып жібереді).* Қалай, ағай? Ұнай ма биім? *(Отыра кетеді).*

Қайыржан. *(орнынан тұрып келіп).* Тұр орныңнан! Ақымақ актерсымақ!

Нұрбақыт. *(сасқалақтап).* А-а!? Не? Су... су беріңізші, жүрегім ұшып кетті ғой.

Қайыржан. *(стакант су құйып беріп).* Мә, іш! Есуас неме! *(Нұрбахыт іше бергенде, стаканды қағып жібереді).* Актерсымақ! Сен мені... мына мені алдамақсың, ә! *(Жақтан тартып жібереді).* Көрсетем мен саған балағанды! *(Мойнынан сығып тұрып, қалтадан қағазды суырып алады).*

Нұрбақыт. Байқаңыз, полковник! Қол жұмсағаныңыз үшін жазаға тартыласыз! Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 105 бабына сәйкес...

Қайыржан. Тоқтат! Отыр! Сен сияқты алаяқтардың талайын көргем. Талайын тәубасына келтіргем. Қылмыстық кодекс менде! Менің қолымда! Сендей жауыздарды, сендей баукеспе сұмдарды бұғаулайтын Қазақстан кодексы менің... естисің бе, тек қана мына менің құзырымда!

Нұрбақыт. Жо-жоқ! Қателесесіз, полковник! Сіз презумпция невиновности дегенді, әрине, білесіз. Мықтап білесіз. Бірақ дәл қазір ұмытып тұрсыз, ә? Неге ұмытасыз? Сіздің қол көтеруге қандай қақыңыз бар? Қылмыстық кодекс сізге қару болса, маған қалқан ол. Адвокат қайда? Адвокатым келмейінше сіздің менен жауап алуыңызға қақыңыз да, құқыңыз да жоқ.

Қайыржан. Тоқтат былшылды, қарақшы!

Нұрбақыт. Тағы да қателестіңіз, полковник! Мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының ерікті адамымын! Менің жазықты, не жазықсыз екенімді тек қана сот шешеді. Сот, көке! Оған дейін мен қылмыскер емес, лишь задержанное лицо, яғни ұсталушы ғанамын! Түсінікті ме, полковник мырза!

Қайыржан. А-а, сен енді осылай сөйлей бастадың ба?!

Нұрбақыт. Иә! Осылай сөйлеймін. Енді мені тыңдаңыз, полковник! Біріншіден, сіз маған қол жұмсадыңыз. Бұл әрекетіңіз, денсаулыққа әдейілеп жеңіл зардап келтіру деп аталады да, Қылмыстық кодекстің 105 бабына сәйкес жазаланады.

Қайыржан. Oho-oy! Статьяларды жатқа соғам де!

Нұрбақыт. Иә!Бүгінде, қит етсең төбеңде ойнайтын полиция көбейген кезде онсыз күнің қараң. Әрі қарай тыңдаңыз, полковник!

Атым - Нұрбақыт. Нұрбақыт Оралович! Фамилиям Бапин. Ал, Бапин сізге әсер етпей ме... Қандай өкініштi! Мен - екінші Бапин! Яғни Орал Ақжолович Бапинның ұлымын! Қазақстан Ұлттық Қауіпсіздік комитеті төрағасының мұрагері болам! Сенбесеңіз тексеріңіз. Папамның Астанадағы мобильный телефоны үш, ноль, ноль, ноль, он бір, сексен бір, жетпіс жеті. Қабылдау бөлмесінікі - он бір, отыз бір, жетпіс. Қанеки, көке, жүрегіңіз дауаласа, папама телефон шалыңыз... Неге бөгелесіз. Әлде мен звондайын ба?

Қайыржан. Сызданбаңыз, жас жігіт. Айқайламаңыз. Сен... ә, сіз кімнің баласы болсаңыз, оның баласы болыңыз. Құдайдың баласы емес шығарсыз. Заң үшін кімнің кім екенінің қажеті шамалы. Сіз қазір өзіңіз айтқан задержанный, яғни ұсталған адамсыз. Ал, мынау пока менің кабинетім.

Нұрбақыт. Иә! Тек ұсталған адаммын. Сіз айтқандай қылмыскер емеспін. Аяймын сізді, полковник...

Қайыржан. Ал мен аямаймын ешкімді. Азамат Бапин, сізді вагонда капитан Денисов пен лейтенант Хасенов ұстаған. Қолыңыздағы бидонмен. Мынау соның хаттамасы! Мынау сіздің баттиған қолыңыз! Ал мынау суретіңіз. Анфас и профиль! Яғни қырыңыз бен қарсы отырған түріңіз.

Нұрбақыт. Иә-иә! Фотоға түсіруге ғана шеберсіздер! Байтұрсынов пен Сейфуллинді де баяғыда осылай түсірген.

Қайыржан Ал мынау саусақтарыңыздың таңбасы. Отпечатки пальцев! Мына қағаз судмедэкспертизаның қорытындысы. Сол күні сіз мас емес, сап-сау болғансыз. Бидондағы сүттен есірткі табылған. Анаша!

Нұрбақыт. Бәрі рас, полковник! Суреттегі де өзім! Қол да, таңба да менікі. Бірақ сіз тағы да қателестіңіз, полковник мырза! Бидондағы сүт емес қымыз болатын. Қымыз!

Қайыржан. Какая разница! Екеуі де ақ!

Нұрбақыт. Большая, полковник! Большая разница. Сіз есекті тұлпарға телігендей болып отырсыз. Қымыз - қазақтың ең киелі асы. Қымыз - қара қылды қақ жарған қасиетті бабам - Қаздауысты Қазыбек бидің қастерлеген сусыны! Қымыз - қарашысын хандай сыйлаған, қодиланған төресін құлдай қинаған, ақ ордасына жарамсақ пен жартыкешті жолатпаған құдіретті Абылай ханымыздың ардақтаған нәрі!

Қайыржан. Доғарыңыз демагогияны! Сүт-пүт! Қымыз-пымыз! Жетеді! Айт, қане! Есірткіні кімнен алдың? Қайда апара жаттың? Мен... мен саған айтқызам. Күштеп айтқызам, Бапин!

Нұрбақыт. Бесполезно, полковник! Сіз ешқашанда генерал бола алмайсыз! Есіңізде болсын: тергеушінің һәм басқа адамның айыпталушыға күштеп жауап бергізуі білесіз бе, Қылмыстық кодекстің 347 бабының екінші пунктіне сәйкес үш жылға дейін бас бостандығынан айыртады. Темір тордың арғы жағынан өзіңіз сығалап қалып жүрмеңіз. *(күледі).*

Қайыржан. Сен... сіз сүтке салған есірткіні кімнен алдыңыз?

Нұрбақыт. Қымыз деңіз, полковник. Мен қымызды сондай ұнатам. Ұнатқандықтан қымызды Шу вокзалындағы дәуқарын келіншектен бидонымен қоса сатып алғам. Ал есірткіні оған кім салғанын мен қайдан білейін. Көріпкел... экстрасенс, Ванга емеспін.

Қайыржан. Жоқ! Именно сіз! Сен Бапин Нұрбахыт Оралович! Салған сен! Ә, салған сіз...

Нұрбақыт. О-о! Міне гәп қайда! Есірткіні сіздер... өздеріңіз салып... Ох, мерездік! Мені емес, менің папамды, министрді әдейі істі етпексіздер, ә! Бәсе, шүйілуіңіз тегін емес. Ал мен қорықпадым. Неге қорқам. Мен егемен һәм тәуелсіз елдің еркін азаматымын. Менің еркіндігімнің гаранты - Елбасының өзі! Халық сайлаған Президент!

Қайыржан. Сіз енді Президент атымен сөйлеп, сес

көрсете бастадыңыз ба, айыпталушы! Соңда әкесі министр болса, баласы емін-еркін қылмыс жасай беруі керек пе? Министрге бәрі кешірілмек пе?

Нұрбақыт. Стоп! Менімен бұлай сөйлеспеңіз, полковник мы-ыр-зы-а! Басқа, басқа, но папама тіл тигізбеңіз. Папамның қатысы жоқ. Мен сіздерді кешіргенмен, папам кешірмейді. *(пауза).* Әлде сіз істі жауып тастарсыз. Өзіңізге өзіңіз пәле тілеп қайтесіз?..

Қайыржан. *(паузадан соң).* Жо-оқ! Бар пәлеге төздім. *(телефонды тереді).* Алло, алло, Бапин?.. *(Нұрбақытқа)* Әкеңнің мобильныйы істемейді ғой?!.

Нұрбақыт. Істемесе, ә-ке-еміз-із Президентте отырған болар. Мүмкін ә-әке-емі-із аса маңызды совещание өткізіп жатқан шығар. Сіз телефон соғар деп екі қолын қусырып, тосып отырмайды ә-ә-ке-еміз! *(сықылықтап кекете күледі).*

Қайыржан. *(кнопканы басып қап).* Света! Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің басшысымен қосшы. Әрине, Астана! *(Нұрбахыт ыңғайсыз қыбыр ете қалады. Оны Қайыржан әрине байқап қояды).* Ә, балақай! Мына жаман ағаң сен менсінбейтін полковник дәрежесіне бекерден бекер жеткен жоқ. Талай-талай бандит, қарақшылармен, талай-талай есерсоқ анашист наркомандармен алысып, айқасып жүріп алған. Сондықтан мен ешкімнен, ештеңеден тайсалмаймын! Керек болса, сенің папаң... ә-әке-ең министр Бапиннен де батыл талап етем!

Нұрбақыт. Өзіңіз отырған ағаштың бұтағын кесем деп мұрттай ұшатыныңызды ұмыттыңыз-ау!

Қайыржан. Ол ағаш - сенің әкең отырған ағаш болса, онда аянбай кестім бұтағын! Менің де гарантым - халық сайлаған Президент! Сонымен шын әкеңнің атын айт, күшік! *(Жағынан тартып жібереді. Телефон шылдыры. Трубканы көтереді).* Помощнигі ме? Қазір. Света! *(Нұрбахытқа)* Мә! Ұста! Сөйлес! Алмайсың! *(Трубкамен өзі сөйлеседі)*Сәлеметсіз бе Ахмет Ақбаевич! Министрмен сөйлесейін деп ем... Дүйсенбіде кірем ғой, ә? Мақұл. *(қояды).* Енді сен бәрін айтасың! Әкеңді сен, сені әкең танымастай етем. Сол танымаған әкеңе енді мен сені, саған әкеңді танытам! *(қарқылдап күледі).* Мен танытам әкеңді! Мен ғана! Атың кім!

Нұрбақыт. Нұрбақыт. Рас, Нұрбақытпын, ағай. Фамилиям Оспанов.

Қайыржан. Әкең аты?.. Отчествоң қалай?

Нұрбақыт. Мариамович.

Қайыржан. Әй, не тантып тұрсың?! Сонда қалай, әкең жоқ па? Қатынның атын қалай алып жүрсің?.. Үндемейсің, ә...

Қайда оқисың?

Нұрбақыт. Заң академиясында.

Қайыржан. Арамдық, жалғандық, қылмыс атаулымен күресетін болашақ заңгермін де. Екіжүзділікті ит етінен жек көрем! Сенің ісің мен сөзің екі түрлі. Ісің, әрекетің мынау, оқуың анау.

Есірткіні кімге апармақ едің?

Нұрбақыт. Білмеймін.

Қайыржан. Аты кім еді? Фамилиясы? Мекен-жайы?

Нұрбақыт. Ағай, дәл шыным! Атын да, фамилиясын да білмеймін.

Қайыржан. Шуға неге бардың?

Нұрбақыт. Қай бір барайын деп барып ем, ағай... Не деп иландырсам екен. Ақша сондай керек боп... Амалсыздан...

Қайыржан. Ақша кімге болса да керек. Бірақ ақшаға бола қылмысқа бару - жыртқыштық қана.

Нұрбақыт. Ағай! Жолдас полковник! Қалай ұрыссаңыз да сияды. Тек анам өксиді-ау. Соған өкінем. Амалсыз ақша таппақ боп ұрынып қалдым ғой. Маңдайға жазғаны осы шығар...

Қайыржан. Әй! Қане қолыңды, білегіңді көрсетші! *(Шап беріп, қарап)* Жоқ! Тап-таза! Есірткіні кімге бермек едің?

Нұрбақыт. Мен вагоннан түскенде өздері тосып алады деген. Менің қолымдағы қызыл мұқабалы кітаптан олар мені танып, менен “Сағат қанша?” деп сұрауға тиіс-тін. Мен оларға “Анау ілулі сағаттан уақытты неге байқамайсыңдар” деуім керек-тін.

Қайыржан. Қаншаға келісіп едіңдер?

Нұрбақыт. Маған керегі үш жүз доллар, *(пауза. Көзі шын жасауран).* Шешем ауру. Қан рагы. Қанша, өмір сүрері белгісіз. Ағай, мені бір-ақ күнге босатыңызшы!

Қайыржан. *(қарқылдап күліп).* Кез келген

қарақшыны шешем ауру дегенге босатып қоя беретін ақымағың біз емес. Сен сияқты өз қазағына ажал себуші мәңгүрттерді подлец деймін. Подлецсің! Бүгін сені пресс-конференцияға салып, сен сұмырайды телевизордан елдің бәріне көрсетем! Сөйтіп қарабет қылам! *(кнопканы басып)* Света, мынау Оспанов Нұрбақыт Марьямович... Мейрамович емес, Света. Өкінішке орай, бұл шынымен Марьямович... Заң академиясында оқи ма? Анықта. Оқитын болса, деканын дереу пресс-конференцияға шақыртқыз. *(тағы бір кнопканы басып)* Маған пресс-секретарь керек. Ә, Сапар, сенбісің. Келесі жетіге жоспарла. Қаладағы бүкіл ВУЗдардың проректорларымен кездесу. Тақырыбы: есірткі және студент жастар. Компартия таратылғалы идеология құрыды. Жастармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізетін бұрынғыдай комсомол да жоқ. Қадағалайтын партия да жоқ. Бүгінде идеологиямен айналысатын Елбасыдан басқа тірі жан қалмады. Маңайындағы ыбыр-жыбыр күйкібастардан көмек шамалы. Әу, Сапар, шешесін шақырдыңдар ма? Бәрібір алдырыңдар! *(кнопканы басады. Нұрбақытқа).* Елге қайғы-қасірет ұрығын егіп, ажал себетін сендей азғындардың бетін бүгін бүкіл жұртшылықтың алдында айғыздай қылам! Қолым түк қалтырамай атар едім сендерді! Қайран Сталин заманы-ай! *(Айқай-шу. Есік ашылады. Арайлым басы көрінеді)* Жап есікті!

Арайлым. Ағатай! Бір минутқа... Ол кешеден бері аш отыр!

Қайыржан. Есікті жап дедім ғой сізге! *(Арайлым кетеді).*

Нұрбақыт. Ағай, маған не жасасаңыз да, еркіңіз. Жалғыз-ақ телевидениеден көрсетпеңізші!

Қайыржан. О, ненің ақысы! Көрсеткенде қандай! Еще шешеңмен қосып, қосақтап көрсеткізем.

Нұрбақыт. Көрсететін болсаңыздар онда мен қазір мынау төртінші қабаттан секіріп өлем!

Қайыржан. *(қарқылдап)* Өлмейсің! Сендей сүмелектер өздігінен өлмейді. Ал егер сен сияқты сұмырайлар түгел өліп қалса,онда қасиетті де құдіретті Қазақстанымда жұмақ орнап, қой үстіне бозторғай

жұмыртқалар еді-ау. Амал не, сендей сілімтіктер ешқашанда өлмейді. *(телефон. Света ақсаңдай басып кіреді).*

Света. Қайыржан Ахатович!..

Қайыржан. Света, сен бүгін неге ақсаңдап кеттің?

Света. Ой, кешіріңіз, Қайыржан Ахатович!.. Туфлиім... сәл тарлау... Жаңа туфли болған соң!..

Қайыржан. Туфли!.. Туфли дейсің, ә?! Жаңа, бір размері кем ғой?..

(Музыка. Сахна қараңғыланады).

(Сахна қайта жанады. Сквер. Басында каска, үстінде бояу мен шаң жұққан жұмыс киімді Қайыржан қойнына әлдене тығып алып безіп келеді. Соңында вахтер әйел қуып келеді).

Вахтер. Тоқта! Тоқта дейм! Атамын!

Қайыржан. Апай! Тыңдаңызшы!.

Вахтер. Қарақшы неме! Мен саған апай емеспін. Сенің апайың албасты ғана. Пропөскің жоқ па? Жоқ! Ендеше неге шарбақтан секіріп кіресің! Ой, қарақшы!

Қайыржан. Апай! Мен бандит те, қарақшы да емеспін! Мен... мен іздеушімін!

Вахтер. Немене? Сен бе іздеуші! Көрсетем мен саған оңай олжа іздегенді! Сен сияқты оңай олжа іздеушілер әнеугүні келіп, бір бума матаны ұрлап алып кеткен. *(Наганын көтереді).* Тоқта! Стой!

Қайыржан. Ойпырай, апай! Айналайын, тәтетай! Мен іздеушімін дегенде... махаббатымды іздеп келгенімді айтқам! Оллаһи, шыным!

Вахтер. Әй, андағың не? Қойныңдағы немене? Қай жерден ұрлап үлгердің?

Қайыржан. Ой, тәте! Сіз қызық екенсіз. Бұл өзімдікі!.. Ұрлық жасап жын ұрды деп пе едіңіз мені. Бұл заттың - иесі бар! Мықты иесі!

Вахтер. Қиқаңдама! Шығар қойныңдағыны. *(Наганын шошайтады).*

Қайыржан. Жо-оқ! Бұл қымбатты дүнием. Шығара алмаймын иесі келмей. Апай, наганыңызды шошаңдата бермеңізші! Бір жерін білмей басып қалсаңыз... оқыста атылып кетіп жүрсе...

Вахтер. Сен мені келеке етесің ғой. Онымен қоймай қымбаттым деп аузын кергілеп, алдамақ мені. Қане,

тоқта! Әйтпесе мынау шікірейген шекеңе тарс еткізем! Мынау каскаң да қорғай алмайды. Каскам бар дейсің ғой. Каскаңды да қақ бөлем ерегістірсең.

Қайыржан. Мен... мен құрьшысшы-монтажникпін! Жоғары дәрежелі! Мен... мен Марьямды... Марьяшамды іздеп келгем.

Вахтер. Марьямды деймісің! Пішту! Ой, өтірікші сол! Саған ол пысқырады деген! Ол біздің ең сұлу, ең көркем қалыңдық қой! Әрі ең бірінші, ең мақтаулы тоқымашы емес пе! Сен, шырақ! Қол жетпеске құрық созба! Бәрібір мені олай и оңай алдай алмайсың. Қане, көтер қолыңды!

Қайыржан. *(қолын көтеріп,ілгері аттайды).* Апай! Тәтетай! Қымбаттым! Менің Марьям - Мариашам сол дәл сіз айтқандай ең бірінші, ең мақтаулы болмаса, менің өз мойнымды өзім үзердей анау биік дуалдан секіріп нем бар еді! *(жақындайды)* Түсінсеңізші!

Вахтер. Әй, тоқта! Тұр солай! Енді бері бір елі аттасаң, апыр-топыр тырс еткізем. Сеспей тырапай асасың!

Қайыржан. Ой, апай-ай! Қандай қатал адамсыз! *(Марьям келеді)* Мариаша! *(Тура ұмтылады).*

Вахтер. Әй, тоқта! Тоқта дейм. Мен саған Мариаша емеспін!.. (*Кенет Марьямды көріп).* Ой, сенбісің, Марьям!? Мынау дүлей неме... Сені білем деп... Саған келдім деп...

Марьям. *(Қайыржаннан басқа ешкімді көрмей).* Қайыржан?!. Мынау түрің қалай? Қайдан жүрсің?

Қайыржан. Өзіңді іздеп... Сені көргенше шыдай алмай... Тіпті киімімді ауыстыруға да үлгермедім Мариаша!.. Марьям!

Марьям. Ап-ауыр қылмай, каскаңды шешсеңші. *(каскасын өзі шешеді).* Ой, терлеп кетіпсің! *(орамалын шығарып сүрте бастайды).* Малмандай су бопсың!..

Қайыржан. *(қашқақтап).* Марьям, үстіңді байқашы. Қап! Мынау, шаң-шаң, бояу киімім... Жұқпасыншы. Әрірек... былғайсың көйлегіңді...

Марьям. Ой, Қайыржан! Пәле, спецовкаңның түймелерінің бірі жоқ қой! Не болған! Туп-тура майданнан шыққандай.

Қайыржан. *(сықылдап күліп)* Рас! Майданнан бір

кем емес алыс-жұлыстан шықтым... Мариям! Жұмшы көзіңді! *(қойнынан су жаңа туфли шығарып, тоса қояды).* Аш енді! Қалай?!

Марьям. Ой! Қайыржан! Мынау... мынау... импортный ғой!..

Қайыржан. Бұл - сенікі Марьям! Жұмыстан қайтып келе жатсам, ЦУМ-ның сыртында сатып жатыр екен. Жұрт қырылысып жатқан соң... Тура үш сағат кезекте тұрдым... Киші! Киіп көрші, Мариаша!

Марьям. Түймелеріңді солай үздім де... *(күледі).*

Қайыржан. Мені менсінбей мұрын шүйірген бикештер, туфли азая бастағанда ештеңеге қарағаң жоқ... Олай да бұлай жұлмалады дейсің. *(күледі).* Ә-ә... Не? Мариаша?! Симай ма?!

Марьям. Сәл... кішіректеу сияқты... Аздап тарлау...

Қайыржан. Қап! Енді қалай ауыстырамыз... Бәрі өтіп кетіп еді... Ой, Марьям... сен мені кешір. Мен ақмақ басым, размеріңді сұрап алмай... Қап-әй, ә!..

Марьям. Жо-оқ, Қайыржан! Кием! Міне, сиды... Сәл қысады... Кеңиді ғой кейін.

Қайыржан. Қане, жүріп көрші, Мариаша! *(Екеуі бірін-бірі аялап, Мариам сәл ақсаңдай басып кетіп барады.Манадан сырттай бағып тұрған вахтер таң-тамаша қап күбірлеп тұр).*

Вахтер. Қайран жастық! Мен оны ұры деп қуып жүрсем!.. Марьям, қызым! Бақытың ашылсын! Бағың жансын. Бақытты болыңдар, балаларым! *(Ерні күбірлеп, бетін сипайды).*

Музыка.

Сахнада алғашқы көріністегі кабинет.

Света, *(ақсаңдай басып кіреді).* Қайыржан Ахатович, телефон...

Қайыржан. Света, сен неге бүгін ақсаңдап жүрсің?

Света. Жана туфли киіп ем, сәл кішілеу ме, аягымды қысып...

Қайыржан. Ә-ә, туфли ме... Телефон дедің бе?

Света. Ой, Қайыржан Ахатович, сізді Министрдің орынбасары...

Қайыржан. *(трубканы көтереді).* Оу, Асеке! *(орнынан атып тұрады).* Асеке, есен-саумысыз... Департаментке ме... Директормын ба?!. Болатын болды

деймісіз?! Ой, рахмет! Алғыстан басқа айтарым жоқ Асеке! Екеу ғой. Екеуі де қыз. Ұл жоқ!.. Үлкенім Меруерт Англияда оқуда... Төрт бөлме ме?!. Маған үшеуі де жете... Әрине ғой... Бұйырған кетпес, қуған жетпес... Тәжірибемізді, күш-жігерімізді елден, Елбасыдан аямаймыз... Сенім білдірген соң тау қопарамыз... Пресс-конференция ма... Бүгін өткіземіз... Барлық каналдан тіпті ОРТдан да шақырдық. Бір оңбағанды... Өзіміздің қаракөз... Иә, бәрі өзімізден шығады.

Асеке, келесі айға Білім министрімен келісіп осы есірткіге қарсы күрес туралы ғылыми-конференция өткізсек. Өзіңіз сөйлесеңіз. Ә-ә, баяндамаңыз, почти дайын... әлбетте, өзім жазам... Сөз жоқ... Кстати, Асеке, осы алдаяы уик-эндте Астанаға барып коллегия мүшелеріне шай беріп, “прописка” жасасам... Еңбегімді сіздер бағалап жатқанда... Ой, рахмет, Асеке! Бүгін кешке көріңіз ұлттық программадан. Министрге де ескерте салсаңыз. Сіздің атыңызды обязательно айтам. Бәрі сіздің арқаңыз, Асеке! Сау болыңыз! *(трубканы қойып, көкірегін кере адымдап жүріп жүр. Нұрбақыт қарап қалған. Кенет тез-тез сөйлей жөнелді).*

Нұрбақыт. Ағатай! Жолдас полковник! Сіз үлкен қызмет иесісіз. Бірдеме сезсем, дәрежеңіз тағы өсейін деп тұр. Құттықтаймын. Шын жүректен. Менің тағдырымды сіздің бір ауыз сөзіңіз шешеді. Шешем... мамамның науқасы өте ауыр. Дәрісіне тура үш жүз доллар керек болған соң амалсыз барып ем... Жиырма екіге келгенше ешкімнің алдында тізе бүгіп, ант ішпеп ем... *(тізесін бүгіп, отыра кетеді).* Иланыңызшы маған, ағатай! Сеніңізші дәл осы сөзіме, шындығыма!..

Қайыржан. Тұр орныңнан! Бүкпе тізеңді..

Нұрбақыт. Жолдас полковник! Ағай, сізді қайтіп сендірсем екен. Мамамның қаны ағарған. Белокровье! Бір ғана дәрі... Германияда жасалатын жалғыз перепарат керек оған. Бағасы үш жүз доллар! Оның өзі жарты-ақ айға жетеді.Ақша табам деп жүк түсірдім. Аула тазаладым. Детсадқа күзетші болдым. Алғаным тиын-тебен. Дәріге жетпеді. Содан бір күзетші: “ақша тапқың келсе, наркокурьер бол!” деген соң...

Қайыржан. Ох, балақай! Сен Индия киносының көзінің жасы тыйылмайтын актерларынан түк аумайсың. Бірақ, дүниедегі ең құдіретті күш - заң! Егемен еліміздің бұлжымас заңы! Сол заңға студент-наркокурьер сен де, бүгінгі полковник, ертеңгі генерал мен де бірдейміз. Бірдейміз! Сенің шешең ауру ма, сау ма оған заңның қатысы жоқ.

Нұрбақыт. Сонда көз жасқа қарамайтын қатал заңыңыз кімге қажет?

Қайыржан. Әй, қарағым! Сен өзіңді өзің түрмеге итеріп отырсың. Өзің! Заң емес! Мұның бәріне сені осындай сүмелек қылмыскер етіп асыраған шешең кінәлі. Соның тәрбиесі кінәлі. Шешең арақ ішіп, сотталған жоқ па еді?

Нұрбақыт. *(атып тұрып)* Жоқ, полковник! Шешеме тіл тигізбеңіз! Ол... ол - еңбек адамы! Ол цех бастығы болған! Ауырмағанда... *(Осы кезде ауызғы бөлмеден айқай-шу естіледі.Дауыстар. "Неге кіргізбейсіз?" "Болмайды!"Ішке бір қолында скрипка футляры бар Арайлым кіреді).*

Арайлым. Нағыз Цербер! Ә-ә, ағатай! Кіруге бола ма?

Қайыржан. *(кнопканы басып).* Света, бұл не? Неге жібердің! *(Арайлымға).* Сіз кімсіз? Рұхсатсыз неге кіресіз?

Арайлым. Мен бе? Арайлыммын. Сәлеметсіз бе? Ағатай, кешіріңіз. Мен Нұрбақытқа...

Қайыржан. *(қолын сермеп).* Сәлеметсіз... Не айтпақсыз? Кім керек?

Арайлым. Ағатай! Мен... мен Бахқа келдім... Жалынамын, ағатай! *(тізерлеп отыра кетеді).*

Қайыржан. Мына жастарға не болған?! Мынаусы да тізесін бүгеді. Тұрыңыз! Шығыңыз! Есікті сыртынан жабыңыз!

Арайлым. Сіз... сіз... Бахты түсінбейсіз! Білмейсіз...

Нұрбақыт. Арайка, неге келдің? Мені қалай таптың?

Арайлым. Жан айтты. Бах, мен сенсіз... сен жоқта... Түнімен көз ілгем жоқ. *(жылайды).*

Нұрбақыт. Арайка, жыламашы! Баршы, Арайлым.

Арайлым. Бах! Мен сені!.. Я тебя люблю!.. Сен... сен тазасың! Сен қылмыскер емессің!..

Қайыржан. Бізге кедергі болмаңыз. Шығыңыз!

Арайлым. Ағатай! Сіз... сіз Баха... Бахты... бекер кіналайсыз. Он чист... чист! Босатыңызшы оны, ағатай. Мен сізді өз концертіме шақырам. Балаларыңыз да келсін. Мен сізге Гайдны, Шопенді, Мұхамеджановты ойнаймын.

Нұрбақыт. Арайлым! Неге келдің? Прошу тебя. Уйди, Арайка!

Қайыржан. Бикеш, сіз боссыз! Концертіңізге билет алып-ақ кірерміз, барсақ... Боссыз!

Арайлым. Нурик! Бах!.. Ағатай ол жақсы... Адал! Мен сені... сені тосам... Күтем ғұмыр бойы!... *(кетеді).*

Генерал. *(динамиктен)* Қайыржан! Полковник!

Қайыржан. *(орнынан атып тұрып).* Иә, генерал мырза! Тыңдап тұрмын.

Генерал. Сенімен Асекең сөйлесті ғой?!

Қайыржан. Дәл солай, жол... генерал мырза! Сөйлесті.

Генерал. Сені Асекеңе кімнің ұсынғанын ұмыттың а?

Қайыржан. О не дегеніңіз, Ақа! Ә-ә, генерал мырза. Сіздің көңіліңіздің шуағымен жылынудамыз ғой.

Генерал. Сен, полковник, өйтіп алдаусыратпа... Жылбысқысың сен, білдің бе! Әлпейісовтың ісін жаппапсың ғой.

Қайыржан. Генерал мырза, оның қылмысы өте ауыр... Кемінде он жылға...

Генерал. Сен... сен, полковник! Менің... өзіңнің тікелей бастығыңның кішігірім тілегін орындамайсың! Еще Астанадан дәметесің, ә...

Қайыржан. Оның бұлтартпас куәлары көп... Жем-қор ол! Қылмысы түгел дәлелденген. Қалай жабам?

Генерал. Сен оның дөкей туыстарының, мықты жақындарының да көп екенін білесің бе?.. Сөзді доғар да, істі дереу жап! Әлпейісов тап ертең босайтын болсын! Мен Әлекеңе солай деп мәлімдеймін! *(кнопка сөнеді).*

Қайыржан. Дөкей! Мықты... Бізді құртатын осы дөкей аға, мықты көкелер!.. Сонымен отчествоң неге Марьямович?

Нұрбақыт. Әкем аты солай.

Қайыржан. Ал, ол әкең қайда?

Нұрбақыт. Әкем жоқ.

Қайыржан. Шешең сені күлге аунап тапқан ба?

Нұрбақыт. Мамама тіл тигізбеңіз дедім ғой!*(столды жұдырығымен ұрып жібереді).*

Қайыржан. Күшік! Менің кабинетімде отырып, менің столымды ұрасың,ә! Көрсетейін ұрғанды! *(кнопканы басып).* Есбергенов, сен кешке мына сұмырайды... иә, наркокурьерді айтам, дұрыстап, барлық параграфын түгендеп жақсылап үйретіп ал. Тым тәрбиесіз өскен екен. Әдемілеп тәрбиеле! Но, байқап... көгермейтіндей, көрінбейтіндей, сынбай-тындай етіп! *(Нұрбақытқа)*. Сен әкесіз өсіп, жетесіз кеткен сүмелек кімге кездескеніңді білмейді екенсің. Білдірем! Сенің ендігі әкең де, шешең де менмін! Сөйтіп әкеңді танытам, иттің баласы! *(Аяғында роликті конькиі бар Маржан кіреді).*

Маржан. Ой, папуля! Какой ты сердитый! Первый раз я тебя такого грозного вижу.

(Қайыржан. Мара! Саған мұнда, жұмысқа келме деп қашанғы айтам.

Маржан. Жай болса келем бе, папа. Возникли некоторые проблемы.

Света, *(кіріп).* Қайыржан Ахатович! Сізге екі адам келіп тұр. Срочно керек дейді.

Қайыржан. Есіңде болсын, Света! Құдай болса да күтсін! Дәл қазір уақытым жоқ.

Света. Өздері тым асығыс екен. Сіз біледі, доспыз дейді!

Қайыржан. Кім олар? Аты-жөні бар ма?

Света. Біреуі Гургенидзе, біреуі Гелоев пе, әйтеуір кавказдық!

Қайыржан. А-а, Гоги ғой! Онда, Света! *(сыбырлап).* Сен... сен оларды комната отдыхқа кіргіз... Мара, қазір келем, тыныш отыр! Мұндағылар - қарақшылар, наркомандар ғана! *(екінші есіктен шығып кетеді).*

Маржан. *(Нұрбақытқа ұзақ қарап қалады).* Сен... кешіріңіз сіз... Вы неужели один из них... мүмкін емес. Сіз... оларға мүлде ұқсамайсыз... Неужели, папамның айтқаны рас. Сізді осында ұстап алып келген бе?

Нұрбақыт. Рас... солай болды...

Маржан. Атыңыз кім?

Нұрбақыт. Достарым Бах дейді. Өзім қойған атым - Нұрбақыт.

Маржан. Ал, мен Маржанмын. Мед. университетте оқимын. Педиатор. Екінші курста. Сен бандитке ұқсамайсың, Бах.

Нұрбақыт. Өзімнің де ұқсағым келіп тұрған жоқ. Ал, сен керемет қыз екенсің... Әттең сүйікті Арайлым... Арайкам бар. Әйтпесе... *(күледі).*

Маржан. Менің де жігітім бар. Мен сенің көздеріңді бір жерден көргем... Тек ұмытып тұрмын.

Нұрбақыт. Мен де сені бір жерден көрген секілдімін.

Маржан. Сен өткен жазда Анталияда, Түркияда болып па ең?

Нұрбақыт. Жо-ға...

Маржан. Ал. Ыстық көлде ше? Дем алған жоқсың ба?

Нұрбақыт. Оны бізге кім беріпті... Біз ылғи жазда шабашкіде, яғни қара жұмысқа жалданатын жандармыз...

Маржан. *(сумкасынан визитка алып ұсынады).* Мә, қалай шығасың, звондашы. Я знаю, у нас есть о чем говорить, обещаешь...

Нұрбақыт. Обещаю.

(Есіктен көңілденген Қайыржан кіреді. Артына қарайлап сөйлеп келеді).

Қайыржан. Ну, жақсы, Гоги. Бәрі дұрыс болады. Қам жеме... Пока... А-а, охотаға келер сенбіде бол-маса... А-а, кстати, онда өздерің Астанаға келесіңдер... Ну, пока... А-а, Мара? Жәй келіп пе ең?

Маржан. Пап, вот так нужен полтинник.

Қайыржан. Теңге ме?

Маржан. Жоқ! Баксы, пап, срочно...

Қайыржан. *(портмонесінен 50 $ алып береді)* Мә! Бұдан былай маған жұмысқа келуді доғар.

Маржан. Хорошо. Вообще, мне не интересно кто у тебя друзья. Кстати, пап, этот - не из тех. У него добрые, честные глаза.

Қайыржан. Сен оны қайдан білесің? Әлде танисың ба?

Маржан. Пап, есть такое понятие - женское чутье... Я же тоже чуткая. Ну, пока, целую *(бұрылып Нұрбақытқа қарайды).* Көріскенше. Қалай шығасың, звони... *(кете беріп, сырғанай жөнеледі).*

Қайыржан. Тағы коньки?! Құлайсың ғой, Мара!

Маржан. Папуля, ты же ведь сам научил нас. Ты, ведь любишь кататься на коньках.

Қайыржан. А-а... Иә! Коньки!.. Оны ұмытармын ба. *(Музыка).*

(Сахнада жарық. Таудағы Медеудің маңы. Жап-жас Қайыржан мен Марьям).

Марьям. Қайыржан, сен конькиді сұмдық жақсы тебеді екенсің! Әлгінде елдің бәрі саған қызыға қарағанда, мен сондай мақтандым, әрі сондай марқайдым!

Қайыржан. Ал, Мариаша, маған сен бүгін бұрынғыңнан он есе, жүз есе сұлу боп кеттің! Саған мынау тау ауасы, табиғат аясы сондай жағады екен! Сен... сен, білесің бе, сен табиғат перзентісің! Мынау аспан асты, жер үстінде сенен өтер, сенен асар әрі сұлу, әрі көркем, әрі әсем, әрі әдемі, әрі періште, ешкім - еш леди, еш мадемуазель, еш мадонна, еш царевна... тағы кімі қалды... еш принцесса жоқ!

Марьям. Ой, Қайыржан! Қойшы, ұят болады! Мені соншама мақтай берме.

Қайыржан. *(айқайлап)* Жоқ! Уай, асқақ та паң Алатау! Сен өзіңе өзің сұқтана бермей, мынау менің асыл жарым, Мариаша - Марьямыма қарасаңшы! Қарасаң, көрсең - есіңнен танып, еңсең түсіп, сұлқ қалар едің-ау!

Марьям. Қойшы, Қайыржан! Тым бөсе бермеші! *(Бұдан әрі Марьям Қайыржанды құшақтап қосарлана әлдене деп жүреді).*

Қайыржан. Уай, бұлттан шәлі бүркенген, көк Тәңірі - көк Аспан! Кекірейе бермей көзіңді бері бір сүзші! Көремісің менің Айым мен Күнімді? Ол сенің Айың мен Күніңді он орап алады! Жүзінен нұр шашырап, күлкісінен күміс төгіліп тұрған Марьям-Мариашама көзің бір түссе, Көк Тәңір, мынау заңғар тау мен анау далиған даладан менің аруымдай ауруды таппай, есеңгіреп, есің кете егіл-тегіл сел боп құйылар едің!

Марьям. Болды, болды, Қайрош! Тым асқақтатып, аспандатып жібердің! Алатаудан ұят-тағы!

Қайыржан. Оу, айналайын ақ басты Алатауым! Естимісің менің қуаныштан алып ұшқан жүрегімнің дүрсілін? Ол жүрек Мариаша-Марьям деп қана соғады. Оу, құдіретті көк Тәңірінің тұрағы - шетсіз, шексіз көк Аспан! Асып-тасып көңілімнің толқыған үні жете ме саған? Ол үн - Марьям-Мариашама деген мәңгі тарқамас ынтымағымның тынысы!

Оу, топырағыңнан жаратқан, Табиғат-анам! Көр мына бақытты перзенттеріңді! Біздің бақытымызға куә бол көк Аспан, қара Жер! Oho-ho-ho-ой! Далам мен Тауым! Oho-ho-ho-ой! Тауым мен Далам!

Марьям. Тізерлей *(отыра кетіп).* О, құдіретті көк Аспан! О, қасиетті қара Жер! Асып-тасты деме! Асылық көрме! Тіл-көзден сақта бізді! Біз қуаныштан есінен адаса жаздаған жандармыз! Біз бақытына мәз болған жұбы жарасқан жұбайлармыз! Осы қуанышымыздан айырма, киелі көк Тәңірі! Осы бақытымызды көп көрме, қасиетті жер-аспан!

Қайыржан. Ох, Мара! Қалай жақсы айттың сен. Бірақ мен сенен өлмей айрылармын ба!.. Өзіңді өзгеге өлсем қиярмын ба! *(көтеріп алып, кеудесіне қысып, бетіне бетін көмеді. Әлденеге шалынысып, екеуі ұмар-жұмар құлайды. Мәз күлкі наз қылық. Әдемі, әсерлі көріністер. Бірін-бірі қуалайды. Одан әрі бадминтон ойнап: "Бір де ноль ", "Жоқ енді бір де бір ". "Марочка, міне, былай соқ!" "Өләй, тигізе алмадың, Қайрош! Енді екіде-екі!" деген дауыстар. Бір сәт күлкіге батып екеуі шаршап құлай-құлай кетеді).*

Қайыржан. Дәл осы алабұртқан түріңді. Марочка, суретке түсіріп алып кез келген галереяға іліп қойса, Леонардо шалдың "Джокондасы" шаңына да ілесе алмай қалар! Мен саған мәңгілік ғашықпын! Сен менің Баянымсың! Ләйлімімсің! Жульеттамсың!

Марьям. Қайрош, сен... сен онда Қозымсың! Ромеомсың! Қозы Көрпеш Баян сұлу, Ромео-Жульетта! Солар ғой бірін-бірі сондай ұнатқан. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Сондай асқақ махаббат бүгін жоқ па?! Неге біздің атақты-атақты жазушы, драматургтарымыздың

шығармаларында Ләйлі мен Мәжнүн сияқты мәңгілік ғашықтар кездеспейді?

Қайыржан. Бар, Марьям! Кітапта болмаса да, өмірде бар. Ол - мына сен екеуміз! Біз бір-бірімізсіз. ғұмыр сүре алмаймыз. Біз... бірімізді біріміз өмір бойы сағынып, өмір бойы арманымызды сабақтап өтеміз!..

Марьям. Рас! Маған, Қайрош, сен жоқ жерде өмір жоқ тәрізді. Ондайды ойлағым да келмейді.

Қайыржан. Ойлама, Мара! Екеумізді ажыратар құдірет жоқ! Бізді ажал ғана... айырады. Онда да сәтке ғана... Өйткені біз... Мариаша, өлсек, бір-ақ күнде өлеміз!

Марьям. Айтпашы ондайды! Денем түршігіп кетті-ау! Сен - менің мәңгілік арманымсың! Ал біздің арманымыз - қолымызға қонған, кеудемізге ұялаған.

Қайыржан. Жанымды жалынға орадың ғой, Мариашам!

Марьям. Байқа, Қайрош! Сәл-сәл саябырла! Әйтпесе, өз отыңа өзің өртеніп кетерсің!

Қайыржан. Өртенем, Мариаша! Саған бола өртеніп өліп кетсем, арманым болмас!

Марьям. Сені өртеп алмай тұрғанда аздап су сеуіп суытып алайын. Сөмке қайда? Оқулықтарды алайық.

Қайыржан. Ой, Мара! Қайдағы жоқты қайдан шығарасың. Мынадай сұлулықтың ортасында, үлбіреген сұлу жардың қасында миға оқу кіре ме? Қойсақ қайтеді сол оқуды бүгін, ә?

Марьям. Жоқ, Қайыржан! Жалқауланауға болмайды. Уақыт аз қалды. Дұрыстап дайындалмасақ, университетке түсе алмайсың.

Қайыржан. *(оқулықтарды шығарып).* Жарайды, Мара. Онда мен дайынмын. Сен ренжімесең болғаны. *(Сахна сәл қараңғыланады. Екеуі әріректе кітап ашып, бір-біріне сұрақ-жауап беріп отыр. Уақыт өткенін метроном тықылы сездіріп тұрады. Сәлден соң сахна қайта жарқырайды).*

Қайыржан. *(керіліп-созылып).* Ух! Бітірдік-ау!

Марьям. Әлі де біраз қайталау керек, Қайыржан.

Қайыржан. Мара! Былай істесек қайтеді. Сен бәрін менен артық білесің. Биыл оқуға сен түс. Содан кейін мен де артыңнан ілесермін.

Марьям. Жоқ! Биыл сен түсесің. Ал мен... Көрерміз әлі-ақ. Асықпайық оған. Ал, мен сенің юрист болғаныңды көрсем... онда, Қайрош, менен бақытты жан болмас.

Қайыржан. *(құшақтап).* Біз қазір де бақытты жандармыз. Ал сені ғұмыр бойы бақытты ету үшін мен бәріне... бәріне дайынмын! Ох, Мариаша, қарным ашып, шегім шұрылдап кетті ғой.

Марьям. Онда қайтайық. Кеше дүкеннен қойдың бір басын сатып алғам. Түнде асып қойып ем... Үйге барған соң ет жейміз.

Қайыржан. Оған шейін қайтып шыдаймын. *(Еркелей бұртияды).*

Марьям. Шыда, папасы!..

Қайыржан. *(Атып тұрып).* Әу, не дедің, Мара! Мен бе папасы!? Рас па?! Болам ба?!

Марьям. Мүмкін... Әзір аптықпайық...

Қайыржан. *(секіріп түсіп).* Ондай атты күн туар болса, онда мен мынау жарық жалғанға жар салмаймын ба! *(айғайлап)* Уай, кең дүние! Уай, Жаратқан хақтың айдай әлемі! Менің бір ұлға папа болуым мүмкін! Болам! Рақмет саған, Мариашам! Айтпап пем сен бүкіл адамзат баласына пана боларлық ғаламат ұлды дүниеге әкелесің деп. Әкелесің, Марочкам менің! Соның құрметіне жай анау дастарханыңды мынау даланың кең төсіне. Шығар сөмкеден ақпейіл ырысыңды, тоқмейіл тұз-дәміңді!

Марьям, *(сөмкені ашып).* Ой, Қайыржан! Мыналар қайдан жүр?! Батон ғой! Пәле! Бір бөтелке кефир! Бұдан артық тұз-дәм болар ма? Қайдан алдың?

Қайыржан. *(отыра қап, батонды қақ бөліп, жартысын Марьямға береді).* Мана сен конькилерді қайта өткізерде қалтаңа сал деп берген отыз тиынға қалтамнын түбінде қалған он тиынды қосып, осыларды сатып алғам. Дұрыс жасадым, білем, ә?!

Марьям. Өте дұрыс. Ал, автобусқа қалай мінеміз? Тиынсыз қалдық қой.

Қайыржан. Ту, шайтан! Оны ойламаппын-ау, Марьям.

Марьям. Жарайды. Бірдеме етерміз. Ой, стакан біреу-ақ.

Қайыржан. Әкел бері *(құйып береді).* Мен бөтелкеден іше берем. Ох, Мара! Қандай тәтті нан! Қандай дәмді айран!

Марьям. Таза ауада ішкен асқа не жетсін. Нағыз жұмақ қой!

Қайыржан. Дәл бүгін екеуміздей рақат күй кешкен бүкіл планетада ешкім жоқ! Оллаһи, шын айтам. Тауымыздың төрінде, даламыздың төсінде, өз жерімізде өскен астықтың нанын жеп, өзгенің емес, өз малымыздың ағын ішіп отырмыз ғой. Ой-хой-хой! Нағыз кайф бізде. Мара, екеумізде ғана!

Марьям. Қайыржан, сен тым желпіне бермеші. Әлдекімге жақпай, әлденемізді үркітіп алып жүрмелік.

Қайыржан. Қорықпа, Марьям! Біздің бақытымыздың баянды екеніне аспан мен жер қуә. Аспан мен жердей қабаттаса айқасқан құшағымыз куә! *(Кенет тысқа қарап, айғай салады).* Такси! Ей, таксист! Тоқта!

Марьям. Ой, Қайыржан! Бізде ақша жоқ қой!.. Ақша!

Қайыржан. Ә-ә, иә! Оу, таксист жолдас! Кешіріңіз, уақытты айтпаймысыз?.. Ә-ә, сағатым ба?! Кешіріңіз! Ағай, бара беріңіз, біз... біз әзір қайтпаймыз...

Марьям. Сағат сұрап... сасқаның ба?..

Қайыржан. *(күліп).* Сасқаным рас. Таксиді көргенде бәрін ұмытып кетем. Мінгім келеді де тұрады.

Марьям. Ой, Қайыржан! Сен бар ғой, тұп-тура менің ойымдағыны оқып тұрсың дәл қазір. Мен... мен таксиге мінсем!.. Алматының ол шетінен бұл шетіне шықсам... Асықпай араласам деп армандаймын ылғи.

Қайыржан. Мариаша! Біз... біз мінеміз көгілдір таксиге! Алматыдан тұп-тура Талдықорғанға бір-ақ тартамыз әлі сол көгілдір такси - көк арманмен!

Марьям. Сөйтеміз, ә, Қайрош! Барамыз әпкемізге, ә, Қайыржан! Біздің таксиден түсіп жатқанымызды көргенде... әпкем есі шыға қуанады. Қуанады ол!

Қайыржан. Әрине, қуанады! Сендей әсем сіңілісіне, әдемі асыл келіншекке қуанбай көрсін.

Марьям. Көгілдір такси - көк арман... Қайыржан, ол неге көгілдір? Әдетте таксидің шамы жасыл болмай ма?

Қайыржан. Бола берсін. Ал біздің такси - ерекше

такси, Мариаша-Марьям. Қазақ құстың ең сұлуы аққудың балапанын - көгілдірі деп неге атаған? Жақсы көргендіктен атаған! Біздің көгілдір таксиіміз - өмірлік көк, көгілдір арманымыз ғой. Біз сол жүйрік көлікке мінеміз әлі. Жүйрік көлікпен жүйткіміз әлі! Тау мен даламызға ие болар мұрагерлерді жарық дүниеге топырлатып әкелеміз. Қазақ дейтін халық қытайдан да көбейеді. Бүкіл әлемге әмірін жүргізеді. Оу, сонда мынау алып даласындағы ұлы халықтың дүрілдегенін көрсең... Дүбірлеткенін көрсек.

Марьям. Ой, Қайрош! Қандай тамаша! Біз соны көре алсақ!..

Қайыржан. Біз көрмесек, балаларымыз... немерелеріміз көреді! Сөзсіз көреді!..

Марьям. Көгілдір таксиге солар да мінеді!.. Ой, нанымызды тауысып қойыппыз ғой... Қайтайық.

Қайыржан. Мариаша-Марьям, көгілдір такси де, көңілді такси де, бәрі де болады. Ал, әзірше мынау менің арқам мен жотам сол салдыр-гүлдір таксиіңнен жүз ерте артық. Шаршасаң арқалап алам! *(Тағы да көңілді күлкі, мәз-мәйрам үндер қаракөлеңкеленген сахнадан естіліп тұрады).*

(Сахнада алғашқы көрініс).

Қайыржан. Конькиді таста, қызым.

Маржан. Папуля, это ты же научил нас всех кататься.

Қааыржан. Ә-ә. Коньки тебу әрине жақсы. Бар, Маржан. Кешке кешікпей үйге қайт.

(Нұрбақытқа жақындайды).

Так... әңгімемізге көшейік. Сен, айыпталушы, есірткіні саған берген, есірткіні сенен алмақ болған кісілердің аты-жөнін атып бер!

Нұрбақыт. Білмеймін. Шыным...

Кдйыржан. Сонда қалай? Аты-жөнін айтпай, аты-жөнін білмейтін кез-келген біреуге қыруар ақша тұратын есірткіні ұстатып қоя берді ме?

Нұрбақыт. Шын айтам, ағай! Шудағы вокзалда үш күн сенделіп жүрдім. Содан Хосе, Вагиф деген екеумен кездестім. Әрине олар мені тапқан. Ресторанға кірдік... Көзімді таңып, машинаға отырғызып бір жерге апарды. Өздерінше мені біраз тексерді. Көзімді қайта таңып,

вокзалға әкелді. Көзімді шешіп, қолыма бидонды ұстатты, бәрі осы.

Қайыржан. Солай-ақ болсын. Отчествоң неге Марьямович?

Нұрбақыт Әкем аты Марьям.

Қайыржан. Ал, ол әкең қайда?

Қайыржан. Мен туған күні өліп қалған.

(Музыка).

(Сахна жарықтанады. "Роддом" деген жазуы бар үйден сәби көтерген Марьям мен Қайыржан шығады).

Қайыржан. Марьям! Айтпап па ем сен... сен әлемде теңдесі болмас торсық шеке әппақ оғланды жарқыратып дүниеге әкелесің деп! Міне, аяулы менің Мариашам, сен нағыз Марьям - богоматерь болдың! Құттықтаймын мамасы!

Қайыржан. Рахмет, Қайрош! Сен сонда өзіңнің кім болғаныңды білесің бе? *(күледі).*

Қайыржан. Неге білмейін! Мен - оның, мынау мұрны пысылдап ұйықтап жатқан батырекесінің төбесі көкке жеткен көкесімін! *(айқайлап).* Уай, әппақ дүние! Мен - папамын! Көкесімін ұлымның!

Марьям, *(күліп).* Ой, папасы! Даусыңды сәл-сәл... Біріншіден жұрттан ұят, әне бәрі бізге қарап барады. Екіншіден батырекесі оянып кетер.

Қайыржан. Жұрттан неге ұяламыз. Білсін біздің ұлды болғанымызды. Қасиетті халқымызға тағы бір шоң қазақтың қосылғанын! Оу, Марьям, бұл тентек әлі-ақ бүкіл қазақты елең еткізер ғажайыптар жасайды!

Марьям. Ғажайыптар жасайтын батырекесіне неге ат қоймаймыз, папасы?

Қайыржан. Мәссаған! Мендей ұмытшақты қойсаңшы, Мара! Есім шығып далақтап лағып кетіппінау. Көкесіне сәлемде бермей, ұйқысын қимай шәниіп жатқан бұл мырзаға мен сондай ғажап ат тапқам!

Марьям. Ғажап деймісің!? Айтсаңшы онда сол ғажабыңды, Қайрош!

Қайыржан. Бұл шіреніп, жер мен көкті тіреп жатқан төренің аты ма... Аты - Бақытжан! Бақытжан! Ба-қытжан!

Марьям. Бақытжан! Қайыржанға ұқсас! Ой, қандай әдемі ат тапқансың, Қайрош! Бақыт және жан!

Қайыржан. Бұл сенің Бақытың, Марьям! Бұл - менің бақытым, Марьям! Әрі жаным! Біз - бақытты жандармыз! Иә! Бақытты жандармыз! Бұл - біздің Бақытжанымыз!

Марьям. Иә! Біз бақытты жандармыз! Сен - менің бақытым! Өзіңсің! Сонсоң мынау Бақытжанымыз!.. *(жылайды).*

Қайыржан. Ой, Мариаша! Сен не! Жылай ма екен...

Марьям. Қуанған әйел жылайтын болар...

Қайыржан. Марьям! Мен... Біз, білесің бе, біз Бақытжанды үйге немен апаратынымызды?

Марьям. Көгілдір такси?! Иә-ә!?

Қайыржан. Oh! Көгілдір такси ойға келмепті-ау!.. Но, бұл көлік көгілдір таксиден артық болмаса, кем емес... Автобус! Персональный!

Марьям. Автобус?! Қайдағы автобус?

Қайыржан. Сенің АХБК-ыңнан! Келіп тұруы керек еді... Кешіккендері қалай?.. О-о, әне! Бақытжамал тәтейдің өзі келеді!

Вахтер. Ой, менің алтыным! Марьям! Қызымнан асқан қызығым! Құттықтаймын бөпеңмен! *(сүйеді).* Ал, сен, Қайыржан... Сен енді көке болдың! Көке! Кел, сені де бір сүйейін. Қане, маған кішкене ғана мұрагерді көрсетіңдерші! Ой, қошақан! Ой, ботақан! Ой, жігіт! Ой, батыр! Қараңдаршы! Қабағын түюін шіркіннің! Нағыз батыр!

Қайыржан. Осы бозбала-кавалеріңіздің, Бақытжамал тәте, свиданиеге барғанын, қалындық тапқанын көрсек шіркін!..

Вахтер. Неге көрмейік, көреміз! Тойын да тойлаймыз. Айды аспанға шығарамыз! Шығармай! Сен прокурор боласың. Не, сарыала погонды полковник боласың! Ал менің сүйікті де сүйікімдім - Мариашам біздің комбинаттың бас директоры болады!

Марьям. Ой, Бақытжамал тәте! Қайда қиялдап барасыз?!

Вахтер. Боласың! Сен ғана АХБК-ның директорына лайықтысың, ақылдым менің! Ой! Мынау кішкене Каиржанчик күледі! Гули-гули! Бұзығым! Жоқ! Ақылды тентегім! Аты кім?

Марьям, Қайыржан. Бақытжан!

Вахтер, *(еңкейіп иіскей беріп).* Жоқ алдымен батамды берейін. *(Алақанын жаяды).* Бисмиллаһи рахман рахим! Бақытжан, қошақандай немерем! Бай бол, батыр бол! Ауырма да сырқама! Ең алдымен адам бол, азамат болі

Марьям, Қайыржан. *(бір мезгілде)* Рахмет тәте! Рахмет, Бақытжамал тәтей! Айтқаныңыз келсін!

(сахна қараңғыланады)

(Сахнада алғашқы кабинет).

Қайыржан. Ал ол әкең қайда?

Нұрбақыт. Мен туған күні қуаныштан жүрегі жарылып өліп қалыпты.

Қайыржан. Туа сап әкесін жалмаған бақытсызбын де.

Нұрбақыт. Сіздей ақшасы мол әкесі бар әлгі қызыңыз бақытты ғой...

Қайыржан. Ал, сендей ұлы бар шеше қандай сормаңдай! Сен сияқтылар көбейсе, он-ақ жылдың ішінде республикамызда дені сау ұлт қалмайды. Ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен сақтап қалған қасиетті жерінен қаны таза, жаны сергек ұрпағы табылмайды. Енді ғана зарығып табысқан елдігіміз бен егемендігіміз есірткінің құрбандығына шалынады. Қылмыскерлермен күресетін болашақ әділет сарбазы мына сен ауыл мен ауылдың арасына ажал сеуіп, көше мен көшенің ішіне өлім төгіп, у жайлатып жүрсің!

Нұрбақыт. Сіз ше? Сіз не істеп жүрсіз?!

Қайыржан. Мен сендермен, сен сияқты халықтың жендеттерімен айқасып та, шайқасып та жүрмін.

Нұрбақыт. Жоқ! Бәрі жалған! Сіздің айқастым, шайқастым деуіңіз - докладтың сөзі. Сіздер шындап айқасатын болсаңыздар туған қызыңыз есірткімен уланбас еді. Хосе мен Вагиф сияқтылар қаражат іздеп, көзі қарайған мендей шарасыздарды оп-оңай таппас еді! Ал мен жұмыс... адал жұмыс іздемеп пе екем? Сол жұмысты анау даладан қалаға ағылған үйсіз-күйсіз жүрген қарадомалақ қазақ жастары іздемей ме екен?! Іздегенде солар іздесін. Көрінгенге көзін сатып, әркімге бір мөлиіп, құл боп мөлтеңдеп, күң боп сатылып жүрген бишараларды қалталы бай, креслолы шенеунік көруден қалғаны қай заман!

Қайыржан. Әй, тілің шыға бастады ғой.

Нұрбақыт. Шиқаныңызды қасысам, кешіріңіз. Бірақ “Екі қолға бір күрек” дейтін кешегі тоқмейіл күннің жоғалғанын сіздер шынымен-ақ ескермейсіздер ме? Бүгінде он қолға бір күрек жоқ. Профессорым базарда қытай тапочкасын сатып отыр...

Қайыржан. Әркімнің маңдайына жазылған өз таланы бар. Әр семья - кішігірім мемлекет. Өз тірлігі өзінде.

Нұрбақыт. Әр семья - кішігірім бір мемлекет болса, қаншама мемлекеттің жұмыссыз отырғаны ойлантпай ма сіздерді?

Қайыржан. Қазақстанда не көп? Жер көп! Жер алсын! Егін ексін. Мал өсірсін. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбейдіні қазақ бүгін емес, бұрын айтқан.

Нұрбақыт. Жер алу үшін де,жұмыс табу үшін де пара беру керек екенін сіз жақсы білесіз.

Қайыржан. Білмесем ше?

Нұрбақыт. Кешіріңіз, сіздің айлығыңыз қанша?

Қайыржан. Бұл не? Допрос па? Сен... сен, балақай...

Нұрбақыт. Жоқ. Информация алмасу болсын да.

Қайыржан. Олай десең... Жиырма мыңның үстінде.

Нұрбақыт. Сонда сіз жүз елу доллардай ғана аласыз ә. Жұбайыңыз ше?

Қайыржан. Ол үйде. Әйел адамға өркениетті елде бала тәрбиесінен жауапты ешнәрсе болмауы керек.

Нұрбақыт. Сонда сіз, қатардағы полковник жүз елу долларлық айлықпен қызыңызды Лондонда қалай оқытып жүрсіз? Екінші қызыңызға күн құрғатпай елу баксыдан бересіз! Квартираңызға біраз төлейсіз. Сонда, соншама ақшаны қайдан аласыз?

Қайыржан. Сен өзің... Сен өзің!.. Сен әуелі менің жасыма, менің орныма... кызметіме жетіп ал!

Нұрбақыт. Ал, жеттім дейік. Бәрібір сондағы аларым жүз елу доллар ғана ғой. Ол неме жетеді?

Қайыржан. Әй, балақай! Сенің мұрныңа КіҚы-ның исі де бармай тұр ғой.

Нұрбақыт. Рас, рас!Исі түгіл КіҚыңыздың дыбысы да таңсық. Ол не пәле?

Қайыржан. Шіп-шикісің, бала! КіҚы-ның

коммерциялық құпия екенін білмесең, заң академиясында қалай оқып жүрсің?

Нұрбақыт. Ә-ә! КіҚыңыздың осындай қитұрқысы бар деңіз. Әлгі Гога, Вахиттардың комната отдыхқа күмілжіп кіріп, сіздерді күлімдетіп шығаратынында осындай КҚ бар деңіз. Анау тау бөктерлеген қабат-қабат осқырынған особняктар, көшедегі жаяуды таптап кетердей ысқырынған "мерседестер", алау-жалаулы неон шамдары көз қарықтырар жекеменшік сорайған гипермаркеттер мен маңқиған мейрамхана, ресторандар коммерциялық құпияның құдіретінен туған киімшең балалары деңіз. Болар, болар.

Ал, біз... Өңкей ақымақ, өңкей бұралқы құдайдың құлағы түгіл шайтанның саусағынан ұстауға да жарамаған өңшең жалаңбұттар ҚыКі жасаймыз. ҚыКі ғана! Вот, гәп қайда жатыр.

Қайыржан. Әй, сенің ҚыКің не?

Нұрбақыт. Оу, көке-ау, сіз шынымен ҚыКіні білмейсіз бе? Ол қылмыстық коммерция емес пе. Ауылдан келеміз. Қала жұмыс берудің орнына дүрдиіп жотасын тосады. Еріксіз ұрлық жасаймыз. Шарасыздан кісі тонаймыз. Алыпсатарлықпен айналысамыз. Тәнімізді саудалап, жезөкшелікке барамыз. Әне, сіздің КіҚыңыздан мүлде бөлек біздің ҚыКі!

Қайыржан. Сөзің түзік, ісің бұзық. Әлде қоғам құпиясы осы ма? Не боп барамыз? Қайда соғармыз? *(Тұрып, сенділіп жүріп кетеді).*

Нұрбақыт. Қы-қы!.. Қы-қы!.. Ық-ық!.. Ық-ық!

Қайыржан. *(жақындап қарап қалған).* Неге ықылықтап отырсың?

Нұрбақыт. Қы-қы! Қоғам құпиясы! Бұ не көбейіп кеткен құпия? Қоғам құпиясы неге бізде? Бізде ғана! Түу, миым шатасты-ау әбден.

Қайыржан. Құпия... Құпия! Ә-ә, Құпия!

(Музыка. Сахна караңғыланып барып, жанады. Бөлме. Клара мен Қайыржан оңаша отыр).

Клара. Қайыржан, сені үйіме шақырғаныма ренжімеймісің?

Қайыржан. Жоқ! Несіне ренжиін.

Клара. Қайыржан, сен "Битлзды" тыңдайсың ба? Менде оның дискісі бар.

Қайыржан. Тыңдауға болады, Клара.

Клара. Ой, Қайрош! "Битлз" потом... Мынаны тыңдайық, ә! Мен мұны сондай ұнатам! *("Болероны " қояды).*

Қайыржан. "Болеро" ғой мынау! Ой, Клара, сен де мықтысың!

Клара. Сен... сен білуші ме ең! О-о, "Болеро" ғажап! Морис Равель - гениальный композитор! Ғажап, ә! Бір шығыс әуенін әр түрлі аспаппен қалай құлпыртады!

Қайыржан. Мен... мен "Болероға" ынтықпын! Жанымды нәзік сезімге бөлейді ол!..

Клара, *(дискіні ауыстырып).* Ал мынау француз хиты: "Снег идет" Бұл дискіні папам маған Лондоннан алып келген.

Қайыржан. Тыңдайық онда.

Клара. *(ойнатады. Музыка. "Қар жауып тұр").* "Қар жауып тұр". Бүгін бізде де қар жауып тұр, Қайрош! Қандай сәтті үйлесім! Мен айтсам, француз сөзі мен сазы біздің қазаққа келеді ә, Қайыржан. Француздардың тілі - махаббат тілі дейді ғой. И бізде де сондай!

Қайыржан. Клара, сені биге шақыруға бола ма?

Клара. Давно пора, мон шер!

Қайыржан. Сен... сен сондай көріктісің, Кларочкам!

Клара. Да, ну! Вот сен, Қайрош, группадағы ең жасы кішісісің, бірақ өте қатал әрі өте әділ старостасың!

Қайыржан. Мен құрылысшымын! Сондықтан қатаңмын... Исің!.. Қандай әсем иіс! Аты не духиың-ның?

Клара. А-а, француз духиы. Қазақшаласақ, "мөлдір сезім" деуге келеді. Қайрош, у тебя прекрасное обоняние!

Қайыржан. Клара, маған әсіресе үш иіс керемет ұнайды. Мамам күзде кір жуып, жайып қойғанда, бөлмеде бір өзгеше иіс жайылады. Соны ұнатам... Сонсоң жаңа шабылған шабындық иісі!..

Клара. А-а, газонды қырыққандағы ма?.. О-о, тот запах и мне приятен!

Қайыржан. Үшіншісі - қыздың иісі! Ару белгісі ғой ол!

Клара. Ал, мен сенің ғана иісіңді іздеймін... (пауза) Қайыржан, мен туралы әртүрлі сөз айтылуы мүмкін. Маған көз тастаушылар көп. И чем больше вздыхателей, я более чувствую себя одинокой...

Шампан ішейікші, ә!

Қайыржан. Ішейік! *(ашады құяды. Екеуі ішеді).*

Клара. Темекі тартсам... не шокирую тебя, а?

Біздің қазақ қыздарының темекі тартқанын жақтырмайтындар көп.

Қайыржан. Оқасы жоқ. Шеге бер!

Клара. Мен... мен... сенесің бе? Мен бірінші рет жігітпен оңаша отырмын, Қайрош! Ал, егер папам көрсе... Не знаю что с ним будет... Инфаркт алуы мүмкін. Он блюститель моей невинности и чести.

Қайыржан. Қандай қатал! Нағыз Капулетти!

Клара. Жоқ! Ол сондай мейірімді! И никакой он не Капулетти! Просто қатардағы республикалық көлемдегі министр ғана.

Қайыржан. Министр ме?! Сенің папаң министр ме?!

Клара. Иә! Немене, министрлер соншама құбыжық пед. Қорықпа, Қайрош! *(сүйеді).*

Қайыржан. Ох, Клара! Сен... сен сондай мөлдірсің! Бірақ сенің орысша атың...

Клара. Ұнамай ма?.. Маған да... *(пауза).* Қайрош, мен саған бір құпия айтайын ба?

Қайыржан. Айтам дедің ғой. Айта ғой онда құпияңды.

Клара. Мен - Құпиямын!

Қайыржан. Не? Қалай? Сен бе құпия? Мүмкін... Маған әлі де құпиясың.

Клара, *(күліп)* Жоқ, Қайыржан. Құпия - менің қазақша атым. Атам қойған. Кейін почему-то мамам Клара деп кетті.

Қайыржан. *(сықылықтай күліп).* Ой, Құпиям! Сен менің Құпиям, Кларочка! Сен ғана!

Клара. Рас па? Шын ба, Қайрош? Мен саған шынымен ұнаймын ба?

Қайыржан. Сен біздің кешкі курсқа күндізгі бөлімнен ауысып келгенде-ақ... Әрине алғаш онша көңіл бөлмегем.

Клара. Неге? Не үшін, Қайрош?

Қайыржан. Қыздың бәрі қыз... Ал менің сұлу Мариашам бар... Бірақ... Сенің мини юбкаң, Кларочка-Құпияшым! Оқтай түзу аяқтарың! Әппақ балтырың. Төңкерілген төсің!

Клара. Ой, сен!.. Неужели мен сондаймын.

Қайыржан. Анандайдан тық-тық басып, тік-тік кеудең толқи дірілдеп, әппақ қаз мойының кіршіксіз жарқырап келе жатқанда!.. Курстағы еркек біткеннің көзі бақырайып саған байланып қалатын. Ал мен... мен сені қызғанатынмын. Әлі де қызғанам. Кеткім де келеді... кете де алмаймын.

Клара. Мен саған кет демеймін. Сенің семьяң бар. Марьям - жақсы жұбай. Но мен сені басқаға қиғым келмейді, Қайрош. Мен - министрдің жалғыз қызымын. Маған қосылсаң, әрине, еш проблема болмайды.

Қайыржан. Керегі жоқ, Кларочка...

Клара. Керек, Қайрош. Егер мынау төрт бөлмелі пәтер ұнаса, сенікі болады. Есік алдындағы қара "Волга" ол да сенікі болады. Карьера... Бәрі болады. Тек сен... сен менікі ғана болшы, Қайрош!

Қайыржан. Ох, құпиялы түнгі Құпиям менің!

Клара, *(блузкасын шешіп)* Онда мен сенімен таң атқанша билеймін, сонсоң ғұмыр бойы құшақтасып, аймаласып өтем, Қайрошым!..

(Музыка. Сахна қараңғыланады).

(Сахнада полковник кабинеті).

Нұрбақыт. Қоғам құпиясы. Бұ не көбейіп кеткен құпия? Қоғам құпиясы неге бізде? Түу, миым шатасты-ау әбден.

Қайыржан. Құпия... Иә! Құпия көп.

(Ішке көзәйнек салған, самайы ағарған Марьям кіреді).

Қайыржан. Сіз... Сізді кім шақырды? Неге шақырусыз кіресіз! *(кнопканы жұдырығымен тоқпақтайды).* Света! Саған бүгін бірдеме көрінген болар. Шаманқ келмесе анау Есбергеновты қасыңа... приемныйға отырғызып қой!

Марьям. Мен бе?.. Танымай қалдың, ә... Танымайсың, Қайыржан.

Қайыржан. *(селк ете, таңдана қарап).* Сіз... сіз кім боласыз?

Апырай! Сен... сен Марьямбысың?!

Нұрбақыт. Неге тұрып кеттіңіз?.. Қап! Бекер тұрғансыз төсектен... ' ..

Марьям. Тоқтай тұр, Бақытжан!

Қайыржан. Бақытжан?!. Бақытжан ба?! Рас сол ма?!

Марьям. Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырмайын. Ұлым, мынау алдыңда тұрған адам - сенің нағыз әкең! Қайыржан, ал мынау - сенің ұлың! Шын аты жөні - Бақытжан Қайыржанұлы Досполов! Бұл - сенің балаң, Қайыржан! Сенің ұлың, Бақытжаның осы! *(ұлына)* Сенің әкең мынау Қайыржан! Ақыры мынандай жағдайда кездестіңдер. Қайыржан, мен жиырма екі жыл анасы да, әкесі де бір өзім болдым Бақытжанға. *(сыртта айқай-шу. есік аузында Света мен Арайлым. Арайлым қолында скрипка мен скрипка футляры).*

Света. Кіруге болмайды дедім ғой (жұлқылап). Шығыңыз!

Арайлым. Жіберіңіз! *(Қайыржанға).* Ағатай, өтінем, рұхсат етіңізші. Ол аш! Нурик, Бах нәр сызған жоқ қой!

Қайыржан. Света, жібер! Кел! Атың кім?

Арайлым. Арайлым! Ағатай, Нұрбақыт өте жақсы адам! Ол ешқашан өтірік айтпайды. Босатыңызшы! Мен сізге скрипкада Бахты ойнап берейін бе? Әйтпесе Паганини каприччиосын, ә? Ағатай, мен оны аздап покормлю, а? *(футлярдан бутерброд, жабулы кішірек кастрюльден котлет алып шығады).* Нурик, мә, жеші!

Қайыржан. *(Нұрбақытқа)* Анау комната отдыхқа бар. Барыңдар... Сен... сен енді аздап тамақ же. *(Балалар кетеді. Радиоланы қосады. "Болеро"ойналады).*

Марьям, *(жалт бұрылып).* "Болеро" ғой! Сен де... ұмытпап пең?

Қайыржан. Қалай ұмытармын, Марьям-ау! Мариаша-ау! Бұл - "Болеро" ғана емес, сенсің ғой! Сенсің!

Марьям. Біз... біз бір-бірімізсіз өмір сүре алмаспыз деуші ек... Мен сені, Қайрош, бір сәтке ұмыта алмадым... Сен "Болероны"...

Қайыржан. Иә, Марьям! Мен сені аңсағанда..

іздегенде, осы әуенді тыңдап... өзіңмен ойша кездесетінмін. Сенің даусыңды естігендей елегзитінмін... "Болеро" - сен екеуміздің арамыздағы тылсым көпір ғой!.. Ал сол түні... Сол түні мені осы "Болеро"бүлдірді ғой, Мариаш!..

Марьям. Мен сені таң атқанша тосқам сол түні, Қайыржан. Сол түні қар жапалақтап жауған-ды. Келмедің. Ертеңінде де келмедің. Киімдеріңді достарыңнан сұратпай-ақ өзің келсең де алатын едің ғой, Қайыржан.

Қайыржан. Менің саған келуге бетім болмады ғой, Марьям-ау. Қалай келейін. Ғұмыр бойы арақ ішпеген, ішімдік атаулыны татып алмаған басым, шампан ішем деп... Сенің бетіңе қарауға менде бет қалмады ғой! Сен маған адалдықтың, тазалықтың үлгісі болмап пең. ңарамдайтындай көріп, көзіңе көрінуге арым жібермеді. Сен мені кешірмес деп ойладым ғой.

Марьям. Мен сені қашан келсең де, кешірер едім, Қайыржан. Сен Бақытжан екеумізге мәңгілік таза боп өтер едің. Бірақ сен мені түсінбедің... Мені өзімшіл, өзектен тепкіш әлдекімдерге баладың. Ал, мен сені үнемі тосумен болдым. Мен сені қашан келсең де кешірер едім, Қайыржан.

Қайыржан. Ал мен өзімді өзім қажап... Сенің алдыңда кешірілмес күнә жасағанымды сезініп... қиналғанымды білсең. Бақытжан екеуің түсімнен шықпайтынсыңдар.

Марьям. Бәрін кешіруге болады, Қайыржан. Бірақ моральдық сатқындықты кешіру қиын. Сен... сен соны ескермедің.

Кішкентай Бақытжанға: Папасының бөпесі. Торсықтай-ау шекесі. Асыр салып ойнайды. Жетіп келсе көкесі! деп қаншама өлең айтпадым.

Бірақ сен көгілдір таксиге міндің де басқамен кеттің. "Әне, сенің папаң! Бізді тастап кетті, Бақытжан! Жоқ! Сен енді Бақытсызжансың! Біз... біз бақытсыз жандармыз! Біз анау көгілдір таксиге енді папаңмен бірге ешқашанда мінбейміз. Клара салған әппақ фатаны басыма салмаймын мен",- деп жылағам. Сол күні шаңына көміп кеткен көгілдір таксиіммен қоштасқам. Сол күні мөлдір тұнығынан шөлімді

қандырмаған, көк арманыммен қоштасқам! Сол күні мәңгілік махаббатымды ұрлатып алып ем, Қайрош!

(“Көгілдір такси ” баяу естіліп тұрады).

Қайыржан. Жоқ! Сендерден адасып қалған менмін, Марьям! Мына мен бейбақпын! Қайда кеткендеріңді білмей, сенделгенімді білсең... Орындарыңды сипап қалдым ғой.

Марьям. Иә! Сен үйленген күннің ертеңінде Бақытжанымды алып, басқа қалаға кеткем... Алматының әр талы, әр арығы, әр бұлбұлы “Қайрош!” деп құлағымды дүбірлетіп, жүрегімді дірілдетіп тұратын.

Бірақ бәрібір Алматыма асықтым. Мүмкін сені бір көргім келген де шығар...

Қайыржан. Бақытжаным төртке толған күні анықтама бюросынан сендердің адрестеріңді естігенде... есімді жия алмай қуанғанымды білсең...

...Бірақ қуанышым су сепкендей басылды ғой, Марьям. Сен... сен сол күні тұрмысқа шыққалы жатыр деп естідім. Бақытыңа тағы да бөгет болмайын деп, ішке кірместен кете барғам.

Марьям. Иә, Қайыржан. Жаңадан тұрмыс құра жаздағам. Тәп-тәуір жігіт... тұз-дәміміз жарасып кетер де ме еді, егер мен сені сағынбағанда. Мен сені ылғи түсімде көретінмін. Сені ұмытармын ба деп әлгімен семья құрмақ болғаным рас. Бірақ, өзімді-өзім алдай алмасымды білдім. Құда түсіп келгендерге “рахмет” айтып шығарып салдым. Оның үстіне құдалар келгенде ұлым: “Маған бөтен папа керек емес”,- деп үйден жүгіре жөнелген. Кешке көршінің үйінен әрең іздеп тауып алғам. Екеуміз... екі мұңлық - ана мен бала еңіреп жылап, көріскенбіз. Ал сен... сен ұлыңды одан кейін іздемедің ғой...

Қайыржан. Бақытыңды бұзбайын деп қалай адасып келгем, Марьям! Нағыз тасмаңдай менмін! Жалғыз ұлға әкелік атым да бұйырмапты!..

Марьям. Бақытжан сені іздейтін. Тірі екеніңді білетін. Аңсайтын... Ақыры күдерін біржолата үзгісі келді ме... он алтыға толып жеке куәлік алғанда аты-жөнін өзі түгел өзгертті ғой. Не дейін... Ұлыңды ерте

есейтіп, есесін ұрлаған тағдырына өкпеңді айт, Қайыржан. *(пауза. Қайыржанның қолынан сипап).* Есіңде ме Ромео-Джульеттадай болсақ дейтініміз?..

Қайыржан. Есімде!.. Бәрі есімде, Марьям! Бірге өлсек, бір күні өлсек арманымыз болмас дегем... Онымнан да айныған жоқ. Айнымаспын!..

Марьям. Рахмет, Қайыржан. Енді мен... мен... армансыз... бақытты жанмын. Бақытжаныңа өзің пана бол... Мен айықпас аурумын!..

(Нұрбақыт пен Арайлым кіреді).

Нұр... Бақытжан!.. *(тәлтіректеп кетеді)*

Бақытжан. Ма-ма-а!

Қайыржан. Марья-аш! Ойпырай! Жаным-ай! Света! Тез! Дәрігер шақыршы! Скорыйды!

Марьям, *(күлген боп).* Жә! Қорықпаңдар! Менікі үйреншікті ауру. Маған бола әуре болмаңдар.

Қайыржан. Бақытжан, Арайлым! Сүйеңдер. Диванға қисайтайық.

Марьям. Қайыржан! Өзің-ді-і кө-өр-дім. Ұлың-ды-ы та-ап-сыр-ды-ым. Айту-шы-ы е-ем ғой... Мен... мен армансыз жанмын. Ба-а-ақытты-ыжа-ан-мы-ын!.. Сен ұлың-ме-ен...

Қайыржан. Әй, Марьям-ай! Сенімен бүйтіп кездесіп, осылай қиналғаныңды көрем деп пе едім!..

Мен... мен кінәлімін бәріне, Марьяш! Карьера дейміз... Жоғарыға ұмтыламыз. Мен бүгін полковникпін. Ертең генералын да бермек. Бірақ одан не пайда. Жанымның рақаттарын карьераға алмастырып, өзімді-өзім тонаған қарақшымын мен. Құдіреттің өзі сыйлаған махаббат карьерасын талақ еткен маған лайық болар ар жазасы, жан қазасы ғана... Мариашым! Сен мені кешіргенмен мен өзім өзімді кешіре алармын ба?

(Ішке екі дәрігер кіреді).

І Дәрігер. Қане, кейін! Ауруға ауа қажет. *(Тамырын ұстайды. Басын шайқайды)* Дереу реанимацияға жеткізу қажет.

Қайыржан. Дәрігер мырза... Ә-ә, жолдас дәрігер, жағдайы қалай?

І Дәрігер. Дәл қазір кесіп ештеңе айта алмаймын. Қиын әрі ауыр.

II Дәрігер. Неге ертерек шақырмадыңыздар?.. Қатты үрейленген, не қатты қуанған тәрізді-ау!..

Қайыржан. Иә!.. Қуанғаны да, толқығаны да рас. Біз де бірге барсақ...

I Дәрігер. Жоқ! Реанимацияға кіруге рұхсат етілмейді. Босқа әуре болмаңыздар. Қалыңыздар.

(Екеуі Марьямды алып кетеді. Арайлым ілесе шығады).

Қайыржан. Иә! Келді! Кетті. ұйқы-тұйқы тірлік. Ал сенің исіңді сағынғанымды білсең, ұлым! Жас нәресте исің... *(телефон. Көтереді).*

Иә, Құпия, жай ма? Лондоннан Меруерт звондады ма... Каникулға тағы да келмеймін дей ме... Тыңдашы, Клара! Сен енді мені тыңда! Меруертай келе алмайды. Келуге беті жоқ... Неге деймісің? Сені аяғанмын, айтпасыма болмайды. Ол... ол Англияда негрге күйеуге шыққан. Бір жасар негр немерең бар... Мен... сені аяғам, Клара... Жасырып қойғам... Жылап ал, Құпия! *(трубканы қояды).* Естідің бе ұ-ұлы-ым. Сен жақтыр, жақтырма ұлым екенің ақиқат. Қыз анау негрге тиген... Марьям! Қайран Мариашам! Жер басып жүре тұрса екен. Келші, ұлым, бері жақындашы.

Нұрбақыт. Жоқ, жолдас полковник! Мен ұсталған адаммын. Есірткі тасып жүрген есалаңмын мен. Тіпті қылмыскер болуым да мүмкін. Егер сот солай десе, қылмыскер де атанамын.

Қайыржан. Сен бе қылмыскер?! Жо-оқ! Сен қылмыскер емессің, балам! Қылмыскерлер, коррупционерлер - басқалар. Мен оларды анадайдан танимын! Ал сен... сен Бақытжан, нағыз таза жансың! Иә-иә! Әкең болғандықтан айтып тұрғам жоқ. Сенің жаның да, арың да таза! Сезімің де пәк! Сондықтан *(Орнынан атып тұрады. Динамиктен Светаның даусы).*

Света. Қайыржан Ахатович, журналистер түгел жиналды. Пресс-конференцияның уақыты болды.

Қайыржан. Жо-оқ! Қажеті жоқ пресс-конференцияның! *(Нұрбақыттың қағазын ұстап тұрады да, қалтасынан зажигалка алып өртей бастайды).* Ол таза! Таза!

Нұрбақыт. Сіз не істеп тұрсыз, полковник?

Қайыржан. Енді сен ешкімге, ештеңеге тәуелді де

жауапты да емессің. Сен енді боссың, ұлым. Сені қателесіп ұстаған, енді босатып тұрмын. Ол аз болса, сенен кешірім де сұраймын.

(Света, журналистер кіреді).

Нұрбақыт. Сіз... сіз не деп тұрсыз? Қойыңызшы, өтінем, ағатай!

(Қайыржан тізерлеп Нұрбақыттың алдына отыра кетеді).

Қайыржан. Тәуелсіз еліміздің еркін азаматы-Нұрбақыт Марьямович! Форма кигендердің бәрі ақылды емес, бәрі күнәсіз де емес. Сондықтан бүкіл форма кигендердің атынан, әкелер мен аналар атынан мен сендей таза жанға күдік келтіріп, қол көтергенім үшін кешірім сұраймын. Мына жұрттың алдында сендерді аш-жалаңаш қалдырып, жөндеп тәрбие бере алмағанымыз үшін де, мейірім төге алмағанымыз үшін де кешірім сұраймын. Бәр-бәрі үшін кешірім өтінем сен арқылы кейінгі ұрпақтан, ұлым!

(кеудесін ұстап сылқ етіп құлап түседі).

Нұрбақыт. *(айқайлап, жан ұшыра).* Па-па-а. Мен... мен сені баяғыда-ақ кешіргем... Мен сені ұзақ тосып ем ғой, папа...

(Қайыржан құлайды).

Музыка

“Көгілдір такси әні”

Жаныма сая жоқ мүлде,
Көз жасын төктім көп түнге.
Көгілдір такси - көк арман,
Қайрылмай бізге кеттің бе?

Сағым ба, мұң ба әлде бір,
Өксікке толы қалды өмір.
Көгілдір такси - көк арман,
Табар ма сені пенде бұл?

Кеудемді керген ән қайда?
Құйылды жасым таңдайға.
Көгілдір такси - көк арман
Сыймады-ау біздің маңдайға.

Артса да тағдыр мол жүгін,
Еске алам қимай мен бүгін.
Көгілдір такси - көк арман,
Күтеді сені енді кім?

Шымылдық.

2001 жыл.

ТОСҚАУЫЛ

Бастаушы: Тау іші. Бұға басып шекараны бұзған Қилыбай мен Сатыбалды шығады.

Қилыбай. Бол! Неге қыбырлап қалдың?

Сатыбалды. Кәке! Бүйтіп туған жерге жасырынып, қашқын боп келем деп пе едім. Қорқам... Қайтсақ қайтеді?..

Қилыбай. Тәйт! Бұздық па шекараны? Бұздық! Қылмыскерміз енді біз! Артыңда әйелің, балаң қалды. Бұлтақтасаң - солар өледі! Өлтіреді Сырғақбайдың жендеттері!

Сатыбалды. Апырай, солай ма? Анау не? Сап-сары толқын...

Қилыбай. Егін ғой... Бітік егін! Біздікі емес! Қайран атамекен! Кедей-кепшіктің талапайында кеттің-ау! Келер ме күнім!

Сатыбалды. Кәке, осы біздер Сырғақбайдан неге бөліндік?

Қилыбай. Сырғақбай әріден ойлайды. Біздерді екі-екіден әр ауылға таратуында мән бар. Азғыра білсек, көп жұмыс тындырамыз. Колхозға наразы шаруаларға үгіт жүргіземіз. Колхозшылар арасына іріткі сала алсақ, бәлшейбектердің сағы сынады.

Сатыбалды. Ойбай, Қилыеке! Құрдық! Әне, біреу келе жатыр!

Қилыбай. Өшір үніңді! Қыңсылама! Оң жағынан шық! Ұста! Тырп еткізбе! Байла! Қолын байла! Кімсің? Тау арасында не істеп жүрсің? Өтірік айтып құтыла алмайсың! Бол, тез!

Әшірбек! Жігіттер-ау, не жазығым бар еді? Мен “Жалғыз қайың” ауылсоветінің сельпо сатушысымын. Колхозшылардан мүшелік пай жинап жүрмін. Жөнге келмей байлап тастағандарың қалай?

Қилыбай. Сен ГПУ-дің жансызысың! Жай адам ұры шатта жалғыз жүрмейді. Жалтарма! Шыныңды айтпасаң - лақтай бауыздаймын!

Әшірбек. Сырың мәлім болды. Адам ба десем, қарақшы екенсің. Айтар шынымды айттым. Басқа қосарым жоқ.

Сатыбалды. Мүмкін шынын айтып тұрған шығар. Кете берсін де, Қилыбай аға...

Қилыбай. Сен өйтіп қосүрейленбе! Маған тірі куә қажет емес! Мә. Сатыбалды, ұста пышақты!

Сатыбалды. Жо-жоқ! Өзің... Өзіңіз. Адам өлтіріп көрмеп едім.

Қилыбай. Өлтірмесең, өлтіресің! Ұлы мақсатымыз қолды қанға боямай орындалмайды.

Сатыбалды. Апырай! Сонда да... Қиын екен...

Қилыбай. Айттым, бітті! Әтпесе... сені де қоса бауыздап кетем. Маған сілімтіктің құны бес тиын.

Сатыбалды. Жа-жарайды! Сіз бұйырсаңыз... Әй, теріс қара...

Әшірбек. Теріс қарайтын келінің емеспін. Жазықсыз қанымды төкпек болсаңдар сендерден, қанішерлерден қорқа қоймадым. Өлтірер болсаң, қаймықпай көзіме тура қарап өлтір!

Қилыбай. Бол! Созба!

Бастаушы: Сатыбалды қолы дірілдеп қанжарды екі-үш сілтеді. *(музыка).*

Бастаушы: Колхоз кеңсесінің алдына жиналған халық. Ауданнан келген уәкіл Әлжан ренжи сөйлеп тұр.

Әлжан. Шөптеріңіз үйілмеген. Астық жиналмай, дәні ысырап болып төгілуде. Бұл қалай? Мына қаптаған жұрт ауылда не істеп жүр?

Тайжан. Бізге ат үстінен қамшы ойнатушылар жеткілікті. Анау да келеді, астық керек. Мынау да келеді, астық керек. Ау, астық кімге керек емес еді? Жинайтын да, беретін де - біз. Ал, сонда колхозшылар адам емес пе? Бір уақ тынықпаса, өгіз екеш өгіз де зорығып өледі. Кеше жауын құйып салды. Бүгін жер аздап дегдісін деп отырмыз. Күш-көліктің мойнын қамыт алып тастаса, жатка мен косилканы уәкіл сүйрете ме?

Әлжан. Сіз кім боласыз?

Тайжан. Мен осы сегізінші ауылдағы колхоздың басқармасы, әрі партия жәшейкесінің хатшысы - Тайжанмын. Мынау ауылсовет төрағасы - Жұбатқан.

Әлжан. Ауылыңызда бандының адамдары жүр дейді. Солардың үгітімен жұмысты тоқтатып қойғандарыңыз рас па?

Тайжан. Ауданнан бандыға қарсы күрес туралы қаулы-қарар келіп түскен. Сол дөкіментпен танысып шықтық. Бірақ біздің сегізінші ауылда банды түгіл, бандының исі де жоқ.

Әлжан. Ал, сіз не айтасыз, ауылсоветтің төрағасы?

Жұбаткдн. Мен не айтушы ем. Тайжанға көрінбеген банды маған көріне ме? Әлде сіз мені бандының досы санаймысыз?

Әлжан. Сіз ауылдағы өкімет адамысыз. Жай-жағдайды сұрағанның несі айып? Колхозшылармен сөйлессем деп едім.

Жұбатқан. Бізге сенбегеніңіз ғой. Әй, Бұқарбай! Нармұрын! Әй, сен, Алдоңғар! Бері келіңдер. Уәкіл сөйлесем дейді.

Дауыстар: - Біз түк білмейміз.

- Басшылардан сұрай беріңіз.
- Ойбай, бәлесінен аулақ!
- Е-е біз не білейік. Біліміз - жұмыс қана.
- Өздеріңіз сөйлесе берсеңіздерші. Біз кеттік жұмысқа.

Бастаушы: Тарап кеткен жұрттың артынан біраз қарап тұрып Әлжан кеңсеге кіреді. Жалғыз.

Әлжан. Бұл қалай? Ауыл басшылары қамсыз. Ал, деректерге сүйенсек, дәл осы сегізінші ауылда бандының адамдары бары анық. Әлде... Тым секемшіл болып барам ба? Ауылсовет төрағасы сұйықтау көрінді. Көзі жүгіріп, бір орында тұрмайды екен,

Жаппас. Әлжеке, сізбен бір адам сөйлеспекші. Шаруа.

Әлжан. Тез ертіп әкел, Жаппас! Кірсін.

Жаппас. Қазір. Отағасы, кіріңіз.

Матан. Ассалаумағалайкум!

Әлжан. Әліксалам. Төрлетіңіз, ақсақал. Кім боласыз?

Матан. Атым - колхозшы, затым белгісіз. Анда

жұмсайды - кетем. Мұнда жұмсайды - кетем. Атакәсіп - қойшылық еді. Енді кеп егінші бол деді. Болдым. Әй, бірақ...

Әлжан. Айта беріңіз. Бөгелмеңіз.

Матан. Қойшы едім, егінші болдым. Одан ығыстырып пішенге салды. Енді айдаладағы қыстауға қуып отыр. Есік-терезесін жөнде дейді. Жарайды. Құрал-жабдығын дайын етсе, безем бе. Ау, сонда тиянақты жұмыс қайда? Оңдырған ісім қайда? Шала бастап, шала тастап сырғи берем бе? Бір мен болсам-ау, анау да сол, анау да сол! Ат үстінен қамшы үйіріп, қол ұшымен нұсқау береді. Осыған не амалың бар, уәкіл жолдас?

Әлжан. Кім сонда сөйтетін?

Матан. Кім болсын, анау Жұбатқан, анау Тайжан болмай! Кешегім кешегі дейін. Бүгінгім не боп барады? Онда байдың малы еді, бүгін елдің құты дейміз. Құт иесі - кім? Колхоз ба? Колхоз дәулетін көбіктей қалқып ішетін Жұбатқан, Тайжандар кім сонда?

Әлжан. Ақсақал, ашуыңыздың уыты ащы екен! Бәрін ашып айтыңыз. Біз білуге, түсінуге келдік.

Матан. Келсең, іздегенім - тап өзің екенсің онда. Ауылда арғы жақтан... Қытайдан келген қарулы банды адамдары бар. Жүрістері суық... Алғаш келген бетте Жұбатқанның атасының үйіне түскен. Мекені - жеке қыстауда. Жарсу асуында. Бандылар бүгін осында болатын. Сірә, сендерден жасқанып жылыстап кетті-ау деймін.

Әлжан. Өздері қанша? Білемісіз?

Матан. Білем. Екеу. Естуімше, өздері осы маңның ежелгі тұрғындары деседі. Мен бұл жерге кейін келгем. Біреуінің есімі - Қилыбай, ал екіншісі - Сатыбалды.

Әлжан. Тағы не білесіз?

Матан. Анау Жұбатқан да, Тайжан да байдың балалары. Осы біраздан бері өздері жауын белгілеп, жасағын сайлап жүр. Анау Қилыбай келгелі Тайжан мен Жұбатқандар тіпті ашық кетті. Қазір қай үйге барсаң, албары қан сасиды. Күнде бір үй не жылқысын, не сиырын домалатып сойып алып жатыр. Ендігі кезекте ортаның малын ту-талапай етеді деген сыбыс бар.

Әлжан. ...Әлгі бандылар не айтады?

Матан. Не айтсын. “Бәлшейбектер мен орыстар мал мен мүлікті тартып алады. Көнбегендеріңді атады, асады” дейтін астыртын сөз таратып жүр. “Есің барда, ертерек Қытайға өтіңдер. Шаш-етектен қарқ боласың. Ұлың қоректі, қызың - желекті болады” дейтін көрінеді. Ал, енді шөре-шөре бон бүгежектеген момын еліңнің кейбір аңқауы мен аңғалдары қомпаңдасып, қопарыла көшіп кетуге дайындалып жатқанға ұқсайды. Тепкілесе кетпейтін темір бақ туған жер, кіндік жұрт екенін біле ме екен адасқан мұндарлар.

Әлжан. Көп-көп рахмет сізге, отағасы! Бізге әлі де болса, сіздің, сіз сияқты анау алданған көптің көмегі аса қажет. Жаулық сырын ашу сіздердің тізе қосқан бірлігіңізден табылады.Білек сыбанып шыға аласыздар ма?

Матан. Неге шықпайық! Ойбай-ау, “жер - елдікі, мал - колхоздікі!” дегендерінде жыртық тымақты бір шекеге қондырып алып, онда шауып сүйіншілеп, мұнда шапқылап алақайлап бір жасап қалмап па ек. Әкем тегі, құтымды өзіме қайтарып, тұтқамды колыма қайта ұстатсаңдар, мен кеңестен көрген жақсылығымды әкемнен де көрмегенімді ұлымның ұрпағына құрандай жаттатып кетейін!

Әлжан. Олай болса, ақсақал, өзіңіз сияқты адал жандарды, колхоз үшін жаны шын күйетін шаруаларды бүгінгі жиналысқа түгел ертіп келіңіз. Сол арада Жұбатқанмен де, Тайжанмен де сөйлесіп көрелік.

Матан. Е-е, бәсе! Өстіп көңілімді тасытып қойшы! Мен не тындырмас екем! Жер де айғай, көк те айғай, басайын бір намысқа.

Бастаушы: Кеңседе колхоз жиналысы өтіп жатыр.

Әлжан. Жолдастар! Бүгін, 1930 жылғы тамыздың 19-күні сегізінші ауылдың коммунистері мен колхоз мүшелерінің біріккен жиналысы ашық деп жариялаймын. Күн тәртібінде қаралатын мәселе - колхозшылар арасында іріткі салушы тап жауларының қастандық әрекетін әшкерелеу. Колхоз жұмысын ілгері бастырудың шараларын белгілеу. Кім сөйлейді?

Жұбатқан. Жолдас уәкіл, маған рұқсат етіңіз. Біз осы қит етсе жиналысшыл болып барамыз. Бұл күнде

кім көп? Уәкіл көп. Ауданнан да келеді. ГПУ-ден де келеді. Сонда не іздейді? Мынау қарайған қара халықты шетінен жау көре ме, тыным алудан қалдық. Жә, шырақ, сіз маған бедіреймеңіз. Ел іші, әрине, ала-құласыз болмайды. Ал енді сиырдың бүйрегіндей қырық рудан жиналған ауылдың жалғас шатағы, бықсыған өсегі бітер ме?

Әлжан. Сіз, ауылсовет төрағасы. Жұбатқан жолдас, мәселенің тоқетеріне көшіңіз.

Жұбатқан. Көшсем... айтайын дегенім, әлі бүлінген ештеңе жоқ. Колхоз құрдық. Қолдан келгенді аянып қалған жеріміз жоқ. Мемлекетке берген уәдені орындауға бар күш-жігерді тегіс жұмсаймыз. Ал, жаламен, жалақормен күрес ашам десеңіздер, оған да бек мақұлмыз. Сол жаланың жалыны ең алдымен мына біздерді, ат үстіндегі аз ғана азаматты шалып жатпасын.

Әлжан. Жолдастар! Сыры бөтен жандар колхоз мүшесіне де, партия қатарына да лайық емес. Біз өз ісімізді, әділ жолымызды ардақ тұтамыз. Кімде кім колхоз құрылысына, еңбекші қауым әрекетіне қарсы болса, онда мынау бүкіл социалды заманымызға қарсы. Ағайын, айтар ойың, көрсетер жәрдемің, қосар тілегің болса, ортаға сал.

Тайжан. Қауым қамын ойлау деген әдемі сөз. Бірақ көп жоғымызды кім түгендейді? Көп жыртығымызды кім жамайды? Осы сендер, дікілдеген уәкілдер бүгін де бер, ертең де бер. Бер! Бермен келесіңдер. Ал, бердік. Мына шаруа қауым бір жылдан бері колхозшы атанды. Бір жылдан бері берумен келеді. Мемлекетке астық керек! Берді. Мал керек! Берді. Ағаш керек! Қиды. Кесті. Өткізді. Ау, сонда өзінде не қалды? Тері тақымға тағы да тоқым бұйырмаса, колхоздан келер пайда не? Кәне тракторың, мәшинаң, көмегің? Жоқ қой бірі. Бола ма сол өзі? Әйтпесе, алмақтың да салмағы бар. Келешек тілегі кешірмейді. Түндікті үйдің төрін сағынатын күнге душар етпекпісің қазақты?

Нармұрын. Судың да сұрауы бар. Қашанғы сора береді?

Алдоңғар. Ана жылы өкімет кәнпескеден тай берді. Былтыр құнан шығартып қайтадан ортаға алды.

Колхозшы. Менде тоқты да қалмады. Бидайымды тұқымға бердім.

Матан. Қарағым уәкіл, маған сөз берші. Әу, Нармұрын! Уау, Алдоңғар! Ауыз - дарбаза, сөз - самал. Сендер неге ентелейсіңдер? Сығырая қараған көзіңнен Қан мен жас ақпаған күн бар ма еді? Қаны тоқтап, жасы тыйылғанына көп болды ма? Соны айтшы алдымен.

Алдоңғар. Е-е, қашанғы үндемейміз! Өтірік пе тақияда тамтығымыз қалмағаны. Енді сен де жерлей бастадың ба, Матан. Осы елдің хан-төресі сен шығарсың әлде?

Матан. Бәрекелде! Есіме жақсы салдың! Немене, хан-төре менен артықпа? Өкімет кімдікі? Менікі! Мен сияқты, сен сияқты кедей-кепшіктікі! Ендеше, мен хан-төре емей, кім хан-төре!

Жұбатқан. Шықты бір белсенді. Е-е, бәсе, сотқар біткенді тап бастырмайтын бәлшевек те боларсың?

Матан. Болсам, болармын! Жұбатқан-ау, мен сен сияқты “жақсымын, бәлшейбекпін!” деп дүрілдеп шығып, жаудың ісін жасайтын аярлардан анағұрлым тазамын, ал!

Жұбатқан. Жолдас уәкіл! Мына көпе-көрнеу жаладан құтқарыңыз. Өкімет адамын қараласын деген заң жоқ.

Матан. Әу! Солай ма! Әлгінде мына Тайжан екеуің қалай сайрадыңдар. Ақырзаманды орнатып, тозақты төндіріп қойдыңдар ғой. Әй, Алдоңғар, Нармұрын, былтыр жер жырттық, бірлесіп егін ектік. Не алдық? Мен үш қап, сен бес қап астық алдың. Биыл, құдай бұйыртса, тағы біраз алайық деп отырмыз. Бұрын осындай байлық бар ма еді? Жоқ! Әй, Тайжан, осы ма сенің мені қорқытатын тозағың?

Нармұрын. Айналайын, Матан, рас айтасың! Қызыл қарын жас баланың ырзығы ғой! Шынында колхоз болмаса не істер едік?

Матан. Күннен күнге алдым кеңіп, өрісім жайылып бара жатса, бетім дұрыс, бағытым оң, жолым айқын деп айғайлап айтсам айып па. Арам сенсің - Жұбатқан!

Жұбатқан. Қайта айтшы! Тағы айтшы! Не дедің?

Матан. Жауыз да - сен! Арам да - сен, Жұбатқан!

Жұбатқан. Солай ма! Тек, тұрысып көр онда! Тіресер жерге жетіпсің, Матан! Өкінбе бірақ!

Матан. Мейлің! Көріп алдым. Сендерден, байлардан көрген құқайым аз болмайтын. Енді неден қорқам.

Алдоңғар. Рас! Ойбай-ау, мына Жұбатқанның әкесі бір тайын қасқыр тартып кеткенде мені ат бауырына алып сабаған. Мың жылқысы көзіне көрінбей жалғыз жабағымды айдап кеткен!

Нармұрын. Оны айтасың-ау! Әй, Жұбатқан, қонағыңа бағланыңды қимай, қотыр лағымды алдыңа өңгеріп әкеткенің өтірік пе?

Жұбатқан. Құлындағы сақау, құнандағы тісеуіңді бүгін іздейін деген екенсіңдер.

Матан. Уау, Жұбатқан! “Мен - кеңес өкіметі! Не айтсам, соны орындайсыңдар!” деп шыбыртқы үйіргенің өтірік пе? Былтыр ғой: “Мал да ортақ, жан да ортақ” деп тауықтан бастап танаға дейін түк қалдырмай жинап алдың. Сол жануарлар қайда бүгін? Жегенін жедің. Сатқанын саттың.

Жұбатқан. Өтірік! Жала! Арандатушылық! Уәкіл жолдас! Елдің игі жақсысына осы ауылдың қарасирақтарын әдейі өшіктіріп салып отырсың! Өкімет адамын тілдеттің, советтің әділ заңын бұлталаққа түсірттің. Қуынам! Ізденем! Өлкеге жетем! Қаралатпас коммунисін!

Әлжан. Сіз өйтіп қыңыраймаңыз. Оныңыз бола қоймас. Бетіңіз белгілі болды. Кедей өкіметі өз қатарынан арамшөптерді аяусыз аластайды.

Қатша. Ибай-ау, үндемегенге әбден... анада мені жұмыстан әкетіп, қыстауда бас үйткізген. Сонда анау Тайжан құйқаны күйдірдің деп арқамнан теуіп-теуіп жіберген.

Тайжан. Қашан-ей, қатын! Кісіге пәле жаппа! Сені көрсем көзім шықсын. Бұлар күйе жақпаса іші кебе ме!

Қатша. Тануын қарашы! Күн күркіреп, Атамбайдың ала өгізіне жай түскен нөсер ше? Содан мені асықтырып, шөп тиеген колхоздың арбасын аударып тастап қыстауға алып барғансың. Әлгі ар жақтан келген құрметті қонағымыз деп Қилыбай мен Сатыбалды

деген екі адамның асты-үстіне түскендерің қайда? Әдірам қалғыр, кәні, өтірік десең, құран ұсташы!

Әлжан. Жеңеше, Қилыбай, Сатыбалды дедіңіз бе? Өзіңіз көрдіңіз ғой?

Қатша. Ибай-ау, көргені несі!... Мынау Жұбатқан дікілдеп, жалғызбасты әйел дей ме, арақты қымызға қосып ішкізіп, әлгі анау өңкиген ұзын немесіне, Қилыбайының қасына дырылдатып апарып... Қайтейін, басынып бітті ғой *(Жылайды).*

Әлжан. Жұбатқан! Қилыбай мен Сатыбалды қайда? Қайда тығылып жүр?

Жұбатқан. Жолдас уәкіл! Қайдағы біреулерді таңатыныңыз қалай? Өздеріңізге керек адамдар болса, менің қойны-қонышымды тінткілемей тауып алыңыздар.

Әлжан. Жолдастар! Колхоз ісіне іріткі салып, кеңес билігін теріс пайдаланғаны үшін, тап жауларының зиянкес әрекеттерін көре тұрып, оларды әшкерелеудің орнына жең ұшынан жалғасқан Жұбатқан Қойлыбаевты аудандық партия комитеті бюросы атынан партиядан шығарып, қызметінен алынсын деген ұсыныс білдірем. Кәне, қандай пікірлеріңіз бар?

Дауыстар: - Дұрыс! Басқа пікір жоқ!

- Түгелдей қосыламыз!
- Шіркін әділет-ай! Бұра бастырмайды-ау!
- Алынсын орнынан!
- Шығарылсын бәлшейбектіктен!

Әлжан. Сонымен бірауыздан шешілді. Ендігі...

Бастаушы: Осы кезден сырттан бір колхозшы жүгіріп кіреді.

Колхозшы. Ойбай! Өрт! Өрт! Қамба өртеніп жатыр! Ағатайлар-ай! Астық қамбасы! Тездетіңдер!

Матан. Әне, әрекеттері! Құдай-ау, қолыма біреуін тірі ұстатар күнің бола ма, бұтарлап кек қайтарар едім. Жүріңдер! Тырнақтап жиған есіл еңбек-ай! Қай жауыздың оғы екен?!

Бастаушы: Жұбатқанның үйі. Нұрбике мен Жұбатқанның үстеріне нашар киінген Қилыбай кіріп келеді.

Жұбатқан. Кәке?! Қайдан жүрсіз? Біреу-міреу көріп қалған жоқ па?

Қилыбай. Шұрқ етпе. Бәлшейбектерің от кешіп жатыр. Түнімен өрт сөндірер. Қазір өзімен-өздері әлек.

Жұбатқан. Айтпақшы, өрт қалай шықты?

Қилыбай. Әй, сезбессің-ау! Сендерге уәкілдің шүйіліп түсетінін біліп, Сатыбалды екеуміз аянбадық қой. Сонымен не болды?

Жұбатқан. Не болсын. Құдай төбеміздің ұрды!

Қилыбай Әзір амансың ғой. Ендеше абыржыма. Алдырған екенсің - ашық кет! Енді айналсоқтау мен жалтақтауды қою керек.

Жұбатқан. Сонда “Қырғын сал! Өлім сеп!” демексіз бе?

Қилыбай. Сыбаға сол! Сол-ақ!

Жұбатқан. Ағатай-ай! Жолын бір көрсетші!

Қилыбай. Жауға жалынба! Әрекетіңді ұлғайт! Арандатуыңды күшейт! Колхозды құбыжық таныт! Ішкі-сыртқы жұмысына қат-қабат қастандық араластыр! Содан кейін жоқ-жітіктің жілігінің майы үзілсе, колхозды түп-тамырымен өздері-ақ отайды. Тәуекелшіл сом жігіттерді Сырғақбай бастап келгенде, осы өлкенің бар қазағы мал-мүлкімен жосылып, еріксіз арғы жаққа, Қытай асып кетеді. Одан соң колхоз деген түске де кірмейді. Бұл, бұл қимыл Жетісуда етек алса, бара-бара бүкіл қазақ даласына жайылады. Содан кейін мал сенде болады! Билік пен астық сенде болады! Байлық пен даңқ сенде болады! Құл мен күң сенде болады!

Жұбатқан. Соған жете алып тұрмын ба? Бүгінгі жиналыс алды-артымды орап кеткен жоқ па!

Қилыбай. Әй, тырқу! Түк ұқпапсың! Жә, жетер! Бір еркектің көзін жоя алмай, салың суға кетіп... Өлтір Әлжанды! Тап ыңғайын!

Жұбатқан. Әлжан құрыса, басқа шуылдақтарға дес берем бе! Түу, құрық бердіңіз-ау, Көке! Кеңіді ғой кеудем!

Қилыбай. Сен Тайжанды ертіп келші. Өзің де өрт сөндіріскен бол, асықтырма.

Жұбатқан. Қазір. Келініңіз палау пісіріп қойыпты. Ауқаттанып алыңыз. Нұрбике! Тамағыңды әкел! Нұрбике, мына кісіні тойғыз. Жақсылап күт! Көңілін тап. Мен кеттім, ал. *(Кетеді).*

Нұрбике. Кісімді ол айтпаса да асыға күтіп жүрмін ғой. Ал, кісім, той! Мені де тойғыз. Қысшы, жаным!

Қилыбай. Исің-ай, Нұрбике! Сені көрген сайын жүрегім астан-кестен болады да кетеді. Қандай сиқырың бар, Нұрилаш!

Нұрбике. Тағы кетесің бе? Құдай-ау, қас пен көздің арасында ұрланып көрген қызықтың несі сән? Көңілім сен дегенде бар сабырынан айрылады. Қашанғы жұлқып-тартып күй аулаймын.

Қилыбай. Пай-пай, отсың-ау! Жалын ғой құшағың! Саспа, Нұрбикем! Ар жаққа өткен соң, өзіме қосыласың. Нақсүйерім боласың!

Нұрбике. Ішімнің оты ғой шарпитын. Күйдім ғой әбден... Жаным-ау, жандырдың-ау! Жазбашы құшағыңды! Осылай құшып, өбіп өтші. Анау... әзір келмей ме? Барайықшы... төргі үйге... төсекке...

Қилыбай. Қылығың-ай, қылықтым-ай! Лебізіңнен садағаң кетейін. Келмейді ол. Басымен әлек. Жүрші онда... Ынтықтырып біттің-ау.

Нұрбике *(күліп).* Ой, қытығым! Тамағым... са-а-қалың...

Бастаушы: Кеңседе Әлжан мен Жаппас оңаша отыр. Екеуі де өрт сөндіріп шаршаған. Бірақ жайдары.

Әлжан. Шіркін! Матан қандай алапат еді! Лап-лап жалынға сүңгіп кетіп, қап-қап бидайды сыртқа атқанда опырып жіберді ғой! Әне, алдыңғы тілеу үшін алысқан ары да, жаны да таза еңбек адамы! Ел өз бірлігін жаңа тапты! Мынау кеңес тірлігіне берік көңілмен адаспай тапты. Түнде мен соны көрдім. Көрдім де, жолымыздың туралығына, ісіміздің әділдігіне ден қойған шаруа қауымының құдіретіне табындым.

Жаппас. Анау Тайжан да ешкімнен кем қалған жоқ. Мінезі сұйықтау ма, бірақ өжет қимылдады.

Әлжан. Иә! Басқа Тайжанды көргендей болдық. Әлде өз басын ақтауға тырысып жүр ме екен? Онда үркіте бермейік. Адам үшін күресеміз де. Сен, Жаппас, көз шырымын алдың ба осы?

Жаппас. Пәлі, Әлжеке! Мен құс ұйқылы жанмын. Түрегеп тұрып бір көзімді қысам да, мызғып аламын.

Әлжан *(күледі).* Азаматсың! Құс ұйқылы жолдас,

он жылдан кейін өзіңнің кім болатыныңды білесің бе?

Жаппас. Мен бе? Неге білмейін! Милиционер болам да.

Әлжан. Айттым ғой, білмейсің. Енді он, жиырма жылдан кейін милицияның қажеті болмайды. Банды да, қашқын-пысқын да түп-тамырымен құриды. Ел - ырыс дариясына айналады. Өнердің игілікті салтанаты орнайды. Молшылық заманы жетеді. Сонда, сол кезде сен, құс ұйқылы азамат, Мәскеуден бе, Алматыдан ба оқып келесің. Әйгілі әнші, әйтпесе атақты ғалым боласың. Сенем оған! Социалды қоғамның белсенді мүшесі болатыныңа шегім жоқ.

Жаппас. Әлжеке-ау! Ойбай-ау, мүлдем аспандатып жібердіңіз ғой. Мына мен сол атақты әншімін бе?

Әлжан. Немене? Иланғың келмей ме? Бізге кім керек? Оқыған, өскен азамат керек. Нұрлы дүниенің адамы да, ғұмыры да, ісі де шуақты болуға тиіс. Шіркін! Ұлы Отанның елу, алпыс, жетпіс бес жылдық мерекелерін тойлауға жетсек! Бір шаңырақ астына топтасқан халқымыздың мерейі кеудемізге шымырлап құйылған кезде мынау тап жауларымен айқасқан күндерімізді мақтан етпейміз бе!

Жаппас. Пай-пай, Әлжеке! Айналам тегіс билеген ынтымақ дүниесіне еніп кеткендей болдым ғой!

Әлжан. Болды, Жаппас! Қызынба босқа. Әне, Тайжан келеді.

Тайжан. Оу, сіздер мұнда отыр екенсіздер ғой.

Әлжан. Келіңіз, Тайжеке! Басыңызға не болған?

Тайжан. Әншейін. Түнде өртте құлаған тіреу тиіп кетіп...

Әлжан. Тайжеке, өрт сөндірудегі қимылыңызға ырзамын. Ал бірақ, мемлекетке астық өткізудің бүгінгі ақпары әлі түспей жатқаны қалай?

Тайжан. Әлжеке, осы десе, өзім де әңкі-тәңкі боп жүрмін. Сенсеңіз, басым дағарадай болды.

Әлжан. Босаңсыма, бастық жолдас. Сынағың алдында. Жұбатқандармен боласың ба, Матандармен боласың ба - өмір өзі екшейді.

Тайжан. Әлжеке, әлгінде ғана екінші бригададағы бұрынғы байлардың бидайды ұраға тыққызып, астық

өткізудің жоспарын орындатқызбай отырғаны мәлім болды. Әлжеке, мына жігітті екінші бригадаға жөнелтсеңіз... Милициядан сескенетін халық қой.

Әлжан. Міне, міне! Түсіне бастапсың. Хабарың рас болса, хатшы жолдас, тез қимылдау керек. Айтпақшы, кімнен естідің?

Тайжан. Матаннан, Сізді іздеген екен, мені кездестіріп айтты да, ізінше аттанып кетті.

Әлжан. Онда, Жаппас, сен жөнел! Матанды тауып ал. Ақылдас. Көрдің ғой суық ашудың ыстық шарпуы басталды. Дақбыртты қойып, тартысқа түсті. Бірақ таудан жөңкілген селдей халық кегінің астында қалатынын білмейді-ау!

Тайжан. Айтпақшы, Әлжеке, түсте Сарыбұлақтағы егіншілер арасында жиналыс өтуші еді. Соған сіз қатыссаңыз қалай болар екен?

Әлжан. Тоғанды Сарыбұлақ па? Диқандар ма?

Тайжан. Иә, өзіңіз сөйлесеңіз. Кешегі жиналыстың шешімімен таныстырып дегендей... бізге көп көмегіңіз тиер еді.

Әлжан. Онда атты ерттете бер.

Тайжан. Ат дайын. Қасыңызға бір сенімді серік қосып берейін. Әйтеуір, аса сақ болыңыз, Әлжеке. Қонып қалмаңыз.

Әлжан. Дұрыс. Онда кешікпей аттанып кетейін.

Бастаушы: Тау арасындағы қыстауда Қилыбай, Жұбатқан, Тайжандар отыр. Сатыбалды қолы таңулы жаралы Әлжанды сүйретіп кіреді.

Жұбатқан. Жоғары шық, уәкіл жолдас! Соншама күннен бері ынтық болған қонақтарыммен таныстың ба?

Әлжан. Сенікі қай бір жетіскен жанның күлкісі еді, Жұбатқан. Ел көңілін түсінбей осы жыртқыш қалпында ұлып өтерсің!

Тайжан. Әй, аш көзіңді! Қара маңайыңа! Көбің түгіл, тобың да жоқ! Ендігі билік бізде. Мына қолда!

Әлжан. Адасқаныма өкінем! Сен туралы, Тайжан-ау, адал ойда болғаныма опық жеп тұрмын. Бірақ қайда қашып құтыларсың?

Қилыбай. Қонақты осылай құрметтеуші ме еді.

Отыр, Әлжан. Шешіңдер қолын. Кәне дастарқанға жақында. Дәмдес болайық.

Әлжан. Қилыбай! Дәмдес бол дейсің. Халықтың қанын шімірікпей жұтқанда, мені де өзіңдей көремісің әлде?

Қилыбай. Әдет-ғұрпты ұмытқан шоқынды болмасаң ұсынған қолды қақпа. Әйтпесе дәм-тұзым атар!

Әлжан. Дәм ұсынған талайды мал-жанымен қоса жұтпап па едің. Дәм-тұз атса, алдымен сені жайратар!

Қилыбай. Мә, ендеше! Сыбағаң осы! Кәпірге сатылған екенсің әбден! Дініңді бұзып, тіліңді ұмытпақсың ғой. Салдым онда ата-баба жолына! Уа, ағайын! Құдай жолынан безініп, кәпір қауымына енген күнәкарға қандай жаза лайық?

Дауыстар: - Өлім!

- Өлім!
- Өлім!

Қилыбай. Әне! Айтылды үкімің! Бәлшейбектерің қайда? Неге құтқармайды? Колхоз деген сөздің аты өшкенше, сен сияқтылардың талайын көрге тірі тығармын-ақ. Алдымен міне, тап сенен бастаймын!

Әлжан. Әй, Қилыбай! Мені дінсіз дедің. Ал, нағыз дінсіз өздерің. Қауымы мен халқына арқа сүйеген адам дінсіз болушы ма еді. Сенгенім - халқым. Сыйынғаным - партиям! Өлмейтін жан болмайды. Бірақ сендерді әділ үкім жазасына өз қолымнан кесе алмағанымға ғана өкінем. Тауым мен даламның әр тасы, әр бұтасы сендерге қарғыс атады!

Қилыбай. Өшір үніңді! Сал мойнына қыл арқанды! Тарт былай! Сүйрет өзінің тау мен тасына! Біріне басы тисін! Біріне қаны тамсын! *(Шұбырып сүйретіп әкетеді).*

Әлжан *(қиналып, жан ұшырып).* Әр тамшы қаным кек боп атылар! Тар-та-а бер-ің-де-е-ер!.. *(Музыка).*

Бастаушы: Әлжанның жұбайы Әмина мен Кәмила оңаша отыр.

Кәмила. Апатай-ай, жездемнен әлі ешқандай хабар жоқ па?

Әмина. Болмай тұр ғой. Кәмилаш. Кешіккен сайын күдіктенем.

Кәмила. Жо-жоқ, әпке! Мықты едің ғой. Көңілге күдік жолатпашы. Әйтпесе, әйтпесе...

Әмина. Шыр-шыр еткен жүрегіңнен айналдым. Қой, қамықпа, Кәмилаш! Келеді жездең! Әлжаным келеді,

Кәмила. Иә, иә! Жездем келеді! Түу, неменеге үрейленгем!..

Әмина. Иә-иә... Келіп қалар... Кәмила, сандықты ашшы. Менің көк көйлегімді, камзолымды әперші.

Кәмила. Е-е, сөйтші, әпкетай! Қуаншы осылай! Әперейін! Көк көйлегің өзіңе қандай жарасады! Жездем қандай ұнатушы еді! Ырым болсын, киінші тез!

Әмина. Әпкеңде қазір көйлек киетін бел бар ма еді?

Кәмила. Мәссаған! Бәсе десем, толып бара жатқаны несі десем! Әпкетай-ау, шынында қалай сезбегем! Әпке десе, мен оны... өзім уатып, өзім жұбатам. Сен... сен мектепке кеткенде, біз... мынау, анау қошақан... екеуміз сені әндетіп тосып отырамыз. Саусақтары жыбырлап ернімді ұстап... мені... білесің бе, мына мені бар ғой, сонда сол... мынау қошақан әпке!", "әпкетай!" дейді.

Әмина. Айналайын Кәмилам! Тілегіңнен айналдым. Кәне, енді киші мына көйлекті *(Күрсінеді).*

Кәмила. Тағы жүдей қалыпсың. Саған тіпті ренжуге болмайды, әпке. Әлде... Жо-жоқ! Әпке десе, түс көрдім. Түсімде жездем екеуің ақбоз атқа мініп, асқар тауға шығып бара жатыр екенсіңдер. Сен ән салыпсың. Жездем жүзіңе үңіле қарап, үздіге тыңдап барады. Бір өтірігі жоқ, тұп-тура өңімдегідей... Жездемнің қолы аш беліңе былай оралып... Ой, әпке! Әп-ке-тай!..

Әмина. Не болды, Кәмилаш?

Кәмила. Қыбырлайды!.. Мына кішкене ботақан... Әкеші қолыңды. Қыбырлайды ғой?.. Ой, тентек сол! Бүлк-бүлк! Мені таныды!.. Танығаны ғой, иә, әпке?

Әмина. Тәтесін неге танымасын... Кәмила, көп отырып қалыппыз ғой. Сен менің қоржынымды жолға дайындап қойшы.

Кәмила. Қайда барасың, әпке? Мына түріңмен... мына ауыр...

Әмина. Сегізінші, онынші ауылдардағы мектеп дайындығын тексеруім керек. Әлжанды кездестірермін мүмкін...

Кәмила. Банды көп дейді. Мынау қошақанды аяшы! Қорқам, әпкетай!

Әмина. Қорықпа, күнім! Аңдыған жау да, қанды қарақшы да бізден қорықсын. Босқа үрейленбе. Ертең жүрем.

Кәмила. Жалғыз ба? Өзің ғана ма?

Әмина. Неге жалғыз? Мынау өзің айтқан қошақаным бар емес пе. Медеу емес пе!

Кәмила. Солай екен-ау!... Өләй, қошақан дегенше неге бір ат қоймаймыз. Арман десек қайтеді, әпкетай? Сонда Арманды әкесіне таныстырып, қуантып... бір өзің бе? Басқа адам жоқ па?

Әмина. Өзім, Кәмила. Бір аптада оралам ғой.

Кәмила. Сонда да... Мен біртүрлі қобалжи берем, әпке! Жездем екеуіңнің бір-біріңе деген ынтызар күйің маған да уаныш еді. Сол сәтті қайта әкелермісің?.. Не деп барам...

Әмина. Қанатым! Кәмилам! Жаның неткен таза еді! Уайымдама босқа.

Кәмила. Әпке десе, бір ән салып берші! Көптен тыңдамай кетіп ем... Оның үстіне мына қошақанға... Арманға арналған алғашқы бесік жыры да болсын!

Әмина. Жақсы. Қайсысын айтайын?

Кәмила. Өзің біл, әпке. Айта бер қалағаныңды.

Бастаушы: Баяғы ескі қыстау. Есбол, Рәпіш. Әлденеден үркіп, тың тыңдап отыр.

Рәпіш. Есбол-ау, ит үреді. Біреу келді! Тағы келді!

Есбол. Қатын-ай, сен баршы. Сыртқа шықшы, Рәпіштай!

Рәпіш. Жалғыз үй отырмайық деп құдайдың зарын қылдым.

Есбол. Осыдан таң атсыншы. Қатын біткенді бір көрпенің астына тықпақ түгіл одан зорғысын жасаса да, Рәпішжан, сол колхозына кіріп тыналық. Өлдік қой әбден!

Рәпіш. Ақылың енді кірді ме, баяғыда-ақ сөйту керек еді!

Есбол. Ақыл кірді ме, жан алқымға тақалды ма?..

Мал да ортақ, жан да ортақ деп... Отыздан асқанда әрең қосылған Рәпішжанды кімнің құшағына қия аламын. *(Әмина кіреді).* Ә-ә, кіріңіз. Келіңіз.

Рәпіш. И-и, жап-жас екенсің, шырағым. Жалғыз-жарым түнделетіп жүргенің қалай? Әй, Есбол, ағаш жар! Қазан асайын!

Әмина. Әуре болмаңыз, жеңеше. Сегізінші ауылға бармақшы едім... Астымдағы атым болдырып қалғаны. Қас қараймай жүріп кетем.

Есбол. Ә-ә, асығыс екенсің... Колхоздағы дүрбелеңнен не естідің?

Әмина. Қандай дүрбелең?

Есбол. Тексеріс жүріп жатыр ғой. Ауданның бір уәкілін өлтірген дей ме, әйтеуір...

Әмина *(шошынып).* Өлтіріп... Шын ба? Рас па?

Рәпіш. Қалқам-ай, түсің өзгеріп кетті ғой. Неден қорықтың? Әй, Есбол! Осы сен-ақ не болса соны мылжыңдай береді екенсің.

Есбол. Енді құлағыма сыбыс тиген соң... Байқамай...

Әмина. Өлтірді деймісіз!.. Шын ба?.. Рас па?.. Жеңеше, бір кесе су беріңізші.

Рәпіш. Әне! Қонақты қаңтарып қойыппыз. Міне, шай жасаймын. Отыр. Отыра ғой, сіңлім. Шай суып кетіпті-ау, әй, Есбол, ағаш жарып әкел дедім ғой саған. И-и, омалып отырып алатының бар-ау.

Есбол. Болды! Жетті, мың болғыр. Барайын. *(Кетеді).*

Рәпіш. Сіңлім-ау, не болды? Мүлдем өзгеріп кеттің ғой. Мә, ұртташы... Әлгі уәкілді танушы ма ең?

Әмина. Иә, танимын, әпке. Ол - менің күйеуім... Әлжаным!..

Рәпіш. Қарағым-ай! Еңіре! Жыла! Көңіл шері көз жаспен кетеді.

Әмина. Әпке-та-ай! Қалай өлді Әлжаным! Арысым! Айтыңызшы, әпкетай!

Рәпіш. Күнім-ай, аузым бармайды. О жасаған, жар бола көр! Сіңлім-ай, құран ұстап серт берген ісім еді. Енді қайттім?

Әмина. Айтыңыз, жеңеше. Ант пен сертті адалдық үшін ғана береді. Көз жасымның мөлт-мөлт зарын

ұғын, әпкетай! Азаматымның әруағын сыйла. Өтінем, жеңеше!..

Рәпіш. Сіңлім-ай, есіңді жишы! Сабыр етші... Ішімде ит өліп жатыр ғой. Әлгі байғұс Есбол екеуміз бір қатерге ұрындық қой... Осыдан бес күн бұрын осы қыстауда кісі өлімі болды.

Әмина. Әлжан ба? Шынымен өлтірді ме?..

Рәпіш. Кешке қарай уәкілді екі адам байлап алып келді. Түн ортасында тағы төрт-бес кісі келіп, уәкілді осында алғызды... Содан қыл шылбырды мойнына салып... шалажансар күйінде көміп... Есбол екеумізге құран ұстатып, ант алды... Біз... біз... құдай-ау, қалай жынданбай қалдым... Көз алдымда тірідей көміп... *(Есбол кіреді).* Есбол! Өлтір мені! Бауызда мен бейбақты! Жасыра алмадым! Бәрін, бәрін айттым. Есбол-ау, не істеп қойдым? Жазықсыз едік қой.

Есбол. Рәпішжан-ай, күніміз не болады енді? Қарағым, қарындасым! Ол, ол жауыздарды сен білесің ғой! Тірідей шырылдатып өлтіреді. Құрдық-ау, құрдық енді, Рәпішжан!

Рәпіш. Өзім барсам қайтеді мелитсасына, Есбол? Солай-солай деп айтып берсем, бәрін ұстап әкетер?

Есбол. Мен қайтем, Рәпіштай? Қыстауда жалғыз қалам ба? Мені де ала кет, мың болғыр!

Рәпіш. Жарайды. Даурықпа босқа. Жүр, қарағым. Шығарып салайын.

Есбол. Тәңір-ай! Қарап жүрген жанға да зауалың бар екен ғой. Не жазығым... не жазығымыз бар еді? Сол зұлымдықты менің көзімше... Жазықсыз адамды жазалағанда... еріксіз куәға тартқанда сенің қай жыртығың жамалды?.. Зұлымдарға зауалың болса... тез болса, неге түсірмейсің жасыңды? Жанымды неге азапқа саласың? Не істеймін? Жасаған! Жауызың мен емес едім ғой. Көзіңді неге жұмасың? Неге көрмейсің? Неге?!

Бастаушы: Тау аңғарында Сырғақбай тобы қаптап жүр. Беріректе Сырғақбай құрбашы оңаша отыр. Қилыбай қасына жақындайды.

Сырғақбай. Өзің нығызданып қалыпсың. Сірә, қанжығаң қомақты-ау.

Қилыбай. Иә, қомақты! Бас олжам - бәлшейбек

Әлжан! Көзін жойдым! Кеңесшіл кедейлерді қайта тұрмастай тұқырттым.

Сырғақбай. Жә! Жарайды! Енді аялдамайық. Олжаң қанша?

Қилыбай. Үш мың қой, мың қаралы жылқы. Жүз шақты адам!

Сырғақбай. Әлі де көп емес. Біз де қарап жатпадық. Алты ауыл өртенді. Батырақтарға колхозды құбыжық етіп таныттық.

Қилыбай. Кәпіративті де тік қопара алып келдік.

Сырғақбай. Желектің бар ма? Кездесті ме?

Қилыбай. Енді ел болғасын... табылады ғой. Оншақты бойжеткен... Түстегем жоқ.

Сырғақбай. Жөн сөйле!

Қилыбай. Сұңғыласыз-ау, Сәке! Бар еді. Нұрбике бар еді!

Сырғабай. Өзің түлкі алған тазыдай жылмаңдайсың, Қилыбай. Қырдың сарыала етек қыздарын түгендеп біткеннен саумысың?

Қилыбай. Қажай бердіңіз-ау!... Қиял сағымын алданыш көретін бозбала деп пе едіңіз. Бұйырғаны болды да!

Сырғақбай. Ендеше, сабаңа түс. Жөніңді біл! Нұрбикені көздің қарашығындай сақта! Мен сенен сауға сұрамаймын. Ал, сен түкпір сөзді түй де ғой! Ал, ол Нұрбикең Жұбатқанның әйелі, ә?

Қилыбай. Дәл солай! Жұбатқан да осында.

Сырғақбай. Надансың! Ұрлық қыласың - қарауылын ерте жүресің. Не ойлайсыңдар осы? Желекті келіншек пен жесір келіншектің айырмасын білемісің?

Қилыбай. Сонда-а! Жесір келіншек - Нұрбике ме?

Сырғақбай. Сен мені ел аузына өсек қып таңайын деп пе едің? Байы бар қатын шариғат жолына сия ма? Саған салмақ - Нұрбикенің басын аш!

Қилыбай. Не деп барасыз? Қанды көйлек досымды - Жұбатқанды...

Сырғақбай. Қанды көйлек досың шәйіт кетеді! Қаңғыған оқ қараға да, ханға да тиеді.

Қилыбай. Табайын! Сіз ырза болсаңыз, мен тоқпын!

Сырғақбай. Жарайды. Жер табанға түсіп жалпаңдай

берме. Сенің де орнын, бөлек, Қилыбайым! Әне, Жұбатқандар келеді. Мығым бол!

Жұбатқан. Ассалаумағалайкүм!

Сырғақбай. Ә-ә, Жұбатқан мырза! Төрлет! Қойлыбай досымның көзісің. Отыр оң жағыма! Сөйле! Тайжан, сен де отыр!

Жұбатқан. Атаның аруағын шақырып, азаматты атқа қондырдым. Ендігі бетім - жақсы сөйлегенге жалтақтау бола ма, уақыт көрсетер. Көңіл дауалайтын атамекен артта қалды.

Сырғақбай. Біз де кіндік жұртты қиып кетіп едік. Өлмедік. Иесіз, панасыз емеспіз.

Жұбатқан. Ол дұрыс қой. Әйтеуір, шала тастап, өрт тұтатып алған соң, әркім өз мінезіне орай ілік іздер.

Сырғақбай. Нең қалды қимайтын? Абақтың ба аңсағаның? Отын-суың таусылып еді ғой бұл жақта.

Жұбатқан. Оныңыз рас. Іркілерім жоқ енді. Қорғаным болыңыз. Мынау Тайжан да, осы базынаға мінгесіп жетті алдыңызға.

Тайжан. Иә! Дабырайта беріп қайтейік. Көз сатпаспыз. Құдайға шүкір, айдағанымыз бен шұбыртқанымыз аз емес.

Қилыбай. Әй, Тайжан! Сен өйтіп көмейіңді көрсетпе! Айдағаныңды алдымен аман-есен алып өт. Екі аттамай жатып ірілік танытып, ірге сайлайтын сүбелі адам бола қапсың!

Тайжан. Е, олай болғанда, әлден иектеп, ығыма түс дегенің бе, Қилыбай! Сонда мен, тегі, араздықты енді сендерден тартуға барам ба? Онда, қу жанды шүберекке түйіп, мына туған жерде алысып неге өлмеймін? Неге қалмаймын топырағында!

Сырғақбай. Жә, жігіттер! Түс шайысып қайтеміз. Атамекен - артып әкететін тең емес. Қыл өтпестей татулық бар жерде, ағайын ығыр бола қоймас. Жұбатқан, Тайжан, өтінішіне сәлемім осы. Қазір жігіттеріңе барыңдар. Көштің адамдарына сақ болыңдар.

Бастаушы: Жұбатқан мен Тайжан кетеді. Сырттан Есболдың өршеленген даусы естіледі. Сырғақбай қолын бұлғайды.

Сырғақбай. Жібер! Кімсің?

Есбол. Мен Есболмын. Әй, Қилыбай! Сен танисың ғой мені. Қарағым-ау, мені... анау Рәпіш екеумізді қайда апара жатырсыңдар? Жазығымыз не?

Сырғақбай. Тездет! Не айтпақшы едің?

Есбол. Айтсам, бізді босат. Қайтар аулыма. Әке-шешемнің моласы қалды. Кіндік қаным тамған қонысым қалды.

Сырғақбай. Қоныс... мола! Басқадан жаның ардақты екен.

Есбол. Иә, тақсыр! Туған жерден тентіреп, ел ақтаған жанымның құны бес тиын. Бір момынның көз жасына қарасаң, ел ішінде ербиіп жүрейін, тастап кет. Анау... Рәпішжан екеуміз құдайдан да, адамнан да көрмеген жақсылықты сенен көрдік деп қуанып кетейік. Мынау... Міне, барым осы! Әйелімнің... қосағымның сырға, білезігі... бір ат беріп соққызып едім... Құлдығың болайын, азат қыл!

Сырғақбай. Болдың ба? Тағы айтарың бар ма?

Есбол. Не дейді? Басқа не айтам? Бас еркімнен артық не бар?

Сырғақбай. Әй, Қилыбай! Тындырғаның осы ма? Үгітің қайда? Қыңыр, шолақ түсініпті ғой. Орыс тұзағын азаттық деп ұққан осыларды да адам дейміз-ау. Оңаша өзің ұғындыр! Мен қолға барайын.

Қилыбай. Әй, қырт! Енді бақылдасаң, бауыздай салам! Алдымен әйеліңді! Сонсоң сені, ұқтың ба?

Есбол. Ұқтым, ойбай! Енді қайттім?

Қилыбай. Ұқсаң - тіліңді тісте! Ал, осыдан тағы да қиқаңдасаң - жаныңды жаһаннамға өз қолыммен жөнелтем!

Есбол. Апырай, ә! Сөйтесіз! Енді... ер туған жерге деп...

Қилыбай. Әкел бері! Қолыңдағыны бері ұстат деймін!

Есбол. Мі-мінекейіңіз...

Қилыбай. Сөз осы! Еркің - қанжар жүзінде!

Есбол. Құрыдым-ау, қайда барсам - Қорқыттың көрі. Көзден бір-бір ұшқан туған жер! Қалып барасың! Неге үріктім сол колхозынан? Қайран Матан-ай! Айтып едің-ау!.. Өкінесің деп едің. Ал, Есбол! Зарла

енді! Туған жердің самалы-ай! Қадіріңді білмеппін. Кеш, Елім!

Бастаушы: Тау аңғарына қызыл әскерлер, коммунистік отряд мүшелері және колхозшылар иірілген. Бандыны қуып шыққан комотряд командирі Ершов пен Матан бөлектеу тұр.

Матан. Ана төбенің астында ауыл бар. Басыңды шайқама, Әндірей. Ал, ол ауыл Сырғақбайлардың жолында. Ол көкжал оған соқпай кетпейді. Ендеше, қарақшылардың жөн-жосығы алақанымызда.

Ершов. Ауыл бар деп Матан Қойбағарович, алданып қалармыз. Біраз бұрыстау екен. Оған дейін бандылар ұзап кетеді.

Матан. Сен, Әндірей, Сырғақбайдың қайда екенін білесің бе? Білмейсің. Мен білем бе? Білмеймін. Тек жобалаймын. Сондықтан сол ауылдағы ел-жұрттан сұрау қажет.

Ершов. Ауыл болмай шықса қайтеміз?

Матан. Сенде көз бар ма? Мынау қойдың шиырын көремісің. Қайда бет алған? Анау төбенің астына. Әнеу сүрлеу де, мына шұбыр да солай кеткен.

Ершов. Онда қимылдайық.

Матан. Тоқта! Әне, ана-ау із ғой. Мұнда кел, кәмәндір жолдас.

Ершов. Да-а! Мынау солар. Бандылар!

Матан. Асығуымыз керек, Әндірей. Олар қатты кетіп барады.

Ершов. Қатты кетіп бара жатқанын қайдан білдің?

Матан. Мында қара, кәмәндір. Міне, мынау із - жылқының, тұлпардың ізі. Жануардың қамшылар жақ артқы аяғының тұяғы кетілген. Мынау сол тұяқтың таңбасы. Ал, анау - екінші таңбасы. Анаусы - үшінші мөрі. Енді араларын өлшейін. Бір жарым қамшы бойы ғой. Демек, аяғын кең тастап, көсіле шапқан аттың жүрісі бұл. Әне, қатты кетіп барадым сол.

Ершов. Сен, Матан Қойбағарович, Дерсу Узаласың!

Матан. Дерсу, Жер-су!.. Босқа мақтама. Кешігіп қалдық! Олар бұл арадан кеше кешке қарай өткен.

Ершов. Қалай? Кешке деймісің?

Матан. Көргенімді ғана айтам. Міне, зер салшы өзің. Бандылар топтала, ізбе-із кетіп барады. Тұяқ

таңбасын анық барлашы. Шет-шетін құм басқан. Себебі түнде жел тұрған. Ал, мына тезек кебу, ортасы ғана аздап дымқыл. Сонымен кеш еткен, түн өткен, тағы жарты күн өткен. Кешіктік дегенім сол. Апырай, болымсыз нәрсені түсінбейсің, ал өзің мықты кәмәндірсің, Әндірей.

Жаппас. Жолдас командир, мына ақсақал сізді іздейді.

Шал. Мен мына төбенің астындағы ауылдан едім.

Матан. Айтпап па едім ауыл бар деп.

Ершов. Сырғақбай болды ма ауылдарыңызда?

Шал. Болды ғой ол қанып езер! Кеше кешке қарай осы арадан өзенді өрлеп тауға беттеді. Кәпіративті тонап, ауылды өртеп, қолға түскен жұртты алып кетті. Мен тау арасына тығылып қалдым. Беттері - Ошақ асуы.

Ершов. Ошақ асуға өзен аңғарынан басқа тура жол жоқ па?

Шал. Баяғыда бір төте жолмен Ошақ асуға қой айдап барғам.

Ершов. Қойды өткіздіңіз ғой.

Шал. Қой - жылқы емес. Қой - үйренген мал. Және бірен-саран қой құзға құласа да үлкен шығын емес. Ат - ауыр. Мықты жіп, ұзын арқан, көп-көп киіз керек. Ауыр! Өте ауыр!

Ершов. Бәрін табамыз, ақсақал. Қайткенде де шекараға жетуіміз керек. Азанда аттансақ, асуға қай мезгілде жетер едік?

Шал. Көз - мөлшер, көңіл - таразы. Бір тәулікте жетіп қалармыз. Ол үшін ат-көлік, адам дұрыстап дем алсын. Мен арқан, жіп дайындатайын.

Матан. Әндірей, алға, аңғармен шолғыншы жіберейік. Жаудың ізін бағып, көш хабарын біліп қайтсын. Оның үстіне біз ізімен келе жатыр деп жауды бейқам етсін. Не дейсің бұған?

Ершов. Кім барады?

Матан. Мен болармын.

Ершов. Жоқ. Сен мұнда керексің.

Матан. Онда Нармұрыннан ыңғайлысы жоқ. Ол осы өлкенің ой-шұқырымен таныс. Бұрынғы жылқышы.

Ершов. Дұрыс екен. Сөйтейік.

Бастаушы: Аңғарда Сатыбалды жалғыз өзі күзетте отыр. Сәлден кейін үстіне әйелше киініп Нармұрын келеді.

Сатыбалды. Итаршы болып-ақ құрыдым. Ылғи шетке ұстары - мен. Олжаға қарық болатын - Қилыбай. Анау Нұрбикені мөлдіретіп әкеле жатыр. Маған сүйек-саяқ та тимейді. Аларым - сөгіс, жегенім - таяқ. Әй, құрысын бүйткен тірлігі! Шіркін Нұрбикенің көзі-ай! Жалт еткенде... Ойбай, біреу қараңдайды ғой!.. *(Дауыстап).* Әй, әй деймін! Ойпырмау, тілің бар ма? Тоқта деймін!

Нармұрын. Батыр-ай, зәремді ұшырдыңыз ғой. Шошайтпаңызшы андағы немеңізді, атылып кетер.

Сатыбалды. Кімсің? Неғып жүрген жансың?

Нармұрын. Тезек теріп жүрмін. Көштің адамымын.

Сатыбалды. Адам болғанда... әйелмісің?

Нармұрын. Көтек-ай, әйел емей... Кемпір деп пе ең.

Сатыбалды. Түу, даусың сыңғырлап. Бетіңді тұмшалап алғаның не? Ашсаңшы айдай жүзіңді.

Нармұрын. Ойбай, тұтақ! Бетімді аш деп... Әтекем көріп қалса.

Сатыбалды. Қайдан көрсін. Өзің енді бері жақындашы... Мықының бұлтылдап... Перімісің?

Нармұрын. Қойыңызшы. Перісі несі? Әйелді танымай...

Сатыбалды. Түу, ынтықтырып соншама... Мені бір құбыжық көремісің? Қорықпа, жаным!

Нармұрын. Қайдам. Мылтығыңызды кесе көлденең ұстап алыпсыз. Соған қарағанда менен сіз қорқасыз-ау, тәрізі.

Сатыбалды. Шіркін-ай! Тастадым мылтықты. Сөзге жүйрік, қайран қаракөз! Жеңдің мені. Ал, енді сес-кенбе. Кел, келе ғой, жан жананым! Анау-мынау жөп-шенді емес, Қилыбайдың оң қолы - Сатыбалдымын!

Нармұрын. И-и бөтекесі! Сатыбалды деген атышулы батыр сіз бе едіңіз? Міне, қолым! *(Шап береді).* Түстің бе жауыз! Тырп етпе! Шығарма үніңді! Осып жіберейін бе тамағыңды! Талайдың адал қанын қара қаныңмен жуайын ба осы!

Сатыбалды. Апатай! Айналдым, апатай! Ойбай... еркек қой. Көкетай! Шыбын жанымды ая! Қи қасық қанымды! Құлдығыңда өтейін!

Нармұрын. Көш қай жерге аялдады? Күзеті қалай?

Сатыбалды. Бәрін айтайын. Бо-босатшы тізеңді. Ке-ке-кеу-дем!..

Бастаушы: Нармұрын Сатыбалдының қолын байлап тастап, өзі үстіндегі әйел киімін шешеді.

Нармұрын. Тұр! Баста! Қыңқ десең, о дүниеге бір-ақ аттанасың!

Сатыбалды. Міне, міне! Бастайын... Былай жүріңіз. Аяғыңыз асты тас, сүрініп кетіп... мылтық оқтаулы. Атылып кетсе...

Нармұрын. Жанының тәттісін! Әшірбекті пышақтағанда, Әлжанды өлтіргенде қолың дірілдеп пе еді. Зауалың келді!

Сатыбалды. Ме-мен өлтіргім келмеген... Ол Қилыбайдың зорлығы. Қинаған сол. Өзім өлетін болған соң. Қилыбай аямайды!

Бастаушы: Осы кезде тас арасынан Қилыбай бастаған Жұбатқан, Тайжандар шығады. Қилыбай Жұбатқанды алдына әдейі тасалап айқай салады.

Қилыбай. Әй, таста қаруыңды!

Бастаушы: Нармұрын жалт бұрылып тарс еткізеді. Оқ тиген Жұбатқан құлайды.

Тайжан. Ойбай, бауырым-ем, Жұбатқан!

Қилыбай. Тәйт! Сұңқылдама! Алланың ақбұйрығы кәпірдің оғынан жетсе, шәйіт кеткен жанға жылауға бола ма? Ұмтыл онан да, Қапта! Ұста жауыңды! Енді ата алмайды. Оғы жоқ.

Нармұрын. Тағы кімің бар жаннан безген, шық бері!

Қилыбай. Тұс-тұстан қоршаңдар. Тірі алыңдар. Қапы кетпе!

Нармұрын. Қилыбай! Сені көрге тықпай қоймаспын.

Бастаушы: Нармұрын бір-ақ секіріп Қилыбайдың үстіне төніп келеді. Алтыатары от алмайды. Қилыбайдың кеудесіне ұмар-жұмар құлап, алқымын сығады. Түйдек-түйдек жеткен жау тобы Нармұрынды аударып әкетіп байлап тастайды. Сырғақбай Нармұрынға қалшылдай төніп тұр.

Сырғақбай. Сен кімсің? Айт, шапшаң!

Нармұрын. Жендетіңмін! Атасың ба, шабасың ба еркің! Ізіңмен өкшелеп Ершов бастаған қуғыншы келеді. Зауалың келеді!

Сырғақбай. Ершов деймісің? Білем оны. Айлалы түлкі. Бірақ мені алдай алмайды.

Нармұрын. Айлалы түлкі - сен! Ершов - жолбарыс! Бір-ақ шайнайды! Ендігі сөзім қысқа! Басқа айтарым жоқ.

Сырғақбай. Әкетіңдер! Тағы бір малшым көбейді. Масқара қылғанда көк шыбынды көзіне үймелетіп салып қоярмын қой соңына.

Ал, сендер сарбаздарым, бері қараңдар! Қызыл түлкі Ершов ізімізге түсіпті. Маған керегі де сол. Сендерді, өңшең мергендерім, оңтайлы тұстарға тосқауылда қалдырам. Ошақ асуға басқа жол жоқ. Ершовты қайсың көрсең - сол бойда өлтіресің! Мылтығың от алмаса - қанжарыңды қара қанына суар! Қанжарың сынса - өңешіне шеңгелің толсын! Қолың сынса - азуың жабыссын! Әйтеуір, Ершов мүрдем кетсін! Кәмәндірі құрыған соң қызыләскер тоз-тоз болады. Сонда ғана шекарада бәлшейбектер, орыстар емес біз ғана иелік етеміз. Біз! Серт осы! Оны орындай алсаңдар, онда мына байлықтан жүзіп ішесіңдер. Сұлу қыз қойыңда, жүйрік ат тақымыңда, мыңғырған мал алдыңда болады. Кәне, қол жайыңдар. Әумин!

Бастаушы: Зеңгір биік тау. Бір жағы тік шатқал мұзды асу. Ершов бастаған комотряд адамдары осы араға жетіп тірелген. Ошақ асу деп аталатын тар қылтаға кідірістеп қалған.

Ершов. Ақсақал, басқа жол жоқ па?

Шал. Жоқ, нәшәндік. Осы арадан баяғыда қоймен өткем.

Матан. Осы арадан өтуіміз керек. Басқа амал жоқ.

Ершов. Аттарды түсірерміз-ау. Кейін қалай көтерілеміз?

Матан. Әндірей, әзірше қайтар жолды ойлап бас қатырмайық. Мақсатымыз - Сырғақбайдың алдынан тосу ғой. Ол бізді әлі де болса ізінен күтумен келеді. Тұтқиылдан қарсы алсақ. Сырғақбай қайда қашып құтылады. Одан соң қайтар жолымыз да ашылмай ма.

Ершов. Дұрыс, Матан Қойбағарович. Жаудың алдын орауымыз керек. Сырғақбайды кордоннан әрі өткізбесек, босқын елді қайтарсақ, басқасына шыдармыз.

Жігіттер! Тез іске кірісіңдер! Аттарды осы жерден түсіреміз. Омырауына киіз төсеп, арқан өткізіп демеп отырамыз. Алдымен менің сәйгүлігім - Орликтен бастайық. Өзім жетектеп алам. Алты жігіт үш-үштен арқанның ұшынан ұстап, артынан демеп тұрсын. Сен, Матан, отряд толық өткенше осы арада бол.

Дауыстар: - Абай бол! Көзіңе қара!

- Анау бұтаны тиянақ қыл. Тіре соған аяқты.
- Арқанды көп сусытпа!
- Аттың омырауындағы киіз түсіп қалмасын.
- Тайды, сырғанады!
- Деме! Айрылма арқаннан! Тарт қатты!
- Итерме! Өзі тұрсын орнынан! Әй, жануар-ай! Есті ғой жылқы малы!
- Ойбай-ау, байқасаңшы! Неге жұлқисың!
- Ура! Түсті! Жетті аман-есен!
- Даурықпа! Енді екінші атты әкел!

Бастаушы: Бұл кезде оңашалау жерде өздерімен өздері әуре болып Алдоңғар мен Қатша толғақ буған Әминаның қасында жәрдемдесіп жүр.

Әмина. Апатай-ай, қиналдым-ау!

Қатша. Шыда, қызым. Бәріміз де сен құсап киналғанбыз. Мә, мынаны ішіп жібер. Сонда толғақ бумайды. Әй, Алдоңғар! Бетім-ау, әрі кет! Ұялтпа қызымды.

Әмина. Апа-тай! Қараңызшы-ы! Біздің адам-да-ар өтіп жатыр ма? Бәрі өте а-ала-тын ба? Мен... мен қол байлау бол-ма-дым ба?

Қатша. Садағаң кетейін сол. Ештеңені ойлама. Өтпей... Өтіп жатыр. Ат та, адамы да тегіс өтуде. Сен, Әмина, тістенбе. Ауыртқан кезде қысылма, айқайла! Айқайлай бер!

Әмина. Неткен зіл! Сон-ша-ма бұрап... Қандай азап еді! Атын... атын кім қоюды білесіз бе? Ар-ман! Со-лай деңіз...

Матан. Қалай? Әлі қиналып жатыр ма? Апырай, адам неге анасын қинап туады екен?

Алдоңғар. Мәке, дауысын да шығармайды. Айғайлап жіберсе ғой.

Матан. Иә, Әмина қайсар. Ай туыпты, кешікпей таң атады.

Әмина. Апа-тай! Мын-ау тентек қай-те-ді... Өзін са-ғы-ны-ы-еп барам ба?.. Уһ, адамдар тезір-ек өтсе... Арманды... тентекті...

Қатша. Шыда, күнім. Арманың қазір-ақ шар ете қалады. *(дауыстап).* Әй! Тілеуің бергір, Алдоңғар! Неғып тұрсың? Түй! Түйгіште жерді! Шыда, Әмина! Бибатима пірім! Қолдай гөр! Былай, мына ықтасынға қарай аз-аздап қозғалшы! Таса ғой, желі де, көзі де жоқ. Айналайын, күнім, айқайла! Әй, әй, Алдоңғар! Ойбай-ау, түйгіштей бер! Таяқпен... сабаумен, қамшыңмен ең болмаса!

Алдоңғар. Әу, Матан аға! Осы Қатша неге түйгіште дей береді?

Матан. Қайтсін. Далбасалап жатыр да. Әйел босана алмай қиналғанда келі түйетін баяғыда. Аттар тегіс өтіп қалды. Енді сәл қимылдасақ, түгел өтеміз. Сен, Алдоңғар, Қатша екеуің Әминаны алып қайтасыңдар. Шақшаңды бері тасташы.

Алдоңғар. Түйгіштей берем бе?

Матан. Шыда! Әлжандай азамат ұрпақсыз кетуі мүмкін емес. Ұл туады! Маған немере болады. Бала болады саған, Алдоңғар. Әне, дүниеге адам келгелі жатыр. Жаңа заман адамы! Нәсілі бір, ортасы думан, тұрмысы ғажап дәуірдің өз назын өз тілімен жырлар ұрпақ келеді!

Бастаушы: Қатша құндақтаулы сәбиді көтеріп, өксіп келе жатыр.

Қатша. Жыла! Жылай түс! Шерменде-ай!

Матан. Не болды, шырағым?! Ойпырай, жаны қалды ма?

Қатша. Дүниеге мына сорлыны әкелді де, көз жұмды. Әминаңыз жоқ енді, ата!.. Ана сүтімен ауызданбай мына мұңлық зарлап қалды. Жетім қалды!

Алдоңғар. Бишара-ай! Нағыз бақытсыз осы болды-ау!

Матан. Жоқ! Бишара емес! Әкелші бері! Төлім! Дәуір перзенті ұрпағым! Немерем! Бақыттысың сен!

Мына тау мен далаға жеткен қуаныш дүбірі бесігінде әлдилер. Жетім емес! Мен тұрғанда, Алдоңғар-ау, сен тұрғанда, анау Жаппас, Әндірейлер барда жетімдік көрер ме бұл. Кешегі Әлжандай арыстың, анау Әминадай арудың аманаты емес пе. Неге бақытсыз болсын!

Қатша. Аманат демекші, ата. Әмина атын Арман қойыңдар... Әлжан екеуіміздің Арманымыз деп еді... *(жылайды).*

Матан. Арман! Кеше мен бүгіннің арманы. Жеткен, тапқан арманы! Қимылдайды! Шіренеді азамат! Аузында уыз дәмі жоқ. Құлағында мылтық үні... Кесапат үні... Сен естіме, ұрпағым! Білмей өс. Көрмей өс сұмдық сырын. Алғашқы әнді мен айтайын саған. Қуанып айтайын! Ұғып өс шаттықты! *(Музыка).*

Бастаушы: Аңғарға жайғасқан Сырғақбай қолы. Оңаша отырған Сырғақбай мен Қилыбайға асығып Тайжан келеді.

Тайжан. Ойбай, Сырғақбай аға! Құрдық! Ершов алдымызды орап кетіпті!

Сырғақбай. Не айтып тұрсың? Қайдағы Ершов! Құс болып ұшып өтпесе, мұзды асуды адам аяғы басып көріп пе еді!

Тайжан. Өз көзіммен көрдім. Қаптап жүр!

Сырғақбай. Құдай куә! Сендерге сенем деп қапы қалдым-ау!

Тайжан. Мен айтайын ба... мынау қара халық - қалың көшті алға салсақ қайтеді? Соның тасасымен...

Сырғақбай. Сол қалың жұрт - қара бұқараң қарсы ұмтылып өзімізді тоссын деймісің! Онсыз да әрең ұстап отырғанда, өз тұзағымды өз қолыммен шығарып берем бе?

Қилыбай. Аз топты ішке қарай жіберіп, қызыләскермен қаша ұрыс салғызып, өзіміз шекарадан өтіп кетсек.

Сырғақбай. Е-е, Қилыбай, Ершовты білмейді екенсің. Ол сен ойлағаннан он есе артық ойлайды. Ешқайда да бұрылмай, қасқа маңдайдан қара сойылды сілтегелі тастүйін отыр. Және қару-жарағы қандай. Әлгі тас қопаратын, зілзала төгетін гранатаметшік дегені бар. Ал бізде не? Ағылшын карабині! Оның өзін

сол ақ төбеттерің - ағылшындарын мені мүсіркегендей мыңға балап бермеді ме?

Қилыбай. Енді не істейміз?

Сырғақбай. Бір-ақ амал қалды? Түнді тосамыз. Қараңғыны пайдаланып лап қойып әр жаққа шабуылмен өтеміз.

Тайжан. Оққа кеуде төсейміз деңіз.

Сырғақбай. Былжырама! Менде жүзден астам жігіт бар. Ершовыңыз отыздан аспайды.

Қилыбай. Сонда құрған қақпанға өзіміз барып түсеміз бе?

Сырғақбай. Әй, шатасқан сорлы! Шабуылды Ершов бастамай ма? Сол кезде жүз оқ қардай борамай ма біз жақтан.

Тайжан. Ершов жылжи қояр.

Сырғақбай. Жылжиды. Жылжымай тұра алмайды. Анау қазына малын, ел адамын қаңтарып қоя алмайды. Қоймайды. Оның үстіне, мен білсем, ол асудан жеңіл-желпі өткен. Азық-түлігі аз. Ершов бүгін түнде қайткенде шабуылға шығады. Қилыбай, жиырма жігітті алып ілгері кет! Сенің міндетің - тосқауылда отыру. Біз осы тұсқа лаулатып от жаққызып, кейін сырғимыз. Ершовты бері өткізіп жібер. Олар от жарығына жеткен кезде, біз алдынан, сендер арттарынан екі оқтың арасына аламыз. Тайжан! Анау көштен оншақты адам әкеліп тез от жаққыз.

Бастаушы: Тайжан бес-алты жігітін ертіп алып аңғардың әр жеріне Нармұрын, Есболдарға лаулатып от жаққызуда.

Есбол. Әй, Нармұрын! Осы отты неге жаққызып жүр?

Нармұрын. От емес - тор! Қақпан! Анау Әндірей, Матандарды жұтатын обыр! Қазір біздің адамдар лап қойса, осы жарықтың үстінен түседі. Сырғақбай жендеттері көрінбей отырып, қырғын салады. Өз адамдарымызға өзіміз көр қазып жатырмыз.

Есбол. Ойбай-ау, біліп тұрсаң, неге жақпа демейсің? Неге өшір демейсің мына тобырға?

Нармұрын. Ал, өшір! Қырып салсын сонсоң бізді Тайжанның жендеттері. Тағы әкелсін оншақты бейбақты. Онымен не табамыз?

Есбол. Сонысы бар екен-ау. Енді қайттік?

Тайжан*(дауыстап).*Сөйлеспеңдер!Жақындамандар бір-біріңе!

Есбол. Әй, Тайжан! Сен де адам едің ғой. Зәр қысып барады. Рұқсат ет. *(Сыбырлап).* Нармұрын, мен бөгейін. Ұмтыл!

Тайжан. Әй, сен де бір. Былай кел.

Бастаушы: Есбол қараңғылау бұрышты айнала беріп Тайжанды бас салады. Соны көрген Нармұрындар бандыларды теп-тез байлап тастайды.

Нармұрын. Тез сөндіріңдер! Мынау біздің адамдарға құрылған қақпан! Жігіттер, соңымнан еріңдер!

Бастаушы: Нармұрындар ілгері ұмтылғанда, жан-жақтан тарс-тұрс мылтық үні естіледі. Үрпиіскен Сырғақбай тобы ұйлығысып қоршауда қалады.

Сырғақбай. Ұмтыл! Жарып өтіңдер! Қалма! Қалғаның - өлгенің! Жасқанба! Шап! Таймай шап!

Дауыстар: - Қайда шап дейді?

- Мынау тозаққа өзі түсірді!
- Құтқарсын өзі!
- Бала-шағаны көрмей, темір торда шіритін болдық-ау!

-Әттең-ай! Қор қылды-ау! Алдады-ау, Сырғақбай!

Бастаушы: Жан-жақтан қызыләскерлер мен комотряд адамдары шыға-шыға келіп, қоршап алады. Ершов айқайлай сөйлейді.

Ершов. Жігіттер! Мен - Ершовпын! Сендер қоршауда қалдыңдар! Ешқайда құтыла алмайсыңдар. Қарсыласудан пайда жоқ. Босқа қырғынға ұшырамаңдар! Сырғақбай! Естіп тұрмысың! Ендігі әрекетіңнен ештеңе өнбейді, жігіттеріңді осы алдағаның да жетер!

Бастаушы: Сырғақбай тез қимылдап Ершовты атып жібереді, Матан Ершовты қалқалап алға түседі. Оқ Матанға тиеді.

Сырғақбай. Менен бұрын сен өлерсің, қызыл түлкі! Қап! Тірі қалды!

Ершов. Матан Қойбағарович! Е-ех! Есіл азамат!

Бастаушы: Сырғақбай адамдары Сырғақбайға жабылып, қолынан мылтығын тартып алады. Өздері қол көтереді.

- Жан сауға!
- Бәрін бастаған мына сұм! Осы төбет!
- Біз алданған бейбақтармыз!

Бастаушы: Ершов Матанды көтеріп алып биікке шығып барады.

Ершов. Қош бол, ардақты азамат! Дүниеге көзіңді ашып, жаңа өмірге өзгеше серпінмен құлшынып шығып едің. Мұңлы шерден айығып, жаңа бір әнді шырқап едің! Жаңа тыныс, жақсы туыс тауып едім! Әне, келді бауырларың! Өзің азат еткен жұртың жиналды! Артар әлі сенімін.Таратар сонау нұрлы күнге үлгі-өсиетіңді! Жыл құсындай көктем сайын, күз сайын қасиетіңе бас иіп, гүл қояр қабірің басына! Ескерткіш орнатар жүрегіне. Ұмытпас елің. Азаматын ұмытпас. Көтер! Көтеріңдер Қызыл Туды! Желбіретіңдер алқызыл Жалауды! Туған жердің төрінде тыныштық, еңбек, бақыт белгісіндей толқып тұрсын!

Ех, Матан Қойбағарович... Отыз жыл өтер, қырық, елу жыл өтер, жүз жыл өтер. Сен қаларсың мәңгілік. Қызыл Тудың нарттай қызыл түсінде қызулы жаныңның жалыны қалар мәңгілік! Жоқтатпас!

(Музыка)

1984 жыл.

ХАН АБЫЛАЙ

Қатынасушылар:

Абылай хан
Әбілмәмбет хан
Нұралы хан
Батыр сұлтан
Шығай сұлтан
Қазыбек би
Қанай би
Бұқар жырау
Қабанбай батыр
Баян батыр
Әділ сұлтан
Ханым
Ноян
Балорма
Айторы
Нұрбике
Колбичев
Арапов
Ораз
Халық, батырлар, сарбаздар

Оқиға XYII ғасырдың елуінші-жетпісінші жылдары өтеді.

ПРОЛОГ

(Шымылдық ашылғанда Ораз құл айдалада жерде жатыр. Мойнына оралған жыланға қарап қалған. Анандай жерде, тасада жас Абылай - Әбілмансұр тұр).

Ораз. *(айқайлап).*

Әбілжан!.. Балам! Қап, шіркін!
Тіл қатпай саған кеттім бе?!
Аһ, жалған жарық дүние-ай!
Айналып менен де өттің бе?
Балам-ай! Мансұр! Жалғызым!
Қас үлектен туған қас нарды
Жалғызым дедім, Жасаған!
Айып көрме асылыққа бұйырып.
Жан алқымда шығар-шықпас тұр міне,
Айыр тілдің улы ұшында дірілдеп!
Толарсақтан қан кешкенде,
Қос көзімнің қарасындай ұлым ед,
Кіндігімнен тумаса да,
Кірпігімнен таса қылмай,
Қу жанымды құрбан етіп шалатын
Әкесі боп бұл фәниден бір жұбаныш тауып ем.
Тіл қата алмай, бақұлдаспай кетем бе?
Жоқ! Жоқ! Құлыным, Әбілмансұр, қайдасың?

(Жылан шағып алады)

Шақты ақыры!.. Жетті тәңір бұйрығы!..
Көре алмадым... Көз жұмылып барады...
Зауалды қайран сұм дүние!
Өте шықтың зымырап міне менен де.
Саясы жоқ сазға біткен тал едім,
Бәйтерек боп көлеңкеме алып ем...
Соңғы тілек, тәтті қиял
Шынымен-ақ алдаған ба ұстатпай?
Ұлым еді. Ұрладың ба, Жасаған?
Жазығым не? Қандай күнәм бар еді?..

Абылай. *(жүгіріп жетіп барады).*

Әке! Мен - ұлыңмын! Ұлмын, әке!

(Етпеттей жығылып, жыланды суырып лақтырып тастап, жараның орнына аузын сала береді. Ораз итеріп қалады).

Ораз.

Тоқта, балам! Мен - құлыңмын!
Тұр орныңнан! Бүкпе ешқашан тізеңді!

Абылай.

Сөйлеме, әке! Уы тарап кетпесін!
Дарытпастан сорып алып тастайын.

(Еңкейе берген Абылайды Ораз жасқап, қанжарын суырып алады).

Ораз.

Ал тілімді! Әуре болма!
Бұл өмірлік емеспін мен!
Әкесіз бала - сұм жүрек.
Жаужүрек бол да, аман кет!
Құл болсам да, ұлды болдым!
Арман жоқ!
Тілеуқордың ең ақырғы ышқынған
Ақ батасын айтып көзім жұмайын,
Жай қолыңды жалғызым:
Көкіректен жан шыққанша,
Кеудеңнен мейір кетпесін!
Еміренген Елің алқалап,
Тарқатсын жұртың өкпесін!
Қайтара біл жауыңды,
Тойтара біл дауыңды!
Сабалақ едің - құл едің,
Әбілмансұр едің - ұл едің,
Халқың қалаған Абылай хан бол!
Абылай! Абылай! Абылай!

Абылай.

Не дедің?! Не дедің, әке?! Абы-ы-лай?!
Қанішер атам емес пе ол?
Қаталдығын еншім қылып кеттің бе?
Неге? Неге, әке?

Ораз.

Бақұл бол, хан Абылай!
Ә-ә!.. Әбілжан! Ұлым!.. Құлыным!..

Аманат жанын алланың
Тапсырдым міне... Ә-ә...
(Басы сылқ түседі)
Абылай. *(құшақтап отырып)*
Абылаймын!
Мен - қанішер Абылай!
Көре тұра қол созбадым.
Ұлым деді! Үңірейген кеуденің
Қуысынан күй төгілді - сезбедім!
Неге бездім? Құл болғаны жазығы ма?
Тағдырына тәңір солай жазбап пед.
Төре болсам, төрім қайда шіренген?
Төрге әлде ұмтыларда төтелеп,
Құлмен бірге қосақталған тірлікті
Талақ етіп, таптадым ба тілегін?
Сол ғой мені жыртқыш еткен!
Тақ құмартқан өлермендік
Мейірімді қуып шығып, кеудемді
Кесек-кесек суық таспен толтырған!
Тас бауырмын! Тас жүрекпін!
Тас пейілмін! Таспын мен!
Балта, шаптым бәйтерекке,
Өрт тастадым өз қолыммен панама!
Жанашырды жанталаса тәрк еттім!
Қалсын бәрі күл мен құмның астында!
Өткеніме енді оралар өткел жоқ.
Аларым алтын тақ қана!
Алаштан байтақ озбасам,
Ғазиз басты қара пұлға сатармын!
Жоғары қарап оқ аттым! -
Жебемесе, Тәңірімді жайратсын!
Кеше шөл ем - көл болам!
Кеше сай ем - бел болам!
Кеше құл ем - хан болам!
Сабалақ, Әбілмансұр ем,
Ендігі Абылай мен болам!
Мен болам!

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ұлытау. Үш жүздің жиыны. Беріректе ханның көшпелі тағы. Келе бастаған халық.

Батыр. Айторыжан, саған қатысуға болмайды. Рұқсат етілмейді.

Айторы. Көке, үндемей, тыныш қана отырам ғой.

Шығай. Қыз-қырқыннын қатысатын жері емес. Сұлтан, бәлекейіңізді желпілдете бермеңіз!

Батыр. Анау жерге барып, көппен бірге тыңдап тұр, қызым.

(Айторы қалың топқа кетеді).

Қанай. Кешікті ғой Абылай сұлтан...

Батыр.
Сұлтаның не? Арқадағы ханың сол!
Әбілмәмбет атына тек мәз ғана.
Түркістанда, Хазірет сұлтан төрінде
Тақта отырмын! Мықты отырмын
Деп әсте-өсте шіренгені болмаса,
Хан билігі Абылайдың қолында.

Қанай.
Болсын сонда!
Құрық тимей, жүген түспей,
Боз далада бос жайылып кетіп ек,
Әр үйірді бір сағалап,
Әр айғырға бір сүйкеніп,
Саяқ шығып, таяқ жеумен келеміз.
Қосып ұстар, қысып ұстар бір мықты
қол керек-ақ!

Батыр.
Ханың онда - Абылай сұлтан!
Езу тіліп, ауыздықтап алған соң,
Ерттеп мініп, қос өкпеңнен тепкілеп,
Қашан жауыр болғаныңша қиқаңдап,

Қыр арқаңнан бір түспесін сабалап.
Мықты болсаң шыдап көрші, Қанай би!

Қанай.

Шыдаймын мен! Көнем соған!
Ел болған соң жер болғымыз келмейді.
Бел қыларлық ерді аңсаймыз,
Елін белге шығарар!
Арғымақтың кер кекілді басындай -
Басшым болса жол бастайтын,
Жүк көтерер белі болар мен бармын,
Бар салмақты қыңқ деместен көтерер!

Батыр.

Жетісерсің жаман қатты-ақ!
Әр қиырға айдап қуып,
Әр қиядан шаң ұйтқытып,
Лаң ұлғайтып бастар ол!

Қанай.

Тыныштыққа мен де ынтықпын,
Татулыққа зар тілекпен іңкәрмін!
Қос өкпеден қос қанжардай қадалған
Аман өтсем аранынан жаулардың
Ардақ тұтар Абылайға жан пида!

Батыр.

Сол екен ғой ендігі бар қазақтан
Ұл тумастай ұрпағыңды жаңғыртар,
Атығай мен Қарауылдың, Арғыны,
Қыздарыңды төсеп беріп астына,
Абылай деп алақшыны әспеттеп,
Гүж-гүждеумен анталап кеп тұрғаның!

Қанай.

Шал аяқтан! Тос жолымды!
Бар білерің өсек қана, сұлтаным!
Төрдегіні көрге сүйреп,
Көктегіні жерге тартып,
Қасиеттіме қарақшы атын таңбасаң,
Ас батар ма аш кеудеңе! Уай, Батыр!

(Алдымен нөкерлер, соңынан Әбілмәмбет, Абылай, билер, батырлар кіреді).

Абылай. Алдияр!..

Әбілмәмбет. Иә, сұлтан! Құлақ сенде!
Шеңгеліңе осы бүгін

Көп тізгінді уыстап ап,
Тұқыртыпсың алдыңа әкеп,
Көп сақал мен көк сақалды қосақтап!
Көп бөгемей, кебіңді ақтар,
Уақыт тар, шарпысуға жер тығыз.

Абылай. Уай, ат сабылтып жеткен ағайын! Алдыңнан өткенде, қырдан қияға өрлеген бірлігіңді көрсем деймін. Қиыннан қияға ұмтылған ерлігіңді де көрсем деймін. Кешегі қасіретіңді ұмытпасаң, ертеңгі қасиетіңді табар кесектігің аса қажет боп тұр бүгін.

Нұралы. Әй, Абылай, малта сапсығандай бос сөзді езе бермесейші.

Абылай. Тынымы жоқ елімнің зары жанымды илесе, шер тыңдар құлақ пен мұң ұғар кеуде табылмай жүрегімді сыздатса, менің күңіренгенім сенің көкірегіңе сіңбес, Нұралы хан.

Батыр. Уай, Әбілмансұр, айнала шауып, шаң қоюлатып қайтеміз. Сен жұртты текке қаңтармай, тоқ етеріне көш. Қыр мен Сырдан жинаған жұртыңның төрт көзі түгел осында. Ханың - Әбілмәмбетің, халқың - қазағың тосып отыр, міне.

Әбілмәмбет. Иә, сұлтан... Әңгіменің беті ашылды. Түркістаннан сәлем айттық - сенбедің! Кісі салдық - көнбедің! Біз ашуды ақылға жеңгіздік. Інілігіңді ескеріп, сабыр еттік. Енді міне алдыңа да жеттік.

Лама-Доржи хонтайшының тағына таласып, таяқ жеп қазақ арасына қашып келген Дауашы мен Әмірсана тайшыларды байлап бер деген хонтайшыға сенің қайтарғың келмейді. Жоңғармен жағаласқанда, хонтайшымен додаласқанда - ұтарың бар ма? Дауашыны дос тұтам дейсің. Әмірсананы аспанға шығарам дейсің. Бұл қай қылығың? Жауды аяған жаралы, қасты қорғаған қаралы демеуші ме еді бабаларымыз!

Батыр. Ойбай-ау, ол ол ма, алдияр-ау! Әлгі екеуінің алдарына мал, қойындарына қыз салам деп қырсыққанын қайтерсіз бұл Әбілмансұрдың!

Абылай. Қазақтың азғырушысы өзінен табылған соң, жазғырушысы жақынынан шығатыны ежелден аян. Сондықтан саған сөзім шығын, Батыр сұлтан.

Уай ағайын, халқың қыл көпірдің аузында тұр. Тұс-тұстан төнген тонаушысы мен талаушысы көп. Орысы тақымдап, шүршіті алқымдап төбесінен төніп келді. Не өлім, не өмір дейтін сын кезеңнің тас таразысы құрылды. Табақтың қанды басын таңдасаң, әлеумет, бірің емес бәрің түгел өр бол да, біріңді бірің тыңдамай көрге кір де, жер бол! Ал өмірді ұзартқың келсе, маған да бір құлақ сал. Кебімді ұқ, жамағат!

Қанай. Айтсын. Айт, Абылай! Зарың жаныма жетті.

Батыр. Өзінікін өткізу үшін өзеуреуден басқа нені айтушы еді. Ақ-қараны судай сапырып, Әбілмансұр, сен бүтін елге бүлік іздеме. Бүлінген ойрат өз қотырын өзі қасысын. Дауашы мен Әмірсананы шығар да бер! Керістен келісім таппайтын. Терістен дұрыстық іздемейтін.

Шығай. Ауыздықты бұра тартпа, Әбілмансұр! Жөнге салсаң да, жүгініске салсаң да сенікі теріс!

Әбілмәмбет. Естідің ғой, сұлтан. Не жауыммен бол, не қауыммен бол. Бөл іргеңді!

Абылай. Жауым досыма айналса, қайтем? Қауымым қасыма айналса қайтем, алдияр?

Әбілмәмбет. А-а. Ежелгі дұшпан ел болмас. Соны да ескер.

Абылай. Жаттан жақын, жақыннан жау шығарар замана толқынын сіз де ескердіңіз бе, тақсыр?

Қабанбай. Төбедегінің тілегі төмендегіге жүрмейді, сұлтан. Жақыннан жат, жаттан жақын табар қашанда төре тірлігі. Қараны бекер қамама. Қалмақты қалмаққа жібер. Қазақты қазаққа қалдыр. Азабын арқалай ма, тозағында тұншыға ма - талайынан көрсін.

Абылай. Иә! Төбедемін! Төреңмін! Төбедегінің төңірегі кең, көрері мол. Маңайыңды ғана шолма, Қабанбай! Аулаққа, алысқа көз сал. Оң мен солыңды байқаста. Алды-артыңды тегіс шал! Ойрат ойранында “Ақтабан шұбырынды” боп қаусаған халқың кеудесін тіктеп, кегін жоқтап, атамекенін аңсап, елдігін тапса, артық па? Намысын қуса, кінә ма? Бір қазақты қара, төре деп бөлмей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарар бірлікке келсеңші, Қабанбай! Бөлінеміз деп бөріге жемтік боп, жіктелеміз деп жауға жем болып келгеніміз жетпеді ме?

Қанай. Рас-ау! Әркім өз алдына қос тігем деп түтінін қоспай, тектісін тоспай, таусылып, тозып бітіп еді. Содан да бір түйін түймесе, бұл қазаққа дауа болмас.

Батыр. Жә, би! Қазақ сенің айдап қайыратын үйірің емес. Бүйіріңді бүлк еткізген есепті мен сезбейді деймісің. Әбілмансұрды алқаласам, келеден ұтып, көмейлеп жұтып, шіреніп жүрем дейсің-ау. Шіренбе! Құйысқаның осал! Омақа асасың!

Сұлтан! Сен де ауыздық тістеме! Ойрат - осал жау емес. Шегірткедей шерігін қаптатқан Лама-Доржи ештеңеден тайынбайды. Бәсекелесін көрге тықпай өзіне де, өзгеге де тыным бермейді ол. Сондықтан, Абылай сұлтан, қыстырылма бекерге! Дауашыны да, Әмірсананы да ұстат та жібер!

Әбілмәмбет. Созатын не қалды енді. Даламызды шаң, баламызды қан қаппасын десек, ойрат мұрагерлері ордасына қайтарылсын! Дауашының дауы осымен бітсін!

Қазыбек. Дат, тақсыр!

Әбілмәмбет. Ә-ә, сен бе едің, Қазыбек!.. Сүйретіліп жетіп пе ең?! Қаққан қазықты, бекіткен мықты суырам деп әуреленбекпісің тағы? Саяқ-сандырақ тірліктен бір жалықпайсың, ә. Сөйле онда, би!

Қазыбек. Саяқ-сандырақ тірлік сабылтқан болса, алдияр, сол сыбағамды мол сыйлаған өзіңдей өкімшіл хандарға өкпем жоқ. Мен өкпелегенмен жеткізбес үміт, ұстатпас арман көп. Сонда да күйген жанымның күйігін ақтарумен-ақ келем.

Уай, төре тұқымы! Жүгінісің жұлынысудан жаман боп барады. Сөзге тоқтау таппай, азға даттау айтуға жеткізбейсің шетіңнен. Ел бірлігін іздеу - елге ірткі салу ма еді? Ел тыныштығын көксеу - елдіктен тану ма еді? Жоқ! Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады. Бізді де ел деп паналап келген хан тағына мұрагер Дауашы мен Әмірсананы тентек деп тізгіндеп берсек, ардан аттап, әруақтан безбейміз бе? Достан қас, серіктен шерік тапсақ, жанды жаралап, жүректі езбейміз бе?

Алдияр! Сенің мұрагерлерді ұстап берем деп хонтайшымен келіскеніңді де, араларында алыс-беріс болып, ауыс-түйісті бөліскеніңді де тергеп-тексеріп,

біліп-сезіп отырмасам, бар билігімнен баз кешпеймін бе. Ендеше, ел келесіне құлақ сал, Әбілмәмбет! Кеңесіне көңіл қой. Жұртының аузынан қақпай, ыңғайын баққын, хан тақсыр. Бұқараңның көкейіндегісін көмейіне қайта тықпай, көмбесіндегісін көңіліңмен дұрыс ұққын, хан ие! Үш жүзден түгел жеткен мына жетпіс адам жер шұқып қайту үшін келген жоқ. Ел мен жердің ауыр аманатын арқалап келіп отыр. Қиын да болса “Мен!” демей, “Ел!” деп түй түйінді. Содан кейін мен сияқты кәрілерге саяқ-сандырақ деп бере бер күлді көмеш сыйынды.

Дауыстар: - Айтты қария бабам - дария бабам!

- Қайран Қаздауыстым! Қазыбегім!
- Иә, күйігінен күй төкті-ау!
- Әу, рас! Ел ыдырамасын, ана аңырамасын, қозы-лақ мезгілсіз жамырамасын деп жұмсаған мені!

Нұралы. Иә... иә! Қайран Қазекем! Қазақ даласы - бір бүтін дене. Сиырдың сирағынан соқсаң, мүйізі сырқырайды дедіңіз. Дауашы, меніңше, дау әкелген жоқ, ол сонау қаскөй хонтайшыға өмірі бітіспес жау әперді. Жауыңды жәукемдеймін десе, қасыңды қырам десе, әу, қазақ, көктен тілегенің жерден табылғаны ғой. Несі бар, керек болса алдыңа мал сал, қойныңа қатын сал. Содан соң сұраған сарбазын соңына ерт! Ойратқа ойран сап еніп, жауыңды сол шапсын!

Шығай. Әй, Нұралы! Қандай майысқақ едің! Өреге аспайды ол құлығың. Сен кеше ғана хонтайшының қолымен Қарнақ шәрінде менің әкем - Барақ сұлтанға у беріп өлтірткенсің. Бүгін сол жауыздығың жабулы қазан күйінде қалсын деп Дауашыны жемтіктес хонтайшыңа жендет қып салмақсың. Жо-оқ! Құтылмайсың! Құтқармаймын! Ал анау Дауашы мен Әмірсанаға сенбеймін де ермеймін. Жауымды шабады деп қасына жігітімді және қосып бермеймін. Ит иттігін қылмаса, бөрі бөрілігін жасамаса - жыртқыштықтың мәні қашады.

Батыр. Кәріден есеп, жастан құлық арылмаған зымиян заман-ай! Алыстағы ханын елемей, жанындағы сұлтанының қыбымен қайран батагөй биім биедей бүлкілдесе, ұлы ханмен терезесін теңестіру үшін Нұралылар өзгеге жел беріп, желпілдемей қайтсін. Әй,

астамшылық-ай! Аспандатасың да асқақтатасың-ау! Ыңғайға бақсаң, Лама-Доржи хонтайшы мына Нұралының қуыршағы тәрізді-ау! Бұрап қап оны біреуге жұмсайды. Тағы бұрап қап, біреуді хонтайшыға жұмсамақ.

Әбілмәмбет. Жә, Батыр сұлтан! Бетінен қағып, аузын жаппайық қараның. Төреге қарсы бүгін төбе боп бой көрсетіпті. Айтсын - сендірсін. Дәлелдесін - көндірсін. Әйтпесе, Қаздауысты Қазыбектің айтуына қарағанда, мен қоралап айдап, топырлатып байлап, хонтайшымен қойындасып кетіппін-ау!

Дауыстар: - Әй, рас! Алдиярды бекер инаяттады-ау!

- Үйір де өз айғырын алда ұстайды, тістеп, теппейді.
- Тақтағы тақсыр ғой, тақымдай бергеніміз қалай, ә.
- Ханда қырық кісінің ақылы бар емес пе, бекер күдіктенеміз бе, осы...

Абылай. Жә, тоқтаңдар! Кернеген сөзден шырық бұзар іс шығады. Шуылдамайық текке.

Қастан дос таппайық деді Батыр сұлтан. Жаудан жақын іздемейік деді төрдегі Шығай. Болсын солай. Сілкілестік те салғыластық. Бірақ топ пен көпті неге шатастырамыз. Тобың - осы отырған біз болсақ, көбің - халқың ғой, қалың қазағың ғой. Бас-басымызға ұпай қумай, ел деп уайым ойлап, халқымның қамы деп биік тұрайық та, жақсы мен жайсаңдар!

Қанай. Е, бәсе! Төмендегі басымды төрге бір-ақ шығардың-ау, Абылай! Рас айтасың! Ел мұңы ер қамынан абзал. Бірді өсірем деп мыңды өшіріп алмайық. Көп жасы - көл. Бір мен онды жұтып жібереді ол. Мансап бар да парыз бар. Тек саралай біл, ағайын. Адастырмас құбылаңды анық тап, тез тап.

Абылай. Қастың бәрі дұшпан бед? Жаттың бәрі жауың бед? Күн мен түн алмаспай ма? Ақ пен қара шарпыспай ма? Ендеше достан қас табарың ақиқат болса, қастан дос іздеудің несі айып? Жаттан жақын қарастырудың несі шам?

Шығай. Қитұрқылатпа, Сабалақ! Қан қатқан жүрек жібімес. Жібімес! Қазақ пен қалмақ сиыспайды.

Абылай. Жоқ, Шығай сұлтан! Халық пен халық жауласпайды. Жөндестіретін де, жағаластыратын да

ел үстіндегілер. Әкеден артық балаға жақын бар ма? Таққа таласқан бақас бала әкесін өлтіретін. Ағадан абзал ініге туыс бола ма? Бақталас іні туған ағасын турап тастайтын. Дауашы мен Лама-Доржидікі сондай хандыққа талас. Сондай қырғын тартыс. Ғасырлар бойы қазағымның қанын судай шашып, итжығыс түсіп келген қаскөй дұшпаным аяқ астынан қақ жарылыпты бүгін. Сол қақ жарылған ата жауым өз алқымына өзі жармасса, жәрдем сұрап қол созғанға қайқы қылышты неге ұстатпаймын? Толғама найзаны неге ұсынбаймын? Шапсын ағасы інісін! Шанышсын туысы туғанын! Азайтсын жауымды! Бөлшектесін күшін! Іртсін ынтымағын! Әлсіреген кезде аңдып отырам да аламанымның аяғын аспаннан бір-ақ келтірем! Сөйтіп ойратты ақтабан шұбырындыға мен ұшыратып, кекті қайтарып туған жерге қайта оралам! Намысты қорғап, атамекенге елімді қайта қондырам!

Бұқар. Сөз-ақ қой! Өзгенің қолымен от көсеу де жақсы-ау! Сол отты ойраттың ордасына шашу да жақсы-ау! Тек өзің күймес болсаңшы. Абылай сұлтан, ойымды толқытып, жанымды тебіренттің-ау! Көкіректен қашанғы шер төгілсін, жалынды жыр да бір ақтарылар сәт жетсеші!

(Осы кезде сахнаның сыртынан шаң-шұң, айқай-озан дауыстар естіледі де, сахнаға Баян батыр кіреді).

Абылай. Не боп жатыр? Бұ не шу, Баян-ау?

Баян. Малайсары батыр Дауашыға тап беріп... Бауыздап тастамақ...

Абылай. Қысқарта...

Баян. Үстінен түскенім... Неге бауыздатайын. Жігіттер Малайсарыға жармасып жатыр. Бірақ бой беретін емес.

Қабанбай. Әй, азаматым! Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер! Басқан екен намысқа! Әттең-ай, батырдың, Малайсарының қолын бекер қақтың-ау, Баяным! Тауы шағылмаса, беті қайтпаса етті!..

Бұқар. Жә! Тасырлықты дәріптеме, Қабанбай! Қонаққа қол жұмсаған қазақты қайдан көріп ең. Ел мұраты - достық десек, өштікті ұрпақтан ұрпаққа муәсіп етпек пе едіңдер!

Уай, қайтарыңдар райдан! Тойтарыңдар тентекті!

(Жұрт сыртқы шыға бергенде Айторы әкесінің қасына жетіп келеді).

Айторы. Көке, Баян деді ме? Әйгілі Баян батыр осы ма?

Шығай. Қыз аттас еркектен батырлық шыққанын естіген емеспін. Құр дүрдите береді де, тәйірі.

Айторы. Көзі шоқтай жайнап тұр екен!

(Бұлар да кетеді. Сахнада Колбичев, Арапов екеуі қалған).

Арапов. Ох и бунтари! Ох и дикари! Игі жақсылары мұнда сол ойрат тайшылары үшін керілдесіп жатса, анда бір бүлікшісі лақ бауыздағандай сотсыз, судьясыз бауыздай салмақ.

Колбичев. Тайызсың, Арапов, тайызсың! Бетінен қалқисың.

Арапов *(тік тұра қалып).* Дәл солай, Ваше благородие! О-о!.. Сонда сіз!.. Сіз ғой Малайсарыны... Сіз жұмсадыңыз, ә... Неге?!.

Колбичев. Даваци - знатнейший ноен! Ол - жоңғар тағының бірден бір мұрагері! А еще киргиз-қайсаққа да, ойратқа да бірдей беделді.

Арапов. Білем, мәртебелім!

Колбичев. Егер ол Джунгарияның хан тағына отырса, онда киргиз-қайсақты да өз жағына оп-оңай шығарып алады. Одан соң...

Арапов. О-о! Вот где собака зарыта! Екі көшпелі ел біріксе, екі дауыл араласса, екі стихия тұтасса!.. Жо-оқ! Бұған жеткізбеу керек! Бұларды достастырмау керек! Арасына шоқ тастап, түтін салсақ...

Колбичев. Сенат сол себепті указ шығарған. Указ! Даваци мен Амурсананы до лучших времен... түсінесің ғой, Арапов, Оренбургке алдыртып, уысқа мықтап қондырып, приласкать ету керек деген. Казахия мен Джунгария біріксе, бой бермей кетеді. Ал ол бізге, ұлы Россияға мүлде тиімді емес!

Арапов. Айтпадыңыз ба? Даваци мен Амурсанаға Коллегии иностранных дел ұсынысын жеткізбедіңіз бе?

Колбичев. Көрсетті ме оларды Аблай салтан? О-о! Аблай салтан далекого полета предводитель! Алды-артыңды орап тастайды! Острейший ум, мудрейший

аналитик! Но, өте саясатшыл! Көрдің той қалай иіп әкелді әлгінде. Но, Малайсары орындай алмады. Жаль! Весьма и весьма!

Арапов. Ал сіз, Ваше благородие, господин Колбичев, ол бунтарь батырды қалай түсірдіңіз? Алтынға ма? Атаққа ма?

Колбичев. Адасып барасың, есаул. Сен киргиз-қайсақтарды әлі де зерттей алмапсың. Конечно, они и номады, но благородны. Әсіресе қарапайым халқы. В первую очередь батырлары! Малайсары - истинный сын своего народа. И нағыз қамқоршысы! Ал мен, видимо, оған Давациды ең жексұрын, ең жауыз жауы етіп көрсете алмағам... и потом Баян батыр қайдан кездесе қалған? Жоқ еді ғой ол ауылда? Вот невезение кругом! Ах, момента жіберіп алдық! Енді Аблай салтан тізгінді қысып ұстайды! Абульмамбет - только видимость. Нағыз билік Аблай салтанда! Өзінікін өткізеді енді. Ал біз... біз, Арапов, бізге тапсырылған высошайшая миссияны орындай алмадық!

Арапов. Ваше благородие, орындаймыз! Непременно! Қазаққа жау - қазақ қана. Вот чего я досконально изучал.

Колбичев. Ну, с богом! Но, сақ бол! Зри в корень, есаул!*(Екеуі кетеді.Абылай мен Баян,Балорма шығады).*

Абылай. Малайсараны арандатқан кім? Білмейсің ә, Баяным? Әй! Мөңкуі тегін емес. Замана райы әлде солай өзгерді ме? *(пауза)* Тағы түн қатқансың, ә? *(Балормаға қарап тұр)* Құптамаймын, кейимін, батыр. Екі елдің арасын мен сәл бітемек болсам, сендер өрісті тарылтасыңдар... Өксік көбейсе, өкінішке ұрындырады. Олжалы екенсің... еліктің лағындай!.. *(Әбілмәмбет екпіндеп келіп, Балорманы көріп, кілт тоқтайды. Көз алмай қарап қалған)* Баян, сен бара бер. *(Баян мен Балорма кетеді).*

Әбілмәмбет. Әлгің кім?

Абылай. Батыр Баян ғой.

Әбілмәмбет. Оны білем. Қыз ше, қыз? Еліктің лағы!

Абылай. Ә-ә... Еліктің лағы ма? Тұтқын сорлы да. Көркіне дуаланған жас батыр қуалап ұстаған тәрізді-ау. Отырыңыз, аға!

Әбілмәмбет. Көз көргеніне кінәлі емес. Солай, ә,

сұлтан! Көркіне еүйсінгеніне көңіл ғана айыпты. Ұнатқан нәрсесіне нәпсінің қомағайлығы керім. *(күрсінеді).* Сен мені шынымен аға десең, інім деп қолқа салам. Әлгі елікті маған жетектет! *(Ұзақ пауза).* Оу, үндемей қалдың ғой, қиялап шығар жол іздеймісің?

Абылай. Жалтарып қайтейін, аға. Бұйымтайыңыз сол ғана болса, жетектеңіз де, әкете беріңіз.

Әбілмәмбет. Әб-бәрекелде інім! Кеңіттің тынысымды! Ал онда бүгінгі диуанды тез бітірейік. Өзің еркіңше айналдыра бер, сұлтан!

(Жұрт жиналып, мәжіліс сабақталады).

Абылай. Ағайын, біз мұнда керісіп жатқанда, терісің анда содырлыққа басты. Ол - ынтымақ қашқандықтың анық белгісі. Үйтқыңды іздейсің бе, айла көздейсің бе, бүгін түгел түбіңді көрсет. Ертең кеш қаламыз. Хонтайшы не қашқындарымды қайтарып алам, не аулыңды шабам деп дікілдеп іргеңде тұр. Жеке-жеке шабыласың ба, иық қосып қасымнан табыласың ба, осы қазір айт. Күлтілдетпей анығын айт! Солай ғой, алдияр?

Әбілмәмбет.

Бастай берсей сен өзің,
Тапсырмап пем мен саған,
Хан әмірі сен арқылы жетсін деп!
Жүрек шіркін май ішкендей кілкиді
Жас иіске әлгіндегі... Ә-ә...
Жылдам айт та тез бітір
Мазам болмай тұрғаны...

Батыр. Әу, алдияр! Әбілмансұрың әр шөміштен бір қағып, қашанғы алдыма шыға береді. Жоқ! Тақсыр, тізгінді оған емес, басқаға ұстат! Басқаға! Нардың жүгін ботаға артпайды. Тайраңдата берме сұлтанды!

Шығай. Дұрыс айтасың, Бәке!

Уай, Абылай! “Ұтамын, асамын, тасамын!” деп төс қақпа! Сен сұлтан болсаң, мен де сұлтан! Шығайдың Сабалақтан несі кем? Менің құл болып түйе бақпаған несібем артық, несібем! Шаңға аунатып кетем! Шаңға ғана!

Қазыбек. “Е-е, қасіретті күнде қасиеттің ұйымайтыны неде екен? Қайғылы халде ынтымақтың

ыдырайтыны неден екен?”,-деуші едім. Бар екен ғой дәл мына екеуіндей бәле басы. Тыным мен тыйым іздеген елге дауыл мен құйын үйіре берер сұлтандарды кім ауыздықтар? Шын мен сынға төтеп берер күдері бел күштімді қайдан табам?

Бұқар. Қайран Қаздауысты Қазыбегім! Сенің күңіренгенің басқаның қайрағанынан да артық-ау! “Тату едің, тәтті едің, ірілігіңді тап, ірткуіңді теже!”,-дегеніңді түсінер игі жақсы болсашы!

Уай, Батыр сұлтан, іркіл! Аспандағы айға ұмтылар арыстан сен емессің. Жә, Шығай шырақ! Аңырaған жұртыңның солығын басар да сен емессің!

Қазыбек. Шерменде еліңнің туар таң, атар күні үшін береке ойлар азаматым бар ма, Бұқар жырау? Кер кезеңде осылай керісе бере ме, тістесіп тебісе берер ме? Бар ма сондай анық бірім?

Бұқар. Бар, батагөй бабам! Қар үстіне от жағар жалындаған жігерінен танығам. Қалың елдің дәме қылған азаматы - Абылай сұлтан ол!

Шығай. Не дейді?! Аласаны өсірмек пе? Атақсызды асырмақ па?

Батыр. Шашпау көтеріп шапан жамылған соң тексізді дүрдитпесе Бұқар болар ма!

Алдияр! Көзіңді етектен, көңліңді төсектен бері бұрсаңшы! Тентекті тыймасаң, содырды соймасаң, қайрасатын кек, байласатын серт менде қалар. Менде!

Әбілмәмбет. Бүгінгі билікті Абылайға бергем. Сабақты ине сәтімен. Асықпа. Өзім түйіндеймін бәрін.

Абылай. Уай Батыр! Уай, Шығай! Әділет таппай, әрекет бағып, ұлғайтпа жарықшақты! Қақпа сынаны бірлікке! Тырнадай мойын теңестіріп, есеп таластырғандарыңмен, халқымды майшелпек еткізбеймін!

Ағайын! Қазақты ақтабан шұбырындыға ұшыратқан жоңғар Алтай, Арқаң, Жетісуыңды әлі жамбастап жатыр. Ұлыңды құл, қызыңды күң еткен Қалдан-Серен мұрдем кетті. Арты бүлінді. Хан тағына таласқан мұрагерлер бірін бірі іреп, бірін бірі қансыратса, қазақтың асығы алшысынан түспей ме? Әлсіреген жоңғарды жәукемдеп, жерімізді қайтармас па едік! Дауашы мен Әмірсанаға көмек беріп, Лама-Доржидің қауқарын тойтармас па едік!

Батыр. Айдан ұл, Күннен қыз туғызғандай елірме, Әбілмансұр! Мен - Қайып ханның ұлымын! Ал сенің... Етегің қысқа, еркің шолақ!

Екі қашқынды хонтайшыға қайтар да, тасқынды тоқтат!

Шығай. Құдайдың құлағынан ұстағандай құтырынба, Сабалақ! Сен балдыздарыңды қорғап, арандатқалы отырсың. Жаман күйеу - қайынсақ. Сен тұрмақ хан Әбілқайырды да тұқыртқан мына мен - Ер Барақтың оғланымын! Азуыңды егермін! Шендеспе босқа, шендеспе!

Нұралы. Уай, Батыр мен Шығай! Даланың қара дауылындай құтырына бергендерің не? Атамекен Арқа, Алтайына қашан жетем деумен батырлардың заманы өтіп барады. Сол азат күнді жабыла іздейік, туған жерді жаудан қайтарайық деп Абылай сұлтан ақыл қосса, тыпырлап аттанға басатындарың қалай?

Батыр. Оу, Нұралы-ау, кімнің жыртысын жыртып тұрсың? Есін енді жия бастаған халқыңа тағы да соғыс өртін салмақпысың? Ол ол ма, анау батыста отырған сенің түстік пен шығыстағы жоңғарға қарсы бір сарбаз да шығармайтыныңды білем мен!

Нұралы. Ойпырай, сұлтан! Сен бөлектеуден тан-бадың-ау бүгін. Ел қырғыннан тыйылсын десем, кегіне сарбаз боп неге құйылмайын. Құйылам да қуам кекті!

Батыр. Қу, қу онда, Нұралы! От көсе өзгенің қолымен! Бірақ мен елімді еңіретпеймін, ұлымды өлтіртпеймін! Міне, менің кесімім!

Баян. Әу, төрелер! Қазақтың қамын сендер қашан жеп едіңдер! Уай, Батыр сұлтан! Тепкің қолқасын үзген соң қарамағыңдағы қарашың сенен безе қашқанда, қуып барып, ноқтаға басын кергенің қайда! Өз еліңнің өзегін суырып отырған сенің ежелгі жау - жоңғарға бүгін бүйрегің бұра қалғаны қалай?

Батыр. Әй, Баян! Жас басыңмен құба жондатуға шеберсің-ау! Апырау, аулыма шаң, қауымыма лаң шақырма дегеніме де айыптымын ба?

Қазыбек. Уай, игі жақсыларым! Өздеріңе телмірген сайын түңілуім көбейді-ау!..

Қазақтың қамын жер кімің бар? Талайың өссін, тәңір боп төбемізде шіреніп отыр деп батамызды беріп

алтын таққа қондыра салатын қадірлің мен қасиеттің қанеки? Солар хан-сұлтан ба? Құр сұлтан ба? Өз төңірегін ғана өсіріп, өз ағайынын ғана танығаң, бір алашты үшке бөлген пысықтығыңды алқалап, елімнің тізгінін берсем, жұртымның бұйдасын ұстатсам - халқым қатемді кешірер ме, қазағым кінәмді түсінер ме?

Дауыстар: - Өзің ата! Өзің лайықта Қаздауысты қасиеттім!

- Адаса бермейік! Жалынан басып, сауырынан сипап дәл таны! Анық таны! Ұлыс бегі!

- Қателессең кешірмейді баба! Кешпейді!

Бұқар. Әділет қарызын арқалаған Бабамызсың, Қазеке! Қайнассақ та бір-бірімізбен шайнаспас қара қазақпыз. Тасқынды басып, телегейді сабасына түсіретін де өзіңсің! Барар бетімізді көрсетер, шығар биігімізді нұсқар адал ұлыңды өзің ата! Өзің таңда, Қазекем!

Қазыбек. Бейқам көш, бейбіт тірлігін жоғалтқан ел таппағанды мен қайдан табайын Бұқарым. Тас шайнаған азулылар алдымнан кес-кестесе, тіпті адастырмас па?

Жә, ағайын! Мен діттегенді Төле би де көрсетіпті. Көріп қана қоймапты, хат жазып, кеңесін де беріпті.

Қабанбай. Иә-иә! Төкең осы жаз хонтайшыда болған. Шақыруымен барған. Барлаған ғой жүйрік зерде, аңлаған-ау кәрі көңіл!

Қазыбек. Сөзімді бөле бердіңдер-ау... Жоңғарды жұт жайлапты дейді Төле. Еліне бүлік кіріпті дейді Төле. Жұртының ыңғайы Дауашыға ауа бастаса керек. Байлап бермеңдер, қайта Дауашыға қайрат беріңдер деп сәлем айтады Төкем. Дәл осыны Бөгенбай батыр мен Дәуіт датқа қолдап, ой мен Сырдан қосынын жібергелі отыр.

Өткеннің түнегіне үңілмей, келешектің жарығын тапсақшы! Таба алсақ сол сәулені ұстар бағыт қып жақсақшы! Әлім жетсе, мен де шырақшы болуға тырысармын. Бір аңғарғаным: ел іздегенді Абылай сұлтан тапқандай-ау. Ұстасаңдар, Абылайды ұстаңдар! Сенсеңдер Абылайға еріңдер!

Абылай *(жалындап).* Жан ыңқылыңызды сездім, Қазеке! Мені елесеңіздер... Мен халқыма төре емес,

ұлы болармын! Ханы емес, құлы болармын! Қазақтың ғасырлар бойғы ежелгі дұспан, ескі жауы - жоңғарды жоймай тынбаспын! Қалдан-Сереннің бөлтіріктерін біріне бірін айдап сап, бөлшектеп құртпай тоқтамаспын! Осы менің байлауым!

Қазыбек.

Елің дертін көре білсең,
Тәңір тұтып өтермін, балам!
Ел тілегін тірек қылып ұстасаң,
Ұлым да сен, құлым да сен, Абылай!
Төбемде ұстар төрем де сен, Абылай!
Қазағыңды қадір тұтсаң, алдамай
Қазық етіп сені ғана айналар!
Азаттығын өзің әкеп ұстатып,
Алғысын ал жүрегінен халқыңның!
Егер де сен теріскейден түксиіп,
Қыбыңды аңдып, байлығыңа қызығып,
Әлсіреген шағың күткен алпауыт ақ патшаға,
Шығысыңнан шегірткедей қаптап кеп,
Кең далаңа көзін сатар шүршітке
Күлдібадам кірмедей боп күмілжіп,
Айтар жерде өз сөзіңді айтпасаң,
Ел мен жерден садаға кет!
Кіндік жұрттың киесі атсын сені онда!
Шын ниетпен серік қылсаң еңіреген ел кегін,
Сертіңе жет, серпіп тастап түнекті!
Жортуылда жүргеніңде тірлігіңді тілеумен
Жолың тосып қалар мұнда қалың елің - қазағың!

Абылай. Сездім мынау сын сағаттың салмағын, Қазыбек баба! Сездім де жолыңа жанымды тіктім, халқым, қазағым! Өз жерімде кірме де болмаспын! Өз жерімде шоқтанып отырсам, келімсектерге де басындырмаспын!

Уай, жағалай жайсаңым! Бірлігімізді тағы бір тиянақтау үшін қазақтың дербес тауы - Ұлытауға үш жүздің осы араға құйылып келген бүгінгі бар руының өз таңбалары қашалып, тұтастығымыз заманнан заманға озып, ұрпақтан ұрпаққа жетсін! Алғашқы таңбаны өзім қашаймын!

Әбілмәмбет. Ендеше, осыған бет сипайық!

(Сахна қаракөлеңкеленеді. Ұлытаудың бір тік жартасына жарық түседі. Қашау даусы естіліп тұрады. Сырттан "Жаса, Абылай!" "Хан Абылай жасасын!" деген халық үні үш рет жетеді. Сахнаға бір шеттен Батыр, екінші жақтан Шығай шығады).

Батыр. Асқан екен Абылай! Хан дейді тексізді! Әбілмәмбетті көзге де ілмейді.

Шығай. Шуылдауларын! Хан деген сөз құлағыма у боп тамды-ау!

Батыр. Ендеше, келді кезі! Шоқ тастап, көсеп жіберу керек.

Шығай. Қалай?

Батыр *(сыртқа қарап).* Тоқта! Әне, алтын иық, жез түймелі Орынбордың әпесері! Көз боп тіміскілеп, құлақ боп тыңдап, даламызға бірінен соң бірі шұбыруда бұл қарашекпен. Күні бойы бар пәлені ішіне түйіп, аңдып отырды. Ойбай-ау, тоқта! Осыны мен кеше ғана Малайсарының қасынан көргем!

Шығай. Солай деңіз! Ал Абылай бұларға төрін де, төсегін де беріп қойыпты. Онда досын қасына айналдырайық. "Түрт шайтанды!" екеулеп жаниық! Дүниені төңкеріп, астын үстіне шығарайық!

Батыр. Шығайжан, осың нағыз ақыл! *(дауыстап).* Әй, Мекелай! Бері кел! Мұнда кел! Бас деймін аяғыңды!

Колбичев. Ну и киргиз-кайсак, приказывает еще!

Батыр. Шүлдірлеуін кәпірдің! Өңешіңнен ат пен түйе кідірмей өткенде қазақ жақсы, ә! Сұғыңды өңменіңнен өткізбей, көзіңді ашып қара! Мен атымды аспанға, тілегімді Тәңірге жеткізем деп жүрген Батыр сұлтанмын!

Шығай. Сабаңа түс, Бәке. Кәпір деме майырды. Мекелай саған да керек, маған да керек. Тамыр, жүрші бері! Былай оңаша шығып сөйлесейікші! *(Екеуі бөлініп кетеді).*

Батыр. Әй, анау неге бөлектеп әкетті? Құпиялап қандай сыр ашпақ? Әбілмансұрды жамандар ма? Батырды балағаттар ма? Әттең қылышпен шауып, семсермен шешер түйінді күбір-сыбырға қор қылып қойған заман-ай! *(Жан-жағына қаранады)* Әбілмәмбет келе жатыр. Ұрғашы көрсе, әукесі салбырай қалады-

ау. Өй, лағнет атқыр! Жұмсақ бөксеге тұмсығын тағы да тығып алыпты!

(Сахнаға Балорма мен Әбілмәмбет шығады).

Әбілмәмбет *(қыздың қолынан ұстай алып).* Өле-әй! Таптым-ау ақыры... Ой, үлбіреген ақтамақ! Мөлдіреген қаракөз! Үйып қатқан сары уыз! Бірдеме десеңші өлтірмесең!.. Әй, мынау неге үндемейді, ей? Әлде мені менсінгісі келмей ме? *(Төсін қағады)* Әу, жүрек-қолқам-ау! Мен, мына мен исі қазақтың ұлы ханымын! Хан! Әбілмәмбетпін! Әбіл-мәм-бет! Алтын ордам Түркістанда! Бар қазақты шұбыртып айдап, қойдай қайырам. Петрамбордың бүткіл кінәздері мен сыландаған тотайлары қолымды сүюге таласады. Түу-түу Бежіннің тұлымды қатындары мен айдарлы әкімдері қонышымды жалау үшін жағаласады. Ой, балтәттім! Тіліңді көмейіңмен қоса суырып алып сорса бір, сорса бір! Сорам! Сені маған Абылай сұлтан сыйлаған! *(Қыз үнсіз)* Әй, бұл түсінбей қор қылып тұр-ау! Қайран ғана ойрат қызы! Түсің суық болғанмен төсекте ыстықсың-ау! Ой, мен білем ғой! Талай асауды тулатып, талай тақымды тызылдатқам! Сен менің әжімді түсіме, кетік тісіме қарама. Мәселе дағдыда! Құшағым - қысқаш, лебім - өрт!

Қап, мына шіркін үн қатпай діңкемді құртты-ау! Хан екенімді білмей, әлдебір көксау шал деп тұр-ау. Мен онда... мен осындағы ойрат елшіні ертіп әкелейін. *(кетеді).*

Батыр *(өзіне).* Бәсе, хан диуанда неғып есіріктеніп отырды деп ем... Әй, Әбілмансұр! Ой, Сабалақ күшік! Құм санаған қусың-ау! Қыз құшақтатып мына ағаңның аузын алып қойған екенсің ғой. Онда мен саған киғаш келер іс жасайын. *(Алақтап).* Ой, мына біреусі кім еді тағы!? *(Ноян шығып, қызға жақындайды).*

Ноян. Тоқташы! Сәл кідірші, ақсылаң!

Балорма. Ал, тоқтадық...

Ноян. Айттым ғой, нағыз сылаңдаған Ақсылаң!

Балорма. Мен Ақсылаң емес, Балормамын. Сен Ноянсың ғой?

Ноян. Иә! Оны сен қайдан білдің?

Балорма. Ол оңай. Түрің айтып тұр.

Ноян. Түрім... Қалай?

Балорма. Батыр Баянның Ноян атты ұрыншақ, көрсеқызар інісі бар деп естіп ем *(күледі).*

Ноян. Көрсеқызар... Кімнен естідің?

Балорма. Өсек сауған ел айтпай, ел айтпаса сумаңдаған жел айтпай, кім айтушы еді.

Ноян. Ә, ел мен жел айта береді. Сонда да сен қалай таныдың?

Балорма. Танауың түндіктей желпілдеп кетіпті. Көздерің шаңырақтай! Қарашығында шайтан оты бір жанып, бір сөнеді! Бір жанып, бір сөнеді!

Ноян. Асықтық жалыны ғой ол!

Балорма. Оттың аты от, күйдіріп жүрер. Аман-сауымда кетейін.

Ноян. Тұра тұршы! Мен сені алғаш көргенде-ақ... Батыр ағатайым сені алып келгенде-ақ құмартқам...

Балорма. Мені аулыңда ағаң аттан да түсірмей Ұлытауға ала жөнелген. Қай жерде көріп жүрсің?

Ноян. Көргем, Ақсылаң! Сыртыңнан көріп-ақ асыққам өзіңе. Ұзай беріп, артыңа жалт қарағансың. Күн нұры жүзіңді шарпыған! Ақша маңдайың сонда айым боп шағылған! Аспаннан сонда сен боп періште түскен! Ақсылаңым дегем... Сондағы жүрек дүрсілі - әлі дүрсіл! Басылар емес.

Батыр *(өзіне).* Ә-әй, асықтық дейтін құрғыры шынымен-ақ осы мед?!. Қыздан басқа дүниені мүлде көрер емес. Бұрымына оралып өлгелі тұр.

Балорма. Сонда... Сондағы жүгіре шығып, қол бұлғаған сен бе?

Ноян. Мен! Сол мен, Балтәттім! “Тоқташы” Кетпеші!” деп жүрегім бұлқынған.

Балорма. Мен де сезгем... Суық кеудеме жылу енген!.. Әттең!..

Ноян. Неменеге “Әттең!” дедің? Неге күрсіндің?

Балорма. Неменеге жетісем... Еңіретіп еріксіз әкелді ғой. Жер түбінде елім қалды... Анам қалды. Көкірегі қарс айрылып жылап қалды. Мұнда маған аш бөрідей анталап таласып жатыр...

Ноян. Батыр ағатайым ба?

Балорма. Ол да... сұлтан да... хан да!

Ноян. Хан да деймісің?

Балорма. Иә! Әбіл-мәм-бет! Әлінде ғана мені сауғалап, қанжығасына байлап та алды.

Ноян. Батыр көкемнің өзі беріп пе?

Балорма. Абылай сұлтан сыйлады деді.

Ноян *(кілт сынып).* Абылай ма?.. онда... онда бәрі бітті!..

Балорма. Неге түңілдің, Ноян?

Ноян. Сен! Сен тағы бір Ноян деші, Балым! Сен маған тағы да Ноян деп тіл қатшы, Ақсылаңым!

Балорма. Онда не болады, Ноянжан?

Ноян. Бәрі, бәрі болады! Ханы да, қарасы да, бегі мен шорасы да Ноянның жұлығынан да келмейді онда!

Тілекті талапқа мықтап жегіп,
Түнектен жарыққа шығарам!
Өзіңе ғана ұмтылып, дір еткен
Жүректің дүрсілін әлем тыңдасын!
Кеудемнен жалын емес, жасын атылар,
Дүниенің опасыздығын ойрандап!
Ақсылаңым!
Көзіңнен жас ақса, жүрегімнен қан тамар,
Тамғызбаспын жалғыз тамшы жасыңды!
Бойыңды ызғарлы суық шалмасын!
Ойыңды өкініш сызы алмасын!
Мен бармын! Тонды жібітіп,
Түнерген өңді жұмсартар.
Түнегіңді түріп тастап тұңғиыққа,
Желегіңді жұлып тастап бетіңнен,
Тілегімді тілегіңе қосайын.
Бер қолыңды! Ұстат білегіңнен!

(Осы кезде сахна сыртынан: “Балорма! Тез кел!”деген дауыс)

Балорма *(үрейлі).* Ноян! Шақырып жатыр!.. Әлде... әлде ханға өңгертіп жібере ме?!.

Ноян. Ақсылаңым! Қобалжыма, Ақбалым! Батыр ағатайыма айтам... *(“Балорма! Қайдасың?” Екі төлеңгіт көрінеді. “Әне, анау тұр!”).*

Балорма. Барайын, Ноянжан.-.Мыналар ешкімді аямайды. *(Кетеді).*

Ноян.

Түс көрдім бе? Жарқ етіп ед бір сәуле,
Жоғалды ма ә дегенше жалт беріп?
Ақсылаң!.. Тұлабойды өрт жайлап ед,
Дерт басты. Енді қайтем? Енді қайтем?

Батыр *(өзіне).*

Жалындаған жастық-ай!
Лебінен - өрт, лебізінен - серт,
Жүрегінен - дерт атылды-ау!
Көрді де өліп түсті,
Жанды да талып түсті!
Енді қайтсін. Қызулы жастық не орға,
Не терең жарға жығар-ау.
Ә-ә... Ор... Ор! Бәсе, Батыр! Айда орға!
Бас қамшыңды! Аш һайлаңды!
Тап пайдаңды! Соқ біреуін біріне!
Өзге қолмен от көсе! От! От!

Ноян. Неге көрдім? Жалғыз қалып не табам?
Жарық күн мен айлы түннің қадірі қанша мен үшін?

Ән мен күйден баз кешкендей
Азалы зар аңырайды кеудемде.
Ақсылаңым! Жүрегімді табыт қып
Құр сүлдеңді мәңгілікке көмермін!
Көмермін де өкінбестен өлермін.
Талақ етіп сенсіз мынау тірлікті!

(Кенет дүр сілкініп).

Өлтірем! Ханды да, сұлтанды да
Қан қаптырам қайыспай!

Батыр *(жақындап келіп).* Жоқ! Арандама, балам! Хан - қоңыз, сұлтан шыбын емес. Күзеті күшті. Қайт райыңнан! Атама, балам, өлімді! Өмірге ұмтыл! Тіршілікті мадақта! Сүйіспеншілікті ардақта!

Ноян. Сіз... сіз, аға! Ниетіңіз сондай жақсы! Естідіңіз бе? Көрдіңіз бе?

Батыр. Көрдім! Естідім! Алып кет Ақсылаңыңды. Көзден таса болсаң, хан мен сұлтан құм қауып қалады.

Ноян. Қайда әкетем?

Батыр. Қыздың елі бар емес пе. Анасына апарып, қуантпаймысың! Бұ жақтағы шу басылғанша қыз төркінінде бой таса етіп, бақытыңды тап, балам! Көр қызығыңды, Ноян! Жет мақсатыңа, Ноянжан!

Ноян. Сіз мені танимысыз?..

Батыр. Танимын, Ноян! Жарыңды тап қазір алып кетсең, ол мәңгілік - сенікі болады. Қапы қалсаң, ғұмыр бойы өксіп өтесің.

Ноян. Алғыстан басқа берерім жоқ, аға... кеттім, міне! Әкеттім Ақсылаңымды! *(кетеді).*

Батыр. Қапты қақпаным! Саспа, Әбілмансұр! Алдымды орап, белімді басып ең, хан ағаңды соңына құс қып салайын қазір барып! Біріңді-бірің іреп, біріңді-бірің бүріп жатқанда, тақ пен тәжді іліп алып, самғай жөнелейін ғарсыға! Бақырауық Баян! Жаныңа балаған сұлуыңды бауырыңның бауырына басып бердім. Мықты болсаң, осы түйінді шешіп көрші! Қыл майқаннан оқ тимей, сауылдап шешілер ме екен!

Уай, Жәдік! Әруағыңа бас ұрдым!
Басындырмай басырларға басым ет!
Асып өтіп, тасып өтіп кетейін,
Қу тірліктің құрығында бұлқынбай!
Тақ жамбастап, тәжді кисем талассыз,
Табынатын Тәңірімді де табаныма басармын!

(Тыстан "Жаса, Абылай!", "Жаса, халық қамқоры!" деген үн естіледі).

Жасай алмас енді Абылай?!
Тақты емес, табыт құшар кешікпей.
Жалғыз таққа таластырмай жоярмын!
Ел қамқоры Абылай болса,
Сол еліңді тақ жолында
Тамызық қып талай ошаққа тығармын!
Орыс алсын өрісімді,
Шұршіт алсын қонысымды!
Жер жетеді. Жеткізбейтін далам кең.
Тек тақ берсін тақымыма басатын!
Мен саудамда сыбағамды мол алам!

ЕКІНШІ СУРЕТ

Ұлытау бөктері. Тас қашап жатқан Абылайға Әбілмәмбет бастаған топ келеді.

Әбілмәмбет. Сұлтан!
Абылай. Не айтасыз, алдияр?
Әбілмәмбет.
Өзегіме от көсепсің қолыңмен,
Шоқ тастапсың ордама!
Абылай. Не дедіңіз? Шоқ тастаған мен бе екем?
Әбілмәмбет.
Төсегімде дөңбекшітіп үреймен,
Қос тайшыны қосып алып қасыңа,
Дәл іргемнен ырылдатып жауымды,
Айтақтаумен із өкшеме сап қойдың!
Сарыарқада, салқын самал жайлауда,
Жау өтінен тым алыста жатып сен,
Ши жүгіртіп іргесінен қасымның,
Төндіріп әкеп төге салмақсың үстіме,
Ойранымды шығарсын деп ойратты!
Абылай.
Не дедіңіз? Арам ойлар мен бе едім?
Ант пен серттен тез таярдай
Алдауы көп аяр ма еді Абылай?
Әбілмәмбет.
Алдамасаң, арандаттың сен неге?
Азғырмасаң, неге алмадың тілімді?
Қарсы алдымнан қарт бурадай шабынтып,
Қара бұлттай қарыстыра қаптатып,
Жосылттың неге жоңғарды?
Жолбарысты шаптан түртіп,
Жаншып, езіп жатқан жылан құйрығын
Улы тіл мен азу тісті
Маған қарсы көзегенің неткенің?

Абылай.
Жоқ, алдияр! Әзәзілдей азғырушы
Арамызға от тастапты кең көсеп,
Ынтымақты ыдыратпақ ниетпен!
Батыр.
Аярлық-ай! Мүләйімсіп, мүлгіп-шұлғып,
Мысықтабан сақ жүріспен
Мысым басып отырарсың қашанғы?
Бауырым деп ағаң билік бергенде,
Өз қойныңнан жаналғышты тірілтіп,
Болғаның ба хонтайшыға шапқызбақ!
Абылай.
Не деп кеттің, Батыр сұлтан,
Әзәзілдің аяр тілі сен бе едің?!
Батыр.
Бұлтарма олай құтылам деп,
Жалтаратын жол таппассың қиялап.
Сен пендені алдағанмен
Жасағанға жалғандығың өтпейді!
Бәрі сенен, Абылай сұлтан!
Тәж бен таққа жету үшін
От пен оқты шашып тұрсың ортама!
Абылай.
Тағы айтып қал, Батыр сұлтан!
Бастан жақты мықтап айыр!

Батыр. Ә-ә, шымбайыңа бата ма Абылай! Тақ аңсаған көңлің өліктен өткел, кісіден көпір жасайды. Сен сол өткелдің алғашқы сатысын Әбілмәмбет ағаңның басынан бастамақсың. Ә-ә... хан нем, ағат кетсем, айыпқа бұйырма! Жоңғар хонтайшысына ақ үйлі аманат беріп, қашқындарын қайтарып тыныш отырудың орнына, шабынан түртіп, “қырамын жоямын!”,-дейсің.

Жо-жоқ! Мен сенің ішінде бықсыған түтінді білем. Тәшкенде тұрған жоңғар қолы Көкшетаудағы сені шаппайды. Іргесінде, Түркістанда отырған Әбілмәмбетті таптайды. Қала берді Сырдағы бізге қаптайды.

Абылай.
Сездім бәрін! Сен түземе дәл мені.
Басқадан емес, бақталайдан тілермін!

Қара тасты тіліп түсер қылышты
Ақыра құлаш сермерде,
Сұрамаспын сенен жөн мен жосықты!
Аш бүйірден үш жүз жылдай қадалған
Көк семсерді мен суырып тастармын!
Қас дұшпанды қансыратып күйретіп,
Қазағыма әперермін азаттық!
Жанкүйердің сөзін айтпай,
Жандайшаптың жаласымен күйдірсең,
Қастығыңа қастық қылам,
Арамыңның аранына тоғытып!
Тай жолымнан! Етегіме жармаспа!
Қағып, сілкіп, шаңға аунатып кетермін!

Шығай. Ә, солай де! Асқан екенсің, Әбілмансұр! Астыңа тақ мінбей жатып, тақымыңа бәрімізді бүктеп қыспақсың! Он бармағы қыналы, омырауы жұпарлы, назыменен күйдірген, қылығымен сүйдірген аруды алдымен ханға сыйлап, артынша-ақ баланың қанжығасына бөктертіп жібергенің содан шығар әлде?

Әбілмәмбет. Кім ол? Баласы кім?

Абылай *(қосарлана).* Балаң кім айтып тұрған?

Батыр. Батыр Баянның інісі - Ноян! Алды да кетті! Елге де емес, ел-жұртты жерге қаратып жауға кетті! Жауға!

Әбілмәмбет.

Сүйекке таңба басылды!
Өзектен теуіп шұнақ күң,
Қолқамды қолы суырды!
Жатымнан бетер жат болып,
Қорлаған мені өз інім!
Қайнаған намыс тасымай,
Басылман әсте, басылман!

Абылай.

Сабыр, алдияр! Сабыр етіңіз...
Ноян болса - бала әлі
Етегінің түйілгені түспеген.

Батыр.

Бала дейсің бақылдаған текеңді!
Арбауың ба, қорлауың ма аямай
Сұмдығыңды сыпайылап тосқаның?

Мекиен көріп мекіренген
Қоразыңды қорғаштаған түрің бе?
Ауыздықты шайнап тістеп,
Хан мен бізге көрнеу қылған қырың ба?

Әбілмәмбет.

Аштым кектің қақпасын,
Бастым бітпес намысқа:
Әпкел сүйреп текесінген немені!
Ақ тушаны жеткіз мұнда желкелеп!
Ақ тамақтан қанжар сұғып,
Қызыл қанға батырайын қолымды!
Намыс өртін сөндірейін себелеп,
Екеуінің, екі арамның қанымен!
Уай, Абылай! Сен осыны жасайсың!
Сонда ғана құтыласың күдіктен!

Бұқар.

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірер.
Ағайынның аразы,
Елдің сәнін кетірер.
Су тарылса, көл оңбас,
Көл тарылса жер оңбас.
Құлқы бұзық қыз үшін,
Хан тарылса ел оңбас!
Буыршындай тіздеспе,
Жамандықты іздеспе, алдияр!

Әбілмәмбет. Уай, Бұқар жырау! Іштегі сыр Аллаға аян, сыртыңдағы қулығың - амалың ғана. ‘‘Арқар’’ ұранды айғайлатып араға тастатқызба! Хан үлесін қараға өңгертпейтін. Абылай жолынан жаңылды. Айыбын не жанымен жуады, не қанымен жуады. Осы менің үкімім, Абылай! *(Әбілмәмбет, Батырлар кетеді).*

Баян.

Не деп кетті?! Боздағымды бозқасқа қып,
Өз қолыңмен шал деді ме өктемдік?
Бауырымды соңыма ерген ботамдай
Бал тірліктен баз кештіртпек кесім бе?
Қиянат қой! Көпе-көрнеу зорлық қой!
Жас ғұмырын жалындаған,
Ақша бұлттай алысқа ұшқан арманын,

Шаттығының шарықтаған әуенін,
Ай нұрындай ақ тілеулі сәулесін,
Бақ деп соққан ақ жүрегін,
“Ағалап” кеп төгілетін лебізін,
Қайта оралтпай қатал үкім “қи!” дей ме,
Қан шеңгелін сұм ажалдың тарбитып?
Қиянат қой! Қара ниет зорлық қой!
Әділет күтем, хан Абылай! Әділет!

Абылай. Өзегіңді шалған өртің өлкеңе де түсті-ау, батырым. Іниңнің кесірінен еліңнің басы тұзаққа керілді-ау, батырым. Хан шапшыса, бүгінгі диуанның кесімі айниды. Дауашылар онда байланып беріледі. Ендеше, батырым, жер түбінен суырып жеткіз екеуін. Елден қашқан ер - жаумен тең. Осы менің әділетім!

Бұқар.

Жүрекке әмір жүрмейтін,
Сабаңа түс, Абылай!
Қауызын ашқан бір тілек
Қос кеудеде тіріліп,
Жан сырымен жалғасып,
Табысқан шығар екі жас.
Арман атты ащы зар
Тәңірінің құлағына жетпесе,
Біз құлақ боп, құлап түсіп тыңдалық.
Аз қызығын көп көріп,
Тіліп түспей үмітін
Бақ мерейін көтерейік,
Қысқа қылмай қос жүректің іңкәрін!

Абылай. Бүлініп хан кетті. Бүлдіріп сұлтандар кетті. Қос басты самұрықтың қанды шеңгеліне бүріле ме, аяу білмес айдаһардың өңешінде жоғалар ма, көжектей бүріскен халқым тұр. Қан шеңгелді қағып тастап, қанды өңешке жоңғарды жемтік қып тығайын десем, тізгінімнен тартып хан көнбейді. Ірткі салып сұлтандар кеу-кеулейді. Мынандай шырғаланға бастамаса, екі жасты өзім қоспас па ем, жырау... Талқыға түскен тауарих алдында жерімді жаудан, халқымды бұғаудан құтқарам деп талпынғанда, бейкүнә жастар ел бірлігіне сына боп қадалып, құз боп құлады ғой алдыма!

Бұқар. Е-е, Абылайжан! Сенің сесің қашып, менің мысым құрып тұр ғой. Жалымен теңесер жабы емес, жалсыз арғымақ едің. Жалсыз болмасын деп соңыңнан еріп ем, жолыңнан адастыра жаздаппын-ау. Рас, халқы үшін кейде жалқыны құрбан шалатын. Бірақ сен Абылай екеніңді де ұмытпа! *(Кетеді).*

Абылай *(тасты қашап түр).*

Абылаймын!
Мен қанішер Абылай!
Қос кеудеде тіріліп,
Қауызын ашқан тілекті
Қос жүректен жұлып алып тастасам,
Жас ғұмырды жалындаған,
Ақша бұлттай қалықтаған арманын
Қиып түссем бір-ақ серпіп,
Жүрегі тас жендет емей кім едім!

(Баянға көзі түсіп)

Баяным-ау, кімім үшін қан іштім?
Жазықсызға өлім кестім! Қарыстым!
Меңіреуге тусыншы деп алыс күн,
Тәңірмен де, Тағдырмен де алыстым!
Құралы емес, құрбаны болдым намыстың!
Баяным-ау! Батырым-ау, ұқсаңшы!

Баян *(өзіне).*

Көп үшін жекені құрбан шалатын деді ме?
Көнгені ме, келіскені ме жыраудың?!
Бауырымды бұтарлап балталағанда,
Батамнан безіп, бәтуамды бұзбаймын ба?
Қан шеңгелді қандасыма қадасам,
Қасарысқан дұшпан кеудемді баспас па?
О, дүние, дүние!
Қасиетімді қасіретімнен табам ба?
Ес жиғызбас құйындай боп,
Еркімді алды-ау Елге деген іңкәрлік,
Қош, бауырым! Кеш, дүние, күнәмді!
Айласызбын, шарасызбын тағдырға...

(Жүгіріп шығып кетеді. Манадан тұрған орнынан бері жылжыған Ханымға асығыс кірген Айторы қарсы кездеседі).

Айторы. Айтыңызшы, Баянды көрмедіңіз бе? Мен...

Мен көкемнен естіп... Шынымен өз інісін аямай ма? Айтыңызшы, қайда ол?

Ханым. Әлгінде ғана кетті. Мүмкін табарсың. Тоқтатармысың... *(Абылай қасына жақындаған Ханымды көріп, бұрылады).*

Абылай. Иә, ханым! Жай ма?

Ханым.

Ойландың ба, алдияр,
Шұғыл шешкен жоқпысың?

Абылай. Естіп пе едің? Өз қолымды кесе алман!

Ханым.

Бұғалық сап, бұлтартпастай қылғынтып,
Сахараның кеңдігінде бұлғақтар
Еркіндікті құрбандыққа шалғанда,
Еркін өскен ерке ұланын еліңнің
Ертеңінен жоймайсың ба тып-тыйпыл?
Үндемейсің... Тіл байланып қалғандай
Қасірет қой - қасиеттен баз кешу.
Жас жүректің лүпілдеген дірілі
Дүрілдетіп от тұтатса кеудеде,
Тәңірі де тоқтата алмас тұқыртып.
Қос балғынның тәтті үмітін неге үздің?
Қос шырақты неге өшірте жібердің?

Абылай.

Уай, Ханым! Мұң шаққанмен Жасағанға,
Адам зары Тәңіріге жетпейді!
Әділетті мықтап көмген тереңге,
Тұншықтырып ақиқатты өшірген
Мағынасыз мынау мәңгүрт ғұмырдың
Мен селт етер қасиетін көрсетші!
Панасызға қол ұсынбай,
Жаласызға жаза кесіп,
Отқа тастап, оққа байлар адалды
Арамдықпен суармайын кеудемді!
Алтын тақты талақ етіп безейін,
Еңіреген Елдің жасын тиярдай
Қиялап шығар жолы бар ма? Көрсетші!

Ханым.

Әділетім - тірлік жолын күзету.
Ақиқатым - Ел мен ердің саулығы.
Көп күдіктен шер жұтса да,

Сәл қызыққа жұбанатын Анамын.
Алдияр! Қанжар қайрап жөнелттің.
Сол қанжарды қайта қынға салғызар
Ақылыңды қуғыншы етіп қоссаңшы!
Ноян бала бал тілегін кеспесін.
Баян батыр өз өзегін сұққылап,
Сар далада қайғысымен уланып,
Қарғыс айтып қан төккізген ханына,
Ел мен жерден түңілмесін күңіреніп!
Алдияр! Жарың ем ғой! Жалынам!

Абылай.

Қараңғыда сәуле шашар шырақ таппай,
Әр бұрышқа бір тіреліп,
Маңдайымды тас пен жарға соққанда,
Әділет дейтін темірқазық тапқанмын!
Айнымаймын бетім бұрған жобамнан,
Ауытқымаймын өзім салған бағыттан!
Әділет дедім - Ноян бала өледі!
Әділет деймін - Баян батыр - жендеті!

Ханым.

Әділетің - аяушылық білмеу ме?
Салған жолың адастырып кетпес пе?
Ізгіліктен із түспеген соқпаққа,
Барар ма екен басын шұлғып бұқараң?

Абылай.

Шатастырма қаттылық пен қарғысты.
Қатал болам - халқым дүр-дүр сілкініп,
Қарғыс емес алғысымен жебейді.
Ізім бақпай, ісімді ұқсаң, уай, ханым,
Жазғырмас ең, жанашырым болар ең.

Ханым.

Жоқ, алдияр!
Өлім жолы тазалыққа бастамас.
Өмір ғана - әділеттің тірегі.
Ардақ тұтып аялайды ел Өмірді.
Аза бойы қаза болып, қалшылдап,
Өлім атты - тіршіліктің жендетін
Кеудесіне қонақтатпай қуатын.
Өмір - шуақ.
Өлім - ызғар.

Ызғар емес шуақ шашып, алдияр,
Жаныңызды мейірімге бөлеңіз!
Абылай.
Айттым - бітті!
Шештім - кетті!
Қайырыларға дәрмен жоқ!
Құсығы мен сөзін жұтар қара емес,
Қате басса қарақан басын өзі жалмар төремін!
Төрелігімді ұрғашыға билетпен!
Өмір сүр де - шуағыңды төге бер!
Ызғарымнан қан ағызып із қалдырам өшпестей!
Ханым.
Өтінемін, қайт райдан, алдияр!
Өкінесің, бірақ соның кеш болар!

(Сахна қараңкөленкеленеді.Жарық түскенде тобылғы сай. Батыр Баян жүгіріп шығып жол тосып тұр. Қолында садақ).

Баян.
Осы арада тосып алам екеуін.
Тасаланар пана таппас жазықтан.
Пана?., пана...
Елге пана қарашы ма? Ханы ма?
Қара тұтып ұзай алмасам қазықтан
Қаралы елге қамқор болар нем қалды?
Елің үшін ініңді шалып құрбанға
Ел намысын ақта деді Абылай.
Ел құдіретін бозқасқа айтып табам ба?
Қасиетімді қасіретіммен алам ба?
О, Жасаған! Жаңылдым ба жалтақтап,
Жақыныма жан ышқына жан тартып?
Бүгін елді бүліндіріп,
Тұтастыққа қазық қағып сыналап,
Батылым жетпей, бұрылып кейін кетем бе?
Жо-оқ! Алты алаштың намысы үшін,
Ер Көкше мен Ер Қосайдың сағы сынбауы үшін де,
Қызға бола кіндік жұртты талақ қып,
Атадан азған бауырымды жайғармын!

(Қырқадан Ноян мен Балорма жүгіріп шығады).

Ноян. Батыр аға! Жан көке!

Баян. Алашқа ауыр мін болғанша, жерге кір!

(Садағын тартып жіберіп, ұшырып түсіреді).

Балорма. Баян аға, не істедіңіз?!

Баян. Бауырымды ұрлаған қу шұнақ қар, көрге кір!

(Садағын тартып,қызды да інісінің үстіне ұшырып түсіреді. Осы кезде асығыс жеткен Айторы өз көзіне сенбегендей сылқ түседі).

Айторы *(өзіне).*
Жете алмадым!.. Жеткізбейсің, сұм тірлік!
Озбырлықтың орындалды үкімі!
Жауыздықтың құрбаны боп оққа ұшып,
Екі қыршын құшақтасып құлапты!
Көкем!.. Көке емес ол - Батыр сұлтан!
Қыл мойынға алғаш тұзақ салған сол!
Баян!.. Батыр!.. Елім деуші ең елжіреп...
Ішің өліп, опырылып қалмасаң?..
Сырты бүтін құр сүлдені сүйретіп...

(Үнсіз отырған Баян еңіреп келіп, екеуін құшақтай құлайды).

Баян.
Не істедім мен? Не қылдым?
Уландым ба ызалы ашу кегімен?
Қорқақ ақыл, бұғып жатып қалғанда
Қос бөбектің ажалы мед күткенің?
Не істедім? Мынау неткен қылығым?
Бауырымды қас дұшпандай қуалап,
Бөрі болдым өз күшігін шайнаған!
Неге тудым? Батыры едім Уақтың
Ендігі атым - бауырымның жендеті!
Езуімнен қан тамады!Қос мұңлықтың пәк қаны ол!
Аққаны осы жас пен қанның сауылдап.
Неге тудым? Неге өлтірдім қозымды?
Құрбан шалдым - ел бірлігі келер ме?
Халқым үшін талақ еттім жалқыны,
Табылар ма тыныштығың, жамағат?
Әлде арбау ма? Әлде алдау ма?
Сол емес пе сор боп жеткен жаныма,
Өмір бойы өзегіме қанжар болып сұғылып?
Ал, Абылай! Боз қасқамды шалдым міне жолыңа!
Құрбандарға құрық тастап, құдіреттеніп өсе бер!

Тақ жолыңда табан тірер тас пен бірге бас жатсын,
Таптап басып, ілгері аттап өте бер!
Сездім бәрін! Әттең бәрін кеш сездім!
Көл бол, жасым! Өртен ішім! Күй, жүрек!
Кеш, дүние! Қош бауырым! Көш, қасиет!

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бурабайдағы Абылай алаңы. Жағалай тігілген ақ шанқан үйлер.

Саханаға жасөспірім Әділ жүгіріп кіреді. Ханым қарсы ұмтылады.

Ханым. Апырай, Әділжанбысың?!.. Келдің бе? Көкең аман ба?

Әділ *(қолымен, шешесін бөгеп).* Ханым! Бәріміз де дін аманбыз. Хан көкем сарбаздарымен қайтып келе жатыр.

Ханым. Ұлым-ау, құлыным-ау, сүйінші неге сұрамайсың? *(құшақтап сүйеді).*

Әділ. Айтпақшы, иә, сүйінші, ханым! Өзім де әдейі сүйінші сұрайын деп озып келіп ем.

Ханым. Ботам-ау, осы Ханым дегеніңді қойшы. Сүйіншіңді қабаттап берейін, адам жоқта мені апа дей жүрші. Сағындым ғой!

Әділ. Мен де сағындым, ха...апа-а!..

Ханым. Құлыным, күнім! Бар онда. Қуант ауылды! Жеткіз хабарыңды! Мен көкеңе... ханға ордасын дайындатайын.

Әділ. Апа, осы жұрт көкемді біресе хан, біресе сұлтан дейді. Біржола неге хан болмайды?

Ханым. Асықпа, балам! Ақыл қайраты мен ой қажыры, қайсар табандылығы көкеңді хандыққа да жеткізер *(кетеді).*

Әділ. Тез жетсе екен! Анау Әбілмәмбет ханның Әбілфейізі-ақ мұрнын шүйіріп бітті. *(Арапов пен Колбичев көрінеді).* Осылар-ақ тіміскілей береді екен.

Колбичев. О, Әділ салтан! Абылай салтан қайда? Жорық қалай болды?

Әділ. Абылай ханның жорығы ылғи да жеңіспен аяқталады, майор мырза! Олжамыз көп. Хонтайшының көкесін көзіне таныттық!

Арапов. Шығын бар ма?

Әділ. Сен, жасауыл, хан көкемнің мықты қолбасшы екенін білесің. Білесің, әдейі осындай қитұрқы сұрақ қоясың. Біз енді қазақ жерін жателдіктен түгел қайтарамыз! Түгел, жасауыл! *(кетеді).*

Колбичев. Бөлтірік! Азуын ақситам дейді! Көкірек бар. Жер керек номадтарға! Атының тұяғы тиген жер - солардікі ғана! Не-ет! Оған жол бермейміз! Жер Россиянікі ғана! Болмаса, болдырамыз! Европаны да, Азияны да!

Арапов. Аблай тағы жеңген. Давациды Джунгария тағына отырғызса, онда шығыстағы Рудный Алтайды түгел қайтарады. Жер қайтадан киргиз-кайсақтікі болады. Ал, біз...

Колбичев. "Біз, біз"!.. Әрекет жасау керек, әрекет! Сендер по бабам да по полям только и скачете. Жоңғардың екі қашқынының көзін жоя алмадыңдар! Даваци - қатерлі дұшпан. Ал Аблай салтан одан да қауіпті!

Арапов. Да ну!.. Ол всего навсего номадтардың ханы болмақ. Болсын! Қызғаншақ сұлтандары тұс-тұсынан жабылып, шайнап тастасын. Ұлұғ мәртебелі императрица хан деген грамота беріп, алдай салса, бұл киргиз-кайсақ бізден қайда кетуші еді.

Колбичев. Жоқ, Арапов! Аблай - крепкий орешек! Оны шағу оңай емес. Ол грамотаңа пысқырмайды. Ибо Аблай бүкіл қайсақтың басын қоспақ. Жабайы қайсақтардың күшті мемлекетін құрмақ!

Арапов. Қалай? Жік-жік қайсақ біріге ме?

Колбичев. Бірігеді, Арапов! Еще как бірігеді. Олар үшін ұлттық намыстан ардақты ештеңе жоқ! Ал Аблай өте айлакер саясатшы!

Арапов. Сену қиын-ау, майор мырза. Батыр салтан ұлттық намысты ұлтымен қоса сатып жіберсін.

Колбичев. Потому он и салтан Батыр! Оған кішкентай да болса хан тағы керек. Аз да болса билік керек! Он коварен, но неопасен. Оны сатып алу оңай. Оның сатып жіберуі де оңай. И потому біз оны и Шигай салтанды пайдалануымыз қажет.

Арапов. Мен екеуін де мына жұмырыққа түсірдім! Мықтап түсірдім! Шыға алмайды. Шығармаймын.

Колбичев. Мақтанба. Еще не вечер, есаул. Аблай

екпіні қатты. Ойратты тағы бір лықсытса... онда Джунгария құриды. Ал бұл Россияға мүлде қолайсыз.

Арапов. Неге? Ойраттар да жабайы кочевниктер.

Колбичев. Во-первых онда Казахия күшейеді. Россиянин, Индия, Афганистанға өтетін жолын бекітеді. Во-вторых, Джунгария әлсіресе, Қытай оны бас салады. Это непременно! Ойраттарды жұта салған анаконда сол екпінімен қазақ даласына сұғынады. Ал бұл Россияға тиімсіз.

Арапов. Біз неге Қытайдан бұрын қимылдамаймыз? Қайта бос жерді басып алу оңай ғой. Ал сонсоң жер - Россиянікі, Алтай - Россиянікі! Қазына байлығы - Россиянікі!,- деп ұрпақтан ұрпаққа өсиет қалдырмаймыз ба?

Колбичев. Оған мүмкіндік жоқ. Швециямен бітімге келіп, Кавказды жаулап алғанша екі жаққа күшті бөлу қиын... О-о, есаул! Онда Россия түстікті де, шығысты да қос басты самұрықтың шеңгеліне бүргізеді де, тырп еткізбей басып отырады. Навсегда и навеки!

Арапов. Ал, қазір не істейміз?

Колбичев. Қазақтарды... ә-ә, қайсақтарды күшейтпеу керек. Ойраттарды әлсіретпеу керек.

Арапов. Сонда... Аналарға... ойраттарға көмек...

Колбичев. Иә! Но, молчок! Бұл даланың тасына дейін сақ. Естіп, сезіп қоймасын жабайы қайсақтар!

(Жеңіс дабылы. Дауылпаз жаңғырығы. Керней дауысы. Сахнаға екі жақтан халық пен сарбаздар кіреді. Ең алдында Абылай)

Дауыстар: - Әне, келді! Батырлар келеді!

- Алақай, көкем! Апа-ау, көкем аман-есен келді!

- Жеңісің құтты болсын, Абылай! Өрісің отты болсын, алдияр!

Колбичев. Құттықтаймын, Аблай салтан! Россия империясының аса зор мәртебелі императрицасының атынан бек сүйініш айтуға рұхсат ет. Өте қуаныштымын. Жеңісің марқая берсін, шексіз далалы Казахияның алып тірегі!

Батыр *(Шығайға).* Әй, мынаның қолқ ете қалуын қарашы! Тегін емес. Алып тірек деуін шатаны. Тіреуге балта барын білмейді-ау.

Шығай. Ақырын! Ішіңіздегіні лақ еткізетініңіз бар

екен, Бәке. Түрілгіш құлақ көп. Ал бұл орыстікі - саясат. Дардай қылып далақтата беру. Тасып төгілсін деу.

Батыр. Әй, қайдам, бұ немелерге сену қиын. Мен өзімнің қазақша қара тоқпағымды қағайын. Әй, Қалампыр! *(Қасындағы кемпірге әлдене сыбырлап жатады).*

Шал. Кек бір қайтып, шер бір тарқады-ау! Бабам моласын, басындағы обасын көрер күн де туар-ау енді...

Бұқар. Туады, қария. Туады! Ел тілегін Тәңір көрер. Сол Тәңірдің әмір-бұйрығын мына ұлдарың - сарбаздарың орындар. Мынау сәтің болашақ ұлы жеңістерге ұласар. Ал жеңіс үні -жүрек әні ғой. Бүкіл тұлабойым шымырлап, күйші домбыра шегіндей дірілдеп барады-ау. Алғысым айтылар әлі, құрметім толғау боп толқыр талай!

Арма, Абылай! *(құшағын жаяды).*

Абылай. Бар бол, Бұқар аға! Бар болыңдар, халқым! Елім еңіремесін деп етікпен қан кешкен балаларың келді. Ауыздықпен су ішкен арғымақтың ері алынбады. Әлгінде анау қария айтты ғой кек бір қайтты, шер бір тарқады деп. Атамекенді түгел қайтармай, мендегі кек қайтпас! Запыран шер тарқамас! Әйтеуір жанды жұбатар олжам - серпіліс тапқандаймын. Жабылып кетсек, жығарымызды байқадым. Жұмылып кетсек - түбінде қайдан шығарымызды аңғардым.

(Осы кезде Батырдың белгісімен кемпір ілгері шығады).

Кемпір. Әй, Абылай! Етігімен қан кешкен балаларың келді дедің. Менің құлыным қайда? Ұлым, Құттыбегім қайда? Тірсегін дірдектетіп жалғызымды жетектеп кетіп ең. Қай жерде көмусіз қалдырдың? Қай жауыңның найзасына қалқан ғып тостың?

Абылай. Қатты айттыңыз-ау, бәйбіше! Құттыбек деймісіз? Естіменпін. Ортақпын қайғыңызға, бәйбіше! Қабырғам сынбаса да, қайысты-ау зарыңызға!

Кемпір. Мүләйімсіме, Абылай! Бұғанасы бекімеген ботамды қан қырғынға салғаныңды екі дүниеде кешпеспін. Анау Әділіңнен үш-ақ жас үлкен еді, Құттыбегім. Менің ұлым өліп, сенікі тірі қалғаны

қалай? Әділетің осы ма, Абылай? Өзгені түгел опқа тығып, өзіңдікін топқа салып жүріп ел қамын жегеніңе кім сенеді?

Абылай. Алдымнан шуақ көргенде, арқамнан аяз қысты-ау. Бұ да бір шер көңілдің зарынан туған күйік те. Төре мен қараны таңдаған сүр жебені көргем жоқ, бәйбіше. Рас, өзгені опқа тықтым, өйтпесем жеңбес едім. Жеңбесем, түшіркенбес едім. Онда ойратты ойрандай алмас та едім, бәйбіше!

Бұқар. Аналық зарыңды мұңлық шерің шығарғанын сезбесем, кейуана, жадыраған көптің күлкісін көмейіне тыққаныңды кешірмес едім. Анасың, ашындың! Енді басыл.

Алдияр! Тасадан тас лақтырғыш қызғаншақтардың азғырып арандатарын ескер. Жасыма босқа. Шығынсыз шайқас, болмайды. Өлімсіз жеңіс келмейді.

Кейуана, шер төк! Аза тұт! Бірақ назаңды жұмсама. Ана - кешірімшіл, хан - көпшіл, жалғыз - кекшіл. Ел үшін құрбан болған ер шейіт. Жер үшін жан қиған ұл шейіт. Соған шүкірлік ет.

Дауыстар: - Е, бәсе! Жөн-ақ!

- Қайран жырау, түйткілді тарқатып, мұнарды ыдыратып жіберді-ау!

- Қосағымнан мен де айырылып өлмей отырмын ғой...

- Жаудан қашпай, жауды қуғанымыз олжа емес пе бәрінен бұрын. Қаша-қаша әбден титықтап едік, біз де бір түре қуайық та!

Қабанбай. Алдияр! Артық кетсек айыпқа бұйырма. Кейде аптығатынымыз рас. Кейде шаптығатынымыз да бар. Халық болған соң бірде қолтықтан көтеріп, бірде аяқтан шалып жатамыз. Өзің биік бол! Кең бол!

Ханым.

Алдияр! Алқалаған елің - анаң ғой!
Шапалағы сипағаннан абзал-ау,
Ашуынан қайтуы тез ананың.
Қинағанын қайрағаны деп ұқсаң,
Қайратыңа қажыр қоса білерсің.
Күле қарап, құшағыңды аш халқыңа,
Қабағынан кейіс қашсын,
Аз қызығын көптей көріп тойласын!

Абылай *(күліп).* Солай екен-ау, ханымым! Жолымды тосып, жанымды түсінетін өзіңдей жардың барлығы қандай керім! Ендеше той басталсын! Көңілде көлеңке, кеудеде зіл қалмасын. *(Өзі оқшау барып отырады. Ән, би. Берікте Шығай мен Батыр сұлтан оңаша).*

Батыр. Әй, ұстатпайды-ау, ұстатпайды!

Шығай. Ұсақ-түйекті тықпалап не ұттыңыз? Бұқар жырау көрмей-ақ білді. “Мыналар сол!” деп айта ма зәрем ұшқаны. *(пауза).* Анау Айторыға қараңызшы! Көрмеймісіз?

Батыр. Нені, несін? Шырақ, осы сен жұмбақтауды қойшы!

Шығай. Әділді айналсоқтап жүр Айторың, сұлтан! Бозбалаға өзі сүйкеніп тұр қызың, сұлтан!

Батыр *(атып тұрмақ болады).* Не?!

Шығай. Шошаңдап назар аудартпаңыз! Жасы үлкен болса да осы Айторы Әділге лайық. Ханның келіні болады. Мендей жай сұлтанды қайтсін.

Батыр *(Айторыға қол бұлғайды).* Хан!.. Келін!.. Бірін болғызбаспын! Бірін де! Хан дейді қарақшыны! *(Айторы келеді).* Не істеп жүрсің, қызым?

Айторы *(ақсия күліп).* Не істеппін, көке?

Батыр. Жолама оларға! Жақындама жауыма!

Айторы. Кімге жоламайын? Жауыңыз кім, көке?

Шығай. Көкеңнің сені сынағаны ғой, Айторы. Қойшының қызындай жөн-жосықсыз көлбеңдей бергеніңді қаламайды да.

Айторы. Ә-ә,.. Шығай сұлтан. Мен оң босағадан әлі аттағам жоқ. Сенің қолыңа құс боп әлі қонғам жоқ!

Батыр. Қызым, секеңдеуіңді тый! Ерсілігің бастан асып барады. Кім көрінгенге намысымды шабақтатпа!

Айторы. Жоқ, көке! Күй тілеген көңілімді құрықтай алмайсыз. Ән аңсаған жанымды тұсай алмайсыз. Анамның құрсағынан өнер ала туғаным рас болса, сол дуылдаған толқынды іште қалай тұншықтырып отырам.

Шығай. Желұшық ол, Айторы! Босқа желікпе. Сөнуі тез.

Айторы. Үрлесем ше, Шығай мырза? Ән-жырға ынтық жүрегімнің ыстық қанынан тамызық тастасам ше?

Шығай. Сөнеді!

Айторы. Сөндірем десеңші. Онда сол от сөнгенше лаулап қалайын! *(Домбырасын безілдетіп, шырқау әнге басып, ортаға шығады.Әсем әнге бәрі ұйыған, әнін бітіріп, Абылайға иіліп тәжім етеді).*

Абылай.

Күйрек емес, қайрақ екен мына әуен!
Ән құдірет жан сәлемін жеткізді-ау!
Түскен еңсең көтерілер,
Басқан зілің серпілер,
Мүлгіп қалған ойды оятып,
Тынып қалған суық қанды
Тұлабойда дуылдатып тасытар,
Қайран ғана қазағымның әндері-ай!

Айторы.

Аға! Абылай аға!
Жан сәлемін ән жеткізсе,
Күй - көңілдің мұңшысы ғой.
Күрсінгенін күңірентсе, күмбірлеп,
Дүрсілдерін жүрегіннің жаңғыртып,
Ала қашар көкірегіңнен суырып!
Сол домбыра шын иесін аңсап тұр.
Ұсынайын өз қолыммен
Қалдырмас деп ел көңілін ер ұлы!

(Тағы иіліп тәжім етеді. Домбыраны береді).

Абылай.

Сырласар ма сыршыл аспап менімен?
Ел тілесе, шақырайын сар даламның әуенін,
“Ала байрақ” дауылдатып көтерер ме қолтықтан?

(“Ала байрақты ” екпіндетіп ала жөнеледі. Айторы күбірлеп тұр).

Айторы.

Қайран да күйі-ай қазақтың!
Қан шапшытып, аласұртып жүректі
Құр сүлдерді Тәңірі етіп тірілтіп,
Кеудесіне от пен жалын құясың!

(Абылай тоқтап, Айторыға қарап қалған).

Тоқтама, аға! Шал күйіңді тағы бір!
Кек атылсын кең даланды кернердей
Намыс қозсын сапырардай теңізді!

Шамырқансын саналы ұлы қазақтың!
Екіленіп ереуіл атқа ер салсын,
Жағалай жұртқа сауын айтып, жар салсый,
Жер шебінен сыпырғанша жоңғарды!
Кідірме, аға! Дауылдат та нөсерлет!
Кескілеспей басылмасын ыза-кек!
Толғамалы көк найзасын ысқыртып,
Толықсып жауға топан боп жұртың жөңкісін!
“Абылайлап”, “Арқарлап!”, аға, алға түс,
Серкесін қазақ көрсін де ерсін соңынан!

Абылай *(орнынан тұрып).*

Тар қолтықтан оқ тисе,
Тартып алар қарындасым сен болсаң,
Тілегіңді құп алармын, қарағым!
Кімсің өзің?

Батыр *(Бер жақтан килігіп).* Жә, Абылай! Желкілдетпе! Желіктірме! Бақсы-құшнаштық неге керек. Жын шақыр онан да! Қыз-қырқынды еліртпе!

Айторы.

Тегім - төре, затым - әйел
Жат жұрттыққа жаралған.
Әкем - мынау Батыр сұлтан.
Шығай сұлтан - жем тастаушым,
Түсірмек боп әлектенген торына.
Бірі беріп, бірі мені алмақшы.
Ән мен күйден нәр табушы ем,
Мұң мен шерге көмілуден қорқамын!

Абылай. Қайран мұңлық қаракөздер! Кеудеңді шер басса да көңліңді ән тербейді екен-ау! *(Айторыға).* Қарындасым, қасіретіңнен қасиетімді тапқандаймын. Ұлын сатып ат етіп, қызын сатып ас еткен қазақ ек, азаптарыңды ескермеппіз-ау! Батыр сұлтан! Сенің қыз-қырқын дегенің ертеңгі ана емес пе. Кеше еркелеткен балаңның бүгін еркін алсаң, әкелігіңнің қадірі қалар ма?

Атың кім, қарағым?

Айторы. Мен - Айторымын, аға!

Абылай. Айторы қалқам, қазақ қыздарын бұдан былай еркін тұсап, еңіретіп өңгертіп жібертпеске ант етермін!

Айторы.

Ант берме, аға! Алма зілді бойыңа!
Оңайлықпен орайласар ант емес ол!
Көңіліңнен шуақ таптым,
Жылу көрдім жасаураған көзіңнен.
Сол жетеді! Сен босама алдияр!
Сен босасаң - ел арқауы жидиді!

(Сырттан айқай-шу,дабыр-дүбір естіледі де сахнаға босқын көштің алды кіреді. Көш бастаушы тоқтамай өте шығады).

Бұқар. Уай, қайда шұбап барасыңдар? Бұрылмай тартқандары қалай? Әу, Қанай? Сен бе едің? Таудан аққан тас бұлақ емес пең, би? Тарылуыңа жол болсын?

Қанай. Уай, көмекей жырау! Қырғынға ұшырап, шұбырындыға айналған елден жөн-жосық іздеп, тәлкек етсең, өктемдей бер. Биге құл бой бермеген заманға кезіктік пе, әлде ханға құрмет, төреге сый жүрмейтін шаққа жеттік пе, өкпе айтар адам таппай келеміз.

Бұқар. Егіліп тұрсың ғой, Қанайым! Қабырғаңды қалай сөккіздің? Өкпелесең де, өксігіңді түгел жеткізші! Қосыла күйзелейін, бауырым!

Қанай. Ұрымталдан тостың, Бұқар аға! Ханы бақылдап, сұлтаны тақымдаған соң биі бұғынғыш, батыры тығылғыш келеді-ау далаңның. Кесір насырға шаппай қайтсін сонсоң.

Шығай. Бақылдаған ханың кім? Тақылдаған сұлтаның кім? Талдап айтпасаң, табандатып ұратынымды жасырман, Қанай!

Қанай. Бас кеспек боса да тіл кеспек жоқ, сұлтан! Бақылдаған ханым - Әбілмәмбет! Тақымдаған сұлтандар - сендер! Ең алдымен мынау Абылай! Біріңді бірің күндеп, басымды біріктірмей ірітіп біттіңдер. Әне, керегем отқа жағылды! Ұлым құл, қызым күң болып, кеудеме күйіктен қазық қағылды!

Батыр. Үзеңгі бауың алты қабаттай өткенде қашқындарды берме деп шіренген сен емес пең, Қанай би! Қаның төгіліп еді, бүгін хан-төрені қаралап шыға келіпсің!

Дауыстар: - Табалауын төренің! Төрімізде отырып та көрімізді қазудан бір шаршамайды бұлар!

- Сол көрге өздерін тығар мед!
- Тығамыз! Тепкілеп көмеміз!
- Халықтың қанынан алтын құяды! Мал табады!
- Тапқызармыз!
- Үркін елге зіркілдеуін көрмеймісің бұ зәндемі немелердің!

Қанай. Әне, қарғыс айтқан халық үнін естідің бе, Батыр сұлтан? Естіп тұрмысың, Абылай? Сен жоңғарды шаптан түртпесең, Лама-Доржи үстімнен төнбес еді. Найман мен Керей шабылып, қан қырғында Уақтың талай боздағы өлмес еді.

Бұқар. Уай, Қанайым түңілме. Ордан Қанжығалы Бөгенбай, Сырдан Шапырашты Наурызбай жетер. Жетер де қуар кегіңді. Тек қана, бауырым, бағаналы орда иесі, бар қазақтың киесі Абылайға бекер шүйілдің. Шеңгеліңе басқамыз толмаймыз ба әлде, би?

Қанай. Жырау! Рулының оғы қалса табылар. Жалғыздың тарта тұғын жағы қалса, табылмайтынын сен де ескер. Аталының күлі қалса жағылар-ау, жалғыздың шоғы қалса да жағылмасын Абылай бірақ ескермеді ғой. Аз ғана Уақтың батыр Баяны...

Айторы *(жан ұшыра айқайлап).* Не дедіңіз, ата? Баян батырға не болды?.. Алтын тұғыр үстінде ақ сұңқар құстай түлеген батырым аман ба? Бар ма?!.

Қанай. Жарығым-ай, жан дауысың шықты-ау! Тілеуің қандай жақсы еді. Бар! Аман Баяның! Аман!

Айторы. Қайда? Келе ме? Келді ме?

Қанай. Мұз жүректі жібітер Баянның шын тілекшісі, жақыны екенсің. Әттең, қайран не, Баянның өзегін өрт шалып, жанын дерт жайлады ғой. Ноянынан айрылған соң жаралы жолбарыстай жоңғарға жалғыз атылып-ақ барып еді, опырылып оралды. Әне, Баян батырың! *(Айторы жаралы қолын асып, аяғын таңып алған Баянға ұмтылып барып, иіліп тәжім етеді).*

Айторы. Батыр! Көріп ем сонда... Бара алмап ем касыңа. Кеудемнен кері серіппесең, сүйеу болармын. Демеу болармын жаралы жаныңа! *(Баян үнсіз басын иеді).*

Шығай *(Батырға).* Сұлтан, бұдан артық төбемнен жай түсе ме? Анау жөргегінен қағынған қызыңды соншама бұлдап ең, тіпті төремен де емес қарамен былғанғанын қалай кешірем.

Батыр. Әй, шолақсың-ау, шолақсың! Ұрғашыға бола түс шайыспа! Іргеміз бөлінсе, Абылай одан сайын аспандайды. Соны ұмытпа!

Абылай *(орнынан тұрып барып).*Баяным!Қателіксіз хан, кінәсіз жан болмас. Мынау ел атынан жайыңды ұққан, алдыңнан тілегін... жүрегін ала шыққан қарындасыңды... Айторыны көрші!

Батыр. Әй, Абылай! Ұлысыңды ұлардай шулатып, ұстараның жүзінде тұрып та шырға тастауға жеткізбейсің, ә. Жо-оқ! Билеме еркін қызымның! Ант бергіш болсаң, уыздай өз қызыңды Баянның астына тоқым етіп төсе!

Айторы! Қайт кейін! Басқан азуым Әбілмансұрға өтпесе де сені осып түсер. Қайт!

(Айторы кейін серпіледі.Баян үнсіз.Қыз бен Абылайға кезек қарап тұр).

Абылай. Батырым, Батыр сұлтан тоқал ешкідей қылды деп дүниеден түңілме. Төбемнен төрімді ұсынайын, берші құшағыма дос көңіліңді! *(Құшағын жаяды. Баян кейін шегінеді).*

Баян. Алдияр! Кеше бауырымды, бүгін ауылымды құрбандыққа шалып келем. Ханымның қабағының астында қимылдаймын деп әне, ырысымды шайқап, қонысымды босатып барам. Хан-сұлтан таласып қонар байсалды жайлау көрсең, жамбастай ғой. *(Шұбырған елге ілесе береді. Айторы тұра ұмтылады. Баян қайырылмайды).*

Айторы. Баян! Батырым! Өкпеңді көпке салмашы! Менің төрем - жүрегім! Маған не дейсің? Маған?! *(Баян қайырылмайды).*

Батыр. Әй, Домбауыл! Қатыран! Ұста анау қаншықты! Шал аяқ-қолын бұғаумен! Сал тұзақты мойнына! Әкет! Әкетіңдер тез!

Бұқар. Жә! Жұлқыламаңдар! Жылатпаңдар шарасызды! Ұқпады... ұқпады-ау қаракөздің тілхатын сұм бала!

Шығай. Әй, Абылай!..

Бұқар. Тоқтат, Шығай!

Абылай.

Қайырылмай кетті-ау Баяным!
Қай сырыммен қадірімді бұлдармын?

“Хан болмаған хан болса,
Қанамаған ел қоймас” деуші еді Үмбетей,
Сол қайырсыз хан мен бе екем?

Шығай *(мазақтап).* “Бә-а-я-а-ным!” дейді ғой. Хан басыңды таптап өтті Баяның! “Арқар” ұран қайда? Сілте тегеурінді! Бүр шеңгелді! Ағыз қанды! Сонда бұл бүлікшілер бүрісіп алдыңа келеді, Абылай!

Абылай. Жоқ, сұлтан! Мен тегеурінімді еліме емес, жауыма салармын. Қаншеңгелді Лама-Доржидің кеңірдегіне қадармын! Бөгенбай Ойда, Наурызбай Сырда болса, қылыш сілтеп, найза сұғар Абылай сарбаз бар мұнда! Тарт, Сандалкөкті! *(Жұрт ошарыла шыға бастайды. Батыр орнында отырып қалған. Қасына Колбичев пен Арапов келеді).*

Колбичев. Неге мойып қалдың, салтан?

Батыр. Аспан алақандай, жер жұдырықтай боп тұр-ау, Мекелай!

Колбичев. Ой, Бәке! Ондай ондай болады. Оны бірақ жеңу керек.

Батыр. Жер қылды ғой шұнақ қар! Көп алдында қор етті ғой!

Колбичев. Мен сені салтандардың ішінде өресі ұзақ жан деп жүрсем, Бәке, мына опырылған түрің онша ұнап тұрған жоқ.

Батыр. Не істейін? Өз қолымды өзім кесем бе? Сүйекке таңба салды ғой Айторым.

Колбичев. Айторы, рас, ноқта үзді. Енді Шығай салтан безе қашады.

Батыр *(атып тұрып).* Оны сен қайдан білесің?

Колбичев. Білем, Бәке, білем... Әділ бала да Баяннан кейін Айторыдан күдер үзеді. Басқаның сыбағасы көреді.

Батыр. Сонысы солай... Барар жолдың бәрі бітелді.

Колбичев. О, жо-оқ! Із түспеген сүрлеу әлі де табылады. Қыз көрсе көзі жайнап кететін Абылайдың тап өзіне тарт. Қолыңды қақпайды. *(Батыр ыршып түседі).*

Батыр. Атама! Бұ сұмдығыңды атама! Абылайдың қойнына қыз емес мұз тастармын! Мұз!

Колбичев. Ендеше, Лама-Доржи хонтайшының

өзіне жібер! Оң көзіне ілінесің. Әне, Абылай асығыс шұғыл аттанды... Сендер “асығыстық шайтанның ісі” дейсіңдер. Ат-тонын, қару-жарағын сайламай, қалжырап келген сарбаздарды қайта әкетті жорыққа Бұл...

Батыр *(екпіндеп).* Бұл, Мекелай, - “Өлетін бала молаға жүгірердің” кері! Есебін дұрыс! Жат жұрттыққа жаралдым деп Айторының өзі айтты. Құдай аузына салған шығар.

Арапов. Абылай өлсе... *(Кілт тоқтайды. Үшеуі де жан-жағына жалтақ-жалтақ қарасады).*

Колбичев. Иә, Абылай өлсе... онда хан - өзіңсің, Батыр салтан! Патшайымның грамотасын өзім әкеп тапсырам... Өзім!

Батыр. Онда мен... онда мен Айторыжанды тездетіп жөнелтейін.

Колбичев. Жөнімен! Жобасымен! Отау-жасауымен! Хонтайшыға хабарды... Аблайдың жорыққа аттанғанын тез жеткізсін!

Батыр. Мақұл, Мекелайжан! Аспанымды биіктетіп, дүниемді кеңітіп жібердің-ау!

Арапов. Онда неге тұрсың? Бар енді!

Колбичев. Есаул, аптықпа! Осы сыр үшеуміздің ғана арамызда қалу үшін оқ тістеп серт байлайық!

Батыр. Апырай, Мекелай, сен тіпті оқ тістесудің де не екенін білесің! Сөйлегенде қазақты жаңылтасың. Салт-дәстүрді сақтауда алдыңа жан салмайсың... Ә-ә... оқ тістесейік!

(Қорамсақтан жебесін алып, аузына тістеп серт береді. Аналар қайталайды. Батыр кетеді).

Арапов. Мәртебелі майор, шынында да сіз осыларды қайдан біле бересіз?.. Департаментте үйрете ме?.. Дайындайды, ә...

Колбичев. Болды, Арапов, болды! Жұмыс тындырайық. Ұлы Россия империясына барымташы қайсақтың өзі емес, жері қажет! Жерінің қойнындағы кені қажет! Бүлікшіл қайсақтардың басын қосам деген полководец и вождь Абылайдың көзін құртсақ, алтын мен күмісін арбалап тасимыз! “Разделяй и властвуй!”.. Батыр салтандар сол үшін керек. Арапов! Тез үш! Линиядағы казактарга хабар жеткіз! Хонтайшыға

непременно көмек берсін! Зеңбірек жеткізе ме, киімін жоңғарша ауыстыртып кигізіп солдат жібере ме, но жоңғарлар жеңетін болсын!

Шымылдық

ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Орданың алды. Абылай алаңы. Абылай күй тартып, Бұқар мен Әділ тыңдап отыр.

Бұқар. Күйің күйрек қой, Абылай. Дауылдатар нөсерің қайда?

Абылай. Дос дегенім қасымнан бетер, бауыр дегенім жауымнан жәһіл. Татымсыз дос пен қасиетсіз туыс төңірегіме толып бара жатса, нөсер қайдан болсын.

Бұқар. Олай емес, Абылай! Бұрылшы анау сайысып жатқан батырларыңа. Солардан артық дос-туыс жоқ. Адырнасына ала білек оқ салған Наурызбай неге тұрады! Ажалға қарсы жүгірген Қабанбайды қайтерсің! Жағасына адам қолы тимеген Бөгенбайың бір бөлек! Дұшпанның тобын тоздырған Түйте Жарылғабың қандай! Қандыауызға сырлап салған жебедей Жидебайыңды айтсайшы! Хандар шыққан төбедей Байғозыңа қарашы! Осылардан артық ел қамқоры болар кім бар?

Абылай. Әділ, сен ғой сайыспайсың, ә?

Әділ. Қасым жүр ғой, көке. Ол әдемі сайысады.

Бұқар. Қару ұстар қол да, қалам ұстар қол да керек.

Абылай. Жөн-жөн. Қалам ұстаған да дұрыс. (пауза). Әй, анау қайтеді? Апырау, найзаны солай лақтырар ма?! *(Кетеді).*

Әділ. Ата, көкемде күрсініс көп, елде зар үдеді. Тиылар ма?

Бұқар. Нешедесің, Әділ?

Әділ. Жиырма бірдемін.

Бұқар. Мен сені алғаш көргенде сен он төртте ғана екенсің-ау. Сол жылы Баян батыр опат болды.

Әділ. Айторы да сол жылы Жоңғарға бара жатқан жолда өлді.

Бұқар. Иә, екеуі де әулиедей жандар еді-ау! Өлместі құдай жаратып пед. Тірінің берекесі қашпасын де.

Әділ. Көкем "ел-жұрттың берекесін қашырды. Қара қытайды қаптатып түсіріп, ақырзаманды орнатады әлі" дейтіндер шықты.

Бұқар. Қаңқу сөзге құлақ қоя берме. Абылай хан...

Әділ. Сұлтан деңіз... Абылай сұлтан деңіз, жырау ата.

Бұқар. Аққиізге көтермеді демесең, көкең қазақтың шын ханы ғой. Үш жүз жыл іргемізден шаң бұрқыратып, көзімізден жас, кеудемізден қан ағызып келген жоңғар қалмақты жоқ қылды.

Әділ. Көкем емес, шүршіт қой қырған. Екі жыл бойы тура қой бауыздағандай кескілеп, бүкіл бір халықты жер бетінен жоқ қылып жіберді.

Бұқар. Солайы солай. Бірақ жоңғардың басымызға әңгіртаяқ ойнатып, жеріміздің қуып, көрімізге тығып келгенін де есіңнен шығарма, Әділ шырақ... Абылай көкең болмаса, көзімізді құр сүзіп, туған жерді сырттай аңсаумен көз жұмар едік. Иншалла, қайтардық түгел даламызды. Тауымызда даусымыз еркін жаңғырады.

Әділ. Орыстар ше? Ертістен не әрі, не бері өткізбей діңкемізді енді осылар құрта бастады.

Бұқар. Күшті әлсізді домалатып ойнамаса, күштілігін кім таныр. Бірақ осылардың қарапайым халқында өзгеге деген тілектестік сезіліп тұрады-ау, ә, Әділжан.

Әділ. Ата, хан көкем Дауашыны өз қолымен хонтайшы сайлады. Бірақ көп ұзамай Әмірсананы жақтап, Дауашыға қарсы шыққаны қалай? Кейіннен тіпті Әмірсананы да шапты ғой.

Бұқар. Рас. Абылай хонтайшы етіп сайлаған Дауашы ауыздық тістеп, қазақ даласына көз аларта бастамады ма. Көкең енді оған Әмірсананы қарсы салды. Жайлауындағы өртті жауыңның ордасына ысырған тиімді емес пе?

Әділ. Әрине! Мен де сөйтер едім. Байлыққа белшемнен батар ем!

Бұқар. Жоқ, Әділ! Көкең байлыққа қызықпаған! Елінің азаттығын армандайды. Бейқам көшін, бейбіт тірлігін аңсайды. Сол тілекке жетті ақыры. Тек артының қайырын берсін.

Әділ. Қытай ше?.. Енді ол бізге төнбес пе?.. Жұтып жібермес пе?

Бұқар. Өйте алмас. Абылай Ресей боданын тегін қабылдаған жоқ. Солардан қаймығар.

Әділ. Мен осы Колбичевтен күдіктенем. Ылғи тімтініп жүргені.

Бұқар. Ия, ол бабында. Хан ордасында, қазақ арасында он жылдан астам тұрса, аңдыған-баққаны халқыңның осал тұс, сынар жері ғой... *(кенет).* Шаң! Будақ-будақ шаң! Әй, тегін емессің-ау!

Әділ. Көкеме айтайын! Ә, өздері де бері келеді. *(Ішке Абылай бастаған батырлар, ханым, Колбичев т.б. кіреді).*

Бұқар. Апырай, Қаздауысты Қазыбек қой!? Тоқсандағы батагөйім атқа мінсе, мына жүрісі тегін болмады.

Абылай *(құшағын жаяды).* Арма, исі қазақтың қамын жеген қариям! Белің бүгілгенде атқа қонсаң, елің сөгілейін деп тұр-ау, ә, ботагөйім!

Қазыбек *(құшақтайды*). Сен халімді сұрасаң, мен зарымды шағам да. Қазақтың қазығын қалайыдан қақтырам деп, тоқпағың сом алтыннан соқтырам деп сен әуре, батысыңнан ақ патшаның зеңбірегін зіркілдетіп, шығысыңнан шүршіт найзасының қылқұйрығын желкілдетіп жау әуре.

Абылай. Жеңу үшін жау керек, ұту үшін дау керек дейтін өзіңіз, Қазыбек аға! Уақыт солай.

Қазыбек. Жоқ, Абылай! Айдаһар халқымды жұтқалы келеді! Қытай боғдыханының жер қайысқан қолы іргемізге жетіп, төніп тоқтады. Содан қорқам. Жер бетінде қараңдап тірі жүрсек, ұрандап бас көтерер еркін күн түбінде бір туар-ау. Соған жету үшін де айдаһардың өңешінен аман өту керек боп тұр.

Қабанбай. Талай шайқасқан шүршіт емес пе, тәйір-ай! Айдарынан алып, тамағынан ормаймын ба!

Наурызбай. Уа, баба! Еңкейген кәріге ербеңдегеннің бәрі жау боп көрінетін.

Бөгенбай. Айдаһар болса өзіне. Азуын қағармын! Құйрығын шабармын!

Абылай. Жә, даурықпаңдар! Сөйлеңіз, Қазеке!

Қазыбек. Уай, Алаш! Мойныңа қылыш төніп,

жақындап ажал жеткенін айтам. Жер бетінде ойрат атты халық жоқ. Жоңғар атты хандық жоқ. Қазақ аты тауарихтан дәл солай боп көшпесін десең, амал ізде, ағайын! Қытай боғдыханына тосқауыл болар айлаңды тап, Абылай!

Абылай. Қаздауысты қасиеттім! Қазағыма деген құрметімді өзің қабылда. Ал боғдыхан да ет пен сүйектен жаралған адам. Ендеше оның екпінін тоқтатып ентігіп басар құдірет бізде, Қазекем!

Батыр. Әй, Әбілмансұр! Сонау қара шыбындай қаптаған қытайды ауыздықтар сенікі не қылған құдірет?

Абылай. Сұлтан, халқымның бүгінгі тұтастығына сына қаға алмассың. Әуре болма! Бар құдірет! Ол - қазіргі бірлігіміз! Ынтымағымыз! Төніп келген қытай боғдыханы осы тұтастығымыздан сескеніп, киіп кете алмай, бөгеліп тұр. Кешегі ыдыраған, бытыраған ойрат емеспіз! Тұтас елді, бүтін халықты ешкім жоя алмайды!

Дауыстар: - Аузыңа май!

- Айтқаның келсін, алдияр!
- Бірлігімізге селкеу түсірмеспіз!

Абылай. Бұл айтқаным - ақиқат шындық қана. Енді амалдайтын қиырды шолайық, жамағат. Қаптаған қытайға қарсы топ көбейтіп, шоғыр молайту қажет. Үш жүз, иншалла, тұтаспыз! Сол тұтастықтың сүйенер бір сары белі бар. Ол - дін ислам жұртшылығы! Мұсылман ғаламы! Жеке жүрсек, желкеміз қиылары анық. Соны мен ұққам. Ұққанымды Қоқанның Нарбота биіне, Иранның падишағына, Қандағардың Ахмет шахына жеткізе құярмын! Қосылып кетсек, қысылып та қалмаспыз. Оларға деген хатым дайын. Жаушыларды дәл бүгін аттандырам!

Қазыбек. Бір ислам - дін ислам дедің, ә. Бұрын білмей, бүгін көргеніңе таң қалсам да, бас изеймін. Шарыққа бет бұрғаныңды құп алам. Қырылып қалмас үшін тырбанып қалған дұрыс. Батысыңды... орысыңды атамадың ғой?..

Абылай. Таһлил айтып, тасбих тартқан пенде, маңдайын ұрып, кеудесін тоқпақтап шоқына алмайды демекпісіз. Оның да бір реті табылар.

Енді айламның жөн-жобасына көшейін. Қытай

боғдыханын дәл осы жолы тоқтата тұру - менің ғана үлесім! Қызыл аңсап, қан сіміріп дәніккен жыртқыш көмейге тығар қоң етті мен өзімнен кесіп тастаймын! Өзімнен!

Қазыбек. Иә-ә, хан Абылай! Бағаңды білдім. Елдің ағасы болыпсың. Панасы да боларсың! *(Етегін қағып орнынан тұрып кетеді).* Түнектен сәуле көрдім бе?.. Соған сенейін де... *(Кетеді).*

Бұқар. Апырай, Абылай, ұлдарыңның қайсысын бермексің?! Тірі келеріне көзің жете ме? Өз күшігін өзі жеген бөрідей...

Абылай. Халқы үшін жалқыны құрбандыққа шалар деген сен болатынсың, жырау! Бөрі емеспін, адаммын! Ел үшін ерімді бергем... Бүгін ұлымды ұстатам ашқарақ көзді қомағайға!

Әділ сұлтан, - табандағы тұяғым едің. Міндет артам. Кішірейгеннен кісілік жоғалмас. Іргеде тұрған айдаһарға жіберер ақүйлі аманатымның басы - өзіңсің! Қытайға аттанасың!

Әділ. Құп, алдияр! Садақаға шығармағаныңды білем.

Абылай. Кел бері! *(басқалар кетеді. Тасада Колбичев тыңдап тұр).* Түйіп ал көкейіңе! Жазғытұрымғы жүз отыз қытай елшісін көріп ең, ә.

Әділ. Иә, көке! Мәжіліске де қатысқам.

Абылай. Боғдыхан келер көктемде Самарқанға шабуыл жасамақ. Соған күш-көлік сұрайды. Қос-қостап жылқы, келелеп түйе сұрайды. Сұрамайды бер дейді!

Әділ. Сол-ақ па, көке?

Абылай. Боғдыхан: “орыс боданын тастап, қарамағыма кір, қанатымды панала!”,- дейді.

Әділ. Не деп жауап бермексіз?

Абылай. Самарқанға шабуыл жасаймын деуі - сылтауы ма, сынауы ма - көзім жетпейді. Іргеме келгені - ірілігін танытқаны. Сұғынбай бұрылып кетер болса, сұрағанын берер едім. Соны сен жеткіз. Түсіндіріп жеткіз, ұлым.

Әділ. Самарқан ше?

Абылай. Еліңе жау тимесе, басқаның дауына басың ауырмасын, балам. Ал қолтығыма кір, қоластыма өт дегеніне келісіп, бас изегенімді ғана білдір.

Әділ. Орыс бодандығы ше? Қамытын сыпырасыз ба?

Абылай. Ондай атты күн қайда, балам!.. Ал боғдыхан тақымдап сұраса, бізді Ресей боданынан кетеді де. Көкем кетеді де. Сөйтіп қыспаққа түскен халқымды жауын-жауынның арасымен аман алып өтем. Елді қорғап, мәмлакатты сақтап қалсам, күнәмді келер күн, төл ұрпақ кешер. Кешірер бәлки!..

Әділ. Көке, ажар салсам, ағаттық көрмеңіз. Бір ұзын етекке назарым ауып еді, алай-бұлай боп кетсем... соған көз қырыңызды сала жүріңіз.

Абылай. Кім еді? Тегі қандай?

Әділ. Төрені қарадан бөлмеймін деуші едіңіз, тергеуіңіз ұнамай тұр. Тегі - қазақ, кегі - ел кегі. Аты - Нұрбике!

Абылай. Мақұл, Әділ! Кане енді ықыласыңды берші! *(құшақтайды).*

Бар! Анаңа кіріп шық! *(Әділ кетеді. Абылай ойланып тұрып қалған).*

Колбичев. *(беріде, өзіне.).* Қытайға қол қусырмақ! Россияны талақ еткісі келеді дикарь қайсақ! Халқымды сақтаймын дейді. Сақтатам! Білмей жүр екен орыс штыгінің қалай сұғыларын! Білгіземіз, Абылай! *(Кетеді. Асығып ханым шығады).*

Ханым.

Құлынымды құрбан ғып құлқынға тастап,
Қаншықтай ұлытайын дедің бе, тақ ием!
Таста тамыр, төреде қан болмас,
Рас па сол? Көзің қалай қиды?
Әділім - тірлігімнің өзегі ғой,
Өзегімді сындырғаның неткенің?!
Зарым енбес меңіреу мең?
Жасымды көрмес басыр мең?
Жүрегім жанып, көкірегім суалды ғой, алдияр!

Абылай.

Ханым! Сабыр ет! Сабаңа түс!
Жанымның үнсіз күрсінгенін естісең -
Әлемнің бүкіл жаңғырығынан безіп кетер ең!
Жүрегімнің қақ жарыла тілінгенін көрсең -
Аналық мейірдің ақпейілімен үстіме түсер ең!
Иә! Баламды бердім! - басқа амалым қалмады!

Құлап келе жатқан тасқынға
Бөгеу ғып қояр қалқам болды Әділ!
Жолындағыны жалмап келе жатқан қара өртке
Далбасалап сепкен тамшым болды Әділ!
Балам - менің де бауыр етім еді,
Қабырғамды сөгіп, сылып алып тастадым -
Хақыма төнген апатқа тосқауыл еткелі!
Түсінсеңші мені, ханым-ау!

(Иығынан сипайды. Қараңғы түседі. Гүрс-гүрс зеңбірек үні. Шақ-шұқ мылтық даусы. Қаракөлеңкеде ерсілі - қарсылы жүгірген адамдар. Боздаған, зарлаған үлкен-кіші. Пики к бою! Шашки вон! В атаку марш-марш!" деген бұйрықтар. Сәлден соң жарық сахнаға мол түседі. Тағы да шұбаған, босқан көш).

Шығай. Не болды?

Шал. Не болушы еді? Қаусап, күйреп келеміз.

Кемпір. Даланың шаңынан да қазақтың жауы көп екен, Абылай! Құттыбегімді жұтқан қалмағы бітіп еді, шүршіті шідерледі. Шүршіті кетіп еді, орысы кідіңдеп, мұжығы дігерледі!

Батыр.

Уау, Абылай!
Еліңе әперген еркіндігің осы ма?
Еңірегенде етегі толып барады ғой!
Әлде өрісіңді орысыңа біржола беріп қойып пең?

Абылай.

Тағы да зар, тағы да шер!
Мұң тиылар күн жетер ме қазаққа?..

(Нұрбикені көріп, қасына жақындайды).

Ә-ә... қарындас... Қолыңа қылыш ұстапсың...
Ел кегін қуған қай қызымсың?

Нұрбике. Мен - Нұрбикемін, алдияр!..

Абылай.

Өзегінде өрт лаулаған Нұрбике сен екенсің ғой.
Өксігіңді бөлісуге тырысармын, қарағым,
Өзің айтшы, түсіндірші босқын елдің күйігін!

Нұрбике.

Зорлықтан қорлық өрбісе,
Зарымнан жаның түршігер, алдияр.
Қалың қол жауға тосқауыл боп кеткенде,

Қалың сор қазақ аулына құтырынып жетті!
Әскерлік барлауға шыққан сібір казактары
Қыбырлап жүрген бейқам елге
Дүбірлеп жетті де оқ боратты.
Сәбидің шырылына, шалдың сақалына
қарамады.
Оқ тескен көкіректерден
Нәрестенің алқызыл қаны ақты.
Қарияның сарысуы сауылдады.
Бөріктіңді қорлап, көріктіңді зорлап, ананы
аңыратты.
Қырғидай тиіп, бейбіт ауылға ақырзаманды
орнатты.
Ақырып айбат қыла алмай,
Аңырап босып келеміз, алдияр,
Қырғынға ұшыратып, кәріне мінген
Қызыл телпектілерден шошып келеміз, хан ие!

Абылай *(Қайнар ашумен қалшылдап тұр).*

Қанатына алғанда - қанымды шашам демеп ед,
Қолтығына енгенде - қолқамды суырам демеп ед!
Есіктен кіріп, төріме озған соң тайрандауға
кіріссе,
Өрісімді алған соң, қонысымды ойрандауға
кіріссе,
Атамекенімде еркін аттап жүре алмасам,
Армансыз ойнап-күліп, бейбіт тірлік сүре
алмасам,
Патшаға берген ант, басқан серттің қадірі не?
Жылап өмір сүргенше, күліп кірем қабіріме!
Антты бұзғанды ант ұрсын!
Серттен тайғанды тәңір соқсын!

(Колбичевті көріп қалады да ымдап қасына шақырады).

Кел бері! Ашу-ызамды анықтап ұғып ал!
Кегімнен құйып кесек тас берем! Қойныңа тығып
ал!
Тайдың да, тұлпардың да өзіндік шабысы болады.
Аз халықтың да шегінбес үлкен намысы болады.
Селеу шаштыңды ат көтіне салып, өш алам!

Аузы түктіңді найзаммен іскектеп, кек алам!
Мәтүшкеңнің маңыраған даусын аспанға
жеткізем!
Шуағыңды - боран, көрген күніңді қаран еткізем!
Жыртқыштарыңа тез жет! Қапы қалмасын!
Алмадай басын ұшырар алдаспаным мен
алмасым!
Антты бұзғанды кек ұрсын!
Тәңірі атсын! Көк ұрсын! Көк ұрсын!

Бұқар.

Әй, Абылай, Абылай!
Тілімді менің ал-сана,
Ашуға құрық создырмай
Ақылыңа сал-сана,
Орыс деген ордалы ел
Бейбіт жолмен бітісіп,
Кеңесіңе кел-сана.

Батыр. Тежеме, жырау! Абылайдың онсызда күр-кіреуі көп те сіркіреуі жоқ. Халқын қан қырғынға көлденең тоса беретін Абылайың бұғып қалса, айқасып барып азат боп өлер мен бармын! Мен көтердім қылышты!

Қанай. Е, бәсе! Қашанғы төзе береміз!

Қабанбай. Әй, бір құрышымды қандырып, аппақ сауырларын жалаңаштап көк сүңгіні бойлата сұғармын-ау!

Шал. Өз жеріңнен өзіңді қуғаны-ақ жаныңа батады екен. Анау бабамның бейітіне жолай алмай, құран оқытудан да қалдым.

Қанай. Шаңдатып келіп шауып алады да отырады! Арақ дейтін жынды суын ішіп алады да, бөрідей талайды. Соңдағы өздері жабайы деп атайтын бізден несі артық, ей, ә!

Абылай.

Әне, жырау, ел үкімі айтылды!
Қайтар жол жақ! Ұшыратпа қарғысқа!
Тұрмаспын енді қайтармай кекті қоздаған!

Бұқар.

Қарғыс емес әлі бұл,
Тілімді менің алмасаң,
Қарғыстың зорын көресің!

Ай, Абылай, Абылай!
Сені мен алғаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Төле бидің қолында
Түйесін баққан құл едің.
Қай жеріңде төре едің,
Жалаңаяқ жар кешіп,
Бөз тоқып сартта жүр едің.
Сен жиырмаға шығарда,
Ақ сұңқар құстай түледің.
Қылышыңды тасқа біледің.
Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Алты алаштың баласын
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ашуланбай, Абылай!
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Тентегі үшін он шақты
Орыспенен соғысып,
Қырып алып халқыңды
Басына сені көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Қатар тұрып патшамен
Кеңес қыл де кесім ет,
Алдына түсіп бағынба!

Абылай. Тоқтаттың, жырау! Өзім үшін адассам да, ел үшін қате баспайын! Аямас қас тұс-тұстан қамаған соң, қалшылдап кеткенім рас. Бірақ қарысқаным - қарысқан! Алысқаным - алысқан! Қотанымнан жетелдікке тышқақ лақ, үйірімнен қотыр тай бергізбеспін.

Әй, Мекелай! Жеткіз жандаралыңа! Қазақтық кегімді қайтармасам, төбеме қазық қаққызармын.

(Кетеді).

(Мелшиіп қалған Колбичевтің қасына Нұрбике жетіп келеді).

Нұрбике.

Қаншелекке сөздің зілі өтпесе,
Хан бұйрығын дүреммен жеткізейін!
Бар деді ғой саған! Жендетке жендеттік рауа!

(Қамшысын көтеріп) Мә, ендеше!
Әйелдің соққысын көр де, осы қорлықтан
жарылып өле қал!
Елімнің зарын әніңдей сімірсең,
Халқымның кәрін қамшыммен арқаңа құяйын!
Тыңдағың келмей ме? Ойбайлатып тыңдатайын
онда!

Бұқар. Тоқта, қарағым! Елшіге қамшы сілтемес! Еркекке ұрғашы қол көтермес.

Нұрбике. Ә, сонысы бар ма еді?.. Қап, болмады-ау, болмады! *(Ханым ілгері шығып, құшақтайды. Нұрбике еңірейді).* Сіз бе?.. Апа-а! Әділ қайда? Неге жібердіңіздер? Қайтіп қана жібердіңіздер?

Ханым. Жылама, қалқам! Келеді... Келеді Әділжан!

Нұрбике. Дүние түгел атыс пен шабыс!.. Қашан тоқтар?.. Шуақ шашар күн қайда? Апа-ау, жанбай сөнер тілек пе?.. Сағынып өксір жүрек пе?..

Ханым. Күрсінбеші, күнім! Жүрек тілегіне жетер. Жетер, жарығым! *(Ханым Нұрбикені ертіп алып кетеді. Жұрт та шығады. Батыр сұлтан отырып қалған. Әріректе Шығай қарайлап тұр).*

Батыр. Құдай-ау, бұл Абылайға не рауа?.. Атпаған оғым, айтпаған қарғысым қалмады. Бірі өтпейді... Ел түгел соған ауды. Қара екеш қараның қызы да хан ұлының қамын жейді. Әлсіреген тынысым... тынысым емі - алтын тақ қайда? Жеткізбеді! Неге?! Атам Қайып хан кем бе еді? Бағам кейін бе еді? Қатем не? Халықты құрбандыққа шалғаным ба? Ендеше тағы аттым қарғысымды... *(атып тұрады)* кесапатымды құл қазаққа! Қаза-ақ-қа-а! *(Сылқ шөгеді. Шығай ентелеп келіп басын сүйейді).* А-а! Тақ қайда? Әпе-еер-ші-і! Ұста-ат-шы!

Шығай. Бәке! Оу, Бәке! Түсің бұзылып кетті ғой!.

Батыр. Сен... Сен бедің, Шығай?! Кегім!.. Қайтпас кегім қалды. Сенде! Ақи-ретте тосам алдың-нан... Әбілман-сұрдан... а-а... Абылайдан қайтар... сен қай-та-ар кек-ті-і... *(Басы сылқ етті).*

Шығай. Жеңе алмай, жете алмай сөндің-ау, Бәкем! Бақұл бол!

Шымылдық

БЕСІНШІ СУРЕТ

Буравай. Хан ордасының алды.Той дүрбелеңі. Әріректе жаршы,тойшылар.Беріде Шығай мен Нұралы.

Жаршы.
Абылай ханның тойы бар,
Үйлентпек ұлын ойы бар.
Ақ түйе қарны жарылып,
Қоралап сояр қойы бар.
Ақсарбас бүгін сойылар
Араздық мүлде қойылар.
Тағы да тағы ойы бар,
Алты алашты шақырған
Алдиярымның тойы бар.
Той, той! Той, той!

Шығай. Әбден асты-ау, Абылай! Түкірігі жерге түсер емес.

Нұралы. Тойының дүбірі де жер дірілдетіп жатыр.

Шығай. Аспанды төңкеріп жібермегеніне де шүкір. Қазір оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Дүниенің түгел төрт бұрышына созса қолы, басса аяғы жетіп тұр.

Нұралы. Аяқ астынан қалай дүрілдеп кетті? Сен соның сырын ашшы маған.

Шығай. Ұлытаудағы диуанда уай, Нұралы, осы сен де Дауашыны берме деп Абылайдың сойылын соқпап пең. Бәкең марқұм, Батыр сұлтан өзіңе сонда қатты ашынып еді. Дүрілдеткен өзіміз ғой...

Нұралы. Шығай-ай, Абылайдың бірімізді бірімізге айдап салып, өзі ірі боп төтелеп озып жүрерін онда білмедім ғой.

Шығай. Жауын қырып, дұшпанын жойған Абылайға қара қазақ құлап түспей қайтсін. Екі тізгін, бір шылбырың қолында енді! Иығыңа міниң, қос өкпеңді тепкілейді де отырады!

Нұралы. Қытайды қалай алды? Несімен алды? Қаптайы, таптайды деген қара қытаймен әмпей-жәмпей.

Шығай. Қытай, Қытай!.. Көптігі болмаса, иттігі аз оның. Өзгеге өздігінен тиіспейтін момын халық зымиян Абылай соны елден бұрын сезген. “Бұйдамды бердім, буыршының болдым!” деген соң боғдыхан құлаған да қалған.

Нұралы. Әй, терең-ау, терең ғой Абылай! Мен Ресейге жалтақтаумен күн кештім. Орысың жалын ұстатпақ түгіл жанына жолатпады. Өзінен өзгені менсінбейтін ел екен. Абылай ә дегеннен орысқа ішін бермеп еді. Адасқан біз! Адасқан мен!

Шығай. Мүмкін... мүмкін... *(Сахнаға Әділ, Нұрбике шығады).*

Әділ. Нұрбике! Тілдесе алмай кеттім деп өкінуші ем... Армандағанымнан асып түсіп, алдымнан шықтың-ау!..

Нұрбике. Апам! Мені тапқан да, үміт отын жаққан да апам! Сен келеді деп көңілімді жұбатқан! Қуантқан жанымды!

Әділ. Ал көкем үшін де қуанам!.. Оған да, саған да қуанам. Тірліктегі шырағым өзің ғана, Нұрбике!

Нұрбике. Мен оңашада... өзіңді сағынғанда көп айтушы едім... Бәрін айтушы едім... Қазір тіл қысқа. Кеудем ұйқы-тұйқы!.. Мынау қызығымды қуанышымды ақтарып алмасам!..

Әділ. Айтпа ондай күдікті! Жарымсың! Жақынымсың!

Нұрбике. Әділ, сен әлгінде көкем дедің... Неге?

Әділ. Разымын көкеме! Дүниеге тыныс берген сол ғой! Ал Қытайдан осы жолы олжалы қайтқанын өзің де білесің.

(Осы кезде Нұралы жөткірінеді. Екеуі жалт-жалт бұрылады).

Нұрбике. Ой, ұят-ай! *(Иіледі).*

Нұралы. Бақытты бол, Нұрбикежан! Қосағыңмен қоса ағар! Құсың қайырлы болсын, Әділ сұлтан! *(Нұрбике кетеді).*

Әділ. Айтқаныңыз келсін, Нұралы аға! Көкем сізді іздетіп еді.

Нұралы. Барам. Көкең олжалы оралды деймісің?

Әділ. Олжа дегенде көкеме боғдыханның көрсеткен құрметін айтам. Қазаққа хан сайлағаны әсіресе көптің көңілінен табылды!

Шығай. Хан?! Абылай ма?

Әділ. Сіз... сіз естімеп пе едіңіз? Бүкіл дала: тауы, тасы үш айдан бері жаңғырып жатыр ғой!

Нұралы. Естіген, Әділжан, естіген бұағаң. Сонсоң... тағы қандай ықылас білдірді.

Әділ. Қайсыбірін айтып тауысайын. Мені елден көшіріп қайтарды ғой. “Бәрінен де бұрын суырылған қылыштың қынабына салынғаны. Желкеден төнген зеңбіректің кері бұрылғаны керім!” дейді көкем. Халықтың бейқам көші, бейбіт тірлігіне не жетсін!

Шығай. Жә! Оны сенсіз де білеміз. Тілмарсымай тоқетерін айт! Осы сапар Абылай Сайрамкөлде кіммен кездесті? Не жөнінде келісті?

Әділ. Сайрамкөлде ме... Іленің жанжұнымен!

Шығай. Жанжын-манжын... Шатып бұтпай дұрыстап айт! Кім оның?

Әділ. Шығай аға, сіз қырсықпаңыз? Менің де өз қырсығым өзіме жетерлік.

Нұралы. Әділжан, ағаны інісі сыйлар болар.

Әділ. Ә, солай екен-ау! Жанжүн - Іленің жандаралы. Сол арада көкем екеуі қазақ пен қытай арасындағы сауда келісімін жасады. Тарбағатайдағы Шәуешекте, Іледегі Құлжада айырбас базарлары ашылды. Бұдан былай қазақтар малына Қытайдан не керектің бәрін алады.

Шығай. Ондай базар Орынборда да бар.

Әділ. Бар. Бірақ орыстар түкке қажеті жоқ жылтырақ, жалтырақтарына құдайдың құнын сұрайды. Астық бермейді. Кездеме бермейді. Нұралы аға, сізге көкем зер шапан жауып, қылыш тапсырмақ.

Нұралы. Алда разы болсын, Әділжан! Қазір барам. *(Әділ кетеді).*

Шығай. Абылай Боғдыханның сеніміне еніп, шапағатына бөленсе, көлеңкесіне зар қылар әлі. Бар, Нұралы хан, бар! Тос арқаңды! Шапанымен бірге иығыңа қамытын қоса салсын. Маңайына үш жүздің игі жақсылары неге жапырласып, жалбақтап кетті деп

ем, шен-шекпенді ендігі ұлұғ Абылай хан үлестіретін болыпты-ау. Балақтағы бит басқа шыққан заман-ай!

Нұралы. Ой, тәйірі, Шығай, өкпеңді қабынта беретінің не. Жарыстық. Жағаластық. Ол жеңді, біз мүдірдік. Бірақ апаттың алдын алды ғой Абылай. Қауіпке қарсы тосқауыл қойды ғой. Шығысымыз тыншып, халқымыз тынышталды ғой.

Шығай. Не шатып барасың, хан?! Шапанға сатылайын дедің бе?! Құлдан хан шыққанын қашан көріп ең?Сабалақ немең билер кеңесінің шешімдеріне құлақ аса ма бұрынғыдай? Жоқ! Өзі хан! Өзі құдай!

Нұралы. Мен... мен әлі онысын көре қойғам жоқ.

Шығай. Көресің! Кіші жүзге бүгін құрық салмаса, ертең салады ол. Бұғалықтайды да, қыр арқаңа бір-ақ секіреді. Ал, сен!.. Аруақ қарғысы жетер! Табар әлі оны!

(Сахнаға екі жақтан халық мол кіреді. Абылай, Бұқар,Қанай, ханым, Қабанбай батырлар алда. Сәл кейіндеу Әділ).

Нұралы. Қайырлы болсын, Абылай! Тойыңа той ұлассын!

Абылай. Ықыласыңа разымын, Нұралы хан! Жел жағыма төбе қондырғандай төбе көрсеткеніңе бек ырзамын. Әділ, ханға шапан жап! *(Әділ зер шапан жауып, қылыш ұстатады).*

Нұралы. Тілек біріксе, тізе қосылар, хан!..

Шығай. Хан емес ол әлі, шатаспа, Нұралы хан!

Абылай. Шығай сұлтан дұрыс айтады. Хан емеспін. Ақ киізге сап мені хан көтеретіндердің бірі - өзіңсің! Ханым! Шығаи қайыңа өз қолыңмен шапан жап!

(Ханым шапан жабады. Шығай иығын қиқаңдатады).

Ханым. Тіршілік ету - бәсеке жарысқа түсу қайным. Күнде озу жоқ. Күнде қалу да жоқ. "Үмітсіз - шайтан" екенін де ұмытпа.

(Осы кезде дауылпаз дүңгірлеп, керней барылдап кетеді).

Дауыстар: - Ақ түйенің қарны жарылды!

- Ақ боз айғырды құрбандыққа шалды!

- Иә! Тамақтан Қолеке батыр орып жібергенде қызыл қан ақ киізге ою боп түсті!

- Әне, Қабанбай, Жарылғап, Олжабай, Қолеке, Күлсары батырлар киізді әкеле жатыр! Ханды көтеретін ақ киізді!

- Сүйінші! Абылай сұлтанды хан сайлаймыз!

- Жол беріңдер! Имамды бөгемеңдер!

Бұқар. Уай, халайық! Ұлыс өрісті армандайды. Халық жеңісті тілейді. Бүгін армандаған өріске жеттік. Зар тілекпен жеңісті таптық. Ойда орыс, қырда қытай мақұлдап, көніп отыр бүгінгі бірлігімізге. Елдігімізге!

Шашырап жүргенімізде санамай жеуші еді олар. Бытырап жүргенімізде бұтарлап асаушы еді олар. Бытыраған басымызды қосып, ірігенімізді біріктіріп, іргемізді бекіткен Абылайды хан көтермек халқы. Мына сендер! Өздерің, халайық!

Дауыстар: - Көтереміз! Ардақтаймыз!

- Өзіміз сайлаймыз! Хан сайлаймыз!

Абылай. Уай, елжіреген елім! Қасиетті халқым! Ниетіңе тойдым! Толдым! Әркім өз ботасын үкілейтіні рас. Енді көп шашыла бермейік. Мен өз бәсімді білем.

Қанай.

Жоқ, Абылай!
Кімнің жақсы, жаманын
Бір жаратқан хақ білер.
Ханның адал, арамын
Елі ұсынған тақ білер.
Қадірліні халқына
Ағайын білмес, жат білер.

Бұқар. Онда бөгелмейік. Имамға кезек беріңдер.

(Имам дұға оқып, үш рет "Аллаһу акпарды " айтып бет сипайды да, Абылайды жетектеп апарып жерде жатқан ақ киіздің үстіне отырғызады. Киіздің бір шетінен Нұралы, екінші шетінен Бұқар, үшінші шетінен Қанай ұстайды.Сәл бөгеліс.Қыбырсыз тұрған Шығайға Абылай сесті қабақты жалт еткізеді. Дір еткен Шығай төртінші бұрышқа жармасады. Сол-ақ екен Қабанбай бастаған батырлар ақ киізді тұс-тұстан ұстап тік көтеріп әкетеді).

Дауыстар: - Бағың өсіп, бағаң аса берсін, алдияр.

- Сен ұлтың үшін жан қиюға барсаң, біз сен үшін қан төгуге әзірміз!

- Еліңнің мәңгі қорғаны бол, бағаналы ордалы бол!
- Асқақ болма, кең бол, қарамен де тең бол!
- Мәртебең өсе берсін, дұшпаның өше берсін!
- Аллажар! Аллажар! Аллажар!

(Киізді жерге түсіреді. Абылайдың үстіндегі шапанды шешіп, Бұқар хандық шапанды иығына жауып, хан телпегін (қалпағын) кигізеді. Халық ақ киізді дуылдасып, бөліп алып жатады. Сұлтандар, билер Абылайды сүйемелдеп апарып хан тағына отырғызады).

Абылай. Ағайын! Қарындас халқым! Қасіретіңді азайтам деп жүріп қасиетіңді таныдым. Сен жар жағалағанда, мен қиядан өткел іздедім. Қайрап салып, сол қиядан қиялатып сүрлеу тапқыздың. Жолдың бәрі даңғыл емес екен. Даңғылдың бәрі тура емес екен. Иншалла адастырмас бағытпен азаттық деп қозғалып кеткен осы салқар көшімізді алауыздық атты жау шаппаса, араздық деген бөрі торымаса, қонысы қайырлы, өрісі байсалды болар. Өйткені өзіміз бұзбасақ ұлттың тұтастығын жеңер күш, халықтың бірлігін ыдыратар құдірет болмайды екен. Асылды елден таптым. Досымды өзіңнен таптым, жұртым! Көп мінімді көрмеген болдың. Ел үшін, асқақ рухын сақтау үшін, болашақ күндер қуаттылығы үшін, жеріңді келімсектен тазарту үшін өз жанымды өзім дүрелеп арылармын кемшіліктерімнен!*(Колбичев бастаған орыс елшілері келеді).*

Колбичев. Қазақ даласының ұлұғ мәртебелі Аблай салтаны!

Дауыстар: - Не деп тұр мына сары орыс? Сұлтаны нес?!

- Хан деуге аузы бармай ма?
- Неге бармасын, әдейі от шашқаны ғой.

Қабанбай. Осыны шиборбайынан екі-ақ тартып, екі айыра салсам, басымызға тағы да бәле тілеп алам-ау!

Абылай. Ә, бәлкеуник Мекелай, мырза! Шенің өсіп, шекпенің қымбаттапты. Құлағым өзіңде.

Колбичев. Аса зор мәртебелі императрица Екатерина Алексеевна ұлы Россияға сіңірген қызметіңді бағалап, Сізді, Аблай салтан, күн сәулелі қазақ даласына хан етіп сайламақшы. Орыс шекарасына барып,

ант беріп, алтын тон киіп - хандық белгіңізді алып қайтуыңызды өтініп, біздерді Сізді шақырта жіберді!

Абылай. Колбичев мырза, қарашы анау ту сыртыңа! Көлбеген тауды көрдің бе? Шалқыған көлді көрдің бе? Сол тауды көтеріп кете алармысың? Мынау көлді арқалап әкете алармысың? Жоқ! Ендеше, халық көл сияқты. Хандық соған ықтасын тау сияқты. Көлді мұнан тауып, тауды басқа жақтан әкелу қандай мүмкін болмаса, хандықты өз жұрты, өз ұлты өз қолынан ханына бермесе, өзгенің сыйлауымен келмейтінін ұлы мәртебелі патшайымыңа ұғындырып айт! Мені алқалап төрге шығарған да, терісім болса, босағада телміртер де ерік халқымда! Қазағымда ғана! Ал дос болам дегенге құшағым ашық. Көрші болам дегенге ерулігім дайын. Осымды жеткіз, Колбичев мырза. *(Елшілер үнсіз иіліп, шығып кетеді).*

Ағайынды қарындас! Хан көтеріп сенім білдірсеңдер, мен жаңа тілеу бастайтынымды айтам. Бүтін елімізді бөлшектеп, тұтас ұлтымызды тілгілеп, бүлік басы боп енді Қоқан бегі мен Солты манабы жеріміздің шаңдатып жүр. Қасиетті қара шаңырақ - Түркістанды, Созақ пен Сайрамды, Тәшкен мен Әулие-Атаны бізден бөліп алмақ ниетпен қос өкпеден қадалмақ, олар.

Мен семсердің сыңғырынан гөрі сәбидің күлкісін көбірек ұнатам. Амал не, елімнің еркіндігі берік болу үшін, ұлтымның ұйқысы тәтті болу үшін оңтүстікке жорық ашпақпын. Өйткені туған жердің әр тасы киелі! Туған жердің әр адамы қадірлі! Қадірлімді құл еткізбеспін! Киелімді жат табанына бастыртпаспын!

Дауыстар: - Марқаба! Марқаба! Марқаба!

(Халық тарайды. Сахнада Абылай, Бұқар. Колбичев келеді).

Колбичев. Абылай хан, аса ұлұғ мәртебелі императрицаның қолын неге қақтыңыз? Грамотасын неге алмадыңыз?

Абылай. Мекелай, сен неге алмағанымды шынымен сезбедің бе?

Колбичев. Мен келген бақты басқа тепкен сізді көрдім. Ұлы Россияның мейірімі кім көрінгенге түсе бермейді.

Абылай. Түк сезбепсің. Сенікі, орыстардікі мейірім емес, башқұрт пен татарды, қалмақ пен қазақты жабайы һәм тұрпайы деп менсінбеуден туған астамшылық қана, Мекелай!

Колбичев: О-о, жоқ! Біздің халықтың адамгершілігі мол. Досқа адал. Мен... мен Сізді ұнатам *(жақындайды).*

Абылай. *(жақтырмай).* Апырай, аузыңнан атқан иіс тура алпыс жыл аршылмаған апандай боп қолқамды қауып жіберді-ау! Тағы ішкенсің, ә? Сендердің түбіне осы арақ жетеді.

Колбичев. Іштім! Тағы да ішем! И сендерді де үйретеміз араққа! *(Колбичев төлтіректей басып шығып кетеді).*

Бұқар. Алдияр! Патшайымның қолынан хандықты алмау себебіңіз маған да жұмбақ боп қалды.

Абылай. Ол - олардың, орыстардың шарғысы ғой, жырауым. “Біз бекітпей сен хан болмайсың! Біз ғана хан қоямыз, жаратпасақ, біз ғана қалпақтай ұшырамыз! Бүгін де, бұдан былай да орыссыз тырп ете алмайсыңдар!” деген ескертпесі ғой. Осылардан бөліне алсақ... Халқымды бөле алсам шіркін!.. Сұғынып кіріп, сұғанақтана ұмтылып, қойның мен қонышыңды, қорымың мен қойнауыңды қорқаулана ақтарып, барың мен байлығыңды сорып жатыр ғой. Содан қорқам.

Ал, Қытай!.. Ол әлі кимелей қойған жоқ. Мүмкін кимелемес те. Онымен келісуге болар. Сенгім бар.

Ал, Ресей! Ес жинамасақ, есеп қайтармасақ, бұлар ел билігін өзімізге көп ұстатпас. Біздің тізгінді уысына алар. Қысар халқымды жұмырығына. Шығармас... *(Басы сылқ түседі. Бұқар үнсіз шығып кетеді. Ораз елесі көрінеді).*

Ораз.

Сабалақ едің - құл едің,
Әбілмансұр едің - ұл едің,
Абылай хан болдың! Абылай!

Абылай *(ұшып тұрып, дүр сілкініп).*

Хан емеспін, ұлымын мен халқымның.
Құлы болам, құтқармасам құлдықтан!
Көзден аққан қанды жасын тиярмын,
Өксік буған жан ыңқылын басармын,

Самұрықтың шеңгелінде шырылдаған елімнің!
Қазақ аты тауарихтан өшпейді!
Айдаһарға самұрықты салармын!
Самұрыққа айдаһарды жұмсармын!
Жендеттерім жентектесін бір-бірін!
Көзім жұмбай, кеудем мұз боп суымай,
Қазағымды жұтқызбаспын ешкімге.

(пауза)

Ұлтыма ұмытпастай ұл бола алмасам,
Ұранын үдетіп айта алмаған шығармын!
Асқақ әнін аспандатып сала алмасам,
Кеткен кегін қайтармаған шығармын!
Бірақ тілегім оң, ниетім түзу!
Ұранымды айтып, әнімді салар
Болашақ төл ұрпақтарға сенем!
Солар мені ақтап алады.
Солар мені не он екі қарыс оққа таңады...

Музыка

Шымылдық

Әумин!

1992 жыл.

ОРДАБАСЫ

(Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді еске түсіруге арналған күндердің театрландырылған көрінісінің сценариы)

Бастаушы: Мамыражай ел. Ауылда келін түсіру тойы басталып кеткен. Алтыбақан басында қызыл-жасыл киінген жастар. Қыздар мен жігіттер айтыстың бір парасы - ән шарпысуын дуылдатып әкетеді.

Жігіттер:

Қалғысын қазағымның Қаратауы,
Басқаның таласы жоқ дара тауы.
Сызылып ән кеткенде түн қойнына,
Алаңсыз маужырасын жар отауы.
Ей, бозбала, қыз бала!
Қабақ түйіп сыздама.
Түн белгісі - сыз ғана.
Түнек серпер біз ғана.
Сазға бөксін түз, дала,
Шырқа әуенді, қыз бала!
Күй нөсерлет, бозбала!

Қыздар:

Оянсын таста ұйықтаған таудың құсы,
Құрысын ел торыған жаудың мысы.
Жаңғырсын тауға барып әсем дауыс,
Әуенмен ажарлансын таңның түсі.
Ей, қызбала, бозбала!
Түн еркесі - саз ғана.
Жүрек сырын қозға да,
Әніңе бас наздана.
Сазға ұйысын боз дала,
Жырың толға, бозбала!
Үзілт әнді, қыз бала!

Дауыстар: - Келін келеді! Келін!

- Шашу қайда? Шашу! Шашу!

Бастаушы: Жұрт мәз. Қалыңдықпен күйеу ортада. Қаумалаған көпшілік Керей Қожаберген жырауды қошаметтеп ертіп келе жатыр.

Дауыстар: - Беташар айтылады: Беташар.
- Шуылдай бермей, беташарды тыңдаңдар, ағайын.
- Анау Кожаберген жырау ғой, ә.
- Сол! Өзі! Беташарды Қожакең айтады, әрине!

Қожаберген.

Алқалаған ағайын,
Көңіліңді табайын,
Жүректің жылы тілегін
Шырақ етіп жағайын.
Айың туып оңыңнан,
Күнің туып солыңнан,
Жарқырап кетті маңайың.
Аққудай мойны иіліп,
Көрген адам сүйініп,
Келін келді ортаңа
Тамсандырып талайын.
Келіннің бетін ашуға
Бар өнерді салайын.
Келтіріп сөздің орайын!
Бір көлдің, келін, аққуы ең,
Қондың нағыз көліңе.
Жаманыңды жасырып,
Жақсылығыңды асырар
Мәңгі қоныс еліңе.
Мәуелеген ағаштай
Ұрпақ шашар жеріңе!
Құтты келін атанып,
Құрметіне бөленіп,
Шығыңыз көңіл төріне!
Жастары бар, қарты бар,
Беташар деген салты бар.
Сол кәдені жасаңыз
Жан-тәніңмен беріле.
Иіліп сәлем етіңіз,
Жиналған мынау жұртыңның
Біріне емес бәріне!

Дауыстар: - Көргенді, көгенді бол, келінжан!
- Иманды, жиғанды бол, шырағым!
- Қосағыңмен қоса ағар, келінжан!

Қожаберген. *(Келіннің бетіп ашады)* Шырақтарым, сендер бүгін жар, жар атандыңдар. Бір үйдің, келінжан, қабырға-жары сен болдың. Сол отаудың, ұланым, берік қорған қабырға-жары сен болдың! Жайыңдар қолдарыңды. Батамды берейін.

Бастарыңа бұлт төнбесін дегім бар,
Шашыраған Күн сөнбесін дегім бар.
Кеуделерге кек енбесін дегім бар.
Хақтағалам зар бермесін дегім бар,
Өрісіңді тек мал бассын дегім бар,
Шадыман мен той алмассын дегім бар.
Қайтейін-ай, мынау бұлдыр жалғанда,
Тірлікті ұрлап, шұғыл жетер өлім бар,
Ынтымақ пен бірлік күткен елім бар,
Ынтымаққа ынтық болған шерім бар.
Өр қазақтың отау құрған жастары,
Үлгерсеңдер шаңырақ көтер дегім бар...
Әумин!

Дауыстар: - Шаңырақты әкел!

Жаушы. Жау! Жау кеп қалды! Аттаныңдар! Аттан!

Бастаушы: Жоңғар хандығының халқы - ойраттың тұтқиылдан төнген сұрапыл шабуылы. Беймарал, бейқам қазақ қапыда қалған. Жебе шабақтаған, найза түйреген кәрі-жас. Отау иесі - жас жігіт шаңырағын көтере алмай, оққа ұшып, қалыңдық ат сауырында кеткен. Той топаланға айналып, зарлаған ел шұбырындыға ұшыраған. Шаңырақ қирап, ауыл өртенген. Тоналған, таланған жұрттың орнында қадау-қадау қалған кемпір-шал, бала-шаға. Үркін ел үрпиісіп жүр. Ортаға Қожаберген жырау шығады. Жұрт қоршап алған.

Дауыстар. - Жырау ата! Ел қайда? Мал қайда?
- Қол бастар ел бар ма? Ел бастар кемеңгер бар ма?
- Жігері - құм, аспаны - түн, шеккені - мұң кімбіз біз? Кімбіз, жырау, ата?

Қожаберген.

Қазақпыз өлмей кешеден жеткен бүгінге,
Жоғала жаздап, алып боп тұрар түбінде.

Тәуелсіз елдің шаңырағын көкке көтерген
"Жеті жарғылы" әз Тәуке ханның күнінде.

Иілгенге иіліп, шалқайғанға шалқайған,
Жар салып сарбаз жинаған Атыраудан, Алтайдан.
Батыс, шығысқа бас имей еркін тең тұрып,
Ала байрағын ұлтының сес қып марқайған.

Тәуке хан бар да дербес һәм азат ел едік,
Тәуке өлген соң ынтымақ, бірлік демедік.
Ірітіп іштен сұлтандар таққа таласып,
Татулығымызды қап-қара жерге бөледік.

Алауыз елге қарғыс боп тиді жұдырық,
Шаңырағымыз құлап, туымыз қалды жығылып.
Дау сауған елді жау шаппай қашан тұрушы ед,
Тоз-тоз боп тозып, ақтабан болдық шұбырып.

Бірігу қайда, әркімнің қамы - өз қамы.
Ар жатты өліп, намыс пен кегім қозбады.
Атадан бала, анадан қызы айрылып,
"Елім-ай" зары даламды кернеп боздады.

Бір жақтан тәлтіректеп жеткен ана күңіреніп тұр.

Ана. *(шұбырған босқынға қарап)*

Кімге сенгем? Панам кім?
Тұтқа болар кім қалды?
Ханға сенсем - қаран күн,
Сұлтан ұқпас мұң-зарды.
Бір-бірінен үрікпей,
Ынтымақ күн жетер ме?
Қазақ басы бірікпей,
Тоз-тоз болып өтер ме?
Бәріңе ортақ мұңым бар,
Бас қостырар кімім бар?
Бір-біріңе жат болмай,
Жауға қарсы тұрыңдар.
Елім! Елім! Елім-ау! Беу, Елім-ай!

Бастаушы: Музыкада "Елім-ай" зары күңіреніп, күшейіп, толқындап жаңғырығып кетеді.

Дауыстар: - Жол беріңдер! Ығысыңдар!

- Бар қазақтың жанашыр бабасы, пайғамбар данасы - Төле би келе жатыр. Ашыңдар ортаны.

- Жеткен екен қайран халық қамқоры, ел тірегі би ата!

Төле. Естідім зарыңды, кейуана! Түсіндім жаныңды, жырауым! Сен бүгін күйзелсең, мен бұрын күңіренгем. Ойыма сана, бойыма қуат құйған Тауым мен Далам еді. Пана бола алмадық. Айрандай ұйыған тірлігімізді ойрат ойрандады. Жар құлады, үй кетті. Рулы елден күй кетті. Ауыздағы ас кетті, жау қолында бас кетті. Неге? Еліміз бірліктен, берекеміз ынтымақтан айрылды. Алауыздық алқымнан алып, күншілдік кеңірдегімізге жармасты.

“Көппен көрген селебе. Селебені елеме”,- деп тұяқ серппей ноқтаға басты кере бергеніміз жетер. Түн ұйқысын төрт бөліп, ежелгі ата салтымен тұтамдап оқ жонар күн туды!

Уай, жігіттер! Тартыңдар Ұлытауға! Қаз дауысты Қазыбекке жеткізіңдер сәлемімді. Ел бетіндегі мұңды сынықшыдай тап басушы еді. Бүкіл Орта жүзін тік көтеріп әкеліп, қасымнан табылар. Ұлтын бірлікке, ұлдарын ерлікке шақырған Қазыбегіме жетіңдер тез!

Уау, қанаттарым! Ұшыңдар Мұғаджарға! Елінің еркіндігін, азаматының азаттығын аңсаған Әйтеке бидің жүрегіне тілегімді құйыңдар! Кіші жүзін тұтас атқа қондырып, қапталыма қосылар қасиеттім қаранарым!

Уай, өрендерім! Хабарды ханға емес, елге, қара бұқараға беріңдер. Сәлемімді сұлтандарға емес, батырларға табыстаңдар! Сонда ғана ат терлігін кептірмей, білтелі мылтық тұтатып, түтін үзбей оқ атқан аталардың ерлігін, жылаулы жұртым, сен жаңғыртарсың. Сонда ғана туған жердің туырлықтайын қалмаққа қалдырмай, өзің қайтарып алып, бабалардың батырлығын тірілтерсің!

Ұшыңдар, ерлерім! Қаз дауысты Қазыбек пен Алшын Әйтеке биді, қос қанатым - қос тірегімді беріңдер маған тездетіп!.. Енгізіңдер құшағыма!.. *(“Елім-ай ” зары)*

Бастаушы. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама да” дүниеге келген “Елім-ай” әні қазақтың кең даласын шарлап кетті. Босқан жұрттың азалы зарымен тарады. Ысқырынған желдің ызалы суылымен жайылды. Көбік шашқан көлдің қаһарлы толқынымен ұзарды. Бұл ән - ауған жұрттың атамекенін аңсаған арманды тілеуі болды. Бұл ән - қайғымен еңкейген кәрінің, еңбектеген сәбидің алдағысына бастар серігі де болды. Сауын айтқан батырлар мен ақындарының халқына ат-сойылын қамдатар, құдіреті мен қуатын шақыртар атойы мен ұраны да болды. Елдікті ән жоқтап, ерлікке ән бастады. Есін жиып, есесін іздеген халқымыз 1726 жылы Ордабасыға тау суындай құйылды.

I. Жаушы. Орта жүздің кемеңгер ағасы, исі қазақтың батагөй данасы - Қаздауысты Қазыбек би Арқадан жетіпті. Бидің қасында дұшпанның тобын тоздырған Бөгенбай он мың қолын бастап кепті!

Қазыбек. Аман, аман, аман бол!

Төле. Ел, ел, ел бол! Асу бермес бел бол! Келші, Қазыбегім! Берші ықыласыңды! Енші құшағыма!

Қазыбек. Бүтін билікке түгел жеткен, асыл ағам! Барым мен жанымды бердім. Жөнім мен жолымды тапсырдым, өзіңе!

II. Жаушы. Кіші жүздің данышпан иесі, туырлықты жұрттың қастерлі киесі - Алшын Әйтеке би кеп жетті! Қасындағы қандыауызға сырлап салған жебедей - Тама Есет батыр.

Әйтеке. Арма, халқым!

Төле. Бар бол, бар бол, Әйтеке! Берші ішіңді! Көрсетші сұсыңды! Жинатшы есімді!

Әйтеке. Тірімен танысқалы, өліге болысқалы келдім. Бердім, ердім, Төкем!

I. Жаушы. Он мың қолын дүркіретіп, адырнасына ала білек оқ салған Қаракерей Қабанбай батыр, әне оң қанатта тұр!

(Қабанбай батыр қолын кеудесіне төсеп сәлем береді)

II. Жаушы. Бір түмен ығай мен сығай сарбазы бар, ажалға қарсы жүгірген Шапырашты Наурызбай батыр сол қанатқа шығыпты!

(Наурызбай батыр сәлем береді)

Бастаушы. Осы сәт Ордабасыға жиналған жұрт

тұтастығын танытып үш жүздің ұранын дүркін-дүркін қайталайды.

Дауыстар: - Ұлы жүзбіз - ұранымыз “Бұқар! Бұқар' Бұқар!”

- Біз Орта жүз - ұранымыз - “Құндыз! Құндыз! Құндыз!”

- Кіші жүзбіз - ұранымыз - “Тұлпар! Тұлпар! Тұлпар!”

I. Жаушы. Арқарлы тауының етегіндегі “Үлкен орда қонған” жерден қазақтың үлкен ханы - Болат хан келеді, жамағат!

II. Жаушы. Ал мына тұстан, “Кіші орда қонған жерден” шыққан Әбілқайыр хан келе жатыр.

III. Жаушы. Сұлтандар - Батыр, Барақ, Семеке, Әбілмәмбеттер де тез жетіпті!

Дауыстар. Төренің ұраны - “Арқар! Арқар! Арқар!”

Бастаушы. Ұраны жаңғырығып жатқан төрелер паң. Болат хан мен сұлтандар тұстарынан өткенде әр ру өз ұранын атап, мына жиынға тік көтеріліп келген бүкіл қазақтың тұтастығынан белгі береді.

Дауыстар: Үйсінбіз - Абақ! Абақ! Абақ!
Арғынбыз - Ақжол! Ақжол! Ақжол!
- Дулатпыз - Бақтияр! Домалақ ана!
- Қоңырат - Алатау! Алатау!
- Манатау! Манатау!
- Жағалбайлымыз!
- Найманбыз - Қаптағай! Қаптағай!
- Кереймiз - Ошыбай! Ошыбай!
- Қыпшақпыз - Ойбас! Ойбас!
- Қожамыз - Құл Қожаақмет!

Билер, төрелер, батырлар шатырға жиналады.
Билер кеңесі басталады.

Төле. Алдияр Болат хан! Бауыры жаралы, жаны қаралы халқың алдыңа келіп, тізіліп отыр. Тынышын бұзған ойраттан намысын қайтарам дейді. Тынысын үзген қалмақтан туысын, танысын қайтарам дейді. Кешегі бейбіт дәурен қайда? Шынымен көзден ұшып, көңілден жоғалғаны ма? Неге аздық? Неменеге тоздық? Әз Тәукенің көзі едің, бауырыңды безге айналдырғаның қалай?

Тақсыр! Үш жүзің үйіріліп, алты арысың араласып

кеп бас қосты мына Ордабасыға. Ірілігіңді тап, ірткуіңді теже, хан! Аңыраған жұртыңның солығын бас. Мынау шерменде ағайынның туар таңы, шығар күні үшін береке ойлап кіріс.

Зар тілегіміз - БІРЛІК! Соған ден қойсаң, барым сен, деп құлшынған ықыласыңмен түгел қой. Ортаңа үлкен сыбаға түсіп тұр, төре тұқымы! Жұлмалап жыртып, таласып бөлшектеме! Кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ол сардарды тағайындау! Үш жүздің тұтас қолын басқарар қолбасыңды айқындау! Келелі тобыңа кеңесімді салдым. Кірісіңдер де келісіңдер, ағайын!

Батыр сұлтан. Е-е, ағайын! Айтылар сөз айтылды. Қадірменді Төле би біраз шындықты дұрыс атап өтті. Рас. Қирадық та күйзелдік. Аздық та тоздық. Ау сол ақтабан шұбырындының кімнің кесірінен туғанын неге сұрамайсыңдар? Кінәліні неге атап-атап тастамайсыңдар?

Болат. Әй, батыр сұлтан! Сүйкенбесең жүре алмайсың ба? Сенің тергеуің мен тезің кімге қажет? Жап аузыңды!

Батыр. Жо-оқ, ха-ан! Сен отырған таққа менің әкем Қайып хан да отырған. Тезге мен салмаймын, ел салады. Ел! Қазақты ақтабан шұбырындыға ұшыратқан сенсің!

Әбілқайыр. Оу, ағайын! Осында пәле-жаланы ақтаруға жиналып пек. Бір бәтуаға келеміз деген ақ ниетіміз қайда?

Батыр. Әй, аярсың-ау, Әбілқайыр, аярсың! Қырсықтың бір ұшығы тап мына сенде! Құтырынып барып қалмақты шаптың! Шабылған қалмақ жайлауымызды шаңдатып, батыстағы өрісімізді тартып алды. Ол аз болғандай башқұртқа ұрынып, қанды сүргінді бейбіт жұртымызға тағы салғыздың! Қолың қан сенің! Қолы қанның жолы болмайды. Болғызбаймын! Дәмеленбей-ақ қой.

Барақ. Төкең айтқан сыбаға тым қомақты, тым салмақты. Ата ұлына сыйлап берер олжа да емес. Сауға қылар жорға да емес. Бәсін бағалай білген жөн...

Келеде жұмысы жоқ, көбеде кірісі бар батырмын мен. Оның үстіне бабам Жәдіктің ұрпағымын! Болат

хандай үстірт те, Әбілқайырдай ұшқары да кетпеймін. Құдай қосса, сардарлық маған ғана лайық!

Семеке. Әу, Батыр, Барақ, Әбілқайыр! Әу, аяқ астынан үшеуің неге желіктіңдер? Әу, әз Тәукенің әруағы ұмытылғаны ма? Тәукенің екінші ұлы мен тұрғанда жол-жобаға таласатын сендер кім едіңдер? Әкем әз Тәукенің "Жеті жарғысы" низам болса, дәл осы жол менікі. Әлбетте Болат - ағам менің. Бірақ хан сардар сайланбайды. Ендеше, менмін сардарың! Мен!!

Батыр. Әй, Семеке, не деп тұрсың?!

Барақ. Жолым деп жүлдеме таласпақсың ба?

Әбілқайыр. Қырыққан серке бұттанып алдымды орай берді-ау!

Әбілмәмбет. Ұлы дүбір жарысқа жас деп жүйрікті қоспаса, бағын байлағаны емес пе, ағалар! Жас қызуы жалыңды! Әкем Болат хан сайланбаса, ханның баласы мен бармын! Есемді қайтар, еншімді ұстат, ағалар!..

Әйтеке. Уай, бүкіл елдің білгірі, жағалай жұрттың жайсаңы! Әділет таппай, әрекет қапқаның қалай? Халқыңның шырылдаған зар үні құлағымды жарғанда, құлқыныңды тағы да құдықтай үңірейтіп, "қоймадым! Тоймадым!" деуіңнен сескенейін дедім-ау, төрелер! Сондағы бұтарлап асап, көмейлеп жұтпақ жеңсігің - қазағың емес пе, төрелер!

Сүрінбес тұяқ болмас. Сүрінгеніңді мойында да, анау еліңнің қамын ойла. Алмас қылышты мұқалтпай, кек жолына бастар мықтыңды дұрыс ата!

Қабанбай. Жөн-ақ сөз-ау!

Бөгенбай. Талабымыз - бірлік, іздеріміз - тірлік!

Есет. Е, бәсе! Әйтеке бабам айтқандай, арнасына осылай құю керек қой.

Наурызбай. Төрелер төбемізде қашанғы ойнайды. Өздері атамаса, сардарды өзіміз-ақ сайлаймыз.

Әбілқайыр. Алдияр! Неге үндемейсіз? Құлағымыз сізде.

Болат. Хан билігі - бүтіндеуші билік. Әбілқайыр, өздерің біріңді атай салсаңдаршы.

Әбілқайыр. Жамағат! Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас. Бір жүгенге қос тізгін қажет емес. Үш жүздің ханы - Болат. Ендеше сардарлықты да ханға қияйық.

Болат. Әб, бәсе! Сөз жүйесін тапты-ау дейім!..

Семеке. Ә-ә... Иә, Әбілқайыр дұрыс айтты.

Әбілмәмбет. Әлбетте, сардарлық ханға лайық.

Барақ. Ханның өзі бастаса, жорықтың қасиеті арта түседі.

Батыр. Ырзамыз. Келісеміз, әрине.,,

Қазыбек. Уай, өңшең шуылдақ! Шейіт пен құрбан болған көмусіз ұлан, моласыз бабаң жатқан мың төбенің үстінен айналып ұшқан қарға-құзғынның қарқылын ұмыттың ба? Өртенген ауылыңның қара түтіні мылқау көкке арың мен намысыңды қоса сүйретіп әкетіп пе еді әлде?

Уай Болат хан! Алдына билік келгенде, артыңа көз салмадың. Сен жоққа қараспадың, шоққа таластың. Үрлеп ерніңді күйдірдің. Көсеулеп қолыңды күйдірдің. Билігің биік еді - қомағайланып төменге ылдиладың. Сен хан едің. Қаракетіңді сол дәрәжаңа сай жұмса. Ел деп сарбазды ғана атамайды. Шын елің мынау зарлы елің! Кемпір-шал, бала-шаға. Қылышты қолда туралық аз. Сардарды басқалардан іздейік.

(Сұлтандар қопаңдап, қуанып, дуылдасып кетеді)

Семеке. Қайран қаз дауысты Қазекем-ай!

Батыр. Мынау Әбілқайыр емес пе сардарлық ханға лайық деп адастырған.

Әбілмәмбет. Иә, бәле басы тағы да осы.

Барақ. Бәрінен де бұрын қасиетті бидің ел деп еңірегені қанымды қыздырып барады-ау! Осы дәл қазір қол бастауға мен дайынмын. Ендеше жақсы ағалар, сарқыт демейін, сардарлықты маған бұйырыңдар.

Батыр. Әй, Барақ! Айдан ұл тудырып, Күннен қыз тудырып, ағыны тас ағызған сен ғана емес! Сынасар болсақ, менің ғана айтқаным оөтіп, атқаным жетеді. Сауран айналып қырылған кім еді, біз емей. Артым дағы елім бәріңнен де көп. Жо-оқ! Жасыл ала тудың шашағы менің ғана төбемде желбіреуі керек. Бұл жолымды Бараққа бере алмаспын!

Семеке. Әу, Барақ, Батыр! Қайтер екен десем өздерің бетімен лағып барасыңдар ғой. Әу, бақ басқа ғана бітеді. Басқа! Әу, сол бас, міне менде.

Әбілмәмбет. Адасып азапқа түспе, әлеумет. Үмітімді үзбеңдер! Қолдаңдар мені. Сонда бәріңнің қойны қонышыңды толтырам!..

Төле. Уай, шіркін! Талпынып қанат қағар ма десем, сарқылып тілек айттыңдар ғой. Қажырым қайтып, күнім озғанда әрқайсыңның дауыл боратқан менмендігіңді тыңдатқан бұл құдайдың қай зауалы екен? Сергелдеңге серік іздесем, секіріп-секіріп түсесіңдер. Кең қолтық данышпан таппай, ақырып тұрар арыстан шықпай, титықтадым ғой. Титықтаттың ғой, мұқым тегі. Ау, халайық! Таразыға түсіп тұрған ел ынтымағы! Шілдің боғыңдай бытыраған төрелерге соны талаттырып қоямыз ба? Онда өз қолыңмен беріп, өзің қиратқыз ынтымағыңды! Әйтпесе анау “ұйтқы тап, бірлік әкел!” деген тобырыңның көз жасын көрсең, мынау сүйекке таласқан бөрілікті тоқтат! Олай етпесең, өксікті халқыңды отқа итер, оққа айда!

Дауыстар: - Сардарды қарадан сайлаймыз онда!

- Қашанғы хан, сұлтан деп қарайлай береміз!

- Қабанбай мен Бөгенбайдың, Наурызбай мен Есеттің әрқайсысы сардар болуға әбден лайық!

- Төреге ерген ертоқымын арқалар.

- Төкең ашынса да, әділін айтты.

Әйтеке. Иә-ә, Төкем ашына айтса да, асыра айтқан жоқ! Жаны күйген батагөй дана солқылдағаныңды мін көреді. Халқымның мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған қартың “күлтілдетпей ішіңді түгел бер, тоқтамыңды тез ата! десе, мына Қазыбек екеуміз соған түгел қосыламыз. Солай ғой, би?

Қазыбек. Қисық ағаш тезден түзелер, асқынған дау сөзден түзелер. Әй, бірақ сиырдың жорғасы секілденіп митың-митың шаң шығаратын мына Барақ, Батыр сұлтандар тұрғанда, кердеңдіктің туы жығылмас-ау!

Барақ. Қара қа-азақ! Елірме!

Батыр. Кімге тіс батырмақ! Тегімді ұмытқан екен-ау!

Төле. Ей, сызданған сұлтандар! Табанынан жарылған қайсың барсың? Еркіндігімді жоқтар, елдігімді әперер, тәуелсіздігіме жеткізіп, келімсектен жерімді қайтарар десем, әр саққа бір құбылтып, әр жаққа бір сүйрейсіңдер. Құлаған намысымды көтеріп, кеткен кегімді қуар десем, ысқырынып кеудемнен түйрейсіңдер!

Қазыбек. Қазақтың қамын жер қайсың барсың,

төрелер? Талайың өссін, тәңір боп төбемізде отыр деп батамызды беріп, сардарлықты ұстата салатын қанеки қадірлің мен қасиеттің?

Әйтеке. Өз төңірегін өсіріп, өз ағайынын ғана асырған пысықтығыңды алқалап, үш жүздің қосынының тізгінін берсем - халқым кешер ме, қазағым түсінер ме?

Дауыстар: - Кешпейді, даналар! Кешпейміз!

- Өздерің атап, өздерің лайықтаңдар!

- Адаса бермейік! Жалынан басып, сауырынан сипап деген тәрізді дәл таныңдар!

Батыр. Түйреңдер, билер! Түбі өздеріңе қайырлы болса, шаныша беріңдер төре тұқымын.

Қазыбек. Әй, Батыр сұлтан! Қошқар болар тоқтының маңдай тұсы дөң болар еді. Маңдайыңның кемдігін байқаттың. Сен артыңа ерген жұртыңның көптігін бұлдадың әлгінде. Бірақ сол қолтығыңдағы елге оқ боратып, жау боп тиген өзің емес пең? Ендеше бауырыма балта көтерген қылығыңа бола саған құрық бермекпін бе? Жоқ! Сен сардарға лайық емессің, Батыр!

Барақ. Дұрыс айттың, Қазеке! Дүренің жолы - өренің жолы емес. Жауабыңды тостым.

Төле. Қазыбегім, мұның жауабын мен берейін. Құба жондатуға шеберсің-ау, Барақ! Сен де күдеріңді үзе бер, балаңнан пара алып, ағаңды жығып беретін жемқорлығыңды көріп отырып қасиетті ынтымағымды қанжығаңа бөктертіп жібере алмаймын. Әуре болма!

Семекей. Әу..әу...рас! Әділ үкім! Арамдықтың өресі

Әбілмәмбет. “Кеудемсоқ тілек - кердеңдіктен! деп тура айтылды. Ал, жастық... жас екпіні...

Әйтеке. Екеуің де аптықпаңдар! “Мата даңқымен өткен бөзден без, ата даңқымен өткен сөзден без, көп орайын теріс еткен езден без’ дегенді ескерсек, Семеке, сеніңде аяғың тұсалып тұр. Сенен сардарлық, сардарлықтан сен алыссың. Торғайдан басқа алары жоқ тұрымтайдың ұшқырлығын қайтейін. Ел бірлігін бүріп ұстайтын қыран қияғы керек. Сардарлық саған әлі ертерек, Әбілмәмбет!

Қазыбек. Уай, жағалай жайсаңым! Мынау

Ордабасыдағы қазіргі сын сағаттың салмағын сездіңдер ме? Бұрын ылдилап бұғып келген еліңнің бүгін құдіретін шақырып, қаһарына мінгенін көремісің. Көрсең, көп тілекті бір арманға жалғайық. Шайқалған туды орнатып, шайқалған тіректі нығайтайық.

Қой асығы қолайыңа жақса, сақа қой дейді халқымыз. Қол бастар айласына сенем бе, Әбілқайырдан оңтайлы басқаңды таппай отырмын. Сардарың Әбілқайыр болсын, жамағат!

Төле. Діттегенімнен шығып, көңілімді дауалаттың, Қаз дауыстым. Бірлік деп шырылдаған жұрттың бәтуасы үшін, ынтымақ деп күңіренген көптің тілегі үшін Қазыбектің шешімін жөн байлау көрдім.

Жай алақаныңды, Әбілқайыр!
Халқың дертін көре білсең,
Тәңір тұтып өтермін.
Ел тілегін тірек етсең,
Бас көтерер жетер күн.
Қазағыңды қадір тұтсаң,
Батаң болып сарқылдым.
Азаттығын өзің ұстат
Сертке берік халқыңның!
Әумин!

Жұрт. Әумин! Айтқаның келсін, әулие баба!

Әйтеке. Әділет қарызын арқалаған қасиетті Төкем, құдіретті Қазыбек! Тасқынды басып, телегейді сабасына түсіретін екеуің тұрғанда не қамым бар. Барар бет, шығар биікті дәл нұсқар үшін мен де бір жобамды ашып қалайын... Үш жүзге сауын айтып, ат белінде күн өткізген Қанжығалы Бөгенбай батырды осы жорықтың ту ұстаушысы болсын демекпін.

Қабанбай. Әділі осы!

Есет. Қостаймыз, дана бабам!

Наурызбай. Билігіңізге шеттігіміз жоқ.

Бастаушы. Болат хан көшпелі тағынан ырғалып тұра бастайды. Екі иығында тұрған енгезердей екеу дауыстайды.

I.Адам. Жә! Дүрілдей бермей, тиылыңдар!

II- **Адам.** Хан сөйлейді. Алдияр билікті түйіндейді!

Болат. Әбілқайырды сардарлыққа дұрыс

тағайындадық. Ақыл-кеңесімізді одан аямаспыз. Бөгенбай батыр да ту ұстауға әбден лайық. Мәслихат осымен тәмам. Ә-ә... Әбілқайыр, сен не айтпақшы ең?.. Сөйле, сардар!

Әбілқайыр. Алдияр! Ұрыста тұрыс болмайды. Меркеде жатқан Қалдан-Сереннің шеріктеріне айқас беру үшін үш жүзден құйылған мынау ұлы қосынды Билікөлдің жағасына топтасам деймін. Негізгі қолды, Қабанбай, сен бастайсың.

Қабанбай. Дәрғаһыңа бас нем, сардар!

Әбілқайыр. Оң қанатта сен тұрасың, Наурызбай.

Наурызбай. Билігіңді құп алдым, сардар!

Әбілқайыр. Есет батыр, сол қанатты сен берік ұстайсың.

Есет. Әміріңе құлдық, сардар!

Әбілқайыр. Қанжығалы Бөгенбай! Жасылала туыңды ұста! Баста сарбаздарды жорыққа! Қолыңдағы ту ғана емес - үш жүзіңнің тізе қосқан бірлігі! Аңырағаң анаң мен өртенген далаңның аманаты.

(Жорыққа жөнелген сарбаздардың жолынан екі босаға сияқты екі жерден лаулатып от жағып,аластау рәсімін жасайды).

Қожаберген.

Жер киесі тазартсын!
Көк киесі тазартсын!
Су киесі тазартсын!
От киесі тазартсын!
Алас! Алас! Аласта!
Әр пәледен халас та!
Күнәдан пәк сарбаздар,
Азаттық әкел алашқа!
Көктегі күнмен аласта,
Жердегі сумен аласта.
Оттағы нұрмен аласта,
Оттағы бумен аласта.
Алас! Алас! Алас!

Бастаушы. Биылғы көктемде қазақ халқының басынан өткен ең ауыр кезең - “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” оқиғасына екі жүз жетпіс жыл толды. Тауарихтан талай рет жоғалып кете жаздаған

халқымыздың күл астынан құлпырып шыға келетін феникс құсындай өміршеңдігі ғаламат. Ылайым Тәңір қолдап осы өміршеңдігі, жайсандығы, жасампаздығы ұзағынан сүйіндірсін.

* * *

(Екі жақтан біріне-бірі төніп кеп, қарсы тұра қалған қазақ пен ойрат қолының өңештерін жырта екіленіп айтары бір ғана сөз:)

- Жекпе жек!
- Жекпе жек!

Бастаушы. Ту ұстаушы Бөгенбайдың қасында Сабалақ атты өспірім тұр. Шашы өскен, киімі жүдеу. Бөкеңнің білегінен тартады.

Сабалақ. Апырау, қазақта батыр құрыған ба? Неге шықпайды? Сен неге шықпайсың, Бөке?

Бөгенбай. Аптықпа, балам! Батыр табылмаушы ма еді.

- **Сарбаз.** Әу, жігітім, мазаны алмай әрі жүрсең деймін.

- **Сарбаз.** Ойбай-ау, бүл Сабалақтың дәмесі зор. Әр қиялда ойы бар. Біреуге сүйкенбесе, тұра алмайтын қыңыр ғой.

- Жекпе-жек!
- Жекпе-жек!

Бастаушы. Атын шаншылтып қалып, ойрат батыры Шарыш ортадағы алаңға тұра қалады. Сол-ақ екен ойраттар ұрандап айқайлап ала жөнеледі.

- Бурхан! Бурхан! Бурхан!
- Дүрбән түмен ойрат!
- Ойрат! Ойрат! Ойрат!

(Осы кезде астындағы атын борбайға бір тартып, Сабалақ бала тұра шабады.)

Қабанбай. Қап! Шап айылымды тартып болғанымша шыдамады-ау! Намысты ойратқа жіберіп қоймаса...

Наурызбай, Әй, анау Сабалақ бала ғой!.. Ысылмаған жас еді, жазым болмағай...

Бастаушы. Қазақтар Сабалақтың қай рудан екенін білмей үш жүздің ұранын кезек қайталап жатыр.

- Бұқар! Бұқар!
- Құндыз! Құндыз!
- Тұлпар! Тұлпар!

Бастаушы. Тұрымтайдай шүйілген Сабалақтың жіңішке даусы көк кеудесін шаншып өтті.

Сабалақ. Абылай! Абылай! Жебе атам Абылайдың әруағы! Абылай! *(Шарыш қарсы ұмтылды.)*

Шарыш. Қалдан-Сереннің тақ мұрагері - маған, Шарышқа қазақтың қойшы баладан басқа батыры табылмады ма?

Сабалақ

Ей, Шарыш! Қойшы емеспін, түйешімін.
Дәл сенің ажалыңның иесімін!
Абылай - менің атым жау түршігер,
Қазақтың қасиетті киесімін.

Шарыш.

Ха-ха-ха! Қыссаңшы көп мақтанбай көтті ақырын!
Найзамнан, байғұс бала жетті ақырың!

Сабалақ.

Еліме лаң салып ең, жауыз дұшпан!
Ендеше өмір үшін өл, пақырым!

Бастаушы. Сабалақ пен Шарыш жекпе-жегі. Сабалақ Шарышты найзамен шаншып, ат көтіне итеріп, сәлден соң лақтырып жығып кетеді. Арқаланған қазақтар “Аруақ! Аруақ! Ұр! Қапта! Қыр! Жой! Ұрып таста! Қуып таста!” деп тау суындай құйылып, жауын еңсеріп, біраздан соң жеңіс дабылын қағады. “Жеңіс” дабылы тауда жаңғырады. “Жеңіс” дабылы далада дүбірлейді. Осы сөзбен жан-жаққа сүйінші сұрап жаушылар жөңкіледі. Біреуі Ордабасыға да жетеді.

Жаушы. Сүйінші! Сүйінші! Жау қашты! Біз жеңдік! Біз жеңдік! Жау қашты! Бұлт түрілді, күн көрінді! Жерің азат! Шаттан, қазақ! Сүйінші! Сұм қайтты! Кек қайтты!

Бастаушы. Ақыртөбе маңайында, Бұланты өзенінде, Аңырақайда жеңіске жеткен қазақ қолы ел кеудесінде үміт отын тұтатып ед. Бірақ сұлтандардың алауыздығының арқасында түпкілікті бірлік пен ынтымақты

ұзақ іздеді. Келер күн, атар таңға сенген аталарымыз жарқын заман, қызық дәурен аңсаған тілегін ұрпақтарына табыстап кеткен еді.

* * *

Бастаушы. Қалың жұрт жеңіс салтанатымен жеткен қосынды күтіп тұр. Ортаға үш пайғамбар - үш би шығады. Батырлар бастаған сарбаздар келеді. Халық “Марқаба! Марқаба! Марқаба!” деп қарсы алады.

Әбілқайыр. Арма, жұртым! Арма, батагөй қарттарым!

Төле. Бар бол, сардарым! Бар болыңдар, ұлдарым! Бел болыңдар, ұландарым! Қырандарым!

Әбілқайыр. Бөкем! Жасыл ала туыңды қарауыл-төбеге қада! Бірлігіміздің көзіндей, ынтымағымыздың өзіндей желбіреп тұрсын!

(Халық ту көтеріп бара жатқан Бөгенбайды қошеметтеп, ду-ду айқайлап жатыр)

- Жасаған хақ, ұзағынан сүйіндір!

- Көлсіз қаздай жерсіз қазақ ек, азаттығымызды мәңгілік ет!

- Күнім - арай, жүзім - шырай болды-ау бүгін!

- Алла жар болсын, батырларым!

- Тілекті бізге сендер берсеңдер, біз сендерді бір тәңірге тапсырдық.

Төле. Бейбіт көш, бейқам тірлік қайда, оралар ма бір деуші ем кеше. Мен таппағанды ел табады екен. Таптың, Елім! Сен адаспай анық таптың. Бейқам көш, бейбіт тірлік ынтымағымызда ғана екен! Мынау қазақ, анау өзбек, сонау қырғыздың, әнеки Қабанбай батырдың қасында тұрған орыс жігіті Мекелайдың достығында екен! Ынтымағың жарассын, достығың нығайсын алуан түсті арыстарым!

Дауыстар. - Ынтымақ! Достық!

- Достық! Ынтымақ!

- Осы болар ендігі ұранымыз.

Қазыбек. Уай, халайық! Ұланнан ұлыс, қараңнан халық құралады. Ұлыс өрісті армандайды. Халық

жеңісті көксейді. Бүгін армандаған өріске жеттік. Зар тілекпен жеңісті таптық. Ойда орыс, қырда қытай мақұлдап, көніп отыр бүгінгі бірлігімізге! Елдігімізге! Шашырап жүргенімізде санамай жеуші еді олар. Бытырап жүргенімізде бұтарлап асаушы еді олар. Ыдыраған басымызды қосып, ірігенімізді біріктіріп, іргемізді бекіткен қасиетті ынтымағымызды болашаққа аманат етейік.

Дауыстар. - Етеміз, Қазеке! Аманат етеміз.

- Ынтымақ! Бірлік - тірлігіміз болар.

Әйтеке. Уай, жайраң жұртым! Шығыстан күн көрінбей, батыстан бұлт торлап, түнекте түртінектеп келіп ек. Түнекті түріп тастап, шуақты далама құйған, ұлтын құлдықтан ұлдық қасиетке жеткізген өзіңдегі Азаттыққа деген құштарлық екен! Қасіретіңді азайтам деп жүріп, қасиетіңді таныдым. Халқыңның асқақ рухын сақта, болашақ күндер қуаттылығын асыр, жеріңді келімсектерден тазарт дейтін өсиетіммен көз жұмармын. Аманатымды табыстармын.

Дауыстар. - Сақтаймыз, баба, сақтаймыз!

- Ақтаймыз үмітіңді!

- Мәңгі жаса! Мәртебең арта берсін!

Қазыбек. Уай, Сабалақ балам! Қайдасың?

Сабалақ. Мен мұндамын, Қазеке!

Қазыбек. Балам, көзің отты, жүзің уытты екен. Иншалла, халқыңның қазығы, ұлысыңның ұйтқысы боларсың. Туған жердің әр тасы киелі екенін ұғыпсың. Туған жердің әр адамы қадірлі екенін түсініпсің. Ендеше қадірліңді құл еткізбес, киеліңді жат табанына бастырмас Абылай бол! Абылай!

Дауыстар. - Абылай! Абылай! Абылай!

- Бағың өсіп, бағаң ассын!

- Еліңнің қорғаны бол, бағаналы ордалы бол!

Қазыбек. Ағайын! Қарындас халқым! Жолдың бәрі даңғыл емес. Даңғылдың бәрі тура емес. Бірақ адастырмас бағдарға тұтас бет түзегеніміз айқын. Азаттық деп қозғалып кеткен осы салқар көшімізді алауыздық атты жау шаппаса, араздық деген бөрі торымаса, қонысы қайырлы, өрісі байсалды болар. Тауарихтан қазақ өшпес. Халқым аты жоғалмас. Өткеннің түнегіне үңілмей, келешектің жарығын көрсем, шуағын сезсем

деймін... Шіркін-ай сонда!.. Әне-е! Көріп тұрғандаймын! Өсер ұл, келер ұрпақ жаныма нұр құйып, бойыма қуат бергендей болды-ау! Жүз жыл өтер! Тағы да жүз елу жыл өтер!... Керегесі кең жайылған, уығы биік шаншылған, шаңырағы аспандай көтерілген дербес мәмлакатымыздың тұтқасы болар ұлдарым туар! Қайдасың сол асыл ұлым, берік Тұтқам!

Дауыстар. - Туады ұлың! Шығады күнің! Жетеді үнің, баба!

- Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды!

Бастаушы. Ұлыңыз бар, қасиетті билер! Тәуелсіз дербес Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті алғашқы Елбасы - Нұрсұлтан Назарбаев ол!

Төле. Ұлым! Ұрпағым ! Сендер тәуелсіз азат мәмлакатыңның керегесін кең жайып, шаңыраған биік көтеріңдер! Ғасырдан ғасырға құдіреттеніп жетсін сол Елім!

Бастаушы. Сонау көз алдымызда қарайған қасиетті Қаратаудан асып түскен босқын елдің қаралы көшіне, көш соңындағы жетім тайлаққа, ah ұрған үлкен-кішінің"Елім-айлап" қанды жасымен жау табанында қалған атамекен, кіндікжұртын жоқтап, зар айтқанына бүгін тура екі жүз жетпіс жыл толып отыр. Ел мен жер намысын қорғаңдар, бірлікті табыңдар, ынтымақты аялаңдар деп аманат айтып кеткен үш би - үш пайғамбарымыздың өсиеті ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ғасырлар сүрлеуінде адаспай жетіп, бүгін әрқайсымыздың кеуделерімізге қонақтады. Тәуелсіздік алған егемен республикамыздың бүгінгі ынтымақ тапқан тірлігі, береке тапқан бірлігі, жүзден астам ұлттардың достығы сол аталар Аманатының құнарлы жүрекке егілгенін, өсиетінің орындалғанын айғақтайды.

Тойың тойға ұлассын, жамағат!

Тәуелсіз егемен Қазақстан Республикасының көкала жалауын көтеріңдер!

Кешегі үш дананы еске түсіруге арнап, бүгінгі бірлік пен ынтымақ күні үшін бозқасқа шалынсын!

Әумин!

1993 жыл

ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК

Театрландырылған көріністің сценариы

Бастаушы:

Қазақтың кең аспанын бұлт басты,
Ұмытты ел ешқашанда ұмытпасты.
Тұс-тұстан әртүрлі жау қаптаған соң
Қайран елі есі шығып, көше қашты.

Ызғарлы зар айдаған жел келеді,
Шұбырған жаяу-жалпы ел келеді.
Айырылып мекенінен қайран қазақ
Сайғақтай сая таппай сенделеді.

Өртеніп от қойнында Отан жатты,
Сол өрттен атам өліп, ботам батты.
Қаруын ойраттарға орыс сатып,
Айдап сап ескі жауды қоқандатты.

Жоңғардың жұмырында далам қалды,
Естектер малымды айдап, баламды алды.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар төр-төбеме қамал салды.

Мұсылман көмектеспей мұсылманға,
Бермеді жәрдем, қолды ұсынғанда.
Қазақтың өз ұлдары қорғап қалды,
Дем бітіп, жан шығардай қысылғанда.

“Кек қана - таңдап мінер ер тағы!” - деп,
Ерлер көп бер жағы кек, ар жағы кек!
Бел шешпей тозған елді біріктірген
Солардың ең мықтысы Ер Жәнібек!

Дұшпанға бас игізбей Алашына,
Айналды бар қазақтың панасына.
Жан-жақтан жау анталап келген кезде,
Құтқарар жол іздеді даласына.

(Босып келе жатқан ел. Арып-ошқан, азып-тозған халық. Тігерге тұяғы қалмаған шұбырынды жұрт қыбырлаған тышқан,жорғалаған жәндікті жапырласа қуып, ши шайнап, топырақ жалап, жапырақ толған келеді. Қуып келе жатқан, қырып келе жатқан жоңғар. Шауып кеп, ұл-қызын өңгеріп құлдыққа алып кетіп жатқан башқұрт-естектер. Хиуалықтар мен қоқандар.

Сүрініп құлап, орнынан тұра алмай қойған қарияға кішкентай немересі оралып келіп, көтеріп тұрғыза алмай жатыр).

Қария. Бар! Бара бер ұрпағым! Бөгелме маған бола. Ең болмаса сен тірі кет! Көр мынау зұлмат күнді, немерем. Жеткіз кеудесінде оты, көкірегінде ұшқыны бар азаматтарға! Төл тірсектер тіліниП төбенің басында қалғанын айт қазақпыз деген адамға. Төл сәбилер ілініп жебенің ұшында қалғанын айт қаны қайнайтын алаш болса. Көр аузынан ар үнімен аманат еттім, ұрпағым! Көңіліңе түйіп ал мынау зар мен шерді! Жылау мен зарлауды! Қорлыққа көнбеймін, азаттықты аңсаймын дейтін қазақ болса, құлағына құя біл, ұланым!! Немерем! Жалғасым! Жаралы жанымның ыңқылын жүрегіңе орап әкет!

Немере. Ата, өзіңіз... айтасыз... Маған... маған сүйеніңізші, ата. Әне... анау тұстан шаң көрінді... Жау болар тағы!.. Жоқ! Біздің кісілер! Ата! Алақай! Біздің батырлар!

Қария. Әй, қайдам... Мынау борасын оқ, бұрқасын өлімге қалқан табылар ма? Қираған жұртты құрсаулар жан кездесер ме? Бар ма сондай азамат?

Жәнібек. Бар ондай адам, қария! Мен бармын!

Қария. Бармын деймісің... Еліңнің еңіреген үні құлағыңа жетер ме? Халқыңның аңыраған дауысы жүрегіңді шабақтар ма? Таусылмас дерт жайлаған көңілімнің құсасын тарқата алармысың? Қан көмейлеп, мұң қапқан жұртыңның аруанадай боздап, ақсақ құландай шоқырақтағанын байқармысың? Анаң

көкірегінен атқыған ақ сүттің көк аспанға шапшығанын сезермісің? Сәби кеудесінен сауылдаған қызыл қанның қара жерді суарғанын көрермісің.

Жәнібек. Көрем! Білем, ата! Ат тұяғынан шаң ұшқанда ата қазақ көңлінен зар ғана емес ән де шығатынын сіз де ұмытпаңыз. Аласапыран андағайлап жеткенде, заңғар көкке қазақтың көкірегінен тәкаппарлана бой созып, сабырлы саз әуелеген. Сол саз күйініш айтпай, құлан еркіндіктің құдіретін жырлаған, ата.

Қария. Апырай, лебізің тәуір қай ұлым ең? Тілеуіме тірек ұстатардай тәріздісің-ау. *(немересіне)* Көтерші басымды!.. Соңғы демім біткенше бір мысқал азаймас рухым - еліме деген СЕНІМІМ еді. Адаспаған екем... Адаспайыншы!.. Кімсің сен, балам?

Жәнібек. Мен - Шақшақ Жәнібекпін ата. Өз әкем - дұшпанды қойдай қырған Қошқар батыр. Оның әкесі - найзасына жау мінгізген Көшей батыр. Көшейдің әкесі - арғынға “Аманжолды” ұран қылған Шақшақ батыр.

Қария. Қасиетіңді білуші ем... Қасіретімді азайтарсың. Арғы-бергідегі... арғы-бергідегі ел құдіретінен ыстық сәлемдей... өзіңе... арысыма тілек-батамды айтып қалайын демім барда. Жайшы алақаныңды, балам.

Зарлаған елге зер салсаң,
Зары мен шерін көрерсің.
Ішіне бойлап енерсің,
Көңіліңді түгел берерсің.
Қорғаны болып жеберсің,
Қалқаны болып желерсің,
Жауына кек боп төнерсің,
Кеудеге үміт егерсің,
Жауыңды жайпап жеңерсің.
Кедей мен байды теңерсің,
Халқыңа шуақ төгерсің,
Уай, Шақшақ ұлы Жәнібек!
Ұрпағың өсіп, көгерсін!
Қанқұйлы мынау бүгіннен
Ертеңге нұрлы келерсің.
Тап сол кезде...

(Қария басы сылқ түседі. Жүріп кетеді).

Жәнібек. Қап! Айта алмай кетті-ау ақырын. Бітірмеді-ау батасын!

Дауыстар. - Жә! Бата сұрар жай ма еді бүгін. Барар жер, басар тау таппай біз тұрмыз. Басы ауырмаған бұл бата тілеп әуре.

- Иә-иә! Көзінен қанды жас ақса, кеудеден шыбын жан шықса, қайдағы бір бата үшін қайғырмас еді.

- Ошағы қаңсып, отауы қаңырамаған соң қайтсін басқаны. Қайта атын омыраулатып басып кетпегеніне де тәубе деңдер.

Жәнібек. Рас! Көзінде ажал тұрған адам ажарды байқамайды. Ораза, намаз тоқтықта ғана. Рас! Қаһарсыздан хан қойсаң - қасиеті болмайды. Үлгісізден би қойсаң - өсиеті болмайды. Қаһарды да, үлгіні де өзіміздің табайық, ағайын. Қос өкпеден қадалған найзаның кеудені қысып бара жатқанын ауырған жаның айғақтайды. Жан алқымнан шыққанша әрекет жасап қалайық.

Мен Ресейге барам!

Дауыстар. - Не дейді?!

- Немене? Жаудан дауа таппақсың ба? Алақшыдан араша іздемекпісің?

- Өкпеңнен қадалған қос найзаның бірі соныкі - орыстыкі емес пе еді? Қансыратпай босатар ма ол? Қорғалатпай қояр ма ол?

- Аяғына жығылармысың? Табанын жалармысың? Жағаласып неге жоғалмаймыз? Тіресіп неге таусылмаймыз?

- Қаша-қаша шаршадық. Шұбыра беріп қырылдық. Тауарихтан өшерде ақ өліммен де өлмей, кәпірге қол беріп, табынып өл демекпісің, жарқыным?

Жәнібек. Жә! Босқа тарылмаңдар! Дауға - дауа, жараға - ем табайық! Менікі ірігенді біріктірем деу. Шетінегенді кіріктірем деу. Қара құлақ қасқырдың шамы деп тықпалай бермеңдер орыс атын жөнжосықсыз. Халық пен халық жауласпайды. Жөндестіретін де, жағаластыратын да ел үстіндегілер.

Ресейге еп іздемей, сеп көздеп барам. Ірессе - іресем. Тіресе - тіресем. Бірақ береке үшін әрекет керек емес пе? Жауласарға жау дайын-ау, жалғасарға

қол керек емес пе? Күштімен алыса бергенше, сол күштіге арыз айтып, таныса білген де дұрыс емес пе. Ендеше мен Ресейге берем деп бармаймын, алам деп барам. Ерем деп бармаймын, ер болып орнымда қалам деп барам!

Дауыстар. - Сөз-ақ қой шіркін!

- Дұрыс-ау. Алыппен алыса бергенше амалдаған да жөн.

Наразы адам. Жоқ! Жәнібекке еріп,орысқа кіріптар болғанша, Самарқанға барып, мұсылман сарттың есігіндегі сырттаны болғаным көп артық.

Жәнібек. Шырағым, Жәнібектің басының қадірін дұшпанның найзасы болмаса, қазақтың айласы түсіре алмайды. Менің ығымнан асқан пана, сәлемімнен артық аброй таба алсаң, онда жолың ашық. Бірақ Хиуаға барып қырылғанымызды, Бұқараға барып бордай тозғанымызды, Самарқанды сағалап сая таппағанымызды сен де ұмытпа!

Уай халайық! Өре бермей ірге сайла! Керегеңді жайып, шаңырағыңды көтер! Кеудеңді кермесең - көрге енесің! Еңсеңді өсірмесең - өмірем қабасың! Топтан да тобырыңды көбейт! Жинал да жиыныңды асыр, халқым!

Дауыстар. - Кеудемді керер ем - қонысым қайда? Еңсемді өсірер ем - өрісім қане?

- Жайлау таппай сенделмедік пе, қойнау таппай күңіренбедік пе, батыр-ау?

- Сай паналаған сайғақ құрлы болмадық қой!

Жәнібек. Уай, Қанжығалы! Көшебе Керей! Бармысыңдар?

Дауыстар. Бармыз! Тұрмыз!

Жәнібек. Сары көл мен Ұзынкөл аймағына қоныстаныңдар. Қоныс құт болсын! Балаларға сүт болсын! Барыңдар!

Дауыстар. Алдаразы болсын! Көсегең көгерсін.

(Біраз жұрт шұбырып тарта жөнеледі).

Жәнібек. Уай, Қыпшақ ағайын! Дауыс бер!

Дауыстар. Мұндамыз. Естіп тұрмыз.

Жәнібек. Қабырға, Жыланшықтан бастап, Ұлытау аралығын жамбастаңдар. Көбейіңдер! Кенеліңдер! Жөнеліңдер!

Дауыстар. Алла жар болсын, Шақшақ Жәнібек!

Жәнібек. Уау, Құлан Сүгірдің ноқта ағасы Досан! Бой көрсет!

Досан. Осындамыз. Бармыз әлі.

Жәнібек. Жорықта қара қосымды талай жаяу арқалап едің. Топ-тобырыңмен Наурызымның қара-ғайлы орманын сен мекенде. Өсіп-өніп, асып-төгіл!

Досан. Құзырыңа құлдық, батырым! Үрім-бұтағымның батасы - алғысым болар өзіңе.

(Тағы бір көш тарта жөнеледі).

Жәнібек. Қарабалуан! Таз руын бастап, Обаған өңірін сен қоныс ет. Ханыш қазіреттің Азынасы! Әйдеркенің Жылқыайдары! Қаратал - Шобанды сендер жайлаңдар.

Шағыр мен Сарыжетім! Сарықопа бойын сендер иемденіңдер!

Дауыстар. - Елі үшін туған ер Жәнібек! Разымыз шешіміңе! Халқының қарызы мен парызын адал ұлы дәл сендей-ақ ақтасын!

Жәнібек. Бірің аға, бірің іні - ағайын бауырсың! Құмалақтай шашырамай, жұдырықтай жұмыл! Біріңді бірің алаламай, бірігіп аралас. Сонда жағаң мықты, тынысың кең болады.

Ал мен аттандым Ресейге. Елден береке, ауылдан мереке қаша бермес. Бақ қонып, бата дарыған халық едік, тыныштығымызды алып қайтармын осы жолы.

Дауыстар. Алла жар болсын! Аллажар!

(Жұрт тарай бастайды. Босаған алаңға күймелі арбамен генералдар - Неплюев, Урусов, Тевкелев келеді. Сарыала киінген офицерлер, қызыл телпекті, қызыл шолақ шалбарлы атты казактар шығады. Бұлар алдын ала хабар беріп, келе жатқан Әбілқайыр, Жәнібек, тобын қарсы алуға жиналып тұр).

Бастаушы.

Ашуға ел өтетін жаудан жолды,
Табуға дағдарысты даудан жолды,
Көз жасын қазағының ию үшін
Кеудеден мұң мен шерді сауған болды.
Бастайтын туған елді көсем болды,
Дау-дамай туған жерде шешен болды.

Қайтарып бірте-бірте көп есемді,
Қаңсыған күнде тұрып, кесем толды.

(Тосып тұрған, көкала киімді генералдар мен қызылала мундирлі офицерлер солдаттардан беріде).

Есаул. Ваши высокоблагородия! Осыншама адамды сабылтып какой-то степной номадтарды неге күтеміз? Олармен оқпен сөйлесу керек. Оқпен! Вот и вся сказка! Пики к бою! Шашки вон! И жоқ киргиздар!

Неплюев. Тайызсың, Есаул! Киргиз болса да они есть воины! А степь их велика! Күші де олардың далада. Бұдан қусаң, онда кетеді. Одан іздесең, бұ жақта балтырыңнан тістейді. Нет! Оқпен ала алмайсың. Олар оқтан да жылдам. Ищи ветра в поле! Они и есть ветры! Буйные ветры степи!

Ей, Тевкелев! Кел! Бері кел!

Тевкелев. Не бұйырасыз, ваше благородие?

Неплюев. Сен айт. Түсіндір мынау топастарға! Безмозглым воякам! Біздің шығыс департаментінің саясатын ұғындыр!

Тевкелев. Есаул! И ты, капитан! Сендерге керегі қарсы шыққан жаудың бірін-бірі қырғаны ма? Или бәрі бірігіп, сендерге шабуыл жасағаны ма?

Есаул. Конечно, бірін-бірі қырғаны керек. Пусть дикары истребляют друг друга!

Тевкелев. Вот біздің... департаменттің и Орегбургская комиссияның саясаты! Қазақтар...

Урусов (бөліп жібереді). Генерал! Қайсақтар деңіз. Они ведь кайсаки косоглазые! И еще Ваши родственники!

Тевкелев. Ә-ә... Иә, Қайсақтар қақжарылып, бірін бірі жұлмаласа... О-о! Онда біреуіне қылыш ұстат! Біреуіне найза бер! Туысы туысқанын турасын! Азайтсын жауымды.

Капитан. Жоңғарлар ше? Оларды неге қолдаймыз? И еще этим диким калмыкам вспомоществуем.

Тевкелев. Қазақтар... Ә-ә... қайсақтар мен жоңғарлар екеуі де көшпелі халық. Жауынгер халық! Как две степные бури они. Егер осы екі дауыл араласса, осы екі стихия тұтасса...

Урусов. Нет! Не бывать этому! Қайсақтарды

жоңғарға, жоңғарды қайсаққа айдап салу - наша святая миссия!

Неплюев. Да-да! Бұларды достастыруға жеткізбеу керек. Арасына шоқ тастау керек! Өрт! Пожар! Всепожирающий пожар великой степи!

Есаул. А тот Джанибек кому он нужен? Маған рұқсат етіңіздерші, Ваши высокоблагородия, лақша бақыртып бауыздай салайын!

Неплюев. Молчать, есаул, молчать! Джанибек - знатнейший киргиз-кайсак! Он и в Средней орде, и в Малой орде весьма и весьма влиятельный муж! Острейший ум, мудрейший аналитик! Но, к нашему сожалению, өте саясатшыл.

Тевкелев. Алды-артыңды орап тастайды.

Урусов. Ал, сен, Мамед мурза, ұстатпа оған! Уысыңа өзің мықтап түсір! Ақта высочайший сенімді!

Тевкелев. Әй, түспейді-ау ол. Түспейді.

Неплюев. Түсір! Иначе, атының тұяғы тиген жерді олар қайсақтікі дейді. Не-ет! Оған жол бермейміз. Жер - Россиянікі ғана. Болмаса, болдырамыз. Европаны да, Азияны да!

Есаул. Я их порублю! Всех номадов косоглазых! Я...

Урусов. "Я-я!" Вы по бабам и по полям только и скачете. Ал Джанибек - қатерлі дұшпан. Оған өздерін, қазақтарын қарсы қою керек. Даже Абулхаирдың өзін. Абулхаир ханға атақ керек! Слава! Аз да болса билік керек. Потому біз оны пайдаланамыз. И басқаларға айдап саламыз.

Неплюев. Дұрыс айтасыз, генерал! ұлы Россияға бунтарь қайсақ емес, олардың жері қажет. Жерінің қойнындағы кені қажет. Қазақтардың басын қосам дейтін Аблай салтан, Жанибек батырларды уысқа түсірсек, алтын, күмісін арбалап тасимыз. Сонсоң эту великую степь разделяй и властвуй!

Тевкелев. Өте дұрыс, әрі өте ақылды шешім айттыңыз, Ваше высокоблагородие! Поэтому Джунгарияға тездетіп көмек беру қажет.

Капитан. Неге? Олар да жабайы кочевниктер. Нехай, өле берсін.

Тевкелев. Джунгария әлсіресе Казахия күшейеді. Онда Россияның Индия, Афганистанға өтетін жолын

бекітеді. Во-вторых, Джунгария әлсіресе Қытай оған бассалады. Сонсоң Қытай қазақ даласына құйылады. Это не выгодно Росии. Казахия Россияның ғана колониясы болуға тиіс.

Жаушы. Едут! Киргизины-бояре! Сам Абулхаир хан да Джанибек бахадур!

(Дабыл қағылып, музыкада марш ойналып, зеңбіректерден доп атылып, салют беріліп күтіп алушылар абыр-сабыр боп қалады. Пәуеске мінген Әбілқайыр ханның нөкерінен бөлек онбес қарагер, онбес ақбоз, онбес қанжирен ат мінген Жәнібек тобы окшау келе жатады).

Капитан. О-хо-хо! Какое торжество! Ханы кім? Простолюдины кім? Вот тебя и степь!

Неплюев. Знатный он есть и знатный! Джанибек - крепкий орешек. Онымен шарпысу қиын болар!

Есаул. Я бы его... Тағы, дикарь қайсақты былай уысқа...

Урусов. Молчать, есаул! Тісте тіліңді! Саған и всем, господа офицеры, енді сөз жоқ. Переговорды біз, генералдар жүргіземіз. Әйтпесе дала көкжалдары алдап кетеді!

(Алдымен Әбілқайыр хан тобы келіп жетеді. Пәуескеден түскен хан ширақ басып кеп тұрғандардың қолын жағалай жүріп ұстап шығады. Бірақ генералдардың көзі мен көңлі асықпай келе жатқан Жәнібектерде. Жәнібек есік пен төрдей кеп, атын тоқтатып, түспей, қолын ксудесіне төсеп, сәлем белгісін жасайды).

Жәнібек. Аман, аман, аман бол!

Тевкелев. А-а, Жәнібек абыз, мұсылманшылықты ұмытып педің, ассалаумағалейкумің қайда?

Жәнібек. Әй, шоқынды естек! Мұсылманшылықты сен тексеріп қайтесің. Мен халқымның дәстүрімен сәлем бердім. Алмасаңдар өздерің біліңдер. Ешкімге жалынбаймын!

Неплюев. О-о, Жәнібек тархан, бар бол! Ар бол!

Жәнібек. Иә, бармын мен! Халқымның ары бола берем!

Уай, Непалейіп мырза, адаспа. Мен хан да, тархан да емеспін!

Урусов *(тұрған жерінен жүгіріп барып, қолын ұсынады).* Да-да, Жәнібек тархан! Болмасаң боласың! Сәлем! Сәлем, тархан!

Жәнібек. Біріңнен соң бірің қолпаштап кеттіңдер. Әй, сірә тегін болмас. Ал, алдық сәлеміңді.

Тевкелев. Жәнібек абыз, оң қабақ көрсетсек те айыпты санаймысың бізді. Тіпті осқырына бердің ғой.

Жәнібек. Бірде төменге ысырып, бірде төбеге шығарасыңдар. Сендерді кім ұққандай. Біз ханын сыйлаған, қарашысы ханын тыңдаған елміз. Ханымды елемей, мені төрелей жөнелгендерің, әй, күдікті-ау...

Неплюев. О-о, рас! Ну, Абулхаир ханға біздің алтын тон, алмас қылыш дайын. Ее высокое императорское Высочество Елизавета патшайым оған высочайшая верительная грамотаны жіберген. *(Адъютантына иек қағады)* Әкел бәрін! *(Әбілқайырдың иығына оқалы тон жауып, қолына қылыш ұстатады).* Мынау, мәртебелі тақсыр, Ұлы Россияның сізге деген сенімінің белгісі!

Әбілқайыр *(иіліп, тізе бүге береді).* Аса ұлуғ...

Жәнібек *(саңқ етіп).* Әбілқайы-ыр!

Әбілқайыр *(селк етіп).* Ә-ә... жайша ма, Жәнібек?

Жәнібек. Бүкпе тізеңді! Сен елдің атынан кеп тұрсың! Халықтан халық, қазақтан орыс артық емес. Тең тұрып, өзіңді өзгемен тең тұтып сөйлес. Тонға бола жолыңды берме! Жөніңнен адаспа! Кішірейме де кібіртіктеме!

Есаул. Десять тысяч чертей! Я бы этого кайсака...

Урусов. Молчать, есаул!

Жәнібек. Тоқтатпа, Орысбай! Нағыз орыс сөзін сенің осы жасауылың айтқан тәрізді.

Урусов. Ақымақтың сөзі кімге қажет.

Абулқайыр мәртебелім! Сізді хандық белгіңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Әбілқайыр. Алдаразы болсын, жандаралым! Халқымның қамы үшін от пен суға дайынмын.

Жәнібек. Е, бәсе! Солай кеуде тіктеп қойшы, алдиярым!

Тевкелев. Жәнібек абыз, тәкаппарлықтың шегі, өркөкіректіктің орны болады. Қазір біз дипломатиялық... ләкин екі елдің арасындағы мәселелер жайында маслихат жүргізіп тұрмыз. Аздап иіккен дұрыс болар.

Жәнібек. Шенің өсіп, шекпенің қымбаттапты, Мәмбет әбзи. Соған қарағанда жандайшап еңбегің орыстарға әбден сіңген-ау. Тек, жарқыным, басқаны алдасаң да, мені алдай алмайсың. Оған бола итаршыланба.

Жарайды. Болсын дегенің! *(Қасындағыға иек қағады.Анау жігіт секіріп түсіп,Жәнібекті қолтықтап аттан түсіріп алады).*

Әбілқайыр. Бері, қасыма келші, Жәкем! Не дейміз?..

Жәнібек. Әлгінде ел қамы деп бастап едің ғой. Содан айрылма, алдиярым.

Әбілқайыр. Өзің... өзің айта берші онда!..

Неплюев. Алдымен біздің бек құрметлу ва ғизатлу Жәнібекке сыйымыз бар еді.

Жәнібек. Біздің қазақта "Ағасы тонды болса, інісі жолды болады" деген сөз бар. Біз сый емес, сөз алғалы келдік. Ел қарызы ер қарызынан артық. Ел мұңы ер қамынан абзал. Бірді өсіріп, мыңды өшіргендерді де білем. Іске көшелік.

Урусов. Дұрыс. Бізге дүңк-дүңк хабар жетіп жатыр. Қазақтар Қытайға елші жөнелтіп, жоңғарға жаушы жұмсап, жең астынан жалғасты дегенді естідік. Біздің ұлы Россия империясының қоластына еніп, қолтығына тығылдық деп берген антты ұмыттыңдар ма әлде?

Жәнібек. Рас! Ант бердік. Бірақ кіріптар болайық, көзімізді сүзейік демеп ек. Аға бол да пана бол деп айтып едік. Құлшынып құлдықты ұсынам дедіңдер. Қанатыңа ал деп едік, қамытыңды мойныма салам дедіңдер. Қолтығыңа енем десек, қолқамды суырам дейсіңдер!

Уау, біз де іргелі ел, қабырғалы мәмлакат емеспіз бе? Еркімді тұсап, есемді ұрлай бергендерің қалай?

Уау, Орысбай! Күн мен түн алмаспай ма? Ақ пен қара шарпыспай ма? Ендеше кешегі досым - сендерден қас тапсам, кешегі қасымнан дос іздеудің несі айып? Жаттан жақын қарастырудың несі шам? Қытайға елші салсам, жоңғарға жаушы жіберсем, сенің арамың мен айлаңды сезіп жіберген шығармын.

Неплюев. Самарқан, Бұқараға баратын керуеніміз неге талана береді? Барлау экспедиясына шыққан атты

казактарымыз неге жоғала береді? Осы ма сендердің шартты орындағандарың ?

Жәнібек. Ұрысыз дала, қарысыз қала жоқ. Кей тентектің қылығын бір елге түгел телімейік. Непәлейіп мырза, сен айттың. Мен келістім. Бұдан былай бір керуенің қазақ даласында тоналса, бір ғашкерің Орта жүз бен Кіші жүздің арасында жоғалса, бүкіл қазақ атынан! Мынау Алдияр ханым - Әбілқайыр атынан мен жауап берем! Мен - Шақшақ Жәнібек! Келісесің бе осыған?

Неплюев. Келісем. Саған сенем. Тағы нең бар?

Жәнібек. Жеріме ендемейсің, жайлауыма бойламайсың. Қазақтың жері - жаны! Осыны мықтап ескергендеріңді қалаймын.

Урусов. Жәнібек тархан, сендер даланың киігі тәрізді дүркіреп онда көшесіңдер, дүркіреп мұнда көшесіңдер. Тұрақты мекендерің жоқ. Соған байланысты сауда кентін, әскери бекініс салуыңызға не айтпақсың?

Жәнібек. Жаманқала, Теке, Орынбор, Өскемен, Семей, Омбы боп жалғастырып ұлан даланың әр тұсынан қамал сап, қазық қағып, тастағандарың аз ба еді, Орысбай! Әлде кеуделей берсем, қазақты үндемей өлер дегенің бе? Шаңырағы шайқалғанымен хандығы құламаған қазақ еліміз біз әлі! Ешкімге, еш елге жеріміздің бір пұшпағын бермейміз! Осы менің жауабым!

Тевкелев. Жәнібек абыз! Онда сен мынаны айтшы. Бізбен дос болсаң, Қытайға құшақ ашам дейтіндеріңді қалай түсінеміз? Мүмкін сендер солай ауып, ауысып кетпек шығарсыңдар?

Жәнібек. Самұрықтың шеңгелінде бүріскісі келмейтін азаттықтың айдаһардың өңешіне ұмтыларына өзің сенесің бе?

Тевкелев. Жарайды. Онда тархандық белгіңді алудан қашпассың?

Жәнібек. "Ұсынған қолды қақпас" дейді бізде. Бірақ сендер мені сатып алдым, мойнына қарғы байлап жібердім деп ойламаңдар. Менің пірім де, төрешім де, жебеушім де, тергеушім де - халқым!

(Жәнібекке тархандық белгі беріледі. Келгендер жаққа тарайды. Енді осы алаңға қалың қолымен Абылай хан шығады).

Бастаушы.

Жасқанып жау шапты боп қалғанда адам,
Ерлерге пана болған орман, далам.
Жәнібек ат үстінде күн өткізген,
Жетуге тілегіне армандаған.

Арындай қорғады ол елін, жерін,
Киелі топырағы шөлін, көлін.
Ту қылып әділетті әрқашанда
Дақ салмай таза ұстады көңіл көгін.

(Сап түзеп лек-лек жеткен қалың қолдың алдында ақ боз ат мінгеп, қасындағы батырына ақ байрақ көтерген Абылай арғымағын аспанға шапшытып алып, сөз бастайды).

Абылай. Уау, батырлар! "Ақтабан шұбырынды" боп қаусаған жұртың есін енді-енді жинай бастады. Уау, қазақ, кеудеңді тіктесең, кегіңді неге жоқтамайсың?

Бөгенбай. Шықтық қой қол бастап, Абылайжан-ау. Дауға салмай, жауға салсаң, жолымдағыны қидалап өтіп, шауып кетермін-ау мен, Қанжығалы Бөгенбай атанғаным рас болса.

Дауыстар. Қанжығалы Бөгенбай! Қанжығалы Бөгенбай! Қанжығалы Бөгенбай!

Абылай. Кіндіжұртты жоқтап, атамекенді аңсамайтын қазақ жоқ.

Қабанбай. "Алтайым" дегенде жүрегім қарс айрылады. "Аттан!" деші, Абылай төрем, ой мен қырды ойбайға бөлеп, "Қабанбайлап" Қабанбай екенімді дүшпанға бір танытайын тағы!

Дауыстар. Қаракерей Қабанбай! Қаракерей Қабанбай! Қаракерей Қабанбай!

Абылай. Батырларым мен сарбаздарым! Мен семсердің сыңғырынан гөрі сәбидің күлкісін көбірек ұнатқан жан едім. Амал не, елімнің еркіндігі берік болуы үшін, ұлтымның ұйқысы тәтті болуы үшін жорық ашпақпын. Ел киесіз, жер иесіз демесін. Орыстар қамалын қаптатып салып, солдатын самсатып

шұбыртып, ендеп кіріп барады даламызға. Бойлап еніп барады арамызға.

Туған жердің әр тасы қасиетті. Туған елдің әр адамы қадірлі. Қадірлімді құл еткізбеспін! Қасиеттімді жат табанына басқызбаспын. Сондықтан күні ертең қамал деп салған Өскеменнің аумағын, қорған деп алған Орынбор, Теке аймағын өз жеріміз деп сіңіріп, иемденіп кетпес үшін дәл бүгін орысқа қарсы аттанамыз!

Дауыстар. - Өте әділ шешім!

- Жерімді жамбастағанымен қоймай, елімді шаппақ!

- Аттанамыз! Жерді де, кекті де қайтарамыз!

- Марқаба! Марқаба! Марқаба!

(Дәл сол кезде өз тобымен, өз салтанатымен Жәнібек тархан шыға келеді).

Жәнібек. Аман, аман, аман бол!

Бұқар. Ел, ел, ел бол! Асу бермес бел бол! Айдын шалқар көл бол, Жәнібек!

Абылай. Сені хан дей ме, тархан дей ме... атағың айдай әлемге кең тарап кетті-ау бүгінде. Әйел... ә-ә, қатын патшайымға қатты ұнаған көрінесің. Әбілқайыр екеуіңді сол қатын патша елден ерек құрметтеп, қадір-қасиеттеріңді асырып жіберіпті деп естиміз. Соған қарағанда, Әбілқайыр ханға ұқсап, орысқа халқыңды матап беріп, ұлтыңды ұстатып келгеннен саумысың?

Дауыстар. - Ылғи саяқ жүруші еді, қатын патша төбесінен таяқ үйірген шығар.

- Әбілқайырға ерсе абройдан безгені де.

- Қазақтан алмаған хандықты орыстан алса, орысшыл болмай нетуші еді.

Абылай. Естідің бе, Жәнібек? Көптің аузымен бәсің мен бағаң берілді.

Жәнібек. Жоқ, Абылай! Адасқан олар емес, адастырған сенсің! Мен де сені танымай тұрмын, Абылай. Төре дейін десем, қаңқушың қатындай өсекке еріпсің. Қара дейін десем, артыңа ерткен шуылдағың көп. Хан болсам, қараға лайық емес деп қызғанамысың? Төбеге шықсам, төменге сүйрелеп әуреленбекпісің? Өзгеден ойың биік еді, сойың ірі еді, иығың озық еді. Ойың төмендеп, сойың кішірейіп, иығың аласарып қалғаны қалай, Абылайым менің?

Абылай. Апырай, ә! Сөзге ерген екем-ау! Сенің шалқақ басыңа шалқайып қараймын дегеннің тақиясы жерге түсерін ескермеппін-ау! Құлаттың мені абызым! Енді өзің қолтықта!

Жәнібек. Әй, Абылайым! Ардақтым! Абзалым! Сен құласаң да - биіксің! Сүрінсең де - жүйріксің! Келші, берші құшағыңды!

(Екеуі ат үстінен құшақтасады).

Бұқар. Тәубаңа бір келтірді-ау, Абылайшам! Төреге де, қараға да илікпейтін - Шақшақ Жәнібек емес пе!

Абылай. Бұл төреге неге илікпейді, жырауым-ау?

Бұқар. Төренің айдап келген елі, арқалап әкелген жері жоқ.

Қабанбай. Ал, қараға, қазағына неге илікпейді?

Бұқар. Қазағына емес, қарау бай, қасиетсіз биіне илікпейді. Өйткені мал мен жанды қатар ұстау үшін АҚЫЛ, БІЛІК, КҮШ керек. Осы үшеуі қазіргі қазақта Жәнібекте ғана бар.

Жәнібек. Бұқар аға, тым асыра мақтап жібердіңіз мені. Ал мен мына жоңқіген селдей қалың қолдың бет алған арнасын бұра алмаймын ба деп қорқып тұрмын. Абылайым, сен қолыңды орысқа қарсы әкеле жатырсың, ә?

Абылай. Ат құйрығын түйерде бағытты осылай қарай ұстағанымыз рас!

Жәнібек. Әй, әлі ертерек-ау, ерте ғой!.. Зеңбірекке жебе, мылтыққа садақ өтер ме?.. Халықтың қамын ойлағанда, алдияр, кем ойлауға болмайды ғой. Далақтап барып, қырылып қайтқанда не ұтармыз? Жанжақтан жау анталағанда, қысылған елді қиялатып өткізер жол іздемеуші ме еді.

Дауыстар. - Иә! Жөн айтып тұр.

- Шынында ақиқаты осы-ау!

Абылай. Жәнібек, қарашы ту сыртыңа. Көлбеген тауды көрдің бе? Шалқыған көлді көрдің бе? Сол тауды көтеріп кете алармысың? Сонау көлді арқалап әкете алармысың? Жоқ! Ендеше халық көл сияқты. Көлді мұнан тауып, тауды басқа жақтан әкелу қандай мүмкін болмаса, ханды өзім сайлаймын дейтін қатын патшаның өктемдігіне не дерміз. Біз ғана хан қоямыз, жарат-пасақ, қалпақтай ұшырамыз дегені қай қорыққаны?

Жәнібек. Бұныңа дауым жоқ, Абылайым.Бірақ дәл қазір жерімізге Ресейдің енбесіне де, бойламасына да кепілдік берем мен. Есіңді жиып, етегіңді жапқанша, олармен ерегісті ұмыт. Күн сайын қотаныңа қасқырдай тиетін жоңғар мен қалмақтан аршы алдымен еліңді! Өз қолың өз аузыңа жеткенде орыстан біржола ірге бөл, араңды сонда аш! Мәмлакатыңды сол кезде бүтінде!

Абылай. Сұғынып кіріп, сұғанақтана ұмтылып, қорым-қойнауымды ақтарса да, орысқа тиіспе демекпісің?

Жәнібек. Жоқ! Сұғынбасына сөзін алдым! Сұғанақтануына мен жол бермеймін!

Абылай. Әй, қайдам? Ресей мәмлакатының жүйесіздігі мен берекесіздігі қоластындағы бодан халықтарға шексіз қатыгездік жасатып жатыр ғой. Оларға қайтіп сенерсің.

Жәнібек. Ерді кебенек ішінде сына демей ме. Алдыңды кең деп келдім. Тарылта берсең, өзің біл. Өтірік уәдеге жоқпын. Сөзім өлгенше, өзім өлейін деген қазақпын.

Бұқар. Әу, Абылайшам. Ауыздықты бұра тартпа. Ел бірлігі деу - ерін тыңдау, елін бастау емес пе. Кендік теңдікке жеткізер. Кең бол да кемеңгерлік таныт. Орыс - ордалы ел. Кей-кейде ол уәдесіне де берік. Бұны да бір сына. Ал, Қытай!.. Ақырзаман боларда қара қытай қаптайды дегенді ұмытпа. Әлден-ақ төбе көрсетіп, топырлап жатыр-ау сол қара шыбындай үймелеген немелер.

Қабанбай. Жырау да, Жәнібек абыз да дұрыс айтып тұр. Ес жимай, күш жия алмаймыз. Орыс араласпаймыз десе, босқа апырақтап қайтеміз. Үйреніскен жоңғарды ұйпалап, тезірек Алтайды босатып алып қалайық. Әйтпесе шүршітің шұбырып келіп, жерімізді басып қалудан тайынбас.

Бөгенбай. Ер Жәнібек! Бағаңды бұрын да білуші ем. Біз түгел жабылып тойтарамыз ба деген жауды бүгін сен бір ауыз сөзбен тоқтатып келіпсің. Ердің еңбегі еліне осылай-ақ сіңсін. Тархан атағың құтты болсын! Игілігін үрім-бұтағың, ауыл-аймағың көрсін.

Уа, Абылай, қолдың бетін бұрғаның жөн болар.

Қытай қаптаса, орысыңа зар боларсың. Қаптатпауды ойлайық.

Дауыстар. Шақшақ Жәнібек! Жәнібек тархан! Шақшақ Жәнібек!

Абылай. Иланттың, Жәнібек аға! Халқымның қалауынан мен неге бөлінейін. Адаса жаздаған екем, өздерің тураладыңдар.

Уау, Бөгенбай! Қабанбай! Көтеріңдер туды! Бұрыңдар бетті! Қытай мен жоңғарға қарсы аттандық!

Бастаушы.

Қолбасшы, ақылға кен, сөзге күшті,
Жәнібек талай сында көзге түсті.
Тоқтатып қанды қырғын, қан майданды,
Далаға әкеліпті өзгерісті.

Азат қып бодандағы әр түңдікті,
Әкелді азапты елге еркіндікті.
Қаншама қиналса да, қысылса да,
Ұстапты бір босатпай сертін мықты.

Тарханның төгілмепті текке тері,
Жетіпті жер түбінен көкке кегі.
Шау тартып Ер Жәнібек қалған кезде,
Болыпты атышулы жекпе-жегі!

(Абылай қолы кейін қарай қозғала бергенде Қалдан-Серен жасағы шыға келеді. Желкілдеген ту, шеріктер ат үсті ойынын көрсетіп, біраз желпінтіп тастайды).

Ортаға көк боз ат мінген Қалдан-Серен шығады.

Қалдан. Абылай! Сен екеуміз дін үшін емес, дүние үшін, тіл үшін емес жер үшін таласып жүрміз. Боқ дүние үшін бәріміз соғысып босқа қырылмайық. Шартым мынау. Мен жекпе-жекке өз сырттанымды шығарайын. Сен өз сырттан батырыңды сайла. Менікі жеңсе, екі қолыңды төбеге қойып, мал мен жаннан безіп шығасың сен, Абылай! Сенің батырың жеңсе, мен жеңілдім деп далаңнан безіп кетем!

Абылай. Мен келістім, Қалдан-Серен қонтайшы!

Қалдан-Серен. Онда ертең сәскеде жекпе-жек өтеді.

Абылай. Болсын сол.

(Дабыл қағылып, екі жақ кейін шегінеді. Ортаға екі

шатыр құрылады. Қолын кеудесіне төсеп, Жәнібек Аылайға тілек білдіреді).

Жәнібек. Алдиярым! Шешем аттың сырттанын тауып мінгізіп еді. Ағаштың сырттанын тауып найза ғып ұстатып еді. Соған қарағанда шешем мені адамның сырттаны ғып тапқан да шығар. Жекпе-жекке мені сайла!

Абылай. Болсын, сырттаным!

(Екі шатырға екі батыр кіріп кетеді. Сәлден соң шошып оянған Жәнібек шатырынан ыңырана атқып шыққанда, жау батыры іштен қарқылдап күліп шығады. Осыларды көріп тұрған Абылай аташысын шақырады).

Абылай. Сейіл, Нарқызыл атымды әкел тез! Уай, Жәнібек! Жай қолыңды! Жақсы түске де, жаман түске де садақа деуші еді. А, құдай! Батырдың түсін мен неге жорысам, сен соған қабыл қыл! Әумин!

Әу, Сейіл, әкелдің бе Нарқызылымды, қанатымды! Жақсылық үшін құрбандыққа шалам... Нарқызылды сойып, етін сарбаздарға таратып бер!

Ал, батыр, айт түсіңді!

Жәнібек. Жекпе-жекке шыққан екем. Екеуміз шартпа-шұрт боп қалғанда, ол мені найзасымен шаншып түсірді. Кеудеме мініп ап, тамағымнан енді бауыздай бергенінде, кеудеме қарасам, оң емшегімді бір айдаһар еміп, сол емшегімді бір айдаһар еміп жатыр екен. Содан шошып оянсам, түсім екен. Көргенім осы.

Абылай. Түсің түс-ақ екен! Түсіңде жау сені шаншып түсірсе, өңінде сен оны шаншып түсіресің! Түсіңде ол сенің өңешіңе қылыш таяса, өңінде сен оның өңешіне қылыш жанисың. Оң емшегіңді емген айдаһар - ақырып айдаһардай батыр болар өзіңнен туған ұлың екен. Сол емшегіңді емген айдаһар - қызыңнан туған жиенің айбынды ұл болады екен! Өсіп-өнгелі тұрсың, батырым! Мына жекпе-жек даңқыңа даңқ қосады.

Жәнібек. Әб-бәсе! Солай болар, алдияр! Бұрармын да ұрармын! *(атына қарғып мінеді).* Жекпе-жек! Жекпе-жек!

(Жау батыры атын ойқастатып о да бері салады. Қарқылдап күліп келеді. Емін-еркін-ақ).

Убаши. Жекпе-жек, атаңа нәлет алаш! Жекпе-жек!

(Жекпе-жек басталады. Жәнібек жауын найзаға шаншып, ұшырып түсіреді. Үстіне аттай мініп, тамағына қылыш тақай береді).

Убаши. Тоқта! Түнде түсті сен де көріп ең, мен де көріп ем. Сені мен алып ем-ау!.. Сенің түс жорушың жақсы жорығандықтан, менің түс жорушым дұрыс айта алмағандықтан сен мені алып кеттің. Сенің даңқың асып кетті.

Жәнібек. Тұр, батырым! Жүр онда! Абылайға баралық!

Дауыстар. - Сүйінші! Жеңіс! Жеңіс! Сүйінші!

- Аспаның түрілді! Шуағың төгілді! Азат күн көрінді!

- Қазағым шаттан! Жерің азат жаттан! Анталаған жау көп, Қырағы боп сақтан!

- Ер Жәнібек! Халқыңның еркесі, еліңнің серкесі өзің! Алаштың ардақтысы, батырлардың салмақтысы өзің!

(Халық қарсы жүгіреді. Жәнібек атын тайпалтып аралап жүр, аралап жүр, аралап жүр).

Жәнібек. Ұл деп еміренсең, жұртым, халқым деп соққан жүрегім мәңгі тоқтамас! Елдің еркіндігін, ұлттың ұйыған бірлігін, отанымның тыныш тірлігін көзімнің қарашығындай қорғап өтермін. Жұртымның тыныштығын мәңгі сақтап, аялап өтермін. Туған жердің тулақтайын жауға да бергізбеспін. Жат табанына да басқызбаспын. Осыдан бір сәт айнысам жер киесі ұрсын. Осы уағызымнан айнып, жеріңді қорғай алмай, қолдай алмай, сақтай алмай саудаға салсаң, ұрпағым, жер киесі сені ұрсын! Ел киесі сені атсын!

Бар бол киелі елім! Қорған бол киелі жерім!

Соңы.

БҰҚАР ЖЫРАУ

(Ұлы Бұқар жыраудың туғанына 325 жыл толуына байланысты Қарағанды облысында қойылған театрландырылған дала сахнасының сценарии).

Қатынасушылар:

Әнет баба
Бұқар жырау
Қазыбек би
Абылай хан
Бөгенбай батыр
Жәнібек батыр
Қабанбай батыр
Наурызбай батыр
Есет батыр
Қалқаман
Бәйбіше
Бала Бұқар
Ана
Келіншек
Аңшылар
Бастаушы
Халық, қол. Жаушы, жыршылар.

Бастаушы.

Шырмаса қыспақ заман, қиын заман,
Үйірсе ел тағдырын құйын заман.
Қамаса қара түнек, қара дауыл,
Шарқ ұрып көк пен жерге сиынды адам.

Жау шапса, жатқа кеткен жерің қайғы.
Жерінен көше қашқан елің қайғы.
Сол шақта алашым деп туған ұлдар
Жау түгіл құдайға да бағынбайды.

Ақырып Ай тұтылып айбатына,
Қаһарын қайрап қосып қайратына,
Қасқайып қарсы тұрып ақ патшаға,
Төбеден жай түсірген ойратыңа.

Естекпен есептескен жұдырықпенен.
Шүршіттен селдей төнген шіміркпеген.
Қызылбас кең далама ендегенде,
Қара жер қызыл қанды сіміріпті әрең.

Ел болса ер туғызбай тұра алмаған,
Туғызған талай ерді қыран далам.
Сол ұлдар кіндік жұртты қорғап қалып,
Тау-тасын артық көрген бір Алладан!

Жаратқан елден ерек дана құдай
Қазақтың қасиеттісі ол - хан Абылай!
Әз халқын тауарихта қалды сақтап,
Жұлдызы ел көгінде жанады ұдай.

Көмейден толқын ойдан ағып айдын,
Ұстазы бола білген Абылайдың,
Қазақтың бел баласы ол - Бұқар жырау
Дос түгіл қас таба алмас тарыдай мін!

Саз күткен перзентінен бұл Тау, Дала,
Жанына жағады екен шырқау ғана.
Он үшке толғанынша тілі шықпай,
Сол Бұқар атаныпты мылқау бала.

Бастаушы. Жаз жайлаудағы бейбіт ел. Бұқар баланың әкесі - Қалқаман әлдебір тойға баруға жиналып, пәуескеге мініп алыпты. Қасында бәйбішесі. Бәйгеге қосатын жүйрікті жетектеп бапкер қасына келеді.

Қалқаман. Жабуы қайда деймін, жабуы?

Бапкер. Қанжығамдағы қоржында ғой ол.

Қалқаман. Ал да, тап қазір жауып таста.

Бапкер. Ойбай, Калеке-ау, осындай күн ыстықта... Жердің түбіндегі тойлы ауылға жеткенше жануарды бекер қинаймыз ғой.

Қалқаман. Сұғанақ біреулердің сұқ көзінен сақ болған дұрыс.Сөзді қой да жабуын жап!Бәйге аты шікәмшіл.

Бапкер. Е, онда жабайын, Калеке. Бұқаржан көрінбейді ғой. Қарагермен бәйгеге өзім шабам деп маған әлгінде былай-былай ишараттап еді.

Қалқаман. Уай, се-ен!.. “Ишараттап еді”... Енді сен де ұлымның мылқаулығын бетіме басып мазақтайын дедің бе. Жоқ! Бұқар емес, анау інісін ерт. Сол күшік пысықтау.

Бастаушы. Пәуеске орнынан қозғалып кетеді. Сол кезде біреуі “Көке-е!”, екіншісі “Ко-ок-ко!” деп айқайлаған екі бала құйғытып жетіп келеді. Қалқаман балалардың кішісін қолын бұлғай шақырып, қасына отырғызып алады. Бұқар да атынан түсіп, пәуескеге жақындағанда, әкесі зекіп жібереді.

Қалқаман. Тәйт! Бар! Жылқыға ет! Жылқыға! Итке темір не керек дегендей мылқауға той зәру емес. Қалқаманның мылқау баласы дегізіп, етіме таңба түсірме.

Бастаушы. Бұқар жыламсыраған мылқау ыңырануымен жалынышты әлдене айтады. Оқырынған Қарагерді мойнынан құшақтайды.

Бәйбіше. Көкесі-ау, Қарагер Бұқаржанның бөсіре аты еді ғой. Бәйгеге алғаш қосайын деп отырсыз. Баланың өзі мініп шапсын да. Оған тілдің қажеті қанша. Шырылдағаны жанымды жаралады-ау, көкесі!

Қалқаман. “Жаным, жәні-ім!” Сенен басқада жан жоқтай-ақ. Айттым. Бітті! Қыстырылма! Оны мылқау еткен тағдыры! Маңдайына жазылған сол. Бұл ат - енді мына күшіктің бәсіресі. Осы мінеді. Әй, атшы! Ұйықтамай айда! Қозғал!

Бастаушы. Пәуеске кете береді. Ұзап бара жатқан әке-шешенің соңынан қарап тұрған Бұқар бала атына қарғып мініп, пәуескенің артынан тұра шабады. Артына қайырылып қараған Қалқаман тағы да ашулы зекіп тастайды.

Қалқаман. Кайт кейін! Малға бар! Бірің тойшы болсаң, бірің қойшы бол деген. Сен бүгіннен бастап қойшысың! Қойшысың! Қой-шы-ы! Қой-шы-ы!

Бәйбіше. Жоқ, көкесі! Олай емес! Құлыным, Бұқарым! Сен тойшы боласың! Сен ғана! Сен!... Жылама, ботам!

Бастаушы. “Қойшы-ы!” деген дауыс дала жаңғыртып, күшейіп, көбейіп есіп, анасының даусын естіртпей, Бұқарды көміп кетеді. Кері бұрылып, құйғытып келіп, аттан домалай түсіп, қара жерге етпеттей жығылып, бала мылқаулана бебеулеп, еңіреп жатыр.

Бұқар. Қы-қы-қы! Қо-о-о-й-шы-ы-ы-а!

Бастаушы. Осы кезде ақ боз ат мінген, ақ киінген Әнет баба жорғалатып келіп, балаға бата береді. Жан-жақтан халық жинала бастайды.

Әнет баба. Балам! Жылама! Көтер басыңды! Саған не керек? Бақ па? Тақ па? Атақ па? Айт жылдам!

Бұқар *(ұшып тұрып).* Жы-жы-оқ!

Әнет баба. Әлде саған керегі көкірегі күмбірлеген діл ме?

I Адам. Апырай, Бұқар баланың бас шайқағаны несі?!

Әнет баба. Мүмкін саған керігі жұрт білмеген дін бе?

II Адам. Ой, шіркін! Тағы да басын шайқап тұр, ей?

Әнет баба. Онда саған керегі көмекейі бүлкілдеген тіл ме?

Бұқар *(қайта-қайта басын изейді).* Ке-е-рек! Ті-ті-ті-іл! *(кенет ап-анық)* Тіл! Тіл!

Дауыстар. О, құдірет! Тілі шықты! Бұқаржан сөйледі! Даусы далаға жамырап, таста жаңғырды-ау!

Әнет баба. Балам, Бұқарым! Жай алақаныңды! Ал батамды!

Көмекейі бүлкілдер,
Шешені бол еліңнің.
Төбеде туы желкілдер,
Көсемі бол еліңнің!
Тілің болар қаруың
Халқың үні боп сөйле.

Тап жұртыңның даруын
Ақиқатты дөп сөйле.
Әділетті табарсың
Маздарсың, сөнбей жанарсың!
Ел-жұртыңа әйгілі
Бұқар жырау боларсың!

Дауыстар. - Айтқаның келсін, баба!

- Әулиедей ақ батасын берді-ау!
- Әулиеден несі кем, Бұқаржанға тіл бітірді ғой Тіл!
- Бұқар жырау боларсың деді!
- Шабыңдар Қалқаманға! Жеткізіңдер хабарды!
- Бұқаржанға тіл бітті деңдер! Сүйінші сұраңдар!

Әнет баба. Әу, ағайын! Той, той жасаңдар! Он үш жыл үндемей келген Бұқар шырақтың бүгін дүниеге қайта келген күні! Шалыңдар бозқасқаны! Ақ түйенің қарнын жарып тастаңдар! Ол аз десеңдер анау менің ақ бозымды да шалыңдар! Келешек үміті бүгін қылаң беріпті. Осыншама уақыт Бұқарға тіл тістеткен Құдірет баланы жамандықтан, арамдықтан, нәрсіздіктен, тексіздіктен сақтап келген шығар. Енді есін білгізіп барып, ертеңгі күннің сөзін сөйлер, елдің уәжін ұстар азаматына айналдырған болар. Иншалла, сөйтсін!

Бастаушы. Той басталып, алтыбақан теуіп, би билеп, жамбы атып, палуан күрестіріп жатқан думанды ауылға бірін-бірі қуалаған екі атты қатты шауып келді.

Арттағы аңшы. Тоқта! Тоқта дейім, иттің баласы! Бәрібір құтылмайсың. Тастап кет түлкімді!

Алдыңғы аңшы. Жоқ! Бермеймін! Қалқаманға жүгінемін! Сол шешсін дауды! Қалқаман аға!

Бастаушы. Екеуінің алдынан атына міне сала Бұқар қарсы шығады.

Бұқар. Ассалаумағайкум, ағалар.

І Аңшы. Әликс... Әй, бала, ауылда жөн сұрар үлкен қалмаған ба?

ІІ Аңшы. Жол бөгемей былай тұр! Бізге Қалқаман би керек! Даумен келеміз. Даумен!..

Бұқар.

Өзегі талса ел біткен
Өзен бойын жағалар.

Әкем жоқ ед ауылда
Ақ-қараны саралар.
Осы даудың түйінін
Мен шешейін, ағалар.

І Аңшы. Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без деуші еді. Әй, бала тақылдаған кімсің өзің?

ІІ Аңшы. Иә-иә, жолды бөгеп, жөнді тағы бұзып тұр бұл бала.

Бұқар.

Жас деп бетінен қақса,
Жолдың кесілгені емес пе, ағалар?
Сөз жүйесін тапса,
Даудың шешілгені емес пе, ағалар?
Баланың ыңғайын бақса,
Даналығын өсіргені емес пе, ағалар!

Әнет баба. Уай, айтты-ау Бұқаржан. Жақсы айтты-ау!

Қой асығы демеңдер,
Қолыңа жақса сақа қой.
Жасы кіші демеңдер,
Ақылы асса, аға ғой -

демей ме. Әу! Екі дәугер, сары табақтан сарқыт қайтпасын қайдан білдіңдер. Беріңдер дәл осы билікті Бұқар балаға.

І Аңшы. Ә-ә... Бұқар ма атың? Қалқаманның Бұқар деген мылқау баласы бар еді... Мылқауға тіл бітсе, әй, сірә тегін болмас. Тыңда онда, балам. Таласқанымыз - мына түлкі. Қырдан қуып әкеп індетіп, қазып алдым. Ал мынау адам түлкіме таласып, қалмайды.

ІІ Аңшы. Жүні жетілсін деп бағып жүрген түлкім еді. Жер менікі. Жердегі ін менікі. Ендеше түлкі де менікі. Дауымызды әділ шеш, балам!

Бұқар. Ағалар-ай, ағалар! Болымсыздан дау туғызып, бекер таласасыздар *(1 адамға)* Түлкі арлан болса, сіздікі! *(2 адамға)* Ұрғашы болса, екіншіңіздікі!

Бастаушы. Соны айта сала Бұқар бала, атын

қамшылап, дүбірлетіп жатқан жастарға қосылып жарысып кетеді.

I Аңшы. Баланың ісі шала деген осы-ау, алды-артына қараған жоқ.

II Аңшы. Шешпек түгіл шиелеп кетті ғой шуылдақ шіркін!

Бастаушы. Әнет баба дауласқан екеудің қастарына барып, түлкіні ұстап көреді.

Әнет баба. Бұқаржан билігін дұрыс берді. Түлкінің ұланы түз сақтайды, ұрғашысы ін сақтайды. Әу, ін қазған аңшым түлкі еркек болса, қырдан қуып келіп індеткен саған тиер тиеді. Түлкі ұрғашы екен, жер иесі мынаған бұйырыпты.

I Аңшы. Билігіңізге құлдық, баба!

II **Аңшы.** Ат-шапан айыбымызды бердік, баба!

Әнет баба. Маған емес, балаға беріңдер. Бала да болса, данаға беріңдер.

Үй баласы мылқау ед,
Ел баласы сол болар.
Қаумалаған қазақтың
Бел баласы сол болар.

Бастаушы. Екеу тарсылдатып Бұқарды іздеп шаба жөнеледі. Бір биіктеу жерге Әнет баба жалғыз отырады. Дәл қазір оқшау отырысы әлдебір күпияны алдын-ала сезгендей де тәрізді. Осынау көз алдындағы қуанышты дүбірге кәрі көзді тесіле қадайды.

Бастаушы.

Ел жатты елжіреумен ұлын мақтап,
Ержетті Бұқар бала өнер жаттап.
Қайралған ақ алмастай қырғы тілді
Талайдың өңменінен салды баптап.

Тау қылды даналықпен майда белді.
Жауына қарсы қойды қайрап ерді.
Шау тартып Бұқар жырау қалған кезде,
Тұс-тұстан жау торыды қайран елді.

Оранды от-жалынға кенет дала,
Жетпеді ынтымағым жебеп қана.

Тұс-тұстан жау шапқанда қазақ жұртын,
Бір тауда жалғыз қалды Әнет баба.

Бастаушы. Арып-ашқан, азып-тозған елді бес жақтан бес қол - орыс, қытай, башқұрт-естек, қызылбас және жоңғар-ойрат бөліп, бөлшектеп қырып-жоюда. Бір топ оңаша отырған Әнет бабаны өлтіріп, ақ киімін талап алып кетеді.

Жоңғардан қашқан қазақтың алдынан казак-орыстар шығады. Одан үріккен елді естектер тонайды. Ауған ел қытай көмейіне түседі. Қалғанын қызыл-бастар қоршаған. Бес бөлінген елді бес жақтан жеткен қазақтың бес қолы құтқармақ боп, жанталаса шайқас беріп жатыр.

Сібір линиясының бастығы генерал Киндерман бастаған атты қазақтар “Пики к бою! Шашки вон! В атаку марш! Марш!” деп өңеш жырта айқайласа, жоңғардың Сары-Манжы қолбасшысының шеріктері: “Лауа лух!” деп дүңгірлеп, қытайдың Хунли бастаған әскерлері: “Чуңна! Тадо!” деп айқайласа, Қызылбастың Кулихан әскербасына ілескен қалың қолы, естектің Иделбай түменбасына ерген жорықшылары даланың әр тұсынан аттандата дабырлап, шаңдатып жатыр.

Үш жақтан Қаздауысты Қазыбек, Шақшақ Жәнібек, Бұқар жырау шығып, қырылған, тоналған жұртын аралап жүр. Күйік атып жүр.

Қазыбек. Азған заң, тозған заман!... Құйрықсыз құлан қылдың. Аяқсыз жылан қылдың. Жерімді өрт басты. Кеудемді дерт басты. Төле би ағам жырақта жатыр. Әйтеке бауырым жұмақта жатыр. Азап пен тозақ көргенім. Зар мен шер тыңдағаным. Нәр мен ар қайда? Ел мен ер қайда? Қол мен хан қайда, Жәнібек батыр?

Жәнібек. Сатты сатқын қазақ, Қазыбек аға! Тағы сатты асылымды! Барақ сұлтан Абылайды опасыздықпен ойратқа ұстап беріпті! Қандай сұм! Қандай азғын!

Бұқар. Казеке! Азған заңды түзер нәр сізде. Тозған заманды өңдер ар да сізде. Абылай сұлтан - қанат-құйрығыңыз. Жүрер аяқ, сүйенер таяғыңыз. Сіз барыңыз Жоңғарға. Сұңқарымызды босатып, аспанға

ұшырыңыз. Тұлпарыңызды құтқарып, даласында көсілтіңіз.

Қазыбек. Қияғым кетілмеп пе, Бұқарым бауырым-ау? Тұяғым тозбап па, Бұқарым інім-ау? Сен өзің иланамысың? Сен сенсең, мен үміттенбеймін бе! Хонтайшы қабылан болса, қабыланды арыстан боп шайнайын!

Бұқар. Жәнібегім! Жолбарысым! Қалжыраса, Қазекеңе сүйенер қазығы, әлсіресе, дем берер азығы бол... Бірге жөнел Қаз дауыстыммен!

Бастаушы. Қазыбек батыр кетеді. Бұқар өртенген жұрт, өлген шейіт, қираған үйлерді аралап жүр.

Бұқар. Еміренген ел жоқ! Қыбырлаған жан жоқ! Өртеніп жұрт жатыр, тұлданып жер жатыр. Жерім бар, елім жоқ. Елімді орыс ойрандады, жоңғар жұтты, қытай қылғытты, башқұрт бұтарлады, қызылбас қарпыды.

Жер бар. Ел жоқ. Неге жоқ? Жұрт жоғалып, халық өшкені ме? Қайда елім? Ордабасындағы ынтымақ оралмай ма енді? Үш бидің өсиетімен тапқан бірлігіміз - тірлігіміз емес пе еді. Он бес жыл өтпей жатып ірігеніміз қалай?

Бастаушы. Толғанған Бұқардың зарын естігендей біртіндеп шаршап-шалдыққан, жараланған, мертіккен батырлар, сарбаздар жан-жақтан желе-шоқыта қаптайды.

Бұқар. Азды ма адам? Тозды ма заман? Қанатсыз халық, құйрықсыз ел, аяқсыз жұрт болдық па? Ел қайда, ер қайда?

Дауыстар. - Бармыз! Тіріміз! Елміз! Еріміз!

Бұқар (жағалай жүріп). Сен кімсің? Сен кімсің? Уай, сен кімсің?

Бөгенбай. Мен - Қанжығалы Бөгенбаймын! Соңымда Қанай би, Аралбай, Түйте, Баян, Жәпек, Атан, Жантай, Олжабай, Жидебай, Жарылғап батырлар бар.

Дауыстар. - Қанжығалы Бөгенбай! Қанай би! Олжабай, Аралбай, Таңыбай, Атан, Жәпек, Баян батырлар! Жасаңдар! Жайнаңдар! Тәңірім қолдасын! *(Екі-үш рет қайталанады).*

Қабанбай. Мен - Қаракерей Қабанбаймын!

Малайсары, Дәулетбай, Жәнібек, Тауасар батырлар, Ақтамберді жырау қасымда!

Дауыстар. - Қаракерей Қабанбай! Малайсары, Жәнібек, Тауасар батырлар! Ақтамберді жырау! Алла жар болсын сендерге! *(2-3 рет қайталанады).*

Наурызбай. Мен - Шапырашты Наурызбаймын! Қасымда Сатай, Бөлек, Сеңкібай, Шойбек, Қойгелді, Хангелді батырлар бар!

Дауыстар. Шапырашты Наурызбай! Сатай, Сеңкібай, Хангелді батырлар! *(2-3рет қайталанады).*

Есет. Мен - Тама Есетпін! Қапталымда Тайлақ, Байрақ, Жолымбет батырлар бар!

Дауыстар. - Тама Есет! Тайлақ, Байрақ, Жолымбет батырлар! Бақ қарасын, Қыдыр дарысын сендерге! *(2-3 рет қайталанады).*

Бұқар. Жә!Жыртпаңдар өңештеріңді! Тұлымдыңды айдатып, жібертіп тұрып, айдарлыңды байлатып жібертіп тұрып, айбатыңнан ай тұтылғандай бос айғайдан пайда не. Батыр батыр деп бақырғандарыңмен бастарың қосылмай, білектерің бірікпей, тілектерің ажырап осындай күйге ұшырадыңдар. Ынтымақты ыдыратып, жыртқыш көмейлерге көмеш боп тығылдыңдар. Бірліктен айрылып, жемтік боп жұтылдыңдар. Әне, анау зарлап келе жатқан ел анасын тыңдаңдаршы!

Ана *(зарлы мұңмен).*

Құрамайын құрақ жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Дүние деген - сағым бұлт
Қамкөңілде тұрақ жоқ,
Қамшысы қалды қолымда,
Қалқайып мінер пырақ жоқ.
Жалғыздан аңырап айрылдым,
Артымда жанар шырақ жоқ.
Етегім толды жасыма,
Зарымды тыңдар құлақ жоқ.
Еліне жауын енгізсе,
Басына жаулық байласын,
Еркек киер тымақ жоқ.
Бұқар жырау, ел жина,
Еркексіз елде қуат жоқ.

Ынтымақ кетсе ыдырап,
Қарайтын жұртқа сияқ жоқ.
Қайтейін, жырау, қайтейін,
Кешегі күнгі мият жоқ!

Бұқар. Әне, анаңның зары! Кешегі Ордабасы өсиетін ұмыттыңдар демей ме. Әбілқайырың анау - ырысын Ересейден іздеп, ығысып кетті. Әбілмәмбет хан Түркістанға тығылып алып, бүрісіп шықпай отыр. Барақ сұлтан Абылайды опасыздықпен ойратқа ұстатып жіберіп, қолымды кесіп тастады. Ақиығым Қалдан-Сереннің зынданында жатыр. Құтқаруға Қаздауысты Қазыбегім кетіп еді. Айдан асты әлі бір хабар жоқ.

Бастаушы. Осы сәт ақ бозын жорғалатып аралатып жүрген Әнет баба елесі көрінеді.

Әнет баба.

Мен жүзге жеткен шалыңмын,
Елеспін бүгін - арыңмын.
Құрбан боп елге шалындым.
Рухым келді-ау алдыңа,
Түспесін еңсең бәріңнің.
Мен - Әнет баба деген кәріңмін.
Іздесең табар нәріңмін.
Түтіні жоқ жалынмын.
Тілегі болам әр ұлдың,
Бауырым Бұқар жырауым,
Несіне сонша тарылдың?
Намысы болса ұқпас па,
Қалауын айттың арыңның!
Арылдың, жырау, арылдың.
Ежелден саған ел болған,
Бірі етек, бірі жең болған,
Үш жүзің келді алдыңа,
Біріне-бірі тең болған.
Адырнасын ала егіздей мөңіреткен
Үйсіннен келген кісің көп.
Алысқан жауын еңіреткен,
Арғыннан келген кісің көп.
Ұстаған жерін көмір еткен,
Алшыннан келген кісің көп.

Өкпеңді кеш те, алқала,
Тәубеден басқа ісің жоқ!

Дауыстар. Әнет баба! Ынтымақ! (3 рет).

Бастаушы. Әнет баба елесі ақ бұлттай боп сейіліп кетеді де, сонау көз ұшынан құйғытып айқайлап жаушы келе жатады.

Жаушы.

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Қаздауысты Қазыбек!
Жанында оның Жәнібек!
Нөкерлері тағы көп.
Қасында келед Абылай!
Оның да олжа, малы көп.
Жұрт шуласып жатыр ғой
Болашақ қазақ ханы деп!
Сүйінші, халқым, сүйінші!

Қазыбек. Аман, аман, аман бол!

Бұқар. Ел, ел, ел бол! Асу бермес бел бол, Қазыбек аға!

Қазыбек. Беліңді әкелдім, жырау. Еліңді енді өзің бекемде. Татулықтың қадірін жау шапқанда білдік. Ынтымақтың қадірін дау тапқанда білдік. Ел қадірін егілгенде білдік. Жер қадірін жеңілгенде білдік. Өксігімізден өнеге алып, қайғырғанымызды ғибрат тұтсақ, бұдан былай өкінбеспіз.

Міне балаң - Абылайың, жырауым!

Абылай. Арма, елім. Арма, жырау.

Бұқар. Бар бол, ар бол, Абылайшам! Арысым! Ел еңсесі түсті. Көтерермісің өзің? Елің есеңгіреп қалды. Есін жиғызармысың, арыстаным? Елің күйзеліп тұр. Үйіріп билеп, иіріп қайырып әкете алармысың, ардагерім? Туы шайқалған елің, тірегі босаған халқың, қазығы қисайған жұртың өзіңе ғана үміт артады. Алармысың тағдырын өз қолыңа? Ұстармысың екі тізгін бір шылбырын? Бастармысың бейқам көш, бейбіт тірлігін?

Сөйле, Абылайшам!

Абылай. Жотама жүкті мол артың, Бұқар ата. Көтермесем маған серт демеске амалым жоқ.

Уай, ағайын! Қарындас қазағым! Береке бірлік тілесең, бетіңді дұрыс бер. Толық бер. Жартыкештеніп жонарқаңды көрсетсең - қамшым сауырыңда ойнар.

Дауыстар. - Жоқ ондайлар! Іздегеніміз - бірлік. Көксегеніміз - тірлік.

- Күнім - арай болсын, жүзім - шырай болсын!
- Берекетімді әрекетіммен табармын!

Абылай *(аралап жүріп).* Бастарыңды қосар ем, жұбың бір болар ма, жұртым? Тілектеріңді біріктірер едім, жүректерің жарасар ма, батырларым?

Дауыстар.

- Жұбымыз бір болады!
- Жүрегіміз жарасады!

Абылай. Ендеше арғымақтай аңқылдармын, тау тағысындай саңқылдармын, жау төбесінде ақ алмастай жарқылдармын!

Бастаушы. Осы кезде шұбаған тағы бір босқын көш келе жатады. Әлгі бір сәл серпіліс тапқан көңілдерді шайқап қазақ даласының қайғылы үні, шерлі күрсінісіндей боп келіншек зары естіледі.

Келіншек зары.

Дәу мылтықтан доп атып,
Қазақты орыс күйретті.
Жауқазындай жапырып,
Боздақтарды сиретті.
Аңғал қазақ алданған.
Жол таба алмай дағдарған.
Жер-суынан айрылып,
Боз інгендей зарланған.
Жазығы жоқ қазақтың
Жыртыла берді-ау жағасы.
Шұбырған босқын халқымның
Табылар қашан панасы?
Тазарар қашан кең далам,
Бостандық күні туар ма?
Тоз-тоз қып жауды тоздырып,
Жерімнен сұмды қуар ма?

Бұқар. Уа, шырағым, не болды?

Шал. Не болсын, қаусап, күйреп келеміз.

Кемпір. Даланың шаңынан да қазақтың жауы көп

екен, жырау. Жоңғары жоғалып еді, шүршіті шідерледі. Шүршіті кетіп еді, қызыл телпектісі кідіңдеп, мұжығы дігерледі.

Қабанбай. Уай, Абылай! Ақ патшаға қол беріп,еліңе әперем деген еркіндігің осы ма? Еңірегенде жұртыңның көз жасына етегі толып барады ғой! Қабанбай атыммен қайтып шыдармын бұл қорлыққа!

Абылай.

Тағы шер, тағы да зар!
Мұң тиылар күн жетер ме қазаққа?

(келіншекке)

Ел кегін қуған қай қызымсың, қарындас?

Келіншек.

Нұрбикемін, алдияр!
Зорлықтан қорлық өрбіді,
Зарымнан жаның түршікпесін, алдияр!
Әскерлік барлауға шыққан мұжықтар
Қыбырлап жүрген бейқам елге
Дүбірлеп жетті де оқ боратты.
Сәбидің шырылына, шалдың сақалына
қарамады.
Оқ тескен көкіректерден
Нәрестенің алқызыл қаны ақты.
Қарияның сарсуы сауылдады.
Бөріктіңді қорлап, көріктіңді зорлап,
ананы аңыратты.

Абылай *(атын ойнақтата ортаға ұмтылып).*

Қанатыма алғанда - қанымды шашам демеген орыс
Қолтығына енгенде - қолқамды суырамын демеген
орыс.
Есіктен кіріп, төріме озған соң тайраңдауға кіріссе,
Өрісімді алған соң, қонысымды ойрандатуға
кіріссе,
Патшаға берген ант, басқан серттің қадірі не?
Жылап өмір сүргенше, күліп кірем қабіріме?
Тайдың да, тұлпардың да өзіне лайық шабысы
болады.
Аз халықтың да шегінбес үлкен намысы болады!
Селеу шаштысын ат көтіне салып, өш алам!
Аузы түктісін найзаммен іскектеп, кек алам!

Антты бұзғанды кек ұрсын!
Тәңрі атсын! Көк ұрсын! Көк ұрсын!

Батырлар.

Антты бұзғанды кек ұрсын!
Тәңрі атсын! Көк ұрсын! Көк ұрсын!

Бұқар.

Әй, Абылай, Абылай!
Тілімді менің ал-сана.
Ашуға құрық оздырмай,
Ақылыңа сал-сана.
Орыс деген ордалы ел
Бейбіт жолмен бітісіп,
Кеңесіңе кел-сана!

Бөгенбай. Тежеме, жырау! Қорлықтан күнде өлгенше, айқасып бір-ақ өлейік! Қанжығалы Бөгенбайдың арына таңба бұл!

Абылай.

Қайтар жол жоқ, жырауым.
Бөгеймін деп ұшыратпа қарғысқа!
Тұрмаспын енді қайтармай кекті қоздаған!

Бұқар.

Қарғыс емес бұл әлі,
Тілімді менің алмасаң,
Қарғыстың зорын көрерсің!
Ашуланба, Абылай!
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма.
Тентегі үшін он шақты
Орыспенен соғысып,
Қырып алып халқыңды
Басына сені көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Қатар тұрып патшамен,
Кеңес қыл да кесім ет,
Алдына түсіп бағынба.
Желкендегі жоңғарды,
Балақтағы башқұртты,
Сілкіп тастап алдымен,

Жан-жағыңды бағымда.
Ес жиып алып, күш жинап,
Шірен сонсоң тағыңда!

Абылай. Тоқтаттың, Бұқар жырауым! Өзім үшін адассам да, елім үшін қате баспайын. Бірақ қарысқаным - қарысқан! Жателдікке қоғамымнан жетім бала, қотанымнан тышқақ лақ, үйірімнен қотыр тай бергізбеспін!

Қазыбек. Иә-иә, Абылай! Бағаңды білдім. Ұрпақ жалғасады екен. Мен кешегі Қазыбек ем. Ұлыс бегі едім. Орта жүздің жағасы ем. Елдің ағасы енді сен боларсың. Панасы боларсың. Түнектен сәуле көрдім. Соған сенейін де... соңыңнан ерейін. Жай алақаныңды!

Шын ниетпен серік қылсаң еңіреген ел кегін,
Сертіңе жет, серпіп тастап түнегін!
Жортуылда жүргенінде тірлігіңді кеп тілеп,
Қалар мұнда қалың елің - қазағың!
Азабын құртып, азаттық әкел халқыңа! Әумин!

Бастаушы. Қазақ даласы ұрыс алаңына айналған кез еді ғой сол заман. Қалың жоңғарды қоршап алған Абылай қолы елдің азаттығы, халқының тәуелсіздігі үшін жан аямай соғысып, сонау “Ақтабан шұбырындыда” кеткен кек пен тапталған намысты қайтарып жатыр. Соғыс дабылы қылыш суылы, жебе ысқырығы, найза уілімен басталып, ат тұяғының дүбірімен, кісінеуімен, сарбаздардың аңырауымен жалғасып, зеңбірек дүмпуімен күшейіп алған. Жауды айналдыра қоршап алып, біртіндеп қыса түсіп, сыртқа ұмтылғанына шайқас беріп, Абылай қолы ақыры бәрін тұтқынға алады. Жеңіс дабылы қағылады.

Жоңғардан олжаға түскен бес ақ боз атты Қанай би Абылайға тарту етеді.

Қанай. Ханға тұлпар лайық. Ханды тұлпар тұтар халайық. Өзіңіз сауғаларсыз, алдияр!

Жаушы. Жеңіс! Қазақ жеңді! Азап өлді. Азаттық келді. Еңсең өсті, жауың өшті! Қуаныш өсті! Шаттан, халқым! Жүзің жарқын! Өссін даңқың!

Бастаушы. Жаушының құйғыта жеткен осы

қуанышты хабарынан кейін салтанатқа дайындық басталып кеткен. Дала той алаңына айналғанша жаршылар жырларын дауылдата жаңғыртып жатыр.

Жаршы.

Уай, жамағат! Ағайын!
Көңіліңді бүгін табайын.
Оңыңнан Ай туғызып,
Солыңнан Күн жағайын.
Абылайдың жақсы ойы бар,
Сендерге бермек тойы бар.
Ақ түйе қарны жарылып,
Қоралап сояр қойы бар.
Ақсарбас бүгін шалынып,
Бозқасқа бүгін сойылар.
Араздық мүлде қойылар,
Ұрыстан қайтқан сарбаздар
Құрмет пен асқа тойынар.
Сойы бар, биік бойы бар,
Тағы да тағы ойы бар,
Алты алашты шақырған
Алдиярымның тойы бар!
Той, той! Той, той!
Әне, Абылай алдияр сөйлейді!

Абылай. Ел ерімен қасиетті. Ер жерімен қадірлі. Жауды ысырдыңдар. Мерейді асырдыңдар, батырларым. Төбеден түнек түрілді. Көңілден күдік арылды. Кешегі әз Тәукенің кезеңін қайта орнатсақ, бірлігіміз арқылы берекемізді келтірсек, дау таппас, жау шаппас.

Баптасақ батырларды баптайық. Батырларды мақтайық. Батырлармен мақтанайық. Батыр жерді қорғайды. Жер елді сақтайды.

Қанай! Әкел ақ боз аттарды!

Шақшақ ұлы Жәнібек! Қайдасың?

Жәнібек. Мен мұндамын, алдияр!

Абылай. Жүрегің жаудан, тілегің елден қайтпасын. Мін ақбозға! Еліңді ілгері қозға!

Жәнібек. Құп алдым, алдияр!

Абылай. Қанжығалы Бөгенбай! Кел! Жауыма жасын

бол, халқыңа асыл бол! Сен де қон ақ шаңқан бозға! Осы қарқыныңнан жазба!

Бөгенбай. Мақұл дедім, сұлтаным!

Абылай. Қаракерей Қабанбай! Жауыңды түйрей бер, қауымыңды билей бер! Қыс ақбозды тақымға! Тірек бол алыс-жақынға!

Қабанбай. Алдаразы болсын, абзалым!

Абылай. Уай, Жетісудың жолбарысы! Шапырашты Наурызбай! Жауыңды жылатып, жұртыңды жұбатып өт! Бір ақбозға сен бұт арт! Тайынбай ілгері тарт!

Наурызбай. Бек ырзамын, тақсырым!

Бастаушы. Абылай одан әрі атын бұрып жүріп кете бергенде қастарындағы Тама Есет батырға бесінші аттың тимегенін көрген батырлар жетегіндегі ақбоздарды кері қайтарады.

Жәнібек. Алдияр, алданыппын!

Бөгенбай. Сұлтаным! Мен тарықтым!

Қабанбай. Абзалым! Мен жабықтым!

Наурызбай. Тақсырым! Мен қамықтым!

Бұқар.

Ай, Абылай, Абылай!
Мен сені алғаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің.
Атаңның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің,
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Өргізіп тұрсың қолыңнан.
Құдайсынба асқақтап
Адасып кетіп жолыңнан!

Абылай. Ә-ә... Адастым ба, Бұқар ата! Айт онда. Нұсқа өзің.

Бұқар. Алалама жұртыңды! Алалама еліңді! Бөлектеме батырларыңды! Бір қазақты бөлшектеме! Бірдей

ұста бәрін! Бес саусақ жұмылса, жұдырық емес пе. Неге кесесің саусағыңның бірін? Төбеде отырған сен алаласаң, төмендегілердің есесі кетпей ме? Сыбағасынан тоналмай ма? Ұпайы жоғалмай ма? Өкпесі күшеймей ме?

Абылай. Түсіндім, жырау! Халық адасса ханға барады. Хан адасса қайда барады дейді халық. Мен енді саған барармын. Сенен алармын ақылды, Бұқарым! Көмекей әулием!

Айып менен, Есет батырым! Мә, иығымдағы шапанымды жамыл! Қанай! Тарт ақбозды! Еліңнің қорғаны бол, өзің қазыналы, қордалы бол, батырым!

(Есет қолын кеудесіне ғана төсеп, жақ жазбайды).

Абылай. Уай, халқым! Қабағыңа кіреуке тұрмасын. Тойла тойыңды! Асыр салтанатыңды! Жеңісіңнің жемісін тат!

Бастаушы. Ханын ортаға алып, салтанатын бастаған халық әрі кетіп, беріде Бұқар оңаша тұр.

Бұқар. Жігерлен, қазағым! Іркілме, келер ұрпағым! Тайынбай талаптан! Талпынып өрге ұмтыл! Аласармай алысқа шық! Жолыңды болашаққа баста! Сүрлеуіңді даңғылға жалғастыр! Еліңнің өрісін ұзарт. Халқыңның иамысын жаны. Бірліктегі тірлігіңді тірек қып өтсең, өзгелермен, теңесерсің. Басқалармен тең тұрып, басқалармен өзіңді тең тұтып, иығыңды өсір, айыбыңды асыр! Қасіретіңді азайтып, қасиетіңді көбейт! Өз жеріңде отырып өзгеге кіріптар болудан сақтан, болашақ ұрпағым. Бөлінбей біріксең, сендерді алар жау болмас, сендерге келер дау болмас.

Ынтымағың жарассын, халқым!

(Бұқар халыққа қарай жүріп келе жатыр, келе жатыр, келе жатыр).

Бастаушы.

Сен Арғын деген Арыссың,
Азуы кере қарыссың.
Кешеден жеткен бүгінге
Таныссың, мәңгі намыссың!

1994 жыл.

СӘКЕННІҢ ЫЛДИЫ МЕН ӨРІ

Дала сахнасының сценариы

Бастаушы. Жазғы дала. Шалғыны жапырылмаған, сағымы сусыған жоталар үш жігітті алып ұшқан көңілмен асықтырып келеді. Алдыңғы ақ боз атты - Сәкен. Жиырма екі жасар аса сұлу қазақ серісі. Ән шарықтап Арқа төсін әлдилеп тербетіп тұр. Әнші - сері Сәкен, ақын Сәкен, арда Сәкен.

Сәкен.

Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймақты күңірентіп, өлеңдетіп.
Астымда мінген атым - сылаң сағым
Жалтаңдап құлақтарын елеңдетіп...

Бастаушы. Әнге бүкіл тау жаңғырып қосылды. Бүкіл дала дүбірлетіп жаңғыртып әкетті. Бірақ уәделескен жерде бойжеткен жоқ еді. Шапан бүркеніп аулаққа келмеп еді. Ол ол ма, қыз түгіл, қыз ауылы орнынан табылмап еді.

Сәкен. Апырай, айтыңдаршы, бұ не тылсым? Құрағы жапырылмаған, балаусасы басылмаған жаңа жұрттан неге көшті екен? Әлде әлденеден үрке безді ме? Неге көшеді? Әй, бұл тегін емес-ау.

Бастаушы. Сол екі ортада босқын көш дала сахнасына шығады. Көш үстінде зарлы ән, жоқтау әуені қалықтайды.

Сәкен. Ассалаумағалайкум!.. Көш көлікті болсын, ақсақал.

Ақсақал. Ә-ә, қарағым осы сен Сейфолданың Сәкені емеспісің?!. Е-е, шырақ, көшіп келе жатқан жоқпыз, босып келеміз. Бас сұғар жер, пана болар ер таппай сандалудамыз.

Сәкен. Не болды, ақсақал? Тыныш, бейқам елді

аяқ астынан долы ұрып, дауыл үйірген бе? Әлде тәңір қарғап, жасаған хақ қырын қараған ба?

Ақсақал. Он тоғыз бен отыз бір жастың арасындағы қазақ баласын әскерлік қара жұмысқа аламыз деген патша ағзамның жарлығы шығыпты.

Дауыстар. - Қара жұмыс дегені әншейін алдаған іс қой.

- Ой, пірім-ай! Майданның ең алдына апарып, қазақты оққа қалқан қылмақ көрінеді.

- Енді бізге тура өлгеннен басқасы жоқ.

- Ой, құдай-ай! Бұ не деген заман болды? Ақсарыбас атасақта, зарымыз жасаған түгіл жандаралға да жетер емес. Үскірікпен болысқа бұйрық әкеліп, жастарды тез жинап бер деп зіркілдеп тұр пристабы.

Сәкен. Неге көштіңіздер?

Шал. Көшпей қайтейік. Біз өзі орыстармен шептесбіз ғой. Казак-орыстар ат ойнатып тиісе бермеді ме. Әу, Сәкенжан, осы ақ патшаның бізде несі бар? Сол орыс патшаң жерімізді бір алды, суымызды екі алды. Енді адамымызды алып, Керманның оғына айдап, шеп қылайын дегені - қазақты біржола қырайын дегені ғой.

Бірінші жігіт. Жо-оқ! Ата, Керманға барып қырылғанша, өз жерімде шейіт болармын мен.

Екінші жігіт. Иә! Сөйту керек! Анау Тінәлі-Темеште, сонау Қаракесекте хан сайланып, қазақтар өз алдына әскер жасақтап жатыр деседі.

Үшінші жігіт. Не де болса тәуекел! Қазаттыққа шығамыз!

Екінші жігіт. Өз жерімізде өлсек - шейтпіз.

Сәкен. Сөйлесіп көрмедіңіздер ме? Болыстар не дейді? Губернатор да екі аяқты адам емес пе. Әділін айтар...

Ақсақал. Сәкенжан, жаның таза болған соң елдің бәрін өзіңдей көресің-ау. Анау Бөлебай болыс, Молдабай бай сол орыс жандаралыңның сойылын соқпады ма.

Бастаушы. Көш қозғалады. Сәлден соң Бөлебай бастаған атқамінерлер шығады.

Сәкен. Қайран ел! Тағы да бір науыт болар шаққа кез болдың-ау! Айбалта, құрықпен зеңбірекке қарсы

не істерсің. Өлгенің өлген жерде, қалғаның қалған жерде тағыдай тағы жосағаның ба?

Серігінің бірі. Қамықпашы, Сәкен. Көпке түскен ауыртпалық қой. Бір амалы болар.

Сәкен. Көкірегім қасіретке толды ғой. Қолдан келер қайыр болмаған соң қабырғам сөгіліп барады, Ізет. Толқыған елден аңыраған зар, егілген шер ақтарылды әне. Жазықсыз жапа шеккен халқымның көз жасын иер кім бар? Қорланған қарындастың төгілген арын, зарланған ананың қиналған жанын кім байқар?

Жүрегімнің нәзік тамырлары шертіп қалса, үзіліп кеткелі тұр. Жанымның құлын даусы шұрқырап, аңырағалы тұр.

Бөлебай. Әй, Сәкен, Сәкен! Ақын - күйрек. Ақын - елжіреуік. Тағы баяғы семинариядағы “қайран елі-е-ем!” - дейтін күйсеуің бе?

Сәкен. Әй, Бөлебай! Тырнама жанымның жарасын!..

Бөлебай. Сәкен, сен әлде нағыз сапассың. Әлде серімассың! Жел қай жақтан соқса, сол жаққа шұбыратын қаңбақты ел дейсің. Бұлар ел емес, дәл бүгін менің көмейлеп асар күлдікөмешім ғана. Менің болысымдағы екі мыңдай елден қырық кісі ғана тізімге ілінді. Ілінбей қалғандары пристав пен менің құлқынымды толтырды. Әскерге бармайды.

Сәкен. Әй, Бөлебай! Елдің көз жасынан көжекатық айырмақсың, ә. Ардан безіп, қиянаттың қылышын сермейсің, ә! Жібермес бірақ әділет!

Бөлебай. Әділет деймісің, Сәкен! Әділет күштінің ғана қолында. Нашар мен әлсіз - қашанда қиянаттың құрбаны. Ал ел дегенің сол мықтының қолындағы қаруы ғана. Қаруы!

Сәкен. Жоқ, Бөлебай! Сен елді олай қорлама! Патшаның меңіреу дүлей күшіне қарсы ұмтылып, өлімге бел байлаған жаралы жұртым тұңғиық жалпақ теңіздей буырқана қозғалды, әне. Әттең сол тұңғиық қара теңізге қара дауыл құтырына соқтықты ғой. Теңіз елім тебіреніп шайқалды. Шайқалды-ау! Күңіреніп толқыған елді салқын ақылға келтіре алармын ба? Елім ұлым демеп пе еді?

Бөлебай. “Елім! Елім!” Былжырапсың, Сәкен! Сол

елің сені, ұлын қазір өзі буындырсын. Өзің қара да тұр. Елің есіңнен тандырсын онда. *(Айғайлап).* Уай, халайық! Сендер пәле басы кім дейсіңдер ғой.Ол мынау - Сәдуақас! Омбыдан орысша оқып, шоқынған қазақ! Енді қазақтардың санағын алып, солдатқа жинап жүр. Аранға айдамақшы арам дәл осы!

Дауыстар. - Шырағым, қазақ емес пе едің, мұсылман емес пе едің? Жап-жас баласың. Бұ не қылғандарың?

- Ойбай-ау, мәймөңкелеп қайтесіз, Істеке. Орысқа сатылып, бізді орысқа ұстап берейін деп жүрген сатқынмен сөйлесіп не ғыласыз. Соқ! Жұлып ал атынан!

- Қазақты бәрі сатады! Бәрі алдайды! Өлтір кәпірді! Жоқтауын бір-ақ айтқызыңдар бұндай жұлынқұрт жауыздың!

Бастаушы. Сәкенді тарсылдатып ұра бастайды. Ақмола губернаторы Масальский бастаған орыс солдаттары босқын көшті қоршап алады.

Губернатор. Бұ не шу! Прекратить! *(Сәкен босанып бері шығады).* Азиаты! Номады! Инородцы! Ақмоланың сасық дикарь қайсақтары! Я вам покажу где раки зимуют! Его императорское величество патша ағзамның жарлығына мойын сұнбайсыңдар, ә! Бунтуете, дикари! Смеете противоборствовать, азиаты!

Сәкен. Мәртебелі губернатор мырза! Халыққа тіл тигізбей сөйлесуіңізді өтінем. Ірі һәм ұсақ болса да кез келген халықты кемсітуге болмайды.

Губернатор. Кто ты таков? Кайдан шыққан мықтысың? Қайда сен айтқан халық? Я вижу только сброда.

Зиранов. Я знаю его, Ваше высокоблагородие! Он - Садвакас Сейфуллин. Потомок почетного степняка. Мой бывший однокашник по семинарию, Ваше высокоблагородие!

Тағы да ол ақын. Поэт, так сказать, “невольник чести”. Сондықтан қыстырылады.

Губернатор. Халқың сонда сені неге ұрады? Білмейсің? Ал мен білем. Дикий и необузданный и потому сборище негодяев!

Патшаға қарсы шығуы - ақымақтық. Али

құтырғандық. А мы бешеного пса истребляем беспощадно. И если сен, поэт - невольник чести, өз халқыңды сүйсең, оларға айт. Ақымақтығын тастасын! Орыстың әскеріне, орыстың қару-жарағына қазақ қарсы тұра алмайды.

Сәкен. Намыс ше? Намысын таптатқызбайын десе ше? Халық - қой емес. Неге түсінбейсіздер? Неге келіспейсіздер?

Губернатор. “Намыс... намыс!” Дикарларда жоқ ондай сезім. Сөзді де, ақылды да түсінбейді. Ал патша жарлығына көнбеген қазақ для меня только лишь стадо баранов! Сен айт оларға. Қайтсын! Көнсін! Көнбесе, дәл қазір қойдай қырамын. Қазақты шалғымен шапқан шөптей орамын! Сен, поэт - невольник чести, пулеметты, әрине, білесің. Ал, пулемет оқты жаңбырша жаудырады!

Сәкен. Бүкіл қазақты қыра алмассың, мырза. Егер сен халықпен қарумен ғана сөйлесем десең, онда өзің де, патшаң да көпке ұзамассыңдар!

Губернатор. Ах, солай ма? Шашки к бою! Пики вон! В атаку! Марш! Марш! Тура! Кескіле! Ат! Қыр киргиздарды! Өлтір бунтарь кайсактарды!

Сәкен. Әй, Зиранов! Мыналарың сұмдық қой! Тоқтат анау қарғыбаулы төбетіңді! Қатын-балаға оқ атып, батыр атанбаңдар!

Зиранов. Сен, дорогой однокашник! Мені арандатпа! Мен өз қолыммен бес қазақты шауып өлтірдім. Сен алтыншысы болғың келмесе, дереу жоғал!

Бастаушы. Теңізге араласқан дауылдай солдаттар босқын елді тоздырып жіберді. Тақылдаған пулемет жаққа атын борбайлатып Сәкен құйғытып барады. Дала сахнасынан жапа шеккен қазақ ауылы, қан жұтып алыстап жоғалды.

(Сахна өзгерген. Енді басқа тұстан жалғыз атты құйындатып келеді.)

Жаршы. Сүйінші, патша тағынан құлады! Сүйінші, халқым! Енді ұлдарың елге оралады. Жерлерің өздеріне қайтады. Тендік жетті! Азаттық туды, қазақ!

Бастаушы. Февраль төңкерісінен кейін ауылдағы мектебін тастап Сәкен Ақмолаға келеді. Ақмолада күнде митинг. Күнде жиналыс.

Сапырылысқан жұрт. Тұс-тұстан шулайды.

Ялымов. Құрама комитет құру керек. Уезной!

Бәкен. Уездік құрама комитетің не сенің, Шәріп әбзи? Дұрыстап түсіндір.

Ялымов. Құрама комитет - коалиционный комитет бит. Сул комитетке уа қазақ, уа ноғай, уа казак-уруслар, и мещанлар, ләкин солдатлар тағын слободкадан, учителдер қауымынан кірелер.

Бәкен. Сонда қалай? Әлгілердің бәрінен кісілер бірдей кіре ме?

Ялымов. Бізге, мұсылмандарға шундағы қазақ-ноғайларға бұған қарсы буларға кирәк. Биз көп була тура уруслардың әр түрлі уақ бөлекләрімен бірдей болмауымыз кирәк.

Сәкен. Жолдастар! Дуылдамай алдымен жалпы сайлау өткізейік. Жұрттың бәрі сайлауға кірсін. Комитетке сайланатындардың тізімін әркім өзі жазып берсін. Сонсоң кім көп дауыс алса, сол комитетке өтсін.

Шал. Сәкен шырақ, сұрағым бар. Бұрынғы болыстарды не ғыламыз?

Орыс адамы. И еще. Приставтарды қашан түсіреміз? Крестьянский начальниктер әлі отыр в своих креслах.

Сәкен. Жолдастар! Олардың бәрі таратылған. Енді бұрынғы ояз да, болыс та, пристав та жоқ. Ендігі елді комиссарлар билейді.

Дауыстар. - Айда! Өзіміз билейтін болсақ кеттік Управоға! Қалалық управоға!

- Онда бізге құрама комитет керек емес!
- Өзіміздің уездік қалалық комитет жетеді.
- Жасасын уездік қалалық комитет!

Бастаушы. Қаланың екінші тұсынан алаңға тағы бір толқын халық дүрмегі кіреді. Екі толқын бетпе-бет тұр.

- Уай, бұл не тобыр?
- Өздерің кімсіңдер?

Комиссар. Мен Керенский уақытша үкіметінің уездной комиссарымын!

Нуркин. Болсаң қайтейік. Біз әлгінде ғана өзіміздің қалалық комитетімізді құрып алдық.

Комиссар. Тоқтат былшылды! Ендігі уезд билігі мына менің - уездной комиссардың қолында!

Нуркин. Билігің шынымен мықты болса, онда анау елді жеген болыстарды, халықты қан қақсатқан приставтарды, крестьян начальниктерін жазаға тартып берші, кәне. Қашанғы оларды тайрандатып қоямыз.

Комиссар. Қазір слобода! Әркім не істесе де ерікті.

Сәкен. Комиссар мырза! Слободаның да шегі болады. 1916 жылы приемнан қалдырам деп елді тұздықтап сорған мына Бөлебай болыс пен мына начальник Гаяковичты, елді қойша қырған анау тұрған Орловты дереу тұтқынға алып, жазаға тартқызыңыз!

Комиссар. Тоқтат провакацияңды! Қане, тараңдар! Милиция! Тарат жиынды. Мен митингіге санкция бермеймін.

Бастаушы. Күнде жиналыс. Күнде митинг. Уақытша үкімет комиссары Петровта да билік жоқ. Ақмола облысында қазақ комитетін құру үшін Торғайдан Мыржақып Дулатов келді.

Сәкен мен Мыржақып оңаша.

Мыржақып. Ассалаумағалейкум!

Сәкен. А-а, әлейкумсалам, Мыржақып аға!

Мыржақып. Қалай деуші еді, Сәкен, сенің орыс-тарың. “Если Магомед не идет к горе, то сама гора идет к Магомеду” дей ме. Ақыры сендерде, Ақмолада облыстық қазақ комитетін сайлауға кеп қалдық.

Сәкен. Онда төр Сіздікі, Мадияр жолдас.

Мыржақып. Жолдас дейсің, ә...

Сәкен. Жолым бөлек десеңіз, еркіңіз білсін. Мен сізді шақырғам жоқ. Ал қазақ комитет!, ноғай комитеті, қазақ-орыс комитеті деп бас-басымызға үйшік құрып, сиырдың бүйрегіндей бөлшектенуден не табамыз.

Мыржақыш. Сәкен, сен албыртсың. Сезімнің қызу қаны сабырдың салқын лебін қабылдамайды. Оның үстіне төңкерісшіл большевиктердің теңдік, еркіндік, тегісшілдік дейтін зәндемі уағызына бойынды һәм ойынды жеңгізіп алғансың. Арының сондықтан әлі де асау.

Сәкен. Мыржақып аға, теңдіктен Сіз неге шошисыз? Байды ауыздықтап, кедейді жарылқаймын десе, большевиктер неге құбыжық болады?

Мыржақып. Патша құлады. Уақытша өкімет әрісәрі. Ел тізгіні әр түрлі ұйымның тақымында көкпарға тартқан лақтай болып жүр. Егер біз мына ұлы даланың әр тұсынан облыстық қазақ комитеттерін құрып алып, соларды бір кіндіктен ұйыстырып отырсақ, түптің түбінде дербес өз мәмлакатымыздың шаңырағын көтеріп қалармыз.

Сәкен. Сіз оған шынымен сенесіз бе?

Мыржақып. Сенем. Отаршыл патшалық күйреді. Демократия жеңді. Енді Русия езгісіндегі бұратана елдер тәуелсіздік алары анық. Ол үшін бізге ең керектісі - қазақ комитеті.

Сәкен. Орыстар ше? Қазір қазақ даласында бір жарым миллионнан астам орыс, украин жұрты бар. Халқымыздың ширегінен көп. Оның үстіне ылғи шұрайлы жерде. Фабрик-зауыттарда да солар істейді. Оларды қайтесіз?

Мыржақып. Оған да бас қатырма, Сәкенжан. Тілімізді үйретіп, дінімізге шұлғытсақ, еріксіз көнеді. Көнбесе, жолы ашық. Русия кең, құшағын жаймас деймісің ұлдарына.

Сәкен. "Жылы орнымды суытпаймын. Шұрайлы өлкемді тастамаймын" - десе, оның арты қырғынға соққызбай ма?

Мыржақып. Әй, Сәкен! "Өлерім бар неге тудымның" керін жасама. Оны кезінде көрерміз. Онан да комитет мүшелерін келісіп алайық.

Сәкен. Мен списікті көрдім. Анау Бөлебай болыс, Молдабай бай неге кірген?

Мыржақып. Бізге, Сәкенжан, дәл қазір қолынан іс келетін, алдында малы, артында елі бар азулылар қажет. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алмасақ, әлгінде өзің айтқан шұрайлы жер, қоғалы көл жамбасымызға қайта оралмайды. Сол үшін тектімізді тепкілемей, өкпемізді бауырға айналдырғанымыз жөн.

Сәкен. Бұл қисыныңыз мені иландырмайды, Мыржақып аға. Қазақты қазық қып жерге қаққан Молдабай, кедейді тұздықтап шайнаған Бөлебайлар тектілер болса, онда бауырымды безге айналдырғаным тәуір. "Дударайлап" ән салған жыртық иін орыс

Жагорлар қазақтың өкпесін тепкісімен шірткен Бөлебайдан он есе артық. Мен бұған келіспеймін.

Бастаушы. "Интернационал" маршымен тағы бір төңкеріс - қазан төңкерісінің дүмпуі қазақ даласына жетті. Уақытша өкімет комитеті де, қазақ комитеті де тарап, совдеп құрыла бастады. Әрі совдеп президиумының мүшесі, әрі "Жас қазақ" ұйымының басшысы, әрі "Тіршілік" газетінің жазушысы Сәкен мектепте шәкірттеріне дәріс беріп, "төңкерісшіл дәуірдің таптық күресі" атты сабағын жас серіктерінің санасына құюмен болды.

Дала сахнасының бір бұрышында "Қызыл отау әйел теңдігін жасап, бас бостандығын беріп жатса, бір тұста шәкірттер "Жас қазақ марсельезасын айтып тұр.

Шәкірттер.

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.
Ту ұстап дүшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық.
Тізесін батырған залымнан
Күн туды біз теңдік алайық.

Бастаушы. Күн мен түн алмасқандай, ақ пен қызылдың алма-кезек жеңісі қазақ сахарасын қанға бөктіріп жатты. Сібірдің патшасы атанған Колчак пен чехословак көтерілісіне арқа сүйеген атаман Анненков отряды Ақмоланы басып алды.

"Боже, царя храни" әуенімен құйылған қарақшы отряд жолындағыны қырата, күйрете, әлгі дала сахнасындағы қызыл отауды, мектепті ыдырата Сәкендерді ұстап алады. Сәкеннің үстіне қамшы жауып кетеді.

Бөлебай. Ә, Сәкен! Дүние - кезек! Ендігі тізгін менде. Қызылың қайда? Бәлшейбегің қайда? Жоқ олар. Ендігі құдай - жоғарғы билеуші Қалшақ. Қалшақ - Алашорданың досы. Енді біз автоном боламыз. Ал, мынау *(ұрады)* сенің орысшылдығың үшін! Мынау тегісшілдігің үшін! Жалшы мен байды теңгермек едің-ау сен!

Сәкен. Әй, Бөлебай! Адаспа! Сенің Колчагың халқыңды қылшығына да қарамай қылғытар әлі. Өз

ұлтыңды өзгенің құлқынына тығумен әлектенген сендер автоном алып та жарытпассыңдар. Қайран қазағым! Қайран елім! Таңың атпай, түнегің түрілмей мынау қорқау қасқырлардың жыртқыштығында күнің өтер ме?

Ялымов. Қahар сұққыр шоқынды! Күн ма сиңа! Но, жүр былай, болъшевиктің қасқыры! Дінсіз, кафир бит! Мен синө көрсетем әлі совдепияны! *(ұрады).*

Сәкен. Шәріп әбзи! Сіз оқыған адамсыз! Қол жұмсамаңыз.

Ялымов. Еще как ұрам. Син шоқыншықны мениң балаларым ұрар әлі бит!

Бастаушы. Сәкенді уездік әскер басшысы Шонтанов, түрме бастығы Серов, бұрынғы Бөлебай болыс Молдабай байлар тергеп жатыр.

Шонтанов. Совдепке неге кірдің?

Сәкен. Қазақ халқының, нашар елдің мүддесін қорғамақ боп кірдім.

Шонтанов. Митингілерде, жиналыстарда не сөйледің?

Сәкен. Елге оқу, білім қажеттігін айттым. Әйел теңсіздігін жоюға шақырдым.

Шонтанов. Большевикпісің?

Сәкен. Иә!

Шонтанов. Қазақша шығатын "Тіршілік" газетіне не жазып тұрдың?

Сәкен. Көбінесе өлең-жыр.

Шонтанов. Сіз жазушысыз ба?

Бөлебай. Ойбай, бұл зәндемі патшаны жыртқыш, байды сүлік деп жынын көпіртумен жүр ғой.

Сәкен. Ынсапсыз болысты, жемқор байды, қатыгез патшаны көрсеткенім рас.

Бөлебай *(газетті көрсетеді).* Ал мынау атаман Дутовты, Алашорданы жамандап жазған Шәміл емес пе едің?

Сәкен. Болсам ше? Олардың қиянаты мен кесапатын жазба деген тыйым бар ма, Бөлебай? Әлде сенің қиянатың мен қастандығыңды халқың біліп қалар деп қорқасың ба?

Шонтанов. Сен қазақ емессің бе? Алашордаға неге қарсысың?

Сәкен. Олар қазақты орыстан бөліп алып, бұрынғы хандықты қайта құрып, өздері хан болғысы келеді. Патшаның отаршыл құлдығынан бір құтылған қазаққа енді хандардың түкке керегі жоқ. Және мына Бөлебайлар қазақ жерінен күллі крестьян орыстарды қумақ. Олай етсе үлкен бүлікшілік басталады. Халық пен халық соғысады. Менің аз халқым жоғалып кетуі мүмкін. Ал еңбекші ел бір-біріне бөтен емес.

Бөлебай. "Ел, ел!" Сенің бітпес жарапазаның ол қашаннан.

Сәкен. Иә, Бөлебай! Тарыдай шашылған аз қазағымды жер бетінде сақтап қалғым келеді. Тауарихта қазақ деген халық барда жүрек ханымның әр тамшысы жырлап тұрады.

Бөлебай. Мә, ендеше! *(ұрады).* Қайда елің? Неге құтқармайды.

Сәкен. Тұтқынды жазықсыз ұруға болмайды. Шонтанов мырза, дүрелеуді тоқтатуыңызды сұраймын.

Серов. Сіз сұрайсыз, ә! Ал біз онда тыңдамаймыз. Өйткені бізге Совпедия ұнамайды. Ал сен "қазақ-елім дедің. Онда сол еліңнің өкілі неге ұрады? Значит, бар себебі *(ұрады.ұрады).*

Сәкен *(даусы).*

Теңдігі үшін нашардың,
Жауызға көнбей туладық.
Залымдарға жасаған
Аранына уладық.
Қараңғы, суық зынданды,
Жатақ қылды тәніміз.
Қылыштың жүзі, мылтықтың
Аузында болды жанымыз.
Шеңгелінде жауыздың,
Кетіп адам сәніміз.
Арыстандай шынжырлы
Өртеніп, қайнап қанымыз.
Қол-аяқты көк шынжыр
Жыланша жалап, жаралап,
Тас көмірдің түтіні,
Өкпені қауып аралап,
Анненковтың дозағын,
Көрдік қорлық азабын.

Таусылмастан жұттым дем
Жеңіп шықтық ажалын.

Бастаушы. Ақмола түрмесін, Анненковтың ажал вагонын, Омбы лагерін, аштық пен аурудың, азаптау мен жазалаудың ауыр тауқыметін Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Жұмабек Нуркин, Катченко тәрізді қажырлы үзеңгілес достарымен бірге кешкен Сәкен Сейфуллин бостандыққа қашып шығып, Кереку жолы арқылы Баянауылға өтеді. Қанатын еркін самғаған тұз қыранындай түлеген ақынның 1919 жылғы мамыр айында туған әні, әне, өз аузынан шырқалып келеді.

Салт атты Сәкен. Әні - "Біздің жақта".

Сәкен.

Жеріне біздің жақтың лайық ері,
Ер палуан, аңшы-мерген, әншіл, сері.
Жасынан жүйрік мініп өскен бұлан,
Жау жүрек, ер көңілді жігіттері.
Сілтеуші ек құлаш тұлпардай
Жазушы ек қанат сұңқардай,
Асауменен алысып,
Қашағанды құтқармай.
Ай-й, Сарыарқа,
Елің алыс,
Қалды шалыс,
Жат жерде талай елмен болдық таныс.

Бастаушы. Бұл кезде дала сахнасында ақ пен қызылдың соңғы айқасы жүріп жатады. Колчак жеңіліп, қызылдар жеңеді.

Екі жылдан кейін Ақмешіттен Ақмолаға қырдың қызыл сұңқары Сәкен Сейфуллин қайта оралды. Ақмола Совпедінің Атқару комитеті президиумының мүшесі болған ол сол 1920 жылы Орынборда төртінші қазанда басталған Бүкілқазақстандық Құрылтай сьезіне қатынасады. Осы сьезде Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті Президиумының мүшесі боп сайланған Сәкен, кешікпей "Еңбекші қазақ" газетінің тұңғыш редакторы, Оқу-ағарту халық комиссарының орынбасары болады. 1921 жылы Ақмола мен Семей облыстарын Қазақ республикасына қосу жөніндегі Төтенше

комиссияның мүшесі ретінде біртұтас қазақ даласын қазақтың өз еншісіне түгелдей тигізуге үлкен еңбек сіңіреді. 1922 жылдың желтоқсанында Советтердің үшінші сьезінде Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы болып сайланады.

Халкомкеңес мәжілісі.

Сәкен. Қазақ шаруашылығы қатты күйзелген. Соңғы он жыл ішінде құлдыраған малдың санын қайта толтыру үшін, малды шындап бағу керек. "Семіздің аяғы сегізді" ұмытпайық, жолдастар.

Уақытымен егін салу - ең маңызды іс. "Жерді көгертсең, жер сені көгертер" деген бұрынғылар. Осыны да мықтап ескеріңдер, жолдастар.

Ұрлықты жойып, барымтаны құртуға кірісу керек. Үйқыны ашып, жалқаулықты тастап, шаруаға айналу керек, жолдастар! Бәріңіз боссыздар. Биеке, сен қала тұр.

Бейімбет. Сәкен, осы маған сен "Еңбекші қазақтың" жауапты хатшылығын бекер бердің.

Сәкен. Неге, Биекем?

Бейімбет. Журналистер аз. Жазушы жоқ десе де болады. Ешкім мақала жазбайды. Өзің өлеңді де, көркемсөзді де қойып кеттің.

Сәкен. Иә-ә! Елді тәрбиелеу үшін ақын-жазушыларды көбейту керек. Үлгілі елді ұшпаққа шығаратын солар ғана. Ақындар ғана. Әкімдер емес. Жазушыларды алақанға салып ұстау керек. Аялау керек. Мен онда саған, Бейімбетім, "Октябрь және ұлт мәселесі" деген тақырыпта жазайын.

Бейімбет. Бәрібір жазатындар аз.

Сәкен. Іздейік. Табайық. Студент жатақханаларынан, қабырға газеттерінен оқиық. Анау Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтар болашақ мықтылар. Ас-судан тарықпасын деп оларды өз пәтеріме жатқыздым. Сен Ілияс ақынды тез тауып алғын. Айтпақшы биыл Ахаң Байтұрсынұлы аға елуге толады. Қазаққа дәл бүгін одан көп еңбек етіп жүрген адам жоқ. Тойын жөндеп өткізгеніміз дұрыс болар. Ал сен, Биекем, қысқа әңгіменің құдайысың. Қолмен қойғандай түсіресің тұрмыс-ахуалды. Ерінбе.

Бастаушы. 1925 жылы шығармашылық жұмысқа

ден қоймақ боп Төрағалықты тапсырған Сәкен “Тар жол, тайғақ кешуді” берді. Өлкелік партия комитетіне жауапты хатшы боп Голощекин келді. Қазақ даласына "Кіші Октябрь” орнатпақшы болған Шая Голощекиннің геноциды қазақты баудай қырықты. Қазақ байларын тәркілеген Голощекин мен Сталиннің ұлт саясаты елді советтендіреміз, отырықшыландырамыз деген сылтаумен аштыққа ұрындырып, нәубетке душар қылды. Қазақ халқының тең жартысы аштан қырылды.

Дала сахнасында аш-жалаңаш шұбырған, құлаған тентіреген, қайыр сұраған, босқан, өшкен қазақ шұбырындысы. Сәкеннің өлеңі-жыры естіліп тұрады

Сәкен *(даусы).*

Ыстық күні, оттай құмы
Ми қайнатқан елсіз Бетпақ даласы.
Жолда жаяу, жүріп баяу
Келе жатты қазақтың бір баласы.
Ол бір ерке, бағлан серке
Елде жүрген көк өрімдей жас еді.
Енді ғаріп, болған арып
Бұл қаңғырған қалтылдайды, аш еді.
Төңірекке көзін сүзіп,
Қазақ жұртын - бауырларын іздеді.
Өлгенінше жәрдем күтіп,
Тіршіліктен әлі күдер үзбеді.
“Итке, құсқа жем қылдың ба,
Тәңірім Алла, қинадың ғой жанымды...
Жылаттың ғой жазасызды,
Масайратып өңкей жауыз залымды!
Жомарт едің, мейірімді едің,
Бауырларым, бабам қазақ, қайдасың?
Бар еді ғой сансыз малың,
Ол мал қайда? Кім көрді оның пайдасын...”
Ыстық күні, оттай құмы.
Күйдіреді. Елсіз Бетпақ даласы!
Тәңірі меңіреу, пенде саңырау
Аштан өлді сорлы қазақ баласы.
Қалды құлап! Жатыр сұлап...
Кімге міндет оның болу панасы?
Қалмас текке! Келешекке
Кім жауапкер, ойлап соны қарашы?!

Бастаушы. Ел қырылса да ел үстіндегілердің қылшығы да қисаймайды. Тойып секірген серімастардың арасына әлдеқалай Сәкен тап болған еді.

Қонақтағы партия, үкімет басшылары.

Құрамысов *(бокалын көтеріп).*Біздің Қазақстанның һәм Өлкелік партияның тарихы аса қадірлі Филипп Исаевкчтің Қазақстанға келуімен басталады. Бізге “Кіші Октябрьді” әкелген қымбатты Голощекин жолдастың қымбатты денсаулығы үшін осы тосты тік тұрып тұгел төңкерулеріңізді сұраймын.

Сегізбаев. Ізмұқан дұрыс айтты. Меңіреу феодализмнен қасапшыл капитализмді аттатып өткізіп, салтанатты социализмге жеткізген Филипп Исаиш, сізді қазақтар ешқашанда ұмытпайды. Алтыннан ескерткіш қояды.

Исаев. Ты прав, Сегизбаев. Это будет достойным памятником великому большевику от благородных степняков!

Садуақасов Жанайдар. Сөйтеміз, Ораз Исаиш. Сіз, Филипп Исаиш, ауылды советтендіру науқанын ойдағыдай жүргізіп, енді коллективтендірудің де штурвалын нық ұстап отырсыз. Сіз үшін у да болса ішем мен!

Сәкен. Әй, шуылдақ қазақтар! Шуылдаңдар! Шашпау көтеріңдер! Аяқ сүртетін шүберек болыңдар!

Жә, Жанайдар! Анау уылдырыққа қол жалға! Табасыңдар, ә! Ел аштан өліп жатыр. Мұнда қара уылдырық!

Беккер. Ох, нахал! Еще поэт!

Голощекин. Поэт - невольник чести. Сейфуллин де ақын, значит намыс солдаты. Айта берсін, Беккер! Шәуілдегіштердің байбаламы бізді большевиктік сара жолымыздан шығара алмайды.

Сәкен. Білем мыңқ етпейтіндеріңді. Бірақ сара жолда өліктен көпір жатқаны қалай?

Құрамысов. Жап аузыңды, Сейфуллин!

Сегізбаев. Сүйреңдегіш тілді кесе саламыз!

Голощекин. Сейфуллин жолдас жиырмасыншы жылдардың басындағы саясаттың ішінде кенжелеп қалған. Ол - политический карлик. “Большие жертвы”

тоериясын білмейді. Білсе, кезінде Алашордағы қарсы күрес ашқан бұл идейный борец бүгін сол алашорданың сойылын соқпас еді. Солай ма, Құрамысов?

Құрамысов. Сәкен, социалды өндіріс қарыштап дамығанда, ауыл шаруашылығы біраз құрбандыққа шалынарын сезбейтін топас емессің.

Сәкен. Оттапсың, Ізмұқан! Біреуін түзеу үшін екіншісін күзеу керек деген жосық болмайды.

(Әйел кіреді. Сәл аурулау. Бәрін айналып, сүзіп шығады. Сәкенді таниды).

Әйел. Сен өзіміздің Сәкенжанбысың?.. Алда айналайын-ай! Мыналардың арасына қалай кірдің? Бұлардың бәрінің қолы білектеріне дейін қан. Ауыздарынан да қан ағып тұр. Бұлар... бұлар кісі етін жеді жаңа. Менің ұлымның, баламның етін!..

Сәкен. Апа, бері келіңіз. Мә, су... су ұрттаңыз.

Әйел. Ұлым, Оралым бүгін өлді, Сәкенжан. Етін мыналарға асып бердім. Ұлымның етін бердім.

Голощекин *(ашулы).* Құрамысов! Исаев! Бұ не? Что за идиотизм?

Исаев. Рас айта ма?

(Кісілер келіп әйелді ала жөнелді).

Әлгілердің бірі. Аурулау адам. Балалары аштан өлген. Содан бері есі ауысып қалды.

Садуақасов. Орал деген баласы бар ма?

Әлгі адам. Иә. Жалғыз сол тірі. Бірақ бүгін түстен бері сол Орал көрінбей жүр.

Голощекин. Ах, жабайылар! Дикары! Сендер әдейі адам етін беріп қастандық жасағансыңдар маған! Покушение! Вы питекантропы! Маймылдар әлі. Исаев! Құрамысов! Сендер мені қайда әкелдіңдер! Қайда деймін?

Құрамысов. Қымбатты Филипп Исаиш! Сіздің аса қымбатты денсаулығыңызды сақтау - бәріміздің міндетіміз. Анықтаймын қазір!

Әй, Нұрмұхамедов! Үйіңе шақырып алып республика басшыларына қастандық жасамақпысың? Ұйымдастырушы кім? Сәкен бе?

Беккер. Бұл - заговор! Ұлтшылдықтың зиянды әсері.

Голюдов. Иә! Иә! Ең алдымен аса қадірлі Филипп Исаевичқа қарсы атылған оқ! Бұралқы ұлттың ұлы Россияға өшпенділігі!

Сәкен. “Қастандық... Қарсылық... Оқ!” Қалай қиыстырасыңдар! Жандарың қандай тәтті,ә! Сол екен ғой анау “бұралқы” қазақты, “номад” қазақты аштан қырып жатқандарың!

Голощекин. Сейфуллин, учти! Жауап бересің!

Беккер. Жала жаптың бізге!

Голюдов. Байқа, ақынсымақ. Отырғызып қоярмын!

Сәкен. Сендердің өлтірулерің де, отырғызуларың да оңай екенін білем. Бірақ бәрібір ел алдында жауап бересіңдер.

Исаев. Сәкен аға, сондай сөздің не қажеті бар?

Сәкен. Бар қажеті, Ораз. Елің аштан қырылса, кімге керексің? Мыналарға ма? Ресейге ме?

Құрамысов. Сәкен, сен түк білмейсің.

Сәкен. Құрамысов, сен білсең, неге жасырасың? Анау сұмдықты айтып Орталық Комитетке хат жазған бесеуді неге қараладыңдар?

Құрамысов. Оған мен емес, басқалар, басқалар кінәлі. Мынау... мынау үлкен адам... сонсоң Ораз.

Голощекин. И ты, Құрамысчик! Азиатсыңдар! Жабайылар! Жо-оқ! Бәрібір мен кетпеймін. Өйткені большевиктер жеңілмейді. Мен мынау далаға өзгеріс әкелдім. Цивилизация енгіздім! А, вы, людоеды! Біріңді бірің жейсіңдер! Біріңді бірің сатасыңдар! Біріңді бірің ірейсіңдер! Азған халықсың! Тозған жұртсың! Сендерде ел қамын жеу деген жоқ.. Қайтсем кресломды өсірем деп, дәрежемді асырам деп бір-біріңді көрге тығасыңдар! Көрге!

Сәкен, Біздің қазақта: “Іріген ауыздан шіріген сөз шығады” дейтін мақал бар. Бірінші хатшыға лайық көрсеңіз, мына жағымпаз жандайшаптарыңызды тілдей беріңіз. Ал бірақ халқыма тіл тигізбеңіз. Халық - алып. Бәрін аштан қыра алмайсыз. Жер бетінен қазақты өшіре алмайсыз. Мәскеудің құпия тапсырмасын орындай алмайсыз. Ал халық қарғысы ешкімді жібермейді.

Голощекин. Сен... сен... Сейфуллин. Невольник чести - поэтишка! Көзіңді ашып қара! Құпия тапсырма

дегенің - не сөз? Кімді қараламақсың? Мен Москваға жетем. Мынау бунттарынды аяқсыз қалдырмаймын!

Құрамысов. Оу, қымбатты Филипп Исаиш, мені де қосасыз ба мыналарға? Менің жазығым қанша?

Садуақасов. Бунт дейсіз, ә?! Осы бір бостеки сөзді қоялық, жолдастар. Бұрынғы татулығымыз үшін, республика мерейі үшін, ә-ә... Филипп Исаиш үшін бір көтеріп тасталық, ә?!

Сәкен. Ішіңдер! Жеңдер! Сүт бетіндегі қаймақ сендер жұтыңдар. Анау жүз-жүз мыңдап қырылып жатқандар, шекара асып босып жатқандар қазақтың отходқа шығарғандары. Олар өше берсін, ә! Сөйтсе, келімсектерге жер босайды. Халық тазарады. Солай ма? Үндемейсіңдер!

Мал кетті. Ел көшті. Халық қырылды. Неге? Неге? Ау, ел ағалары! Ау, республика басшылары! Аштықтың аранына халқың түскенде, сендердің "үлкен құрбаңдық" дейтін теорияларың кімге керек? Ұлтыңды тауарихтан өшірткендерің бе?

Құрамысов. Сен жау шаптыңды таста, Сейфуллин! Қателік кімнен кетпейді.

Голощекин. "Кіші Октябрь" - қазақ даласындағы революция. А всякая революция не проходит без кровопролития, поэтишка мой!

Сәкен. Сондықтан қазақты қырып салдыңдар, ә!

Исаев. Сәкен, сіз тым арындай бермеңіз. Дәлелсіз қаралаудың жөні жоқ.

Сәкен. Дәлел ме. Мынау Голощекин мырза келгеннен Нығмет Нұрмақов, Смағұл Садуақасов, Сұлтан Хожанов, Сейтқали Меңдешев, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұловтарға сойыл көтере ұмтылғанын білмейтін шығарсың, Ораз?

Исаев. Олармен өзіңіз де қырғиқабақ болғансыз.

Сәкен. Болғам. Бірақ олар Голощекиннің айдауына жүрмеген азулы, қарсы айтар қазақ зилылары еді. Соларды Голощекин мырза сендер арқылы құғындағаны өтірік пе?

Құрамысов. Олар - қазақ ұлтшыл-ауытқушыларының көсемі болатын. Алашшыл болатын!

Сәкен. Иә! Олар ұлт көсемдері еді! Елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ардагер ұлдары еді!

Шетімізден тас лақтырдық оларға. Таяқ ала жүгірдік. Міне енді мұнда қол қусырғыш сендер қалдыңдар.

Исаев. Бесінші партконференция Хожанов, Садуақасовтардың ұлтшыл тобын қатты сынағанын да ұмытпаңыз, Сәкен. "Қазақ аулында тап тартысы жоқ, қазақ аулында рулық негіз, "рулық демократизм" үстемдік жүргізеді" дейтін ұлтшылардың марксизмге қарсы теориясына қатал соққы берілгенін де ұмытпаңыз, Сәкен.

Сәкен. Ұмытпаймын, Ораз. Оны ұмытсам, азаматтығымнан баз кешермін, Ораз. Бірақ әттең-ай, Смағұл мен Нығметтердің сол кездегі көрегендікпен болжаған дәл мынау нәубетке өзімнің сенбегеніме өкінем. Соларға ермегеніме өкінем!

Голощекин. Сен Садуақасовтардың тобынан ауылдағы әлеуметтік экономикалық қатынастың революцияға дейінгі қалпында өзгермей қалуын жақтағанын қолдайсың ба? "Қазақ байы - қарапайым еңбек адамы, қанаушы емес" деген тұжырымын да қолдайсың ба?

Сәкен. Иә, Қолдаймын да қосылам! Жетті көзім! Қазір жетті! Смағұлдың жиырма үшінші жылы: "Қазіргі кезеңде еліміз ешқандай дүрбелеңге зәру емес, оған шабытты бейбіт еңбек қана қажет. Елді ауыздықтау емес, еңбек пен ғылым ғана сақтап қалады" деген сәуегейлігіне еріксіз бас шұлғимын.

Исаев. Ол Смағұлың ел деп ауылды айтқан. Ауылды ол қызғыштай қорыған. Алашорданың сойылын сол кезде-ақ соққан.

Сәкен. Ауылдың қамын ойлағаны қылмыс па, Ораз? Ахаң, Ахмет аға Байтұрсынов, Әлекең, Әлихан аға Бөкейханов, Жақаң, Міржақып аға Дулатов ел серкелері, халық ағалары еді-ау. Солардың ел деп еңірегені қылмыс па, Ораз? Ал сендер сол ауылдың қамын ойламағандықтан осындай халге душар етпедіңдер ме. Сол ауыл бұлқынып еді, сендер не істемедіңдер? Анау Созақта тұяқ серпкен қарабайыр халықты қырып салдыңдар.

Голощекин. Да! Я - палач бунтующих! Созақ батырлары дейсің. Они не герои, а горстка людей

против идей. Против государства! Панисламистер! И біз оларды қырып салдық!

Бастаушы. Дала сахнасы - атыс даласына айналады. Лап-лап қойған аттылар.

Дауыстар. “Малым - жаным садағасы! Жаным - арым садағасы!”

“Ел үшін өлсең - шейітсің!”

‘‘Бір кәпірді өлтірсең - күнәңнан тазарасың!”

“Аштан өлгенше, айқасып өлейік!”

“Жеріңді келімсектен тазартсаң, еліңді ұшпаққа шығарасың!”

“Азаттық үшін, тәуелсіздік үшін жан пида! Ұмтыл! Қаусат! Құлат!”

Бастаушы. Қарсы ұмтылған солдаттардың бітпейтін, жойылмайтын, бір... екі... үш ғасырлық дабылы: “Пики к бою! Шашки вон! В атаку! Марш! Марш!” Ол аз болғандай кейін серпілген қазақ ереуілшілерін тасадан тақылдаған бірнеше пулемет жаусатып жатыр.

Сәкен *(беріде).* Созақтағы аз қазақ өз тозағында бір бұлқынып еді. Оны да сен атыпсың, Голощекин мырза-а. Сірә, сендер қазақты тауыспай тынбассыңдар...

Голощекин. Иә! Көтеріліс жасаса, бас көтерсе, барлық қазақты атам! Аямаймын тағыларды! Ит қосам, күрекпен шабам! Танкімен таптаймын!

Сәкен. Иә! Аямайсыңдар! Ал біз әлі бас шұлғумен келеміз. Адасқанбыз. Тар жол, тайғақ кешу енді ғана басталды. Халықтың сұрат көпірі ол. Өте алар ма?

Қайран Ахаң! Ахмет аға! Қайран Смағұл! “Барымызды дұрыс базарлайық. Тағы да жаңа империяның отары боп, тұттай тоналмайық!” деп едіңдер-ау.

Голощекин. “Смағұл! Смағұл!” Он и есть предводитель казахского махрового национализма! Ол, ол Қазақстанға орыс, украиндарды қоныстандыруға қарсы болған! Вот оның наиглавнейшая ошибкасы!

Сәкен. Жоқ! Ол тіл тазалығын, діл тазалығын ойлаған. Өз жерінде отырып, саны азайған қазақты ассимиляцияға ұшыраудан сақтандырған! Ұлт ретінде тозбауды тілеген.

Голощекин. Сонда сендер мынау жалпақ Азияны жеке иеленгілерің келе ме? Ұлттық шектелу ғой

тілектерің. Жоқ! Вам, азиатам, этого не дадим! Да, шикізат дайындаушы болдыңдар. И боласыңдар! Мәңгілік! Біз солай шешкенбіз!

Сәкен. Кім бізің?

Голошекин. Орталық Комитет! Цека-а! Сталин жолдас! Ұлы Лениннің ісін жалғастырушы! И еще Европа! Европа!

Сәкен. Азия дейсің! Азиат дейсің! Мұрын шүйіресіңдер. Мен Азияны мақтан етем!

Сұм Европа! Арам, залым тас болдың!
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың!
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,
Неге мұнша, Европа, қас болдың?
Өзі әдепті һәм сыпайы сөзіңе,
Сырты көркем маңызданған өзіңе,
Сыртқы жұрттар шыны осы деп нанғандай,
Көңіл толып, көзі тойып қалғандай.
Балаларың бірін-бірі шабысты,
Сұм жыландар ысылдасты, шағысты.
Өлтірісіп қарындасын, қандасын,
Күліп ойнап, іле артынан табысты.
Ылғи қарсы хақиқатқа тұрдың сен,
Ақырында мұндай сұмдық құрдың сен.
Айса жолын алған болып сен, залым,
Өтірікке хақиқатты бұрдың сен.
Талай сені адалдыққа шақырдым,
Көбін саған мен жұмсадым ақылдың.
Көнбеген соң туысқандық сөзіме,
Талай саған қылыш алып ақырдым.
Тыңдамасаң - Азия деп сөзімді,
Теңсінбесең, паң ғып ұстап өзіңді,
“Күшпен үйрет мынаны!” деп жұмсармын,
Манғолымды, қиғаш садақ көзімді!
... Қой, Европа! Әліде болса тас болма!
Бүліншілік жауыздарға бас болма!
Әділетті ер Азиям бастады,
Ер біздерге, енді ешкімге қас болма!

Бастаушы. Дала сахнасына тойшылар шығады. Ән мен күй. Би мен жыр. Әртүрлі халық өнері дүрілдеп

өтіп жатыр. Ал беріде Сәкен Сейфуллинді алқалаған үлкен топ.

Бір басынан қуанышы мен қайғысы мол, табуы мен жоғалтуы көп, адасуы мен қайта оралуы қабат жүретін ұлы Азамат ақын, ірі қайраткер һәм үлкен трагедиялық тұлға Сәкен Сейфуллинді сол кездегі әрі жарылқағыш, әрі жабыртқатқыш одақтық үкімет пен партия 1936 жылдың 12 шілдесінде Қазақстан көгіне шарықтатып көтеріп, қазақ әдебиетінің ұланасыр мерекесін бастап кеп жіберді.

Әйел диктор *(Трибунада).* Қазақ халқының ұлы ақыны Сәкен Сейфуллиннің әдебиет жолына сіңірген жиырма жылдық игілікті еңбегіне орай, Семей оқытушылар институты, Алматы станциясындағы орталау қазақ мектебі, Ақмоладағы училище көшесі, Көкшетаудағы Новобережный көшесі бұдан былай Сәкен Сейфуллин атымен аталады. *(Овация. "Жасасын Сәкен!" деген дауыстар. Би, ән, жыр).*

Еркек диктор *(трибунада).* Қарағанды-Балқаш темір жолының Жезқазған жолы басталатын нөмірі он бірінші разъезі бұдан былай пролетариат революциясының солдаты, поэзия маршалы Сәкен Сейфуллин атымен аталады *(Овация).*

Әйел диктор *(трибунада).* Қазақ халқының мәңгілік мақтанышы Сәкен ағамыздың өз басының жеке пайдалануына бір жеңіл машина бөлінгенімен баршамызды шын жүректен құттықтаймын *(Овация).* Ақын Ілияс ағаға сөз!

(Ортаға Ілияс Жансүгіров шығады).

Ілияс.

Шырқа, шырқа, көкке өрле,
Қыран "Қызыл сұңқарым!
Қуанамын бәйгіңе
Тарпаң "Асау тұлпарым!"
Қызыл желдей гулеткен,
Сөзді сенің қаламын.
Ұлы ұранға күй шерткен
"Домбырасы" даланың.

Диктор. Енді Беймбет аға өз жүрегінің сөзін айтады *(Ортаға Бейімбет Майлин шығады).*

Бейімбет.

"Қызыл аты" қазақтың
Топты жара шапқанда,
Ақсақалы одақтың
Саған үкі таққанда,
Айтылмаған ешкімге
Айтылғаны ойдағым.
Сол қуаныш үстінде,
Қиқулап бір қойғаным.

Ілияс.

Шап, жүйрігім, тұлпарым,
Шапсаң қуант халқыңды,
Шырқа, қызыл сұңқарым,
Салшы көкте саңқылды.
Жырламасқа теңіздей,
Қуаныштың шегі жоқ.
Ардақталған өзіңдей,
Қазақта ақын тегі жоқ!

Дауыстар. - Рас! Рас! Дәл айтты, Ілияс!

- Қайран, дүлдүлдер!

- Сәкен, Ілияс, Бейімбет! - әдебиетіміздің үш бәйтерегі емес пе!

(Үшеуі ортада, үшеуі құшақтасып тұр. Әлдекім Сәкенге шапан жабады).

Дауыстар. - Бүгінгі той - әдебиет тойы! Ендеше шапанды Ілиясқа да, Бейімбетке де жабу керек.

- Дұрыс! Үшеуін де ардақтаймыз! Үшеуін де аялаймыз!

- Сәкен, Сәкен, Сәкен! Ілияс, Ілияс, Ілияс! Бейімбет, Бейімбет, Бейімбет!

Бірінші адам *(трибунада).* Жиырма жылдық ақын жолы - ерлік жолы, еңбек жолы. Ол түнде ұйқы ұрлаған, күндіз күлкі ұрлаған ғазапты, бірақ ләззатты шығармашылық бейнет жолы. Бүгін заманымыздың асқақ ақыны, халқымыздың ардагер ұлы, партиямыздың қайраткер сарбазы Сәкен аға бүкіл елдің мақтанышына айналды. Мен осындай әлемге тегіс бірдей ұлы Азаматпен бір мезгілде туғаным үшін өзімді бақытты санаймын! *(Сәкенге шапан жабады).*

Екінші адам. Сәкеннің ақындық асулары қай-

қайсымызға да жотасына жеткізбес нағыз арман асулары. Сәкен сол жоғары қарасаң тақияң төбеңнен түсер биіктерден кешеден бүгінге көз жіберіп, бүгіннен ертеңге үңіле қарап, еңбекші қауымға дабыл ұрады. Нағыз халық деп отыратын ұлы ақын! Нағыз халықтар достығы деп ұрандайтын үлкен интернационал қаламгер ол. Мен “Қазақ - кім?” десе, “Қазақ - ол Сәкен!” деп қана айта алатынымды әлемге паш етем. *(Сәкенге о да шапан жабады. Сәкен шапанды Ілиясқа жабады).*

Үшінші адам. Білекті қол бастар, білікті ел бастар. Турашыл әділ белге шығарар. Білектім де, біліктім де, турашыл әділім де - Сәкен аға. Ылдидан ылғи өрді іздеп ұмтылып отыратын қызулы ақын, бүгін ел көңілінің төрінде отыр. Өйткені Сәкен поэзиясының қайнар көзі - халқының жаны мен жүрегі! Ұлтының жан-жүрегімен табысып кеткен ақыннан ардақты һәм аяулы ешкім болмайды. Сұлулықтың төресі Сәкен аға, тәкаппар қарапайымдылық үлгісі Сәкен аға, елін емірене сүюдің үлгісі Сәкен аға. Сіз алдымда пайғамбардай боп тұрғанда мен қазақ кеңес әдебиетінің алқызыл Туы мәңгі аспандай беретініне кәміл сенем! *(Шапан жабады. Сәкен оны Бейімбетке жауып өзі трибунаға көтеріледі).*

Сәкен. Мұндай тебіреніс сәтінде байсалмен жатық сөйлеу тым қиын. Адамның өмірінде мерекелі, мүшелді күндері жиі бола бермейді, жолдастар. Осы минутте, осы жан сүйсінерлік, жүрек қозғарлық осынша үлкен сезімді, үлкен ризалығымды білдіруге жарарлық сөз таппай тұрмын.

Халқыма, Партияма айтарым - менің барлық күш-жігерім бұдан былай да партияның ісіне, халқымның бақытты жарқын биігіне, Отанымның, елімнің ұлы ісіне арналады. *(Овация. Түсіп барып Бейімбет пен Ілиясты құшақтайды).* Ақынның көңілі қашан да қалтқысыз. Сол халқына деген қалтқысыз көңіл алдымен мына менің құрдастарым, достарым, қанаттастарым Ілияс, Бейімбетте!

Бастаушы. Кенет шаңқ еткен мылтық даусы естіледі. Сапырылысқан жұрт аласапыран күйге түседі. Әркімді бір жұлқылап, қара “Ворона” - жабық

машинаға салып, алып кетіп жатады. ГПУ офицері үш-төрт милицияны ертіп сахнадағы үшеуге жақындайды.

Офицер. Тоқтат былшыл уағызды, Сейфуллин! Сен - халық жауысың!

Ілияс. Тартыңыз қолыңызды ақыннан!

Офицер. Ә-ә, Жансүгіров! Сен де халық жауысың! Жауды жау ғана қорғайды.

Бейімбет. Сәкен жау ма? Ілияс жау ма? Ол екеуін жау десең, мен де жаумын онда!

Офицер. Иә, гражданин Майлин! Сен де халық жауысың! Жапон тыңшыларысыңдар бәрің! *(Айқайлап)* Байлаңдар қолдарын! Тез! Аямаңдар елді сатқан опасыздарды!

Бірінші адам *(трибунаға жүгіріп шығады).* Бүкіл ғұмырында елді алдап, халықты сатып келген Сейфуллин ақындық деп аталатын әруақты аттан садаға кетсін! Мен мынау социалды Отанның игілікті ісіне зиян келтіретін Сейфуллин сияқтылармен бір мезгілде туғаныма қатты қайғырамын. Халық қаһары опасыздарды жібермейді! Жасыны атады бұларды!

(Жүгіріп барып Сәкеннің шапанын шешіп алады)

Екінші адам *(трибунада).* Сейфуллин ылғи әр төбеден бір аңдып, елді азғындық жолға, арандатушылық іске уағыздаумен келеді. Кешеден бүгінге дейін жамандағаны социалды тұрмысымыз. Бүгіннен ертеңге құбыжық танытатыны - өскелең өміріміз. Мен арамызда Сәкендей қазақ, арамза қазақ болғанына мейлінше өкінем. *(Жүгіріп барып Сәкеннің үстінен шапан таба алмай, Ілиястан шешіп алады).*

Үшінші адам *(трибунада).* Білегін ерді қорлауға, білігін елді алдауға, аярлығын Отанды құлдыратуға жұмсаған біреу болса, ол тап мынау алаяқ Сейфуллин! Тәкаппарсып төбемізден қарап, өр мен төрді өзгемізге бермей халқын қансоқталап жұтып жүрген ішмерез ақындықтан садаға кетсін! Опасыздықтың үлгісі - Сейфуллин Сәкен! Елін сүймеудің өнегесі - Сейфуллин Сәкен әдебиетіміздің Туына баттиып түскен қара дақ қана! *(жүгіріп барып Майлиннің шапанын шешіп алады. Бұл кезде дала сахнасында қамау-қоршауға алынған ел азаматтары, ер-азаматтары*

түйдек-түйдек айдалып кетіп барады. Олар - "халық жаулары" деген қарғыс таңбасын бойларынан лақтыра алмай, жанымен күйіп барады).

Бастаушы. Саусақтарын бір-бірлеп буын-буыннан сындырып, аппақ маржан тістерін бір-бірлеп ұрып түсірген, сұлулықтың сиқырындай көрінетін қою мұрттың әр талын іскектеп, қысқашпен жұлып "жүндеген" жендеттер ақын Сәкенге, арда Сәкенге, азамат Сәкенге өздерінің ойлап тапқан "халықжауы" деген қарғыс таңбасына қолын қойғыза алмай, жер асты түрмесінде жан азабы мен тән жазасын соза берді.

Тергеуші. Сен, Сейфуллин, поэт чести, Қазақстанды Россиядан неге бөліп алмақшы болдың? Ұйымдастырушың кім?

Сәкен. Мен ешқашанда ондай ойға барған емеспін. Үш миллион қазақты қалың орысқа қарсы қойып қырып алар ақымақ емеспін. Жер бетінде ұлтым тірі жүрсін дейтін бір қазақ болса, сол менмін. Сондықтан ешқандай ұйымдастырушы да жоқ.

Тергеуші. Сені жапон тыңшысы деп өз әріптестерің газетке де басты ғой.

Сәкен. Дәлелсіз жала жапқан әріптесімді ар үкіміне тапсырам.

Тергеуші. Сені халқыңды сатты дейді ғой. Еліне опасыздық қылды дейді ғой.

Сәкен. Халқым - анам, елім - панам! Анасын сатар ұл жоқ. Елін еңіретер ер болмас.

Тергеуші. Мойныңа қойып, көрсетіп беріп отырған сол өз халқыңның өкілдерін қайтесің? Сол өз еліңнің адамдарына не дейсің?

Сәкен. Тергеуші мырза, кісі мен кісәпірді, адам мен алаяқты айыра білетін шығарсыз? Орынсыз қаралап, дәлелсіз жалалап жатқандар сол кісәпір мен алаяқтар. Ал мен халқымды сүйіп келдім. Сүйіп өлем. Енді атсаңыз да, шапсаңыз да еркіңіз. Бірақ созбаңыз босқа.

(Сахна түкпірінде Сәкен жалғыз)

Сәкен. Ей, опасыз дүние! Мен "елім" деп елжіресем, сен тебіренгенімді көпсіндің. Сол еліме құбыжық қылғың келеді.

Ей, сұм жалған! Мен туғаннан бері "халқым!" деп

еміреніп келдім. Сен сол күйімді қызғанып, мені халқымның жауызы қылмақсың бүгін!

Ей, алдаушы тірлік! Ақ патшаның офицеріне де, Анненковтың бандасына да, Колчактың құйыршығына да, Голощекин тәрізді қу жаққа да, мынау дікілдеген тергеушіге де мені өз елімнің, өз халқымның бірде жендеті, бірде опасызы, бірде сатқыны деп жерлеткенің қалай? Не жаздым мен соншама жазықсыз күйетіндей?

Ей, сұм дүние! "Халқым!" дегенде көкірегімнің қарс айырылатынын неге көрмейсің?

"Елім!" дегенімде етжүрегім егілетінін неге білмейсің?

Ей, жалған заман! Ие алмасаң, сындырып тыңсаңшы! Бүрістіре алмасаң, бұзып тыңсаңшы!

Жо-оқ! Сатқам жоқ мен халқымды!
Сата алмаймын!
Атқам жоқ мен елімді!
Ата алмаймын!
Сыртымнан мені біреу сатқын десе,
Көрімде тыныш ұйықтап жата алмаймын!

Музыка.

1994 ж.

ИНТЕРМЕДИЯЛАР

БОРСАҢДАСЫН, БОРСАҢДАЙ ТҮССІН БІРАЗ...
(Скетч)

(Сто) Техникалық қызмет көрсету станциясы) Директор кабинеті. Жазушы келеді.

Жазушы. Сәламатпысыз, Жәми Саттарович.

Жәми. Ә-ә... О-о! Привет, Жәке!

Жазушы. Кешіріңіз мен...

Жәми. Жо-жоқ! Не стесняйтесь. Отырыңыз, Жәке.

Жазушы. Кешіріңіз, Жәми Саттарович. Мен...

Жәми. О, нет и нет! Наоборот, біз... біз кешірім сұрауға керек. Между прочим, вам и вашим коллегам дорога каждая минута. Мен Сабит Ауәзовтың.. и еще Тахави Нурпейсовтың брошюроларын оқығам. О-о, мен білем, Жәке. Сіздер, писатели, культураға служить етесіздер. А культура так нужна народу. Именно, бүгін в период перестройки керек ол. Ал біз сізге, Жәке, какого-то несчастного "Москвича" не можем отпустить. Но, бізде кінә жоқ. Ситуация сильнее нас. А еще мен кішкентай адам. То бишь винтик - я, Жәке.

Жазушы. Кешіріңіз... мен... менің атым....

Жәми. Ат! Лошадка! Конь! Болады, Жәке! А как же! Мы - казахи! Қазақтар ақынға атқа отырғызған. А мы, біз машинаға! Нет, нет, не подумайте мен тағы сізді обещаниемен кормить етеді деп. На этот раз мен, Жаке, твердо обещаю. Сіз, как человек культуры, то бишь представитель искусства... а-а брошюра жазған автор болған соң бір машина сего-дня... аа-а, иә-иә, непременно бүгін отырып қайтасыз. С того дня, как вас увидел впервые... Тому... оған міне бір жыл и пять месяцев... Сіз маған как брат родной стали. Скромныйсыз. Почему-то всякий жамандайды.

Писатели с гонором. Морду то бишь танау көтереді. Грудь соғады. Бульдозером пройдет деп. А, сіз, Жаке...

Жазушы. Кешіріңіз... мен... Менің есімім...

Жәми. Есегім?! А да! Конечно, "Москвич" писательге вроде как есек "Волгамен" салыстырғанда. Будет, Жаке! На днях біз бесеу, а-а... үшеу "Москвич" аладымыз. Соған конкуренция то бишь қазақша қалай айтады?.. А-а, талас большущий! О-о! Талас! По мне мен непременно сізге берер керек. Ибо мы всегда рады служить служителям народа. Жаке, мен - винтик! А горисполком - О-о-о! Ол - сила! Сіз еще разок... последний разок барыңыз. Хасенов жолдас по телефону как звякнет, так мен бір машинаға сізді, как это, итеріп... жо-жоқ тоғытып жіберем! Непременно!

Жазушы. *(сумкасынан орауды алады).* Мынау... Мынау...

Жәми. Ой, Жаке! Так неожиданно! Бұл не?! Презент!... Есік жабық па? Тут везде уши да глаза! Так и следят! Ай да, Жаке! Ашпаңыз! Газетін ашпаңыз! Сізді мен... Мында салыңыз!...

Жазушы. Кітабым еді... Өзіңізге автограф берсем деген оймен. Әйтпесе... *(Кітапты алып береді. Жәми сылқ отырып сыртын оқиды.)*

Жәми. А-а... Автограф... автограф дейсіз, Жаке! Ну-да, Ореке! Автограф кое-кому тоже презент... Енді мен свой родной государственный языкты сіздің брошюродан начну оқуды. А, Ореке, горисполкомға борсаңдаңыз. Хасенов все решает, Хасенов! Туре Акимович! *(Жазушы кетеді. Жәми кітапты олай парақтайды, былай парақтайды. Сілкілейді. Түк түспейді. Лақтырып жібереді.)* Писателишка! А культураны білмейді. Осындайларға Совмин машину выделяет. Еще "Москвич" алмақшы! Есек керек оған, ишак!

(Екінші микрофон алдында Хасенов)

Жазушы. Саламатпысыз, Төре Әкімович!

Төре. Ә-ә, Бәке! Төрлетіңіз. Екі-үш ай көрмегелі өзіңізді сондай сағынып қалыппын, Бәке! Е-е, сағынбай... Халық құрметтеген сіздерді біз неге құрметтемейік. Жазушы, әнші, композитор - ел еркесі емес пе. Мен анау Мұқанов Мұхтарды мынау Ахтанов

Әбдіжәмілді, Төлегенова Күләшті сондай ұнатам. “Жұмбақ махаббатты” жастанып жататынмын! Ал, Бәке, денсаулық, ақжаулық, қора-қопсы, он саулық қалай?

Жазушы. Шүкір... Кешіріңіз мен... сіз мені...

Төре. Қандай мәдениеттісіздер! Шіркін есік алдындағы кеудемсоқ келушілер көрмейді-ау творчество адамының сыпайылығын! Жоқ! Өндіршегіңді суырып алады-ау олар. Ал, сіз, Бәке, сіз бір жылдан бері мені мына сынық мінез, кішіпейіл түріңізбен мүлде жаулап алдыңыз. Бұйымтайыңызды білем. Көп сенделттік. Рас, рас. Айып бізден. Дәл осы жолы ретін келтіруге тырысамын, Бәке.

Жазушы. Кешіріңіз мен....

Төре. Жо-жоқ! Тым кішірейе бермеңіз, Бәке! Өзіңіздің кім екеніңізді ұмытпаңыз. Оу, кейін мен сізбен кездескенімді мақтанып айтып жүрем әлі.

Жазушы *(сумкасынан ораулы кітабын алады).* Мынау... мынау Төреке Әкімұлы, ә-ә... Әкімович...

Төре. Бұ не?! Оу, Бәке-ау! Мен сізді мұнсыз да құрметтеймін ғой. Сіз халықтың адамысыз.

Жазушы. Бұл - шын көңілдің сыйлығы!

Төре. Сыйлық!! Сыйлық дейсіз, ә, Бәкем!!!

Жазушы. Сыйлық дегенде... Кітабым. *(Ашады. Ұстатады)* Ішінде...

Төре. Рахмет, Бәке! Ә-ә, Ореке! Жаңа айттым ғой ұяттымыз деп. Эстоға бір “Москвич” бөліп едік, соны сізге бергізейін *(телефон соғады)* Әу, Жәми! Сен былай істе! Анау резервтегі... Иә! Білесің... Содан немедленно бір “Москвичті” Орекеңе... біздің аса көрнекті жазушымызға босат. Бір жарым жыл салпақтатқанымыз қабырғама қатты батып отыр. Сөйт! *(трубканы қояды).* Ал, Ореке, жолыңыз болсын! Тез эстоға... станцияға жетіңіз.

Жазушы. Рахмет, Төре Әкімович! Азаматтығыңызға ырзамын!

Төре. Еңбекшілерге қызмет ету біздің парызымыз. Ал сіз сияқты халық ұлдарына қызмет көрсету - одан да ардақты міндет! *(Жазушы кетеді. Төре кітапты олай ақтарады, былай ақтарады. Түк жоқ.)* Мәссаған безгелдек! Әй, мынаусы бос қой! Сыйлық дегені қайда? Мынадай кірпіш кітап шығарады. Ырым жасауды білмейді. Тұрмысы тәуір, мәдениеті нашар. Онда біз мәдениеті түзелгенше тұралатып салпақтатайық! *(Телефон шалады)* Әу, Жәми! Тоқтат! Жазушыны тоқтат! Бәке, Жәке, Орекесін түгел! Жоқ оларға! Шетінен мақалдап сөйлеп, мақалдап жазғыш! Ал, сол кеп мақалдың біреуінің - “құрғақ қасық ауыз жыртады” дегенінің мағынасын түсінгенше, борсаңдасын! Солай! Борсаңдай түссін әлі де!

ЕТ ДЕГЕНДЕ БЕТ БАР МА...
(Скетч)

(Сахнаның шет жағы. Кезекте тұрғандардың төрт-бесеуі ғана көрініп тұрады.)

Бөрікті. Ассалаумағалейкум. Соңы сіз боларсыз?

Шляпалы. Уағалайкумассалам. Енді міне, сіз болдыңыз!

Бөрікті. Дұр-ы-ыесс! Не сатады екен?

Шляпалы. Итім білсін бе? Жөндерін бір айтпайды.

Дударбас. Итбіләи нервіме тиме! Ет деген йерде ит болми!

Бөрікті. Сенікі де дұрыс, бағырым. Сонымен не түсірерін білмейміз, ә?

Шляпалы. Әйтеуір тіске басар қызылға тырнақты бір іліндірсек бүгін... Саусақ жаламағалы көп болды, ағасы.

Дударбас. И-и, шушы қазақдар... Саусақ, бармақ, бешбармақ,. Соғым соярға кирәк.

Бөрікті. Ойбай-ау, ол немеңді соймаймын деймісің. Бет-аузын әлем-жәлемдеген кәрі қыздай ертең-ақ күннің көзі жылт ете қалсыншы, мынау бүрістірген декабрің артын қыса қойсын. Білем ғой Алматының қарын да, қаһарын да. Әлгі, кәрі қыз - Күн қылмыңдады дегенше - қырауы мен қары арық пен сайға қаңғып кетсін? Сонсоң соғымды сасытып, мүңкітіп қайда сақта дейсің, ә?

Шляпалы. Ағасы, сіз өзі, соғымды шынымен-ақ сойып алатын тәріздісіз-ау!..

Дударбас. Кооператив жулигі ләки рэкитир бит...

Бөрікті. Е-е, қазақ емеспіз бе, соншама не көріністі пейіліміз тарылардай. Подъездің сыртқы есігінен кіргеніңде-ақ қазы мен қартаның таңсық исі

танауыңды қытықтап, қолқаңды қауып, сарайыңда сайраңдап жүре бермесе, онда өмір сүріп қажеті қанша. Кедейдің бір тойғаны шала байығаны деп... Стоп! Әй, әй, бауырым, анау... мынау бөксесі дөңгеленіп, омырауы өркештеніп, балтыры тырсиып... еркек біткеннің есін алар келіншекті көремісің?

Шляпалы. Әй, ағасы-ау, мен қазір бір кесек мұзбын. Келіншек тұрмақ қызға қарауға шамам жоқ.

Бөрікті. Рас оның. Шелтиіп шляпа киіп нең бар еді, бауырым. Шертіп қалса, шытынап сынып кеткелі тұрсың. Онда... онда, қардаш, сен иптәрсің бит, ә?

Дударбас. Балтыр-салтыр... Нервімді портить етмегиз!

Бөрікті.Қандай матур, а! Бағырым, өзінде көз бар ма?

Дударбас. Нашел бит матурды!.. Шундай матурблән нервимді сіз дистрофик қыла.

Бөрікті. Жөн сөзге жынды да жығылады. Қойдым, бағырым. *(Шляпалыға)* Ал, сен, бауырым, осы істіктей шаншылған, сүңгідей серейген сұп-суық, мұп-мұздай қалпыңмен анау... мынау кең кеуде, биік өркеш, жазық өңір, ып-ыстық бауыр, жып-жылы қойынға сүңгіп кеең кетсең ғой!... *(Күледі. Шляпалы шіңкілдейді).* Ой, шіркін! Сонда сүңгі еріп, істік майысып, жаның бір кіріп қалар еді-ау, ә!

Шляпалы *(ышқына айқайлап).* Ашылды, ойбай!

Бөрікті. Не ашылды? Күннің көзі ме? Келіншектің қабағы ма? Құшағы ма?

Дударбас. Абзи! Нервімді портить етмегизді тағы айтам сізгә мин. Тирәзә ашыла бит, тирәзә! Ал, сізге какой-то туташ кирәк. Нимә кирәк толстые икры. Шушыдан бөліш жасами бит.

Бөрікті. Қандай терезе?! Мына татар малайдың тирәзәсін, бауырым, сен түсіндірші.

Шляпалы. Ойбай-ау, ағасы-ау, ақтүйенің қарны жарылды ғой! Ет сата бастады, әне, ет! Терезесі сол!

Бөрікті. Ойпырай, бұл жұрт қалай көргіш! Алдында алты, желкесінде жеті көзі бар-ау. Ненің еті екен? Әне біреусінікі... дөңгелек тұмсықтысынікі болмаса екен.

Дударбас. Oh, абзи! Oh, аба! Нервіме селебені сұққылайсыз бит, сұққылайсыз бит. Говядина сатарға. Говядина!

Бөрікті *(әндетіп)*

“Говядина сатарға.”
Деген рахмет татарға.
Аузы-басым майланып,
Сорпа ішермін жатарға!

Шляпалы. Шіркін еттің жөні бөлек-ау! Жаураған ымды да ұмытып сала бердім. Ағасы, қанша дегенмен көзіңіз асыл екен. Шынында да мынау келіншектің күбідей сауыры біраз бар екен, а! Сүңгінің сүңгігісі келіп кетті ғой құшағына! *(күледі).*

Бөрікті. Қыз бен қымызға кім қызықпасын, қарақ... Ойбай, ана бір жігіт алдынан нешеу кіргізді, ей?! Өзінде ес бар ма ананың? Бүйте берсе ет жете ме бізге!

Дударбас *(алдыңғы жаққа).* Әй, нервіме уйнама! Уйнама арыш быламығы!

Келіншек. Жолдас продавец! Сатушы жолдас! Мен сізге... Иә, сізге айтам. Алдыңыздағы азаматқа бір-ақ қолға босатыңыз. Бір ғана қолға!

Шляпалы. Қарындас өте дұрыс айтады. Не нәрсеге де адалдық керек. Жұрт үстінен күн көрмек бәтшағар! Перестройканы құбыжық ететіндер осындайлар! Азаннан үсіп-жаурап тұрсақ... Әрине біз жігіт басымызбен неге жаурайық. Мына қарындастарға обал. Көп күтіп қалды. Аямаймыз бикештерді, аямаймыз.

Келіншек. Сатушы жолдас! Мен тағы айтам, тәртіп бұзбаңыз! Бермеңіз екінші пакетті. Әу, жігіттер! Озбырлықты көремісіңдер тегі?! Неге қимылдамайсыңдар?

Шляпалы. Мен ол немені... лақтырып тастайын! *(Қалтарысқа өте беріп, өзі кері ұшып түседі)* Мына дүлей қайтеді, ей! Әй, сен кімді итересің? Көкеңді танытайын қазір!... Ми-ли-ция!

Бөрікті. Қарақ! Милицияны қайтесін шақырып, келмейді ол бәрібір. СССР-дегі әр өчередке бір милициядан бөлу үшін бәріміз милиция болып кетуіміз керек. Анаған енді мені жібер! *(Қалтарысқа өтеді. Дүрс еткен дауыс естіледі. Бері шығады.)* Сол керек! Өктемсінгендерді, баурым, өстіп үйретеді!

Дударбас. Абзи! Нервіме бальзам мазать еттигиз бит! Биллаһи!

Бөрікті. Яри, яри, бағырым. Бүгін бәліш жейсің. Қарындастың даусы да қоңыраудай сыңғырлайды екен! Түсіне көркі, есіне еркі сай замандас-ақ! Әттең, әттең!

Шляпалы. Неге түңілдің, ағасы?

Бөрікті. Онда орысшалайын, бауырым. Увы, увы, увы! Көрік онда, көңіл менде болғанмен, үйлестік табылар ма? Қазір тату, қазір қату тіршілігіміз жіберер ма оған?

Дударбас *(шар етіп).* Ай-ай, пропал!

Бөрікті. Бағырым, қардаш, о не пропал?

Дударбас. Сағат иетіге нибәрі бес минут ғана. Вот-вот прдавес яба анау тирәзәні!

Шляпалы. Ойбай, онысы рас! Өткенде жеті болмай жапқан. Жедік күйсеп етті! Іштік ұрттап сорпаны! Әйеліме не деймін енді? Үйге кіргізбесе қатып қаламау! *(Кезектегілср итереді).* Ойбай! Қабырғам қаусады! Қабырғам! Ағасы, итермеңіз.

Бөрікті. Артымдағылар ғой. Сонсоң, бауырым, сорпаның аулы алыстап бара жатқан соң ашуым қоза бастады. Ет дегенде бет бар ма... *(Тағы итереді)*

Шляпалы. Ой! Ой, кеу-у-де-ем! Уһ! *(Кенет шарылдайды)* Әй, кіргізбе! Қарындас, саған айтам! Тұрғызба алдыңа!

Келіншек. Қаусаған қабырғаңды жөндеп ал. Менде шаруаң болмасын, шибұт!

Дударбас. Шушы малай кімдікі, туташ?

Келіншек. Менікі, ал! Өзім тапқам!

Шляпалы. Ойбай-ау, орыс баласы ғой. Көзі көк, шашы сары. Ал, сен қазақтың нағыз қара торы қатынысың!

Келіншек. Надан! Мәдениетсіз! Күйеуім орыс шығар.

Дударбас. Шунда... вчера сиңә муж қытай булған. Инди улигиз урус бит. Афера! Ялған! Мошенница! Из-за тебя мин етсиз қалми. Иоқ, қалми мин! Бейте ее! Урыңызлар! *(Келіншекті бас салады. Шляпалы да жармасады. Екеулеп кезектен шығарып тастайды)*

Шляпалы. Қарашы өзін! Шибұт дейді мені еще! Менің үлесімді сен жей берсең, шибұт болмағанда қайтем. Бөксесіне бес пұт май бөктеріп алып, кердең-кердең етеді.

Бөрікті. Құшағы қандай екен?

Шляпалы. Адамның жынына тимеңіз!

Дударбас *(сатушыға).* Маған икки пакет бериңиз. Нешік біреу? Последний пакет?! Нигә последний шул?

Шляпалы. Ойбай! Не дейді?! Ақырғы пакет пе? Оу, мен ше?

Бөрікті. Шынымен таусылғаны ма? Сонда күні бойғы азабым зая кеткені ме? Қане! Ақырғысы осы ма? *(Жұлып алады. Үшеуі таласады. Алыс-жұлыс)*

Дударбас. Абзилар, ұят кирәк!

Бөрікті. Ұятты ұртың толғанда ойларсың.

Шляпалы. Ағасы, жармаспа! Жарып тастармын боқ қарныңды!

Дударбас *(пакетті лақтырып жібереді).* Ягез, житешегез! *(кетеді)*

Шляпалы. Мынау есалаң қайтеді, итке тастағандай, ей етті лақтырып... Онда мен-ақ алайын арланбай-ақ.

Бөрікті. Мен! Мен! Жасым үлкен! Азуым жуан! *(Екеуі бірін бірі итеріп жатқанда, Келіншек пакетті іліп алып, ақшаны терезеге тастай салады).*

Келіншек. Сдача керек емес! Әй, сүйекке таласқан төбеттер! Екі ортада қаншыққа жем болдыңдар! Адью-салют! *(Кетеді. Екеу үнсіз сілейіп қалған).*

ОЙПЫРАЙ, ОНЫҢ КІМ?

(Скетч)

Бастық *(трубканы көтеріп).* Алө-өу... Тыңдап тұрмын. Кім дейсің?.. Қасым?! Естіген адамым емес. Ақын ба?... Әй, бүгінде кім көп? Ақын көп. Ақын - ардың құлы деймісің? Неге сен... сенге басам ба?... Дөрекілеу сөйлеймін бе?... Ау, ағасы, құдайдың құтты күні "анауыма анау керек, мынауыма мынау керек!" деп танауымның астынан тақылдайтындар бірінен соң бірі телефон құлағын босатпай жатса, сіз деп қашанғы жас келіндей сызылып тұрайын. Төре ғып төбеге отырғызып қойған соң маған қарап қозыдай жамырап, лақтай маңырайтын тілемсектер мен сұрамшақтар сұмдық көп. Ә-ә... Ал Қасым... фамилиясы кім еді? Аманжолов Қасым... Оллаһи, есіме түсер емес... Ештеңесін оқымаппын. Кітабын баспайды деймісің... Кітабын баспаса қайдан оқушы ем... Оның үстіне нашар кітапты кім баса қойсын... шырақ!... Ә-ә, жасым үлкен деймісің... деймісіз. Ақсақал, біз де біраз төбенің басына бірдеме еткенбіз... Немене?.. Ал онда айтайын. Кіш етіп, үлкеніне де отырғанбыз... А как же... Біраз кітап оқығам. Сәбит Әуезовтың де, Мұқан Мұхтаровтың да брошуроларын оқығам. Керек десеңіз Сейфуллиннің "Тау арасында" өлеңін жаттап алғам. "Тау ішінде" ме. Бәрібір емес пе... Ішін ұрайынның ішінен арасы дұрыс. Таудың іші болмайды, арасы болады, ағасы!..

Жоқ! Жүз жылдықтан басқа юбилейлерге Елбасының өзі тыйым салған. Өзі!.. Оны бұза алмаймын. Басым екеу емес... Бас!... бас деймін... Коте-лөк! Сол өзі менде біреу ғана. Елбасыға қарсы кеп... өле алмай жүрген жайым жоқ. Мазамды алмаңдар... Оу, ағасы, неге шытынайсың! Ал, құлатып-ақ жібер аспаныңды

қолыңда тұрса. Кім дікілдеген?.. Мен бе?!. Қасымды Елбасы біле ме?!. Ойбай-ау! Бағанадан солай демеймісіз!... Біз өзі кейде аздап шұғылдау кетіп қаламыз. Кешіріңіз, ақсақал!... Специфика... Жұмыс тәртібі солай. Солай болғанда, әрине сіз сияқты Қасекеңдей тамаша адамның... ә-ә... ақынның, Елбасының досының досына біздер құрдай жорғалап қызмет етпесек, несіне жүрміз. Сіз, ақсақал, Қасекеңнің Елбасының жолдасы екенін ә дегенде айтқанда, онда бәрін ол райт жасайтын едік. Ну, әлі де жасаймыз. Непременно! И на высшем уровне! Сіздің осы Қаскең деп бүркемелеп отырғаныңыз әлгі Бекболат деген тұрымтайдай ғана әнші жігіт емес пе?.. Сол әншіні Елбасы керемет ұнатады!... Ол емес пе?.. Қаскең бәрібір біздің Елбасының... Нұрекеңнің досы ғой... Досы емес пе?!. Сүйікті ақыны ма? “Бермесең бермейақ қой баспанаңды. Сонда да тастамаймын Астанамды” деген өлеңін жатқа айтады деймісіз? Әй, тоқта! Сонда сол ақынға осы Ақмоладан... ә-ә, Астанадан үй бермеп пе?.. Астанадан емес Алматыдан ба? Е, бәсе! Жұмақ Алматы тұрғанда есі дұрыс адам батпаққа батқан Астананы қайтсін... Анау Храпуновың да жүрек жұтқанның нағыз өзі-ау, Нұрекеңнің сүйікті ақынын сүмірейтіп қойса...

Тағы қандай өлеңдері бар?... “Дариға сол қыз!”... Болды. Болды! Жап аузыңды! Үй сыртында кісі бар. Апырай, ә! Ақын да бір, ақымақта бір деген рас-ау!... Көшеге шықсаң, жолыңды кескестеп соңыңнан көлеңкедей шұбыратын қаракөз, шөлмек көз, ойнақы көз, жайнақы көздерден қашып құтыла алмайтын кезде... патшаның қызы, құдіреттінің келіншегіне ындыны құрыған байғұстың қайбір есі дұрыс дейсің. Бәлесінен аулақ! Бұл араңа мені қыстырма... Әупірім-деп қолым әрең жеткен кресломнан тымақтай жұлып алып, тауықтай жұлмалар...

Өліп қалған?! Кім? Ақын ба? Қашан?... Почти елу жыл бұрын ба? Түу, есімді тандыра жаздадың ғой. Бәсе, біздің Дариғаш ол кезде тумапты да-ау. Қасым де... Қасым... Қасым... Қасымжомарт емес, ә... Білмеймін. Айтшы, тағы не жазып еді?!.. “Абдолла”. Дастан ба? Соғыс туралы ма? Ойбай! Сонда сенің бұл ақының

шешеннің баскесер Абдолласын мақтай ма... талибанның Абдолласын мәдақтай ма?!. Ә-ә, иә... Айтпақшы ол бұрынырақ марқұм болған екен-ау... Жарайды. Бұл айтқандарың мына мені иліктіргенмен, ана-ау биіктегі... дауыс жетер-жетпестегі дөкейлерге... тәңірпайғамбарларға аргумент бола алмайды. Иә, аргумент дейім, аргумент!... Соған сенің фактің жеткіліксіз.. Мүлде... Ұстаз. Школасы бар ма? Соның атында ма. Ол школаны оған кім беріпті? Ә-ә, ақынның ізбасарлары, шәкірттері деймісің?.. Ал, аташы фактіңді!... Шәкірттерін ата дейім.. Тах... тах... тах... тақылдамай дұрыстап айтшы. Тахауи?! Қазақ па? Қойыңыз. Қазақта ондай ат та жоқ, ондай ақын да жоқ мен білсем. Жазушы... прозашы. Жарайды. Тағы кім? Сыр бойы... Сыр бойы емес пе?.. Сырбой ма? Сырбай... Сырбай... шала-пұла естігем... Ғафу ет деймісіз. Әй, мен сізден... сенен ғафу ет дейтіндей көзім бозарып, алақан жайып жылу жинап отырғам жоқ. Қайта сен маған “ақын-е-ем, жақы-ын-еем! деп өзеуреп, өзегімді суырып алғалы тұрған... Ғафу деген ақынның аты ма? Сен осы бәрін ойдан шығарып отырғаннан саумысың... Мен неге оларды білмеймін. Мені бұл жерге... Үкімет үйіндегі мынау орын-таққа қазақтың бүкіл марқасқа зиялыларын біледі... солардың мұңын мұңдап, жоғын жоқтайды деп қонжитқан? Ендеше мен білмегенді, ел қайдан білсін! Ә-ә, А-а... Қасымды ел біле ме? Халқының мақтанышы ма? Әдебиетіміздің классигі, қазақтың ұлы ақыны ма? Кейде осы біздің жоқтан бар жасайтынымыз бар-ау. Біз деп әрине қазақты айтам. “Мұқағалиев ой, керемет! деп, “Шахан Мұхтаров ой, ғаламат!” деп мақтайды кеп, мақтайды кеп езулерінен сілекейі шұбырып. Ал мен солардың кітабын әдейі алғызып олай ақтарайын, былай ақтарайын. Түк түсінсем, не дейсің.... Ал анау Бекболат ше!.. О-о! Ол айтқыш!.. Жезқазғанда бір инженер ақын болған... Шым... Шым... Шыммұрат... Шымболат па! Иә, сол! Сонсоң Құдайберген Қанат әне ақындардың көкесі! Қарашал, қаракемпір - нағыз өлеңдер. Ал Мырзағали Қыдыров, Тұманғалиларың олардың қасында жіп есе алмайды.

Қасым... Иә! Әңгіме Қасым туралы екен-ау.

Классик десең, де сен мені еш шұлғыта алмадың. Көптің бірі, кө-ө... Иә! Көмейдегіні жұлып аласыңдар, ә. Айтқам жоқ аржағындағысын. Жаппа жалаңды! Айтпағанды айтты дейтіндер өздеріңнен шығады. Қасым??. Классик Қасым... білмеймін. Қасымжомартты білем! О-о! Вот ол нағыз Аз-замат! Ә-ә? Қасымжомарттың әкесі Қасымды пайғамбар санаған деймісің... Онда тегін адам болмағаны Қасымыңның. Айтпақшы, қанша жыл толмақ еді? Тоқсан жас деймісіз. Түу, баяғыдағы социализмнің шолақ белсендісі десеңші. Ол ондай емес пе? Диссидент болған ба? Ұлтшыл деген бе?... Между прочим, ұлтшылдың бүгін де айдарынан жел еспейді... Тағы несі бар? Өлеңін айтам да, көңілдесін сұрады ғой деп пе ең. “Оралым, менің Оралым?” Тоқта! Оралымы Орал өзені ме? О-о! Енді болды! Бітті дейім. Тойст о'кей бәрі! Оралда яғни батыста туды дегенше бағына туды дей бер. Енді қатырамыз!... Атыраудың жас әкімі, “Қазақойлдың” бас әкімі өзіміздікі дегендерге өзегін суырып беретін қасқалар. О-о, олар айды аспанға шығарады. Қасымғалиыңның үш томдық емес, он томдығын қолыма ұстадым дей беріңіз. Бақандай-бақандай он томдық!... Не?! Оралда тумап пед?! О сұмдық-ай! Тауды тербелткендей, жерді сілкіндіргендей қорқыныш хабарды қалай айтасыз. “Қазақойл” бұл ақын үшін енді “тажалойл” ғана! “Тажалойл!” Қап!... Қарқара!?. Қарқара ма туған жері!.. Ой, мұрнымның ұшындағы жанымды қайта шақырдың ғой... Ойбай-ау, Елбасының жерлесінің бір тойын дұрыстап өткізіп бермесе, анау “Казкоммерцбанк”, “Нұрбанк”, “Рахат”, “Бутя”, “Сеймар”, меймарлардың езуі жырылып, етегі жыртылып кетпей ме. Қызылбөрік, Қоңырбөрік, Есхожа, Бесхожаларыңыз Қасымыңыздың он томдығы болмаса да, бес томдығын непременно шығарады. Осындайда Елбасының көзіне бір түсіп қалғысы келетін шикіөкпе, шиборбай әрі жас, әрі байлыққа мас қалталылар қайтіп қана шашылмасын! Қатырамыз! А-а?.. Ә-ә!... Не-е... Қарқара емес пе?.. Қарқаралы ма?! Әй, шырақ! Бас ауыртып қайтесің. Шахталары жабылып, Теміртауы қаңғыбас “Бродяга я, бродяга я” үндістің өңешіне сүңгіп, қалталары қағылып қалған қарағандылықтардан қайыр жоқ. Амба! Болмайды. Оларда күш те, сес те, ес те жоқ. Күтесің... Тоқсан жыл шыдаған ақының енді бір тоқсан мың жылға да шыдар. Тоқсан мыңжыл ғана!,.. Онда не болады деймісің? Не болсын. Қарағандының жабылған шахталарының көмірі іріп, шіріп, суланып, буланып алдымен мұнайға, артынан газға айналады. Естимісің! Мұнай мен газ! Нефть и газ! Ал мұнай мен газ қып-қызыл ақша! Жап-жасыл нефтедоллары! Ол кезде “Қазақойл” құлдырап, “Арғынойл” дүрілдеп шыға келеді. “Арғынойл”! Арғынға, не только Арғынға бүкіл Орта жүзге кезек тиеді. Ел басына, үкімет басына солар сонда ғана келеді. Ой, сол кезде Арғынизм, барғынизм, қырғынизм болады! Жә! Өкпелеме... Сендерді Арғыннан туғызған мен емес... Сара?! Оның кім еді, ей?... Сара Алпысовна?! Білем. Ну и что?.. Болса ше... Бәрібір Елбасының өзі емес қой. Мойын деймісің...Иә, рас, мойын. Бірақ бас емес қой... Бас емес, “Бөбек” қорына спонсор іздеумен шаршап жүрген жеңгемізді одан сайын шаршатып қайтеміз.

Ал жақсы, шырақ! Ә-ә, отағасы. Қасым да, қасқаң да, басқаң да жүзге жеткенше жүдемей тоса тұрсын. Тәуелсіз еліміздің мынау әр таңынан ізгілік күтіп, тағдырға үнсіз бас изеп, құнжыңдай берейік, достым! Уассалам.

(Трубканы қояды). Ух-х! Нағыз жаналғыш екен! Қанымды тура басыма шапшытты ғой...

(Қоңырауды басып, айқайлап). Әу, Нұргиз, шай әкел! Шай! Басқасын да ұмытпа! Әй, не дегенмен өзімді де, Өзекемді де, Базекемді де, басекемді де дүрбелең сабылыстан сақтап қалдым білем. Керек болса, юбилейін өздері бірдеме ғып өткізе берсін. Ух-х!

МАЗМҰНЫ

“Базарың құтты болсын, капитализм!” немесе қазақша кек қайтару..... 5
“Базарың құтты болсын...” немесе қазақша көкірек керу.....61
Көгілдір такси..... 128
Тосқауыл..... 173
Хан Абылай..... 205
Ордабасы..... 274
Шақшақ Жәнібек..... 293
Бұқар жырау..... 312
Сәкеннің ылдиы мен өрі..... 331
Интермедиялар..... 358
Борсаңдасын, борсаңдай түссін біраз..... 358
Ет дегенде бет бар ма.....362
Ойпырай, оның кім?..... 367

“ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ - 2008 жылда

Бұл жылы Қор жанынан мынадай кітаптар жарық көреді.

“Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша
“Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы” көптомдығы

8- том. Тұтас һәм мәңгі Түркістан идеясы.
9- том. Тұтас Түркістан идеясы үшін күрескендер.
10 - том. Жетісу. 1916 жыл.
11- том. Жетісудағы жер мәселесі.
12- том. Ресей Отаршылдығы және дін мәселесі.

“Алаш мұрасы” сериясымен:

1. Алаш қозғалысы. Движение Алаш, 4-том.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Көптомдық шығармалар жинағы, 7 - 8 - 9-томдар.
3. Тележан Шонанұлы. Шығармалар жинағы.
4. Тұрсын Жұртбай. Ұраным - “Алаш”. 1 және 2-том.
5. Кәрібай Таңатарұлы. Шығармалар жинағы.
6. Қайым Мұхамедханов. Көптомдық шығармалар жинағы. 6 - 7 - томдар.
7. Шерубай Құрманбайұлы. Алаш және терминтану (1910-1930)
8. Диқан Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры.

“ЕЛ - ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ

“Ел-шежіре” қайырымдылық қоғамдық қоры (ҚҚҚ) әдеби, мәдени ортадан алыста жүрген қаламгерлер мен кітап шығарғысы келетін кез-келген азаматқа көмек ретінде, олардың жазған шығармаларын 20 - 30 % шамасындағы жеңілдікпен кітап етіп шығарып беретінін еске салады.

Кітап шығаруға байланысты кез-келген мәселе бойынша мына мекен-жай мен телефондар арқылы хабарласуға болады:

050009 Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
528 және 609-бөлмелер.
Телеф. 2-43-33-44.; 2-77-92-89.
Электр, почта **elshezhire@mail.ru**

Софы Сматаев

Көгілдір такси

Редакторы Н. Мұратқызы
Техникалық редакторы А. Қасымова
Суретші Ж. Айдос
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы

ИБ № 54

Теруге 29.03.2008. берілді. Басуға 08.08.2008. қол қойылды. Пішімі 84x108'/32. Қағазы офсеттік. Каріп түрі "Times Kaz". Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 19.7. Есептік баспа табағы 18.11. Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № 237.

“Ел-шежіре” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөлме

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,
050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

ISBN 978-601-7011-45-1